Шынында славяндар өздерінің жазбаша әдебиетінің тамаша туындысы деп санайтын «Слово о полку Игореве» дастаны көшпенділердің ерлік дастандары үлгісінде жазылғаны ешкімге дауды тудырмай анық.

Сонымен қатар, ортағасырларда әскери өнер мен ат үстінде шебер қимылдауға машықтанған көшпенділер тәжірибесі үлкен сұранысқа ие болды. Еуразия даласымен шектесіп жатқан барлық көрші елдер көшпенділермен қарым-қатынасқа түсуге талпынып отырды, оның ішінде әскери одақтар, некелік байланыстағы одақтар, жалдамалы әскерлер және т.б. болды. Мәселен, орыс княздары да қыпшақтармен одақтасудың негізін әулеттік некеде деп есептегенге ұқсайды. Қыпшақтарға қыздарын ұзатып қана қоймай, қыпшақтардың ханшайымдарын әйелдікке алғаны тарихта белгілі жайт. Мәселен, 1094 жылы киевтік Святополк қыпшақ ханы Тугорқанның қызына үйленген. Келесі бір қыпшақ ханы Асеннің немересіне Владимир Мономах ұлы Юрийді үйлендіреді, сондай-ақ ұлы Андрейге Түрік ханның қызын қалыңдыққа алып береді. 1187 жылы Игорьдың ұлы Владимир Кончактың қызына, ал 1205 жылы Всеволод Суздальскийдің ұлы Ярослав қыпшақ ханы Кончактың қызына үйленеді [5, 151].

Қыпшақтардың көрші отырықшы елдермен қарым-қатынасының бейбіт жолмен шешілген кезеңдері де деректерде тіркелген. Әрине ол ұзақ уақытқа созылмаған. Тұрақты бейбіт қарым-қатынастың ұзаққа бармауының себебі билік өкілдерінің тұрақты болмауында еді. Яғни, соғыс жағдайында немесе т.б. себептерге байланысты көшпелілерде хандардың жиі ауысуы, келісім жасалған әскери қолбасшылар тарих сахнасынан кетіп, орнына басқа билеушінің сайлануы сияқты факторлар әсер етіп отырды [6, 149 б.].

Сондай-ақ, қыпшақтардың ортағасырлық мемлекеттермен этно-мәдени байланысқа түсуіне аймақаралық сауда жолының бойында орналасуы, тікелей қатысуы да ықпал етті. Өйткені, Ұлы Жібек жолы басты ортағасырлық сауда магистралі болып қана қойған жоқ, ол экономикалық, этно-мәдени даму мен мәдени өркендеудің негізгі тетігі болды. «Шығыс Еуропада қыпшақ факторының пайда болуы мен қалыптасуы нәтижесінде қыпшақ тілінің сөздігі «Кодекс Куманикус» (XIII ғ.) жазылды. Бұл қыпшақтардың құрлықтағы және судағы сауда жолын бақылауда ұстағанынан, халықаралық қатынас құралы ретінде қыпшақ тілін білу қажеттігінен туындады» [7, 18 б.]. Осы жолдар қыпшақтардың, қыпшақ тілінің ортағасырларда Еуразия аумағында ықпалды күшке ие болғанын тағы да дәлелдей түсетіндей.

Сонымен, қыпшақ-орыс байланыстарының алғашында қақтығыстық сипатта басталуы тарихи заңдылық, бірақ жазба деректердің көрсетуі бойынша көрші халықтар, славяндар мен қыпшақтардың соғыс жағдайларында одақ құрған кезеңдері де болған және екі халықтың мәдениеті бейбіт тіршілік ету нәтижесінде бірін-бірі толықтырып, жаңа деңгейге шығып отырған және жоғарыда айтылған ойдың тобықтай түйінін келтірсек, онда қыпшақтар түркілер мәдениетін жалғастырушы ғана емес, оны ғасырдан ғасырға мұра етіп, жетілдіріп, көрші халықтардың мәдениетіне ықпал ете отырып, әр кезеңдегі қағанаттар мен халықтар мәдениетінің жақсы элементтерін бойына сіңіріп, ұлттық құндылықтарымызды сақтаушылар.

1 Рыбаков Б.А. Древние славяне и античный мир // *Держава. М., 1997. №1. с.19-25.*

2 Инков А.А. Древняя Русь и кочевники. Монография. М.: Изд-во МГУ, 2007. – 142 с.

3 Любчанская Т.В. Средневековые кочевники Восточной Европы и Древняя Русь (Кочевые элементы в генезисе древнерусской государственности). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Ижевск, 2004. – 27 с.

4 Голубовский П.В. Печенеги, торки и половцы до нашествия татар. К.: Университ. тип. И. И. Завадского, 1884. – 257 с.

5 Печенеги. История. География. Этнография. Отв. ред. В.Кукушкин. М.: Изд. Ломоносовъ, 2013. – 192 с.

6 Гагин И.А. Волжская Булгария: очерки средневековой дипломатии (X-первая треть XIII вв.). Рязань, СПб гос.унив-т, 2004. – 234 с.

7 Кумекоев Б.Е. Кипчаковедение-концептуальное научное направление Евразийского масштаба. // Сб. мат. международной научной конференции «Кипчаки Евразии: история, язык и письменные памятники». 29-30.05.2013. Астана, 2013. – 430 с.

Резюме

Торгово-экономические и культурные взаимоотношения кыпчаков с русскими княжествами в XI-XIII вв.

Сагинаева А.Н. – PhD докторант, ст.преподаватель кафедры Всемирной истории КазНПУ имени Абая, aikos-1978@mail.ru

Бабаханова Э.А. - магистр, ст.преподаватель кафедры Всемирной истории КазНПУ имени Абая, elmira.b1980@mail.ru

Хабижанова Г.Б. – д.и.н., профессор кафедры Истории Казахстана КазНУ имени аль-Фараби, gulnara02011966@mail.ru

В данной статье рассматриваются вопросы взаимоотношений кыпчаков с русскими княжествами в XI-XIII веках. А также, исследуются проблемы торговых, экономических и культурных отношений двух народов в средние века. Автор, ссылаясь на источники, приводит примеры взаимодействия и обогащения культур двух этносов, в начальном этапе становления государственности у кыпчаков. Анализируя литературы по теме, раскрывает причины военных столкновений кыпчаков с русскими княжествами.

Ключевые слова: кыпчаки, тюрки, славяне, культура, торговля, экономика, политика.

Summary

Trade-economic and cultural relations of Kipchaks with the Russian principalities in the XI-XIII centuries

Saginayeva A.N. – PhD doctoral student, senior lecturer of World History Chair, Abai Kazakh National Pedagogical University, aikos-1978@mail.ru

Babakhanova E.A. - magister, senior lecturer of World History Chair, Abai Kazakh National Pedagogical University, elmira.b1980@mail.ru

Khabizhanova G.B. – d.h.s., Professor, Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University, gulnara02011966@mail.ru

This article discusses the Kipchak relations with Russian principalities in the XI-XIII centuries. And also, investigate the problem of trade, economic and cultural relations between the two nations in the Middle Ages. The author, citing sources, gives examples of the interaction and enrichment of cultures of the two ethnic groups in the initial stage of formation of statehood in Kipchak. Analyzing the literature on the topic, reveals the causes of armed clashes of Kipchak with Russian principalities.

Keywords: Kipchaks, Turks, Slavs, culture, trade, economy, politics.

КАЗАХСТАНСКО-ВЬЕТНАМСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО: ОПЫТ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Тохметов А.Т. – к.и.н., профессор кафедры восточных языков,
Казахский Национальный педагогический университет, г.Алматы

В статье рассматриваются некоторые вопросы развития казахстанско-вьетнамских отношений в области культуры и образования. Особое внимание обращается на роль университетов как ведущих центров международного сотрудничества двух стран в области образования. Анализируются основные достижения в этой области и перспективы дальнейшего сотрудничества. Подчеркивается особая роль национально-культурных центров в активизации этого процесса.

Ключевые слова: образование, международное сотрудничество, университет, культурные связи.

Тесные дружественные отношения между Республикой Казахстан и Социалистической Республикой Вьетнам имеют глубокие исторические корни. Ещё в рамках бывшего Советского Союза, наши народы в течение многих десятилетий налаживали и развивали взаимовыгодное сотрудничество в самых различных областях экономики, политики, культуры, науки и искусства. И в настоящее время во имя укрепления нашего сотрудничества и дружбы активно работают руководители наших государств. В рамках Соглашения по взаимодействию и мерам доверия в Азии выстраивается согласованная внешняя политика в этом сложном регионе, так и в мире в целом.

За короткий промежуток времени Азия расцвела и превратилась в территорию с устойчивой экономикой. Сегодня половина населения мира проживает в развитых или развивающихся странах азиатского континента, которые играют всё большую роль на мировой политической арене и превратились в реальную силу. Среди этих государств особую роль и особое место занимает Республика Вьетнам. Этому есть своё объяснение и свои причины.

Сегодняшний Вьетнам - мирная страна со стабильным политическим и социальным положением, динамично развивающейся экономикой, страна, которая успешно поддерживает высокий темп развития экономики на протяжении многих лет. Наряду с экономическим развитием Вьетнам достиг важных успехов в культурной и социальной сфере. Качество жизни населения, как материальное, так и духовное, непрестанно улучшается. ВВП на душу населения в 2010 году составил 1.168 долларов США, четырехкратно превышая тот же самый показатель 1995 года.

В настоящее время Вьетнам имеет дипломатические отношения с 179 государствами, развивает торгово-экономические отношения с 224 странами и регионами мира. Вьетнам является активным членом важнейших международных и региональных организаций - таких, как: ВТО, АСЕАН, АСЕМ, АТЭС, Движения неприсоединенных, Международная организация сотрудничества франкоязычных стран мира (Франкофония) и др.

В целях преобразования Вьетнама в современную индустриальную страну активно реализуется Стратегия экономического и социального развития на период 2010-2020 гг., с акцентом на три прорывные направления: совершенствование институтов рыночной экономики, ускоренное развитие человеческих ресурсов, создание современной и единой системы инфраструктуры. Вьетнам продолжает быстро и устойчиво развиваться, стремясь к заданным целям: благополучное население, сильное государство, демократическое, справедливое и цивилизованное общество.

Вьетнам признал независимость Казахстана 27 декабря 1991 г. Дипломатические отношения были установлены 29 июня 1992 г.[1] Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Казахстан в Социалистической Республике Вьетнам Б.Жумаханов вручил верительные грамоты Президенту СРВ Чьонг Танг Шангу 6 марта 2014 года. Чрезвычайный и Полномочный Посол Вьетнама в РК Нгуен Ван Хоа вручил Верительные грамоты Президенту РК Н.А.Назарбаеву 14 марта 2012 г.

Следует отметить политическое сотрудничество, в частности, встречи на высшем уровне Президента РК Н.Назарбаева с Премьер-министром СРВ Нгуеном Тан Зунгом в рамках Боаского Азиатского форума (о. Хайнань, КНР) 10-11 сентября 2012 г., 14-15 сентября 2009 г.- официальный визит Премьер-министра СРВ Во Ван Киет в РК.

С 2011 г. между Торгово-промышленными палатами РК и СРВ действует Деловой совет. Проведено 6 заседаний Казахстанско-вьетнамской межправительственной комиссии по торгово-экономическому и научно-техническому сотрудничеству (создана в 1997 г.). 11-12 ноября 2013 г. состоялось 6-е заседание Казахстанско-вьетнамской межправительственной комиссии по торгово-экономичес-

кому и научно-техническому сотрудничеству. Казахстанскую делегацию возглавил заместитель Министра Иностранных дел Республики Казахстан К.Ш. Сарыбай, вьетнамскую – заместитель министра промышленности и торговли Ле Зыонг Куанг. С октября 2012 г. между странами выполняются авиарейсы по маршруту Алматы-Хошимин.

На вьетнамский язык переведена книга Президента РК Н.Назарбаева «Критическое десятилетие». На казахский язык переведена книга Генерального секретаря КПВ Нгуен Фу Чонга «Вьетнам в мире обновления». 10-16 сентября 2012 г. в РК прошли Дни культуры Вьетнама. 11-14 июня 2013 г. в Ханое прошли Дни культуры РК во Вьетнаме.

В Стратегии развития страны на период 2010-2020 гг. и Стратегии развития до 2030 г. Президент Н. Назарбаев четко определил путь развития Казахстана, который отвечает желаниям и интересам большинства населения: построить на основе национального согласия независимую, стабильную, развитую и процветающую Республику Казахстан, занимающую достойную позицию в регионе и в мире.

В июле 2013 г. состоялся визит Президента Республики Казахстан в СРВ, который дал новый импульс казахстанско-вьетнамским отношениям. В ходе визита в присутствии президентов были подписаны соглашения об избежании двойного налогообложения, сотрудничестве в области гражданской авиации, туризма и образования, о взаимной правовой помощи по гражданским и коммерческим делам, а также Меморандум о взаимопонимании между крупнейшими экономическими и финансовыми центрами двух государств – Алматы и Хошимин. Нурсултан Назарбаев в ходе переговоров с Президентом СРВ Чыонгом Тан Шангом подчеркнул, что впечатлен успехами, которые достигнуты за последние годы этим государством и отметил большой потенциал казахстанско-вьетнамского партнерства.[2]

В рамках визита состоялся также бизнес-форум. Казахстанскую делегацию на нем возглавил заместитель Премьер-Министра – министр индустрии и новых технологий А.Исекешев. Одним из важнейших результатов работы диалоговой площадки стало создание Делового совета. Соответствующее соглашение подписано между торгово-промышленными палатами двух стран. Данный механизм, в купе с соглашениями межправительственного характера, позволит создать основу для активизации сотрудничества бизнесменов РК и СРВ.

19 марта 2015 г. в Ханое Посол Республики Казахстан в Социалистической Республике Вьетнам Бекетжан Жумаханов встретился с Председателем Ассоциации обществ дружбы Вьетнама Ву Суан Хонгом. Во встрече приняли участие Заведующая отделом по делам Европы Ассоциации обществ дружбы Вьетнама Фам Тхи Тхай, Генеральный секретарь вьетнамской Ассоциации выпускников российских/советских вузов Нгуен Тхи Минь Хиен и другие официальные лица.

В ходе встречи Посол довел до собеседников информацию о достижениях Казахстана за годы его независимости, а также об актуальных вопросах текущей внутренней политики и международного сотрудничества, включая подготовку к празднованию 20-летия Конституции РК и Ассамблеи народа Казахстана, а также 550-летия Казахского ханства и проведение в Астане международной выставки «ЭКСПО - 2017».

Особое внимание Б. Жумаханов уделил празднованию 20-летия Ассамблеи народа Казахстана. Посол проинформировал, что Казахстан является многонациональной страной, где проживают в мире и согласии свыше 130 национальностей и этносов. В данном контексте казахстанский дипломат отметил, что за два десятилетия Казахстан сумел создать уникальную модель политической стабильности и межнационального согласия, опирающуюся на динамичный рост экономики. Немаловажную роль в этом сыграла Ассамблея народа Казахстана, ставшая фундаментальным институтом развития межэтнических отношений в Казахстане.

Кроме того, на встрече Б. Жумаханов вручил присутствующим брошюры с текстом Послания Президента РК Н. А. Назарбаева «Нұрлы Жол», переведенные на вьетнамский язык и сообщил о предпринимаемых Казахстаном мерах в рамках реализации Новой экономической политики, касающихся комплексной индустриализации Казахстана.

В свою очередь Ву Суан Хонг, который также является членом Комитета по международным связям Национального Собрания СРВ и членом Президиума Отечественного Фронта Вьетнама, отметил теплый, дружественный характер отношений между нашими странами, высоко оценил динамичный рост Казахстана, а также успехи в политической и экономической сферах под руководством Президента РК Н. Назарбаева.

Председатель отметил важность развития народной дипломатии и выразил готовность к оказанию всесторонней поддержки по созданию Общества казахстанско-вьетнамской дружбы. По его словам, общество дружбы станет важным инструментом для продвижения взаимного партнерства между двумя странами. Кроме того, Ву Суан Хонг выразил заинтересованность в установлении сотрудничества между Ассоциацией обществ дружбы Вьетнама и Ассамблеей народа Казахстана.

9 февраля 2015 года Посол РК в Социалистической Республике Вьетнам Бекетжан Жумаханов встретился с Ректором Ханойского университета Нгуен Динь Луаном для обсуждения вопросов развития сотрудничества в области образования и науки между Казахстаном и Вьетнамом. Ректор Ханойского университета высоко оценил проводимую Президентом Казахстана политику, а также динамичный рост Казахстана, успехи в политической и экономической сферах. В ходе беседы были подняты вопросы обмена студентами в рамках гуманитарного взаимодействия. Посол РК предложил организовать подготовку казахстанских студентов в Ханойском университете по специальностям – вьетнамоведение и вьетнамский язык. В этой связи, ректор университета, беря в основу высокий уровень сотрудничества и традиционно дружественные взаимоотношения между Казахстаном и Вьетнамом, предложил широко развивать связи в области образования и установить прямое сотрудничество с казахстанскими ВУЗами. Он сообщил, что Ханойский университет готов принять казахстанских студентов и подписать соответствующие соглашения с Министерством образования РК и другими университетами республики.

Казахский национальный педагогический университет имени Абая – старейший вуз нашей страны, в стенах которого в разные годы получили высшее образование многие представители казахстанской интеллигенции. С обретением независимости Республика Казахстан активно интегрируется в мировое сообщество, является страной, в которой с уважением относятся к различным языкам, традициям и культурам, а толерантность рассматривается как приоритетное направление в государственной политике. Принятие Болонской конвенции Казахстаном также способствует интеграции страны в мировое сообщество. Данный процесс происходит не только в экономическом направлении, но и через развитие научных, культурных и образовательных связей республики с другими странами. В Послании главы государства Нурсултана Назарбаева народу Казахстана от 17.01.2014 г. «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» отмечено, что «за 22 года суверенного развития созданы главные ценности, которые объединяют всех казахстанцев и составляют фундамент будущего нашей страны».[3] Одной из указанных ценностей является национальное единство, мир и согласие в нашем обществе, которых мы достигли благодаря сохранению и популяризации самобытной культуры многонационального народа Казахстана. Университет, реализуя поставленные главой государства задачи, стремится построить эффективные научные и образовательные отношения с внешним миром. Следуя политике Президента Республики Казахстан, Казахский национальный педагогический университет имени Абая открыл и организовал работу международных культурно-образовательных и научных центров: «Центр Абая» в Илийском педагогическом университете (г. Инин, КНР) и, соответственно, «Казахско-китайский научно-культурный центр инновационного развития и обучения» в КазНПУ имени Абая; «Центр культуры и науки имени Абая» в Ханойском национальном педагогическом университете, «Казахско-вьетнамский культурно-образовательный центр» в Хошиминском педагогическом университете (Социалистическая Республика Вьетнам), «Культурный, языковой и художественный центр имени Абая» в Эрзинджанском университете (Турция), «Культурный центр и турецкое образование» Эрзинджанского университета в КазНПУ имени Абая.[4:418]

Целями и задачами данных центров являются: повышение международного имиджа университета; сотрудничество в области подготовки специалистов; координация академической мобильности преподавателей, студентов, магистрантов и докторантов; сотрудничество в области науки через организацию совместных научных проектов и проведение научно-методических семинаров, издание научных трудов профессорско-преподавательского состава; осуществление научного консультирования, чтение лекций и проведение он-лайн занятий для студентов; ознакомление с культурой и традициями Казахстана, Вьетнама, Турции, Китая; популяризация культурного наследия великого казахского мыслителя Абая Кунанбаева; обмен научно-методической и учебной литературой, развитие сотрудничества между библиотеками университетов. Открытию данных центров предшествовала серьезная организационно-методическая работа.

В контексте культурного взаимодействия нашим университетом в январе 2013 г. был открыт Центр культуры и науки имени Абая в Ханойском национальном педагогическом университете. В

приветственной речи ректор ХНПУ Нгуен Ван Минь отметил, что открытие Центра – свидетельство укрепления отношений между нашими государствами и огромного интереса вьетнамского народа к культуре казахского народа. Лейтмотивом данной церемонии были слова Абая «Человек, изучивший язык и культуру другого народа, становится с ним равноправным». Между сторонами была достигнута договорённость о проведении мероприятий, направленных на знакомство с самобытной культурой и традициями Казахстана.

Преподавателями КазНПУ имени Абая совместно с вьетнамскими коллегами был организован Круглый стол «Инновационные технологии в обучении иностранным языкам», на котором были обсуждены актуальные вопросы применения современных технологий в практике преподавания казахского и русского языков в иноязычной аудитории. Для студентов Ханойского национального педагогического университета были проведены занятия, на которых они познакомились с историей и культурой Казахстана. Важным событием в работе Центра культуры и науки имени Абая является публикация статей преподавателей КазНПУ в «Научном сборнике Ханойского национального педагогического университета».

Народная вьетнамская поговорка гласит: «Узнать можно лишь тогда, когда учишься, дойти лишь тогда, когда идешь». Представители обоих вузов выразили уверенность, что созданный Центр культуры и науки имени Абая станет важной вехой в истории казахстанско-вьетнамских отношений.

В октябре 2013 г. в Хошиминском педагогическом университете был открыт Казахстанско-вьетнамский культурно-образовательный центр. На торжественном заседании, посвященном открытию центра, проректор по международным связям Хошиминского педагогического университета Нгуен Тхи Минь Хонг подчеркнула важность организации и проведения совместных он-лайн конференций.

Ректорат Хошиминского педагогического университета выразил благодарность руководству КазНПУ им. Абая за работу, проведенную делегацией КазНПУ им. Абая, и надежду на дальнейшее тесное сотрудничество между вузами. В данное время проводятся занятия по русскому языку для студентов и магистрантов данного университета, проведена он-лайн конференция между КазНПУ имени Абая и ХПУ по интерактивным методам обучения языкам.

Новый этап развития науки и высшего образования в Республике Казахстан связан с переходом на международные стандарты, повышение качества образования и вхождения казахстанских вузов в мировые рейтинги. В Казахском национальном педагогическом университете имени Абая проводится планомерная и активная работа в области международного сотрудничества. Открытие образовательно-культурных центров в странах дальнего зарубежья способствует осуществлению совместных научных и образовательных проектов, разработке программ обучения студентов и магистрантов в рамках академической мобильности.

1 *Ашимбаева А.Т. Вьетнам в мировой экономике: динамичные преобразования, структурные сдвиги, нарастающий потенциал. Алматы: Print-S, 2012. - 360 с.*

2 *Казахстанская правда, 2013. 13 июля.*

3 *Казахстанская правда, 2014. 18 января.*

4 *Тохметов А.Т., Беласарова А. Культурные взаимосвязи Казахстана со странами зарубежного Востока // Материалы Международной научно-практической конференции «Политическая наука: особенности и проблемы», посвящённой 75-летию юбилею д.фил.н., проф. Абсаттарова Р.Б. – Алматы.: Ұлағат. 2015 г. – 472 с.*

Түйіндеме

Мақалада Қазақстан-Вьетнам елдерінің мәдениеті мен білім беру саласындағы қарым-қатынастарын дамыту мәселелері қаралған. Екі ел арасындағы университеттердің халықаралық ынтымақтастық мәселелері білім саласында көрініс табады. Осы саладағы негізгі жетістіктері мен болашағы ары қарай қарым-қатынас жасау барысында толығымен зерттелген. Осы процесстің аясында ұлттық-мәдени орталықтардың рөлдері ерекше көрсетілген.

Түйін сөздер: білім беру, халықаралық қарым-қатынас, университет, мәдени байланыстар.

Summary

Kazakhstan-Vietnamese cooperation: Experience and Prospects

Tohmetov A.T.

Abstract. This article discusses some of the issues of development of Kazakh-Vietnamese relations in the field of culture and education. Particular attention is drawn to the role of the university as a leading center of International cooperation between the two countries in the field of education. Moreover, the main achievements in this area and prospects of further cooperation are analyzed. The special role of national cultural centers in the revitalization of the process is emphasized.

Key words: education, international cooperation, university and cultural ties.

ТҮРІК ӘЛЕМІ БАТЫСПЕН ШЫҒЫСТЫҢ АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР

Д.А. Талеев – т.ғ.к., Әл-Фараби атындағы ҚазНУ

VI-VII ғасырларда Ұлы Жібек жолының негізгі тармағы арқылы өткен халқаралық сауда керуендерін өз бақылауында ұстаған Түрік қағанатының ел мен елдің арасындағы рухани, мәдени және сауда-экономикалық, дипломатиялық байланыстардың қарқынды дамуына мұрындық болды. Түрік қағанатының демократиялық саясаты арқасында қазақстан қалаларын еркін қоныстанған соғдылық саудагерлер, шеберлер, дихандар түріктерге жалданып қала салып, егін егумен қатар қолөнері және зергерлік кәсіптермен де алаңсыз айналысқан. Сонымен қатар мақалада Батыс пен Шығыс елдері арасында ежелден қалыптасқан сауда байланысының тарихының кейбір кезеңдерінде баяулағанымен мүлдем тоқтап қалмағандығы айтылады. Осы күнгі батыс пен шығыстың арасын жалғастыратын тас жол салудың қарқынды дамуы Жібек жолының қайта жаңғырғандығының белгісі.

Түйін сөздер: түріктер, Түркістан, Турлар, Тұран, қағанат, Батыс, Ұлы Жібек жолы, Орта Азия, Орталық Азия, қалалар, мәдениет, деректер.

Жазба және археологиялық деректер мен тарихи әдебиеттердің мәліметтері бойынша IV–V ғасырларда Орталық Азия жерін мекен еткен түрік тектес тайпалардың бірігу процесі жүрген. Түркілер VI ғасырдың ортасында ел, ұлт ретінде қалыптасып, үлкен мемлекеттік бірлестікке айналды. Дәл осы уақыт аралығында Орта Азия жерін ежелгі *тұр* тайпалық бірлестігі мекен етіп жатқан. Сол *тұрлар* осы аймақты мекендеген ежелгі көшпелі және жартылай көшпелі тайпалардың жиынтық атауы ретінде алғаш иранның діни шығармасы Авестада аталады. Шығармада турлар б.з.д. I мыңжылдықтың басында Иранның егіншілік оазистерімен жауласқан ірі әскери-саяси бірлестік ретінде көрсетілген[1,11]. Алғаш авестада аталатын осы этникалық термин кейіннен *тұран* (тұрстан) топонимінің қалыптасуына негіз болды. Тұран туралы мәліметтер ежелгіиранның мифологиялық дастаны «Шах-намеді», ортағасырлық діни және тарихи шығармалармен парсы, араб және жергілікті ортаазиялық тарихи-географиялық еңбектерде айтылады. Орта Азияның ежелгі түрік топонимдерін зерттеген өзбек тарихшысы Ш.С. Камолиддиннің мәлімдеуінше III – IV ғасырларға жататын сасаниттік басылымдарда Тұран және Тұрстан атауларының қосалқы мағанасы (эквивалент) ретінде Түргістан атауы келтіріледі. Кейіннен эфтолиттер (Vғ.) мен түріктер (VI – VIII ғғ.) дәуірінде Тұрстан Түркістан, яғни «Түріктер елі» деп ауысады. Сондай-ақ тұран топонимі Хорезімнің ертеқушан және ертеортағасырлық уақыттарының теңгелерінде де кездеседі[2, 8-10].

Тұр мен түркі (түрік) этнонимін және Тұран мен Түркістан топонимдерін теңдестіру (бір ұғымда айту) мұсылмандыққа дейінгі және мұсылмандық ирантілдес тарихи-географиялық дәстүрдегі, сосын араб, ортаазиялық еңбектерде орын алған. Мәселен, ортаазиялық мұсылмандыққа дейінгі иран тілінде жазылған «Аятқар Зареран» атты ескерткіште тұран елін Хиюн деп атайды, яғни хунну (ғұндар) шығыстан келіп ирандықтармен қатынасқа түскен алғашқы түріктер болуы мүмкін. Тұран мен тұрандықтарға дәл осындай теңеуді Фирдаусидан да кездестіреміз[3, 89-92].

Топонимикалық сөздіктерде географиялық межелеу бойынша Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан жерлерін қамтитын Тұран ойпаты сол жоғарыда айтылатын ежелгі тұрыстанмен сәйкес келеді[4,424]. Осы келтірілген деректердің мәліметтердің барлығыда VI – VII ғасырлар кезінде бүкіл Орта Азияны, оңтүстікте Тохарстан мен Бактрия және Үндістанның бір бөлігінде Түрік қағанаты билік орнатқаны жайлы ұғымда айтылады. В.В. Бартольд сасаниттік иран Түркістан, яғни «түріктер елі» деп Амударияның қарсы бетіндегі түріктердің үстемдік құрған жерлерін атаған[5,181] дейді.

Егер VI – VII ғасырларда нақты орныққан Тұранның географиялық аумағы Түрік қағанатының шекарасымен сәйкес келіп, Амударияның оңтүстігіндегі жерлерді де қоса қамтыған болса, онда ежелгі тұр тайпалары мен олардың мекені тұран жері түрік тектес халықтардың қалыптасқан екінші бір ошағы (отаны) деуге болады.

Осы айтылған Түркістан өлкесін б.з.д. I мыңжылдықтан бері мекен етіп келе жатқан сак, үйсін, қанлы, қарлұқ, оғыз, қыпшақ секілді түрік тектес тайпалық одақтар мен мемлекеттік құрылымдар отырықшы өркениеттің үлкен орталығына айналған, қалалар салып, олардың көркейіп, дамуына ұйтқы болған. Ежелгі грек деректері Арал маңын мекендеген Массagetтерде қалалық орталықтардың болғаны, ал қытай деректері Қаңлылардың Битянь, Сусе, Юени, Фуму, Юогань, Ги, Түріктердің Суяб, Баласағұн, Барсхан, Тараз секілді көптеген қалаларының болғаны туралы хабарлайды. Сондай-ақ

Жетісуды мекендеген Үйсіндердің астанасы Шығу қаласы жайлы да қытай деректерінде мәлімет бар[6,170-180]. Осы күндері археологиялық тұрғыдан қазылып, зерттеліп жатқан Шіріқрабад, Бәбіш-молла, Боланды, Отырар, Көкмардан, Алтынтөбе, Ақтөбе секілді көптеген қалашықтар сол көне қалалардың орындары.

VI-VII ғасырларда Еуразия жерінде ұлы империяға айналған Түрік қағанатының қоластына кірген жерлер шығыста Монғолстаннан батыста Памирге дейінгі аймақты қамтыды[7,29]. Қағанат билік орнатқан осынау кең-байтақ аймақтың кіндігін осы күнгі Қазақстанның жері құрады. Ал қағанатың негізгі ұлттық құрамы қазақ жерін мекендеген ежелгі тайпалардан тұрды. VI ғасырдың 60 – жылдары ірі, қуатты да құдретті мемлекетке айналған қағанаттың Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық ықпалы күшті болды. Осындай жағдайда Ұлы Жібек жолының негізгі тармағы түрік жері арқылы өтуі заңды құбылыс деп есептеу керек. Ол туралы белгілі ғалам К.М. Байпақов былай деп жазады: «VI-VII ғасырларда Қытайдан Батысқа баратын Жібек жолының бұрынғы бағыты (Ферғана арқылы) жақын да ыңғайлы болғанына қарамастан Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін тармақ жедел жандана бастады. Сауда жолының бағыт ауыстыруының басты себебі Орта Азиядағы бүкіл сауда қатынастарын бақылап отырған түрік қағандарының ордасы Жетісуда болуымен байланысты еді. Оның үстіне Ферғана арқылы өтетін жол VII ғасырда өзара қырқыс соғыстарының салдарынан қауіпті болды»[8,36]. Осы тұста қытайдан батыс елдеріне баратын керуен жолын бақылауға ынталы Қытай, Парсы, Үндістан және Византия секілді алпауыт мемлекеттер өзара күреске түсті. Осыған байланысты Персиямен керуен жолдары үшін соғысқан Византия өзіне сенімді одақтас іздеп Батыс Түрік қағанатына арнайы елші жіберген. Византия императоры Юстинианның жіберген елшісі З. Киликийский түріктің сол кездегі қағаны Дизабулмен (Естеми) Тараз қаласында (568 ж) кездескені жайлы деректерден белгілі[9, 10-11]. Екі жақты елшілік байланыстың орын алуы сол кездегі Еуразия құрлығында қалыптасқан саяси-экономикалық жағдаймен тікелей байланысты еді десек қателеспейміз.

Жібек жолының қағанаттың жері арқылы өтетін бағытының сол тұста жандануы заңды құбылыс деп түсіну керек. Біздің пайымдауымызша дәулетіне сәулеті сай түрік елі арқылы жүру халқаралық сауда керуендері үшін бір неше тұрғыдан тиімді болды. Біріншіден – түрік қағандары сауда жолымен керуендердің қауіпсіз, еркін қозғалысына жағдай жасады. Керуендер жол бойында қарақшы топтарға таланамыз деп қауіптенбеді. Екіншіден – тұрмысы өте дәулетті түріктердің керуен тауарларын сатыпалу мүмкіндігі жоғары болды. Мәселен, 629 жылы Жетісу арқылы Үндістанға өткен қытай діндары Сюань Цзянь түріктердің тұрмысы мен дәулеті жайлы сипаттама мәліметтер қалтырған. Ол Суяб қаласындағы түрік қағанының ордасында бірнеше күн қонақта болған. Діни ұстаздың сол кездегі алған әсері жайлы оның хатшысы «...Қаған көздің нұрын алардай алтын түспен безендірілген киіз үйде тұрады. Қағанның өзі жасыл түсті жібектен тігілген шапан киген, басына бір чжаннан астам (1 чжан-3,2 м) жібек сәлде ораған. Оны қоршай отырған тархандары түрлі-түсті жібек шапан киген». - деп қабарлайды [10,262-264]. Үшіншіден – түрік қалаларынан да түрлі тауарлар сатуға шығарылған. Қалаларда жасалған сауда барысында босаған орындарды саудагерлер жергілікті тауарлар есебінен толықтырған. Сюань Цзянь түріктердің бас қалалары Суяб, Мерке (Мыңбұлақ), Тараз (Талас), Испиджаб (Ақ өзендегі қала) туралы айта келіп, онда сауда мен егіншіліктің жақсы дамығандығы жайлы сүйсіне жазады. Қалаларда өзге елдерден келген саудагерлердің көп тұратындығы, басқа дін өкілдері ешқандай қысымсыз еркін тіршілік кешетіндігі жайлы да жағымды пікір қалдырған[11,266-270]. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың түрік дәуіріне жататын қалаларында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған заттай деректер де осыны растайды. Суяб, Тараз, Жамуқат, Қойлық қаласының орнынан будда, мұсылман, христиан, зороастризм діндеріне қатысты ғимараттардың орындары мен заттай деректер көптеп табылған.

Осы келтірілген деректер мен дәйектер бұл күнде әлемге тараған түрік тектес халықтардың арғы тегі болған алғашқы түрік қағанаты батыс пен шығыстың арасындағы сауда-экономикалық, мәдени, рухани байланыстың алтын көпірі болғандығын көрсетеді. Қағанат өркендеп тұрған кезде мемлекеттің ішкі саясатында қалыптасқан демократиялық ұстанымдар көп ұлтар мен түрлі дін өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруіне жағдай жасады. Отырықшы егіншілік пен көшпелі малшылық кәсіпті қатар игерген түркілер өте дәулетті ғұмыр кешті. Сол дәулеттің арқасында Жібек жолы бойындағы Қазақстан қалаларында сырт елдерден келген саудагерлер мен құрылыс және қол өнері шеберлерін, зергерлер мен дихандардың еңбегін жергілікті билеушілер жалдап пайдаланды. Сол себепті де қазақстанның ежелгі және ортағасырлық қалаларында жүргізілген қазбалар кезінде Орта Азиялық шеберлердің туындылары (соғдылық ыдыстар мен бұйымдар) мен құрылыс өнері нақыштары жиі

кездеседі. Жетісу жеріндегі Суяб, Баласағұн, Тараз, Құлан, Меркі секілді ірі сауда орталықтарында соғдылықтар саудамен айналысса, қаланың басты ғимараттарын салуға соғдылық құрылысшылар жалданып жұмыс жасаған. Оларға қалаларда жеке үй салып, тұрақты қоныс тебуге, базарларда арнайы дүкендер ашуға толық ерік берілген. Ал негізгі байлық қоры малмен есептелетін түрік тектес жергілікті тұрғындар қара жұмыс істеп бас ауыртпай үй тұрғызуға ақы беріп, адам жалдағанды дұрыс санаған. Бабалардан берілген осындай мінез халқымыздың бойында (қазақтарда) бүгінге дейін сақталған. Түрік қағанаты кезінде қалыптасқан рухани мәдениетпен саяси-экономикалық бейбіт саясат араға көп ғасырлар салып қайталанып отыр.

Ежелден қалыптасқан Түркістан, «Түрік елінің» тікелей мұрагері Қазақстанның қазіргі ішкі-сыртқы саясаты, рухани және мәдени дамудағы ұстанымы сонау түрік қағанаты дәуіріндегі жағдайды талай ғасырларды артқа тастап қайталап отыр. Осыған ұқсас саяси-экономикалық ахуал Еуропа мен Шығыс елдері арасында да байқалуда. Кеңестік биліктің ыдырауымен байланысты жойылған темір шымылдық саясаты Шығыс пен Батыстың арасындағы сауда-экономикалық қатынастарының қайта қалыптасуына, яғни Ұлы Жібек жолының қайта жандануына жол ашты. XX ғасырдың 90-жылдарында қалыптасқан Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда қатынасы бұл күнде Орта Азия мен Ресей арқылы Еуропа, Алдыңғы және Кіші Азия елдерімен жалғасты. Осы сауда жолы арқылы ел мен елдің арасыдағы саяси-экономикалық, рухани және материалдық мәдениеттер байланысы жаңа қарқынға ауысуда. Ежелден қалыптасқан Ұлы Жібек жолының қос құрлық халқы үшін өте тиымды екендігін бұл күнде өмірдің өзі дәлелдеді. Бұл күнде Орта Азиялық саудагерлер мен құрылысшылар, колонері шеберлері, т.б. кәсіп иелері қайта жаңғырған жібек жолы арқылы алыс-жақын көрші елдерге барып, жалданып жұмыс істеу арқылы нәпахасын тауып жүр. Қазіргі лексиконда кең қолданылып жүрген гостарбайтерлер деген теңеу сөз жаңа заман жаңғырығы.

Құдретті Түрік қағанатының саликалы саясаты арқасында ел мен елді арасында мәдениет, өнер, ғылым мен білімнің таралуына мұрындық болған Ұлы жібек жолы осы күнге дейін тоқтаған емес, тоқтамайды да. Әлемдік державолардың қаржыландыруымен соңғы жылдары қолға алынған Батыс Қытай-Батыс Еуропа тас жол қатынасын салу халқаралық жобасы осы айтқандарымыздың басты дәлелі десек болады.

1 *Авеста «Закон против ДЭВОВ» (Видевдат) СПб.: Изд-во Политех.ун-та, 2008. – 301 с.; Ширинов Т. Древнебактрийское царство. «Большой Хорезм» (VII—VI вв. до н.э.) //Очерки по истории государственности Узбекистана. Ташкент, 2001. 207 с.*

2 *Камолетдин Ш.С. Древнетюркская топонимия Средней Азии/Отв.ред. М. Исхаков. – Ташкент: «Шарк», 2006. – 192 с.*

3 *Короглы Х.Г. Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайджан. – М., 1983.346 с.*

4 *Поспелов Е.М. Географические названия мира: Топонимический словарь. -М.: «Русские словари»,1998.-372 с.*

5 *Бартольд В.В. Имтория культурной жизни Туркестана//Сочинения в 9 томах.Т.2.Часть 1.- М.,1963.С.181.*

6 *Бичурин Н.Я. (Иакинф) Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – М.; Л., 1950.Т. 11. С-147-168 Зуев Ю.А. Ранние Тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 338 с. + вкл. 12 с; Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.Қ. Археология Казахстана. – Алматы, 2006. 356 с.*

7 *Археология СССР. Сети Евразии в эпоху средневековья. – М.: «наука», 1981. 309 с.*

8 *Байпаков К.М. Великий Шелковый путь (на территории Казахстана). – Алматы: «Адамдар», 2007, 496 с.*

9 *Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 228 с.*

10 *Зуев Ю.А. Ранние Тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 338 с. + вкл. 12 с.*

Резюме

Тюркский мир золотой мост между востоком и западом

Талеев Д.А.

В статье рассматривается роль тюркского мира в распространении торговых и культурных связей между Востоком и Западом в рамках Великого Шёлкового пути. В частности, создание благоприятных условий для развития отношений, торгово-дипломатических караванов проходивших с Востока на Запад и наоборот, в частности через Тюркских каганатов. Демократическая политика Тюрского Эля позволила приезжавшим согдийцам свободно обосновываться в казахстанских городах и заниматься сельским хозяйством, торговлей и ремеслом. Кроме того, занимались в строительстве городов и поселений. В заключение статьи приводится пример про современную историю развития торговых связей между Востоком и Западом, пролежавшим через территорию Казахстана.

Ключевые слова: Тюрки, Туркестан, Туры, Туран, каганат, Восток, Запад, Велики Шёлковый путь, Средняя Азия, Центральная Азия, города, торговля, культура, источники.

Summary

The Turkic world golden bridge between East and West

Taleev D.A.

The article discusses the role of the Turkic world in the spread of trade and cultural relations between East and West as part of the Silk Road. In particular, the creation of favorable conditions for the development of relations, trade and diplomatic caravan took place from East to West and vice versa, in particular through the Turkish possession. Democratic politics Turkic Khaganate who came sogdians allowed to freely settle in the cities of Kazakhstan and engaged in agriculture, trade and crafts. In addition, it hired in the construction of urban construction. Finally article gives examples about the modern history of the development of trade relations between East and West passing through the territory of Kazakhstan.

Key words: Turks, Turkestan, Tours, Turan, Khanate, Vastok, the West, the Great Silk Road, Central Asia, Central Asia, town, trade, culture, source.

ӘӨЖ 379.65а

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ТАРИХЫНЫҢ РУНИКАЛЫҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ

М.К. Тулекова – Тарих ғылымдарының докторы, ҚазҰПУ Әлем тарихы кафедрасының профессоры

Мақалада негізінен ежелгі түрк тайпаларының өмірі мен тұрмысы, ішкі және сыртқы саясаты мен алып жатқан территориясы туралы нақты деректер ретінде қолданылатын руникалық жазбалар туралы, оның ішінде Орхон-Енисей жазбалары, Күлтегін, Тоңкөк жазбаларының түрк халықтарының өмірі мен саяси аренадағы сол кездегі орны туралы құнды дерек екендігі сөзсіздігі баяндала отырып талдау жасалынды. Түбірі бір түркі тілдес халықтарға ортақ мұра болып табылатын ертедегі руникалық жазбалар тарихы зерделене отырып жекелеген жазбаша деректерге талдау жасалынып сол арқылы түрк тайпаларының рухани байлығы, материалдық байлығына баға берілді. Өткенімізді біле отырып ғана келешекке ұмтыла алатындығымызды ескерсек онда өткен ғасырларды көз алдымызға алып келе алатын ежелгі руникалық жазба ескерткіштер тарихымен таныса отырып оны келешек ұрпаққа жеткізу біздің негізгі басты мақсатымыз болары сөзсіз. Түбірі бір түрк халықтарының ортақ мұрасы болып табылатын руникалық жазба ескерткіштердің мәдени, рухани тарихымызда алар орны ерекше екендігі сөзсіз.

Тірек сөздер: орхон-енисей, евроцентризм, түркизм, гуманизм, руникалық

Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін алған кезде алғашқы 15 минут ішінде тәуелсіздігімізді құттықтай отырып әлемде бірінші болып мойындаған Түркия Республикасы болды. Осы түбірі бір түрк халықтарының өткен тарихынан сыр шертетін деректер қатарына жататын ол түрк тайпалары туралы алғашқы жазба деректер, оның ішінде құнды деректер руникалық жазбалар болып табылады. Жалпы Туран елі, Туран жері бұрын қазақ, түрік, түркмен т.б. бөлінген емес, олар өздерінің түркерміз, түрк халқымыз деп атады. Сондықтан да осы түрк халықтары туралы деректердің барлығы біздің ортақ мұрамыз, ортақ тарихи дерек.

Жалпы адамзат баласының мәдениетінің өзі екіге бөлінеді: материалдық және рухани. Осының ішінде рухани мәдениет ежелгі түркі халықтарында өте жоғары сатыда дамыған. Оған дәлел ежелгі көне жазба деректердің көптеп жазылуы, жазу–сызу, халық ауыз әдебиеті, шеберлік өнері мен қол-өнерінің жоғары дамығандығы және ол өнер туындыларында сол кездегі өздерінің тұрмыс–тіршілігі мен қоғамдық өмірін сипаттай білуі. Көне түріктердің рухани әлемі - аса күрделі мәселелердің бірі. Бұл жөнінде зерттеушілер арасында бір-біріне қарама-қарсы пікірлер, түрлі көзқарастар, болжамдар аз емес. Евроцентристік көзқарасты жақтаушылар көне түріктер ерекше діндар болмады, саудаға да бейім емес еді, сондықтан төл жазуының әліпбиін шығаруға құлықсыз болдықатаң даланың жыл мезгілдерінің ығына жығылып, көшіп-қонып жүріп, табиғатқа тәуелділікке түскен көшпелілердің қоғамы - тарихы жоқ қоғам дейді[1]. Алайда Оңтүстік Сібір мен Орталық Азияда ұзақ жылдар бойы жүргізілген археологиялық және палеографиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері көшпенділер «адамзаттың арамтамағы» деген үстірт түсінікті теріске шығарып, ғылыми дәйексіздігін көрсетіп берді.

Төрткүл дүниенің түкпір-түкпіріне тарап кеткен бүгінгі 160 миллиондай түркі тілдес халықтардың түп атасы - көне түріктердің рухани өмірі қанша күрделі болғанымен ол бабаларымыздың табиғат пен туған жерге деген сүйіспеншілігін, сауаттылық пен білікке ұмтылған құлшынысын, ел тұтастығын сақтауға деген талпынысын паш ететін ертедегі тарихымыздың жарқын беттері болып табылады. Сондықтан да көне түріктердің дүниетанымын, рухани қазынасын тұтас, әрі жан-жақты.

Еуразияның осынау ұлан-ғайыр кеңістігін «аспанда Көк тәңірі, төменде Жер мен Су жаратылғаннан бері» мекендеп келе жатқан түркі халқының рухани мәдениеті - әлемдік өркениеттің күре тамырлары құрамдас бөлігінің бірі болып келеді. Тарихи және ерекше геосаяси байланысты қос құрлықта өмір сүрген байырғы түркілер Шығыс пен Батыстың мәдениетіне тең үлес қоса отырып өздері де дамыды.

Жері кеңнің өрісі де, өресі де кең. Күні бүгінге дейін қаймағы бұзылмаған «Ұлың - Ұрымда, қызың - Қырымда», «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау» деген мақал-мәтелдер сонау ежелгі түркі қағанаты тұсында туды, сондай-ақ, бұл олардың ұғымдық өлшемінің кеңдігін танытып келеді. Бұл пікіріміздің «мәңгілік тасқа басылып» қалған қасиетті куәсі -«Күлтегін» мен «Тоныкөк», «Білге қаған» мен «Тариат», «Талас» пен «Есік» сияқты көптеген ескерткіштер және қағаз бетіне түскен Баласағұнның «Құтты білік», Қашқаридің «Түрк сөздігі», Яссауидің «Диуани Хикмет» жазбалары. Осы ғылыми деректерге сүйене отырып, түркілердің жазба әдебиетінің негізі VII—VIII ғасырларда қаланған деген тұжырым жасауға әбден болады. Өйткені қасиетті бұл мұралар тек түркі жұртының ғана рухани қазынасы емес, бүкіл адамзатқа ортақ мәдени ескерткіш және иісі түркі тектес халықтардың әлемдік өркениетке қосқан үлесі болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, ер түркі тайпалары Еуразияның ең даласының төл перзенті санатында көк бәрілі байрақ астында емін-еркін өсіп-енгенді. Сақтар, ғұндар, қаңлы, үйсін, дулат, арғын, алшын, жалайыр, қимақ, оғыз, қыпшақ, қырғыз, қарлық сияқты түркі тектес басқа да тайпалар болашақ қазақ халқының негізін сол бір кезде осылай қалады. Біздің дәуіріміздің бірінші мың жылдығында парсылар, арабтар қазақ сахарасының оңтүстігінде Азияның терең қойнауынан тұңғыс тектес жужандар-аварлар т.б. келгені мәлім. Түркі тектес тайпалардың қалың тобыры оларды бойына сіңіріп, өзболмысын сақтап қалды.

Осы сәтте Мағжанның:

**Түркістан –екі дүние есігі ғой,
Түркістан-ер түріктің бесігі ғой...**

Не болмаса Жүсіпбек Аймауытовтың:

**Арғы атам-ер түркі,
Біз –қазақ еліміз,-**

деген шумақтары жадына оралады[2].

Қазақстан мен Түркияны сан ғасырлардан желі тартқан түбі бір туысқандық байланыстырып жатыр. Бүгінгідей күні тарихымыз, мәдениетіміз бен тіліміз, дініміз ортақтығы өзінен өзі ойға орала береді. Ежелгі Орхон-Енисей жас жазбалары мен Күнтегін, Тоныкөк жырлары, есімдері күллі әлемге әйгілі ұлы бабаларымыз Қорқыт ата, озық ойшыл, тендессіз ғұламалар Әбу Наср Әл-Фараби, Махмұд Қашғари, Қадырғали Жалаири, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи, оның ізбасар шәкірті Маулиен, әйгілі мемлекет қайраткері Әмір-Темір, ата жұрттың басқа да даңқыты перзенттері біздің өткеніміз бен бүгінімізді сабақтастырып жатқан алтын көпір.

Атадан балаға өсиет болып келе жатқан осы тарихи түбі бір достық, туыстық, туыстық қатынас қайта түлеп, жандануда.кейінгі жылдары екі елдің өзара бауыластың байланысының арнасы кеңіп, терендеп барады.

Біздің елдеріміздің жан-жақты қарым-қатынас ынтымақтастығы Түркия мен Қазақстан халықтарының достық, туысқандық жарастығын нығайту ісіне қосылған сүбелі үлесі. Діні, тілі бір елдермен жан-жақты қарым-қатынас жасай отырып келешекте түбірі бір түркі әлемі өзінің саяси, экономикалық және мәдени дамуында бірлескені абзал. Бірлесіп көтерген жүк жеңіл деп текке айтылмаған.

Біздің арамыздың I мыңжылдығына Еуразия далаларында түркі халықтарының тікелей арғы тегі болып есептелетін саяси-этникалық бірлестіктер пайда болды, түркі тайпалары қасиетті көк тәңірге сыйына отырып, сол дәуірдің буддизм, манихейлік, христиандық, ислам сияқты әлемдік діндерімен танысты, өркениетті қоғамның барлық жетістіктерін игерді. Көшпелі және жартылай көшпелі өндіріс жағдайына өзіндік ерекше сипатағы биік мәдениет қалыптасты. Қола дәуірінің алғашқы кезеңінде қалыптаса бастаған Еуразия тайпаларының тұтастығы мен сабақтастығы күдік тудырмайды. Бұл тайпалар алғашқы көшпелілер дәуіріне дейін өркендеді және көне түркілік кезеңдегі этникалық топтардың қалыптасуына ұйтқы болды.

Көне түркі дәуірін зерттеушілердің бірі-белгілі өнертанушы М.В.Горелик киімдерді, әскери туларды сол кезеңнің технологиясына сай қалпына келтіру ісіне үлес қосты. Ол көне түркі туының бейнесін кескіндеген еді. Бұл жұмысқа негіз болғаны-Шығыс Түркістанның Мың үңгіріндегі түрлі-түсті қабырға суреттері және YII ғасырда соғды үлгісімен жасалған Мемлекеттік эрмитражда сантаулы қасқырдың күміс басы. Ақ тудың еніндегі күн шұғылалы қызыл сары өрнектер түркі халықтарының

кілем сияқты қолөнер туындыларында кеңінен кездеседі. Бірінші қасиет тұту көптеген әлем халықтарының аңыз-эпсаналарында, мифологиясында сақталған Түркілер үшін де көк бөрі бейнесі ерекше мәңгі ие болған. 1968 жылы Монғолияның Бугут деген жерінен бірінші түркі қағанатының соңғы тілінде жазылған ескерткіші табылды. Ескерткіштің ұшында аяқ-қолы шабылған адамды бауырына алған бөрі бейнесі берілген. Қаған құлпытасындағы бұл ерекше бейненің мәні неде?

ҮІ ғасырда Қытай тарихшылары жазып алған түркі аңызы бойынша үлкен саздың жиегінде өмір сүрген түркілердің бабаларын көрші тайпалар жойып жіберген. Бұл қырғының тек қол-аяғы шабылған тоғыз жасар бала ғана тірі қалады. Оны бір ұрғашы қасқыр асырап алады, кейінен сол баланың әйелі болады. Жаулардан ықпал көкжал қасқыр турфаның солтүстігіндегі Ерен қабырға үңгірлерін паналап, сол баладан он ұл табады. Көкжал ұлдары кейінен үйленеді. Оның Ашина атты немересі бір тайпаға көсем болады. Кейіннен Ашина тайпасының ұрпақтарын Алтай өңіріне әкелген соң, жергілікті тайпаларды басқарып түркі атана бастайды.

Қорыта айтқанда, ашина түркілердің ел басы болған кезде, ордасына бөрілі байрақ тігеді. Қытай жылнамаларының мәлімдеуінше, бөрілі бейне әрқашан көне түркі туларында бейнеленген. Осы сияқты тулар бастапқыда найза ұшындағы бөрі басты рәміз арқылы берілген. Кейіннен бұл бейне жалау бетіне түсірілген, бұны этнографиялық және фольклорлық деректер де айғақтайды. Көк бөріні кастерлеу іздері біздің халқымызда да сақталған. Қазақ бақсы –балгерлері емдеу кезінде көкжал ананы, сырттан қасқырды, көксерек арланды кезек-кезек көмекке шақырып отырады. Қорытынды Ел басы Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен аяқтайық: **«Қазақ даласы – Ұлы Түркі елінің қара шаңырағы»**[3].

1. Савинов Д.Г. *Государство и культурогенез на территории Южной Сибири в эпоху раннего средневековья.* -Кемерово, 1994.- С.4; Қуанышбекқызы Ж., Мәмет С. *Күлтегінмен келген кие.* // *Егемен Қазақстан*, 2001, 19 мамыр (№100).

2. Салғараұлы Қ. *Түрік әлемі: тарихты қайта пайымдау.* -Астана, 2000. 5 б.

3. Назарбаев Н.: *«Мәдени мұра»-мемлекеттің соңғы стратегиялық ұстанымы.* // *Егемен Қазақстан*.14 ақпан-2007.-№38(24615).-Б.1-3.

Резюме

Рунические памятники письменности в истории тюркских народов

Тулєкова М.К.

В данной статье содержатся сведения о древне-тюркских племенах, их жизни и быте, внутренней и внешней политике, занимаемой ими территории и все эти данные содержались в рунических письменных памятниках, среди которых Орхон-Енисейские письменные памятники, Култегин, Тонькок, содержащие сведения о жизни, месте на политической арене того времени, безусловно и безоговорочно являются ценным фактом. Изучая ранние рунические письменные памятники, являвшиеся общим культурным наследием всех тюркоязычных народов, изучено духовное и материальное богатство тюркских племен. Учитывая тот факт, что без прошлого нет будущего, основной и безоговорочной целью является сохранение исторических сведений о рунических письменных памятниках для будущих поколений. Рунические письменные памятники, которые являются общим наследием тюркских народов, безоговорочно занимают в нашей культурной, духовной истории особенное место.

Ключевые слова: орхон-енисей, евроцентризм, тюркизм, гуманизм, рунический.

Summary

The Rune monuments of the written language are in history of turkic people

Tulekova M.K

In this article there is information about anciently-turkic tribes, their life and way of life, domestic and external policy, territory occupied by them and all these data were contained in the Rune writing monuments, among that Orkhon-Yenisey writing monuments, Kultegin, Tonykok, containing information about life, place on the political arena of that time, undoubtedly and unreservedly are a valuable fact. Studying the early Rune writing monuments, being general cultural heritage of all turkic language people, the spiritual and material wealth of turkic tribes is studied. Taking into account circumstance that without the past there is not future, a primary and unreserved purpose is maintenance of historical information about the Rune writing monuments for future generations. The Rune writing monuments that are general heritage of turkic people unreservedly occupy the special place in our cultural, spiritual history.

Keywords: Orkhon-Yenisey, eurocentrism, turkism, humanism, Rune.

УДК: 94 (369.2): 005. 91

АВАР ҚОҒАМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ӘКІМШІЛІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

А.К. Шокатова – әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, PhD докторант, тарих, археология және этнология факультеті. Email: aisek85@mail.ru

Т.Н. Мухажанова – әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, т.ғ.к., доцент, тарих, археология және этнология факультеті. Email: Tolkyn_3010@mail.ru

Авар қоғамының әлеуметтік-әкімшілік басқару жүйесі ерте ортағасырларда феодалдық мемлекеттің негізі болған. Қағандық әкімшілік басқару жүйесі мемлекеттіліктің нышаны. Батыс пен Шығыс халықтарының мәдени синтез барысында әлеуметтік-әкімшілік басқару жүйесі дамудың жаңа үдерістерін басынан кешірді. Осы үрдіс орта ғасырларда өз жалғасын тапты. Халықтардың Ұлы қоныс аударуы барысында мәдени синтездің қарқынды дамуы жаңа келбеттегі мемлекеттік бірлестіктердің қалыптасуына алып келді. Яғни, YI ғ. Қалыптасқан Алтай өңірінен Шығыс Еуропа даласына қоныс аударған – аварлар, түркілік дәстүрді Батыс жерінде дәріптеушілер болды.

Жалпы тарихта ерте орта ғасырлар кезеңіндегі басты тарихи үдеріс, халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңі. Халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңіне қуатты серпін берген түркі тайпа ұйымдары – ғұндар және одан кейінгі авар, хазар тайпалары. Түркі халықтары Еуразия құрлығындағы мәдени үрдістердің алмасуына дәнекер болып, жаңа этникалық топтар мен тайпалардың құрылуына алып келді. Мәдени синтездің тиімді және тиімсіз жақтары да болды. Әрине біржағынан синтездің барысында түркі халықтарының Еуропа әлемінде ассимиляцияға түсіп, жоғалып кетуіне алып келді.

Түйін сөздер: синтез, мәдениет, мәдени жаһандану, мәдени біркелкілік.

Ерте орта ғасырларда Шығыс Еуропа даласына қоныс аударған авар тайпалық бірлестігі шығу тегі жағынан түркі тайпалардың бірі болып табылады. Авар мәселесі отандық тарих саласында зерттелмеген тың тақырып. Сондықтан авар қағанатының тарихы қазіргі таңда өзекті болып отыр. Жалпы Еуропаға қоныс аударған түркі тайпаларының әлеуметтік-әкімшілік басқару жүйесіне өз заманында жылнамашылар аса назар аудармаған. Сондықтан деректер аз болғандықтан археологиялық мәліметтерге арқа сүйейміз.

Археологиялық мәлімет бойынша, аварлардың Еуропада болуын үш кезеңге бөлуге болады: 1) Ерте авар кезеңі - өте қысқа мерзімде болғандықтан, бұл дәуірге байланысты зерттеу жұмыстары, археологтарға көптеген қиыншылықтар туғызады, 2) Орта авар кезеңі, сосын 3) VIII ғ. басынан IX ғ. басына дейінгі аралық, кейінгі авар кезеңі деп аталып, бұл дәуірде иран-монғолдыққа тән – биік қорғандар, атты жеке жерлеу сияқты дәстүрлер жоғалған.

Венгрия территориясынан және көршілес мемлекеттердің жерінен, авар кезеңіне жататын, жиырма мыңнан аса қабірлер табылған. Археологтардың міндеті, қазба жұмысы барысында табылған заттарды жүйелеу, классификациялау, уақытын анықтау болды. Уақыт шеңберін анықтау археологтар үшін тіпті қиындықтар туғызған, себебі авар зираттарынан тиын ақшалар өте аз табылғандықтан, дәл мерзімін айту мүмкін болмаған. Сондықтан аварларға қатысты жалпылама хронологиялық шеңберін жазба деректерге көбірек сүйенеміз.

Зираттардан табылған қымбат бағалы заттардың кездесуіне байланысты, авар қоғамында, иерархияның болғандығын байқауға болады. Билік басында қаған тұрды. Осы мәселе жайында VI ғ. тарихшысы Григорий Турский жазбаларында “қаған” сөзіне анықтама беріп хан атағымен баламалайды [1]. Византия тарихшыларының мәліметі бойынша, аварлардың қағанының билік түріне қатысты мәліметтер беріп, шексіз билік жайында хабарлайды. Сол кездегі түсінік бойынша “игумен” термині үйдің қожайыны деген мағынаны білдірген, ал “деспот” термині – үйір малдың қожайыны деген мағынаны білдірген.

Авар қағанының билік түрі жайында деректер, монархиялық билік тек лонгобардтарда және түркілерде, сонымен бірге аварларда болды дейді. Яғни бұл жерде біз, Авар қағанатында монархиялық биліктің, әкеден балаға мұра ретінде берілетінін байқаймыз.

Біздің негізгі қарастыратынымыз Авар қағанатының тарихы болғандықтан, алдымен осы “қаған” “қағанат” деген атауға тоқталуды жөн көрдік. Гаган (“gaganus”) түркі сөзі “қаған” хан деген мағынаны білдіреді. Қаған – бұл атак, барлық түркі халықтар арасында кең тараған. Қағанат атауы түркілер дәуірінен басталады, яғни түркі қағанаты батыс түрік қағанаты деген сияқты, Авар қағанаты болды. Қаған, хан, патша сөздерінің мағыналары бір.

565-578 жж. Византия императоры Юстин II былай деген екен: “Қағанмен бейбіт қатынасты сақтау үшін, ең алдымен оның балаларын кепілдікке алу керек” деген, ал Юстиннің әскер қолбасшысы Тиверийдің ойынша, қағанға тәуелді архонттардың балаларын кепілдікке алғанның өзі жеткілікті дейді. Яғни, бұл жерден Авар қағанатында архонттардың болғандығының дәлелі бола алады.

Мәліметтерге қарағанда авар тайпалық одағында ерекше басқарушы рөлді “Вархонит” (Uarchonitae) тайпасы атқарған. Яғни вархониттер руынан негізінен ақсүйектер шыққан. Оларға бағынатын бірнеше тайпалар, соның ішінде гепидтерді (герман тайпасы, кезінде ғұндарға бағынышты болған), өздерінің құлдары ретінде есептеп, жиі-жиі алым жинап отырған. Алым ретінде көбінесе азық-түліктер, жер шаруашылығынан шығатын өнімдердің жартысын жинаған. Мысалы, Франк қолбасшысы Сигибертті тұтқыннан босатып алу үшін аварларға ұн, жемістер, қой және өгізді төлем ретінде төлеген. Менандр осы мәселені жобалап былай дейді; аварлар гепид тайпасынан барлық төрт түлік малдың оннан бір бөлігін талап еткен, олар лангобардтармен одақтасып гепидтерді жеңгеннен кейін, түскен олжаның жартысын және бүкіл гепид жерін талап еткен. Сонымен авар қағанатының құрамына қандай көп мөлшерде келімсектер келіп кірсе де, олар жергілікті тайпалық одақтың дәстүрін, жалғастыра отырып варварлық жартылай мемлекеттің жаңа кезеңін қалыптастырды [2].

Құнды деректердің бірі болып Григорий Турскийдің шығармасы болады. Автор аварларды кейбір жылнамашылар сияқты ғұндар дей отырып мынадай жазады: «Король Хлотарь қайтыс болғаннан кейін ғұндар Галлияға басып кіреді. Оларға қарсы Сигиберт шығып, соғысып оларды қудалаушылыққа ұшыратады. Бірақ та олардың карольдері елші жіберіп Сигибертпен достық қатынасты орнатты» [1,87-89].

Аварлардың қоғамдық қатынастарын зерттей отырып, рулық-тайпалық дәстүрлерін көрсетуге тырысайық. Жазба деректер, соның ішінде Псевдо Маврикийдің Стратегиконына тоқталсақ төмендегідей құнды мәліметтерді келтіруге болады. Аварлардың үлкен тайпа ұйымы көптеген рулардан тұрған. Жылнамашы әсіресе аварлардың әскери ұйымына баға берген. Олардың саяси қатынастарына келе, автор қағанның билігін ерекше атайды. Ғұндардағыдай, аварлар соғыс өнерінде, әсіресе садақпен жебені қастерлеген. Аварларда түркілерге тән атты әскер басым болған да, олар атүстінде шауып, қарсыластарын садақ оғымен баудай түсіретін. Қарулары қылыштан, садақ пен жебеден, найзадан тұрған. Сондықтан аварларға төтеп беру үшін, оларға қарсы атты әскермен шығу керек. Аварларға жайылымды жер бермеудің жолын іздестірген дұрыс деген, себебі олар аттарынан басқа, өздерімен бірге басқада көптеген мал түрлерін айдап жүреді.

Византиялық хронистер аварлар және олардың қағанаты туралы жазған мәліметтері аз емес. Осыған орай біз, бұл кезеңде Византия империясына, аса үлкен қауіпті Шығыстан келген осы түркі тайпа одағының төндіргенін біле аламыз.

Аварларда қағанның бірінші әйелі қатын (катун) деп атаған, соған қарағанда оларда, басқа шығыстың халықтары сияқты көп әйел алушылық болған сияқты. Қағаннан кейін – тудын тұрды, олар елдің бір бөлігін және югурдің билеушілері болса керек. Қағанның тапсыруы бойынша қағанатта салық жинаушыларды тархандар деп атап – олар ақсүйектер болуы мүмкін. Иерархиялық баспалдақ бойынша тарханнан төмен қарай – тайпа мен ру көсемдері тұрды. Тайпа мен ру көсемдеріне қатысты (Сентэндрде, Бочеде, Кунсентмиклош–Бабонда т.б.) жерлерден, археологиялық қазба кезінде қабірлерден табылған құрал-саймандар әртүрлі заттар дәлел бола алады.

Кей жерлерде екі адамның сүйегі бір қабірде жерленген, олар кішкентай баласымен анасы болса, немесе әйелмен еркектің бірге жерленуі, яғни күйеуі өлгеннен кейін, жесірін де өлтірген болса керек. Бірақ, екеуінің бір мезгілде өлуі де мүмкін деген тұжырымдар да бар.

Аварлар, басқада көптеген этникалық топтар және де көшпелі халықтар сияқты, дамыған құлдықты білмеген. Олар құлды әскерде, үй шаруасында пайдаланған. Көбінесе басқа тайпа мүшелері немесе соғыс тұтқындары және дағдарысқа ұшыраған тайпа мүшелері – аварлардың құлы болған.

Бас бостандығы жоқ адамдар жайында, төмендегі мәліметті келтіруге болады: “Аварлар Панонияда өз биліктерін орнатқаннан кейін, шамасы славян тайпаларының бір бөлігі, әсіресе авар территориясының орталығында (Кереш пен Муреш атты өзендердің аралығын) мекендегендер еріксіз, бас бостандығынан айрылған. Яғни құл славяндар болған [3]. VI ғ. “Панония” жері заңды түрде империяның шекара күзеткерлері ретінде аварларға беріледі, сондықтан аварлар бұл жерді және оны мекендеген халқын заңды түрде жеке меншігіміз деп қарастырған, яғни осы жерде славян тайпаларының бір тармақтары қоныстанған болатын. Бірақ қағанаттың шеткі аймағындағы славян этно-әлеуметтік ұйымдар (тайпалар және оның одақтары) сақталды, қағанға тиімді қызметтерді де

атқарған. Аварлардың өмір сүру дәстүрі соғыс немесе тонаушылық болды, яғни жаулап алған тайпаларды алым-салыққа батырып, немесе азық түліктің тең жартысын жинап алып отырды. Жанама жазба деректердің мәліметтері бойынша олар құлдықты білген, тіпті қолданбалы қанаушылықтың түрімен де таныс болған, бірақ таптық қатынастарды бұл кездері дамып жетіліп тұрды деп айтуға болмайды, әйтседе таптық жіктеліс, яғни қарапайым тілмен айтқанда бай, кедей, құл деп бөлінушілік болған. Сонымен таптық қатынас жаңадан қалыптасып тәй-тәй басып келе жатқан. Аварлар өздерінің билігін славян және т.б. тайпаларды қорқыныш пен үрейлендіріп және қатыгездігімен қорқытып басқарған. Мысалы 593 жылы славян шеберлері авар әскерін Сав өзенінің келесі бетіне өткізу үшін, қайықты “таксиархтардан қорыққандарынан жасаған” яғни бұл жердегі таксиарх деп отырғанымыз авар әскер қолбасшылары қызметін атқарғандар [4].

Славян тайпаларының құқысыздығы жайында, қағанның ең алдымен тұтқындалған аварларды босатуға тырысқанынан көруге болады. Бұл тайпалар ағаш шебері болғандықтан қағанаттың әскерін, суда жүзу құралдармен (төрт адам көтеретін жеңіл, “моноксил” немесе “однодеревки” деп аталатындар) және де (шамамен 20-40 жауынгер көтеретін) ауыр соғыс кемелерімен қамтамасыз етіп отырған [5]. Славян тайпалары жайында әңгімемізді жалғастыратын болсақ, қаған Византия қалаларын басып алуда кеңінен пайдаланған. Славяндар қағанаттың шамамен жарты мөлшерін құраған.

Сонымен VI-VII ғғ. аралығында қағанның славяндарға үстемдігі мықты болғанын, бірнеше тарихи факторлар дәлелдейді. Мысалы 626 ж. аварлардың Константинопольге жорығы барысында, славяндар теңіз шайқасында жеңіліске ұшырағандарды қаған түгел қыруын талап еткен. Дәл осы кезден бастап, славяндар аварларға қарсы шыға бастайды. Нәтижесінде VI ғ. 30 жылдарында славяндардың қағанатқа қарсы “Само” бастаған мемлекет құрылған. Қағанат ішінде сонымен қатар, славяндардан басқа, протоболғарлар т.б. тәуелді тайпалар көтеріліске шыға бастайды.

VII ғ. ортасынан бастап Авар қағанатының ықпалы, халықаралық қатынаста да, әлсірей бастайды. Қағанаттың құдіреттілігінің әлсіреуінің бірден-бір себебі, ішкі қарама-қайшылықтардың белес алуы. Яғни авар басшылықтарының арасындағы күресі және тайпалар арасындағы қақтығыстар болды. Осы кезден бастап Балқан түбегінің саяси өмірінде, империя мен славян арасында текетірес күшейе түседі.

Қазіргі таңда VII-IX ғғ. қатысты авар қоныстарының орындары, қалдықтары табылған. Ең ірі қазба жұмыстары Венгрияда, Дунайда Варош қаласының маңында отыз жеті қоныстың қалдықтары табылған. Бұл қазба жұмыстарына қарап, аварлардың ауылдар сияқты топтасып, жартылай жерсіз үйде тұрған, оның қабырғасы ағаштан құрастырылып, ішінде пеші болған. Көптеген тұрғын үйлерден астық сақтайтын, шұқырлар табылған, құрылыстарда балшықтан жасалған ошақтары болған. VII ғ. әр ауылдарда тұрғын үйлер, шеңбер бойымен дөңгеленіп орналасқан. Дәл осындай тұрғын үйлердің орналасуы Эльба және Молдавияда байқалады. Бұл тұрғын үйлерге, жартылай көшпелі аварлар, қыс кезінде малдарымен, жазғы жайылымдардан кейін келіп қыстап шығатын болған. Қазіргі тілмен айтқанда, қыстақ болған. Көктемнен күзге дейін, киіз үй іспеттес тез жиналатын, құрылыстарда тұрған [6]. Үйлердің құрылысы жайында деректерде аварлардың негізгі шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығы болған. Айталық 562 ж. қаған Юстинианға елші жіберіп, жер сұраған. Яғни шамамен осы кезден бастап бақташы түріндегі мал шаруашылығы мен жер игерушілікпе айналыспақшы болады. Дунай бойындағы тұрақ, олардың негізгі орны болды. Осы жерде авар одағының құрамындағы тайпалар әсіресе славяндар жер игеріп, егін егіп, отырықшы мәдениеттің негізін қалаған. Демек Шығыс Еуропа даласы түрлі мәдениеттердің араласуының үлкен қазанына айналды. Жоғарыда айтып өткендей, аварлар жаулап алған тайпаларды құлға айналдырды, және де оларда патриархалды құлдық болды дедік. Яғни осы отырықшы егін шаруашылығымен айналысқан тайпалар, Авар қағанатын және оның әскерін азық түлікпен, бидаймен, тамақпен, етпен қамтамасыз етіп отырған. Сондықтан кейбір орыс тарихшылары, аварларды жартылай отырықшы тайпалық одақ дейді. Негізінен, таза авар тайпасы VII ғасырға дейін өздерінің дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, дамытқан. Сонымен Авар қағанатының негізгі шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығы. Мысалы, Константин Богрянородныйдың хабарлауынша: “Жылсайын Далматидің басқа да қалаларынан атты жауынгерлерді жинап, олардың шамамен мыңға жуығы Дунай өзенін, аварлардан қорғауға күзетке тұратын. Ал аварлар болса өзеннің келесі бетінде көшпелі өмір сүретін. Далматидан келушілер, жиі жайылып жүрген малдарды көретін болған. Бір кездері олар өзеннің арғы бетіне өтіп, ол жақта кімдер тұратынын білгілері келеді. Өзеннен өткеннен кейін, олар аварлардың тек әйелдері мен балаларын ғана көреді, ал ер азаматтары мен жасөспірім ұлдары жорықта болған дейді [7]. Яғни бұл жерден аварлармен ғұндардың жалпы экономикалық негізі мал шаруашылығы екендігін айқындайды.

Аварлар көшпелі малшылар, өздерінің экономикалық қорын, тонау мен жаугершілік арқылы кеңейтіп отырған. Осы жаугершілік соғыстар барысында, аварлар отырықшы халықтармен араласып, ассимиляцияға ұшырайды. Біртіндеп жартылай көшпелі өмірден, отырықшылыққа ауысты. Сондықтан тұрғындардың жартысынан көпшілігі (ең алдымен римдіктердің ұрпақтары, сарматтар және славяндар) жер шаруашылығымен айналысты.

Аварлардың тұрмыстық өмірінде негізі рөлде ат, яғни жылқы малы атқарды. Жылқы сүйектерінің қалдықтарын зерттеу барысында, бұл аттар шығыстық тұқымнан шыққан – жылдам жүргіш, төзімді, дала жазықтары мен құмды алқаптарда көшіп қонуға бейімделгені анықталған [8]. Дәл осы жылқыларды ертеортағасырлар дәуірінің шеберлері, сүйектен немесе күмістен ойып жасаған.

Аварлар жылқы өсірумен қатар, ірі қара өсірумен де айналысқан, қой, ешкі, тауықтар – қабірлерден жұмыртқаның қалдықтарының табылуы себепкер болады. Шошқа малының сүйектеріне зерттеу жүргізу барысында, кейбір молалардан шошқа малының сүйектері табылған, бұл дегеніміз, авар қоғамында славян тайпаларының көптігін және олардың ықпалын көрсетеді.

Олардың өсімдік өсіруі жайында мәліметтер өте аз. Астық мәдениетінде тары, бидай т.б. (аварлар және славяндар да) өсірген. VI-VII ғғ. жерді ағаш соқамен қопсытқан, көптеген құрал жабдықтарын темірден жасаған.

Көпшілік қабірлерде қыштан жасалған құмыралар жақсы сақталған, олардың көпшілігі кейінгі авар кезеңінде қыштан күйдіріліп жасалынған. Кейбір ыдыстар шеткі аймақтардан әкелінген, яғни шекаралас көршілерден, себебі қыш ыдыстар, алыс сапарларды көтере алмайтын болған.

Қазіргі Венгрия территориясынан, сол заманның темір балқытатын домна-пештерінің қалдықтары табылған. Темірден қару жарақтар өндірісте, ауыл шаруашылығында пайдаланатын құралдар жасаған.

Тауар қатынасына байланысты айтар болсақ, тауар өндірісі тек өздерінің қажеттілігін қамтамасыз ету жағдайында ғана емес, сонымен қатар айырбаста болған. Оны бірден бір дәлелдейтін, авар қабірлерінен көптеген шеттен келген заттардың көптеп кездесуі дәлел болады. Мысалы, солардың ішінде, алтын, күміс және қола сырғалар, блезік, жүзік, бас киімдер, әртүсті әйнек моншақтарды атап айтуға болады. Жазба деректерден Византия императорының Авар қағанына сыйлық ретінде, жібек маталар т.б. әртүрлі қымбат заттарды бергенін білеміз. Ал археологиялық қазбада жібек маталардың қалдықтары, киімдер де сақталмаған. Осы заттардың бәрін сатып алған немесе мал, жылқы, былғары жүнге айырбастаған.

Латын жазба деректері бойынша сауда және базар орындары болған. Осы жерлерге аварлар өздерінің тауарларымен келген және де кезіп жүрген көпестер мен қолөнершілер жиналатын болған. Қолөнершілер белгілі бір жерге жиналатын болған. Оны дәлелдейтін Кунсентмартон ауылының маңында табылған қабірді айтуға болады. Заттардың ішінен пластинкалық кеудеше табылған: елдегі жол тораптары, жолаушылар үшін әрқашан қауіпті болмаған.

Авар қағанатына көпестер алыстан, тіпті сонау Шығыстан келетін болған. Кейбір мәліметтер бойынша, Карпат арқылы Батысқа маңызды сауда жолдары өтетін болған. Барлық көшпелі халықтардың дәстүрлері сияқты, аварлар да сауда керуендерінен баж салығын жинап отырған. Осының арқасында жекелеген аймақ басшылығының, тіпті қағанның даңқы біршама өскен. Аварлардың көпестері де көрші аймақтарға сауда сапарымен қатынас жасап отырған, оны Византия авторларының деректері дәлелдейді.

Ал енді, аварларда ақша болды ма? деген сұрақ туады. Мәліметтерге қарағанда аварлар өздерінің ақшаларын шығармаған. Кейбір зерттеушілердің тұжырымдауы бойынша, аварлар Византияның алтын тиындарының жасанды көшірмесін жасаумен айналысқан дейді. Бірақ барлық қағанаттың территориясынан империяның көшірме тиын ақша қоры табылған, яғни осы мәселеге кесіп тұжырымдар жасауға болмайды, сонымен бірге бұндай көшірме ақшалар көршілес елдерден де табылған.

Менандр т.б. деректерге сүйенетін болсақ, VI ғ. византиялықтар қағанатқа салықты алтынмен төлеп отырған. Мәліметтер бойынша жалпы бір жылдық салықтың мөлшері 80 мың алтын солид болған, ал 600 жылдан бастап 100 мыңға дейін көтерілген. Кейінірек бұл соммада жеткіліксіз болған. VII ғ. басында Византия императорлары аварларға “бейбіт өмір сүру үшін”, жылсайын 120 мың солид төлеп отырған. Кейбір есептеушілердің қорытындылауы бойынша византияның алтын қорының 1/75 бөлігі аварларға салық ретінде төленіп отырған (империяның қазынасының жыл сайынғы түсімі, шамамен орташа алғанда 37 мың кг. алтын, яғни 8 млн солидті құраған). 626 жылға дейін Авар қағанатына шамамен 6 млн. солид төлеген, яғни бұл дегеніміз 25 мың кг. Алтын [5,с.17]. Бұл сансыз көп тиын айналымға түспеген. Шамасы аварлар бұл алтындарды әшекей-бұйымдар мен ыдыстар

жасауға жұмсаса керек; бұл ақшаның біраз бөлігі көсемдер арасында бөліске түскен, дәл осы ақшалар археологиялық қазба кезіндегі қоймалардан табылған.

Жоғарыда көрсеткендей, Баян қағанның бұдан бұрын ғұндарға бағынышты болған, бірсыпыра көшпелі халықтар тәуелді еді. Қағанатта жаңа феодалдық дәстүрлер дами берген, бұл процес аварларда Еуропа территориясына келмей тұрып-ақ басталған. Кезінде ғұндар IV ғасырдың екінші жартысында Ұлы қоныс аудару қозғалысын бастап, жаңа қоғамдық қатынастардың және өркениеттің пайда болуына жол ашқан. Авар тайпа одағының да Еуропаға өзінің әсері тиген деуге болады. Аварлар шығыстан мынадай жаңалықтарды әкелді: жетілген ат әбзелдері, айырықша темір үзеңгіні атауға болады және қару жарақтар, соның ішінде бір жүзді қылыштар және қанжарлар. Жоғарыда айтып өткендей аварлардың басты қарулары садақ пен жебе болды. Авар дәуіріне жататын жебелер анағұрлым үлкен және ұзын болған. Қазба жұмыстары кезінде, қабірлерден сүйектен және темірден жасалған үш қырлы садақтың ұштары сақталған. Найзалары бұрынғыларға қарағанда ауырлау болып келеді. Қарулануға байланысты жаңалықтардың енуі, әскери тактикада өзгерістер болды, әсіресе атты әскер бұрынғыдан да жандана түскен. Деректерге сүйенетін болсақ, аварлар сол заманның қамал бұзатын қандай техникалар болса, солардың бәрімен қаруланған.

Енді, осы аварлар оқып жаза алдыма екен? деген сұрақ туындайды. Археологиялық мәліметтер бойынша, аварлар руникалық жазуды білген: мысалы, олар жамандықтан сақтану үшін, әртүрлі жалбарынуларды шимактап ойып жазған, және әртүрлі заттардағы жекеленген белгілер (тамға) таңбалар сақталған. Бірақ осы жазу хат жазыста немесе әдеби жылнамалар жазуда пайдаланды деген мәліметтер жоқ. Шамасы батырлар жыры, дастандар, аңыз әңгіме және ертегілер, барлық халықтардағыдай ауызша әкеден балаға берілсе керек.

Аварлардың тілі, жоғарыда айтып өткендей түркі тілі. Біз ол жайында көбінесе жеке адамдардың аттарынан, атақ даңқтарынан байқаймыз. Мысалы: елші аттары (Менандрда сақталған) Кондих, Салак, Кок, шаманның біреуін Боколабр деп атаған. Шамасы осы аттар шығу тегі жағынан түркілік болса керек. Қаған, тудун, югур, тархан, таксиарх сияқты атақ даңқтары, олардың түркі тілдес екенін айқындайды. Сонымен аварлар түркі тілдес тайпалар болған, ал славяндар шамасы угрофиндік топқа жатса керек. Мысалы авар қағанының аты “Баян” – манғол сөзі – бай деген мағынаны білдіреді. Тайпа аты “вархониттер” дегенде жұрнақ “т” манғолша көпше түрді білдіреді. Шамасы авар одағына манғол элементтерін жуан-жуандар әкелсе керек. Қазіргі таңда ғылымда авар одағында негізгі тілі түркі тілі болғанмен, манғолдық, ирандық мәдениеттің таралғаны айқындалып отыр. Византиялық және Батыс Еуропалық авторлар (мысалы Менандр, Павел Диакон) аварларды ғұндармен байланыстырады, Менандр бойынша, аварлардың ғұндармен, ұқсастықтары тілімен дәстүрінде десе [2], Павел Диакон [9] олардың арасында генеалогиялық байланыстар бар дейді. Әсіресе Византия жылнамашыларын таңқалдырғаны, шығыстық салт бойынша, аварлардың шаштарының өрілгендігі.

Аварлардың және Авар қағанатындағы халықтардың наным-сенімдері жайында мәліметтер өте аз. Бір деректе тек негізгі шаман жайында мәлімет келтірсе, ал енді біреулері, аварлар идеологияны жақтаушылар болған деседі.

Аварлар дүниені екіге бөлген; жер бетіндегі дүниемен, жер асты дүниесі деп. Оны дәлелдейтін қабірлерден табылған, өлген адамның жанына тамақтың, ат, қару жарақтардың бірге көмілуі, о дүниеде де жауынгер күресін жалғастырады деп түсінген. Шамандық түсінік бойынша келесі дүние бірнеше деңгейден, бірінен кейін бірі болады деп түсінген. Яғни өлгендер жоғарыға ұмтылу кезінде жебелер көмектеседі деп, адаммен бірге садақ пен қорамсақты жерлеген.

Жерлеу рәсімдерінің алдында немесе жерлеу кезінде, адам жататын жер жаман рухтардан “тазар-тылатын”. Оны отпен немесе ыстық шоқпен аластайтын болған.

Әртүрлі халықтар өздерінің салт дәстүрлері бойынша, өлген адамның басын батысқа немесе шығысқа қаратып жатқызатын болған. Аварлар да белгілі бір ортақ бағдар болмаған себебі, әртүрлі өте көп тайпалардың жиынтығынан құралғандықтан. Көптеген жағдайда өлген адамға магиялық яғни сиқырлау сияқты рәсімдер жасаған. Себебі, өлген адам о дүниеден қайтып оралуы мүмкін деп түсінген.

Сонымен аварларда жоғарыда айтып кеткендей, шамандық наным сенімдер болған және де о дүниеге сиынған, қазба кезінде табылған әшекей бұйымдардағы аң стиліндегі орнаменттер, фитимизмнің нышаны болса керек, бұл аң суреттерін салу, олардың Азиядан шыққандығының бірден-бір дәлелі.

Аварлар мықты шебер, өнерлі халық болған. Олар сүйекті өте шебер пайдаланған, әсіресе мүйізден көп бұйымдар жасаған. Жылнама, жазба деректердің мәліметі бойынша; олар әдемі кілемдер мен

маталар тоқыған, күміс пен ағашты өңдеп, бейнелеу суреттер салумен айналысқан. Өкінішке орай бұл заттар біздің күнімізге дейін сақталмаған. Оның есесіне темірден жасалған, әшекей бұйымдары сақталған, айталық – Византия үлгісіндегі сырғалар, білезік, жүзік, сақина, түрлі-түсті әйнектен жасалған моншақтар. Шамасы бұлардың бәрі Шығыста жасалса керек. VI-VIII ғғ. Авар қағанатының ерікті жауынгерлері, белбеулерінің ұшын темірден жасап әшекейлеп, өрнектеп таққан. Дәл осындай қаңылтырмен аттың әбзелдері қапталған. Кейінгі авар дәуіріндегі белбеу ұштары, өрнектеліп құю әдісімен жасалған. Сондықтан олардың ішінен екі бірдей ұқсастарын табу қиын. Белбеулерінің темірден жасалған ұшын өте үлкен етіп құйып, оған әртүрлі орнаменттерді, адамдардың немесе алпарысып жатқан жануарлардың суреттерін бейнелеген [10]. Көсемдердің қылыштарымен қорамсақтары алтынмен қапталған, ал қарапайым жауынгерлердікі – күміспен жалатқан. Тіпті темірден жасалған үзеңгі көмкеріліп өрнектелген, ал кейбіреулері күміспен безендірілген.

Қабірлерден қыштан жасалған құмыралар да табылған. (Сексара қаласының маңынан қыш пештерінің қалдықтары табылған). Яғни авар қағанататында қолөнер жақсы дамыған. Бір өкініштісі авар дәуіріне жататын қыш құмыралар аз өрнектелген.

Сонымен авар қоғамындағы әлеуметтік-әкімшілік басқару жүйе атты мақаламызды қорытындылайтын болсақ, авар тайпаларының Батысқа келуінің себеп-салдары қарастырылды. Малжансыз, азық – түліксіз, еш қорсыз келген аварларды, жергілікті ғұн тайпалары аварлар деп атап, қолдап сол ортаға бейімделуіне мүмкіндіктер жасаған. Жат жерге тез үйренісіп, тіпті олар аландармен одақтасу арқылы, Шығыс Рим империясымен қатынас жасап, одақ құрады. Византиялық авторлардың мәліметтеріне сүйенетін болсақ, аварлардың күшінің мықтылығы мен санының көптігі, олардың жаугершілік соғыс барысында бірнеше тайпаларды өзіне бағындырып алса, ал кейбіреуімен одақтасуында еді.

Қорыта келгенде, аварлар Еуропаға келмей тұрып, бұл тайпалық бірлестікте рулық дәстүрлер ыдырап, феодалдық қатынас дамыған. Жартылай феодалдық мемлекеттің негізі қаланғанымен бұл процесс даму шегіне жетпеген. Аварлар тек көшпелі мал шаруашылығымен айналысушылар деген орыс тарихшыларының идеяларын сынға алып, олардың сонымен қатар отырықшылықпен де, шұғылданғанын дәлелдеуге тырыстық. Аварлардың Еуропа даласына әкелген үкен жаңалығы жетілген ат әбзелдері болды. Авар қағанатының негізін салушыларда басқада Шығыс халықтары сияқты, негізгі қарулары садақ пен жебе болды. Аварлар сөзсіз түркі тілдес тайпа. Оларда басқа түркі тілдес тайпалар сияқты, пұтқа табынушылық басым болған.

1 Турский. Г. История франков. Академия Наук СССР. Литературные памятники / Пер. В.Д. Савуковой. – М.: Наука, 1987.- 459 с.

2 Менадр Протектор. История// Византийские историки/Пер. С.Дестуниса. СПб.,1860, С. 313-470.

3 Артамонов М.И. История Хазар. – Л.: Издательство Государственного Эрмитажа, 1962. – 515 с.

4 Плетнева С.А. Кочевники средневековья. Поиски исторических закономерностей. - М.: Наука, 1982. - С. 13 - 61.

5 Раннефеодальные государства на Балканах VI-XII вв./Отв. ред. Г.Г. Литаврин. – М.: Наука, 1985. – 354 с.

6 Толстов С.П. Города гузов // Советская этнография. -1947. –Вып.3. –С.81, 276.

7 Константин Богрянародный. Офемах и о народах/ Пер.Г. Ласкина.1899. -188 с.

8 Баришич Ф. Чуда Дмитрия Сулинского как исторически извори. –Белград, 1956. -С.50-64.

9 Павел Диякон. История лангобардов //Хрестоматия по истории средних веков. –М., 1961. Т.1. С.531-532.

10 Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. – Л.: Наука, 1951, – 255 с.

Резюме

«Социально-административная система управления Аварского общества»

А.К. Шокатова – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, факультет истории, археологии и этнологии, PhD докторант. Республика Казахстан, г. Алматы

Т.Н. Мухажанова – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, факультет истории, археологии и этнологии, к.и.н., доцент. Республика Казахстан, г. Алматы

Культурный синтез между народами Запада и Востока берет свое начало с эпохи саков, гуннов и раннего средневековья. Этот процесс продолжился и в средневековий. Культурный синтез интенсивно развивался во времена Великого переселения народов. Авары переселившиеся с Алтайского края на Восточную Европу, пропагандировали там тюркские традиции.

Во всемирной истории главной исторической тенденцией раннего средневековья является Великое переселение народов. В этот период мощный рывок для Великого переселения народов дали тюркские племена –гунны, авары и хазары. В Евразийском континенте тюркские племена повлияли на смену культурных процессов и к появлению новых этнических групп и племен. Можно выделить положительные и отрицательные стороны культурного синтеза. С одной стороны, из за культурного синтеза народов, многие тюркские племена ассимилировались с Европейским миром и это привело к их исчезновению.

Ключевые слова: синтез, культура, культурная глобализация, культурная идентичность.

Summary

Socio-administrative management system of the Arab Society

A.K. Shokatova - Al-Farabi Kazakh National University, PhD doktorant.

T.N Mukazhanova - Al -Farabi Kazakh National University, candidate of historical sciences, docent, Department of History, archeology and ethnology

Cultural synthesis between the peoples of the West and the East has its origins with the Saks and Huns in early and medieval ages. This trend was continued in the Middle Ages. During the Great Migration cultural synthesis intensively developed. That is, the Avars who moved from the edges of the Altai in Eastern Europe in VI century - popularized the Turkic tradition in the West.

In general in the history of the Middle Ages was an important historical process of the Great Migration. During this period, a real leap forward for the Great Migration of Peoples gave Turkic tribes as huns and the Avars, Khazars tribes. Turkic tribes in Eurasian continent affected to the change of cultural processes and the emergence of new ethnic groups and tribes. There are positive and negative aspects of cultural synthesis. On the one hand in the synthesis of the European world Turkic peoples assimilated the cultural sphere, and this has led to the disappearance.

Key words: synthesis , culture, cultural globalization, cultural identity.

УДК 327 (574)

ҚАЗАҚ-АУҒАН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫН ЖЕТІЛДІРУ– БҮГІНГІ КҮННІҢ МІНДЕТІ

Г.А. Тастемирова – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Мақалада қазіргі Орталық Азия елдері арасындағы, әсіресе Ауғанстан мәселесіне байланысты қалыптасқан жағдаятты оңдастыру мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар экономикалық және мәдени байланыстарды кеңейту жөніндегі ұсыныстары мен нақты қадамдары жайлы сөз болады. Сонымен қатар Қазақстан тарапынан жасалып жатқан басқа да көмектерге тоқталған.

Кілт сөздер: Ауғанстан, қарым-қатынас, көмек көрсету, келісімдер, ынтымақтастық.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, бүкіләлемдік халықаралық қарым – қатынаста және саяси үрдістен өзіндік келбетімен айқын орын алуы отандық ескі халық-аралық ұстанымдардан арылып, жаңа бағытта дамуына мүмкіндік туғызды. 2009 жылы ЕҚЫҰ-да Қазақстанның төрағалығы туралы мәлімдемені ілгерілету, сондай-ақ Қазақстанның саяси және экономикалық даму жолын дүниежүзі қауымдастығына таныту жөнінде келіссөздер мен кездесулер өткізу жоспарланып отырғандығын мәлімдеуі қазіргі кезеңдегі еліміздің алыс жақын мемлекеттермен қарым -қатынасының сипатын айқын көрсетері сөзсіз. Елбасы 2008 жылғы жолдауында: «Халқымыз осы заманғы және бәсекеге қабілетті зайырлы мемлекетті белсене орнатып жатыр. Міне, нақ сондықтан да мен қазірдің өзінде мұндай тәжірибе жинақтаған Қазақстанның халықаралық деңгейдегі мәдениетаралық және конфессияаралық үнқатысу орталықтарының бірі ретінде қызмет атқаруға әзір екенін тағы да қуаттағым келеді...»[1] - деп еліміздің халықаралық қарым қатынастардағы қазіргі келбетін сипаттап өткен.

Кеңес Одағының күйреуі және қос кіндікті дүниенің құлауына байланысты халықаралық қатынастардың жаңа жүйесі пайда болды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздік туралы декларация жариялады, дүниежүзілік қоғамдастыққа және экономикаға дербес енуге мүмкіндік алды. 1992 жылы қаңтарда тоғыз шет мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатты. Республикамыздың сыртқы саясат ведомствосы ұлттық мүдде мен 53 жалпы адамзаттық мүдделерді үйлестіріп жүргізетін дипломатиялық саясатқа кірісті. 1992 жылы қаңтардың 23-інде Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі өзінің мәжілісінде Бас Ассамблеяға Қазақстан Республикасын Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылдауға ұсынатын қарарды мақұлдады [2]. Өзінің геосаяси орны жағынан екі алып держава – Ресей мен Қытайдың арасына орналасқандықтан Қазақстан осы елдермен қатынастың жаңа бағыттарын айқындау, шекаралардың бұзылмайтындығын мойындап, оны құжаттар арқылы бекітуді басты назарда ұстады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған алғашқы жылдары-ақ өзінің сыртқы саясатын тездетіп қалыптастыруы қажет болды, әйтпесе, біздің мүдделерімізге орасан нұқсан келуі мүмкін еді. Қазақстанның сыртқы саясатының тұжырымдамасын Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 1992 жылғы

мамыр айында шыққан «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты еңбегінде атап көрсетті. Еліміз өзінің геосаяси жағдайын, этнодемографиялық және басқа факторларды ескере отырып, көп бағытты дипломатияны жүзеге асыруға кірісті. Мұның мәні – әлемдік деңгейдегі істерде елеулі орын алатын және еліміздің нақты мүдделері байланысатын мемлекеттердің бәрімен достық және өзара сенімділік сипатындағы қарым-қатынастарды дамыту деген сөз. Шетелдік ықпалдастарымыз бен қарым-қатынасымыздың құқықтық негізін жасақтау қажет болды. Қазақстанға инвестиция тарту үшін, ең алдымен, екі жақты дипломатиялық қатынас орнату шарты алға қойылды. Сыртқы 54 саясатымыздың қалыптасу кезеңі мынадай өрелі міндеттерді жүзеге асырудан басталды. Біріншіден, біздің мемлекетіміздің шын сипатын танытуымыз, екіншіден, Қазақстанды халықаралық дәрежеде мойындатып, оның қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуіміз қажет болды. Үшіншіден, әлемдік шаруашылық жүргізу мен экономикалық байланыстарға белсене араласуымыз қажет болды.

Сонымен қатар отарлық және кеңестік кезеңдерде бұрмалауға ұшыраған халықтың тарихи санасын қалпына келтіру, өз мемлекеттігін сәйкестендіру аясында өгіп жатқан рухани және мәдени әрлеу барысында Қазақстан Республикасы көршілес елдермен, тарихи тамыры бір туысқан халықтармен ежелгі қарым-қатынастары мен байланыстарын жаңғыртуға да ерекше назар аударып келеді. Алыс және жақын көрші мемлекеттермен жасалатын ресми халықаралық қарым-қатынастармен қатар елдерді жақындастыратын мәдени байланыстардың да маңызы зор. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Астанаға алғашқы ресми сапармен келген Ауғанстан Президентімен кездесу барысында «Ұлы Дала елі мен Ауғанстанның тарихи тұрғыдан қалыптасқан тәстүрлі достық қарым-қатынастары, бері мәдени-рухани байланыстары бар екенін айтты. Екі ел арасындағы қарым-қатынас бірнеше ғасыр бұрынғы Қазақ хандығы мен Ахмад-шах Дуранидің кезінен бастау алады» -деп тоқталып өтті.

Қазақстан Республикасы мен Ауғанстан Ислам Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылғы 12 ақпанда орнатылды. 2002 жылы Кабулда ашылған ҚР Дипломатиялық миссиясы 2003 жылдан бастап Елшілік мәртебесінде жұмыс істеуде. Екі ел арасындағы мәдени байланыстар саяси және экономикалық ынтымақтастық қатынастардың құрамдас бөлік ретінде он жылдан астам уақыт ішінде әр салада нақты нәтижелерге ие болды.

Бүгінде Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы байланыстардың қатарында жалпы мәдениет пен өнер, білім мен ғылым, ақпарат құралдары мен баспасөз, діни-рухани байланыстардың өкшелеп, жалпы екі ел арасындағы ресми мемлекетаралық қатынастардың құрамдас бөлігі ретінде әрқайсысы өз саласында жеке бір ағымды құрайтынын айту қажет. Алғашқы кезде бұрын үзіліп немесе тоқырап қалған дәстүрлі туысқандық байланыстарды қалпына келтіру мақсатымен жалпы мәдени байланыстар көлемінде орнатылған осы қатынастар бүгінгі ғылыми-техникалық мүмкіндіктер, нарықтық қатынастар ықпалымен әр салада нақты нәтижелерімен толығымен түсуде. Оған Ауғанстан мен Қазақстан арасындағы экономикалық байланыстардың нәтижелерін мысал ретінде келтіруге болады. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен Ауғанстанға көмек көрсетілуде. Атап айтқанда, Қазақстанның қаржыландыруымен: мектеп, аурухана, жолдар, бірнеше көпір салынуда. Бірақ, мемлекеттің дамуы үшін ең маңыздысы жастардың білім алуы. Қазіргі таңда Ауғанстан тұрғындарының саны 31 056 997 адам. 14 жасқа дейін 44,6% болса, қалғанның 53%, ал 65 және одан жоғары жастағылардың саны тек 2,4% құрайды. Өмір сүру деңгейі орташа 43 жас. Ұлты пуштун, тәжік, өзбек, хазар, түркімен және т.б. Халқының сауаттылығы 36% оның 51% ер азаматтар, 21% әйелдер құрайды. Ал таулы аймақтарда 98% халқы сауатсыз. Өкінішке орай, бүгінгі таңға дейін елдегі халықтың 2% ғана жеке құжатын (таскера) алған. Қалғандарында ешқандай құжаты жоқ. Талибан кезінде 22% ер балалар, 8% қыз бала мектепке барған болса, 2004 жылдан талибандар биліктен кеткеннен кейін 54,4% мектеп жасындағы балалар мектепке барды. Орта мектептегі оқушылар саны 4 млн. жетті. Елдің сауаттылығы осы күнге дейін айтарлықтай көтерілген жоқ. Соның салдарынан елдің экономикалық, әлеуметтік жағдайы көтерілмей келеді. Сауаттылықпен күрес – қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Бәсекеге қабілетті, дамыған мемлекет болу үшін ең алдымен жастарының дені сау, жоғары білімді болуы тиіс. Қазіргі заманның талабына сай жаңа технологиялармен жұмыс істей алатын, қабілетті ұрпақ тәрбиелеу әр мемлекеттің басты міндеті болып отыр. Ауғанстанда 57% некенің 16 жасқа толмаған жас қыздар болса, 80% қыздарды мәжбүрлеп немесе зорлап жасалған неке боп саналады. Ал ауыл-аймақтарда қыз баланы 8-10 жасында тұрмысқа береді.

Ауғанстан басқа мемлекеттер тарапынан жастарды оқытуға көптеген гранттар бөлінеді. Жастар да әртүрлі мемлекеттерге барып білім алуда. Бірақ қазіргі таңда бастауыш мектепте әріп танып, білім алуы ең үлкен проблемаға айналып отыр. Оның түрлі себептері де бар. Ауғанстанның оңтүстік

аймақтарында талибандар жиі орналасқан Қанадағар, Гельманд, Гхор, Ғазни қалаларына жақын орналасқан ауыл-аймақтарда мектепте мұғалімдер жетіспеушіліктен балалардың білім алуы қиын.

Дүние жүзінде экономикасы мен әлеуметтік жағдайы төмен мемлекеттің бірі – Ауғанстан. Ал сауаттылығы жағынан да артта келе жатыр. Ауғанстанның шеткі аймақтарында миллион халық тұратын жердің өзінде 4-5 мектеп бары мәлім. Алғашқы сауатын ашу үшін мектептің жетіспеушілігінен молдадан құран үйреніп оқуға тырысады. Ауғанстан үкіметі бұдан екі жыл бұрын білім беру саласына жеке инвестиция енгізуге рұқсат берілгелі бері қазір 300-ден аса жекеменшік мектептер ашылаған. Олардың оқушыларының 40 пайызын қыздар құрап отыр. Ауғанстанның сол түстігіндегі Парван аймағында алғашқы жекеменшік мектеп ашылды. Оған ұл-қызы аралас 300 оқушы тіркелген. Оқу ақысы ай сайын 15 долларды құрап отыр. Баласын оқытып отырған ата-ананың барлығына бірдей бұл қаржыны төлеу оңай емес. Бірақ, ондай мектептер бәріне қолжетімді емес. Барлық отбасы төлей алмайды. Себебі отбасында бір адам жұмыс істесе, тапқан табысы жетпейді. Дегенмен, жекеменшік мектептердің оқу сапасы жоғары. Отбасына ақша төлеу қиын болғанымен, олар оқу сапасына риза. Жекеменшік мектептерде балаларын оқытқысы келетін отбасылардың көбеюі өте маңызды және бұл алға ұмтылушылық деуге болады. Бұдан 10 бұрын Ауғанстанда бірде-бір зайырлы да, көпшілікке арналған да мектеп жоқ еді. Тек азғантай ұл балалар діни мектептерге баратын еді. Ал қыздар талибан билігі кезінде оқудан қол үзіп қалған болатын. Себебі рұқсат етілмеді.

Биылғы оқу жылында 7 миллионнан аса оқушы Ауғанстандағы 9000-дай мектеп табалдырығын аттады деген білім министрлігінің мәліметі бар. Олардың 35-40 % қыздар құрады деп мәлімдейді оқу министрлігінің департамент қызметкері. Бірақ мұндай табыстар оңайлықпен келген жоқ. Елдің оңтүстігі мен шығыс аймақтарында талиптер мектептерді өртеп, оқушылар мен мұғалімдерге жиі шабуыл жасайды. Бір ғана өткен жылдың өзінде 60-тан аса мектеп отқа оранып, қауіпсіздіктің жеткіліксіздігінен 650-дей мектеп жабылып қалды. Ал Қандағардағы бір мектептің оқушы-қыздарының бетіне қос қарулы химиялық қосынды сұйықты шашып, олардың беттері мен қолдары күйіп қалған.

Ауғанстандағы білім беру деңгейінің нашарлығынан талай бала үйінде отыр. Мектеп жасындағы олардың барлығын да қамту үшін бірнеше мыңдаған жаңа мектептер қажет. Ауғанстанның 34 аймағына кәсіби мұғалімдер ауадай қажет. Ауған Білім министрінің айтуынша, кейбір мектептерде, мұғалімнің жетіспеуі себепті, жоғарғы сынып оқушыларын мұғалімдік қызметке алу жағдайлары кездесуде. Мысалы ағылшын курстарын бітірген мектеп оқушыларын, ағылшын тілінен сабақ беруге алуға тура келеді. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін көтеру істері мен оқулықтар шығару, жаңа мектептер салу істері халықаралық қауымдастық көмегінің жүзеге асырылуы мүмкін емес.

Қазірге дейін көптеген оқушылар жерде отырып, дәріс алуда. Қауіпсіздіктің жеткіліксіздігі мен қасаң дәстүрлердің сақталуы көптеген ата-ананы қыздарын үйлерінде ұстап, мектептерге жібермеулеріне итермелеп отыр. Осыған орай білім беру саласының ресмилері ауыл ақсақалдарынан бастап, діни тұлғалардың әлгіндей ата-аналарға ақыл айтып, қыздарын мектептерге жіберуілеріне көндіруге шақырып отыр. Қалалар мен ауылдарда мектептерді қолдау кеңестері құрылған. Осы шаралардың нәтижесінде оқушы қыздардың саны өсе түсуде. Тіпті шашылған қышқылдардан беттері күйіп қалған қыздардың өзі, ем-домдарын қабылдағаннан кейін мектеп қабырғасына қайта оралды.

Өкіншке орай, қазіргі күнге дейін Ауғанстанның көпшілік облыстарында қыз балалардың мектепке баруға мүмкіндігі жоқ болуы. Сауатсыздықпен күресу шараларын жасап Дайкунде облысы орталығында білім беру департаментінің қолдауымен әйелдерге арналған 125 сауат ашу орталығында 9 айлық курс жұмыс істейді. Қазір орталықта 3,5 мың әйел азаматтары оқып жатыр. Курста әр түрлі жастағы әйел адамдар оқиды. Бұрын әйелдерге оқуға рұқсат берілмесе, қазір орталықта тек сауат ашып қана қоймай тұрмысқа пайдалы кеңестермен бөлісіп, өмір сүруге деген ынтасын артыра түседі. Орталықтан сауат ашып үйренген ана баласын да оқытуға ұмтылады. Оқуға деген құлшыныстары артып, балаларын ақылы мектепке оқытуға да дайын.

Мектеп бітірген қыз баланы басқа мемлекеттерге оқуға жіберу отбасылар үшін үлкен проблема. Бірақ жылдан жылға өзгеріс байқалады. Мен де қазір Қазақстанға оқуға келгеніме қуаныштымын. Қорыта келе айтарымыз, білімді ана, білімді ұрпақ тәрбиелейді. Білімді ұрпақ, болашақта өз отанына қызмет ететініне, мемлекетінің өркендеуіне үлес қосатын азамат боларына сеніміміз мол. Сондықтан Қазақстан тарапынан жасалып жатқан көмектердің ең маңыздысы «ҚР Үкіметінің 2009 жылдың 13 қарашадағы №1829 қаулысымен мақұлданған «Қазақстан Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. Келісімде «Қазақстан тарапы 2010-2014 жылдар аралығында жыл сайын Ауғанстан Ислам Республикасы

азаматтарының қатарынан 200 адамды: оның ішінде 140 адамды жоғары оқу орындарына және 60 адамды техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына оқуға қабылдайды. Медициналық мамандықтарға жоғары оқу орындарына қабылдау 2010-2012 жылдар аралығында жүзеге асырылады. Білім алушылардың жалпы саны 1000 адамды құрайды, оның ішінде 700 адам-жоғары оқу орындарында, 300 адам-техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына. Оқыту 2019 жылға дейін (медициналық мамандықтар-2020 жылға дейін) Қазақстан Республикасының қаражыты есебінен жүзеге асырылатын болады» делінген. Осы келісім негізінде 2010 жылдан бері 835 үміткер қабылданып, қазіргі таңда Қазақстанның 12-жоғары оқу орнында, техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша 9 колледжде білім алууда.

Қазақ-ауған қарым-қанынастары үдемелі түрде дамып келе жатыр. Мемлекет басшылары халықаралық шаралар аясында тұрақты түрде кездеседі. Сауда-экономикалық қатынастарды дамытуда Сауда-экономикалық қатынастарды дамытуда сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Ауғанстан бірлескен үкіметаралық комиссиясы маңызды рөл атқарады.

Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы екі жақты қарым-қатынастар аса ауқымды және тарихи тамырларға негізделген. Жоғарыда айтылғандардың бәрі де екі елдің арасындағы жемісті де нәтижелі ынтымақтастықтың қомақты көріністері болып табылатындығын, сондай-ақ екі жақты қарым-қатынастарды барынша нығайту шаралары үздіксіз дамытытын, жетілдіріліп, кеңейіп әрі тереңдеп келе жатқандығын атап өткеніміз жөн. Халықтар арасындағы сенім мен өзара түсінушілікті орнықтыруда және халықаралық ахуалды сауықтыруда мәдени байланыстардың маңызды орын алатыны анық. Бұл өзара қарым-қатынастар динамикалық және жоспарлы түрде іске асырылып, сонымен бірге мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық аясының ойдағыдай дамуының маңызды факторы болып саналады. 2015 жылдың қарашасында келген Ауғанстан Президентімен екіжақты кездесу барысында Қазақстан Президенті «Орталық Азия өңірі мен Ауғанстанның ежелден ортақ бай мәдени және тарихи құндылықтары бар. Мен Сіздің елде болып жатқан оқиғаларды жақсы білемін. Біз кезінде бұрынғы Президенті Хамид Карзаймен де көп ынтымақтастықта болдық. Бүгінде Қазақстан Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыру үшін жан-жақты қолдау көрсетуде. Біздің елге өркендеген Ауғанстан керек, біз осындай елмен жақын қарым-қатынас келеді» - деген болатын.

Екі ел арасындағы қарым-қатынастар ғылыми және мәдени байланыстар ынтымақтастықтың жалпы принциптері негізінде өз еркімен, егемендік пен ұлттық мүдделерді құрметтеу, толық тең құқықты, өзара тиімділік пен өзара жауапкершілік жағдайында дамып отыр. Қазіргі жағдайдағы Қазақстан мен Ауғанстан Ислам Республикасы мәдени және ғылыми қарым-қатынастары мәселелері, сондай-ақ, оның алдағы даму мүмкіндіктері мен тенденциялары, оның деңгейі мен сапасын арттыру, мәдени және ғылыми ынтымақтастықты дамыту жөніндегі екі ел үкімет басшылары деңгейінде жаңа келісімдер жасау және қол қою, ортақ ғылыми-мәдени потенциал мен қор құру, бүгінгі күн талабына сай өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл тұжырым біздің егемендігімізді қалыптастыру және шынайы тәуелсіздігімізді нығайту кезеңінде тұрған жас мемлекетіміздің міндеттеріне сай келеді. Екі ел арасындағы байланыстардың көкейкестілігі, сонымен бірге, географиялық және мәдени-тарихи сабақтастықтан да туындайды. Жалпы мемлекетаралық ғылыми-мәдени байланыс жүйесін жасау мен оны жүзеге асыру Үкімет тарапынан және мекемелер арасында жасалған келісімдермен шарттас-тырылған.

Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы қарым-қатынас жылдан жылға қарқынды дамып келе жатыр деп айтуға толық негіз бар. Екі ел арасындағы ынтымақтастық тек ізгілік жәрдеммен шектеліп қана қоймай, сонымен бірге, донорлық көмек аясында Ауғанстанда Талұқан – Күндыз – Ширхан-Бандар автожолы қайта қалпына келтіріліп, мектеп салынып, емхананың құрылысы аяқталуға жақын қалды. 1,5 млн. АҚШ доллары көлемінде даму жобаларына арналған еліміздің кезекті қаржылық көмегі дайындалып жатыр. Біздің пікірімізше, Үкіметіміздің мұндай қолғабысы халықаралық қауымдас-тықтың Ауғанстанды қалпына келтіруге бағытталған шараларына айтарлықтай үлес қосады.

Парламент пен үкіметтік емес ұйымдар аясында екі ел әйелдері арасында ықпалдастықтың орнатылуын қуанышпен атап өткім келеді. Биыл ауған әйел істері министрі және ұлттық жиналыстың әйел депутаттары Қазақстанға іссапар жасап, ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары Д.Назарбаевамен және Премьер-министрдің орынбасары Г.Әбдіқалықовамен кездесті.

Ал, ҚР Үкіметінің 2015 жылдың 18 қарашада №919 қаулысымен «Қазақстан Үкіметі мен Ауғанстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасалынды [3].

Қазіргі кезде кең өріс алған қазақ-ауған ынтымақтастық байланыстарын одан әрі жетілдіру бүгінгі күннің және келешектің де міндеті. Бұл тәуелсіз еліміздің халықаралық және сонымен бірге Орта Азия қауымдастығындағы орнын, рөлін нығайта түсер еді. Сондықтан бұл қарым-қатынастарды одан әрі дамытып, екі жақты мәдени-рухани байланыстарды нығайту үшін төмендегі іс-шаралар аса қажетті:

- Ауғанстаннан үміткерлерді Қазақстанның жоғары оқу орындарының ақылы бөлімдеріне көбірек шақыру;
- мәдени іс-шараларды бірлесе атқару;
- тәжірибе, ғылыми ізденістер жолында жаңалықтармен алмасу;
- бірлесіп конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру, ғылыми жобаларды бірлесіп жүзеге асыру жұмыстарын тұрақты ету.

Келісімдерді жүзеге асыру барысын қорытындылай келе, екі ел арасындағы мәдениет, ғылым мен білім саласындағы екі жақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдету және кеңейту маңыздылығы. Қазақстан мен Ауғанстан мәдени байланыстарының ауқымы көлемінде екі ел арасындағы қарым-қатынастар әлеуметтік-экономикалық ресми мемлекеттік саясатқа да өзінің оң ықпалын тигізетіні даусыз.
Bringing-up, patriotism and internationalism in the work of Zhambul Zhabayev Kokkozova M.B., Begaliev A.K., Masimbayeva A.A.

Kazakh poet lays a strong bringing-up message in his work, encouraging young people to love the motherland, cultivate patriotism, tie their fate with that of his people. He awakens in them the active principle, recalls the need to defend our country from its enemies.

Zhambul instills the idea that every person is a part of society, physically and spiritually realized the most, he said, can only be working for the good of the country, the country and the people. Zhambul's patriotism is inseparable from the brotherhood of nations, friendship and internationalism education that is about it, he sings in his soulful songs.

Key words: Patriotism. Education. Labour. Duty. The younger generation.

УДК 950.574

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖАҢА СОСЛОВИЕЛІК ҚҰРЫЛЫМ: ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ (XIX Ғ.)

А.М. Еспенбетова – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Қазақстан республикасы, Ақтөбе қаласы. e-mail: aikami@mail.ru

Мақала XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы жаңа әлеуметтік сословиелік құрылымның қалыптасуы мәселесіне арналған.

Ресей империясының әкімшілік-территориялық басқару жүйесінің енгізілуі қазақ көшпелі қоғамының дәстүрлі құрылымын өзгертіп, нәтижесінде жаңа сословиелік құрылым қалыптасты. Қазақ көшпелі қоғамындағы жаңа сословиелердің бірі – құрметті азаматтар болды. Көптеген қазақ билеушілері – сұлтандар, билер, болыс басқарушылары құрметті азамат атағын иеленді. Құрметті азамат сословиесі Ресей империясында патша 1832 ж. 10 манифесімен енгізілді. Бұл атақты иелену Басқарушы Сенат және ерекше жағдайларда императордың қаулысымен берілді. Құрметті азаматтар жеке және ата тегінен бергі деп бөлінді және әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктерге ие болды. Ата тегінен бергі құрметті азамат атағы өмірге келген бойда берілсе, ал жеке құрметті азамат атағын алу үшін белгілі бір дәрежеде қоғамға еңбек сіңіру қажет болды. XIX ғ. бойы құрметті азамат сословиесі көптеген әлеуметтік-құқықтық өзгерістерге ұшырады және Ресей заңдарымен бекітіліп отырды. Деректік мәліметтер көрсеткендей, құрметті азамат сословиесінің саны аз болды. Қазақ қоғамында қалыптасқан құрметті азаматтар сословиесі өкілдері қоғамдық өмірде белгілі бір рөл атқарды және елдің әлеуметтік-мәдени, экономикалық дамуына зор үлес қосты.

Кілтті сөздер: қоғам, әлеуметтік құрылым, сословие, билеуші, саясат, империя, қызметтік лауазым.

Отандық тарихнамада XIX ғ. қазақ қоғамының сословиелік құрылымы мәселесі - жан-жақты зерттеуді талап ететін мәселенің бірі болып табылады. Осы тарихи кезеңдегі Ресейдің империялық саясаты қазақ халқының және басқа да империя құрамында болған халықтардың тарихи даму үрдісінде өз ізін қалдырды. Қазақ қоғамындағы сословиелер, әсіресе әлеуметтік дәрежесі жоғары тұрған сословиелердің қалыптасуы мәселесі отандық және шетелдік тарихнамада да зерттеу нысаны болмады. Қоғамның саяси, әлеуметтік және мәдени дамуында өзіндік рөл атқарған сословие өкілдері зерттеуден тыс қалды. Мұның өзі қазақ халқының тарихының зерттелуін ғана емес, Ресейдің де тарихы туралы толыққанды мағлұмат алуды тежеді. Осы тұрғыдан алғанда аталмыш мәселе өте өзекті саналады.

XIX ғ. қазақ даласында жүргізілген әкімшілік-территориялық шаралар және жаңа саяси-экономикалық жағдай әлеуметтік құрылымның терең өзгерістерге ұшырауына алып келді. Қазақ қоғамында Ресей империясының ішкі губернияларындағыдай қазақтар үшін мүлде жаңа сословиелік топтар қалыптасты. Олардың қатарында дворяндар, құрметті азаматтар, көпестер, мешандар болды.

Қазақ дворяндары мен құрметті азаматтар заңды түрде әлеуметтік артықшылықтарға ие бола отырып, қоғамдағы сословиелер арасындағы қатынастардың бағытын және қоғамның эволюциялық дамуын тұтастай анықтады. Оған негізінен мынадай жағдайлар әсер етті: біріншіден, қазақ дворяндары мен құрметті азамат атағын иеленгендер қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерін шешудегі бірден-бір ықпалды әлеуметтік топ ретінде әрекет етті; екіншіден, олар XIX ғ. және XX ғ. басындағы қазақ қоғамындағы жер мен байлық көзі - малдың меншік иесі болды; үшіншіден, әскери және азаматтық басқару қызметін атқарып, шендерге ие болып, әкімшілік басқару аппаратын меңгерді; төртіншіден, қазақ дворяндары мен құрметті азамат атағын иеленгендер қоғамның ең білімді, мәдениетті тобын құрады.

Сонымен, қазақ қоғамының XIX ғ. және XX ғ. басындағы өміріндегі маңызды құбылыстары дворяндық және құрметті азамат сословиесі өкілдеріне тікелей байланысты болды. Олар отарлық империяның әкімшілік-саяси билік құрылымындағы жоғарғы дәрежелі шенеуніктер бола отырып, қалыптасқан саяси жағдайға байланысты патшаға қызмет етуге мәжбүр болды, сөйтсе де, олардың арасында өз халқының мүддесін ұмытпай, халықтың мұң-мұқтажын қанағаттандыруға атсалысқан тұлғалар да болды.

XIX ғ. қазақ қоғамының әлеуметтік-сословиелік құрылымында қалыптасқан жаңа әлеуметтік сословие – құрметті азаматтар ресми құжаттарда халық санның белгілі пайыздық көрсеткішке ие болды. Енді осы сословиенің қалыптасу тарихына олу жасайық.

1832 ж. 10 сәуірде Ресей патшасы Бірінші Николай Құрметті азамат деген атаумен жаңа сословиені енгізу туралы манифест шығарды. Бұл манифесті қабылдағанда үкімет мынадай мақсаттарды көздеді: көбейіп келе жатқан жеке дворяндардың санын қысқарту және бірінші гильдиякөпестері, университет түлектері, жеке дворяндардың балалары, ғылыми дәрежесі бар тұлғалар сияқты тұрғындар категорияларына мейлінше аз құқықтар беру (рекруттық міндеткерліктер, жан басы салықтары, дене жазаларынан босату). Осылайша XIX ғ. қала тұрғындары арасында жаңа әлеуметтік сословие - құрметті азамат сословиесі енгізілді.

1892 жылдан бастап құрметті азамат атағы қоғамдық пайдалы қызметі үшін беріле бастады [1,2026.]. Құрметті азаматтарға жекелеген және тәуелсіз артықшылықтар берілді: жан басы салығынан, рекруттік міндеткерліктерден, қылмыс жасалған жағдайда дене жазасынан босатылды. Қалалардағы сайлауға және 1,2 гильдиялық көпестерден төмен емес қалалық қызметтерге сайланды. Барлық заң актілерінде құрметті азамат атымен аталу құқығы берілді.

Құрметті азаматтар жеке және ата тегінен бергі деп бөлінді. Бұл атақты иелену Басқарушы Сенатпен ерекше жағдайларда императордың қаулысымен берілді. Ата тегінен бергі құрметті азаматтың құқықтары заңды балаларына қалдырылып отырды. Әйеліне қатысты бұл құрметті атақ былайша берілді: құрметті азаматтың атағы әйеліне берілді, ал құрметті азамат атағы бар әйел күйеуге шыққанда оның атағы тек өзінде қалды, күйеуі мен балаларына берілмеді. Жеке және ата тегінен бергі құрметті азамат атағынан айыру тек соттың шешімімен және оны Басқарушы Сенаттың бекітуімен ғана жүзеге асырылды. Құрметті азамат атағы бар тұлға колонер цехтарына, гильдиялық сословиелерге жазылса, немесе үй жұмыстарында қызмет етсе, атағынан мәңгілікке айрылды, тек дене жазасы, жан басы салығы мен рекруттік міндеткерліктерді өтеуден босатылды және қалған артықшылықтары жойылды. Егер бұл адам ата тегінен бергі құрметті азамат болса, онда оның балаларының мұрагерлік әлеуметтік артықшылықтары сақталды.

Ата тегінен бергі құрметті азамат атағын жеке және ата тегінен бергі дворяндардың заңды балалары өмірге келген бойда иеленді. Қалған сословие өкілдері бұл атақты иемдену үшін өтініш білдірді. Жеке құрметті азамат атағын Ресейдегі университеттердің кез келгенін үздік бағамен бітіргендігі туралы аттестаты бар азаматтар, Көркем сурет академиясының толық курсы бітіргендігін растайтын аттестаты немесе дипломы бар суретшілер өтініш бере алды. Шетелдік ғалымдар мен суретшілерге, кәсіпкерлерге Басқарушы Сенаттың қаулысымен бекітілген тұлғаларға бұл атақ сыйға берілді.

Ресейде жарық көрген ережелер бойынша құрметті азамат сословиесіне өтудің өзіндік ерекшеліктері болды. 1836 ж. жеке құрметті азамат атағын алуға университетті бітірген, ғылыми атағы бар тұлғалар; 1839 ж. император театрының артистері (1- санаттағы сахнада белгілі бір мерзім болған) ие болды. 1845 ж. ата тегінен бергі құрметті азамат атағына Қасиетті Владимир және Анна ордендерімен марапатталған көпестер ұсыныс бере алды.

1845 ж. манифест жарияланған соң 14-10-шы кластық азаматтық және 9-кластық әскери шендер жеке құрметті азамат атағыниемденуге мүмкіндік берді, бұрын бұл дәреже жеке дворяндыққа қол жеткізетін еді. 1849 ж. дәрігерлер, фармацевтер, мал дәрігерлері құрметті азамат сословиесіне жатты және жеке құрметті азамат құқығы - құрметті азаматтар, көпестер, мещандардың гимназия бітірген балаларына берілді. 1849 ж. жеке құрметті азаматтар әскери қызмет атқаруға құқылы болды.

1865 ж. 1-гильдия көпестері, 1866 ж. Батыс губерниялардан 15 мың сомнан кем тұрмайтын иелік сатып алған 1, 2-ші гильдия көпестері ата тегінен бергі құрметті азамат атағын алуға құқылы саналды. Мещан сословиесіне жататын село тұрғындарының ғылыми атағы бар тұлғалар ата тегінен бергі, университет бітірген дипломы бар тұлғалар жеке құрметті азамат атағын иелене алды.

1898 ж. ереже бойынша құрметті азамат атағына төмендегідей мәртебеге қол жеткізгендер құқылы болды: 1) император атынан алғыс алғандар; 2) шен иеленгендер; 3) орденмен марапатталғандар; 4) аренда тағайындалғандар; 5) император атынан сыйлық иеленгендер; 6) үкімет тарапынан бір жолғы ақшалай сыйақы тағайындалғандар; 7) ата тегінен бергі және жеке құрметті азамат атағы бар адамдар; 8) медаль иеленгендер; 9) сыйлық ретінде шекпен алғандар; 10) шендері болмаса да мемлекеттік қызметке тұру құқығы барлар [2,656.].

Құрметті азамат сословиесі құжаттармен расталды: ата тегінен бері құрметті азаматтар Басқарушы Сенаттан грамота берілсе, жеке құрметті азамат атағы куәлікпен расталды. Мұрағат деректерінде Торғай облысы әскери губернаторы жанындағы ерекше тапсырмалар жөніндегі кіші шенеунік Бекмұхамбет Қарпықовтың қызметі жөніндегі аттестатта оған 1890 ж. 25 наурызда жеке құрметті азамат атағы берілгендігі айтылады [2,11-12.].

1897 жылғы халық санағы бойынша қазақ халқының сословиелік құрамы туралы статистикалық мәліметтен құрметті азаматтар сословиесіне жатататындардың санын көруге болады.

Кесте -1- 1897 жылғы халық санағы бойынша қазақ халқының сословиелік құрамы [3].

| сословиелер облыстар | Ата тегінен бергі дворян- дар | Жеке дворян- дар | Құр- метті азамат- тар | Көпес- тер | Мещан- дар | Шаруа лар | Ка зак тар | Бұратана лар |
|-------------------------|---|------------------------|---------------------------------|---------------|---------------|--------------|------------------|-----------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Ақмола | 515 | 29 | 5 | 9 | 116 | 390 | 91 | 426219 |
| Орал | 28 | 3 | 80 | - | 51 | 329 | 163 | 459519 |
| Жетісу | 116 | 9 | 2 | 35 | 559 | 403 | 120 | 793499 |
| Сырда Рия | 9 | 25 | 1 | 1 | 130 | 167 | 16 | 951430 |
| Семей | 94 | 3 | 9 | 45 | 573 | 243 | 171 | 603166 |
| Торғай | 115 | 16 | 80 | - | 44 | 306 | 37 | 410184 |
| Бөкей Ордасы | 106 | 69 | 24 | 2 | 663 | 2770 | 75 | 211048 |
| Закаспий | | 8 | 1 | - | 9 | 29 | 2 | 73438 |
| Барлығы | 983 | | 212 | 92 | 2145 | 4037 | 695 | 3928503 |

Кестеден Торғай және Орал облысында құрметті азаматтардың басымдылығы байқалады.

Жекелеген облыстар бойынша сараласақ, XIX ғ. аяғында Торғай облысында ата тегінен бергі және құрметті азаматтар саны 133 адам болды, оның ішінде Қостанай уезінде -75, ал Ақтөбе және Ырғыз уезінде – 28, Торғай уезінде – 6 адам болды [4,20 б.]. Олай болса, ата тегінен бергі және жеке құрметті азаматтар Торғай облысының қалаларында емес уездерінде тұрды, яғни барлық тұрғындардың 72 пайызын құрады. Торғай облысындағы 133 ата тегінен бергі және жеке құрметті азаматтардың 90-ы қазақтар еді.

Бұдан шығатын қорытынды, XIX ғ. II жартысында патша әкімшілігінің әкімшілік басқару жүйесінде басты тірегі - қоғамның жергілікті бюрократтық тобы өкілдері: сұлтан-билеушілер, болыстар, ауылдық старшындар болды. Олардың арасында көпшілігі құрметті азамат атағын иеленді.

Енді осы екі облыс халқының сословиелік құрамы туралы статистикалық мәліметтен этно-сословиелік құрылым айырмашылығын байқауға болады.

Кесте - 2- Орал және Торғай облыстары бойынша сословиелік құрылымы [5-6].

| Ұлттар | Казактар | | Татарлар | | Башқұрттар | | Орыстар | |
|--------------------------------|---------------|-------------|---------------|-------------|---------------|-------------|---------------|-------------|
| | Торғай обл | Орал обл | Торғай обл | Орал обл | Торғай обл | Орал обл | Торғай обл | Орал обл |
| Сословие | | | | | | | | |
| Ата тегінен бергі дворяндар | 115 | 28 | 8 | 63 | - | - | 130 | 643 |
| Жеке дворяндар | 16 | 3 | - | - | | - | 207 | 1171 |
| Құрметті азаматтар | 90 | 80 | 7 | 3 | 1 | - | 35 | 176 |
| Көпестер | - | - | 17 | 26 | - | - | 49 | 262 |
| Мещандар | 44 | 51 | 1840 | 1001 | 84 | - | 18884 | 8863 |
| Казактар | 37 | 163 | 120 | 9460 | 3 | 772 | 682 | 106709 |
| Шаруалар | 306 | 329 | 1280 | 329 | 1468 | - | 14879 | 106709 |

Бұл кестедегі берілген мәліметтерді саралай отырып, мынадай қорытынды шығаруа болды: а) қазақтардың басым көпшілігі шаруа сословиесіне жатады; б) облыстағы татар және орыс тұрғындарын барлық әлеуметтік сословиелерден көрінеді; в) қазақтар мен башқұрттарда көпестік-сословие болмады; г) дәстүрлі Ресей қоғамына сай қоғамдық артықшылыққа ие топтар немесе сословиелер башқұрттарда қазақтар мен татарлармен салыстырғанда аз көрінеді. Әлеуметтік артықшылыққа ие сословиелер: дворяндар, құрметті азаматтар, көпестердің үлестік салмағы қазақтарда - 12,8 пайыз, татарларда - 3,6 пайыз, орыстарда - 77,1 пайыз, ал башқұрттарда болмаған. Құрметті азамат сословиесіне жататын қазақтардың сандық көрсетіші орыстармен деңгейлес болғандығын көруге болады.

Бұдан басқа екі облыстың этно-сословиялық құрылымындағы айырмашылықтар өзіне назар аудартады. Торғай облысында қоғамдық дәрежесі жоғары сословиелерде қазақтардың пайыздық көрсеткіші жоғары, яғни 38,6 құрады, ал, Орал облысында қазақтардың үлесі аз көрінді, яғни 4,2- пайызды көрсетті.

Қалаларда басқадай этно-сословиялық көрініс қалыптасты. Торғай облысының қала тұрғындары арасында артықшылыққа ие болған сословиелер қазақтар – 3,7 пайыз, татар 10,4 орыстар 79,6 пайызды құрады. Бұл мына жағдайларға байланысты болды: Біріншіден, қазақтардың қаладағы үлесі 0,2 пайыз және негізінен әкімшілік басқару құрылымына кірді.

Қазақ қоғамында қалыптасқан құрметті азаматтардың саны аз болса да, басқарушы орындарды иелене отырып, қоғам дамуында белгілі бір рөл атқарды. Торғай облысы Николаев уезінің қазағы Байқадам Орынбаев 1865 ж. мамыр айында Орынбор ведомствосына қарасты қазақ балаларын жазу-сызуға үйретуге іс сапарға жіберіледі. 1866 ж. 18 тамызда хорунжий шенін иеленіп, Михайлов қазақ мектебіне мұғалімдік қызметке тағайындалады. 1869 жылы 1 сәуірде Николаев уездік бастығының аудармашысы қызметіне ауыстырылады. 1869 жылдың 1 желтоқсанында Торғай облыстық басқармасы Байқадам Орынбаевты Тройцк қазақ мектебіне мұғалім етіп жібереді. 1872 жылы Станислав лентасындағы күміс медаль иеленеді. Осындай қоғамдағы қызметтері үшін 1877 жылы құрметті азамат атағын алады. 1779 ж. Торғай облысы әскер губернаторы жанындағы штаттан тыс ерекше тапсырмалар жөніндегі кіші шенеунік қызметіне тағайындалады. 1884 ж. 1 қазанда Николаев уездік бастығының кіші көмекшісі қызметіне ауыстырылады. 1894 жылы науқасына байланысты отставкаға кетеді [7,7-9пп.].

Көрнекті болыс басқарушыларның бірі – Сейтбатал Нұрмұхамбетов (1847 ж. дүниеге келген). Жас кезінде Орынбор облысы басқармасы жанындағы мектептен білім алады. Еңбек жолын тілмаштық қызметпен бастаған ол 1866 жылы зауряд-хорунжий шенін иеленеді. С. Нұрмұхамбетов 3-санаттағы кеңсе қызметкерінен Торғай облысы әскери губернаторы жанындағы ерекше тапсырмалар жөніндегі кіші шенеунік қызметіне дейін көтеріледі. 1890-1899 жылдар аралығында 3 рет Бөрти болысының болыс басқарушысы қызметіне сайланады. Қазақтардың басқару істеріне белсене араласады. Оның ой-қорытындылары замандастарынан ылғи оң баға алып отырды. Қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптарын жақсы білген оны 1899 жылы Орынбор округының сотында халықаралық судья қызметіне тағайындалуына мүмкіндік берді. Жасаған еңбектері үшін Станислав, Анна, Владимир лентасындағы медальдармен марапатталды және ата тегінен бергі құрметті азамат атағын иеленді.

С. Нұрмұхамбетов білімнің маңызын түсіне отырып, өзінің баласы Пангерейді Орынбордағы ерлер гимназиясына оқуға жібереді. Кейін ұлы Пангерей 1889-1903 жылдары Бөрти болысының болыс басқарушысы қызметін атқарады [8,2-п.].

XIX ғасырда Торғай облысы Ақтөбе уезінен шыққан құрметті азамат атағын иеленген тұлғалардың бірі – Байәділ Кейкин (1875-1877жж.). Оның қызметтік тарихы төмендегідей: 1844-56 жылдары дистанция бастығы, 1858-68 жылдары Орынбор қазақтары облысы орта алқаптың сұлтанбилеушісінің көмекшісі, 1875-1877 жж. Бөрти болысының басқарушысы, 1880 жылы Торғай облысы әскери губернаторы жанындағы ерекше тапсырмалар жөніндегі кіші шенеунік қызметтерін атқарады. Көп жылғы еңбектері ескеріліп, зауряд-жүзбасы шенін алады, мәуіті шекпен, күміс ожау сыйлықтарын иеленіп, Анна, Владимир ленталы күміс медаль, Александр ленталы алтын медальмен марапатталады.

Осы сынды көптеген құрметті азамат атағын иеленген қазақтар ел басқару істеріне белсене араласты. Атқарған қызметтері үшін сый-марапаттарға ие болды, халықтың құрметіне бөленді. Мұрағат деректерінде құрметті қазақтардың қоғамда атқарған қызметі үшін үкімет тарапынан төмендегідей мәртебеге қол жеткізгендігі байқалады: арнайы алғыстар, сыйлықтар, медальдар ордендер, мәуіті немесе барқыт шекпендер, біржолғы ақшалай сыйақы т.б. Құрметті азамат атағын алу куәлік немесе грамотамен расталып, бекітілді.

Құрметті азамат атағын иеленген қазақтар қоғамның элиталы топ ретінде білімнің маңызын түсіне білді. Халыққа білім беру ісіне араласып, өз қаражаттарымен Ресейдің қалаларында білім алып жатқан қазақ балаларына стипендиялық қор құрады. Деректерде көрсетілгендей, Ақтөбе уезінің құрметті қазақтары Орынбор гимназиясының пансионна 2423 сом 66 тиын көлемінде ақшалай қаражат көмек береді [9,1376.]. Кейін бұл қаражат мемлекеттік Кеңестің шешімімен Ақтөбедегі 2 кластық мектептің құрылысына жұмсалды. Құрметті азаматтар бұдан да басқа оқу орындарына стипендиялық қор жинауды белсенді қолдап отырды.

Құрметті қазақтар қоғам өміріне белсене араласа отырып, ағарушылық-қайырымдылық қорларының негігі ұйытқысы болды. 1903 ж. Торғай облысында Торғай ауыл шаруашылық қоғамы құрылады. Қоғамды құруда С.Нұрмұханбетов, А. Қосуақов, Д.Беркімбаев, С.Кейкин, Қ. Бірімжанов т.б көптеген қазақтың атқамінер өкілдері белсене атсалысты. Қоғамның негізгі мақсаты - мал шаруашылығын дамыту, ірі қараның тұқымын жақсарту болды [10,120 б.].

Осылайша, құрметті азамат атағын иелегендердің саны деректерден байқалғандай жалпы халықтың аз пайыздық үлесін құрап отырды. Соған қарамастан құрметті азамат атағын иеленген тұлғалар ұлттық интеллигенция өкілдерін құрай отырып, қоғамның басты дамытушы күші болды. Олар саяси, әлеуметтік, экономикалық өмірде белсенді әрекет етті. Саяси жағынан күрделі кезеңдерді бастарынан өткере отырып, қазақ халқының, руларының бірлігін сақтай алды, қоғамның әлеуметтік және рухани-мәдени дамуына белсенді үлес қосты, ағартушылықтың, ғылымның дамуында белсенділік танытты.

1 Свод законов Российской империи. - СПб, 1892.Т. 39. - С.232.

2 Свод законов Российской империи. Т. IX. - СПб, 1899.- 419 с.

3 ҚРОММ 25-қ. 2-т. 391-іс.11-12-пп.

4 Игибаев С.К. Игибаева А.К. Казахи в составе России в конце XIX века: их численность, размещение, состав, занятия и образовательный уровень// Вестник КазГУ им Аль-Фараби. Алматы,2009.№4.-С-72-84.

5 Адресс календарь Тургайской области за 1917 год. - Оренбург, 1917.-343 с.

6 Первая Всеобщая перепись Российской империи, 1897 г. Т. 37. Тургайская область, под. ред. Н.Тройницкого. - СПб, 1904.- 88 с.

7 Первая Всеобщая перепись Российской империи, 1897 г. Т. 38. Уральская область, под. ред. Н.Тройницкого. - СПб,1904.- 92 с.

8 ҚРОММ 25-қ. 2-т. 853-іс. 7-9-п

9 ҚРОММ 25-қ. 5-т. 134-іс. 2-п.

10 Васильев А.В. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное ее состояние. - Оренбург, 1896.-226 с.

11 Султаналиева Г.С. История Актюбинского уезда (1869-1917).- Ақтобе, 2005.-259 с.

Резюме

Новая сословная структура казахского общества: почетные граждане и их общественное деятельность (XIX в.)

Еспенбетова А.М. – Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова Республики Казахстан. г.Ақтобе.e-mail: aikami@mail.ru

Данная статья посвящена проблеме формирования новой сословной структуры казахского общества.

Внедрение в административно-территориальную систему Российской империи изменило традиционную структуру казахского общества и сформировались новые сословия. Одним из новых сословий казахского кочевого общества стали почетные граждане. Многие казахские правители – султаны - правители, волостные начальники, аульные начальники, старшины приобрели звание почетные граждане. Сословие почетных граждан установлено в Российской империи манифестом от 10 апреля 1832 года. Звание почетный гражданин присваивалось только именным указом императора и Правительствующим Сенатом. Почетное гражданство делилось на потомственное и личное и имело социально- правовые особенности. Потомственное гражданство получали "по праву рождения", а личное надо было заслужить. Звание почетных граждан подтверждалось грамотой и удостоверением. В течение XIX века сословие почетное гражданство претерпело множество изменений в правовых особенностях и это закрепилось законами российской империи. Источники показывают, что численность почетных граждан была малочисленна. Сословие почетные граждане, сформированное в казахском обществе, имело определенную роль в общественной жизни и занимало особое место в социально-культурным и экономическом развитии казахского общества.

Ключевые слова: общества, социальная структура, сословие, правители, политика, империя, должность.

Summary

New social class structure of the kazakh society: honorary citizens and public activity (xix c.)

Yespenbetova Ainagul – Aktobe Regional State University after K.Zhubanova

Republic of Kazakhstan. Aktobe. e-mail: aikami@mail.ru

This article is devoted to the formation of a new social class structure of Kazakh society.

The introduction of the administrative-territorial system of the Russian Empire changed the traditional structure of the Kazakh society and the new class formed. One of the new classes of the Kazakh nomadic societies have become honorary citizens. Many Kazakh rulers - the sultans - governors, county chiefs, aul chiefs, elders have acquired the title of honorary citizens. The estate of honorable citizens of the Russian empire established in the manifesto of April 10, 1832. The title of honorary citizen granted only nominal decree of the Emperor and the Government of the Senate. Honorary citizenship was divided into hereditary and private and had a social and legal features. Hereditary citizenship received a "birthright," and private had to be earned. The title of honorary citizens was confirmed by a diploma and a certificate. During the nineteenth century the estate of honorary citizenship has undergone many changes in the legal features and it was fixed by the laws of the Russian Empire. Sources indicate that the number of honorary citizens was small. Class of honorable citizens, formed in the Kazakh society had a role in public life and occupy a special place in the socio-cultural and economic development of Kazakh society.

Keyword: society, social structure, class, ruler, politics, empire position;

УДК 94 (574)(091)

РОЛЬ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА В МЕЖНАЦИОНАЛЬНОМ СОГЛАСИИ

Карибжанова Е.А. – к.и.н.,

доцент кафедры Истории Казахстана им. академика Т.С. Садыкова КазНПУ им Абая

Данная статья посвящена роли Ассамблеи народа Казахстана в межнациональном согласии. В Казахстане накоплен уникальный опыт совместного проживания и деятельности более 140 этносов. Опыт Республики Казахстан свидетельствует, что народы с различной национальной психологией, культурой, ментальностью, вполне могут уживаться друг с другом и устанавливать конструктивные связи, перерастающие в отношения дружбы и духовной близости. Создание национально-культурных центров послужило основным инструментом консолидации многонационального общества современного Казахстана.

Ассамблея народа Казахстана стала надежным фактором мира и стабильности, уникальной моделью межэтнического согласия и толерантности. Она подтвердила историческую необходимость и на деле доказала свою жизнеспособность. Опыт ее работы становится привлекательным и полезным не только для государств постсоветского пространства, но и для мирового сообщества.

Ключевые слова: межэтническое согласие, этнос, равенство наций, стабильность, толерантность национально-культурные центры, мир.

Мы живём в очень трудное, беспокойное время, когда противостояние, конфликты, терроризм и межнациональные войны захлестнули человечество.

По данным Стокгольмского международного института по исследованиям проблем мира только в 2015 году 48 регионов земного шара были охвачены войнами и конфликтами, носившими межэтнический, межнациональный характер, оказывающими дестабилизирующее влияние на всё мировое сообщество[1].

Сегодня, как никогда, весь цивилизованный мир поставлен перед необходимостью найти наиболее эффективные методы и пути решения данных проблем, которые были бы способны искоренить причины, вызывающие подобные явления. И, Казахстан, несмотря на то, что ещё сам является молодым государством, тем не менее, может поделиться положительным опытом, решения подобных проблем.

На исторической земле казахов накоплен богатый и уникальный опыт мирного сосуществования народов, цивилизаций, культур и различных вероисповеданий. Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев по этому поводу сказал: «Для нас принцип толерантности в межнациональных отношениях является не только нормой, политической культурой, но и ключевым принципом государственности, который мы самым решительным образом поддерживаем и укрепляем» [2].

Процесс обретения казахстанской независимости интересен и актуален, он носит эволюционный характер, поучителен, как для государств СНГ, так и для мирового сообщества. Его феномен заключается в том, что он был осуществлён политическими средствами, без насилия и кровопролития, опираясь на широкую поддержку населения, минуя межнациональные конфликты. Во все

времена самым ценным были и остаются добрые отношения между людьми, отношения, основанные на дружбе, уважении друг к другу, на взаимопонимании. Поэтому мир в государстве возможен только при согласии между людьми самых разных национальностей, при условии сохранения общих ценностей для всех его граждан.

Сегодня Республика Казахстан – независимое суверенное государство, развивающееся по пути демократизации и прогресса. Вопросы национального согласия в казахстанском обществе являются наиболее важным, влияющим на общественно-политическую, экономическую и культурную сферы жизни республики. Казахстан – полиэтничное государство, где проживают представители более ста сорока национальностей, семнадцати конфессий, что, безусловно, отразилось на развитии его истории и культуре, тем не менее, в республике накоплен уникальный опыт совместного проживания и деятельности различных этносов. Опыт Казахстана свидетельствует, что народы с различной национальной психологией, культурой, ментальностью, вполне могут уживаться друг с другом и устанавливать конструктивные связи, перерастающие в отношения дружбы и духовной близости [3, с.5]. Нельзя недооценивать роль межнационального согласия в сохранении мира и стабильности в обществе. Реальный суверенитет невозможен без гражданской позиции, соблюдения конституционных норм, демократических принципов, уважения и соблюдения прав всех наций и народностей, проживающих в государстве.

За годы независимости в стране были созданы основы рыночной экономики и новые демократические государственные институты, где свою лепту внесли все нации и народности многонационального Казахстана.

«Национальные отношения – это наиболее деликатная и тонкая сфера, где необходим взвешенный и осторожный подход, ответственность за который в равной степени несут и государственные органы, и институты гражданского общества», – подчеркнул глава государства Республики Казахстан [4].

В современных условиях важно не растерять накопленный опыт, а развить его и преумножить. Недаром Президент РК с высокой трибуны Форума народов Казахстана сказал: «Нам необходимо постоянно «сверять часы» с общим ходом мирового развития, учитывать особенности нашего многонационального общества при решении практических задач, стоящих перед государством. Обществу нужны постоянная переоценка и осмысление опыта развития межнационального согласия как определяющего фактора нашего движения вперед» [5].

На наш взгляд, основная роль в обеспечении национального согласия и единства в стране принадлежит государственной власти и политике, проводимой Президентом Республики Казахстан. Межэтнические отношения в полиэтничном государстве, каким является Республика Казахстан, представляют собой весомый фактор стабильного и демократического развития страны. Они позитивно выступают необходимым компонентом общественного согласия, объективной предпосылкой территориальной целостности страны, базовой основой внешнеполитической деятельности государства.

Можно с уверенностью сказать, что в Казахстане сформирована собственная позитивная модель межнационального согласия, где одно из главных мест занимает Ассамблея народа Казахстана, идея которой была высказана Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым на I Форуме народов Казахстана в 1992 году. Ассамблея народа Казахстана была создана Указом Президента Республики Казахстан 1 марта 1995г. [6].

Законом об Ассамблеи народа Казахстана № 70-IV- 20 октября 2008 года были определены основные принципы деятельности Ассамблеи:

- приоритет прав и свобод человека и гражданина;
- приоритет интересов народа и государства;
- равенство прав и свобод человека и гражданина независимо от его расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений или по любым иным обстоятельствам;
- равноправие и персональная ответственность членов Ассамблеи за деятельность в ее составе;
- гласность [7].

В деятельности Ассамблеи большое развитие получила такая форма поддержания национальной самобытности как национально-культурные центры, которые оказывают существенное влияние на складывание и утверждение основ межнационального согласия в казахстанском обществе и служат возрождению культуры и традиций всех народов Казахстана.

В 2015 году Ассамблея народа Казахстана отметила свой 20-летний юбилей – юбилей межэтнического согласия и толерантности.

Сегодня по праву можно сказать, что Ассамблея народа Казахстана – это уникальный социально-общественный институт, который призван принципиально по-новому, регулировать межэтнические отношения. Новизна такого подхода заключается в целях осуществления сбалансированной национальной политики за счет гармоничного синтеза политики государства и общественных организаций в деле укрепления межэтнического согласия.

Это своего рода Public Private Partnership (общественно-государственное партнерство), нацеленные на решение разнообразных насущных проблем современности. Такой тип корпоративности государства и гражданского общества, возникший в Казахстане в сфере межэтнических отношений, является уникальным в мировой практике.

Недаром мировое сообщество и руководство ООН высоко оценило деятельность Ассамблеи народа Казахстана. Так, например, выступая на одной из встреч с членами Ассамблеи народов Казахстана, Кофи Аннан сказал: «Благодаря Вашей работе разнообразные этнические, религиозные группы, составляющие великую нацию, могут участвовать в процессе принятия важных решений, влияющих на их жизнь». По выражению этого знаменитого политика «залогом экономической стабильности и развития любой страны является сбалансированная политика в сфере межэтнических и межконфессиональных отношений».

Именно это помогло Казахстану преодолеть экономические трудности и вызовы нового века. Как убежденный борец с любыми формами расовой дискриминации, Кофи Аннан считает, что пример нашей республики, может научить народы других стран тому, что «национальное многообразие нужно рассматривать не как недостаток, а как благословение свыше» [8].

Казахстан получил признание на самом высоком международном уровне. Модель межэтнического согласия в лице Ассамблеи народа Казахстана рекомендована другим государствам как воплощенная на практике формула гражданского мира в многонациональном обществе.

Социальное поле деятельности Ассамблеи народа Казахстана определено как всемирное содействие укреплению межэтнического согласия, гражданского мира и единства, реализации интересов этнических меньшинств, образующих вместе с казахами народ Казахстана, согласованию их с интересами казахов – этнического большинства населения Казахстана, предупреждение конфликтных ситуаций, препятствование проявлению конфронтационности и экстремизма в межэтнических отношениях.

В этих целях Ассамблея народов Казахстана:

- содействует на основе соответствующих демократических процедур и международных стандартов осуществлению права этнических меньшинств на участие в общественной и государственной жизни, особенно в решении вопросов, касающихся защиты их интересов во всех сферах их жизнедеятельности;
- способствует формированию в общественном сознании понимания общности исторических судеб и долговременных интересов этносов, образующих народ Казахстана;
- обеспечивает организацию и контроль выполнения решений, принятых на сессиях Ассамблеи;
- координирует деятельность государственных органов в рамках совместных межведомственных и межрегиональных планов работы по развитию и укреплению межэтнических отношений, согласия и стабильности;
- участвует в разработке концептуальных основ государственной политики, в сфере межэтнических отношений;
- реализаций концепций и программных документов ассамблеи, программ возрождения и сохранения языков, культуры, исторических традиций и обычаев народов Казахстана;
- взаимодействует с государственными органами, аналогичными международными структурами стран СНГ;
- организует деятельность совещательных органов и структур, созданных при Ассамблее;
- создает различные организации просветительского, культурного, религиозного и правозащитного характера в целях сохранения и развития этнической и, языковой, религиозной самобытности этнических меньшинств;
- изучает состояние дел и вносит в органы местного самоуправления предложения по решению этнических проблем;
- практически осуществляет меры по возрождению языков и культур народов Казахстана [7].

Таким образом, в Казахстане проводится рациональная межнациональная политика, при которой достигается взаимоуважение и взаимопонимание различных национальностей, составляю-

щих единую социально-политическую и гражданскую общность – Народ Казахстана. Республика Казахстан в соответствии с международными стандартами о правах человека и политическими в полной мере обеспечивает права и законные интересы этнических меньшинств.

Ассамблея народа Казахстана тесно взаимодействует с малыми ассамблеями, которые созданы во всех областных центрах, городах Астане и Алматы.

Ассамблея народа Казахстана и Малые Ассамблеи составляют мощную основу для дальнейшего стабильного и эффективного функционирования политической системы, участия в разработке и проведении в жизнь политических программ и стратегии важных решений в сфере международно-национальных отношений. Сегодня в республике действуют более 350 республиканских и местных национально-культурных центров. Они объединяют сотни тысяч людей, заинтересованных в сохранении и развитии языка и культуры и традиций своего этноса. Поддерживая идеи главы государства, она занимается информационно-пропагандистской работой, помогая осуществлять такие долгосрочные цели, как вхождение страны в тридцатку развитых стран мира, реализация новой экономической политики «Нурлы жол», патриотическая идея направленная в будущее – «Мәңгілік Ел». История свидетельствует, что процветание любого народа возможно только в условиях межнационального согласия. Одним из неперемennых условий единства является национальное сознание, воспитывающее в гражданах любого общества чувства солидарности, жертвенности во имя общих гуманных идей. Национальное самосознание – это ступень к обществу Демократии и Справедливости. Какими бы ни были трудными условия жизни на пути построения такого цивилизованного общества, всегда есть объединяющие – народ, тенденции и идеи. Законодательно возможности возрождения государства на основе сотворчества и содружества всех наций и народностей закреплены в Конституции Республики Казахстан. Несомненно, политическая стабильность, мир и согласие в республике влияют на мировое признание, на успешное реформирование общества, развития экономики.

Казахстан превратился в центр глобального межконфессионального диалога.

Сегодня нельзя упустить шанс для сохранения мира и согласия.

– «Межконфессиональное, межнациональное согласие является краеугольным камнем всеобъемлющей безопасности не только Казахстана, но и других стран», – подчеркнул Н.Назарбаев в послании народу: «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее».

– Мы восстановили историческую справедливость по отношению к казахскому народу, нашей культуре и языку.

Несмотря на этническое, культурное и религиозное многообразие, мы сохранили в стране мир и политическую стабильность.

Казахстан стал родным домом для представителей 140 этносов и 17 конфессий.

Гражданский мир и межнациональное согласие – наша главная ценность. Мир и согласие, диалог культур и религий в нашей многонациональной стране справедливо признаны мировым эталоном.

Ассамблея народа Казахстана стала уникальной евразийской моделью диалога культур [9].

Подводя итог сказанному можно прийти к следующим выводам: благодаря целенаправленной, грамотной, взвешенной национальной политике, проводимой руководством страны и поддержанной народом, Республика Казахстан демонстрирует всему миру эффективную политику в сфере межэтнических отношений, где большая роль отводится Ассамблеи народа Казахстана. За период развития суверенного Казахстана, ориентированного на строительство демократического правового государства с рыночной экономикой, не было ни одного случая межэтнических конфликтов, кровавых столкновений и войн. Все этносы, проживающие в Казахстане на основе действующей Конституции, имеют равные права на равный доступ к сферам образования и труда, на возрождение и развитие родного языка и культуры, традиций, на приобретение жилья и защиту своей собственности. Эти фундаментальные положения по защите прав человека и гражданина, записанные в Конституции Республики Казахстан, будут и дальше развиваться, воплощаться в жизнь, реализуясь в реальных социальных показателях каждого казахстанского этноса.

Ассамблея народа Казахстана стала надежным фактором мира и стабильности, уникальной моделью межэтнического согласия и толерантности. Она подтвердила историческую необходимость и на деле доказала свою жизнеспособность. Опыт ее работы становится привлекательным и полезным не только для государств постсоветского пространства, но и для мирового сообщества.

- 1 *Kazakhstan Today*. 2015. 12 июня.
- 2 Назарбаев Н.А. *Казахстанская модель межнационального согласия*. || *Казахстанская правда* – 2003. 23 декабря.
- 3 Мажитов С.Ф. *Взаимодействие и взаимовлияние национальных культур: теория и проблемы преемственности*. В кн. *Вопросы культуры и искусства Казахстана на пороге XXI века*. – Алматы, 1999.
- 4 *Стратегия Ассамблеи народа Казахстана* || *Казахстанская правда* – 2008. 21 октября.
- 5 Назарбаев Н.А. *Мир и стабильность в общем доме* || *Казахстанская правда* – 2006. 20 декабря.
- 6 *Казахстанская правда* – 1995. 1 марта.
- 7 URL: <http://www.akorda.kz>
- 8 *Стратегия Ассамблеи народов Казахстана* || *Казахстанская правда* – 2002. 26 апреля.
- 9 «*Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее*». || *Казахстанская правда* – 2012. 15 декабря.

Түйіндеме

Қазақстан Халық Ассамблеясының халықаралық келісімдегі рөлі

Е.А. Карибжанова – ҚазҰПУ т.ғ.д., доцент lilar-kz@mail.ru

Бұл мақала Қазақстан халық Ассамблеясының халықаралық келісімдегі рөлі жайында. Қазақстан өз ішінде 140-дан астам этникалық топтардың бірге тұратын тәжірбиесі мен қызметін жинақтаған. Қазақстан Республикасының көп жылдық тәжірбиесі әр ұлттың психологиясы, мәдениеті бар халықтар бір-бірімен сындарлы қарым-қатынас жасап, бір аспан астында тұрып, бір-бірімен достық және рухани қатынаста болатынына куәгер. Ұлттық-мәдени орталықтар- заманауи Қазақстанның әртүрлі этникалық топтардың басты құралына айналды.

Қазақстан халық Ассамблеясы сенімді ұлтаралық келісімнің бірегей модельінің бейбітшілік пен тұрақтылық факторына айналды. Ол тарихи қажеттілігін растады және іс жүзінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Оның жұмыс тәжірбиесі посткеңестік мемлекеттер үшін, сондай-ақ халықаралық қоғамдастық, әлемдік қауым үшін де аса тартымды, әрі пайдалы.

Түйінді сөздер: ұлтаралық келісім, этнос, ұлт теңсіздігі, тұрақтылық, құрмет, ұлттық- мәдени орталықтар, әлем.

Summary

Role of the Assembly of People of Kazakhstan in interethnic concord

Karibzhanova E.A. – Associate Professor of the history of Kazakhstan the Kazakhstan's university named by Abay lilar-kz@mail.ru

This article focuses on the role of the Assembly of People of Kazakhstan in creating interethnic concord. Kazakhstan built a unique case of 130 ethnic groups living and working together. This experience demonstrates nations with different national psychology, culture, mentality are able to get along with each other and establish constructive relations, grow into friendship and spiritual affinity. Creation of national cultural centres was the main instrument for the consolidation of multi-ethnic society of modern Kazakhstan.

Assembly of People of Kazakhstan has become a reliable factor of peace and stability, a unique model of inter-ethnic harmony and tolerance. It confirmed the historical necessity and in fact proved its viability. Its experience becomes useful and important not only for the post-Soviet countries but also for the world community.

Keywords: inter-ethnic harmony, ethnicity, equality of nations, stability, tolerance, national and cultural centres, peace.

ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТАН ШЫҒУ МӘСЕЛЕСІНЕ

К.Н. Макашева – т.ғ.д.профессор

С.А. Сияқұлова – халықаралық қатынастар магистрі. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, m.klara@mail.ru, saida_93.93@mail.ru

Мақалада Ұлыбританияның Еуропалық Одақтағы орны мен рөлі, мүшелігі және бірлестіктен шығу-шықпау мәселесі қарастырылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты мүшесі, көп жағдайда әлемдік саяси және экономикалық дамудың сұлбасын белгілейтін Үлкен сегіздіктің мүшесі, демократиялық құндылықтар елі және әлемнің бесінші экономикасы – Ұлыбритания бүгінде Германия және Франциямен қатар Еуропалық Одақтың ең басты бөлшектерінің бірі. Мәңгілік Тұманды Альбион елінің Еуропалық Одақта әрқашан орны ерекше. Біріншіден, Ұлыбритания ЕО-ғы көлемі жағынан екінші үлкен мемлекет, екіншіден, әлемдік саяси үрдістің белсенді мүшесі және де Біріккен Ұлттар Ұйымының вето құқығына ие тұрақты мүшесі.

Еуропалық Экономикалық Қауымдастық 1957 жылы құрылды. Британ Достастығы елдері мен АҚШ-мен сауда қатынасы үлкен экономикалық пайда әкеледі деген себеппен Ұлыбритания Қауымдастыққа кіруден бас тартты. Десек те, 1973 жылы Қауымдастықтың сәтті дамуы көрінісінде Ұлыбритания бірлестікке мүше болып кірді. Ұлыбритания ЕО шеңберінде саяси және экономикалық мәселелерде барынша тәуелсіздікті сақтауға тырысады. Ағылшындар ЕО-тың ең ірі жобалары – еуро аймақ және ортақ шекараларда визалық бақылауды қарастырмайтын Шенген келісіміне қосылмады. Сондай-ақ, Ұлыбритания ЕО елдерінің келісілген салықтық және бюджеттік саясат жүргізуді қарастыратын Бюджеттік пактіге де қол қоймады. Ұлыбританияның ЕО құятын жарнасы ең үлкендерінің бірі, қазірде ол жылына 11 млрд. еуроны құрайды. Ұлыбритания мен оның серіктестері арасында көші-кон дағдарысы, мигранттарды орналастыру мәселелері бойынша бірнеше рет келіспеушіліктер орын алды. Экономикалық дағдарыс жағдайында Ұлыбританияда оның ұйымдағы мүшелігі туралы наразылықтар күшейді.

Түйінді сөздер: Ұлыбритания, еуро аймағы, Шенген келісімі, консерваторлар, референдум, саммит, мигранттар, иммигранттар, сауда, тәуелсіздік, салық саясаты, миграциялық дағдарыс, мүшелік жарна.

Қырғи қабақ соғысының аяқталуымен басталған қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінің маңызды ойыншысы, Кәрі Еуропа құрлығында орналасқан Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты мүшесі, көп жағдайда әлемдік саяси және экономикалық дамудың сұлбасын белгілейтін Үлкен сегіздіктің мүшесі, демократиялық құндылықтар елі және әлемнің бесінші экономикасы – Ұлыбритания бүгінде Германия және Франциямен қатар Еуропалық Одақтың (ЕО) ең басты бөлшектерінің бірі [1]. Лондонның аймақтық бірлестікке бағытталған құрамына 28 Еуропа елдері кіретін Одаққа мүшелігі 1973 жылдан басталады. 1957 жылы Еуропалық Экономикалық Қауымдастыққа (ЕО-тың негізін қалаушы ізашары) кіруден бас тартқанымен, кейіннен 1973 жылы құрылымның сәтті дамуының көрінісінде қауымдастыққа мүше болды. Десек те, о бастан-ақ ағылшындық тарап экономикалық және саяси мәселелерде барынша тәуелсіздікті сақтауға талпынды. Осылайша, Англия ЕО-тың ең ірі интеграциялық жобалары - еуро аймағы (1999) мен ортақ шекараларда визалық бақылауды жоюды қарастыратын Шенген келісіміне (1995 жылы күшіне енді) қосылмады. Сонымен қатар, Ұлыбритания 2013 жылы күшіне енген ЕО елдерінің бірлескен салықтық және бюджеттік саясатын қарастыратын Бюджеттік пактіге де қол қоймады. Бірлестіктің негізін қалаушылардың қатарынан болмаса да, Англия осы мерзім ішінде ұйымдағы өзіндік саяси және экономикалық мінезі қалыптасқан, аса беделді мүшесіне айналғаны хақ.

Мәңгілік Тұманды Альбион елінің Еуропалық Одақта әрқашан ерекше орны болды. Мұны бірнеше факторлармен сипаттауға болады. Біріншіден, Ұлыбритания ЕО-ғы көлемі жағынан екінші үлкен мемлекет, екіншіден, әлемдік саяси үрдістің белсенді мүшесі және де Біріккен Ұлттар Ұйымының вето құқығына ие тұрақты мүшесі. Сол себепті құрлықтық Еуропа Лондонмен ынтымақтастық қысқарса, айтарлықтай шығынға тап болуы әбден ықтимал.

Соңғы жылдары барлық бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен талқыланып жүрген Ұлыбританияның Еуропалық Одақ құрамынан шығу-шықпау мәселесі ағылшын халқын ғана емес, сонымен қатар бүкіл халықаралық қауымдастықты алаңдатқан сұрақ болды. Бұл мәселенің төркіні 2013 жылы Дэвид Кэмеронның елдегі қалыптасқан «еуроскептикалық» көзқарасқа қатысты берген жауабынан шықты. Премьер-министрдің егер 2015 жылы парламенттік сайлауда консерваторлар, яғни өзінің партиясы жеңіске жетсе, онда елдің ЕО құрамындағы мүшелігі туралы жалпы референдум өткізу туралы уәдесі бар еді. Айтқан сөзінде тұрып, Ұлыбританияның үкімет басшысы Брюссельде елінің

мүшелігі туралы мәселені күн тәртібіне шығарды. 2015 жылдың 17-18 желтоқсанында болған ЕО-тың екі күндік саммитінде Лондонның мәселесі мен Еуропалық Одақты реформалау туралы Дэвид Кэмерон қойған басты төрт талап талқыланды. Өзінің елін жаңа реформаланған, күшейген Еуропалық Одақта көргісі келетінін айтқан премьердің тізіміндегі төрт маңызды шарт басқа мүшелердің, әсіресе Шығыс Еуропалықтардың көңілінен шықпаса керек. Бұл талаптар, біріншіден, ЕО басқа елдерінен келген мигранттарға төрт жылға дейін әлеуметтік игіліктерді пайдалануға және олардың өз елдерінде қалып қойған балаларына бөлінетін төлемақыға да шектеу қою; екіншіден, еуропалық келісімдерде көрсетілгендей әрі қарай интеграциялану формуласы Англияға қатысы болмауы керек; үшіншіден қаржылық жүйені қорғау мақсатында еуро аймаққа кірмейтін елдер еуроны сақтау операцияларына қатыспауы тиіс; төртіншіден, ұлттық парламент шешім қабылдаудағы құқығы жоғары болуы тиіс, яғни ұлттық парламент ЕО-тың заңды жобаларын қабылдамау мүмкіндігіне ие болуы керек деген сұрақтарды қамтиды. Біріккен Корольдіктің бірінші талабынан басқа қалған үшеуімен келісу мүмкін болса, әлеуметтік жәрдемақыларды қысқартумен келісу қиынға соғады. «Еуропалық Одақтың өмір сүруінің негізгі және басты құндылығы болып табылатын «ЕО барлық азаматтарына теңдей құқық» қағидасы өзгертуге келмейді», - дейді Литва президенті Даля Грибайкайте [2]. Шығыс Еуропа елдері бұл талапты қабылдағысы жоқ, себебі мемлекет басшылары өз азаматтарының дискриминацияға ұшырауына жол бергісі келмейді.

Саммит аяқталғаннан кейін 2016 жылдың 20 ақпанында Біріккен Корольдіктің премьер-министрі Дэвид Кэмерон Лондондағы өзінің Даунинг-стрит ресми резиденциясының алдында жасаған ресми мәлімдемесінде Еуропалық Одақ пен Ұлыбританияның болашағын анықтайтын референдум 2016 жылдың 23 маусымында өтетін жария етті. Алайда, саясаткер елінің құрылымнан шыққанын қаламайтынын өзінің: «ЕО-тан шығу біздің экономикалық және ұлттық қауіпсіздігімізге қауіп төндіреді», - деген сөзімен білдірді [3]. Бұл мәселе жөнінде Корольдіктің тұрғындарының пікірлері екіге бөлінді. 19 ақпан күні TNS халықаралық тобы жүргізген сауалнаманың нәтижесін қорытындыласақ, Біріккен Корольдіктің ЕО-тың бөлігі болуды тоқтатысын деген пікірді 36 % қатысушылар қолдап, 34%-ы мемлекетаралық бірлікте қалуды жақтады. Сауалнамаға қатысқандардың 7%-ы референдумға қатыспайтындары туралы айтса, қалған 23% жауап беруге киналды [4].

Those educational movies which reflect reality in development and movement are most effective; allow carrying out the analysis and synthesis of the phenomenon and preparing students for perception not only evident, specific, but also abstract, abstract. In this plan the so-called problem movies sets a problem situation during classes and they are of special interest for the teacher to involve students in scientific discussion. Use of movies promotes the development of analytical skills and critical thinking, ability to reason for the point of view. The movies included in process of an explanation of material serve as illustration, focus attention on the most problematic issues of a subject, fill with specific content abstract concepts. Researches show that the educational material presented in the form of the movie is acquired much better, than the same material retold by the teacher. It is mainly due to the presentation and a grind of a material based on value of the esthetic party of the educational movie amplifies: dramatic art, color and composite creation of a shot, all elements of cinema, which help to awaken in the viewer the imagination and harmonious perception.

The major learning tool in educational process is considered also use of the photo. It found the broadest development and application in the most various areas of human activities. The documentary photograph fixes only one moment of dischargeable object, quite often revealing the smallest details of the occurring event and therefore can be some extent equated to one shot. The distinctive feature of the documentary photograph - its capability to imprint a moment of reality in the static, spatially coded form. Proceeding from this starting point, characterizing especially technical feature of documentary photographs as one of means of imprinting of reality by means of photo equipment, the researcher V. M. Magidov allocates the following specific lines of the documentary photograph:

- Ability instantly to imprint some facts of reality on film or other data carrier (that is very important, considering passing nature of the phenomena). The separate photo shot in this case acts as a technical reproduction of reality;

- To catch a right "moment" in a certain measure limits possibilities of knowledge of that remained outside a photo shot;

- Availability of quite certain borders of a photo shot, which main components are in limits represented in the documentary photograph. This feature is considered in the analysis of contents of the documentary photograph;

- Photogenic, characteristic for documentary photographs, allows imprinting one moment of an event, the phenomenon or the fact with a rhythm, movement inherent in them that makes impression grabbed on the fly;

- Opportunity by means of information concluded in the documentary photograph not only figuratively to provide an event, but also to comprehend it taking into account an originality of transfer of movement to photos, its composite, existential integrity, use of various acceptances of shooting;

- Availability of a variety of information in the documentary photograph creates possibility of the integrated idea of reality, and this process is performed in the most active form for perception;

- The wide availability of the producing and use of photographic documents for various purposes ;

- The ability to use a variety of technical means to facilitate distortion of the content and images bringing to wrong result like a falsification of facts and events recorded in the documentary photographs (retouching, photomontage , staging , etc .) ;

- The relationship of aesthetic and documentary photographs and informational values [8, p.107].

Thus, the type of photographs belong to pictorial sources that can accurately record the time actually occurring process or event. Photo document usually catches the minor details of the event or fact , fixes the important details of the past event while sending visual side of historical fact.

On the developed classification of visual production allocate the following kinds of documentary photographs: documentary photographs of political nature; the documentary photographs characterizing

various spheres of economy, culture and science; photo sketches; series of pictures on one subject including various quantity of pictures; portraits (official, reporting); kinds of the art photo (landscapes, photo etudes).

The analysis of the determining factors of an origin, content and its composite and expressive party is of great importance for the correct and deep source study assessment of documentary photographs, as well as for other types of sources. The nature of activities of organization (edition) according to which requests photo production is created plays an important role for an assessment of documentary photographs. The appeal to written documentation of the editorial office will allow estimating more authentically value of documentary photographs as the provisional estimate to them is given by edition customer which proceeds from:

- Relevance of the picture provided by the author;
- Ideological and political content of photo document as information source;
- The facts of surrounding reality are how objectively reflected in documentary photographs of an event;
- Estimates of art advantages, i.e. author's handwriting, his creative "vision" of an event, and also outlook of the press photographer taking into account that pictures of the most talented authors can be exhibited at various photo exhibitions;
- Quality evaluations of execution of a picture, its photographic advantages based on how successfully the idea of a picture is expressed in a graphic form and as far as it is available to emotional perception [9] (Popondopulo G. 1982, p.196).

Along with determination of value and importance of the event fixed in the documentary photograph or the fact, the attention is paid to identification of degree of novelty of the events reflected in photographing, their originality. Due to the above, in the source study analysis the special importance is given to an author's aspect.

Thus, documentary photographs, first, figuratively reflect a reality of time and a place; secondly, are artifacts of this era, therefore, its direct documents; thirdly, information coded in them requires semantic (sign) reading and understanding. Phonon documents n - musical and sound, audio documents. They contain the sound information fixed by any system of a sound recording about events, the phenomena and the reality facts in obtaining as a result of mechanical, photographic, magnetic or optical sound recordings.

There are documentary, art, publicist and scientific recording depend on the system of a sound recording.

In Universities the following types of audio recordings are used. Documentary sound recordings which includes records of voices of writers, historical phonodocuments, speeches of politicians, scientists, stories of eyewitnesses or participants of events.

Thematic sound benefits - special phonorecords on subjects of training programs.

Records of natural soundings when the real sound helps to better understand and feel essence of the studied phenomenon.

Sound recordings for language devices. Application of special programs (sound recordings) for language devices and offices gives students the opportunities to practice in perception of the speech without visual support.

During the history classes we use both documentary records, and the art fragments reproducing historical events on a documentary basis. They help students to get into historical reality more deeply, concretize it and promote creation of bright images. The eyewitnesses' voices of events or record from event place, which are not only have great informative value sound, but also cause a deep emotional response in students. Informative audio recordings are not only increase interest during classes and consolidate students' positive motivation but also awaken interest in learning something additional independently. The analysis of the sound recordings devoted to figures of literature and art allows differentiating documents according to their functional and specific purpose on three large, most characteristic groups: sound recordings of event nature; interview, conversations, lectures, etc.; memoirs. Thematic framework of the first group of phonodocuments is rather limited and provided generally by congresses which sound recordings which remained completely or fragmentary have quite certain historical and cultural and informative value. The most saturated in the information plan and considerable in a quantitative sense is the group of phonon documents presented in the form of separate interviews, performances, conversations, etc. They are important sources on studying of creative laboratory of writers, musicians, theatrical directors about the creativity, or records, lighting separate, most often epoch-making, events in literary, musical, cinema and theater life. The phonon documents which imprinted voices of outstanding writers, musicians, actors are really unique.

Use of audiovisual sources in teaching historical disciplines allows establishing an optimum ratio between the theory and practice and promotes adaptation of students to future professional activity.

Using the audio-visual sources as a means of learning have the strongest impact of teaching, as they provide imaginative perception of the studied material and its visual specification in the form of the most accessible for perception and memory; It is a synthesis of reliable scientific presentation of facts, events and phenomena with elements of art, since the mapping of life phenomena is accomplished by means of art (cinema - and photography, music, and others.).

It is important to note that the use of these sources is a very important technique to improve the quality of students' knowledge and encourages them to apply their knowledge in practice. The use of different channels of information (auditory and visual channels, motor perception) has a positive effect on the strength of capturing the studied material. In this and in another case the quality of teaching increases, students are interested in the subject, the formation of analytical skills, developing attention, thinking, memory and raising the level of general and professional culture. It proves that the use of audiovisual sources in the teaching process can significantly increase its effectiveness and corresponds to solving of present educational tasks, which are before the higher education.

1 Seksenbaeva G.A. *Central State Archive of Film, Photo Documents and Sound Recordings: Past and Present: Manual-Altay: Kazakh University, 2014 / -190 p.*

2 Andreev A.A. *Means of new information technologies in education: systematization and development trends. - M.: BY, 1995*

3 Kodzhaspirova G.M., Petrov K.V., *Technical training and methods of their use: Manual for high school students - M., 2001.*

4 Koval T.V. *The methodology of work with visual sources // Teaching of history and social science at school - 2006, № 10.*

5 Polat E.S. *New pedagogical and information technologies in the education system - M.: Academy, 2003. -269 p.*

6 Gordievskih V.M. *Technical means of education: Manual. / D.V. Petukhov - Shadrinsk: SHGPI, 2006. - 152 p.*

7 Kirillov N.B. *Screen arts in the system of humanitarian education: Manual. Yekaterinburg: Publishing House SIPI, 1992. 92 p.*

8 Magidov V.M. *Film as a historical source // National History. - 1992. - № 5. - P. 104-116.*

9 Pondopulo G. *Photography and Modernity: Problems of Theory. - M., 1982. - 226 p. 2. - № 5. - P. 104-116.*

Түйіндемe

Тарихи пәндерді оқытуда аудиовизуалды деректерді пайдаланудың ерекшеліктері

Сексенбаева Г.А. - т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, s.gulzira@mail.ru

Алпысбаева Н.К. – т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, nurzipakz@mail.ru

Нурпеисова Б.Е. – т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, bakytti@mail.ru

Мақалада үлкен интегративті әлеуетікке ие аудиовизуалды деректердің маңызы талданады, тарихи даму және мұрагерлік дәстүрлердің сабақтастығын анықтайтын ұрпақтан ұрпаққа таратылатын ақпараттардың, яғни, тарихтағы ақпараттың диахронды қозғалысын зерттеуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, деректерде бекітілген ақпарат қоғамның өткен тарихын бейнелейтін дерегі ғана емес, болашақты бағдарламалау үшін маңызды. Аудиовизуалды құжаттарды білім беру үдерісінде қолдануына баса назар аударылған. Қазіргі таңда аудиовизуалды құжаттар маңызды рөл атқарады, себебі қазіргі қоғамды бұқаралық байланыс құрал ретінде дыбысжазбалары, кинематограф және теледидарсыз елестету мүмкін емес, олардың саяси, әлеуметтік, мәдени және тарихи құндылықтары шексіз. Мақалада тарихи пәндерді оқытуда кинофото және дыбыс жазбаларының қолдану ерекшеліктері қарастырылады.

Тірек сөздер: аудиовизуалды деректер, кинофотофоноқұжаттар, білім беру, дерек, аудиовизуалды құралдар, студент.

Резюме

Специфика использования аудиовизуальных источников в преподавании исторических дисциплин

Сексенбаева Г.А. - д.и.н., доцент КазНУ имени аль-Фараби, s.gulzira@mail.ru

Алпысбаева Н.К. – к.и.н., доцент КазНУ имени аль-Фараби, nurzipakz@mail.ru

Нурпеисова Б.Е. – к.и.н., доцент КазНУ имени аль-Фараби, bakytti@mail.ru

В статье анализируются значение аудиовизуальных источников, которые обладает большим интегративным потенциалом и позволяет изучать диахронное движение информации в истории - движение информации от поколения к поколению, по существу обеспечивающее преемственность исторического развития и наследование традиций. При этом закреплённая в них информация рассматривается как источник не только о прошлом состоянии общества, но и значимой для программирования его последующей жизнедеятельности. Большое внимание при этом уделено применению данных видов документов в образовательном процессе. На сегодняшний день аудиовизуальные документы играют огромную роль и современное общество не мыслит своего существования без звукозаписи, кинематографа и телевидения, как массовых коммуникативных средств общения, политическая, социальная, культурная и историческая ценность которых неоспорима. В статье

рассматривается специфика использования кинофотофонодокументов в преподавании исторических дисциплин.

Ключевые слова: аудиовизуальные документы, кинофотофонодокументы, образование, источник, аудиовизуальные средства, студент.

ӘӨЖ 374.19

ТҮРКІЛІК ЖАЗБА ЖӘДІГЕРЛЕР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МҰРА

Д. Мукатова - тарих ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, e-mail: dana.nazar-06@mail.ru

Автор мақалада көне түркі жазба ескерткіштерінің тарихи құндылық маңызына баға беріп отырып, деректік негізде сипаттама жасаған. Сонымен қатар дала мәдениеті тарихындағы түркі жазба ескерткіштерінің рөліне автор баса назар аударған. Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеу түркі тілдес халықтардың ортақ тарихы, тілі мен діні, рухани және материалдық мәдениетінің болғандығын сипаттау үшін өте қажет. Көне түркі жазба ескерткіштерінің мәтіндеріндегі азаттық пен мемлекеттілік идеяларының маңызы зор. Түркі жазба ескерткіштердегі сыртқы саяси қарым-қатынастарға байланысты тарихи деректік материалдар Түркі қағанатының сол кезеңде Қытай, Византия, Иран, эфталиттер мемлекеті сияқты қуатты империялармен терезесі тең ел болып, Еуразия континентіндегі геосаяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды роль атқарғанын көрсете алғандығын дәйектейді. Автор әлемдік өркениеттегі түркі жазба ескерткіштерінің тарихи мәнін ашуды негізге алады. Сонымен қатар автор түркілік жазба мұралардың түркі халықтары мәдениеті мен өркениетіндегі орны мен рөлі, оны зерттеу-зерделеудің маңызы, зерттеудің негізгі бағыттары мен нысаны, олардың өзектілігі туралы мәселелерді сөз етіп, нақты деректермен сипаттаған.

Тірек сөздер: деректер, көне ескерткіштер, түркі жазуы, жазба ескерткіштер, Күлтегін

Бүгінгі таңда түркі тілдес халықтардың шығу тегінің, тарихы мен рухани мұра-ларының ортақтығы – оларға мына жаһандану заманында бір-бірілеріне жақындасып, рухани жаңаруларын, бірлесе отырып өз тарихының өткеніне терең үңіліп, өзін-өзі танып-білуін ғана қажет етіп отырған жоқ, оларға әлемдік өркениеттен өзінің орнын анықтауда да, біртұтас түркілік мәдениетті қалыптастырып, орнықтыруда да үлкен мүмкіншілік беріп отыр.

Әлемді танып-түсіну және ол туралы ұғым бүкіл халықтарға ортақ болып келетіні және ұлттық немесе жалпыадамзаттық құндылықтарға айналған сол рухани мұралар гуманистік қағидалардың сабақтастығы негізінде жасалатыны, сөйтіп, оның озық үлгілері әлемдік өркениеттен берік орын алатыны ақиқат. Ондай мұралардың көпшілігі әлемдік өркениеттің жетістіктерінің қатарына жатқанымен, жалпы түркілік өркениет пен түркілік ерекшелікті нақтылай отырып, бір негізден шыққан бірнеше түркілік ұлттардың (қазақ, қырғыз, өзбек, татар, башқұрт, саха, түрік т.б.) қалыптасуына да, олардың болашақ даму жолына да, өзіндік өркениетінің өрілуіне де негіз болды. Сонымен қатар түркі тілдес елдерге әлемдік өркениеттен елеулі орын иеленуде маңызды рөл атқарып, түркі әлемінің қалыптасуына ой-саналық (идеологиялық) әсерін тигізді. Қазіргі кезеңге дейінгі тарихшылардың, саясаткерлердің, философтардың, әдебиетшілердің басқа да зерттеушілердің зерттеу нысанына айналып отырған түркі жазба ескерткіштері түркі халықтарының мәдениеті мен тарихының ортақ мұрасы екендігі дау туғызбайды. Тіпті тек түркі халықтары мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын ондай ескерткіштердің рөлі өте құнды. Мұндай құнды рухани мұралардың қазақ елінің тарихына да қатыстылығы біз үшін үлкен мақтаныш [1; б. 89]. Б.з.б. 1 мың жылдықтың басында Орта Азия мен Қазақстан далаларын сақтар мекендеген. Сол сақтардың Солтүстік тобы түркі тілдес, ал оңтүстік тобы иран тілдес тайпалар болды. Түркі қағанаты тұсында түркі тілінің өрісі кеңейіп, негізгі тілге айналды. Бұрын иран тілі тобына енетін тілдерде сөйлейтін халықтармен аралас-құралас болып, енді түркі тілінде сөйледі. Түркі тілінің әр түрлі диалектінде сөйлейтін тайпалық ұлыстар бір-бірімен үздіксіз экономикалық, мәдени-байланыс жасап, қатысып тұрды. Түркі ескерткіштерінің ең көшелерінің бірі – Орхон ескерткіштері (VIII ғ.). Алтай, Сібір, Орта және Орталық Азия жерінде V-IX ғасырларда түркілер қоныстанған кезеңдегі жазу, діни сенімдердің, әдебиет өнері, жалпы тарихын саралауда Орхон жылнамасы мен Талас аңғарынан табылған ескерткіштердің маңызы зор. Орхон-Енисей ескерткіші өзіндік қолданылу аясына қарай Орхон-Енисей және Талас жазуы деп екі топқа бөлінеді. Жалпы Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің уақыты түркілер тарихындағы «Көне түрік» дәуірінде тұспа - тұс келеді. Шығыс Түркі

құрамында өмір сүрген тайпалар осы Орхон – Енисей жазуын қолданып, осы жазу тілінде сөйлеген. Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің негізінен табылған жері – Орхон, Енисей, Селенгі және Талас бойы. Орхон ескерткіштеріне YІ ғ. аяғы мен YІІІ ғ. басындағы Орхон, Селенгі, Тола өзендері мен Минусинск ойпатынан табылған Құтлығ қаған (Онгин), Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Мойын Чор, Күллі Чор, Суджы ескерткіштері жатады. Енисей жазба мұраларының бұлайша аталуы тас бетіндегі сына жазуларының Енисей бойынан табылумен байланысты. Бұған қосымша кейіннен Тува мен Хакасия Краснояр өлкелерінен де осындай жазбалар табылған. Енисей жазбаларының жалпы саны – 85 шамалы. Олардың ішінде кіші – кіші жазбалармен қатар ірі текстер кездеседі. Енисей ескерткіштері көлемі жағынан негізінен шағын болып келеді. Ең үлкен 10-15 жолдан, ең кішісі 1-2 жолдан ғана тұрады. Қолданылуы жағынан Енисей ескерткіштері – ескі түрік жазуының алғашқы шығып қалыптасқан, тараған нұсқасы [2; б.165]. Бұл жазу біртіндеп Орхон өзені, одан Талас өзені өңіріне тарады. Бұл тұжырымның шындыққа жанасымдылығы жеке таңбалардың жазылу тәсілі мен жетілдірілуінен де байқалады. Енисей жазба ескерткіштерінің ең көне түрлері Минусинск ойпатынан табылған. Бұл жазбалар түркі халқы белгілі мөлшерде отырықшы болып, металл өңдеушімен айналысқанын, мәдениетті ел болғанын көрсетеді. Орхон жазуы көне түркі мұраларының ішінде қазіргі түркі тектес халықтардың бәріне ортақ көне түркі әдеби тілінде жазылған. Ол кезде сонау Сібірден бастап Орта Азия мен Қазақстан аймағы тұтастай Түркі қағандығының қол астына қараған болатын. VI ғасырдың ортасында қазіргі Солтүстік Монғолия жерінде бас құраған түркі қағандығы сол ғасырдың аяқ шенінде батысы Каспий теңізіне, шығысы Корей бұғазына дейінгі аралықты алып жатқан ұлы империяға айналды. Кейін келе Батыс Түркі және Шығыс Түркі қағандығы деп аталатын екі үлкен қағандыққа бөлініп кеткені белгілі. Солай бола тұра, V-VIII ғасырларда жартастардың беттері мен тас мүсіндерге сондай-ақ кейбір ыдыстардың желгі, түбі және қабырғаларына ойылып жазылған көне түркі жазбаларының ішіндегі ең маңыздысы – Орхон жазба мұралары. Орхон өзенінің бойынан табылған бұл ескерткіштердің ішінде тасқа қашалып жазылған 3 тарихи мұра ерекше аталады. Оның біріншісі - 731 жылы өлген хан інісі Күлтегінге, екіншісі – 735 жылы өлген Білге қағанға, ал үшіншісі – Тоныкөкке арналған ескерткіштер. Тоныкөк туралы Копенгагиндік профессор В. Томсен мен Клеменц ханымның еңбектерінен мынадай мағлұмат ала аламыз: Орхон жазбаларында көрсетілгеніндей, Тоныкөк деп табылған ескерткіште ол – үш ханның ақылшысы және Білге қағанның құдасы болған адам. Қытай жазбаларында Тоныкөк жайлы 716 жылы айтылған. Елтерістің патшалық құруында оның қосқан үдесі туралы Қытай және Тоныкөк жазбаларында толық көрсетілген. Көне түркі жазбаларын кейде «руна» жазулары деп атайды. Оның себебі: Сібірде айдауда жүрген швед офицері Страленберг пен неміс ғалымы Д.Г. Мессершмидт кездестірген құлпытастардағы өзі түсінбейтін жат жазуды өз елінің тілінде «руна» жазуы деп атаған еді. Бұл сөз термин ретінде бертін келе кеңінен таралып кетті. Орхон ескерткіштері оқиғалар мерзімі, жазу стилі жағынан ескі түркі жазуының соңғы – жаңа дәуірін танытады. Оның бер жағында Орхон жазуы, сірә, халық арасына кеңінен тараған болу керек. Күлтегін ескерткіштерінде мынадай сөйлемдер кездеседі: «Түркі салқын тиып, ел еткендерінді де мұнда бастым, жаңылып кеткендерінді де мұнда бастым. Барлық сөзімді айтар мәңгілік тасқа бастым, бұдан қарап біліңдері түркінің қазіргі халқының бектері» - дейді [3; б. 11]. Талас жазу ескерткіштеріне Талас өзені бойынан табылған 12 ескерткіш жатады. Талас өзені бойындағы Айыртау-Ой деген жерден (қазіргі Жамбыл облысы) 1896 ж. Әулие Ата уезінің бастығы Каллаур ғылымға үлкен жаңалық боп енген жазуы бар тас тапқан. Зерттеушілердің пікірінше Талас ескерткіштері YІІІ ғ. қамтиды. XYІІІ ғ. 20-жылдарында Орхон-Енисей аңғарынан табылған көне түрік жазуын көпке дейін ешкім оқи алмаған. Бұл жазудың сырын В.Томсен ашпастан бұрын Орхон-Енисей ескерткіштерінің зерттелу тарихы XYІІІ ғ. ІІ жартысында басталды. Ең алғаш 1662 ж. Орхон-Енисей жазуы жөнінде хабар еткен ғалым Витзен болатын. 1697 жылы Тобыл қаласында Ремезовтың «Сібір қалаларының шөл далалары мен таулы жерлерінің чертежі» еңбегі жарық көрген. Сол еңбекте Талас бойындағы «Орхон тасы» деген жер аталған. Орхон-Енисей ескерткіштері үлгілерінің алғашқы жарық көруі Сібірде 13 жыл айдауда болған Табберт-Страленбергтің атымен тығыз байланысты. Оның 1730 Стокгольмде неміс тілінде басылып шыққан «Европа мен Азияның солтүстік және шығыс бөлімдері» еңбегі көне ескерткіштер туралы мағлұмат береді [4; б.32]. Сондай-ақ 1721-1722 ж. Сібір өлкесін аралаған Миссершмидтің күнделігінде көне түркі жазуларының үлгілері туралы деректер келтіріледі. 1793 жылы Паллас көне түркі жазба нұсқаларының кейбір үлгілерін жариялады. Осы кезден бастап, оларды жинау, бастыру қолға алынды. «Сібір хабарлары» деген журналда Спаскийдің «Сібір естеліктерінің жазбалары» еңбегі жарияланды. Бұл еңбек латын тіліне аударылып, шетел ғалымдарына белгілі бола бастады. Осы еңбекті белгілі ғалымдар Гумбольдт пен Ремюза

жоғары бағалап, көлемді мақалалар жариялаған. Олардың орысша аудармалары 1825 ж. «Азия хабарлары» журналында бастырылған. 1887-88 ж. фин елінің ғалымы Аспелин арнаулы экспедициямен Енисей өзені бойындағы жазуларды зерттеп, қорытынды экспедиция материалдары 1889 ж. Гельсенфорте «Енисей жазбалары» деген атпен жарық көрген. Бұнда 32 жазу таңбасы, 8 фотосуреттер қамтылған. 1889 ж. Ядринцев бастаған орыс экспедициясы Монғолиядағы Орхон өзені бойынан екі үлкен ескерткіш тауып, тюркология ғылымына үлес қосқан. Олар Күлтегін мен Білге қағанға арналған ескерткіштер. 1890 ж. Гейкель және 1891 ж. Радлов басқарған экспедициялар Монғолияға барып, Орхон-Енисей бойындағы ескерткіштерді зерттеген. Осы жазулардың сырын ашып, оқып, қай халықтікі екенін анықтау ғалымдарға міндет жүктеді. Белгісіз жазуларды оқып, талдау даниялық ғалым В.Томсеннің үлесіне тиді. Ол алдымен ескерткіштегі кейбір таңбалардың басқа екінші бір таңбалармен қатар келетін және келмейтін ерекшеліктеріне назар аударды. Бұдан ол көне түркі жазуындағы дауысты дыбыстардың қолданылуына байланысты жуан және жіңішке айтылатын екі жүйе бар екендігін анықтады. 1893 ж. 15 желтоқсан күні Дания королінің ғылыми қоғамы мәжілісінде жасаған өзінің 15 беттік баяндамасында сол күнге дейін белгісіз болып келген жазулардың кілтін тауып, оның түркі халықтарының төл жазуы екендігін дүние жүзіне дәлелдеген. Томсеннің бұл еңбегін В.Розен 1894 ж. орыс тіліне аударып, бастырып шығарды.

Томсеннің екінші еңбегі 1896 ж. Гольсингфорте жарық көрген. Ол өз еңбегінде Орхон-Енисей алфавитінің пайда болуы, дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді бір-бірінен ажырататын қос нүкте жөнінде деректер берген, және YI-YIII ғ. түркі тайпалары және олардың әдет-ғұрыптары жөнінде мәлімет береді. Орыс ғалымы Радлов алғаш «Күлтегін» мен «Білге қаған» ескерткіштерінің тілі біркелкі емес, оның құрамында говорлар бар. 1912 ж. «Түркі ескерткіштерінің тілі» еңбегінде ескерткіштер тілінде 3 диалектілік ерекшеліктер бар деген. Олар: Сонымен қатар Мелиоранский да тюркология саласында 40-тан астам еңбек жазған. Соның бірі Күлтегін ескерткішін зерттегені. Ол 140 беттен тұрады. Мұнда ғалым ескерткіштердің зерттелуіне, түркі тайпаларының тарихына, дауысты, дауыссыз дыбыстардың қолданылуына, лексикалық ерекшеліктеріне, Күлтегіннің орысша аудармаларына, транскрипциясына көңіл бөлген.

Ежелгі түркілердің діни сенімдері туралы айтатын болсақ, олар Көкке және Жерге табынған. Түркі қағандары тек көк тәңірінің бұйрығымен қағандық етеді деп түсіндірілген. Мыс: Білге қаған: «түркі халқы жойылмасын, ел болсын. Әкем Елтеріс қағанды, шешем Елбіге қатынды тәңірі төбесіне ұстап, жоғары көтерген екен, мені қаған етіп отырғызған екен»- депті өзінің таққа отыруы туралы тасқа қашалған жазуда. Түркілер тәңір бұйрығымен жеңіске жетеді не жеңіліске ұшырайды. Келесі құдай отбасы мен балалардың жебеушісі - әйел құдай Ұмай болды. XIX ғ. аяғында әйел құдай Ұмайға табыну Алтайдағы кейбір түркі тілді халықтар арасында сақталған. «Тоныкөк» жырында «Көк тәңірі», Ұмай, қасиетті Жер-су, міне осылар бізге жеңіс сыйлаған делінген[5; б.48]. Орта ғасырда барлық түркі тілді тайпалардың сенімдеріне Алтайда сақталған қасиетті тауларға табыну маңызға ие болды. Ежелгі түркілер қаған тегінің жебеушісі, рухы саналған қасиеті Өтіккен сұлбасын яғни Хангай тауларын ерекше пір тұтқан. Ондағы ата-баба үңгірінде түркі аңызы бойынша бәрі сол үңгірде түркілердің ата-бабаларын дүниеге әкелген, бұған қаған жылына 1 рет құрбандық шалған. Түркілердің наным бойынша жерді, суды, орман-тауларды рухтар жайлаған. Олардың сенімі бойынша өлгеннен кейін адам жаны көшеді делінген. Ежелгі түріктер өлген адамды шаман рәсімі бойынша жерлеген. Яғни биік жерге киіз үй тігіп, өлікті сол үйге қойған. Сол маңайға құрбандыққа әкелген малды байлаған. Өлген адамның туыстары жылап, бетін тілгілеп, шашын жұлып өлік жатқан үйді 7 рет айналатын болған. Сонан соң өліктің киім – кешегін, барлық заттарын денесімен бірге өртеген. Кейін күлін жинап, жерге көметін болған. Түріктер отты киелі құбылыс есептеп, оны пір тұтқан. Зұлымдық әкелетін рухтарды отпен тазалап, аластайтын діни ғұрып болған [6; б.235]. «Білге қаған» (683-734) ескерткіші 1889 ж. Монғолиядағы Орхон өзені бойындағы Эрдени Цэу монастырының жанынан Ядринцев тапқан. Білге қаған Қапаған қаған қайтыс болған соң таққа отырған Құтлығ қағанның үлкен ұлы. Ескерткіштегі жазуды жазған қағанның туысы Иоллығ Тегін делінеді.

«Тоныкөк» ескерткішін 1897ж. Селенгі өзені бойынан Д.Клеменц тапқан. Тоныкөк - үш қағанның, 692 жылы қайтыс болған Құтлығтың, 716 жылы қайтыс болған Қапағанның және 734 жылы қайтыс болған Білгенің әскери кеңесшісі болған. Ол табғаш елінде оқып, тәлім-тәрбие, әскери білім алған. Зерттеушілердің пікірінше Тоныкөк 716 жылдан кейін қайтыс болды деп жорамалданады. Ескерткіштегі жазуды жазған Тоныкөк. Әйтсе де жыр жазылу стилі, композициялық құрылымы, идеялық мазмұны жағынан «Күлтегінге» ұқсас. «Күлтегін» жырында негізгі нәрсе – Күлтегіннің ерлігі болса, «Тоныкөк» жырында автор сол шайқаста жеңіске Тоныкөктің ақыл-айласы арқасында ғана жеткен-

дігін көрсетеді. Жырдың басты қаһарманы түркілердің дана қарты Тоныкөк[7; б.57]. Қазақ халқының құрылуына негіз болған ру-тайпалар ол замандарда қазіргі Қазақстанды, Орта Азияны, Оңтүстік–шығыс Сібірді, Орталық Азияны, Еділ бойын, Каспий жағалауларын мекен еткен. Олар өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түрікмен, ұйғыр, қарақалпақ, хакас, башқұрт, татар халықтарының төл құрамына енген ру-тайпалармен аралас өмір кешкен. Сөйтіп, экономикалық, әлеуметтік, мәдени өмірі бір-бірімен өзара тығыз байланысты болған түркі тілдес халықтардың әдебиеті де ортақ болды[8; б.119]. «Күлтегін» (684-731) ескерткіші «Білге қаған» ескерткішімен қатар бір жерде табылған. Орта Азияның түркі тайпалары руна жазбаларды қолданған, ал араб алфавитіне кейінірек, ислам дінінің енуіне байланысты көшкен. Біздің ендігі әңгімеміз ежелгі мәдениет ескерткіштерінің бір кереметі, бүкіл әлемге әйгілі болған ақын тас, жыршы тас – Орхон ескерткіштері (VIII ғ.) жайында болмақ. Бұл ескерткіштер Орхон, Енисей өзендерінің (Сібірдегі) бойынан (мұндай жазбалар Қазақстан жерінен де көптеп табылған, солардың ең көлемдісі Талас ескерткіші) табылған. Оларды алғаш тапқандар: швед офицері Иоганн және орыс ғалымы Н.М.Ядринцев (XVIII–XIX ғғ.). Көздің жасымен, жүректің қанымен құлпытастарға қашалып тұрып жазылып, қаймағы бұзылмай бізге жеткен осы бір ғажайып руналық тасқа ойылып жазылған жазуларды ғылымда руналық жазулар деп атайды. Ол жазуларда VII ғасырдың іргелі мемлекеті – Түркі қағанатының құрамындағы толып жатқан рулардың өзара есепсіз жауласуы, жорықтары мен соғыстары суреттеледі. Бұл ескерткіштердің басты кейіпкерлері – хандар, бектер, тектілер туралы баяндауынан сол кездегі тұрмыс жайлы түсінік те аламыз. Ескерткіштердің авторлары сол жазуларда есімдері аталатын Йоллығ-тегін мен Тоныкөк деген болжам бар. Оларды елдің тарихын, тағдырын толғап айтушы ежелгі ақын-жыраулар өкілдері деуге болады.

Күлтегіннің ерлігінің арқасында түркі халқының: "Кедейі бай болды", "азы көп болды", – деген сияқты жолдардан жырдың түпкі мұраты ел бірлігі мен оның бақытты өмірін аңсау екенін аңғару қиын емес.

Бұдан шығатын қорытынды – қазақ халқындағы бай жыр дәстүрінің негізі сол Орхон ескерткіштерінде қаланған. Орхон ескерткіштері – алғашқы ерлік жырларының бірі. Бұған тағы бір дәлел – жырда Білге Қаған, Күлтегін батыр, Тоныкөк жырау сияқты кейіпкерлер образдық дәрежеге жеткізіле жан-жақты суреттелген. Білгенің жырда қайда, қандай жорықтарға барғаны, қандай, қаншалықты ерлік көрсеткені толық суреттеледі, ол халықты жинап ұйымдастырушы ретінде бейнеленеді. Білгенің іс-әрекеттері ғана емес, көңіл-күйі де баяндалады. Ол дұшпандар салған іріткіге еріп, қырылып-жойылып бара жатқан халқына қатты назаланады[9; б.112]. Жырда Күлтегін бейнесі үнемі өсу үстінде болады. Күлтегін – түркі халқының ерлік сипаттарын бойына дарытқан жиынтық образ. Оның тұлғасында бір кездерде жалпақ даланы еркін билеген түркі тайпаларының өршіл, қайтпас мінезі бар. Оның тұлғасында халықтың сондай батырым болса деген арманы бар. Жырда батыр мерт болғанда, қазасына досы ғана емес, дұшпандарының да қосыла жылауының кең суреттелуі халықтық бұлжымас ерлік дәстүрлерді қасиеттейтінін дәйектей түседі. Жырдағы Тоныкөк көптеген қағандарға кеменгер ақылгөй болумен бірге небір жорықтардың куәгері, ізінше сол жорықтар жайында жырлар тудырып, тасқа қашатып жазғызған автор екені де байқалады. Сөйтіп, Тоныкөк әрі батыр, әрі ақылгөй, әрі жырау бейнесінде сомдалады.

Қорыта айтқанда, Күлтегін, Білге Қаған және Тоныкөк ескерткіштері (Орхон-Енисей) – мазмұны мен түрі жағынан ежелгі түркі халықтарына ортақ көркем туындылардың үлгісі болумен бірге, ол қазақ халқының асыл қазынасына енетін тарихи мұра.

1 Бартольд В.В. Соч., 5.-М., 1968.-С.45

2 Бейсенбайұлы Ж. Бітігтастағы Білге танушы «Егемен Қазақстан» 2002, 28 сәуір.-б.3

3 Ертедегі қазақ әдебиеті, Хрестоматия, Күлтегін. (кіші жазу) Алматы, 1967, б.29

4 Есенқұлов Е. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. Алматы, 1976. 10б.

5 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, Ана тілі 1991.- б.225

6 Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы, Жазушы 1990.-б.210

Ибраев Ш., Бахадырова С., Рахымов Б. Түркі халықтарының фольклоры. – Астана, 2009. – 432 б.

7 Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. 5 томдық. – Алматы, 1961. – 1. т. – 201 б.

8 Әуезов М. Шығармалар жинағы (мақалалар, зерттеулер). – Алматы: Жазушы, 1979-1980. – 234 б.

9 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ат-түрік). 3 томдық шығармалар жинағы. – Алматы, Хант, 1998.-б.238

Резюме

Древние тюркские памятники и национальное наследия

Д.Мукатова – доктор исторических наук, КазНПУ им. Абая **e-mail:** dana.nazar-06@mail.ru

В статье характеризуется древнетюркские памятники как исторические источники. Древние тексты надписей важность идей свободы и государственности. В статье рассматривается историческое значение древнетюркских письменных памятников. Автор далее уделяет внимание воспитательное значение этих источников. Роль как исторических ценные идеи в памятниках государственного значения. Внешние политические отношения исторических материалов, связанных с турецкой империи в тот же период в Китае, Византии, Ирана, а также состояние эфтолит равна крепкими империями и страна играет важную роль в поддержании геополитической стабильности на евразийском континенте получения.

В этом контексте, автор мировой цивилизации основано на открытии исторического значения письменных источников.

Ключевые слова: древнетюркские памятники, древние тексты, памятники, источники.

Summary

Ancient tyurkskie monuments and a National naslediya

D.Mukatova – Doctor of History, Professor of Abai Kazakh National Pedagogical University

e-mail: dana.nazar-06@mail.ru

In this article, the author describes the historical traditions of the Turkic-speaking scripts. In written inscriptions proved a stable geo-political relations with developing countries such as China, Byzantium, etc. The author also founds the historical value of the Turkic-speaking world civilization written inscriptions. The paper considers the role of Turkic written monuments in stanovlenii culture, their importance in the civilizations of the Turkic peoples. Identify key trends and challenges of the study. Eurasian continent had played an important role in ensuring stability in the geopolitical context. Author of the global civilization based on the opening of the historic significance of written records. As well as the author of the Turkic peoples of the written heritage of Turkic culture and civilization and explore the importance of the study of the role and place of the main areas of research and form their questions about the relevance of the word to describe specific data.

Key words: Ancient monuments, ancient texts, monuments, sources.

УДК: 94(574) «1921/56»:002.2

**ҚР ОММ-НЫҢ 1740-ҚОР ҚҰЖАТТАРЫ КЕҢЕСТІК ЦЕНЗУРА ТАРИХЫНЫҢ
ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ**

К.М. Рүстем – Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы, PhD доктор, kamshat_rustem@mail.ru

Кеңестік цензураның қоғамда атқарған рөлін, жүйесін, қызметін, патшалық цензурадан ерекшелігін айқындайтын тағы басқа белгілерін зерттеуде негізгі деректердің тобын мұрағаттық құжаттар құрайтыны белгілі. Ал осындай құжаттардың топтамасы, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатында сақталған 1740-қор арнайы мекеменің қоры болып табылады. Бұл мақалада осы қордың деректік маңызы мен онда сақталған құжаттарға деректанулық талдау жасалынады. Сондай-ақ, қорда сақталған істерге деректанулық сыныптау жасалынып, оның кеңестік цензура тарихын зерттеуде берер мағұлматы мол екені айқындалды.

Түйін сөздер: мұрағат, қор, дерек, құжат, Главлит, цензура.

Қазақтың өткен тарихын зерделеуде ғалымдар археологиялық, этнографиялық тарихи мұралармен қатар, мұрағат мекемелерінде сақталған жазба, аудиовизуалды және т.б. құжаттар топтамасында қолдана отырып, тарихи оқиғаларға объективті баға беруге мүмкіндік алады. Мұрағат, яғни архив дегеніміз көптің мүлкі, халықтың рухани қазынасы, ұлттық байлығымыздың, шежіре – тарихымыздың бұлақ көзі болып табылады. Ол үкімет бақылауындағы мемлекеттік мұра [1].

Зерттеуші ғалымдар атап өткендей «Қазақстанның мұрағаттық мекемелері – біздің тарихымыздан көрініс беретін құжаттық мұраларды сақтайды. Мұрағаттардың қызметі тарихи, мәдени ескерткіштерімізді сақтап қана қоймай, қоғамның және мемлекет азаматтарының талаптарына сай өткен тарихи оқиғалар мен фактілерді тануға, оларды түсінуге мүмкіндік беру болып табылады. Мысалы С.В. Рождественскийдің пікірінше «тарих ғылымының дамыту үшін – бұрын қолданылмаған дерек көздерінің жаңа түрлерін қолдану керек»[2]– деген тұжырымға қосыла отырып, Кеңестік дәуірдегі цензура мәселесіне қатысты ҚР ОММ қорындағы құжаттардың деректік маңызын айқындауға тырыстық[3].

Мұрағаттық эвристиканы жүргізуде мұрағатқа құжаттардың топтастырылу (өткізілу) заңдылықтары ескерілді. Мемлекеттік мекемелердің іс-қағаздарын қалыптастыру және сақтауда олардың ведомстваға жататыны маңызды рөл атқарады. Яғни №1740 қор арнайы мекеменің қорын құрайды.

Бұл қорда ҚазГлавлиттің 1936-1959 жж., 1944-1961 жж., 1952-1975 жылдар аралығында қоғамда атқарған қызметі туралы мағұлмат беретін үш тізімдеме тіркелген. Главлиторталықта 1922 жылдың алтыншы маусымында [4, с. 82], ал Қазақстанда осы жылдың 1-ші желтоқсанында [5, 243-244 б.] құрылған. Алайда, ҚазГлавлиттің арнайы қорында 1922-1936 жылдар аралығындағы Қазақстан территориясында КирГлавлит, ҚазГлавлит атты цензуралық мекеменің құрылу тарихы мен атқарған қызметі жөніндегі мәліметтер кездеспейді. Сондықтан да, 1922-1936 жылдардағы тарихи оқиғаларды қайта қалпына келтіруге қажетті мағұлматтарды, мұрағатта сақталған басқа қорларда жүргізген ізденістер нәтижесінде қол жеткізуге болады. Жалпы мұндай көріністің Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар Ресей мұрағаттарында да орын алғаны белгілі [6]. Біздің ойымызша, мұндай мәселенің туындауында – ҚазГлавлит атты цензура мекемесі қызметінің Қазақстан аумағында жүйеленіп жолға қойылуы мен Қазақстандағы мұрағат ісінің жолға қойылуымен ерекшеленеді [2, с. 168].

Алғашқыда Халық ағарту комиссариатының бір басқармасы ретінде құрылған, ал кейіннен ҚазКСР Халық комиссарлар кеңесі жанындағы жеке бөлім болған Главлит [7]– «Әдебиет пен баспа істері жөніндегі Жоғарғы Басқарма» [8] болса, ал 1932 ж. 5 маусым мен 1953 ж. 14 наурызы аралығында «ҚазКСР Министрлер Кеңесі жанындағы Әдебиет пен баспа істері жөніндегі Жоғарғы Басқарма», 1953 ж. 15 наурызы мен 1953 ж. 7 қазаны аралығында «ҚазКСР Ішкі істер Министрлігінің ІІ-ші Жоғарғы Басқармасы», 1953 ж. 8 қазаны мен 1963 ж. 3 қараша айы аралығында «ҚазКСР Министрлер Кеңесі жанындағы баспа ісінде әскери және мемлекеттік құпияны сақтайтын Жоғарғы Басқарма», 1963 ж. 4 қараша мен күні бүгінге дейін (ескерту: қор құжаттарының тізімдемесі 1975 ж. аяқталады – авт.) ҚазКСР Министрлер Кеңесінің баспа ісі бойынша Мемлекеттік комитетінің баспа ісінде әскери және мемлекеттік құпияны сақтайтын Жоғарғы Басқармасы» [9]– деп атаулары өзгеріп отырғанымен, ол КСРО ыдырағанға дейін өмір сүрген цензура мекемесі болды деп нақ айта аламыз.

XX ғасырдың соңында орын алған саяси өзгерістерге орай, Главлит біраз уақыт баспа ісі мен басқа да ақпарат құралдарында мемлекеттік құпияны сақтайтын Жоғарғы Басқарма (ГУОТ) деп атауын өзгертіп, 1991 ж. КСРО ақпарат және баспа ісі министрлігі жанындағы БАҚ та мемлекеттік құпияны қорғау Агенттігі болып атауын өзгерткен. Негізінен цензура тарихын зерттеген зерттеушілер Главлит КСРО ыдырағаннан кейін өз қызметін тоқтатты деп тұжырымдар айтады.

Жалпы аталған қорда төмендегідей істер сақталған:

- «ҚазГлавлиттің бұйрықтары мен циркулярлары, ақпараттық хаттары;
- мәжіліс хаттамалары;
- тоқсандық және жылдық есептері;
- жылдық қаржы істері бойынша есептер;
- алдын ала және кейіннен жүзеге асырылатын цензуралық қадағалаудың есептік мәліметтері;
- Қазақстанда атқарылған цензуралық жұмыстар жөніндегі баяндау жазбасы;
- істерді алғаны және өткізгені жөніндегі актілер;
- құнды құжаттық материалдарды жойғаны жөніндегі актілер;
- бірқатар Қазақстандық авторлардың өлеңдері мен шығармаларының қолжазбалары;
- ҚазГлавлиттің КСРО Главлиті арасында Қазақстанда цензура жұмысын ұйымдастыруға байланысты жүргізген хат алысулары;
- ҚазГлавлиттің құрамы жөніндегі штаттық кестесі;
- қызметкерлердің құрамы мен жалақылары жөніндегі есебі (1954-1958 жж.);
- ҚазГлавлиттің цензураға қатысты партиялық және т.б. кеңестік мекемелермен жүргізген хат алысулары.

Осылардың ішінде ең маңыздысы еңбектерді қолданыстан алып тастау, яғни алдын-ала және кейіннен жүзеге асырылатын цензура нәтижесінде, жарияланбай қалған немесе жарық көргеннен кейін көпшілік қолданысынан алынып тасталған әдебиеттер жөніндегі мәліметтердің біршама болса да сақталуы [10].

Қорда сақталған құжаттармен танысу барысында ҚазГлавлиттің жұмысының «жемісті» кезі XX ғасырдың бірінші жартысы екені анық байқалады. Себебі, XX ғасырдың екінші жартысында бірінші жарты жылдықта қабылданған кейбір бұйрықтардың күшін жойғаны жөніндегі ҚазКСР жанындағы Баспасөздегі әскери және мемлекеттік құпия Бас басқармасының бастығы А. Шалабаевтың [11] қол қойған бұйрықтарынан көруге болады. Алайда мұнымен қадағалау ісі тоқтап қалды деген пікір

жасаудан аулақпыз. Жалпы тарихтан белгілі жайт, бұл – сталинизм кезеңінде қоғамдық сананы қалыптастыратын және қоғамға өзгеріс жасайтын оқыған зиялы қауым өкілдерінің саяси қуғын-сүргінге ұшырауының бірнеше толқынға ұласуы еді. Мұны зерттеуші ғалым К. Нұрпейісов алты кезеңге бөліп қарастырған [12].

Құжаттармен жұмыс жасаудағы негізгі проблемалардың бірі оларды сыныптау. Деректану ғылымында сыныптау – деректердің типтері мен түрлерін, олардың тарихи шындықты бейнелеу ерекшеліктерін зерттейтін маңызды таным міндетін атқарады. Сыныптау дегеніміз – көптеген объектілерді айқын логикалық топтарға бөлу, деректі белгілі тәртіпке келтіру, олардың өзіндік белгілері мен қасиеттерін, ерекшеліктерін айқындау және сол ерекшелік белгілеріне қарай топтастыру. Бүгінгі таңда деректану ғылымында сыныптау мәселесі бірқатар ғылыми еңбектерде арнайы қарастырылған. Құжаттарды сыныптау мәселесіне ауқымды тоқталған авторлар Н.Н. Маслов пен В.В. Степанов [13] есімдерін атауға болады. Деректерді түрлерге, типтерге бөлу, олармен жұмыс істеу сатылары В.П. Данилов [14], В.В. Фарсобин [15], В.И. Буганов [16], Л.Н. Пушкарев [17] сияқты авторлардың еңбектерінде де біршама ашылған. Мысалы, В.В. Фарсобин өз еңбегінде сыныптау мәселесін «тарихи дерек» түсінігімен бірлікте қарастырған.

Қазақстандық ғалымдар арасынан деректерді сыныптау мәселесіне арнайы Қ.М. Атабаев тоқталды [18], автордың деректерді сыныптау, оған деректанулық талдау жасаудың әдіс-тәсілдері туралы зерттеулері мұрағат құжаттарын деректанулық тұрғыдан талдауда негіз бола алады.

Сондай-ақ, деректерді мазмұнына қарай сыныптауда да бірқатар қиындықтар туындайды. Мысалы, мұрағат құжаттарына қатысты алсақ, біріншіден, мұрағат құжаттары өз қызметі барысында мазмұны, мақсаты, сипаты жағынан әртүрлі мәселелерді бірден қарастырады. Саяси өмір, идеологиялық жұмыс, халық шаруашылығы, мәдениет, ішкі не, сыртқы саясат, партиялық, кеңестік құрылыс мәселелері – бір ғана құжат мазмұнында орын алуы немесе керісінше бір отырыс барысында жарық көрген бірнеше құжатта жариялануы мүмкін. Сондықтан, мазмұнына қарай топтастырғанда бойына әртүрлі бағыттағы бірнеше мәлімет жинақтаған бір дерек әр мәселеге сай қайталанып отыруы мүмкін. Сонымен қатар, мазмұны жағынан бір-біріне жақын деректер зерттеудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін талап етуі мүмкін. Бұл да өз кезегінде деректанулық талдауды күрделендіреді. Сондықтан да мазмұнына қарай топтастыру маңызды шарттардың бірі бола тұра, деректі ғылыми пайдалануда қиындық тудыратындықтан сыныптаудың негізгі түрі бола алмайды.

Деректерді түріне қарай сыныптаған Л.Н. Пушкарев, ең алдымен деректердің негізгі және басты типтерін – құжаттық және баяндаушы (повествовательный) деп екіге бөле отырып, жазба деректерді сыныптаудың кескіндік циклдік және сызықтық жүйелерін жасап шығарған. Соған қарамастан, автордың құжаттық және баяндаушы деректер арасындағы айырмашылықты: «егер дерек өзі пайда болғанға дейінгі өткенді көбірек баяндаса, ол – баяндаушы дерек, ал егер деректе өткен оқиға тек қана тіркеліп, ол туралы ашық баяндалмаса, ол-құжаттық дерек» деп көрсетеді. Мұрағат құжаттары бір мекеменің қызметі барысында қалыптасқан құжаттар болғандықтан, олар түрлік жағынан іс жүргізу құжаттарына жатады.

Кейбір мұрағат құжаттарымен айналысқан зерттеушілер оларды іс-қағаздарға жатқызып, сегіз түрін көрсетеді. Біріншісіне – ұйымдастырушылық бағыттағы құжаттар жатқызылған. Олардың бастылары – ережелер, жарғылар, келісімдер. Ұйымдастырушылық құжаттар қандайда болмасын бір істің атқарылу ретін, құрылымын, артықшылығын, түрлері мен жүзеге асыру ретін анықтауға көмектеседі. Нұсқаулық құжаттама деп аталған екінші топқа шешімдер, үкімдер, циркулярлар сияқты құжат түрлері жатқызылған. Бұл бағыттағы құжаттар, ұйымдастырушылық құжаттардың жалғасы ретінде басқарушылық жұмыстардың жүзеге асуын көрсетеді. Ал, хаттамалар мен стенограммалар ұйымдастырушылық-нұсқаулық құжаттардың ерекше түрі ретінде үшінші топқа топтастырылған. Төртіншісі – мекемелердің ағымдағы хат алмасулары, яғни хаттар, жеделхаттар және тағы сол сияқтылар. Жоспарлық құжаттар – бесінші, тіркеулік сипаттағы құжаттар алтыншы, бақылау құжаттары – жетінші, есептер – сегізінші топтарға топтастырылған. Құжаттарды былайша топтастырғаны, әр құжат жеке-жеке талданады. Ал, А.А. Құлшанова мұрағат құжаттар кешенін: «нормативті, ұйымдастырушылық-нұсқаулық, есептік-мәліметтік және жеке сипаттағы құжаттар» – деп төрт топқа бөліп қарастырады [19]. Автор, нормативті құжаттарға декреттерді, қаулыларды, ережелер мен съездер материалдарын жатқызса, хаттамалар, үкімдер, циркулярлар, нұсқауларды нұсқаулық мәліметтерді қамтығандығынан шыға отырып, ұйымдастырушылық-нұсқаулық топ құжаттарына жатқызған. Ал, үшінші топқа есептік-мәліметтік деп өз аты айтып тұрғандай, есептер, баяндамалар, шолулар, құжаттарға негіз болған материалдар, анықтамалар, түсініктеме хаттар, өзара хат алмасулар сияқты

есептік сипаттағы құжаттарды жатқызған. Олар, белгілі бір уақыт аралығына қатысты қорытынды материалдарды қамтиды. Жеке сипаттағы құжаттарға хаттарды, басшы ұйымдарға жазылған өтініштерді жатқыза отырып, «жеке сипаттағы құжаттар, арнайы құжаттарда тіркелмеген көптеген тың мәліметтер береді. Оларда автордың жеке қасиеттері, оның азаматтық ұстанымы, саяси көзқарасы бейнеленеді» – деген қорытындыға келген. Ғылыми негізге құрылған аталмыш сынып-таулардың барлығы мұрағат құжаттарымен жұмыс істеуде үлкен маңызға ие.

Қордың материалдарымен таныса отырып, құжаттардың атқарған функцияларына қарай ішкі сыныптау жүргізілді, яғни белгілі құрылымдыққа жататындығын ескере отырып қордағы құжаттарды төмендегі топтарға бөлдік:

Бірінші топ – нормативтік құжаттар:

- нұсқаулық мәліметтер;
- ҚазГлавлиттің баяндамалары бойынша қарарлар;
- ҚазГлавлиттің циркулярлары, бұйрықтары.

Екінші топ – статистикалық құжаттар:

- әскери цензура бөлімі мәліметтерінің көшірмесі;
- алдын-ала жүргізілген цензура бойынша жасалған түзетулер және кейіннен жүзеге асырылған қадағалау барысында шығармаларды қолданыстан алу және уақытша жарияламау жөніндегі мәліметтері;

– ҚазГлавлит органдарының кітапханалар мен кітап сататын дүкендерді тексеру барысында саяси ескірген, троцистік-зиновьевтік, контрреволюциялық т.б. әдебиеттерді айналымнан алу мен уақытша қолданыстан алу жөніндегі актілері.

Үшінші топ – есептік құжаттар:

– жүргізіліп жатқан цензура жұмысының жағдайы жөнінде БКП (б) аймақтық комитетке жазған баяндама хаттары;

– ҚазГлавлиттің кітаптарды айналымнан алу жөніндегі анықтамалары;

– баспа ісінде әскери құпияны сақтау жөніндегі КСРО ХКК атқарушысына жіберілетін облиттер мен ҚазГлавлиттің тоқсандық есептері;

– алдын-ала цензура барысында жасалынған аса қажетті сызбалар мен кейіннен жүзеге асатын цензураның «А» және «Б» литерлер тізімі бойынша анықталған әдебиеттерге байланысты атқарған істері жөніндегі мәліметтері.

Төртінші топ – қадағалау ісін (цензураны) жүргізгені жөніндегі құжаттар:

- Қазақстандағы цензура жұмысының жағдай жөніндегі есептер;
- ҚазГлавлиттің орталықа берген баяндамалары;
- мерзімді баспасөзді қаржылай қамтамасыз ету және жою жөнінде жазысқан хаттар;
- мерзімді баспасөздер жөніндегі есептер мен пікірлер;
- Қазақстанда дінге қарсы жүргізілген насихаттар жөніндегі ақпараттар т.б.

Қорыта айтқанда, мұрағат қорындағы құжаттардың репрезентативтілігін анықтай отырып, мұрағат материалдары басқарушылық шешімдерді, яғни оларды қабылдау немесе іске асыру сияқты мәселелерді көрсететін құжаттар тобын құрайды. Және құжаттардың мазмұнына қарай кеңестік цензура мәселесін зерттеуде біршама проблемалардың тарихи мәнін ашып көрсетеді деген ой түйге болады.

1 Сариева Р. Мұрағат шежірелері – ұлттық мұра // Жалын. – 1998. – № 5-6. – 3-9-б.

2 Хасанаева Л.М. Деятельность центрального архива Казахстана в 20-30 –годы XX в. //Материалы международной научно-практической конференций «История социально-экономических и политических катаклизмов: теоретико-методологические осмысление» в рамках традиционных «Бекмахановских чтении». Алматы, 6-7 апреля 2012. – С. – 165-170

3 ҚР ОММ. 1740-қор.

4 Блюм А. За кулисами «Министерства правды»: тайная история советской цензуры 1917-1929. – С-Пб.: Гуманитарное агентство «Академический проект», 1994. – 320 с.

5 Ахметов Қ.Ә. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан мәдениеті («Мәдени революцияның» концепциясы, идеологиясы, жүзеге асырылуы): тарих ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2002. – 313 б.

6 Блюм А.В. Советская цензура эпохи большеготеррора. По материалам секретных бюллетеней Главлита СССР//<http://www.opentextnn.ru> – 20. 06. 2012

7 ҚР ОММ. 1740-қор, 3-тізбе, 4-іс.

8 ҚР ОММ. 81-қор, 1-тізбе, 557-іс.

9 ҚР ОММ. 1740-қор, 3-тізбе.

10 ҚР ОММ. 1740-қор, 1, 2, 3-тізбелер.

11 ҚР ОММ 1740-қор, 1-тізбе, 26-іс.

12 Нұрпейіс К. 30-шы жылдардың басындағы саяси қуғындаушылық және Нәзір Төреқұлов // Кеңес Нұрпейіс. Тарихи тұлғалар / жауапты ред. Б. Аяған. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. – 34-36-б.

13 Маслов Н.Н., Степанов З.В. очерки источниковедения и историографии истории КПСС. – М.: Издательство Ленинградского университета, 1974. – 304 с.

14 Данилов В. П. История крестьянства России В XX веке. Избранные труды: В 2-х ч. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2011. – Ч. 1.–863 с.

15 Фарсобин В.В. Источниковедение и метод. –М.: Наука, 1983. – 232 с.

16 Буганов В.И., Туркан Г.А. Актуальные проблемы источниковедения истории СССР // Вопросы истории. 1977. – №3. – С. 3-16.

17 Пушкарев Л.Н. Классификация русских письменных источников по отечественной истории. – М.: МГУ, 1995. – 195 с.

18 Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.- 172 б.

19 Кульшанова А.А. Документы Центрального государственного архива и Архива Президента Республики Казахстан по политике коренизации вКазахстане (1920-1936 гг.) как исторический источник: дис...канд. ист. наук. –Алматы, 1999. – 144 с.

Резюме

Документы фонда 1740 центрального государственного архива республики Казахстан как источники истории советской цензуры

К.М. Рустем – старший преподаватель КазНПУ им. Абая, доктор PhD, kamshat_rustem@mail.ru

Без сомнения архивные документы являются основными данными в комплексном исследовании советской цензуры, а именно её роли в обществе, системы, функций, отличии от царской цензуры, и т.д. Коллекцией таких документов является 1740-фонд - специальный фонд при Центральном Государственном Музее Республики Казахстан. В данной статье рассматривается важность фонда с точки зрения источниковедения, и даётся источниковедческий анализ хранящихся документов. Также, в результате классификации дел хранящихся в фонде, удалось выявить огромный запас информации для исследования истории советской цензуры.

Ключевые слова: архив, фонд, источник, документ, Главлит, цензура.

Summary

documents of fund 1740 of central state archive of the republic of Kazakhstan as sources of soviet censorship's history

Rustem K.M. – PhD, Senior Lecturer at Abay Kazakh National Pedagogical University, kamshat_rustem@mail.ru

Needless to say, the archive documents are the basic data in a comprehensive study of Soviet censorship, namely its role in society, the system, functions, distinctions from tsarist censorship, etc. Collection of such documents is the 1740 Fund – a special fund at the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan. This article discusses the importance of the fund in terms of source studies and source analysis are given to stored documents. In addition, because of the classification of cases stored in the fund, it was investigated large amount of information for studying the history of Soviet censorship.

Keywords: archive, fund, source, documents, Glavlit, censorship.

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СЮЖЕТТІК ДЕРЕКТЕРІ

Толеубаева К.М. – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы (kmt_1952@mail.ru)

Мақалада автор «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры қазақтың ғашықтық жырлары ішіндегі ертеректен келе жатқан және қазақ арасына өте көп жайылған түрі болғандықтан тарихи дерек көзі ретіндегі маңызы зор екендіне тоқталады. Автор ғашықтық жырлардың сюжеттік дерек ретіндегі орны мен рөлін ашып қарастыруға бағыттаған. Әр ғасырда, әр түрлі ортада адам қауымының алған тәрбие, сана-сезім, салт-дәстүр, білім, дүниетаным дәрежесіне қарай махаббат әр алуан болып жырланған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры жанр жағынан алғанда лиро-эпикалық жырларының ішінде оқиғасы, эпикалық дәстүрлері, этнографиялық болмысы жағынан ерекше орын алатын жыр. Автор «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының эпикалық дәстүрлері, этнографиялық болмысы, қырлары, атаулары жырдың жанр ерекшелігімен тығыз байланысты екендігін атап өткен. Жырдың ерекшеліктерін құрайтын құбылыстар алуан түрлі, күрделі әрі мол. Жырдың айналасындағы фольклорлық және этнографиялық іс-әрекеттердің, қарым-қатынастардың әрқайсысына байланысты толып жатқан тарихи деректер, эпикалық дәстүрлер мен этнографиялық болмыстар анық көрінеді.

Түйін сөздер: жанр, лиро-эпос, салт-дәстүр, этнография, жыр, аңыз, фольклор, батырлық жыр, ғашықтық жыр.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының эпикалық дәстүрлері, этнографиялық болмысы, қырлары, атаулары жырдың жанр ерекшелігімен тығыз байланысты. Жырдың ерекшеліктерін құрайтын құбылыстар алуан түрлі, күрделі әрі мол. Жырдың айналасындағы фольклорлық және этнографиялық іс-әрекеттердің, қарым-қатынастардың әрқайсысына байланысты толып жатқан тарихи деректер, эпикалық дәстүрлер мен этнографиялық болмыстар анық көрінеді.

Жырдың қазақ арасында көп айтылатын ғашықтық жырларынан ерекшеленетін жерлері көп. Бірінші ерекшелігі, «Қозы Көрпеш» жырында суреттелетін еңбек процесімен, Қозы мен Қодар сияқты малшылардың бейнесімен ерекшеленеді. Ал «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» жырларында бұлар жоқ. Жібек пен Айман феодалдық қоғам тәртібімен қаншама жанжалдасса да, өздерінің «еркіндік» арманын сол қоғамның өз шеңберінде шешеді. Ал Қозы мен Баян феодалдық салтпен келіспей, өздерінің азатшылдық күресі жолында мерт болады.

Екінші ерекшелігі – ол «Қыз Жібек» сияқты тек қазақтың өзіндік қана сюжеті Қазақстаннан басқа ұйғыр, якут, тілеуіт, башқұр, барабы татарлары арасында бар. Бұл жыр да халықаралық сюжетке айналған. Мұндай белгілер «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» сияқты жырларда жоқ. Жоғарыда аталған белгілер «Қозы Көрпеш» жырының терең халықтығының, ұлы эпос болып табылатындығының белгісі.

Үшінші ерекшелігі – оның сюжетіне, қай жерде, қай заманда пайда болған, жыр мазмұнындағы аңыз бен тарихи өмір шындығының қарым-қатынасы қандай болуында. Осы тарихи жағдайларды ескере отырып, ойымызды түйіндейтін болсақ, «Қозы Көрпеш» жырының, сөзсіз, қазақ жерінде, қазақ арасында пайда болғандығын айта аламыз. Жырдың тарихы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, іс-әрекеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, дүниетанымы сияқты этнографиялық көріністермен және қазақ жерінің бай табиғатымен ұштасып жатқандығы жырдың тарихилығы мен өмір шындығы.

Төртінші ерекшелігі – оның этнографиямен тығыз байланыстығы. Жырда этнографиялық қырлар мен болмыс айқын суреттеледі. Мұны еңалдымен жырда суреттелетін қазаққа тән бақташылық, көшпелі өмір суреті, адам, орта, ел-ру, мекен, жер-су аттары мен атаулары дәлелдейді. Сонымен бірге жырды туғызған географиялық орта қазақтың кең қонысы – Сарыарқа мен Жетісу аймағы екендігі айрықша көзге түседі.

Бесінші ерекшелігі – ол жырдың ұлттық – қазақ сюжеті болғандығы. Атап айтқанда, туған жер, атамекен-қоныс, қыстау, көш, тау сияқты этнонимдер мен оронимдер атаулары географиялық ортаны аңғартады. Осыған орай біз Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің этнографиялық атаулар мен көріністерге толы, табиғат құбылыстарын суреттейтін еңбегінен этнографиялық материалдарды талдауды дұрыс деп таптық. Автор өзінің еңбегінде: «Баян сұлудың туған жері Баянаулы тауын суреттейді. Қыздың Қарқарасы түсіп қалған жері – Қарқаралы, Қазылық аталған. Домбырасы мен моншағы түсіп қалған жер – Домбыралы, Моншақты аталған. Алтын сандығы түсіп қалған жер – Алтын сандық, Ақшатау

аталған. Өлең айтып, той қылған жері - Өлеңті аталған. Аттарының шідері түсіп қалған жер – Шідерті аталған. Аттарының арқасы жауыр болған жер – Жауырбұрты аталған. Сол сияқты Қараоба мен Сарыоба Қарабай мен Сарыбайдың қонысы” [1], - дейді.

Алтыншы ерекшелігі – “Қозы Көрпеш” өмір шындығынан туған жыр. Оның сюжетінде ертедегі Қазақстан тайпаларының тарихымен байланысты аңыздың – ертегілік арқауларда баршылық. Себебі аңыздық арналардың көпшілігі жырдағы кісі аттарына (антропонимдерге), жырдың сюжеттік төркініне байланысты. Жетінші ерекшелігі – батырлық жырлары мен ғашықтық жырларының жанр ерекшеліктерімен анықталады. Мәселен, батырлық жырлары мен ғашықтық жырларының жанр ерекшеліктерімен анықталады. Мәселен, батырлық жырларының тақырыбы ерлік, ел қорғау болса, ғашықтық жырларының тақырыбы – сүйіспеншілік; батырлық жырларының әсірелеу (гиперболизм) басым болса, ғашықтық жырларында реализм басым; батырлық жырларында сыртқы тартыс суреттелсе, ғашықтық жырларында қазақ қоғамының өз ішіндегі әдет-ғұрып, халық өмірінің шынайы этнографиялық суреттері көрсетіледі. Дәлірек айтқанда, бұл жырлардың тақырыбы, бейнелеу тәсілі, этнографиялық болмысы реалистік рухынан қарастырылады. Осындай жанрлық ерекшеліктері бола тұрса да лиро-эпикалық (ғашықтық) жырлары да эпос дәстүрі бойынша жасалады. Сонымен, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының ерекшеліктері эпикалық дәстүрлермен, әдет-ғұрыппен, этнографиялық көріністермен тығыз байланыста ұштасып жатқандығын жырдың тарихилығы мен өмір шындығын анықтап, нақтылай түседі.

Жыр ерекшеліктерінің айқындылығы және этнографиялық көріністердің тартымдылығымен бірге, жырда эпикалық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ырымдар мен наным-сенімдер де көрініс тапқан. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының тарихи-этнографиялық мазмұнына сай, оның қайшылықтары да көзге ерекше түседі. Осы қайшылықтарға байланысты жырдың мазмұны мен этнографиялық болмыстың кейбіріне назар аударайық. Ноғайлы жұртында (Балталы, Бағаналы елдерінің ішінде) Қарабай мен Сарыбай дейтін екі бай болады. Екеуі де перзентсіз. Екі бай елсіз тауда аңда жүріп дос болады, мұндарын айтысады. «Үйдегі кісіміз жүкті» деп екеуі де буаз маралды атпайды. Әйелдері жүкті екенін біліскен соң бала тумастан бұрын іштегі балаға ежеқабыл ретімен белқұда болысады. Ұзамай сүйіншіге екі адам келіп, Сарыбайдың әйелі Мамабикеден ұл туғанын, Қарабайдың әйелі Қаракөзден қыз туғанын хабарлайды. Екі әке серттесіп, ұл мен қызды қоспақ болады. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында Қарабай мен Сарыбайдың серттесу анты былай деп суреттеледі:

Дос болды жапан түзде бек сөйлесіп,
Қайғы мұңын екеуі көп сөйлесіп.
Ақыреттік достыққа серт айтысып,
Жылапты құшақтасып құдай десіп.

Алланың әміріне көніселік,
Мөлшер ғып бала берсе көріселік.
Ұл туып қыз туғандай заман болса,
Қалыңмалсыз уәдемен беріселік.

Жырдың этнографиялық көріністерінің бірі – Қарабайдың Сарыбайға кеше кеште ыза қылған бір маралды атып беруін сұрайды. Алдындағы түбекте жатқан буаз маралды көрген Сарыбай Қарабайға жолың үлкен маралды сен ат десе, Қарабай не көрсем, мен көрейін, атып берші жазасы ақыретте болсын маған, – дейді.

Жырда этнографиялық көріністерді суреттейтін мынандай жолдар бар:

Мынау аңым емес менің жолар,
Атармыз аң кез болар, көңіл толар.
Маралың буаз екен, бата алмадым,
Келінің екі қабат кесел болар [2].

Ақырында берілген уәденің үстінде Қарабай Сарыбайға тілек айтып, маралды атқызады. Сарыбай мылтығына оғын салып маралды атқанда ессіз-түссіз құлап түседі. Буаз маралдың киесі атып, Сарыбай үйіне жетпей аттан құлап өледі. Қарабай анты бұзып, «қызымды жетім ұлға бермеймін» деп, Өлеңтінің аяғын өрлей Аягөзге көшеді. Екі жастың трагедиясы Қарабайдың «жетім ұлға қыз бермеймін», «мені жұтатын жалмауыз туыпты», «тумай жатып әкесін жалмады» деп айнуынан басталады. Осының бәрін сұмдық белгілердей танып құдалықтың, батаның, анттың бұзылуы жыр ішінде құрылатын ең алғашқы үлкен тартыс, түйін болады.

Этнографиялық деректерге қарайтын болсақ күрделі қайшылықтардың бірі – Қарабай мен Сарыбай арасындағы «құдалық» шартына байланысты тартыс. Тартыстың басталу себептері іштегі балаға ежекабыл ретімен екі байдың (Қарабай мен Сарыбай) атастыруы. Сарыбайдың өліміне байланысты бұрынғы батаның бұзылуы. Бұл фольклорлық мәтіннен шын мәнінде этнографиялық болмыстың белгілері туындайды, этнографиялық болмыс шындығынан дерек береді. Дәлірек айтқанда, Қарабайдың құдалықты бұзуынан феодалдық қоғамда жастардың тағдыры аталар қолында болғандығын және олардың қатал болғандығын танытады. Қарабайдың басындағы қайшылықтар феодалдық қоғамның ішкі қайшылықтарына байланысты. Негізгі қайшылықтардың бірі – феодалдық қоғамдағы әйелге деген көзқарастан туындайды. Себебі, феодалдық қоғамның үйлену құқы қалыңмал мен әменгерлік жүйесіне негізделген. Құда түсу және құдалықтың жөн-жоралғылары, кәде алымдары әлеуметтік адамдар арасындағы келісім шартқа байланысты. Екіншіден, құдалық заңды болу үшін феодалдық қоғамда екі жақтың бірдей дәулеті және әлеуметтік халі тең болуға тиіс. Ал Қарабай мен Сарыбай құда түскенде бір-біріне “бауыздау құда” аталып, дәулеті де, әлеуметтік халі де тең бай-сығай болатын. Үшіншіден, Сарыбай өлген соң, жетім қалған Қозы кедейленіп, дәулет теңдігі жойылады. Қарабайдың байлығы барған сайын асып-тасып, қазақтың көне салт дәстүрі мен әдет-ғұрыптың қаймағын бұзбай кедейге қыз бермеу тәртібін қолданады. Басқаша айтқанда, Қарабайдың кедейге қыз беруі мүмкін емес. Қарабайдың ақ батаны бұзуына жол беретін жағдайлардың бірі – осы дәулет теңсіздігі болып табылады. Мұның таңбасы “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының сюжетінде анық көрінеді. Оны төмендегі жырдың үзіндісінен көреміз.

Табысы Қарабайдың желдей есті,
Сұқ сұрдай сұлу Баян болып өсті
Қызымды жетім ұлға бермеймін деп,
Қарабай жұртыменен тұра көшті [3].

Жырдағы сөздің мағынасы осы дәулет теңсіздігін құдалықтың бұзылуының бір шарты болса керек. Әлеуметтік-тарихи тұрғыдан қарағанда жырдың шын тартысы – осы қайшылықтар.

Этнографиялық болмыс жағынан алып қарағанда құдалық шарттың бұзылуы – бір жағынан алғанда Сарыбайдың мезгілсіз қазасы болса, екінші жағынан дәулет теңсіздігі. Аңшылыққа қатысты осы оқиға Қарабай мен Сарыбай арасындағы осы әрекеттер негізінде этнографиялық болмыспен ұштасып жатқан өмір материалы жатыр. Қарабай характерінің даму логикасы бәсеке есепті кулық айланы жоққа шығармайды. Керісінше, осындай қалтарыс, бұраландармен күрделене түседі. Ал аңшылар Қарабай мен Сарыбай арасындағы іс-әрекеттерге негіз болып отырған оқиғалардың шындыққа қатысатынына көңіл аударар болсақ, онда жырдың бұл жерде де тарихи-этнографиялық фактіге сүйенетіндігіне көз жеткізер едік.

Жырдағы келесі қайшылық – ол Қарабайдың Аягөзге көшуі. Бұл салада этнографиялық атаулар (ономастикалық, антропонимдік, топонимдік атаулар жырдың этнографиялық негізін көрсетуге септігін тигізуге көмектесіп отырады. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы мына бір жолдардың этнографиялық ғұрыптық мәні бар:

«Дамыл жоқ та, тыным жоқ, көше берді,
Көше-көше тауысты талай жерді.
Алатаудың ар жағымен Іле барып,
Іледен тау жағалап Шыршық барды.
Одан көшіп барады Сыр бойына,
Ол жерде көп уақыт тұра алмады,
Сарыарқаны сағынып, қайта көшті,
Бетбақтың даласынан өту қайда,
Қайта көшіп, шуға әрең жетті» [4].

Шаруашылық, көшіп-қону салтанатынан жер-су аттарын, қоныс-мекенін, осыған орай Қарабайдың түбегейлі қонысы Аягөз, Алакөл, Тарбағатай, Ертіс бойы, Іле өзені, Ташкент төңірегі, Шыршық, Сыр бойы, шу өзені болғанын көреміз.

Жырдағы көрсетілген эпизодтар, эпикалық дәстүрлер мен ғұрыптар мен олардың жүйесіндегі әрбір детальдің өзі тарихи-этнографиялық шындыққа негізделгенін көрсетеді.

“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жыры көп заманнан бері келе жатқан ескі сюжет бола тұрса да, мұнда XIX ғасырдың орта кезінде қазақ даласында туған саяси-экономикалық өзгерістердің таңбасы жоқ емес. Дәлірек айтқанда, XIX ғасырдың 50-70 жылдары қазақ даласына капиталистік қарым-қатынастың элементі еніп, бұрынғы патриархалдық-феодалдық тұрмыстың ұйтқысы шайқалып, натуралдық

шаруаның іргесі ыдырай бастаған уақыт болды. Осының нәтижесінде, қазақ қоғамында жәрменке, қала, ақша, сауда, өсімқорлық, жалдамалы еңбек, жер иелену, қоныстану салты туады. Осындай өзгерістердің салдарынан әлеуметтік қарым-қатынастар да жаңғыра бастайды. Байдың жаңа типі пайда болады. Бұл саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістер қазақтың әдет-ғұрпына да әсерін тигізбей қойған жоқ. Мәселен, жаңа байлар бұрынғы ежеғабыл, бесікқұда, белқұда сияқты әдетті бұзып, құдалықтың жаңа түрін жасауға тырысты. Жесір дауы, барымта күшейе түсті.

Жырда халық тілегімен байланысты символдық жағы да кездеседі. Символмен байланысты жырда ұшырайтын ырымдар да бар. Жыр сюжетінде ислам әсері аз да, шаманизм ұғымы молдау. Миф элементі табиғатты, жан-жануарларды символдау түрінде ғана кездеседі.

Бұған мысал, ауызша айтылатын аңыздың бірінде Қозы мен Баян екеуінің бейітінің үстінен екі гүл шығады да, біріне қарай бірі созылып ұмтыла өседі. Бірақ екі ғашықтың арасына қойылған Қодардың бейітінен көк тікен өсіп, жаңағы екі гүлді қоспай айырып тұрады екен дейді. Бұлай болатын себебі Қожарды Баян қырық құлаш құдыққа түсіріп жіберіп, өзі кесекпен атып өлтірерде Қодар айтқан сөз бар: «Тірлікте екеуінді қоспап ем, өлсем де екі араңа көк тікен боп шығармын» [5] депті.

Жырда аруаққа сиыну көбірек. Өткен кезде көшпенді қазақтар ата-бабасының аруағына сиынғанда - өлі аруаққа және тірі аруаққа сиынған. Өлі аруаққа (кәміл пір, Бабай түкті), тірі аруаққа (кие, кесір, көзету, алғыс, қарғыс, ақ бата, ақ сүт, теріс бата, үлкенді қасиеттеу, әйелдің ер жолына құрбан болуы) сияқтыларды жатқызған. Жырдан аруаққа сиынудың осы екі түрін кездестіреміз. Олар Қарабайдың 90 саба қымызды төгуі және Қозының анасының теріс батасына душар болуы. Мысал келтірейік. Қарабай өлі аруаққа сиынып, бақи болып құдасы Сарыбайға бата етпекші болып, 90 саба толтырып, қасына тұрғын ертіп, Сарыбайдың ауылына жақын келеді. Қасындағыларына тұра тұрындар деп өзі ауылға жалғыз жүріп кетеді. Белдеуге Бақа айғырын іліп, ақ ордаға кіреді. Жөргектегі баланың бетін ашып (Қозының), ай жүзін көріп, қатты сасады. Мені жұтар жалмауыз туыпты деп, Бақа айғырға міне қашады. Жолдастарына келіп, бармаймын, бәрің де ауылға қайтыңдар деп, тоқсан сабаны бір сайға жарып төгеді. Ақты төгеді, ақ ниеттен таяды. Ақты төгу, ант бұзу қазақ ұғымында үлкен кесепаттық.

Символдың келесі түрі – төрт түлік малды, анды символдау. Дәлдеп айтқанда, Қозы мен Баянды табыстыратыны малдан қоңыр тоқты, құстан бозторғай. Қозы мен Баянды шөлде өліп жатқан жерінен тірілтіп алып, еліне апаратын Бақа айғыр. Бұлар ұнамды символдар. Жырда төрт түлік мал “жақсылық” бейнесінде көрсетілсе, ал мыстан, қасқыр, сауысқан, қара торғай, түлкі символы “жамандық” тұрғысында аңыздалады.

Бұл құбылыстардың мән-мазмұнын талдай отырып, жырдың қайшылығын және оның көркемдік қуатын аңғарамыз. Бұлай дейтініміз жыр феодалдық қоғамның үйлену салтындағы зор қайшылықты Баян мен Қозының трагедиясы арқылы дұрыс жинақтай білген және қазақ қоғамының өткендегі өмірін, тұрмыс-тіршілігін, оның әлеуметтік қайшылығын реалистік негізде дұрыс көрсете білген. Өзінің осы реализмі, идеясының халықтығы жағынан ол шын мәніндегі фольклорлық, географиялық, этнографиялық элементтері көрініс тапқан энциклопедиялық эпос және күрделі жанр.

Жырдың негізгі идеясы әйел басындағы теңсіздікпен байланысты болғандықтан бірінші орынға Баян образын қойдық. Неліктен Баян жырдың ең басты геройы болып табылады? Оның азатшылдығы неде? Баянның өзінің адамдық сезіміне берік болуы, әкесі Қарабайдан да, жәһіл Қодардан да безуі, Қозы жағына шығуы, ұлы махаббат батыры болуы – міне осы адамгершілік қасиеттер Баянның азаматшылдығын көрсетеді. Осы қасиеттер Баянды жырдың ең басты қаһарманы ретінде бейнелейді. Отбасы жағынан қарағанда Баян атақты бай Қарабайдың қызы. Дей тұрғанмен де Баянның бейнесі халық арманының символына айналған тұлға. Баян ақылды, өр мінезді қыз. Өзінің сүйіспеншілік сезімін ажалдан да жоғары бағалайды, оған кір жұққызбайды. Оның махаббат жолындағы қасиетті ерлігі жер жүзі дастандарында, ең көркем үлгілерде ғана ұшырайтын зор қасиет болып суреттеледі.

Жырда эпикалық дәстүрлер феодалдық феодалдық қоғам салтымен ұштасып, оқиғалардың этнографиялық болмысы мен қырлары айқын көрініс тауып жатады. Бұлар әсіресе Қозының шыққан ортасы, әлеуметтік жағдайы тұрмыс-тіршілігі, іс-әрекеттері, Баянға деген махаббаты, өзінің тұлғасына сай қайрат-жігері, адамдық санасы жырдағы этнографиялық деректерден көрініс табады.

Жырда этнографиялық материал бата беру, оң сапар айту салтын көрсеткен этнографиялық сюжетке айналады. Жырдағы көрсетілген бата элементтері түгелдей тарихи этнографиялық ақиқаттар беретін мәліметтерге сай келетіні сөзсіз. Бұларға этнографиялық тұрғыдан қарасақ ертеде қазақта алыс сапарға аттанарда, тіпті жай уақытта да «жылқысын – Қамбар атаға, түйесін – Бейіс бабаға, қойын – Шопан атаға тапсыру ғұрпы» бар. Мал-дәулеттің бәрін тәрк етеді. Осы сюжетті этнографиялық жолмен талдайтын болсақ көне қазақ дүниетанымы бойынша адамның ісінің оңға басуы,

арманының орындалуы үшін үлкендердің рұқсаты, рухани қолдауы қажет. Ал бұл қолдау бата арқылы іске асырылады. Бата қазақ халқының ғұрпында адал ниет, ақ тілек білдірудің бір түрі.

Сонымен, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ерекшеліктеріндегі, дәстүрлеріндегі, этнографиялық көріністеріндегі қазақтың көне әдет-ғұрпына, салт-санасына, дүниетанымына, заттық және рухани мәдениетіне байланысты этнографиялық деректердің кейбірін қарастырдық. Қазақ этнографиясын зерттеуде фольклор өте құнды дерек көзі болып табылады. Бұл жөнінде фольклортанушы-ғалым Р. Бердібаев «тарихтың хатқа түспеген кезеңдеріне келгенде кейде фольклор мұрасы бірден бір құжатты тіректің орнында жүретіні оның мәнін есесін арттырады, онда «замандар шындығының» өзге ешбір деректерден таптырмайтын елесі жатады» [6] – деп айтқан пікірімен әбден қосылуға болады.

1 Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Сарыарқаның кіндігі екендігін. Қазан. 1907. - 3 б.

2 Қозы Көрпеш-Баян сұлу. – Алматы: Жазушы, 1988. 14-б.

3 Қозы Көрпеш-Баян сұлу. – Алматы, 1959. - 241 б.

4 Қозы Көрпеш-Баян сұлу. – Алматы: Жазушы, 1988. 6-б.

5 Әуезов М. Әр жылдар ойлары.–Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. -301 б.

6 Бердібаев Р. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1993. 5-б.

Резюме

Сюжетно – этнографические источники произведения “Қозы Көрпеш Баян Сулу”

Толубаева Г.М. – доктор исторических наук, профессор КазНПУ имени Абая

Автор в этой статье отмечает что “Қозы Көрпеш Баян Сулу” является лирическим произведением казахского народа, которое появилось раньше остальных и имеет важную роль в качестве исторического источника. Автор направлен на то, чтобы определить роль и место лирического произведения в качестве сюжетного источника. В каждом веке в разной среде любовь воспевалась под влиянием внешних факторов, таких как воспитание общества, сознание человека, обычаи и традиции, знание и мировоззрение. Из лиро-эпических произведений “Қозы Көрпеш Баян Сулу” играет особую роль по этнографическому бытию и эпической традиции. Автор упомянул, что в произведении “Қозы Көрпеш Баян Сулу” тесно связаны эпические традиции, этнографические события, названия. Явления составляющие особенности произведения являются разными, сложными и огромными. Вокруг произведения четко видны фольклорные и этнографические действия, эпические традиции и этнографические события.

Ключевые слова: жанр, лиро-эпос, обычаи и традиции, этнография, легенда, фольклор, героическое произведение, лирическое произведение

Summary

The plot - ethnographic sources composition "Kozy Korpesh Bayan Sulu"

Toleubaeva G.M.- Professor, Doctor of Historical Sciences Kazakh National University named after Abai

The author in this article points out that "Kozy Korpesh Bayan Sulu" is a lyrical composition of the Kazakh people, which appeared before the others, and it occupies an important role as a historical source. The author aims to define the role and place of lyrical compositions as a source of the plot. In every century in a different environment, love sung under the influence of external factors, such as the education of society, human consciousness, customs and traditions, knowledge and outlook. From liro- epics "Kozy Korpesh Bayan Sulu" occupies a special role in ethnographic being and epic tradition. The author mentioned that are closely related to the tradition of epic composition "Kozy Korpesh Bayan Sulu", ethnographic event name. The phenomena constitute the product features are different, complex and huge. Around the works can be seen clearly folkloric and ethnographic action epic traditions and ethnographic events.

Keywords: genre, lyric-epos, customs and traditions, ethnography, legends, folklore, heroic composition, lyrical composition

**АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ
АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY**

УДК 903/904 (574)

**ИССЛЕДОВАНИЯ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ПАМЯТНИКОВ В ДОЛИНЕ Р. ОЙЫЛ
В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ**

Ахатов Г.А. – докторант PhD

В результате разведочных работ долины р. Ойыл в Западном Казахстане выявлены и обследованы новые памятники эпохи средневековья. Памятники представлены погребальными сооружениями, возведенными из жженных и сырцовых кирпичей. По архитектурному типу один из исследованных памятников относится к типу мавзолеев, квадратных в плане, с основным помещением - квадратной гурханой, в котором располагается склеп с захоронением. Результаты археологических исследований показали, что бассейн р. Ойыл, является одним из перспективных районов для поиска и исследования памятников оседлой и городской культуры эпохи средневековья.

Ключевые слова: некрополь, эпоха средневековья, погребальные сооружения, культура, мавзолей, архитектура.

В научной литературе встречаются отрывочные сведения о наличии в долине р. Ойыл стационарного поселения или города, представленного остатками построек, сложенных из кирпичей, а также оросительными каналами [1, с.127].

Одним из задач исследований проведенных в последние годы разведочных работ явилось уточнение местонахождения отмеченного в научной литературе т.н. «Маулибердинского городища» в долине р. Ойыл.

В результате работ выявлены и обследованы ряд средневековых археологических памятников, в основном представленных погребальными сооружениями [2].

Погребальные сооружения, фиксируемые в виде курганнообразных холмов, высотой до 2 м, диаметром до 50 м. расположены, как правило, на вершинах сопок и естественных возвышенностей. На насыпях холмов среди обломков жженных кирпичей, встречаются фрагменты плиток с голубой поливой, фрагменты керамики. Среди них мавзолеев Шоптыколь, некрополи Шоптыколь II, III, Сангырык I, II.

Археологические исследования проведены на некрополе Шоптыколь II и Сангырык I²⁷. Некрополь Шоптыколь II расположен на правом берегу р.Ойыл, на вершине естественной возвышенности, в 3,5 км на юго-запад от п. Карасу Уилского района Актюбинской области. После половодья большинство здесь рек пересыхает. Поверхностные воды стекают в микропонижения или замкнутые впадины с солеными озерами, зарастающее ковылем и тростником. Отсюда местность, где располагаются памятники носит название «Шоптыколь» что означает «озеро, заросшее травой».

Географические координаты некрополя Шоптыколь II: N: 48°48'39,8 E: 054°24'56,4

Некрополь состоит из 11 курганнообразных холмов, округлых и прямоугольных в плане форм, скрывающих под собой остатки архитектурных сооружений, возведенных из жженных и сырцовых кирпичей. На поверхности и у основания насыпей зафиксировано значительное количество обломков красного жженого кирпича, кирпичей с бирюзовой поливой.

Для исследования был выбран центральный холм некрополя, выделявшийся своей наибольшей сохранностью и размерами. Он расположен в цепочке курганнообразных холмов, ориентированных по линии С-СЗ-Ю-ЮВ. Высота холма составляла около 2 м., диаметр 42 м. Насыпь опоясывает небольшой ров, ширина которого составляет около 5-6 метров.

В процессе снятия верхнего дернового слоя на глубине 0,2 м были зафиксированы обломки жженных кирпичей, мелкие фрагменты глазурованных кирпичей и остатки алебастрового раствора.

²⁷ В археологических исследованиях принимали участие научные сотрудники Ошанов О.Ж., Книсарин Б., Туртулов А.Н., Алдабаев С.

Далее в южной части холма фиксировался развал из жженого кирпича, под которым, залегали обломки сырцовых кирпичей.

Проведенные наблюдения позволяют предположить, что эти развалы образовались вследствие разрушения фасадной части сооружения. Видимо, как и другие сооружения из обожженного кирпича, остатки мавзолея подверглись разрушению с целью получения строительных материалов. Именно в это время, скорее всего, была вскрыта погребение и разрушена внутримогильная конструкция. Дальнейшее разрушение памятника относится к новому времени, когда кирпичи с мавзолея были использованы для строительства более поздних погребально-культовых сооружений. Некоторые аналогичные по форме жженные кирпичи были обнаружены при проведении разведочных работ на близлежащих некрополях датируемых XV-XVI вв. [3; 4] При расчистке обнаружены различные фрагменты жженных фигурных кирпичей, фрагменты плиток с растительными и геометрическими орнаментами, украшавшие, когда – то интерьер фасадной части постройки. Некоторые фрагменты представляют собой обломки изразцов, шести или восьмигранной формы, лицевая часть которых покрыта толстым стекловидным слоем голубой глазури. На лицевой части одной плитки имеется рельефный покрытый бирюзовой поливой растительный орнамент, представленный в виде трехлистника, окаймленного бордюриком по контурам изразца.

Дальнейшие раскопочные работы показали, что верхняя часть стен, и конструкция надмогильного сооружения подверглись разрушению.

Мавзолеем прямоугольный в плане формы, однокамерный. Его размеры составляют: северная стена - 8,70 м, западная и восточная стены - 9,80 м. Сооружение возведено без фундамента. Кладки жженных кирпичей положены на выровненную площадку материка.

Длинная ось постройки ориентирована ЮЗ-СВ. Юго-западная стена была оформлена в виде портала, о чем свидетельствует сохранившаяся кладка жженных кирпичей в южной части мавзолея. Она видимо была толще, чем остальные стены постройки толщиной 1,80 м.

Три стены мавзолея за исключением южной стены хорошей сохранности, особенно нижние ряды кладки, достигающие в высоту до 14 рядов жженных кирпичей. Стены сложены из жженных кирпичей в чередовании с сырцовыми кирпичами серого цвета, хорошего качества, скрепленных глиняным раствором коричневого цвета. Внешняя часть стен состоит из аккуратно уложенных в перевязку квадратных кирпичей формата: 24 см х 24 см х 5 см в два ряда. В нижней части стен в связке встречаются кирпичи формата 23 х 11 х 5 см. Серединная часть стен была выложена из кирпича, формата 21 х 21 х 5 см, в четыре ряда. Во внутренней части стены мавзолея использованы кирпичи стандарта 24 х 24 х 5 см в два ряда. В завале вокруг стен мавзолея встречаются фрагменты жженных кирпичей различных форм. В целом, при возведении мавзолея использованы жженные кирпичи следующих размеров и форм: квадратные – 33 – 29,5-28 х 5,5 – 6 см; 30,5 – 32,5 х 6 - 6,5 см; 24,5 х 24,5 х 5 см; 30 х 25 х 5 см; прямоугольные - 22 х 12 х 6 -7 см; 22 х 12,5 х 6-7 см; 23 х 11х 5 см; трапециевидные (встречены фрагменты) - 31,5 х 25,5 х 6 см; фигурные (со скошенными гранями, встречены фрагменты).

Поскольку фасадная часть постройки, подверглась наиболее тщательному разрушению, не удалось проследить ширину и глубину входной ниши в портале. На прилегающей с южной части к мавзолею территорий, видимо, была расположена прямоугольная в плане ограда, площадью, примерно, 15х20-25 м стены которого, сложены из квадратных жженных кирпичей. Аналогичные дворы, располагаемые перед главным фасадом в свое время расчищены перед мавзолеем Жошыхана на Улытау в Центральном Казахстане (XIV в.) [5, с.18-20]; «Большим мавзолеем» (сер.XIV в.) некрополя городища Жайык в Западно – Казахстанской области [6, с.172]

Юго-западный и юго-восточные внешние углы сооружения разрушены, видимо вследствие разрушения порталной части. Это хорошо прослеживается в разрезе заложенном с внешней стороны западной стены, ближе к юго-западному углу сооружения, где фиксируется постепенный развал и четкая кладка из кирпичей в южную сторону.

Вход ориентирован на юго-запад. Ширина входа в центре порталной ниши составляла примерно 0,7 м. Основное помещение являвшееся «гурханой» в плане квадратной формы, площадь его составляет: 5,10 м х 5,10 м. Внутренняя часть стен гурханы была обмазана алебастровым раствором, толщиной до 1 см. Остатки алебастрового раствора хорошо сохранились в юго – восточном и юго-западном углах помещения. Оформление штукатуркой внутренних стен встречается часто в средневековых мавзолеях [7, с.205].

Пол был вымощен в один ряд квадратными жженными кирпичами, следующих размеров: 20,5 x 21 x 5 см; 21 x 21 x 5 см; 20 x 20 x 5 см. Кирпичи пола были почти полностью выбраны. Сохранились отдельные небольшие участки выстилки квадратным кирпичом в юго-западной, юго – восточных углах и центральной части помещения. Вдоль южной, западной и восточной стен был уложен один ряд прямоугольных кирпичей.

До полной расчистки у северной стены помещения на глубине 30 – 40 см был отмечен завал из обломков сырцовых кирпичей, фрагментов битого кирпича и известкового раствора, занимающий чуть меньше половины площади помещения. Он был образован обрушившейся вовнутрь верхней частью северной стены. В слое завала при расчистке были обнаружены отдельные фрагменты костей погребенного – фрагмент черепа, фаланги пальцев. Ближе к северо-восточному углу помещения найден крупный фрагмент нижней челюсти животного. Отдельные фрагменты костей животных были разбросаны по площади пола помещения. В юго – восточном углу помещения был обнаружен фрагмент ручки керамического сосуда. Погребение совершено в центральной части гурханы, ближе к северной стене. Погребение было потревожено. Конструкция надмогильного сооружения была разрушена, над могильной ямой не было зафиксировано кирпичной вымостки пола. Видимо, она была разрушена до того, как данную часть помещения завалило разрушившейся частью (северной) стены.

Могильная яма глубиной 1 м., длиной 2,2 м., шириной 1,3 м. ориентирована длинной осью В-З. В заполнении могильной ямы встречены обломки жженных и сырцовых кирпичей, мелкие фрагменты глазурованных плиток, мелкие фрагменты костей погребенного и животных.

В могильной яме отсутствует большая часть костей скелета погребенного. На глубине 85 см от дневной поверхности обнаружены, лишь берцовая кость и часть нижней челюсти.

Внутримогильная конструкция выглядела следующим образом, западные и восточные стенки могильной ямы (короткие), были обложены жженными кирпичами, сохранившиеся фрагменты кирпичей кладки в высоту составляют 4 ряда. В северной (длинной) стене имеется т.н. «запличик», шириной 35 – 40 см, устроенный на высоте 25 см от уровня дна ямы.

Над погребением было воздвигнуто надмогильное сооружение, в виде суфообразной вымостки, в высоту кладки примерно 3-4 ряда, которая примыкала к северной стене, о чем свидетельствует сохранившаяся кладка кирпичей в два ряда. К сожалению, не удалось проследить была ли устроена суфообразное надгробие от стены до стены, т.е вдоль северной стены от западной до восточной стены.

Видимо, надмогильная конструкция, была богато украшена. Среди находок встречаются фрагменты декоративных плиток, с бирюзовой поливой на поверхности.

По архитектурному типу этот погребальный памятник относится к типу мавзолеев, квадратных в плане, с основным помещением - квадратной гурханой, в котором располагается склеп с захоронением, над которым было надгробное сооружение, в виде суфообразной вымостки.

Судя по значительной толщине стен мемориальной постройки, обнаруженным жженым кирпичам различных форм (треугольных и трапециевидных форм), кирпичам со скошенными краями можно предположить наличие купола, покрытого голубыми глазурованными плитками.

Отдельные элементы декора фасадной части сооружения восстанавливаются по обнаруженным фрагментам облицовочных глазурованных плиток с растительными и геометрическими мотивами, украшавшие, видимо, П-образный пояс портала и входную нишу.

На основании полученных материалов памятник датируется второй половиной XIV вв.

Среди исследованных золотоордынских мавзолеев однокамерные являлись преобладающими. Исследователями отмечается, что однокамерные мавзолеи в свою очередь подразделяются на под типы в зависимости от особенности устройства портала (с узким арочным порталом, с широким и глубоким (шире или равно ширине фасада) порталом-пештаком и т.д.) [8, с.110-119]. Наиболее распространены они были в Поволжье [9, с. 74-89], известны с территории Северного Кавказа [10, с. 262-265.].

Некрополь Сангырык I (название условное) расположен на правом берегу р.Ойыл, в 6 км южнее п. Коптогай. Памятник состоит из четырех курганнообразных холмов, расположенных по линии СВ-ЮЗ. На поверхности насыпи по целыми и обломками жженных кирпичей. Раскопками исследован курганнообразный холм (№3), округлой в плане, размерами диаметром 16 м, высотой 0,40 м от дневной поверхности. Мавзолей квадратный в плане, размерами 6 м x 6,20 м. Стены толщиной 1 м, сложены из жженных кирпичей вперемежку с сырцовыми кирпичами. Пол мавзолея выложен сырцовыми кирпичами вперемешку со жжеными. Внутренняя площадь мавзолея составляет 4,40 м x 4 м.

Вход оформлен в юго – западной части. При полной расчистке внутренней части мавзолея на уровне пола обнаружено пять погребений (из них одно детское) выделявшиеся надмогильными конструкциями. Конструкции представляли собой сооружения типа саркофага из положенных друг на друга от трех до пяти рядов кирпичей, скрепленным желтовато-зеленым раствором. Одно сооружение выложено из сырцового кирпича, с положенными сверху жжеными кирпичами обмазанных алебастром, и присыпанных мелом. В мавзолее раскопано и исследовано два погребения, совершенные в грунтовой могильной яме в погребальной камере. Основное погребение расположено у северной стенки мавзолея, второе погребение располагается в ЮЗ углу мавзолея. Погребенные ориентированы головой на запад.

Инвентарь в погребениях отсутствует. При расчистке погребальных камер обнаружены фигурные кирпичи изготовленные, видимо для купола мавзолея. Найдены кирпичи с рисунками и с сохранившейся поливой на поверхности.

При возведении мавзолея использованы жженные кирпичи следующих форматов: 21 x 21 x 5,5 см; 23 x 23 - 20 см x 5 см; 23 x 11 см; 20 x 10 см x 5 см; под трапециевидной формы, размерами: 21- 24, 5 см x 24 x 6,5 см, фрагменты глазурованных кирпичей. Предварительно мавзолей датируется в пределах XV – XVI вв.

Результаты археологических исследований показали, что бассейн р.Ойыл, является одним из перспективных районов для поиска и исследования памятников средневековой оседлой и городской культуры. Отмеченного в литературе «Маулибердинского городища» пока не обнаружено. Однако обнаруженные в последнее время в долине р. Ойыл средневековые некрополи, позволяют предположить о наличии стационарного поселения или города.

1 Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды., Москва, 1985. - С.127

2 Ошанов О.Ж., Книсарин Б.А. Новые материалы своду памятников истории и культуры Актюбинской области: Уйлский район // Отчет об археологических исследованиях по государственной программе «Культурное наследие» Алматы, 2007. – С.214-216

3 Есеп Ескерткіштер Тізімі бойынша Ақтөбе археологиялық тобының 2006 жылы Ойыл ауданында атқарған жұмыстары, Алматы 2006 ж., Архив ИА МОН РК.

4 Отчет по теме: «Поиск и исследование средневековых памятников Актюбинской области», Алматы 2007, рукопись Архив ИА МОН РК.

5 Отчет по теме: Археологические исследования некрополей Алаша-хана и Жошы-хана для последующей реставрации и музеефикации. Алматы-Караганда, 1998. Рукопись. Архив ИА.- С.18-20

6 Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ахатов Г.А. Некрополь Уральского городища // Вопросы истории и археологии, Уральск, 2002. - С.168-184

7 Матов. А. О развалинах Балгасын. Тургайская газета. 1897г. №124 и 125. Труды Оренбургской ученой архивной комиссии выпуск XXX том XXX, 1914. - С 201-210.

8 Д.В. Васильев. Мавзолей Золотой Орды: Географический обзор и опыт типологизации // Ученые записки Астраханского государственного университета, Астрахань, изд-во АГУ, 2003. - С.110-119.

9 Егоров В.Л. Мавзолей Водянского городища // Советская археология, 1980, №1. – С.74-89

10 Ртвеладзе Э.В. Два мавзолея золотоордынского времени в районе Пятигорья // Советская археология 1969, №4. - С.262-265.

Түйіндеме

Батыс Қазақстан облысы Ойыл өзенінің маңындағы ортағасырлық ескерткіштерге зерттеулер Ахатов Ғ.А.

Батыс Қазақстан аймағындағы Ойыл жазығындағы ортағасырлық ескерткіштеріне жүргізілген зерттеулер
Мақалада Батыс Қазақстан Ойыл жазығындағы барлау жұмыстарының нәтижесінде табылған ортағасырлық ескерткіштерге жүргізілген жұмыстар жайлы. Ескерткіштердің қатарына күйдірілген және саздан жасалған кірпіштен тұрғызылған қорымдар кіреді. Сәулеті төртбұрышты болып келген көрхананың ішінде жерленген мәйіт бар. Археологиялық зерттеулердің нәтижесі бойынша Ойыл өзені жазығы отырықшы және қалалық мәдениеті бар ортағасырлық ескерткіштерді іздеу және зерттеу үшін болашағы бар аймаққа жатады.

Түйінді сөздер: оба, орта ғасыр кезеңі, жерлеу құрылысы, мәдениет, кесене, сәулет.

Summary

Researches of medieval sites in the valley oiyl river in western Kazakhstan Akhatov G.A.

The remains of few new discovered architectural complexes which relates to the Middle Ages were revealed and documented as result of prospecting works in the Valley of the Oiyl River in Western Kazakhstan. These sites represents by the funeral constructions built from burned and adobe bricks. By its architectural type one of the studied monuments belongs to the type of mausoleums, which are square in the plan, with the main room – the square

Gurkhana in which the crypt with burial settles down. Results of archaeological researches have shown that the Basin of the Oiyl River, is one of perspective areas for the surveying and research of architectural monuments of the Middle Ages of settled and city cultures.

Keywords: necropolis, Middle Ages, funeral constructions, culture, mausoleum, architecture

ӘОЖ 398;801.8

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҚАМШЫНЫҢ РӨЛІ

Ж. Әділханова – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушысы adilhanova2011@mail.ru

Қ. Арыстанбекова – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушысы, dankura@mail.ru

Мақалада қазақ этномәдениетіндегі қамшының атқаратын маңызы туралы айтылады. Ата-бабалардан мирас болып бізге жеткен, ұлттық мұрамыз болған қамшы жаугершілік заманда қару болумен бірге, қаншама қызметке жүргені туралы айта келе, авторлар оның халықтық мәдениеттегі ролі, түрлері, қолданысы жайында жан-жақты тоқталады. «Қамшы» сөзінің қолданыстағы жан-жақты мәні туралы қанатты сөздер мен мақал-мәтелдердің мазмұнына түсінік беріледі. Тура мағынадағы, астарлы мәнді сөздерге тоқталып, оларды сөз тіркестерімен байланыстырғанда мағыналық өзгерістеріне мысалдар келтіріледі. Тұрмыстағы қолданылатын қамшының түрлері сараланып, олардың ерекшеліктері талданады. Ұлттық құндылық болып танылатын барлық қасиетіне тоқтала отырып, авторлар бүгінгі күнгі жастарымыздың осы бағыттағы танымын кеңейтуге ықпал жасайды. Бүгінгі күнгі ұмытылып бара жатқан жәдігерімізді қастерлеп, құрметтеуі керектігі айтылады.

Түйін сөздер: Этномәдениет, қамшы, ата-баба мұрасы, ұлттық жәдігер.

Көне заманнан біздерге ескінің көзіндей болып жеткен, «елім-жерім» деп атқа қонған батыр бабамыздың қолына ұстаған, жауына айбаты, ер жігіттің қайраты болған құнды жәдігерлердің бірі – қамшы. Қарапайым қамшының сырын ашу, оны зерттеу ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігіндегі әрі қызықты, әрі терең мәні бар қажетті мәселе екені анық. Қамшыға қарапайым қолданыс құралы ретінде қарауға әсте болмайды. Ол – «дала данышпаны» атанған дана бабамызбен бірге жасап, айнымас бөлігіне айналып, салт-дәстүрінен орын алып, қадір-қасиетін жете бағалаған, тұрмысында төрден орын берген қасиетті бұйым. Өткен замандардағы түсінік бойынша – «қамшының ұшар басында, алақанында пәле-жаладан, ауру сырқаудан қағатын құдірет ұялайды» – деп түсінген. Сонымен қатар ел мен жер үшін болған жаугершілік заманда жауға шапқан батыр бойына бес қаруын асынып, жауға шабар сәтінде ауызына қамшысын тістеп шапқан деседі. Ел түсінігі бойынша – «қамшы ер жігіттің бойына күш-қуат беріп, қарсыласынан айбатын асырып, жаудың мысын басады» деген түсінік болған. Бұл, әрине, қиял емес, сөзсіз шындық. «Қамшы – ұстаған адамның қайрат-қуатын арттырып, жамандықтан, тіл-көзден сақтап жүретін қазақ мәдениетінің киелі сыйы» – деп таныған. Сал-серінің серілігін танытатын, отағасының отбасының қорғаны екенін танытатын, қазақ шаңырағының төрінде ілулі тұратын қамшыны көргенде: таспадай тіліп өтетін тілі бар, қазақтың қанына біткен қайсарлығы бар азаматтың шаңырағы екендігін түсіндіреді. Міне, нағыз байлық, нағыз ұлттық құндылық. Тілге тиек етіп баяндап кеткен ол өткен ғасырларымыздың өшпес естеліктері. Ал, бүгін ше? Жаңа заман адамы сол – қадірлі де қасиетті қамшыны қолына да алмайды, не отауының төрінен орын бермей, отқа жақты десе де болады. Жаңа түсінік бойынша, қазір дамыған заман, қамшыны алыс ауылдарда, атқа мінгендер ұстамаса, бүгінгі қалалық жерде бізге керек емес деген пікір айтады. Бір ауыз сөзбен айтқанда, өткенге оралудың не қажеті бар? Сонда бабаларымыздың түсінігі қате, ол жаңсақ пікір, олардан гөрі біз жақсы білеміз деп ойлайтындай көрінеді. Алға жылжу үшін, осы заманғы қарыштап дамып жатқан елдерге еліктеп, солардың соңынан еруіміз керек екен. Сонда ғана біз заман көшіне ілесеміз. Ескіліктің бәрін тастап, жаңа өмір бастауымыз керек. Ал, жарайды бұл да бір ақылға қонымды пікір болар. Ой жүгіртіп көрейік. Мысалға, қазір бар ғаламшарды өз тілінде сөйлетіп отырған, әлемді алға сүйреуші елдердің бірі атанып, өздерін «Европалықтар» деп атауға қор санайтын, одан гөрі «Британдықтар» деген сөзді биік санайтын ағылшындарды алайық. Ірілі-ұсақты аралдардан құралған бұл мемлекет бүгінде, тарихы мен бүгінгі күнін қатар ала отыра алға жылжуда. Қалаларының барлығын дерлік аспан астындағы мұражай десе де болады. Кешегі тарихы бүгінге жәдігер болып жеткен. Барлығы асыл қазына, баға жетпес мұра ретінде сақталған. Астанасы – Лондон. Белгілі жазушы Қ.Жұмаділов өзінің ғұмырнамалық «Қылкөпір» шығармасында былай дейді: «Лондон

қаласында қала аралық таксидің салоны басқа машиналардан жарты кез биік. Неге олай дейсіз ғой? Ағылшын ақсүйегі әлі күнге дейін жиынға не тойға барғанда бастарына қоқырайған «цилиндр» киеді. Бас киімдері таксидің төбесіне тиіп қалмауы керек. Егер экономикалық жағын ойлағанда, машинаның салонын биіктеткеннен гөрі, шляпаның төбесін аласартқан әлдеқайда тиімді болар еді. Бірақ экономика ғылымын өздері ойлап тапқан ағылшындар ондай қараулыққа бармайды. Өйткені олар үшін Британия дәстүрінен, ұлттық ерекшеліктерінен жоғары тұратын еш нәрсе жоқ» [1,69-б.]. Бұл бір ғана мысал. Бұл дамушы елдердің алдыңғы қатарындағы, шоқтығы биік елдердің бірі. Міне, дамудың құпиясы, өрлеудің жолы осы. Ал бізде сол кішкене ғана қамшының өзін ұят-ар санап, ұлттық оюлы шапанымызды менсінбейтін халдеміз. Атам қазақтың жүріп өткен жолында, тереңінде елбасымыз айтқандай ұялатын жайттар болған емес. Дала данышпандары ақылдылық пен көрегендіктің озық жолымен жүріп, тарих сахнасында өзіндік жолы бар ел болып еді. Ал біз не себептен ата-баба мұрасын қадірсіз дүниеге балап, ар көретін дәрежеге жеттік? Сол ұлттық құндылығымыз болмаса, біздің қазақтығымыз, қазақ екенімізді қайдан біледі? Қазірде барлығымыз туристік сапармен шет елге барып, ел көріп, жер көріп қыдыруға құштармыз. Ұмытпайық, бір замандарда, бәрі керісінше болған. Өзге елдің саяхатшылары біздің қонысымызды көруге асыққан, күнделікті тұрмыс, салт-санамызды көріп, таңдай қаға, жарыса жазды емес пе? Кешегі Герадот, Помпей Торг одан берісі Рубрук пен Рузбихандар. Ол кезде өзгеге еліктегіш, рухсыз ел емес, өзінің даңғыл жолы бар дана ел едік.

Доспамбет жырау жырлаған: «Бүлдіргісі – бұлан терісі, өрімі – құнан білдің қайысы, шырмауығы алтын сабы – жез» қамшыны бүгіндері қалай қолданамыз»[2,93-б.]. Бұрындары, сөз сұрағанда немесе көп сөйлеп, өзгеге сөз кезегін бермегенде, болмаса орынсыз билік атқан әумесерлікке қамшыны пайдаланған. Алқалаған қауымның алдында қамшы тастау осындай жағдайда қолданылды. Осы күндері сөз сайыс, дебат деп те айтып жатамыз, өткізіліп жатады. Нағыз қызу шайқас, пікірлер таласы. Бірақ, мұндай мазмұн біздің бұрынғы қоғамда болмаған, өзгеден үйреніп, қабылдағанымыз. Сол пікірталас сайысына қамшымызды пайдалансақ. Сырт көзбен қарағанда бірден ерекше, тартымды көрініс. Қамшы тастай отыра сөз кезегін алу. Қазақтықтың иісі аңқиды. Өте қарапайым, ұлттық нақыштағы көрініс болар еді. Қамшы тастау дегеніміз, анығында, тастаушының – «мен қамшы сермеймін, міне тастадым, сөзбен түсінсейік, жауласпайық», – деген мағынаны береді. Қамшы тасталғаннан кейін ешқандай қарсылықсыз, сөз кезегі берілетін болған.

Қамшының құрылысы үш бөліктен тұрады: сабы, алақаны, өрімі. Алдымен, сабына тоқталып өтейік. Қамшыға сапты ел арасында көп қолданылатыны – тобылғы, еліктің аяғы және мүйіз пайдаланылады. Көбінесе қолданыста – тобылғы сапты қамшы. Тобылғы қазақ жерінің нулы-сулы, тоғайлы жерлерінде, ашық далаларда да көптеп кездеседі. Осы топталып өсетін ағаш келе-келе қатайып, темірдей берік болады және ыстық, суыққа төзімді, жарылмайтын беріктігі жоғары болады. Тобылғының қамшыға сап дайындайтын мерзімі желтоқсан айы. Осы кезде өсімдіктердің жерден нәр алуы тоқтатылады, міне осы кезде оны, кесіп, керегінше дайындайды. Ел арасындағы аңыз бойынша қамшы сабының ұзындығы бес тұтам болады дейді. Ертеде қамшы сапқа бара жатқан жігітке жолда алдынан бір кісі жолығып, сонда былай деп сөйлескен екен:

Ассалаумағалейкум!

Уағалейкумассалам!

Қайда барасың?

Қамшы сапқа

Мағанда.

Осы бес ауыз сөйлем арқылы қамшы сабының ұзындығының белгілеу кеңінен таралған. Бірақ, түр-тұлғасына байланысты өзгеріп те отырады. Қамшы сабының тобылғыдан жасалуы тек оның шыдамдылығы мен беріктігіне байланысты емес. Халқымыздың сөздік қорына үңілетін болсақ, бата тілек айтқан кездерде: «Тобылғыдай топ болып өс! Тобылғыдай табысың мол болсын! Балаларың тобылғыдай тобырлы болсын!» – деген сөздер кездеседі [3,31-б.]. Тобылғы сапты қамшының көп қолданылу себебі, елік сапты мен мүйізден жасалған қамшыны тек үлкен, бала-шағасы өсіп-өнген кісілер ұстаған. Тобылғы қамшыны жастарға: өсіп-өн, көркей – деген тілекпен сыйға берген. Елік сапты, тұяғы бар қамшыны жас адамдардың ұстауы жаман ырымға баланған.

Екінші бөлігі – алақан. Бұл сабы мен өрімін жалғап тұратын бөлігі болып табылады. Былғарының ең қалың, берік түрі таңдалады. Алақанына көбінесе, тастар орнатып, әшекей жапсырып, ою-өрнек салып, көркемдеп қояды. Қамшының ұшар басы мен осы алақанында пәле-жаладан сақтайтын құдірет ұялайды деген сенім қалыптасқан.

Үшінші бөлігі – өрімі. Өрімге шикізат көзі ретінде өгіз бен жылқының терісі пайдаланылады. Жақсылап өңделген теріден әркім өзі қалаған қалыңдықта таспа тіліп алады. Ең қызық жұмыс – сол таспаны өру. Қамшы өрімінің көптеген түрлері бар. Олар: 4 өрім, 6 өрім, 8 өрім, 12 өрім, 24 өрім, 32 өрім. Таспа өріп жатқан адамды сырттай көрсеңіз, керемет көрініс. Жылдам қолдар кере тартып, бірінің үстін бірі басып жатқан таспалар. Бұл дегеніміз қым-қуыт жүріп жатқан өмір іспетті, бір-бірімен араласып, тоғысып жатқан адам тағдыры ойға оралады. Өрім өріліп ақталып, ұшына жеткенде берік қып түйіп бекітіледі. Ондай сәтте көп қолданылатыны – бүлдірген түйіс. Ол өрімнің шешіліп, сетінеп кетпесі үшін қолданылатын әдіс. Қамшының ұзындығы сабынан, өрімі бір, бір жарым тұтам ұзын болуы керек. Тобылғы сапты қамшының түрлері [4, 86-б.]:

Сүндет қамшы – сабы мен ұшын қоса есептегенде 8-9 тұтам болатын, атадан-балаға мұра болып, кішкене бала сүндетке отырғызғанда берілетін қамшы түрі.

Бәйге қамшы – 11 тұтам болатын, қысқа, артық әсемдік өрнектер салынбайтын қамшы. Ат айдардың алдында сөреде тұрған баланың айтатын серті: - Шаба алмасам маған серт, шаба алмаса атқа серт, шаптыра алмаса қолымдағы қамшыға серт!

Көкпар қамшы – 10-11 тұтам түріндегі қысқа қамшылардың бірі, додаға түсерде айтылатын серті: - Атыма - айбат, тақымыма – қуат, қолыма – жігер бер!

Дойыр қамшы – 15-20 тұтамдық, барымтаға және дүре соғарда қолданған. Айтылатын серті: - Дойыр қамшым доңыздай болсын, ауырлығы қорғасындай, мықтылығы емендей болсын. Білек күшіме қуат қосып, жауым әрдайым құлап жатсын, халқым жеңіске жете берсін!

Неке қамшы – екі жас үйленгенде сыйға берілетін қамшы. Қызға өзінің ата-анасы, қызының кішкене күнінен бастап дайындайтын болған. Елдегі ең мықты шеберлерге тапсырыс беріп, түрлі ою-өрнектермен безендіріп, асыл тастардан көз орнатып, барынша көркем қылып дайындауға тырысқан. Қыздың барған жері сыйланған қамшыға қарап, құдаларына баға беретін болған. Ал, жігіт жағы, той болардың алдында достары жігітке жасырын түрде тандауға өз қамшыларын тастаған, кімдікін тандаса сол, тойда жігіт жолдас болатын болған.

Үйір қамшы - жылқышылар ұстайтын қамшы. 20 тұтамнан асатын ұзын, құрық ретінде де қолданылған.

Асау қамшы – асауды тез жуасыту үшін, төрт басты ғып өрген. Әр басы төрт таспадан өрілген.

Аңшы қамшы – сабы 5 тұтам, ұшы 12 тұтам, саят құрып шыққанда ұстайтын болған. Қамшымен аңды соғып аларда айтатын серті: - Түзу тигізу маған міндет, ұшындағы қорғасын саған серт! Ел арасында Дырау қамшы депте атайды.

Бұл сөздің лексикологиялық мәніне тоқталар болсақ, халқымыздың ауызекі сөйлеу қорында «қамшы» сөзінің қолданысы өте кең. Бұл туралы тіл білімінің зерттеушілері «Түсіндірмелі сөздікте» жақсы келтірген» [5,93-б.]. Мәселен:

Қамшы бойы – қамшының сабы мен өрімінің ұзындығындай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.

Қамшы болды – себеп болды, уәж болды. Бір нәрсеге түрткі болды.

Қамшы болып тиді – жанына қатты батты.

Қамшы жеді – соққы тиді, таяққа жығылды.

Қамшының сабындай – қысқа, өте қысқа.

Қамшысынан қан сорғалаған – қатыгез, қатаң, қаһары күшті.

Қамшы ойнатты – қорқытты, сабамақ болды.

Қамшы салдырмады – тез істеу, тез жүру, мүлтіксіз шаруа.

Қамшы тастады – рұқсат сұрады, кезек алды.

Қамшы ұшын жалғады – хабарласып тұрды, ат ізін суытпады.

Қамшысының ұшын бермеді – болыспады, жәрдем етпеді, қарайласпады.

Қамшысы тиді – бала әлсін-әлсін ояна берді деген мағынада. Атасы не әкесі ұзақ жолға кеткенде бала әлсін-әлсін ояна бергенде, «әкесінің не атасының қамшысы тиді» - деп ырымға жориды.

Қамшы тимеген – асау ат туралы.

Қара сөзді қамшы қылды – тапқыр сөйледі. Тілдік қорымызда мұндай тұрақты тіркестерден басқа мақал-мәтелдерді де көптеп кездестіруге болады. Мәселен: «Қамшы-қанат, құйысқан-қуат», «қамшыны бос ұстасаң, қолыңды қажар», «Қамшы дағы етте, тілдің дағы жүректе», «Қамшы ұзын болса, иттің сенде несі бар. Киімің бүтін болса, биттің сенде несі бар», – сынды халық даналығы да қамшы сөзінің қасиеттерін байқатса керек [6,294-б.].

Бүгінде қадірі жоғалып бара жатқан қара қамшының қасиетін қалай орнына келтіреміз? Елімізде соңғы жылдары – ұлттық спорт, ұлттық мәдениетке айрықша көңіл бөліп, атағын алысқа жеткізіп жатқандығы біздер үшін қуаныш. Халқымыздың рухани байлығын күшейтіп, қазақтың қазақы қалпын сақтап қалуда маңызды шаралар атқарылып жатыр. Сол шаралар аясынан – қамшымыз да тыс қалмағаны жөн болар еді. Қымызымыз – неміске, көкпарымыз – қырғызға кетіп жатқан заманда, мәдени мұрамыздан айырылып қалу оңайға айналды. Өткен күннің аманатын сақтай алмау, жас ұрпаққа абырой бермесі анық. Сондықтан, заман ағымына сай қамшымызды – қазақтың төл мұрасы ретінде тіркеп, ғылым тілімен айтқанда патент алып, заман талабына сай болғанымыз жөн. Елімізде қамшы бірлестігі құрылып, жылына бір рет болса да, қамшы өрушілер арасында бәйге жариялап, шеберлердің өнерін шыңдап, қамшыны қазақтың ұлттық брэндіне айналдырып жатсақ, бабалар алдындағы бір парызымыздың өтелгені болар еді.

1 Қ.Жұмаділов. Қылкөпір. Алматы. 2003 ж.

2 Бес ғасыр жырлайды. 1 том. Алматы. «Жазушы». 1989 ж.

3 С.Кенжеахметов. Жеті қазына. Алматы. «Ана тілі». 2001 ж.

4 М.Мағауин. Ғасырлар бедер. Алматы. «Жазушы» 1991 ж.

5 Түсіндірме сөздік. 10 томдық. Алматы. 6-том, 263-б.

6 Бабалар сөзі. Қазақ мақал-мәтелдері. 100 томдық ж., 67-т., Астана. «Фолиант», 2011 ж.

Резюме

Роль камчи в культуре казахов

Адилханова Ж.С. – старший преподаватель факультета Довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби, adilhanova2011@mail.ru

Арыстанбекова К.Д. – старший преподаватель факультета Довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби, dankura@mail.ru

В статье речь идет о роли камчи (плеть, кнут) в этнокультуре казахов. Камча - культурное наследие казахов, своеобразное наследство наших предков, передававшееся из поколения в поколение. Авторы акцентируют внимание на роль, виды и различные функции камчи в культуре и истории народа, в частности, на использовании ее в роли оружия в руках воина-кочевника во времена набегов врага. Дается подробное толкование слова «камча», а также смысла пословиц и поговорок, крылатых слов со словом «камча». Выделяются прямое и переносное значение слова «камча», смысловая связь в словосочетании, приводятся их примеры. Классифицируются виды камчи, особенности их использования в быту. В данной статье авторы попытались раскрыть все особенности и свойства камчи, возродить у молодежи интерес к культурному наследию казахского народа.

Ключевые слова: этнокультура, камча, наследие предков, национальный памятник.

Summary

The role of the whip in the culture of the kazakh

Adilhanova Zh.S. - senior teacher of faculty of Pre-university education of al-Farabi
KazNU adilhanova2011@mail.ru

Arystanbekova K.D. - senior teacher of faculty of Pre-university education of al-Farabi KazNU dankura@mail.ru

The article focuses on the role of whip in the ethnic culture of the Kazakhs. Whip - the cultural heritage of the Kazakhs, a kind of inheritance of our forefathers, passed from generation to generation. The authors emphasize the role, types of whip and its different functions in the culture and history of the people, in particular, to use it as a weapon in the hands of nomad warrior in times of enemy raids. The detailed interpretation of the word "whip" as well as the meaning of proverbs and sayings, winged words with the word "whip". Provided direct and figurative meaning of the word "whip", semantic link in the phrase, are examples thereof. Classifies whip, especially their use in everyday life. In this article, the authors attempted to reveal all the characteristics and properties of the whip, to revive the interest of young people to the cultural heritage of the Kazakh people.

Keywords: ethnic culture, whip, the heritage of ancestors, a national monument.

ТАЛДЫСАЙ ҚОНЫСЫ КЕНШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК ҚҰРАЛДАРЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН ТРАСОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

А.Е. Ержанова – Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институты, қ. Алматы

Мақала Орталық Қазақстан аймағында орналасқан қола дәуіріне жататын ірі кен орындарының бірі Талдысай микроауданына жүргізілген қазба жұмыстарының барысында табылған тас құралдары мен бұйымдарын трасологиялық сараптаудан өткізіп, геологиялық зерттеулердің нәтижесінде қандай тау жыныстарының қолданылғанын айқындап, сонымен бірге шаруашылықтың қандай түрінде қызмет атқарғанын анықап, өңдеу техникасының ерекшеліктерін айқындау тұрғысында қарастырылған.

Түйінді сөздер: қоныс, кен, металлургия, тас құралдар, тау жыныстары, трасология, классификация.

Талдысай қонысы Қарағанды облысы Жезқазған қаласынан 82 шақырым жердегі Ұлытау жазығындағы Талдысай (Бала-Жезді) және Жезді өзендерінің құяр сағасында өзі аттас ауыл маңында орналасқан. Талдысай қонысы қола дәуірінде Жезқазған мысын қорытатын орындардың бірі болған. 1992 жылдан бастап Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеуде. Мыс рудасын өндіру мен өндірістік дайын бұйымдар туралы жаңа материалдар жинақталып, ғылыми айналымға енді.

Қоныс үш қазба орнымен зерттелуде. Көлемі жағынан үлкен әрі танымдысы I қазба орны. Тұрғын-үй өндірістік кешені шамамен екі – шығыс және батыс учаскелеріне бөлінген. Батыс тұрғын-үй өндірістік кешенінде (БТҮӨК) жартылай жерасты түріндегі үйдің шығыс, батыс және солтүстік бөліктерінің қабырғалары тазартылды. Солтүстік қазаншұңқырының қабырғасы сатылы болып келген. Батыс ТҮӨК негізінен құдықпен байланысқан және арықтар мен шұңқырлар, сонымен қатар жерүсті шұңқыры мен ошақтар жүйесі орналасқан өндірістік алаңға жалғасқан шахталық түрдегі металлургиялық №2 шұңқыр-пештен тұрады. Шығыс учаскеге қоса металлургиялық өндіріспен байланысы бар шығыс тұрғын-үй өндірістік кешені (ШТҮӨК) зерттелуде. Тұрғын-шеберхананың батыс және солтүстік-батыс қабырғалары мен екі жылу қаны ашылды. Тұрғын-шеберханадан 4 металлургиялық-шұңқыр табылды, оның үшеуі зерттелініп, жер үсті жылу жүйесі бар шахталық түрдегі пеш екені анықталды. Шеберхананың өмір сүруі аяқталған кезде малды, кейде адамды да құрбандыққа шалатын болған. II қазба орны қоныстың батыс бөлігінде, ал III қазба орны қарсы жағындағы өзен жағасының шайып кеткен жеріне салынды. Осы кезеңге дейін 2400 шаршы метр аймақ ашылды [1, 36-58 бб.].

Былтырғы жылы Талдысай қонысынан табылған археологиялық жәдігерлердің ішіндегі тас құралдары шамамен 500 дана, оның 204 бүтін қызметін анықтауға келетін еңбек құралдары болса, қалғандары бетінде тозғын белгісі жоқ бөліктер мен дайындамалар болып келеді. Еңбек құралдарын кешенді зерттеуде петрофонд (құралдарға пайдаланылған тауы жыныстарына геологиялық зерттеу жүргізген г.ғ.к. Д.Бекмағамбетов) пен типологиялық классификациясы жүргізілді [2, 23-27 бб.].

Талдысай қонысының тас бұйымдары 15 түрлі тау жыныстарынан тұратын 26 типте зерттелді. Петрографиялық талдауға 204 тас бұйымы алынды. Негізгі көрсеткішіне: минералды құрамы, құрылымы, салмағы, борпылдақтығы, тығыздылығы, бөлшектігі кіреді. Олардың осы қасиеттері қолданылуын анықтайды.

Шөгінді жыныстардың шоғырланған құм тұнбасы ұсынылды. Тау жоталары желдетілу кезінде құрамына кіретін минералдар ыдырап алынады, кей жағдайда химиялық жолменде алынады.

Құмдақтар – түйіршікті жыныс, ол біркелкі немесе қабаттанып келген сұр, жасылдау-сұр түсті болып келеді. Жынысты түзетін минералдар мен жыныс үгінділері саз немесе кварцтың құрамымен нығайуымен пайда болады. Соның нәтижесінде жыныс квацитті-құмдақ деп аталады. Қабаттарының тығыздығы бірнеше миллиметрден әртүрлі сантиметрге дейін барады. Құмдаққа алевролиттер өте ұқсас, түйіршіктерін ажырату қиындық тудырады. Аргиллиттер – олар майда түйіршікті және қабатты құрылымды болып келетін жұмсақтау қатып қалған топырақ.

Силицит пен яшма – сұр, жасыл және қызыл түсті қатты кремний жынысы. Кремназемның пайда болуына жерасты минералданған қайнар көздер әсер етеді. Олар әртүрлі көлемдегі және жұқа қабатты болып бөлінеді.

Пегматит магматиті және метаморфты жыныстардың құрамында, арасында, тамырларында болатын әртүрлі түйіршікті жыныс.

Конгломерат – қиыршықты тастың біріккен түрі. Қиыршық тастың көлемі 1 см 10 см дейін болуы мүмкін. Құрамы әртүрлі. Құм пен топырақтың бірігуінен түзілуі де мүмкін. Конгломерат шөгінді

жыныстар болып табылады. Эктас ашық сұр, кейде жасылдау немесе қызғылтау түсті болып келеді. Негізі кальцит пен топырақты минералдардың, жыныстардың бөлшектерінен және жыныс тәрізді минералдардың араласуынан құрылады. Кейде құрамынан бақалшақ, коралл және басқа да ағзаларды көруге болады.

Вулканды жыныстарға базальт, андезит және риолит жатады. Жыныстық түзілуі судың астында болуына байланысты жасылғыш және сұр түсті болып келеді. Түсі амфибол, пироксен, кварц, плагиоклаз, хлорит секілді минералдар құрамымен араласуымен анықталады.

Базальт пен андезит – қара-жасыл майда түйіршікті құрылымды, біркелкі тығыз жыныстардың тұтқырынан құрылған. кей жағдайда оның құрамынан белгілі бір мөлшерде амфибол, пироксен мен плагиоклаз кездеседі. Кальцит, эпидот және хлоритпен толтырылған дөңгелекті түйіршектер кездеседі.

Дацит пен риолиттер біркелкі және теңбілденіп келген сұр және ашық-сұр жыныс. Олар жоғарыда айтылған топқа қарағанда құрамында майда кристалдардың болуынан мықтырақ болып келеді. Теңбілдігі лава тасқыны тұғырына байланысты болып келеді.

Интрузивті жыныстар жер қабығының тереңінде қатаюынан пайда болған жыныстар. Вулканды жыныстарға қарағанда құрлымы ірі кристалды болып келеді.

Диабаз және габбро-диабаз сыртқы бейнесі базальтқа ұқсас. Бірақ базальтқа қарағанда біркелкі әрі мықты.

Метасоматикалық жыныстар жердің қыртыстарында өзге әртүрлі жыныстардың араласуымен жоғарғы температураның салдарынан пайда болған жыныстар.

Кварциттер – ақшыл сұр және ақ жыныстар, олар шөгінді мен валканды жыныстардан пайда болатын жыныстар. Аты айтып тұрғандай құрамында кварц бар. Құрамындағы минералдардың көлемі әртүрлі: нүкте секілді аз мөлшерден 3 мм ге дейінгі аралықта. Біріккен кварц қоспасы ауыр болып келеді.

Талдысай қонысынан табылған қола дәуірі ескерткіштеріне тән дәстүрлі тас бұйымдары көптеп кездеседі. Бірақ біз тас құралдардың классификациясын бұрындары жария болған кесте бойынша қарастырамыз [3, 108-123; 4, 60-80 бб.]. Құралдардың қызметтік көрсеткішін анықтау үшін түріне, тозғын белгісі бар микроіздеріне, ұқсас ескерткіштердің құралдарымен салыстырмалы талдаулар жасай отырып, трасологиялық әдіспен зерттейміз. Тас құралдарын зерттей үш топпен қарастырылды (кесте 1):

I – тау-кен өндірісі мен мыс балқыту өндірісінде қолданылған құралдар;

II – үй шаруашылығында және тұрмыста қолданылатын құралдар;

III – қарулар және әлеуметтік атрибуттарға арналған құралдар.

I сыныптағы тау-кен өндірісі мен мыс балқыту өндірісінде қолданылған құралдар саны көптеп кездеседі, II сыныптағы үй шаруашылығында және тұрмыста қолданылатын құралдар саны орташа, III сыныптағы қарулар және әлеуметтік атрибуттарға арналған құралдар аз кездеседі.

Тау-кен өндірісі құралдары. Кен өндірісінде қолданылған құралдар бірнеше типке бөлінеді: кайла, балталар, куранттар, үккіштер және руданы ұсақтауға арналған балғалар, үгітуге арналған тақтатастар.

Кайла (2 дана). Үшбұрышты және трапеция түріндегі үшкір басы бар ірі құралдар.

Технологиялық жағынан көзге түсетіні екі құрал. Ұзындығы 14,3 және 15,7 см. Құралды базальттан және қиыршықты құмнан, габбро-диабаздан жасаған. кайланың үшкір бөлігі дөрекі жасалған. Құралды ағаштан жасалған қолсапқа бекітетін болған. Оған дәлел құралдың біреуінің қырында ойықшалардың болуы. Бұл құрал жыныстарды бөлуге және шұңқыр түбінен алуға қолданылған.

Шотбалталар (10 дана). Тікбұрышты созылықты болып келген ірі құралдардың бірі. Құралдың ұзындығы 10-15 см., көлденеңі 5-6 x 8-10 см. Габбро-диабаз, трахит, фтанит және эпидозит жыныстары құралды жасау барысында қолданылғаны геологиялық зерттеу барысында анықталды. Толыққанды еңбек құралына келтіру үшін пикетаж техникасы мен тегістеу жұмыстары жүргізілген. Құралдың қырында бір немесе екі ойықшалардың кездесуі қолсапқа байланылғанын көрсетеді. Кей жағдайда құралдың екі басы пайдаланылған, бұл дегенің руданы майдалу кезінде қолданылған құрал екенін айғақтайды.

Кесте 1. Еңбек құралдарының классификациясы

| Класс | Топ | Тип | Саны | Примечания |
|---|------------------------|---------------------------|------|-------------------|
| Тау-кен өндірісі мен мыс балқыту өндірісінде қолданылған құралдар | Тау-кен ісі | Кайла | 2 | Бүтін |
| | | Балталар | 10 | |
| | | Үгітуге арналған балғалар | 7 | |
| | | Үккіштер мен куранттар | 6 | |
| | | Үгіткіш | 5 | |
| | | Бұранда | 1 | Бүтін, 3 сынық |
| | Ұрғыш құралдар | 7 | | |
| | Қалыптар | 1 | | |
| | Мыс балқытуға арналған | Төс | 2 | |
| | | Өнімді өңдейтін балға | 1 | |
| | | үтіктер | 1 | |
| | | Абразивтар | 5 | |
| Үй шаруашылығында және тұрмыста қолданылатын құралдар | - | Тегістегіш құрал | 4 | |
| | | Ұршық | 1 | |
| | | Жылтыратқыштар | 3 | |
| Қарулар және әлеуметтік атрибуттарға арналған құралдар | - | Садақ ұштары | 1 | Сынықтар |
| | | Балта | 1 | |

Балғалар (7 дана). Қырлы болып келген сопақша және ұзынша құралдар. Балғаларды жасауда эпидозит, сонымен қатар силицит пен андезит жыныстары пайдаланылған. Құралдың сыртқы пішіні толық өңделмеген, өткір қырларын жону мақсатында пекитаж техникасы қолданылған. Балғаның басы тіктөртбұрышқа ұқсас кейде сопақша болып келген. Сырылған, кей жерлері ұшып кеткен. Кей құралдардың қырларында қолсапқа бекітуге арналған ойықшалары бар.

Үккіштер мен куранттар (6 дана). Құралдардың бесеуі үккіштер ал біреуі курант. Бір ғана жұмыс бөлігі бар, формалары әртүрлі. Үгуге арналған жұмыс бөлігі дөңес, ұзақ пайдаланудың салдарынан майда сызықтар, кертілген, ұшып кеткен белгілері бар. Фтанит және кварцит жыныстарынан жасалған.

Курант шеңберленіп келген, бірақ жартысынан көп бөлігі сынған. Мөлшері 13x16 см. Дациттан жасалған. Курантты руданы құралдың бетіне қойып, үккішпен үгітетін болған. Құралдың беті бүжір, кертіктер кездеседі. Бұл құрал екі қолмен жұмыс жасауға арналған.

Тегістегіш құралдар (5 дана) сынықтары табылды, сол себепті формаларын толыққанды айтуға келмейді. Тақтатастың қалыңдығы 2,5-3,7 см., ені 14-19 см., ұзындықтары 25 см дейін. Көбінде граниттен, кей жағдайда микрогранит пен кристаллды сланецтен жасаған.

Бұрғы (1 дана). Конус тәрізді келген тас құрал. Бұрғының көмегімен сүйек, тас және қыш ыдыстарға тесіктер жасалатын болған. Пекитаж техникасымен өңделіп, ұшы үшкір болады. Оның мөлшерлері тесіктің көлеміне байланысты болады. Негізі құралдардың барлығы құмдақты жыныстан жасалған.

Металлды өңдеуге арналған құралдар қатарына қалыптар, төс, құмаға арналған балғалар, жылтыратқыштар мен егеулер.

Төс (2 дана). Бұйымның формасы мен қызметіне қарай жыныстар таңдалатын болған. Мысалы тіктөртбұрышты, сопақша немесе шеңбер тәрізді жыныстар. Таңдалған тақтатастардың қалыңдығы 5,5 см ден 10,5 см дейін кездеседі. Көбінде силицит жынысын пайдаланған. Талдысай қонысынан табылған төстердің барлығы бір жағы ғана жұмыс істеуге пайдаланылған. Бетінде сырылған, кертілген, сызықты іздер кездеседі.

Балғалар (1 дана). Олар орташа деңгейдегі жұмысқа арналған. Ұзындығы 9 см., төменгі бөлігінің мөлшері 5 см. Метасомикалық кварциттен жасалған. Сыртқы пішіні цилиндр тәрізді. Басы дөңес болып келген. Пекитаж техникасымен өңделіп, беті тегістелген.

Үтіктер (1 дана). Серпаентиннен жасалған. Қызметіне дөнес жерлерді тегістеп, жылтырату. Сол себепті құралдың жайпақ беті мен қырлары трасологиялық зерттеу кезінде майда сызықтар мен жылтырлықты көруге болады.

Абразив (5 экз.). қызметі жағынан екіге: активті және пассивті болып бөлінеді.

Талдысай қонысынан пассивті құралдар көп. Қалыңдығы 0,5-тен 5 см дейінгі аралықта болып келеді және өңделмеген тақтатастар қолданылады. Көбінде тақтатастың 2 немесе 3 қыры егеу ретінде пайдаланылады. Бізге кездескен абразивтердің қатарында кварцты құмдақтар көп қолданылған. Активті абразивтер қатарына қайрақтар жатады. Қайрақтар сопақша немесе тіктөртбұрышты болып келіп, жоғарғы жағында белге байлап жүруге ыңғайлы болу үшін өне бойына жіпті ұстап тұруға арналған ойықты шеңбер жасалынатын болған. Мұндай қайрақтар граниттен жасалады.

Үй шаруашылығында қолданылатын құралдар қатарына ұршықтар (1 дана), тегістегіштер (3 дана) жатады.

Жұмыс барысында сынған құралдардан немесе өзен бойындағы құмдақты тастарды өңдеу арқылы тегістегіштер немесе жылтыратқыштар жасаған. Олардың негізгі қызметі терінің бетіндегі шелқабатын тазалау үшін қолданылған. Терінің бетіндегі майдың салдарынан құрал майланып, жылтырап тұрады, бетінде майда ұсақ сызықтарды микроскоптың көмегімен көруге болады.

Қарулар мен әлеуметтік атрибуттарда қолданылатын құралдар. Кварцтан жасалған бір садақ ұшы табылды. Екі бетіде өңделген, жапырақ тәрізді садақ ұшы.

Балта (1 дана). Трапедия тәрізді, төменгі кең бөлігінде балтаның жүзі жасалған. Сынған бөліктері бар, жоғарғы кішірек бөлігінде қолсапқа байлауға арналған деңберлі ойықша бар.

Талдысай қонысынан табылған тас құралдарды жасауда пайдаланылған жыныстарды анықтау барысында қоныс тұрғындары құралдарға қажетті шикізатты алыстан емес, Жезқазған-Ұлытау аймағынан алынғаны геолог Д.Бекмағамбетовтың тұжырымында. Құралдардың минералдарын зерттеу бізге қоныс орналасқан аймақтың көптеген жыныстарға бай екенін, сонымен қатар металлургия саласын жандандыруға жақсы мүмкіндік болғанын көреміз. Құралдарды типологиялық және трасологиялық зерттеу арқылы қоныс кеншілерінің мыс балқытумен қатар үй шаруашылығына қажетті заттарды өз еңбектерімен жасағанын айғақтаймыз. Қоладан құйылған құралдармен қатар тас құралдарының да ұзақ уақыт қызмет еткенін көреміз. Қорыта келгенде Жезқазған-Ұлытау аймағында орналасқан Талдысай кеншілердің қонысы металлургия мен қатар тері өңдеу, ыдыс жасау және тұрмысқа қажетті құралдарды жасаумен айналысқанын толыққанды айта аламыз.

Әртүрлі тау жыныстарынан жасалған құралдарды зерттей келе адамзат өміріне қажетті малшаруашылығы мен егіншіліктің осы аймақта жасы дамығанын айтуға болады. Сонымен қатар өркениеттің жоғарғы дәрежесіне көтерілуге септігін тигізген металлургияның да б.з.д. II мыңжылдықтың орта шенінде шарықтау шегіне жеткенін айғақтаймыз.

1 Курманкулов Ж., Ермолаева А.С., Ержанова А.Е. Обзор археологических раскопок на поселении Талдысай (1994-1996, 1998, 2001 гг) // Известия АН РК, Алматы 2005, 36-58 бб.

2 Семенов С.А., Первобытная техника (Опыт изучения древних орудий и изделий по следам работы) // М., 1957. МИА. №54. -240 с.

3 Килейников В.В., Каменные горно-металлургические и металлообрабатывающие орудия Мосоловского поселения // Эпоха бронзы восточноевропейской лесостепи. Воронеж. 1984. – С. 108-123.

4 Зданович С.Я., Коробкова Г.Ф., Новые данные о хозяйственной деятельности населения эпохи бронзы (по данным трасологического изучения орудий труда пос. Петровка II) // Проблемы археологии урало-казахстанских степей. Челябинск. 1988.-60-80.

Резюме

Трасологический анализ каменных орудий с поселения металлургов Талдысай Ержанова А.Е.

В статье рассматривается изучение поселения металлургов. Их орудий труда (песты, молоты, наковальни, скребки, лоцила и др.), происходящих из материалов целого ряда поселений Сарыарки эпохи бронзы. В результате исследований поверхностей анализируемых предметов можно заключить о том, что в основном орудийный комплекс имел одинаковую функциональную нагрузку за исключением некоторых незначительных деталей. В большинстве своем каменные орудия использовались в металлургическом процессе, начиная с подготовки сырья и заканчивая производством готовых изделий. Анализируя состав горных пород, употреблявшихся для изготовления различных орудий и предметов, можно сделать два вывода. Во-первых, все они имеют местные источники добычи, поскольку широко распространены в районе. Во-вторых, выделяются породы строго (или преимущественно) функционального назначения и повсеместного употребления, а именно: наконечники стрел и сверла изготовлены из кремнистых пород с острыми режущими гранями.

Summary

**Trasological analysis of stone tools from the settlement of metallurgists Taldysay
Erzhanova A.E.**

The article deals with the study of the settlement of metallurgists. It is tools (pestles, hammers, anvils, scrapers, polishers, etc.) originating from a variety of materials Saryarka Bronze Age settlements. The studies on the surfaces of the analyzed objects may make the assumption that the main tools had the same set of functional load except for some details. Most of the stone tools were mainly used in metallurgical process from preparation of raw materials to the manufacture of finished products. In addition, being analyzed artifacts were also used in leatherworking, fishing and hunting. By analyzing the composition of the rocks, which were used for the production of various tools and objects, two conclusions can be drawn. First, they all have a local source output as a widespread area. Second, strictly distinguished breed (or mostly) functional purpose and widespread use, namely, drills and arrowheads made of siliceous rocks with sharp cutting edges.

ӘӨЖ 903.02 (574)

**МҰСЫЛМАН АРХИТЕКТУРАСЫ СТИЛІНДЕ САЛЫНҒАН МҰНАРА ІРГЕТАСЫ
(ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ)**

М. Елеуов – т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің профессоры

Е.Ш. Ақымбек – PhD доктор, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының аға ғылыми қызметкері

Қазақстан аумағында сақталған ортағасырлық мұнаралар жоқтың қасы. Мұнара туралы жазылған деректер XVI ғ. жататын «Тарих-и Рашидиде» кездеседі. Осы еңбегінде Мұхаммед Хайдар Дулати «Йанги» деп аталатын аймақта бірнеше қалалардың іздері, мұнаралардың күмбезінің қалдықтары, ханака және медреселердің орны сақталып қалғандығын жазған. Осы мақсатта 2009 жылы Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Жамбыл облысы Шу ауданындағы Ақсу өзенінің бойында орналасқан ортағасырлық Ақтөбе қаласының цитаделінен 50 м. батыстағы қыш кірпіш сынықтары шашылып жатқан орынға қазба жұмыстары жүргізіледі. Нәтижесінде екі бөліктен: қазаншұңқырға орналастырылған стилобаттан және цоколь бөлігінен тұратын, Қазақстан мен Орта Азияға тән мұсылмандық стилде салынған XI ғ. жататын мұнара құрылысының қалдықтары ашылды. Құрылыстың сақталған биіктігі 3,6 м құрайды. Бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталған төртбұрышты мұнара стилобатының көлемі 8,65x8,5м, биіктігі 2,6 м. Сегіз қырлы үстіңгі цоколь бөлігінің диаметрі 7,85 м, сақталған биіктігі 1 м. Тығыз әрі өте берік қаланған кірпіштерінің өлшемі: 22-24x11-12x4,5-5; 22-24,5x22-24,5x4,5-5,5; 31-32x13,5-14x5см. Қорыта айтқанда мұнараны жазба деректе айтылып өткен архитектуралық ескерткіштердің алғашқы табылған нысандарының біріне жатқызуға болады. Оның үстіне исламды мемлекеттік дін мәртебесіне көтерген қарахандықтар дәуіріне жататын бұл мұнара әзірге біреу ғана болғандықтан, Қазақстанның тарихи-архитектуралық ескерткіштері ішінде үлкен маңызға ие.

Тірек сөздер: Шу өңірі, Ақтөбе, шахристан, мұнара, стилобат, цоколь, мұсылман, архитектура, құрылыс, қыш кірпіш.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері барымыз бағамдалып, жоғымыз түгенделіп, тарихымыздың ақтандақ беттері толықтырылып келеді. Санаулы жылдардың өзінде ел тарихына деген қызығушылық артып, оған ел тарапынан да, жеке тұлғалар тарапынан да мән беріліп, жұмыстар атқарылып жатыр. Тарихи-мәдени ескерткіштерімізге ұлттық тұрғыдан қарап, оны зерттеуге мән беріліп, мемлекет тапынан бірнеше бағдарламалар жасалынып, орындалды және орындалып келеді. Солардың қатарына «Мәдени мұра» және «Гранттық қаржыландыру» бағдарламаларын жатқызуға болады. Осы бағдарламалар аясында Қазақстан аумағында бірнеше ондаған тарихи-мәдени ескерткіштерге зерттеулер жүргізіліп, тарихымызқа қатысты қомақты мәліметтер алынды. Осы бағдарламалар негізінде археологиялық зерттеулер жүргізілген қалалардың бірі – ортағасырлық Ақтөбе қаласы.

Ортағасырлық Ақтөбе қаласы Жамбыл облысы Шу ауданы Ақсу ауылының оңтүстігінде орналасқан. Қалаға 2003 жылы жарияланған Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының 2007-2009 жылдардағы сатысы бойынша «Ақтөбе қаласы» тақырыбында және 2012 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан «Гранттық қаржыландыру» бағдарламасының 2012-2014 жылдардағы сатысындағы «Жетісудың кенттенуі ежелгі түрік мемлекеттерінің: Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ қағанаттары, Қарахан және Шағатай хандықтарының қалыптасуының бірден бір қозғаушы күші (археологиялық материалдар бойынша)» тақырыбында, сонымен қатар, осы бағдарламаның 2015-2017 жылдарға арналған сатысындағы «Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық ұзын қорғанды қалалары» тақырыбының 2015 жылғы-

сында археологиялық зерттеулер жүргізіліп, бірқатар нысандар ашылды. Ашылған нысандардың ішінде ерекше көзге түсетін құрылыс орны, мұсылман архитектурасы стилінде қыш кірпіштен салынған ортағасырлық мұнара.

Ортағасырлық қала қирандысы орнында қыш кірпіштердің сынықтары көп екендігі 1893 жылы Орта Азияға іссапармен келген В.В. Бартольдтың «Путь от Таласа к Чу и Чуйская долина» атты еңбегінде айтылады. Онда былай деп жазылған: «...Соқұлықтың Ақсуға құяр сағасынан біршама оңтүстікте Ақтөбе төбесі орналасқан, шамасы толығымен қыш кірпіштен тұрғызылған, себебі көп мөлшердегі сынықтары барлық жерден көрінеді. Бұл жерде жабайы қазба жұмыстары жүргізілгендіктен (жергілікті халықтың сөзі бойынша Қашғардан шыққандар), аса құнды заттар табылмаған, тек бір ғана күміс сақина болған [1, с.41-42]».

1941 жылы қала қирандысының орнында болған Г.И. Пацевич жергілікті тұрғындардың аузынан цитадель мен шахристандағы мұнара орындарынан тұрмыстық қажеттілікке бүтін қыш кірпіштерді маңайдағы колхоздар қазып алып жатқандығын естіген [2, с. 29].

Жергілікті тұрғындардың мешіт орны деп атап жүрген цитадельден 50 м батысқа 1976 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің Университет археологиялық экспедициясы көлемі 15x15м, тереңдігі 0,6-0,8м қазба жүргізеді. Бірақ оның тек солтүстік бөлігінен қыш кірпіштен қаланған қабырғаның қалдықтарын ғана анықтайды [3, с. 43-45]. Нәтижесінде қыш кірпіштен салынған ерекше ғимараттың орны екендігін байқаған.

2007 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Ақтөбе археологиялық экспедициясы далалық маусымда қыш кірпіш сынықтары шашылып жатқан осы жерге зерттеу жұмыстарын бастап, көлемі 14,5x13,5 м қазба салып, нәтижесінде құрылыс қалдықтарының бетін ашады. Қазбаның солтүстік жағынан 20 см тереңдіктен 15-25 см биіктікте сақталған, 42x21x8-9 см өлшемдегі қам кірпіштен өрілген қабырғалар анықталады. Ал оңтүстігіндегі қыш кірпіш көптеп шығып жатқан жері 6x6,5 м көлемде тереңдетіліп, 0,7 м қалыңдықтағы ретсіз шашылып жатқан сынған қыш кірпіштердің астынан қабырғаның бірнеше қатар қаландылары шығады [4, б. 23-25].

2009 жылы Ақтөбе археологиялық экспедициясы беті ашылған, жүйесіз қаланған қыш кірпіш қаландысы сәулеттік ғимараттың орны болуы мүмкін деген мақсатпен қазбаның солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс жағына екі бақылау қазбасы салынады. Бақылау қазбалары 3,5-4,2 м тереңдетіліп, құрылыстың табанына дейін жеткізіледі. Құрылыстың солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс қабырғаларының кішкене бөлігінің түп жағы анықталады [5, б. 43-44].

Құрылыстың бұрыштары мен қалған қабырғаларын анықтау үшін қазба 10,4x10,3 м кеңейтіледі. Нәтижесінде екі бөліктен: іргетасынан (стилобат) және жоғарғы бөліктен (цоколь) тұратын мұнара құрылысының қалдықтары ашылады. Қазба барысында құрылыстың тек беткі қабаты толығымен ашылып, өлшемдері алынады.

Құрылыстың сақталған биіктігі 3,6 м құрайды. Құрылысты 1-1,5м қалыңдықтағы құланды қыш кірпіштер басып қалған. Бүтін кірпіштерін тасып алынғандығы анық байқалады.

Төртбұрышты мұнара іргетасының жоғарғы жағының көлемі 8,65x8,5 м, биіктігі 2,6 м. Бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталған. Оның іші, ортасы толығымен қыш кірпіштен қаланған. Тығыз әрі өте берік етіліп ашық жерсіз өрілген. Қабырға біркелкі бүтін кірпіштерден қаланса, құрылыстың ортасына сынған және әртүрлі өлшемдегі кірпіштер пайдаланылған. Кірпіштердің өлшемдері біркелкі емес: 22x11x4,5; 22-22,5x22-22,5x4,5; 23x23x4,5-5; 24-24,5x24-24,5x4,5-5,5; 24x12x5; 25x25x4,5-5; 31-32x13,5-14x5 см.

Құрылыстың жоғарғы бөлігінен батыс қабырғасының кішкене қаландысы және шығысында екі кірпіші ғана сақталған. Тұрғызылуы мен сәулеттік ерекшеліктеріне қарағанда мұнараның осы бөлігі (цоколь) сегіз қырлы болғанға ұқсайды. Сақталған орта тұсының биіктігі 1 м. Сегіз қырлы бөлігінің батыс бұрышында сақталған қабырғасының ұзындығы 1,8 м, биіктігі 0,33 м. Қабырға іргетас бұрышына қарама-қарсы үшбұрыш жасап тұр. Осыған қарама-қарсы іргетастың шығыс бұрыш жағындағы жоғарғы бөліктің екі кірпіші сегіз қырлы құрылыстың бір бұрышын құрап қаланған. Бір кірпіші іргетастың шығыс бұрышына үшбұрыш жасап қойылса, екінші кірпіші (диагоналынан кесілген жарты кірпіш) іргетастың оңтүстік-шығыс қабырғасына параллель 0,35 м ішкері қаланған. Олай болса, мұнараның жоғарғы бөлігінің төрт қабырғасы іргетас қабырғасынан 0,35 м ішке кіріп тұрған. Қалған төрт қабырғасы төрт бұрышына қарама-қарсы тұрғызылған. Батысындағы қабырға мен шығысындағы кірпіштің арасы 7,85 м. Соған қарағанда мұнараның сегіз қырлы түбінің (цоколь) диаметрі 7,85 м болған болуы керек.

Қыш кірпіштерді бір-біріне қиюластырып қалауда арасына саз балшықты қолданған. Кірпіш арасындағы ашық кара түсті саз балшықтың қалыңдығы 0,5-2 см. Сақталған ортасындағы биіктеу қаландыға қарағанда құрылыс айналдыра өрілуде тұрғызылғандығын аңғаруға болады. Іргесінің үш бұрышы (оңтүстік, шығыс және батыс) біршама жақсы сақталғанымен солтүстік бұрышы қатты бұзылып кеткен. Кірпіштерін түбіне дейін қазып алған.

Мұнара іргесінің солтүстік-батыс қабырғасын бойлай қарама-қарсы шыққан қабырға қам кірпіштен (40-42x20-21x8-9 см) қаланған. 0,8 м болатын екеуінің арасынан өлшемі 56x7x7,5 см сынған жарты қыш (тақта) табылады.

Құрылыстың солтүстік-шығыс қабырғасы сыртына салынған көлемі 2,6x1 м бақылау қазбасынан жер бетіне жақын биіктігі 0,5 м, құрылысқа қарама-қарсы 2,4 м қашық қам кірпіштен (40-42x20-21x8-9 см) қаланған қабырға, ал оның астынан ғимараттың қазаншұңқырының шеті белгілі болады. Дегенмен мұнара іргетасының қабырғалары түбіне дейін толық ашылмады. Мұны ашу тек 2015 жылы ғана мүмкін болды.

2015 жылы далалық маусымда қазба жұмыстары мұнара іргетасының қазаншұңқырын, архитектуралық шешімін, құрылыс ісі мен материалын, жалпы көлемін анықтау мақсатында көлемі 8,65x8,5 м болатын мұнара іргетасы қабырғасының сыртын айнала 0,7-1 м қазба жұмыстары жүргізіледі.

Қазба жұмыстарының нәтижесінде бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталған құрылыстың іргетасы бірнеше мәдени қабатты кесіп өткен қазаншұңқырға, ал түбі қатты тапталып, үстіне көкшіл кара түсті саз нығыздалып, соның бетіне тұрғызылғандығы белгілі болды. Көкшіл кара түсті саз балшық қыш кірпіш арасындағы лайға өте ұқсас. Түп жағынан есептегенде іргетасы қабырғаларының ұзындықтары әртүрлі екендігі анықталды. Солтүстік-шығыс қабырғасының ұзындығы 8,55 м, солтүстік-батысы – 8,75 м, оңтүстік-шығысы – 8,7 м, оңтүстік-батысы – 8,65 м (суреттар 2-3). Яғни, мұнара іргетасы жоғары қарай біркелкі тартылып өрілген. 2,6 м биіктікте 10 см-дейін ішке тартылып қаланғандығын, онда да кірпіштер негізінен төңкеріліп қойылғандығын көруге болады. Себебі кірпіштердің беткі бетінде сақталған адам саусақтарының бастырылып сызылған іздері қалау барысында жымдастыруға өте ыңғайлы болғандықтан, төңкеріп өргенге ұқсайды.

Мұнара іргесінің шығыс бұрышы табанынан құдықтың орны анықталды. Құдық аузының диаметрі 0,4 м, төмен қарай кеңіген, орта тұсының диаметрі 0,8 м, ашылған тереңдігі 3,2 м. Құдық аузының шеті құрылыс астына 8 см кіріп тұрғанына қарағанда астыңғы мәдени қабаттарға тән екендігін білуге болады. Оның ішінен бірнеше бүтін ыдыстар табылды.

Қазаншұңқырына жүргізілген қазба барысында мұнара іргетасын көтеру кезінде оны қоқыс араласқан топырақпен толтырып отырғандығы белгілі болды. Тапталған топырақ арасынан кірпіш сынықтары әртүрлі деңгейден бір сызық бойынан қабаттанып шықты. Соған қарағанда іргетасты көтеру кезінде тасылған қыш кірпіштердің сынықтары айналасында қазаншұңқырға тапталып қалған. Қазаншұңқырды топырақпен толтыру барлық бөліктерінде бірдей жүргізілген. Ол бойынша күл және бірлі-жарым қоқыс (майда керамика мен сүйек қалдықтары) араласқан топырақ мұнара іргесін көтеру барысында белгілі бір деңгейде тасталып, тапталып отырған. Мұнара табынынан есептегенде 0,1-0,2; 0,4-0,5; 0,8-0,9 м биіктіктерден бір сызықта қыш кірпіш сынықтарының қабатты өтеді. Соған қарағанда, мұнараны тұрғызу барысында белгілі бір деңгейге құрылыс жеткенде топырақ тапталып, құрылыс қабырғасын қайта көтеру кезінде тасылған қыш кірпіштердің қажет емес сынықтары іргетас сыртында қалып отырған. Кейіннен қабырға қайта көтеріліп, осылай қайталанып отырғандықтан, мұнара іргетасы сыртында немесе қазаншұңқырда үш қабатты қыш кірпіштердің сынықтары тапталған. Қазбаның оңтүстік-шығыс шетінде, қазбаның жиегінде қатты тапталған саз үйілген.

Қазбаның жоғарғы жағындағы құланды арасынан арнайы өңделген кірпіштер кездеседі. Олар: бір қыры жонылған төртбұрышты кірпіштер мен бір шеті доғалданған кірпіштер. Сонымен қоса, оймышты кірпіш пен қаптауыш тақта сынығы табылды.

Ақтөбе қаласында қыш кірпішті кеңінен пайдаланып салынған нысандардың болғандығын алдыңғы жылдардағы қазбалар дәлелдеп береді. Сондай құрылыстардың бірегейі монша, сонымен қатар қыш кірпіш төселген алаң, шарап шеберханаларының жүзіп сығатын бөлмелерінің едені мен қабырғасына және т.б. қолданғандығын көруге болады.

Шу-Талас өңірлеріндегі мұнаралар туралы жазба деректер XVI ғ. жататын «Тарих-и Рашидиде» кездеседі. Осы еңбегінде Мұхаммед Хайдар Дулати «Йанги» деп аталатын далада бірнеше қалалардың іздері, мұнаралардың күмбезінің қалдықтары, ханака және медреселердің орны сақталып қалғандығын жазған [б. б. 402]. «Йанги» деп моғолдар Таразды атаған, яғни Моғолстан жерінде орналасқан. Моғолстан территориясына Шу өңірі кіретіні анық. Бүгінде аталған аумақта мекендер мен

қалалардың қиранды орындары көп болғанымен, сақталып қалған немесе құланды сәулеттік құрылыстар сирек. Олардың біразы жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде ашылған болатын. Ал, мұнара құрылысы Қырғызстан территориясындағы Бурана ескерткішінде ғана біршама жақсы сақталған болса, Қазақстанға қарасты осы өңірде сақталған ортағасырлық мұнара не қиранды орындары жоқ. Мүмкін Ақтөбе қаласынан ашылған осы мұнара солардың біреуі шығар.

Тік төртбұрышты, барлық қабырғалары бірдей құрылыстың сақталған іргетасына қарағанда XI–XII ғғ. жататын Бурана мен Үзген мұнараларына ұқсас екендігі анықталды [7, с. 131-134]. Негізінен мұнараның төртбұрышты іргесі мен сегіз қырлы бөлігінің жобасы Бурана [8, с. 49-50], XI ғ. жататын Термез [9, с. 30-31] мұнараларына өте ұқсас. Бурана мұнарасы сөз етіп отырған мұнарадан біршама үлкен болғанымен, екеуі де қазаншұңқырға тұрғызылған және іргетасы мен сегіз қырлы бөлігі бірдей.

Мұнара негізінің сақталған биіктігі 3,6 м. Оның алғашқы биіктігі қандай болғаны белгісіз. Б.Н. Засыпкиннің ойынша Бурана мұнарасының алғашқы биіктігі 40 м кем болмаған [8, с. 42]. Д.Ф. Винниктің есептеуі бойынша сақталған діңінің (ствол) биіктігі 22 м [10, с. 60]. Олай болса, Бурана мұнарасының тастан қаланған іргетасынан 3,65 м кіші Ақтөбе мұнарасы да биік болғанға ұқсайды.

Архитектуралық-археологиялық ескерткіш болып табылатын Ақтөбе мұнарасы іргетасы материалдық мәдениетті көрсетумен қатар, қаланың сол уақыттағы тарихынан, әлеуметтік-экономикалық және саяси дәрежесінен маңызды деректер береді. Мұнараның XI ғ. басына жататындығын орналасқан жерінің мәдени қабаты, салыну ерекшеліктері мен сәулеттік шешімі, қазба кезінде табылған материалдар дәлелдеп береді. Олай болса, мұнараның ұзақ уақыт өмір сүргендігін, жанынан, яғни оңтүстік-шығыс қабырғасы түбінен өтетін көшенің 0,5 м жуық тапталған мәден қабатынан көруге болады. Мұнара қала өмірінің тоқтаған кезіне дейін өмір сүргенге ұқсайды.

Қорыта айтқанда мұнараны жазба деректе айтылып өткен архитектуралық ескерткіштердің алғашқы табылған нысандарының біріне жатқызуға болады. Оның үстіне исламды мемлекеттік дін мәртебесіне көтерген қарахандықтар дәуіріне жататын бұл мұнара әзірге біреу ғана болғандықтан, Қазақстанның тарихи-архитектуралық ескерткіштері ішінде үлкен маңызға ие.

1 Бартольд В.В. *Путь от Таласа к Чу и Чуйская долина / Работы по археологии, нумизматике, эпиграфике и этнографии / Сочинения.* – М.: Наука, 1966. – 496 с.

2 Пацевич Г.И. *Археологические памятники района среднего течения реки Чу // Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК.* – 1946. – Офис 2, дело №64а. – 56 с.

3 Оразбаев А.М. *Раскоп 2 в западной части шахристана: научный отчет раскопки средневекового городища Актобе 1976 году // Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК.* – Алма-Ата, 1976. – Офис 2, дело 1529. – 84 с.

4 Байпақов К.М., Шәлекенов У.Х. *Ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн) қаласында 2007 жылы жүргізілген археологиялық зерттеулердің есебі // ҚР БҒМ Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағаты.* – Алматы, 2008. – 61 б.

5 Шәлекенов У.Х., Ақымбек Е.Ш., Байбугунов Б.А. *Ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн) қаласында 2009 жылы жүргізілген зерттеулердің қысқаша қорытындысы // Мемлекетті «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2009 жылғы Археологиялық зерттеулер жайлы есеп.* – Алматы, 2009. – Б. 43-44.

6 Мұхаммед Хайдар Дулати. *Тарих-и Рашиди.* – Алматы: Тұран, 2003. – 616 б.

7 Хмельницкий С. *Между саманидами и монголами. Архитектура Средней Азии XI-начала XIII вв.* – Берлин-Рига, 1996. – Ч. 1. – 334 с.

8 Массон М.Е., Горячева В.Д. *Бурана.* – Фрунзе: Илим, 1985. – 97 с.

9 Засыпкин Б. *Памятники монументального искусства Советского Востока // Художественная культура Советского Востока.* – М.: Ленинград, 1931. – С. 21-49.

10 Винник Д.Ф. *Башня Бурана // Памятники Киргизстана.* – Фрунзе, 1975. – Вып. 2. – С. 55-60.

Резюме

Основание башни построены по исламскому архитектурному стилю (средневековое городище Актобе)

Елеуов М., Ақымбек Е.

Число средневековых минаретов, сохранившихся на территории Казахстана, очень мало. Сведения о минаретах встречаются в памятнике XVI века «Тарих-и Рашиди». В этом труде автор Мухаммад Хайдар Дулати писал, что в степи, названной словом «Йанги», сохранены следы нескольких городов, остатки куполов минаретов, местонахождения ханак и медресе. С этой целью, в 2009 году по государственной программе «Культурное наследие» были проведены раскопки в 50 м от запада цитадели средневекового городища Актобе, расположенного в низовьях реки Аксу в Шуйском районе Жамбылской области, где были разбросаны кирпичи из жженой глины. В результате этих раскопок были найдены остатки сооружений минаретов, относящихся к XI в., построенных по исламскому стилю, присущему Казахстану и Средней Азии, состоящих из двух частей: стилобата и цоколя, расположенных в котловане. Сохранившаяся высота сооружения составляет 3,6 м. Объем

стилобата четырехгранного минарета, углы которого направлены на четыре стороны мира составляет 8,65x8,5 м, а высота - 2,6 м. Диаметр восьмигранного верхнего цоколя составляет 7,85 м, а сохранившаяся высота - 1 м. Размеры плотно и крепко построенных кирпичей: 22-24x11-12x4,5-5; 22-24,5x22-24,5x4,5-5,5; 31-32x13,5-14x5 см. В заключение можно сказать, что минарет можно отнести к первым найденным объектам архитектурных памятников, упомянутых в письменных источниках. Этот минарет имеет особое значение среди историко-архитектурных памятников Казахстана, так как является пока единственным минаретом, относящимся к караханидской эпохе, в которой ислам получил статус государственной религии.

Ключевые слова: Шуйская долина, Актобе, шахристан, минарет, стилобат, цоколь, мусульман, архитектура, строительство, жженный кирпич.


Summary

Founding of tower built on islamic architectural style (medieval settlement Aktobe)

Eleuov M., Akymbek Y.

The number of medieval minarets extant on the territory of Kazakhstan is very small. Information about minarets can be found in a literary monument of XVI century "Tarikh-e-Rashidi". In this work author Mukhammad Khaidar Dulati wrote, that trace of several cities, ruins of minarets cupolas, cites of khanaks and madrasahs are preserved in the steppe called by a word "Yangy". For this purpose in 2009 according to "Cultural heritage" state program were implemented excavations at 50 metres distance from west citadel of medieval ancient settlement Aktobe located in Aksu river estuary in Shu district of Zhambyl region where burnt clay bricks were thrown about. As a result of these excavations minarets remains were found referring to XI century built according to Islamic style, typical to Kazakhstan and Central Asia consisting of two parts: stylobate and socle located in foundation pit. Preserved height of installation is 3,6 m. stylobates volume of four-sided minaret with corners directed to four-sides of the world is 8,65x8,5 m, and height-2,6 m. The diameter of eight-sided upper socle is 7,85 m, and preserved height-1 m. Dimensions of solid built bricks are: 22-24x11-12x4,5-5; 22-24,5x22-24,5x4,5-5,5; 31-32x13,5-14x5 sm. In conclusion one can say that the minaret can be referred to the first found objects of land marks mentioned in written sources. This minaret has peculiar importance among historical monuments and landmarks of Kazakhstan as it is still single minaret of karakhanid epoch in which islam got the status of state religion.

Keywords: Shu Valley, Aktobe, shahristan, minaret, stylobate, pedestal, Muslim, architecture, building, burnt bricks.



Ақтөбе қаласы. Мұнара іргетасы жоспары

КОНСКОЕ СНАРЯЖЕНИЕ ПАЗЫРЫКСКОГО ВРЕМЕНИ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА

Бесетаев Б.Б. - Институт Археологии им. А.Х. Маргулана
Сабыржан А.А. - КазНУ им. аль-Фараби

Благодаря наличию конских сопогребений и хорошей сохранности органики в мерзлотных курганах пазырыкской культуры Восточного Казахстана, снаряжение верхового коня изучено сравнительно лучше, чем в других регионах. Полученные за последние десятилетия материалы из погребальных памятников в Восточном Казахстане демонстрируют своеобразное динамическое развитие конского снаряжения в эпоху раннего железного века. Довольно внезапный процесс смены в VI–V вв. до н.э. маймерских племен пазырыкцами отчетливо отражается в трансформации погребального обряда и инвентаря.

Известно, что в эпоху первых воинов-кентавров территория Восточного Казахстана являлась контактной зоной, связующий материальные и духовные культурные особенности населения сопредельных регионов. Общеизвестно, что эпоха ранних кочевников в Восточном Казахстане включает в себя последовательно сменяющихся, хронологических периода (раннесакское время – IX–VI вв. до н.э. и пазырыкское время – V–III вв. до н.э.), в которых следует рассматривать две археологические культуры с дальнейшим обоснованием внутри них этапов и локальных вариантов. Детали конского снаряжения относятся к числу наиболее массовых находок, так как захоронения по обряду трупоположения с конем являются характерной чертой погребальных памятников кочевников скифо-сакского времени Восточного Казахстана. К настоящему времени сравнительно наиболее хорошо изучены памятники кочевой знати. Захоронение коней в полной амунии, а также отдельные сбруйные наборы и детали в погребениях и кладках фиксируются на большей части скифо-сако-сибирского ареала, и в том числе и на территории Восточного Казахстана, в пределах довольно обширного временного диапазона.

В историографическом аспекте, знакомство ученых с деталями конского снаряжения из Центральной Азии состоялось в XIX в. [1, с. 349], однако их масштабное изучение началось только в 40–50 гг. XX в. Наиболее значимыми явились находки комплектов конского снаряжения в мерзлотных курганах пазырыкской культуры Горного Алтая VI–IV вв. до н.э. [2, с. 973–974; 3, с. 13–40; 4, с. 164–167, 344–345; 5, с. 5–6, 22, 109].

М.П. Грязнов, предельно внимательно изучая морфологию уздечного набора и седельного комплекта, отличает особенность характерных черт региона от других сопредельных территории, впервые создает реконструкцию конского снаряжения верхового коня пазырыкского времени [3, рис. 6–17, с. 25–39]. В этой связи, предметы конского снаряжения пазырыкского времени являются знаковыми, что отражается в своеобразном художественном стиле и относительно хорошей сохранности. Данные факты открывают перед нами широкий ракурс в изучении конструкции конского снаряжения, что является одним из множественных показателей высокой культуры и обычного быта, также выявлению хронологических и социально-экономических атрибутов населения скифо-сакского времени. На наличие как общих, так и специфических черт в «царских» курганах пазырыкской культуры обратил внимание С. И. Руденко. При сравнении 2-го Башадарского и Пазырыкских курганов он отличает различия в местоположения конского снаряжения в могилах, также раскрывает масштабность скифской культурного мира, взаимосвязи с передовыми станами того времени и, в первую очередь с Передней Азией [6, с. 59–60; 7, с. 164–167, 344–345]. Позже, они стали своего рода эталоном, с учетом которого последующие исследователи реконструировали снаряжение верхового коня.

Значительный вклад в изучение конского снаряжения Восточного Казахстана внесли С.В. Киселев [8], С.С. Черников [9], С.С. Сорокин [10], М.К. Кадырбаев [11], Ф.Х. Арсланова [12], З. Самашев [13], А.С. Ермолаева [14] и др.

На сегодняшний день пазырыкское время относительно хорошо изученный этап культуры в Восточном Казахстане, представленный сериями курганов разных слоев кочевого общества. Основная масса курганов в общих чертах сохраняет характер, свойственный предшествующему этапу. При этом было установлено, что основные принципы устройства сбруи пазырыкского времени были заложены уже в раннескифское время. Во второй половине V–III вв. до н.э. на территории Восточного Казахстана практический все соединения конского снаряжения осуществлялись с посредством ременной связки, а многочисленные бляхи стали украшением и прикрывали узлы. Постепенно выходят из

В статье рассматриваются образ грифона которое занимает особое место в мировоззрении сако-скифов, в связи с изобразительной характеристикой они делятся на овец-грифон, лошадь-грифон, лось-грифон, грифон с головой льва, орлиноголовый грифон. С помощью точных археологических данных рассматриваются передне-азиатские, греческие, скифские типы образов грифон. Даются анализы содержания образов грифона. Рассматриваются исследования и труды ученых о образе грифона сформулированное в себе свойства различных животных.

Ключевые слова: археология, звериный стиль, грифон, мировоззрение, мифология, сако-скифский период, кочевники.

Summary

Character of griffins worldview of sako-scythians

G.K. Omarov, J. Mukashev

In the article sak-scythian is important in the worldview of the griffin, physical geography of sheep-griffin, horse-griffin, elk-griffin, lion griffin, eagle griffin set out in the allocation species. Before Asian, Greece, Scythian grifondoro type, separately certain specific archaeological data. Griffin characters's importance and methods of making had analysed. A variety of research works of scientists formulated about animals.

Key words: archeology, feral style, griffin, worldview, mythology, sak-scythian period, nomads.

ӘӨЖ 903.02 (653)(574.52)

ҮСТІРТТІҢ ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ (Б.З.Б. VI-V ҒҒ.)

Е.Қ. Оралбай – Әл-Фараби атындағы ҚазНУ PhD докторант

Б.з.б. VI – V ғасырларда Үстірт пен Маңғыстау далаларын мекендеген ерте көшпелілер ескерткіштері кейінгі уақыттарға дейін әрқилы зерттеліп келді. Әсіресе Үстірт даласының оңтүстігіндегі ескерткіштер Әмударияның сол жағалауындағы ерте көшпелілермен салыстырыла кешенді және ұзақ мерзімді зерттелді. Осы кешенді зерттеулер нәтижесінде Үстірттің б.з.б. VI-V ғғ. ескерткіштері мерзімдік тұрғыдан нақтыланып, сонымен қатар жерлеу ғұрыптары мен қорғандардың құрылымдық ерекшеліктері көрсетілген. БҚАЭ тарапынан кейінгі кезеңдерде зерттелген ескерткіштер қатарында жоғарыда аталған ескерткіштердің баламалары кездескен. Мақалада кейіннен зерттелген осы ескерткіштерді оңтүстік және шығыс Арал маңы ерте көшпелілер ескерткіштерімен нақты байланыстары айтылады. Сондай ақ осы кезеңдерде бұл өңірде ерте көшпелілік шаруашылық салтының қалыптасуына табиғи факторлардың әсері қарастырылған.

Кілт сөздер: көне жер бетінде жерлеу, массагает, Түгіскен, Ұйғарақ Турлар, Үстірт, Маңғыстау, дромос, Орта Азия, деректер.

Маңғыстау мен Үстірт даласынан БҚАЭ ерте темір дәуірінің ескерткіштерін зерттеп келе жатқанына ширек ғасыр уақыт өтті. Осы жылдарда ерте темір дәуірінің жерлеу ескерткіштері мен ғұрыптық ескерткіштерінен біразы ашылды. Ғұрыптық ескерткіштер ғылымда Бәйте тектес ескерткіштер – деген атаумен белгілі болды. Ал жерлеу ескерткіштерінің дромосты камерада топтап жерлеу [1] және қарапайым қабір шұңқырында топтап немесе жекелей жерлеулері кездескен болатын [2].

Осы жерлеу ескерткіштерімен қатар Үстірт даласынан Қайнар, Тасастау 1-4, Ақпан сияқты көне жер бетінде жерлеу ескерткіштері ашылған. Қайнар қорымында шартты түрде алынған № 1-ші қоршау қазылып зерттелінді [3]. Ескерткіштің ортасындағы бос кеңістіктен, қаландының төменгі тастарының деңгейінен шашырап жатқан ұсақ мал сүйектерінің, мүйізінің, адамның бас және астыңғы жақ сүйегінің сынықтары мен саусақ сүйектері табылды. Қазбаны тастарының іргесімен тереңдету барысында қыштан жасалған ұршықтың басы, қоладан жасалған жебенің ұшы, лазуриттен және ізбес тәрізді ұнтақтан жасалған екі моншақ және адамның саусақ сүйегінің қалдықтары табылды. Құрылыстың сыртындағы тастарды тазалап, еденін тегістеу барысында оңтүстікке-шығыс шетінен қола

ауыздық табылды [4]. Тасастау 1 нысанын зерттеу нәтижесінде бұрыштары дөңгелене келген төртбұрыш пішінді, батыстан шығысқа қарай бағытталған, көлемі 7,45 м x 6,5 м құрылыс ашылды. Тағансыз жер бетінде қаланған, үш-төрт қатары сақталған қаландының биіктігі 1 м. Қабырғаларға қалаған тақта тастардың сыртқы беттері өңделген. Ішкі кеңістік ұсақ тастармен және топырақтармен толтырылған. Нысанның оңтүстік жағынан дәліз тәрізді құрылысқа кіру орны (ені 1 м) ашылды. Дәліздің тастармен қалана отырып, арнайы жабылғандығы байқалады. Ескерткіш Қызылүйік ғибадатханасын салған архитектуралық тәсіл бойынша дайындалған, осы тектес ескерткіштердің қарапайым түрі [5]. Құрылыс ішінен, әр жерден және әр деңгейден жануарлардың сүйектері мен әртүрлі жәдігерлер: қола айнаның сынықтары, төрт қыш ыдыстың сынықтары, үш тал үшқырлы жебенің ұштығы, қола және тас моншак, темір қанжар мен бір аяғында қасқырдың басы бейнеленген құрбандық тақта тасынының бір бөлігі және т.б. табылды.

Тасастау 2 нысаны ұлутастардан тұрғызылған дөңгелек пішінді құрылыс. Сыртқы диаметрі 11x11,1 м, ішкі диаметрі 3,63 x 3,4 м, сақталған биіктігі 2 м. Сыртқы қабырғасының қаланған тастары әр жақтан 2-3 қатардан ғана сақталған. Құрылыстың оңтүстік жағынан бөлмеге жіңішке дәліз - дромос енеді. Дәліздің ұзындығы 2,15-2,3 м, ені 0,9-1,08 м. Құрылыстың ішінен сыртқа шыға берісінің биіктігі - 1,2 м. Дәліздің ішкі табалдырығында, дәлізді арнайы жапқан тастардың арасынан екі тесікті темір сұлық табылды. Қабырғаның сыртқы қас бетіндегі құлаған тастардың арасынан ортағасырлық жасыл глазури бояулы қыш ыдыстың сынықтары алынды. Сонымен қатар ғибадатхана ішінен де бірнеше адамның шашылған сүйектері, қыш ыдыстардың сынықтары мен жануарлардың сүйектері табылды. Кіре берістің шығыс жағынан 0,4 тереңдікте, тас қаландылар арасынан жас әйел адамның мүрдесі ашылды.

Тасастау 3 обаның айналасын тереңдігі 0,15-0,20 м, ені 7-8 м ор қоршап жатыр. Қазба барысында әртүрлі тереңдіктен ұсақ малдың сүйектері кездесті. Нысанның оңтүстік-батыс бөлігінен 0,30 м тереңдіктен екі тесікті қола сулық табылды. Сулықтың ұзындығы 40,11 м, қалыңдығы - 0,08- 0,09 м. Ашылған оба-қоршаудың ені 1,6-2 м. Қоршау ортасынан солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай созылған, ұзындығы 2,2 м ені 0,8 м қабір шұңқыры ашылды. Шұңқырдан әртүрлі деңгейден темір және қола заттардың сынықтары мен адамның шашылған сүйектері табылды. Адамның алғашқы қалпында жатқан омыртқа сүйектеріне қарай отырып, оның басын оңтүстік-батысқа қаратып, арқасымен жатқыза жерлегені анықталды. Табылған заттардан сүйек түтікшені, «қамшы сабының» бөлшегін қорамсақтың қапсырмаларын және темір қанжардың сынықтарын атап өтуге болады. Қорамсақтың қапсырмасы доғал тәріздес, дөңес-ойысты пластиналы, оюлы өрнектермен сәнделген, бір-бірімен түйіскен екі темір сынығынан тұрады. Пластиналардың беті жағында шекімелеу техникасымен орындалған өрнегі бар. Жиегінде өрнектің таралу аймағын шекімелеу техникасымен терең сызық салынған. Имектердің кеңістігі шырмалған өсімдік оюларымен толтырылған. Өлшемдері: екі бөліктің ортақ ұзындығы шамамен 15,5 см, ені - шамамен 2 см, қалыңдығы - шамамен 0,1 см.

Тасастау 1 қанжарының баламалары Қазақстан территориясында кеңінен таралған. Қанжардың дүмі мен сабының пішіндері Таулы Алтай, Моңғолия мен Қытай, сонымен қатар Қаратеңіз маңында таралған қанжарлармен ұқсас. Қоладан жасалған мұндай қанжарлар б.з.д. VI-V ғғ. мерзімделеді [5, 28 б] Тағы бір жәдігер жануардың басы бейнеленген – құймалы қола әшекей көне жер бетінен, құрылыстың оңтүстік-батысынан табылды. Жануардың көздерін үлкен, дөңгелек етіп беріп, қарашығының айналасын шығынқы рельефпен бедерлеген. Аңның езуі стилистикалық мәнерде берілген. Еріндерінің жұмсақтығын көрсету үшін толқынды, жұмсақ сызықтармен сырған. Қысқа құлақтары үшбұрыштанып келген. Басын да толқынды сызықпен, нақты бедерлеген. Жануар бейнесіне қарағанда шөпқоректі екені анық, түйе болуы мүмкін. Әшекейдің сыртқы жағында бекіткіш ілгегі бар. Ондай түйе бейнелі ілгектің баламасы ретіндегі бейнесі О.А. Вишневская зерттеуінде Ұйғарақта бар [6]. Қасқырдың басы бейнеленген құрбандық тасының аяғының сынығы нысанның оңтүстік-шығысынан табылды. Диаметрі - 24 см. Ернеуі дөңгелене, сыртқа аздап шығынқы келген. Ернеуінің қалыңдығы - 1,6 см. Құрбандықтың бүйірінен түбіне ұласар тұсы қалыңдана түседі (қалыңдығы - 2,3 см). Түбінің қалыңдағы - 1,6-1,8 см. Аяғының ұзындығы 9 см, ені 5 см, қалыңдығы 4 см. Құрбандық тақтатасының аяғының басы қасқыр бейнелі болып келген. Қасқырдың құлақтары, үшқырлы, қысқа және ернеуге жапсарлас жасалған. Көздері дөңгелек, қарашығы алға қарай шығынқы. Езуі терең сызықтармен бедерленген. Қола айна мен бірнеше қыш ыдыстың сынықтары, біздің болжамымызша, құрылыс ішінде әртүрлі рәсімдерді орындау барысында әдейі сындырылып тасталған болуы мүмкін.

Сондай-ақ осы ескерткіштің маңынан зерттелген Тасастау 2 ескерткішінен де басы оңтүстік-батысқа бағытталып, шалқасынан жатқызылған адамның мүрдесі табылды. Мүрденің оң жағында үш

бөлікке сындырылған қола айна, қара ақық пен ақ бордан жасалған моншақ, темір шеге табылды. Зерттеудің алдын-ала қорытындысы бойынша адамды ғибадатхана өзінің негізі қызметін тоқтатқан сон ішіне лақат түрінде қоюы мүмкін-деген болжам жасалаған. Кейінгі зерттеулерге қарағанда бұл ескерткіште жерлеу орны болуы мүмкін.

Осы Тасастау мен Қайнар ескерткіштерінің маңынан қазылған Ақпан 1 ескерткішінде де кем дегенде тоғыз адам жерленген [7].

Жалпы көне жер бетіне жерлеу дәстүрі Үстіртте осы кезеңде кездеседі [8]. Сақар шаға тобында көне жер бетіне жерлеу дәстүрі барлық жерленімдердің жартысына жуығын алады, ал Түмек кичиджик пен Тарым-каяда бірлі-жарым кездеседі [9]. Осы көне жер бетінде жерлеу дәстүрінің тамырын Оңтүстік Арал маңынан іздеу керектігін зерттеушілер байқаған [8, 48 с]. Сарыардағы қола дәуірінің соңғы кезеңіне қарай IX-VIII терең емес шұңқырларда немесе көне жер бетінде жерлеу дәстүрі кездеседі [10]. Сондықтан бұл жерлеу дәстүрінің бастауларын Орталық Қазақстаннан бастап, Шығыс және Оңтүстік-шығыс Арал маңынан қарастыру керек. Бұл ойымызды осы өңірді көп зерттеген ғалым Л.Т. Яблонскийдің мына ғылыми тұжырымыны да қуаттайды. Ол «қарасұқ (беғазы-дәндібай) мәдениетін жасаушылар Солтүстік Қазақстан мен Арал маңында сақ үлгісі антропологиялық бейнесінің қалыптасуына қатысқан болы мүмкін» деген болжам жасады [9, 59 с.].

Оңтүстік Арал маңы мен Үстіртте б.з.б. I мыңжылдықтың басында Монғолия мен Солтүстік Қазақстан далаларына қарағанда ертерек экологияның жақсаруы жүрді – температура төмендеп, жауын-шашын мөлшері көбейді, шөлейтті ландшафттар құрғақ далаға алмасып, кейін далаға айналады [11].

Осы процесс Сақар шаға мен Құйсай мәдениетін жасаушылардың осы өңірлерде 1,5-2 ғасырдай аялдауына ықпал еткен тәрізді. Оңтүстік және шығыс Арал маңындағы мәдениет үлгілерінің Үстіртте VI ғасырдан бастап пайда болуын осылай түсіндіреміз.

Жалпы Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Орал маңы көшпелілерінің қыстаулары мен қыстық жайылымдары Ембінің оң жағалауына дейін барған. Ал Аралдың оңтүстігі, Әмударияның сол жағалауын және Сарықамыс маңы мен Үзбойды мекендеген көшпелілердің жаз жайлауы Маңғыстау мен Үстіртте орналасқан болуы мүмкін. Өйткені осы кезеңдегі Үстірт пен Маңғыстау ескерткіштерінің ұқсас нұсқаларын Оңтүстік Орал, Ор, Орал, Елек, Сағыз, Темір өзендері мен Мұғалжар тауларынан кездестірмейсіз.

Сонымен қатар археология ғылымында ерте темір кезеңінің ерте кезеңіндегі ескерткіштерді Шілікті, Аржан 2, Ұйғарақ т.б. жекелеген ескерткіш немесе Майемер секілді кезең ретінде ғана көрсетеміз. Жеке өз алдына бір мәдениет дәрежесіне жетпеген. Оның өзіндік себебі де бар: олар ең бірінші өмір сүрудің бір формациясынан екінші формациясына ауысу процесі болса, екіншіден жоғарыда аталғандай климаттың барлық өңірде бірдей жақсы болмағандығынан байқалады.

Қорыта келе Үстірттен соңғы жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында зерттелген Қайнар, Тасастау 1-4, Ақпан 1 ескерткіштері көне жер бетінде жерлеу дәстүрі ескерткіштерінің өкілдері екенін айтамыз және VI-V ғғ. мерзімдейміз.

1 Самашев З., Исмагилов Р.Б., Жетыбаев Ж.М. К изучению культур древних номадов Арало-Каспийских степей // Элитные курганы степей Евразии в скифо-сарматскую эпоху. Спб., 1994, 176-183 стр.

2 Самашев З. Древние всадники Западной Азии // Труды Центрального музея. Алматы – Ғылым. 2004. 230-266 стр.

3 Самашев З.С., Жетібаев Ж., Оралбай Е. БҚАӘ Қызылүйік отрядының 2005 жылғы атқарылған жұмыстарының есебі. Алматы 2006 ж. АИ мұрағаты. 21 іс.

4 Оралбай Е., Оңғар А., Қиясбек Ф., Жетпісбай Н. Үстірттегі Қайнар гүрптық кешені // Международная научная конференция “Кадырбаевские чтения – 2007”. Ақтобе, 2007. 152-154 бб.

5 Самашев З., Оңғар А., Оралбай Е., Қиясбек Ф. Қызылүйік – Алматы: «Археология» ЖШС, 2011.-160 б.

6 Вишневская О.А., Итина М.А. Ранние саки Приаралья // Проблемы скифской археологии, М., Наука, 1971, 204 б.

7 Оңғар А., Чотбаев А., Қиясбек Ф. Ақпан 1 үйігіндегі зерттеулердің алғашқы нәтижелері // Международная научная конференция “Кадырбаевские чтения – 2012”. Ақтобе, 2012. 194-202 бб.

8 Ягодин В.Н. Ранние кочевники Устюрта // Историко-культурное наследие Арало-Каспийского региона. Материалы II международной научно-практической конференции. – Ақтау. 2010.

9 Яблонский Л.Т. Саки Южного Приаралья. Москва 1996, 186 стр.

10 Хабдуллина М.К. Степное Пришимье в эпоху раннего железа. – Алматы: Ракурс, 1994. – 170 с.

11 Глушко Е.В. Цикличность ландшафтообразования Южного Приаралья в голоцене // География и природные ресурсы. – 1996. – № 4. – С. 30 – 37.

12 Глушко, 1996. С. 30–35). Глушко Е.В. Цикличность ландшафтообразования Южного Приаралья в голоцене // География и природные ресурсы. – 1996. – № 4. – С. 30 – 37.

Резюме

Памятники раннего железного века устюрта (VI-V вв. до н.э.)

Оралбай Е.К.

Историография кочевников VI – V вв до н.э. населявших Устюрт и Мангистау отражена в многочисленных работах, в которых описаны важнейшие проблемы истории населения региона. Тем не менее, анализ современных методов изучения истории показал, что имеются не изученные аспекты становления и развития савроматской культуры. Изучением охвачены в основном памятники относящиеся к IV-I вв до н.э. Так же, препятствием для получения полноценной исторической картины является неравномерность изученности всего ареала расселения савроматов, одним из таких пятен, является рассматриваемая нами территория.

Памятники IV- V вв до н.э. изучены сравнительно хорошо, в результате сравнительного анализа с аналогиями из Амударьи и Хорезма, получены данные отражающие различные стороны жизнедеятельности населения региона. Локализованы и определены хронологические рамки памятников Устюрта и Мангистау, определены архитектурные особенности погребально-поминальных комплексов. С получением независимости возобновилось археологическое изучение региона, были исследованы десятки погребально-поминальных комплексов, давших обширный и бесценный материал, отражающий различные стороны общественного строя. В данной работе рассматриваются этнокультурные связи племен Устюрта и Мангистау с населением южного и восточного Приаралья в контексте природно-климатических факторов в становлении археологических культур.

Ключевые слова: погребение в древнем горизонте, массагет, Тугискен, Уйгарак, Устюрт, Мангистау, дромос, Центральная Азия, источники.

Summary

Monuments of the early iron age of Ustyurt (VI-V centuries B.C.)

Oralbay Y.K.

Historiography the nomads VI – V centuries BC inhabited the Ustyurt and Mangistau reflected in numerous works that describe the most important problems in the history of the population of the region. Nevertheless, analysis of modern methods of studying history has shown, what has not studied aspects of the formation and development of the sauromatian culture. The study covered mainly the monuments belonging to IV-I centuries BC in the same way, an obstacle to obtaining a complete historical picture is the uneven knowledge of the entire area of settlement of the sauromatians, one of these spots is considered as territory. The monuments of IV-V centuries BC were studied relatively well, as a result of comparative analysis with analogies from the Amu Darya and Khorezm received data reflecting various aspects of life of the population of the region. Localized and determined the chronological framework of the sites of Ustyurt and Mangistau, defined architectural features burial and memorial complexes. With independence, the renewed archaeological study of the region, have been investigated dozens of funeral-memorial complexes, which gave extensive and invaluable material that reflect various aspects of social order.

This paper discusses the ethno-cultural context of the tribes of Ustyurt and Mangistau, with a population South and East of the Aral sea region in the context of natural-climatic factors in formation of archaeological cultures.

Keywords: burial in ancient horizon, Massaget, Tagisken, Uygarak, Ustyurt, Mangystau, dromos, Central Asia, sources.

УДК: 930.1(574)

ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА В ОБРАЗАХ

Мусаханова М.З. – к.и.н., доцент, профессор Казахской национальной академии искусств имени Т.Жургенова, mussahanova@mail.ru

Для глубоко понимания и осмысления событий, в ходе развития общества, целесообразно изучить их в свете истории. История – сокровищница человеческого опыта, а искусство – сокровищница человеческого чувствования, та же история, выраженная с помощью красок, камня, бронзы, нот или печатных страниц. Искусство – это история в движении, остановленный момент жизни, сохраненный для других поколений. В данном направлении большой вклад вносят отечественные скульпторы, главная цель творчества которых: объяснить, разобраться и показать историю в любом ее проявлении через образы исторических личностей. В то же время художник - в огромной степени педагог, обладающий огромной и прекрасной силой - силой прекрасного, силой преобразить человека, а значит, и окружающий мир.

Ключевые слова: история, искусство, образ, скульптура, памятник, архитектурно-скульптурный комплекс

В ходе истории становления и развития общества человечество приобрело два равноценных дара – история и искусство. Изучение истории – это способ понять цикличность происходящего, законы развития человеческого общества. «Порой важны не сами факты, хронологические списки и выдержки из первоисточников, а воображение, строгость мышления, образность, которой учит само ее

изучение. Ведь даже в вымышленной, неправдивой истории, извращенной царствующей идеологией, она все равно сохраняет все присущие ей законы и признаки, все причинно-следственные связи» [1].

Искусство, в свою очередь, есть прежде всего «история в движении, остановленный момент жизни, сохраненный для других поколений». И главная цель художника: объяснить, разобраться и показать историю в любом ее проявлении. Любое изображение основывается на образе. Образ сам по себе и есть искусство. Человек всегда изображает сам себя – свое отношение к миру и к другому человеку, свою эпоху. И понимание искусства начинается только там, где есть человек или сюжет о человеке, что позволяет художнику выразить дух целой эпохи в одном портрете. Именно портрет, помогает зрителю чувствовать этого героя, сопереживать, печалиться, радоваться, недоумевать вместе с ним.

Способность понимать глубинный смысл и последствия происходящего, ощущение целостности, единства прошлого с настоящим, сопричастности индивида историческому процессу и индивидуальной ответственности за историю – все это есть результат изучения истории или так называемое историческое чувство. Оно возникает у человека в следующих случаях:

1 - когда он начинает изучать историю творчески, а не пассивно: связывая прошедшее с настоящим, настоящее - с будущим;

2 - когда он ставит под сомнение необратимость произошедшего и прогресс человечества;

2 – когда он развит эстетически, обладает живым, здоровым воображением.

Для такого восприятия необходимо изучать историю чувственно, через образ, созданный художественным гением. По словам Э.В. Ильенкова, по отношению к способности воспринимать мир в формате развитой человеческой чувственности сокровищница мирового искусства играет такую же роль, как изучение истории философии играло в отношении развития способности мыслить диалектически [2].

Чувственность необходима человеку для всех видов деятельности. Искусство развивает «всеобщую, универсальную человеческую способность, то есть способность, которая, будучи развитой, реализуется в любой сфере человеческой деятельности и познания - и в науке, и в политике, и в быту, и в непосредственном труде» [2]. Только искусство способно развить в человеке эту самую всеобщую способность, то есть чувственность, необходимую для теоретического познания природы и истории.

Художественное произведение, как правило, дает человеку ощущение живого участия в далеких событиях, понимание собственно эпохи, ее духа. Такую же возможность предоставляет и изобразительное искусство, в частности, скульптура, которая способна формировать у человека представление об эпохе, ощущение ее специфичности в общей совокупности эпох, а также и внутреннюю «общность» ее, связь с историей в целом. Хорошее историческое произведение определяется наличием в нем духа, особенности изображаемого, находящегося на стыке фактического и чувственного, исторического и психологического. Следовательно, миссия художника заключается в развитии у человека способности созерцать мир «человечески развитыми глазами» и понимать. В частности, если говорить о скульптуре исторической, художник выступает неким посредником между миром фактов и миром красоты и чувственности, человеком, который охватывает то и другое одновременно и не видит между ними различия.

«Исторический жанр в казахском изобразительном искусстве, не будучи приоритетным длительное время, все же, как и должно, вобрал в себя все «перезагрузки» сознания нации века глобальных перемен. В зависимости от диктата господствующей идеологии и власти он трансформировался, но национальная история, история этнической художественной культуры, непосредственно упираясь в вопросы идентичности, не теряют своей актуальности для казахских художников» [3].

В истории казахской скульптуры есть несколько примеров произведений, авторы которых обладают потрясающе верным историческим чувством. Прежде всего, хотелось бы упомянуть скульптора Болат Сапаровича Досжанова и его известнейшие произведения на историческую тематику. Досжанов Болат Сапарович - скульптор-монументалист, Член Союза художников СССР, Член Союза художников Республики Казахстан, Заслуженный деятель Казахстана, профессор института искусств Синьцзянского университета г. Урумчи КНР, профессор Казахской Национальной академии искусств имени Т. Жургенова родился 28 марта 1945 года в селе Шелекемир (ныне село имени Н. Тлендиева) Илийского района Алматинской области, в семье служащих (мама – учитель, отец – агент госстраха). Б.С. Досжанов проучился четыре класса в семилетней местной школе, которую впоследствии закрыли из-за отсутствия набора учеников. Учебу продолжил в Алма-Ате в средней школе № 12. С

самого детства Болат Досжанов проявлял интерес к рисованию, в то же время мечтал стать хирургом. Во время учебы в школе всегда помогал учителю рисования: оформлял стенгазеты к праздничным датам, здание школы к Новому году. Однажды школу посетил известный скульптор Хакимжан Наурызбаев, который заинтересовался оформителем стенгазет. Когда Болата Досжанова представили мастеру, Х. Наурызбаев посоветовал ему поступить в художественное училище имени Н. Гоголя в Алма-Ате и пригласил в свою мастерскую. Б.С. Досжанов часто посещал мастерскую скульптора, выполнял задания учителя, но, не имея достаточной подготовки, не смог с первого раза поступить в художественное училище. Однако, проявив настойчивость, все-таки осуществил свою мечту на четвертый раз. В первый год учебы был призван в ряды Советской Армии на три года, по возвращению продолжил учебу и в 1970 году закончил отделение «Скульптура» по специальности «Скульптор, преподаватель рисования и черчения». По завершению учебы был направлен в среднюю школу села Денисовка Орджоникидзевского района Кустанайской области учителем рисования и черчения. В 1972 году поступил в Московский Государственный академический художественный институт имени В.И. Сурикова и успешно завершил в 1984 году по специальности «Художник-скульптор». Б.С. Досжанов обучался в мастерской Михаила Федоровича Бабурина из школы известного русского скульптора Александра Терентьевича Матвеева (школа Франсуа Огюст Рене Родена). Дипломная работа Досжанова Болата «Курмангазы»²⁸ (1985 г.) выполненная в гипсе, размером 1,25 от натуральной величины, была посвящена Курмангазы Сагырбаеву - композитору-кюйши, классику казахской инструментальной музыки. Идея дипломной работы, по словам автора, в следующем: казахи - музыкальный народ, каждый второй умеет играть на музыкальном инструменте. Изобразил как философа-музыканта задумчивого, в сидящей позе до или после момента исполнения произведения.

Б.С. Досжанов после завершения учебы продолжил свою трудовую деятельность в Алматинском театральном-художественном институте преподавателем, далее – заведующим кафедрой «Академический рисунок», деканом художественного факультета, деканом факультета прикладного искусства, проректором по учебно-воспитательной и творческой работе. С 1993 по 2000 годы – директор Алматинского колледжа декоративно-прикладного искусства имени О. Тансыкбаева. С 2000 по настоящее время профессор кафедры «Академический рисунок и станковая графика». В 1992-1994 годах, по приглашению руководства Института искусства Синьцзянского университета г. Урумчи КНР, оказал помощь в подготовительной работе по набору студентов специальности «Скульптура»: провел мастер-классы по рисунку и скульптуре для коллег, предоставил методическую литературу, оборудовал мастерские. Находясь в Китае скульптор всегда вспоминал учителя, его методы и приемы и успешно справился с поставленными задачами: «Когда мы получали «4», Михаил Федорович говорил: «я вас готовлю к жизни». Этот случай говорит о том, что в мастере сочетались несколько качеств – педагога, психолога, индивидуальный подход к каждому студенту».

Болат Досжанов один из известных скульпторов Казахстана, который трудится на благо отечественного искусства уже полвека и был неоднократно удостоен правительственных наград. Коллекцию его творческих работ открывает произведение «Қалқан» (1969 г.) – круглое, большого размера, выполнено из алюминия, в технике чеканки для Первой Республиканской выставки молодых художников, организованной художественной галереей имени Т. Шевченко. Галерею творческих работ скульптора дополнили следующие произведения: «Зов» - для Первой Всесоюзной молодежной выставки в г. Москва; «Фокусник» - для Республиканской выставки молодых художников; «Караван»; «Курмангазы»; «Шакарим»; «Портрет нейрохирурга Исакова»; «Ветеран»; «А.С. Пушкин»; «Қаракемпір» (образ создан по песне Алтынбека Коразбаева. Памятник установлен в Жамбылской области с. Мерке, рядом с прудом, где когда-то ловил рыбу Турар Рыскулов²⁹); «Композитор Нургиса Тлендиев»; «Академик Султан Сартаев»; «Аңыз адам. Қайрат Рысқұлбеков»; «Талгат Бигельдинов»; «Сунақ ата»; «Үміт апа»; «Қадыр Мырзалиев»; «Шакен Айманов»; «Малик Габдуллин»; «Бейбарс»; «Абылхан Кастеев».

По утверждению автора: «Темы моих творческих работ нравятся прежде всего мне самому, будь то известная личность или композиционное произведение. Я берусь за такие работы, которые я понимаю и чувствую какие мне под силу. Когда появляется образ, мысль, я прежде чем приступить к воплощению идеи, изучаю литературу, источники, чтобы раскрыть особенности характера личности.

²⁸ краткая хроника о дипломном проекте содержится в Ежемесячном журнале Союза художников СССР, Академии художеств СССР, ЦК ВЛКСМ. Основан в июле 1936 года.

²⁹ Турар Рыскулов (1894—1938) - советский государственный деятель в Средней Азии, председатель Мусульманского бюро Туркестанской Коммунистической партии (1919), ЦИКа и СНК Туркестанской АССР, Полпред Коминтерна в Монголии

Искусство это прежде всего красота, поэтому хочу, чтобы работа была красивой. Однако, отношение зрителей неоднозначное: некоторые понимают, а другие не воспринимают... Стараюсь придерживаться классических приемов (для узнаваемости авторского стиля по кисти и портрету, их взаимосвязи), найти, изучить, раскрыть то, что не видно другому. Чтобы достичь своего желания, надо постоянно совершенствовать свое мастерство, подходить к своему творчеству самокритично. Создавая эскизы, учитываю в каком материале, размере будет выполнено произведение и в какой среде предполагается установить, будет ли вписываться или нет. Эскизы выполняются в масштабе. Материалы для создания скульптур встречаются случайно, использую источники вдохновения: красота, слово, образ (после глубоко изучения), поиск позитивного».

Исторические личности в работах Б.С. Досжанова отличаются верно найденным решением и раскрываются посредством изображения их характера. Работы скульптора можно встретить во всех уголках страны: памятник батырам Карасаю и Агынтаю (г. Петропавловск), архитектурно-культурный комплекс «Қазақ елі» (г.Астана, в соавторстве с Нурланом Далбай, Муратом Мансуровым), памятник Абаю Кунанбаеву (г.Астана).

Памятник батырам Карасаю и Агынтаю воздвигнут 16 июня 1999 года на Театральной площади перед русским драматическим театром имени Погодина в г. Петропавловске (Фото 1). На заранее подготовленный постамент был возведен памятник двум легендарным героям казахского народа середины XVII века, принимавшие участие в битвах с джунгарским войском. Карасай батыр командовал ополчением, а Агынтай батыр участвовал в поединках с воинами врага. Во время боев 1643–1644 гг. батыры неоднократно демонстрировали свою отвагу и воинское искусство, являясь примером для подражания подрастающему поколению сарбазов. Бронзовые фигуры батыров в полном вооружении, стоят плечом к плечу с пиками и общим щитом, символизирующим единство и братство. Над памятником работали скульптор Б.С. Досжанов, архитектор Ю. Дворников, мастером по граниту был А. Гайдадым. Скульптурная композиция отлита из бронзы белорусскими мастерами, а монтаж провели специалисты Петропавловского завода тяжелого машиностроения. После создания эскизного наброска скульптура выполнялась в глине, а затем была одета в бронзу и куртинский гранит. Высота памятника 14 метров [4].

Архитектурно-культурный комплекс «Қазақ Елі» (г. Астана) был открыт 20 октября 2009 года, представляет собой стелу с легендарной птицей Самрук (автор идеи С. Смагулов) на ее вершине и четырьмя бронзовыми барельефами у основания (Фото 2). Монумент символизирует, с одной стороны, мощь и высоту казахстанского архитектурного творчества, с другой стороны - историю, культуру, достижения суверенного Казахстана. Высота монумента составляет 91 метр - символическое совпадение с годом обретения Казахстаном государственной независимости. Общая площадь составляет 5 гектаров, площадь прилегающей территории - 11 гектаров. Четыре барельефа из бронзы размещены в арочных проемах постамента-куба. Композиционная тема центрального барельефа - «Первый Президент и народ». Барельеф «Қаһармандық» (Мужество), расположенный в южной части монумента, отражает воинскую доблесть, героизм и мужество казахского народа, здесь гармонично переплетаются боевые традиции батыров-кочевников и воинов современной армии. В композиции «Жасампаздық» (Созидание), расположенной в северной части монумента, основным лейтмотивом является прославление созидателя человека - в лице металлурга и нефтяника, инженера и хлебороба, строителя и космонавта. Тема «Болашақ» (Будущее), в восточной части монумента, отражает одну из основных ценностей государства - молодежь, стремящуюся к науке, культуре и к здоровому образу жизни, бережно сохраняющую семейные ценности. Логическим завершением композиционной части монумента является скульптурная группа «Единство». Здесь изображен ликующий народ - мужественный и сильный духом, способный победить тяжелые испытания времени и, сохраняя единство, обрести и защитить свою независимость.

Памятник великому казахскому поэту и мыслителю Абаю Кунанбаеву (г. Астана) был установлен на 7-метровый постамент 19 июня 2010 г. Высота самой статуи - 7,5 метра (Фото 3). При создании памятника, по словам скульптора Б.С. Досжанова, особое значение имело отражение величия личности Абая, его высокой гражданской позиции, духовности, мудрости, безукоризненного владения словом и глубины созданных им литературных образов. Мемориал возвышается над одной из самых любимых горожанами площадей, которая в праздничные дни служит сценой для выступлений мастеров искусств Казахстана, национальных творческих коллективов [5].

Во всех работах скульптора Болата Досжанова, кроме прекрасной самой по себе и прекрасно гармонирующей с сюжетом техники, присутствует очень уместный, соответствующий изображенным

эпизодам исторический психологизм, так верно направляющий зрителя в понимании события. Его произведения несут идею и формируют у зрителя мнение по поводу изображаемого исторического эпизода. «Мы должны стремиться встать в один ряд с цивилизованными культурными странами. В казахской скульптуре мы должны оформить свое отдельное направление. В этом направлении уже работает скульптор Болат Досжанов. Образец монументальной скульптуры – скульптурная пара «Карасай - Агынтай», личности которых объединяют парные элементы, символизирующие призыв к объединению народа. А именно дополнительные копыя, посередине которых расположены их щиты, являющиеся символом и атрибутикой того времени. И все это вместе призвано раскрыть главную цель жизни двух личностей, их сущность» [6].

Монументальная скульптура, монументально-декоративное искусство самые молодые виды художественного творчества в Казахстане. Накопление творческого опыта в данном направлении идет через индивидуальные авторские эксперименты, и в этом аспекте казахстанское искусство может представить выдающихся мастеров мирового уровня [7].

Перед каждым скульптором стоит главная задача – донести до зрителя свою мысль и найти пластическое решение форм. Чтобы исполнить его мастеру недостаточно обладать техническими методами и приемами. Самое интересное в искусстве скульптуры – это постоянный неустанный поиск. По словам Б.С. Досжанова: «Надо глубоко изучить образ, который хотел бы изобразить. И только после этого, всестороннего изучения и глубокого исследования характера, мировоззрения личности, я приступаю к воплощению своего замысла. Сначала я знакомлюсь с биографией и трудами тех людей, которые меня заинтересовали как скульптора. И только тогда, когда я пришел к выводу, что могу изобразить образ, приняв решение, я приступаю к работе. Второй и интересный момент в скульптуре – это наличие определенного мастерства. Обычно я начинаю создавать скульптуру с помощью обычного пластилина. Это только первоначальный вариант. Мысль полностью не раскрыта, нахожусь в творческом поиске и глубоком раздумье».

Скульптор для воплощения своего замысла много работает, постоянно ищет новые приемы. Все произведения автора отличает высокое мастерство и стремление к целостности.

Таким образом, роль художника в формировании у человека чувства истории и развития в нем универсальной чувственности огромна. Часто художник живет в совершенно другой эпохе и времени, и разумеется не является участником изображаемых событий. Однако, художник в полной мере обладает тем, что он хочет развить в зрителе. Единственный путь к развитию чувственности – изучение и созерцание достояния мирового искусства, всего, что было создано раньше [8]. «Речь идет о том, и именно о том, чтобы каждый человек имел время и возможность в каждой из сфер деятельности быть на уровне современности, на уровне развития, которое уже достигнуто всем человечеством – усилиями и Рафаэля, и Бетховена, и Эйнштейна, и Лобачевского... Пойдет ли каждый дальше этого уже достигнутого уровня – вопрос другой. Но чтобы каждый индивидуум был выведен в своем индивидуальном развитии на «передний край» человеческой культуры – на границу познанного и непознанного, сделанного и несделанного, а затем мог свободно выбрать, на каком участке ему двигать культуру дальше, где сосредоточить свою индивидуальность как творческую единицу наиболее плодотворным для общества и наиболее «приятным» для себя лично способом...» [9].

Художник прежде всего эстетически, чувственно развитый человек и ему нельзя порывать в процессе творения с будущим зрителем – это грозит погружением в гибельную идею «искусства для искусства». Кроме того, художник – это педагог, обладающий силой прекрасного, силой преобразить человека, а значит, и окружающий мир. Таким художником на сегодняшний день является Болат Сапарович Досжанов.

1 Кавелина. Д.Н. *История в образах и образ в истории / Проблема истории в творчестве Э.В. Ильенкова. Материалы XV Международной научной конференции "Ильенковские чтения - 2013". Москва, 28-29 марта 2013 г. - Москва: Изд-во СГУ. - 2013. – С.500-503. / Электронный ресурс: <http://www.propaganda-journal.net>*

2 Ильенков Э.В. *Искусство и коммунистический идеал. - Москва: Искусство. - 1984. – С.213-215.*

3 Труснекова Х.Х. *История, этно-исторический жанр в казахском изобразительном искусстве // Cultural Identification. The Problem of Art Studies. – Szombathely: Savaria University Press. – 2016. – С.149.*

4 Электронный ресурс: <http://www.madenimura.kz/>

5 Электронный ресурс: <http://www.inform.kz/chn/article/2279775>

6 Бауржан Байдилда. *Интервью / "Қылқалам" – Болат Досжанов. 4.12.14. Электронный ресурс: <http://www.youtube.com/watch>*

7 *Казахское искусство. Альбом. 5 томник. Т.3. Скульптура. Монументально-декоративное искусство. – Алматы: Елнур. – 2013. – С. 16.*

8 *Кульжанова К. История Казахстана в художественно-исторических образах // История Казахстана в школе и вузах. – Алматы. - 2002. - № 7. – С.5-11.*

9 *Ильенков Э.В. Об эстетической природе фантазии. Москва: Либроком. - 2011 – С. 28.*



Фото 1. Б.С. Досжанов у памятника батырам Карасаю и Агынтяю. г. Петропавловск. 1999 г.



Фото 3. Памятник Абаю Кунанбаеву. г. Астана. 2010 г.




Фото 2. Архитектурно-культурный комплекс «Қазақ Елі». г. Астана. 2009 г.

Түйіндеме

көркем бейнедегі қазақстан тарихы

Мұсаханова М.З. - т.ғ.к., доцент, Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының профессоры
mussahanova@mail.ru

Жалпы қоғамдық даму үдерісіндегі оқиғаларды талқылау мен терең түсіну үшін тарихи тұрғыда оларды зерделеу маңызды. Тарих адамзат тәжірибесінің алтын қазынасы болса, өнер адамзат сезімінің алтын қазынасына қылқаламның, таспен қоланың сондай-ақ, баспа табақтармен ноталар желісінің көмегімен айналғандығы баршаға аян. Өнер - өмірдің бір мезеттік қалпын, қозғалысын келесі ұрпаққа аманат ететін тарих көзі болып табылады. Бұл бағытта өз шығармашылығына тарих сахнасын тарихи тұлғалар бейнесінде көрсетуді мақсат еткен Отандық мүсіншілердің еңбектері орасан. Сонымен қатар суретшінің көркемдікті жеткізудегі асқан шеберлігі – көркем құдіреттілікпен жеткізілетіндігі айғақты.

Түйінді сөздер: тарих, өнер, бейне, мүсін, ескерткіш, сәулетті-мүсіндік кешен

Summary

History of kazakhstan in images

Mussakhanova Madina

candidate of historical sciences, professor at Kazakh National academy of arts named after T. Zhurgenov.

For a deeper understanding and interpretation of events in the development of society, it is appropriate to examine them in the light of history. History is a treasure of human experience, and art is a treasure trove of human feeling , the same story , marked with paint , stone, bronze, notes or printed pages.

Art - is the story in motion, stopped time of life, preserved for other generations. In this direction the great contribution made by Russian sculptors, the main purpose of creation of which is to explain and understand and show the story in all its manifestations through the images of historical figures. At the same time, the artist a great teacher with a huge and wonderful power - the power of beauty, the power to transform man and hence the world.

Key words: history, art, image, sculpture, monument, architectural and sculptural complex

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ АҢЫЗ-ӘНГІМЕЛЕР (ОҒЫЗДАР МЫСАЛЫНДА)

А.О. Қошымова - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің 2-курс PhD докторанты aknur_k@mail.ru

Қ.Д. Арыстанбекова - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушысы, dankura@mail.ru

Қазақ халқы тарихында ғана емес, көптеген түркі халықтарының тарихында оғыздардың алар орны ерекше. Олардың байланысы тек этникалық жағынан емес, сондай-ақ территориялық жағынан да қиысады. Осыған байланысты мақалада оғыздардың орналасу территориясы, шекаралық аумағы, сонымен бірге Оғыз мемлекетінің қалалары сөз болады. Оның ішінде ел астанасы саналатын Жаңакент, Жент, және Сыр бойында орналасқан көптеген маңызы зор басқа да қалалар тарихын халық арасында тараған ауыз әдебиеті үлгілері арқылы қарастырады. Авторлар ел арасында тараған халық ауыз әдебиеті үлгілерінің шынайы тарих келбетін ашуда, тек ел тарихына қатысты емес, сол халық мекен еткен ел-жұрт, қала, кесенелер мен қорғандар, шаһарлар тарихын ел тарихымен бірлікте қарастырады.

Түйінді сөздер: оғыздар, Жаңакент, Шәуілдір, Баршынкент, Сыр бойы қалалары, ауыз әдебиеті, кайы тайпасы, қыпшақтар.

Қай халықтың болмасын жазу, сызуы болмаған кезеңде ежелгі тарихын зерттеуге көмектесетін тарих ғылымының бір бөлігі болып саналатын археология ғылымы мен ауыз әдебиеті үлгілері, яғни фольклор екендігі белгілі. Ежелгі, ерте кезеңдердегі және ортағасырлық кейбір жәйттерді де осындай халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы толыққанды демесек те, айтарлықтай жоғары деңгейде зерттеу жүргізуге болады. “*Вся древняя история, как говорил один из лучших наших мыслителей, есть всего лишь собрание общепринятых сказок*”, - дейді Вольтер [1, 9 б.] Олардың сипаттары да әртүрлі болып келеді. Мысалы, ол аңыз түрінде кездесуі де мүмкін немесе өз бойында қажетті ақпарларды молынан жинаған, өз халқының ғылыми оқиғалары мен іс-әрекеттерінен мол мәлімет беретін, әрі қарай тереңдете зерттеуге алғышарт болатын дерек көзі де болуы мүмкін.

Ел тарихы ең алдымен адамдармен қатысты болса да, сол адамдармен бірге жасаған қалалар, шаһарлар, кенттер, кесенелер, қорғандар мен бейіттер т.б. тарихы да ел тарихының бір бөлігін құрайтынын естен шығармаған дұрыс-ақ. Міне осылармен бірлікте зерттеліп, жазылғанда ғана шын тарих өзінің шынайы келбетін аша түсері хақ. Қай кезде де тарихи орындарға ұқыппен қарап, өткенімізден жеткен көне мұра ретінде қарай отырып, болашаққа аман жеткізу мәселесі өз өзектілігін жойған емес. Мұндай қалалардың ішінде Махмұт Қашқаримен [2] қатар сол тұстағы араб барлаушылары болған саяхатшы-тыңшылардың жазба деректерінде кездесетін оғыздардың Екіөгіз (Екіоғыз, Эквиус – Жетісу жерінде), Сабран (Сауран), Сіткун (Сүткент), Суғнақ (Сығанақ), Қарнақ, Хора-Жуара, Жент, Дарку тәрізді т.б. қалаларын да атап айтар едік. Одан да өзге Узгент (Өзгент), Баршынкент (Қызқала), Янгикент (Жаңакент) шаһарлары осы атырапта орналасқан оғыздардың атақты мекендері саналады.

Сыр өңірі ежелден-ақ адамзат баласының мекені екендігі тарихтан жақсы таныс. Уақыт көші алға жылжыған сайын олар жайында құнды деректермен қауышып жатырмыз. Сырдария бойындағы ескі қала, күмбез, мұнаралар мен олардың қирап жатқан орындары Оғыз дәуірінен қалған белгілердің аса күрделісі де құндысы болып саналады. Бұл тайпа YIII-XI ғасырларда Сыр өзені мен Торғай өлкесінің арасында көшіп-қонған іргелі ел болғандықтан да олар жайында дерек беретін тарихи жәдігерлер бұл аймақта жиі кездесіп отырады.

Ел аузында кездесетін аңыздармен бірге, көптеген түркі халықтарына танымал “Оғыз-наме”, “Қорқыт ата” жыры секілді дастандарда да жер-су атауларына қатысты мәліметтер кездесіп отырады. “Қорқыт ата” жырындағы Бамсы Берік көп ғалымдардың анықтауынша, өзінің жыр құрылысымен, жазылған мотивтерімен, әртүрлі мегзеуі, бүтін алып, ерлік қасиетімен бүгінге дейін айтылатын атақты “Алпамыс” жырымен бірдей. Қорқыт жырындағы Алып-Бамсының әйелі – Бану-Шешек қазақ, қарақалпақ, өзбек, башқұрт халықтары айтатын Алпамыс батырдың әйелі Гүлбаршын, яғни Баршын сұлу. Әбілғазының көрсетуінше, Баршын сұлу – оғыздарға билік айтқан атақты жеті қыздың бірі ретінде былайша аталып өтіледі: “Түрікмен тарихын білетін жақсылар, бақшылардың айтуынша жеті қыз барша оғыз елінаузына қаратып, көп жылдар бектік қылыпты.

Олардың біріншісі – Алтын Гөздекі, Сұндұн байдың қызы және Салор Қазан алыптың әйелі, бойы ұзын болып еді. Екіншісі – Қармыш байдың қызы, Мамыш бектің әйелі – Баршын Салор еді. Оның қабыры – Сыр суының жағасында еді, халыққа мәшһүр еді, өзбек оны Баршынның Көккешенесі дейді, кешене көрікті, жақсы күмбез еді” /6, 30/. Яғни, Қармыш байдың қызы, алып Мамыштың (Алпамыстың) әйелі Баршын сұлудың аты осы күнге дейін Сырдария бойында көп жерде сақталған. Біріншіден, ол ерте кезде жасап, кейін қирап қалған бір қаланың аты тарихта “Баршынкент” деп аталады, Қызылорда қаласына қарсы, судың сол жағында орналасқан. Ескі қазақтар Баршын сұлуды Баян сұлу сияқты аса қадірлі етіп санағандықтан, Баршынкентті “Қызқала” деп те атаған.

Баршын сұлудың көркем кешені сол қаладан алыс емес, Сығанақ қаласынан төменірек, Сырдарияның оң жақ бетінде, биік белеңнің үстіне салынған. Әбілғазының түрікмен шежіресі бойынша, бұл кешенді оғыз-қыпшақ заманында (X-XI) Баршын сұлуға арнап салған, олардың аузында – “Баршынның көк кешені”, қазақша “Көккесене” деген атпен әйгілі [3, 551б.].

Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан Шәуілдір атты қала атауының шығуына қатысты да аңыз-әңгімелер де халық арасында кеңінен таралған. Оның бір нұсқасы бойынша “Ертеде Бұзық қаласын (қазіргі Темір ақ қорға, Бозықтөбе) Мұрындық атты хан билепті. Ол өте қатал, айтқанынан қайтпайтын, бірбеткей жан екен. Бірде қаладағы Беген өзенінен су тартылып, қала тұрғындары бір тамшы суға зар болыпты. Сол кезде Мұрындық хан: “Кімде-кім қалаға су жеткізетін болса, соған қызымды беремін”, деп жар салыпты, - деп басталып, оқиға барысы ары қарай былайша дами түседі. Мұрындықтың Дүрия есімді айдай сұлу қызы бар екен. Көркіне ақылы сай Дүриядан қаланың бар кәрі-жасы тегіс үміткер болып, олар қалаға су әкелу жұмысына бар ынтасымен жұмылыпты. Дегенмен де ешқайсысының қолынан мұндай іс келе қоймайды. Сол ауылда Мұрындықтың жылқысын бағатын Шәміл есімді көрікті, батыр тұлғалы жігіт бар екен. Шәміл мен Дүрия бір-бірін өте жақсы көріпті. Бірақ сезімдерін жария етуге бірінің кедей жігіт, екіншісінің бай қызы екендігі бөгет болыпты. Ханның жарлығын естігенде, Шәміл қатты қуанады. “Дүрияға қосылудың бірден-бір жолы осы” деп ойлайды. Ол үлкен кетпен жасатып, Арыс өзенінің жағасына келіп, тездетіп іске кіріседі. Күн-түн демей арық қазады. Тек бір өкініштісі, он бес шақырымдай жүргенде кетпен бір қатты затқа соғылып, сабы сынып кетеді. Кетпеннің сабы тораңғыл ағашынан жасалған екен. Ызаланған Шәміл сынған сапты бес бөліп, лақтырып жіберсе, ол бес таяқша болып жерге шаншыла түседі де, біраз уақыт өткесін, көктеп шығады. Кейін сол жерде бес ағаш өсіп тұрады. Содан халық ол жерді “Бестораңғыл” деп атап кетеді. Шәміл кетпенін қайта саптап, жұмысын жалғастыра береді. Отыз шақырымдай арық қазып, Бұзық қаласына су алып барады. Шөліркеген халық суға қанып, шаттыққа бөленеді. Алайда Мұрындық хан өзінің уәдесін орындамай, қызын алып, Отырар қаласына қарай қашады. Бірақ оны Шәміл Отырарға жеткізбей қуып жетіп, Дүрияны күшпен тартып алады. Содан кеткен екі жас ну орманды паналап, күн кешеді. Аң аулап, жеміс-жидекті қорек етеді. Мұны естіген хан ашуға мініп, арттарынан әскер жіберіп, екеуін табанда өлтіртеді. Міне, осы екі ғашық паналаған жерді жұрт “Шәміл мен Дүрияның ауылы” деп атап кетіпті. Уақыт өте келе бұл атау қысқартылып “Шәмілдүр”, артынан дыбыстық өзгерістерге ұшырап “Шәуілдір” атанған деген сөз бар”.

Осы Шәуілдір атауы туралы аңыздың екінші варианты бойынша Отырарды билеген Қайыр ханның інісі әскербасы болады. Оның Дүр атты жалғыз қызы болады. Жұрт “әскербасына жасаған ием жалғыз қыз берсе де, дүниенің тұтас байлығына пара-пар қыз берген” деседі. Дүр Қайыр ханның ұлы Шәмілмен түйдей құрдас екен. Шәмілді көргендер: “Ер тұлғалы, батырға лайық кейпі бар. Бұл өзі Қайырдан өткен хан болар” дейді. Қайырды дұшпандары жеңудің әдісін ойлайды. Оны жеңудің жолы күште емес, айлада екендігін ұғынып, күндердің-күнінде Қайыр хан аңшылыққа кеткенде, екі жасты алдап-арбап, шарап ішкізеді. Кейін бұл хабар Қайыр хан мен оның інісіне де жетеді. “Күнәһардың бірі сіздің, бірі менің перзентім, екеуін де жас боран етіп жазалау керек” дейді. Үкім шығарылып, туысқан аға, қарындастың қылмысына лайықты жаза қолданылады. Қақпа аузында жазалаушы әскер атқа мініп, қылышын қолына алып, сап түзеді. Қылмыскер екі жас жүгіріп атқа мініп, қала ішінен шауып шығуы керек. Алдымен Шәміл көз ілеспес жылдамдықпен жұлдыздай ағызып өте шығады. Жазалаушының қылышының біреуі иығына, біреуі санына тиіп, қып-қызыл қаны саулап кетеді де, жоқ болады. Оның артынан Дүр де ақ жамылып ағыза өтеді. Шәмілдің басын ала алмаған бас кесерлер, Дүрдің басын алады. Қыздың денесін алып, Арыстанбабаға тастайды. Қызды сол жерге жерлепті. Ал Шәміл ұшты-күйлі жоқ болады. Ел жиналып, есін жиған соң, ескі елді мекен Отырардың атын “Шәміл-Дүр” депті. Келе-келе бұл Шәуілдірге айналыпты” делінеді.

Оғыздар мемлекетінің астанасы саналған Жанкент қаласы жайында Әбілғазының Түркмен шежіресінде оғыз елі әруақыт осында жиналып отырғандығы, қайы халқынан Инал Яумды хан көтеріп,

оған Қорқыт атаны кәзір ететіні айтылады. Тарихи қалалардың қатарынан ойып тұрып орын алған оғыздардың астанасы Жаңакент не болмаса Жанкент қаласы атауы жазба деректерде алғаш рет араб тарихшысы Ибн-Рүстемнің еңбегінде аталады. Сондай-ақ, араб географы Ибн-Хаукал оғыздардың басты қаласы Жанкент болғанын, оны ирандықтар Нау-Керде, арабтар Эл-Хариат, сарматтар Дахи-Нау деп атағанын жазады. Бұл шаһар биікке орналасқан. Жанкент атауының өзі Янгикент – Жаңакент – Жанкент (Жаңа қала) деген мағынаны білдіреді. Оның тарихы ғасырлар қойнауында жатыр. Қаланың гүлдену дәуірі IX ғасырдың екінші жартысы мен XI ғасырдың алғашқы ширегі.

Жанкент қаласында түркі халықтарына ортақ тұлға, халық абызы атанған Қорқыт атаның кіндігі кесілген. Қобыздың иесі Қорқыт атанғандықтан да қазақ өнерінде өзіндік ереше орны бар музыкалық аспап – қобыз да ең алғаш осы қалада жасалған делінеді. Сонымен бірге, Жанкент дегенде атақты Бегім ана оқиғасы да ел есіне орала кетеді.

Жанкент немесе Жаңакент аталған оғыздардың астанасының жойылып кетуіне қатысты да ел аузында әңгімелер кездеседі. Қаланың жойылуы жөнінде де біршама деректер кездеседі. Ол да өз кезегінде тарихпен тікелей жанасымды. Оның алғашқысы – Бегім ана оқиғасына байланысты. Бегім ана Жанкентті билеген Санжар ханның жұбайы болған. Оның пәктігіне күмән келтіріп, әйелінің екі қолын шауып, зынданға тастайды. Бегім ананың әкесі – Қарабура әулие оқиға барысына қатысты Жанкент қаласына келеді. Ол қызының ақ екеніне көз жеткізіп, Санжар ханға наразы екенін білдіреді. Күйеу баласы хандық құрған Жанкент қаласы содан кейін жыландар шабуылынан жермен-жерсен қирапты деген аңыздық деректер бар.

Себебі, Қыпшақ мемлекетінің құрамында қайы тайпасының өмір сүргендігі тарихтан белгілі. Ал аталмыш қаланың жер бетінен жойылуы да осы тайпаның атымен байланысты. Ел аузында Жанкент қаласы “Жылан жұтқан қала”, “Жылан ойрандаған қала” сөз тіркестерімен бірлікте айтылады. Аталмыш Қыпшақ хандығы құрамындағы қай, немесе қайы деп аталатын тайпаның ұраны да, таңбасы да жылан болып келетіндігі тағы да аян.

Сондай-ақ, оғыздардың Құмиян атауын алған қаласының да тарих бетінен жойылуы ел аузындағы аңыздарға қарағанда ордалы жыландардың ойрандауымен байланысты. Яғни, қала тағдыры Жанкент қаласы сияқты жыландар тарапынан ойрандалуымен аяқталған. Аталған аңыздардың астарында белгілі бір дәрежеде шындық жасырын жатқандығы анық. XI ғасырдың орта шенінде қыпшақ тайпаларының Оғыз мемлекетін ойрандағаны тарихтан мағлұм. Қыпшақ тайпалар одағына қимақтар да кіретін еді. Қимақтардың тотемі жылан екендігін жазбаша жәдігерліктертің көпшілігі-ақ айғақтайды. Олардың туларында жыланның суреті жалаңдайтын, таңбалары да жылан тәрізді бейнеленетін. “Кимаки на Иртыше – пришлый народ, а сам этноним кимак книжный, известный лишь в кругу арабо-, персоязычных информаторов. Самоназвание их было, очевидно, кай. От окружавших, издавна проживавших в регионе современного Восточного Казахстана тюркоязычных племен кыпчаков и йемеков они, возможно, получили имя уран. И кай и уран в переводе означают змею. Кимаки – народ змей, дракона”, - деп жазады С. Ақынжанов [4, 14 б.]. Марвазидың хабарлауына кундар өз жерін “жайылымдық жердің жетіспеуінен” тастап кетті дегенімен де, басты себебі мынада еді: “Их преследовал народ, который называется кай. Они многочисленнее и сильнее их. Тогда куны переселились на земли сары, а сары ушли в земли туркмен. Туркмены перелились на восточные земли гузов, а гузы ушли в страну печенегов” [5].

Сондай-ақ Әбілғазы баһадүр ханның аталмыш шежіресінде “Қазығұрт” атауы этноним (ру аты) қатарында бірнеше рет аталып, бір рет топоним (жер-су атауы) ретінде ұшырасады. Оғыз қағанның шекарасын баяндаған тарихшы: “Оғы елінің жұрттарының күншығысы – Ысығ көл және Алмалық, құбыласы – Сайрам, Қазығұрт тауы, Қаражық тауы, темірқазығы – Ұлықтау, Кішіқтау – мыс кені еді, күнбатысы- Сыр суының аяғы, Йаңакент, Қарақұм. Осы айтылған жерлерде төрт мың, бес мың жыл отырды, қайсы ру көп болса, содан падишаһ көтерді”, - деп жазады [6]. Яғни, біз бұл деректен Қазығұрттың Оғыз қағанатының оңтүстік-батысындағы шекарасында жатқан тау екендігін көріп отырмыз. Демек, бұл тау “Оғыз тауы” аталуға тиіс еді. Біз бұл жерде бір кезде Оғыз қағанатының аумағында жатқан Қаратаудың тұйықталар тұсы күні бүгінге дейін “Өгізмүйіс” (Оғыз мүйісі) деп аталатынын да еске алып отырмыз. Әбілғазы баһадүрдің “Қаражық” деп атап отырған тауы кәдімгі Қаратау болуы да ғажап емес. Әрине, біз бұл топонимнің ру-атына қатысты қойылғанын білеміз, оның үстіне Қаратаудан басталатын бір өзеннің аты әлі де “Қарашық” (Қаражық = Қаражұқ) деп аталады” – деп өз ойын түйіндейді Б.С. Қошым-Ноғай[7, 223.].

Жалпы ауыз әдебиеті үлгілерін тарихи дерек ретінде қарастырудың қиын да, қым-қиғаш тұстары көп-ақ. Түпнұсқа дереккөзімен айналысып, белгілі бір мәселені індетте зерттеген зерттеуші, әдетте, екі

бірдей шындықтың куәгері болады. Мұның біреуі – ашық шындық, екіншісі – жасырын шындық. Ашық шындық – дереккөздерінде бар нақты деректермен куәландыруға болатын, талас тудырмайтын шындық болса, ал жасырын шындық – айғақ етіп алға тартар нақты дерегің жоқ, бірақ болғандығын әлгі нақты дерек куәландырған тарихи оқиғалардың өзінің ішкі даму барысы айтатын шындық. Міне аңыз-әңгімелермен, шежіре деректерімен бетпе-бет келгенде зерттеуші алдында да осындай жәйттер орын алып отырады.

Қазақ тарихында ортағасырлық Оғыз этносының қалыптасуы мен мемлекет іргетасының қалануы, территориялық аумағы, қалалары мәселесі әлі де нақтылы толық шешімін таппаған.

1 Вуд Дж., “Солнце, луна, и древние камни”. Москва, “Мир”, 1981.

2 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі.

3 Марғұлан Ә.Х. Шығармалары – Алматы: “Алатау” баспасы, 2007.-1 том. - 608 б.

4 Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. – Алма-Ата, “Наука”, 1989.

5 Кумекоев Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. По арабским источникам. Алма-Ата, 1982. С. 128.

6 Әбілғазы (Хиуа ханы). Түрікмен шежіресі. // “Жалын” журналы. Номері 2, 1991.

7 Қошым-Ноғай Б. Тіл ұшындағы тарих (“Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы”). Алматы: Жазушы, 2003. – 496 бет.

Резюме

Легенды о названиях местностей и рек (на примере истории огузов)

Кошымова А.О. – PhD докторант факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби, aknur_k@mail.ru

Арыстанбекова К.Д. - старший преподаватель факультета Довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби, dankura@mail.ru

Огузские племена сыграли значительную роль не только в истории казахского народа, но и в истории многих тюркских народов. Они связаны между собой этническими и территориальными общностями. В статье описываются территория заселения огузов и города Огузского государства. Рассматривая историю столицы Огузского государства Янгикент, а также других городов, авторы опираются на произведения устного народного творчества. В изучении истории государства, а также городов, мавзолеев и различных памятников авторы обращаются к произведениям устного народного творчества, рассматривают историю государства в неразрывном единстве с историей его городов.

Ключевые слова: огузы, Янгикент, Шауельдер, Баршынкент, города на Сырдарье, произведения устного народного творчества, племя Кайы, кипчаки.

Summary

Legends of the names of places and rivers (for example, the history of the Oguz)

Koshymova A.O. – PhD student of the History, Archeology and Ethnology of al-Farabi KazNU, aknur_k@mail.ru

Arystanbekova K.D. – Senior Lecturer, Faculty of Pre-University Education of al-Farabi KazNU, dankura@mail.ru

Oguz tribes have played a significant role not only in the history of the Kazakh people, but also in the history of many of the Turkic peoples. They are linked by ethnic and territorial communities. This article describes the population of the territory of Oguz state and city. Considering the history of the capital of the state of Oguz Yangikent, as well as other cities, the authors rely on the works of folklore. In studying the history of the state, as well as cities, mausoleums and monuments of different authors turn to the works of folklore, considering the history of the state in the indissoluble unity of the history of its cities.

Keywords: Oguz, Yangikent, Shaulder, Barshynkent, the city on the Syr Darya, folklore, the tribe Kayi, Kipchak.

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ АРУАҚТАР ЖӘНЕ ЖЫН-ПЕРІЛЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕР

Толеубаев А.Т. – аль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында анимистік түсініктер мен нанымдар маңызды орын алған. Жан мен аруақтың және әдеттен тыс тылсым күштердің барына сену барлық халықтарға тән екені белгілі, алайда қазақтарда ол күрделі, синкреттік, түрлі сатылы сипатқа ие. Онда нанымдардың, аңыздардың, шаманистік, зороастрийлік, исламдық көріністері қабаттаса, өріле байланысқан.

Түйін сөздер: рух, аңыз, шаман, әулиелік, жын-перілер, аруақтар, жан, дін, ата-баба, қазақ, ислам.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы қазақ халқының санасында ежелгі демонологиялық (жын-перілер) түсініктердің қалдығы азды-көпті біртұтас, толық күйінде сақталды. Орта Азия халықтарының діни сенімдерін зерттеген белгілі ғалым Г. П. Снесарев өткен ғасырдың басында «...әр түрлі әдеттен тыс тылсым күштерге сену және оларға байланысты ырымдардың болғаны сөзсіз», – деп жазды [1, 23-б.]. Солай бола тұрса да, бұл уақытта көптеген демонологиялық кейіпкерлер өз айқындылығын, кейбір жеке ерекшеліктерін жоғалтқан. О.А. Сухареваның мәліметі бойынша «...жын-перілік күштердің бір ғана түрі әр түрлі сипатталған, немесе керісінше аруақтардың түрліше атауларына бірдей сипаттама берілген» [2, 12-б.]. Әрине, бұл әр түрлі этникалық топтардың, идеологиялық жүйелердің тарихи-мәдени өзара байланыстарына негізделген демонологиялық кейіпкерлердің сипаты мен генетикалық шығу тегі бойынша, халық түсінігінде әр түрлі болып қалыптасуынан туындаған жағдай.

Адамның өлімі, оны шығарып салуға байланысты наным-сенімдер адамның рухы туралы көзқарастан туындаған. Дін тарихын зерттеуші Л.Я. Штенберг: Діни физиологиялық құбылыстар (түс көру, талу, елес, өлім жақындаған кездегі құбылыстар, қан ағу, соңғы рет тыныс шығару, т.б.) туралы мынадай қорытындыға келеді: «өмірді айрықша тіршілік иелері (жан) басқарады, олардың еркіне адамның бүкіл өмірі тәуелді» [3;4;5;6]. Халық түсінігінде адамның жаны жұлдыздармен байланысты деп сенген. Аспаннан жұлдыз ағып түсуі адам өлімін аңғартқан [7, 209-б.].

Сондай-ақ, адамның өлімін оның «иесі» білдіреді деген сенім де кең тараған. Мысалы, Жүсіп Баласағұнның түркілердің даналық жырынан:

**Айтты Одғұрмыш өлімнің шын келгенін,
Түсіне еніп иесі аян бергенін, –**

дегенді оқимыз [8, 59–60-бб.].

Есет және Бөгенбай батырлар туралы аңыздар бойынша өлер алдында оларды барыс және қасқыр бейнелі иелері тастап кеткен (АЖМ:17, 67, 134). XIX ғасырдың екінші жартысындағы атақты ақын Кемпірбай өлімінің келгенін, өз өлеңдерінің «иесі» болған үйректің тастап кетуінен білген [9, 166-б.].

Дерек берушілердің мәлімдеуінше, адам жанын үш түрде қарастырған: шыбын жан, ет жан, рухи жан. Шыбын жан адам ұйқыға кеткенде шығып ұшып кетеді. Сондықтан шыбын жанын адам түсінде көреді. Егер ол бір тамшы суға отырса, адам түсінде өзен, көл, теңіз көреді. Таңертең шыбын жан адамға қайтып келгенде ол ұйқысынан оянады. Жан денеге қайтып үлгермейтін болғандықтан, адамды тез оятуға болмайды.

Рухты денеге салғанда құдай алдымен оның мұрнына, одан кейін аузына үрлеген, сонда соңғы сәтте рух аяққа дейін жеткен деген тұжырым айтылады. Ал адам жан тапсырғанда, керісінше тәртіпте шығады. Бұл өлім алдында ең бірінші болып аяқтың жансызданып суық тартуымен түсіндіріледі. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Үмбетей жырау Абылай ханға Бөгенбай батырдың өлімін жеткізгенде былай деген екен:

**Иманын айтыпөлерде,
Иекке жаны келерде [10,89-б.].**

Қазақтар сондай-ақ, өлген адамның рухы қабір түгелдей құрғап кетіп, қиямет күні келгенге дейін денемен кездесіп тұрады деп сенген. Кейбір дерек берушілердің мәліметінше, аруақ пен рух ұқсас түсініктер: аруақ – рухтың денесі, рух – жан. Өлімнен кейін жан құдай алдына барады, жан шыбын бейнесінде ұшып, аспанға кетеді. Содан бірнеше уақыттан кейін жан денеге қайтып келеді де, бұл

жолы басынан кіріп кіндігі мен қолының ұшына дейін ғана енеді. «Ет жан» – көзге көрінетін зат ретінде түсініледі (қан, жүрек). Ал оған қарама-қарсы «рухи жанның» денесі жоқ. Кейбір дерек берушілер өлгеннен кейін адамның рухы аруаққа айналады дейді.

Барлық Орта Азия халықтарында рухтың екеулігі қарастырылады [1,108-б.]. Әлемнің көптеген халықтары оны көп деп есептеген [3,12–17-бб.; 11, 56, 67, 73, 82, 113-бб.]. Бұрынғы Орта Азия-Қазақстан аумақтарында да бүгінгі таңда мүлде жоғалған көп рух жайлы түсінікті кезіктіруге болады. Рух туралы көзқарастардың ең көнесі заттай дене туралы түсінік. Ерте замандардағы адамдар қоршаған әлемнің тылсым сыртын ұға алмағандықтан, жанды да заттай дене деп ойлаған.

Біздің көптеген дерек берушілеріміздің айтуынша, адам қайтыс болғаннан кейін жанның үш түрі денені кезекпен қалдыра бастайды. Ең бірінші рет «шыбын жан» «көк жалын түрінде» немесе көзге көрінбейтін шыбын түрінде кетеді. Бұл қайтыс болған адамның соңғы демі шыққан сәті саналады. Екінші кезекте адамның «ет жаны» кетеді. Бұл адамның соңғы демі шыққаннан кейін денесі бірден суып кетпейтінімен түсіндіріледі. Ең соңында «рухани жаны» кетеді.

Кейбір дерек берушілердің айтуынша, адамның жаны өлгеннен кейін үшке бөлінеді: бірі көкке кетеді, екіншісі қабірде қалады, үшіншісі үйдің айналасында жүреді (АЖМ:16, 55, 61, 104). «Жан» сөзі араб (мұсылман) тілінен алынған, бірақ халықтың жан, оның екеу немесе үшеу болуы туралы түсінігі тек ислам дініне қатысты туындаған деп айтуға болмайды. Біздің көзқарасымыз бойынша қазақтардың өте ертедегі рух туралы тұжырымы Сібірдің түркі тілді халықтарындағы сияқты «құт», «тын» түсінігімен үндес келеді [12, 126–133-бб.].

С.Ақатаевтың жан және рух туралы пікіріндегі адамның жаны соңғы демімен шығады деген тұжырымы шындыққа ұласады [13, 118–119-бб.].

«Тын» сөзі (қазақша тыныс сөзімен салыстырыңыз) якуттар мен телеуіттерде де кездеседі [12, 132-б.]. Қазақтарда қатты қорыққанда «құты қашты», «сұры қашты» яғни «өмірлік күші кетті», жаны кетті деген. Қазақтар ерекше қадірлейтін рухтардың бірі – аруақтар (өмірден озған ата-баба рухтары). Бұл рухтың атауы араб тілінен алынғанымен, исламға дейінгі қазақ қауымында аруаққа табынатын ата-баба сенімін жоққа шығаруға болмайды.

Қазақтың әйгілі ғалымы әрі ағартушысы Ш. Уәлиханов XIX ғасырдың басында «Қырғыздардағы (қазақтардағы – Ә.Т.) аруақтарға табыну әлі күнге дейін сақталған. Мұсылмандар өз әулиелеріне табынатыны сияқты, олар да өмірінің қиын сәттерінде бабалар аруағына жалбарынып, көмек сұрайды. Барлық сәттілік қасиетті аруақтың қол ұшын беруімен байланыстырылады», - деп жазды [14, 51-52-бб.].

«Аруақ» сөзін қазақтар екі мағынада қолданады. Жалпы мағынасында ол барлық өмірден озғандардың рухы, ал жеке мағынасында ерекше құрметтейтін бабалар рухы саналған. Өмірден озғаннан кейін «ұлы, мықты адамдар, құдіретті онгон (аруақ – Ә.Т.) айналады, ал өмірде ұсақ-түйек адамдар бақилық болғанда да еш қажетсіз рух күйінде қалады» [14, 51-б.].

Біріншісіне жататын адамдарды қазақтар: «Аруақты ер», «Аруақты адам» деп атады. Тірі адамның қоғамдағы орны оның өлгеннен кейінгі рухының жағдайын көрсетеді деп ойлады. Рухтардың осылайша ажыратылуы түсінікті де: қоғамдық өмірде сыйлы, атақ-абыройы бар адам өмірден озған соң да сыйлы, абыройлы аруаққа айналады.

Аруақтар – мейірімді, «пәк» рух болғанымен, адамға тән әлсіздіктерден кенде емес. Олардың адамдарға қарым-қатынасы, оларды қорғауы, көмектесуі немесе жазалауы ұрпақтарының өздеріне деген қарым-қатынасына байланысты деп есептеді (Ш. Уәлиханов «аруақ» сөзінің орнына неліктен «онгондар» сөзін әдейі қолданып отырғаны белгісіз. Ол қазақтың «өлген» сөзіне қатысты айтып отырған жоқ па?). Қазақтар тірілер өлген адамды құрметтеп, о дүниеге қажеттінің бәрін бірге жіберіп, оны еске алып тұрса, аруақтар да оларды қорғап, қол ұшын беріп тұрады деп сенген.

«Егер керісінше бабаларының рухына кір келтіретіндей өмір сүрсе, онда аруақ олардан алыстайды. Оларды қорғап-қоршауын, көмектесуін тоқтатады, нәтижесінде, ұрпақтары кедейленіп, бақытсыздыққа, ауруға ұшырайды» [15, 24-б.; 14, 51-б.]. Осыған орай қазақтар арасында «Өлі риза болмай тірі байымайды» деген ұғым бүгінгі таңда да өз мәнін жоғалтпаған. Негізінде қазақтар аруақтардың назасынан қатты қорыққан. Сондықтан да «Аруақ атсын!» деген сөз ең ауыр қарғыс түріне жатады (АЖМ:10, 16, 42, т.б.).

Басқа халықтар сияқты қазақтар да өлген адамның рухын үйдің ошағымен, отпен байланыстырады. Үйлену тойында және әйелдің толғағы басталып, босанар алдында, отқа май тамызуы, аруақтар қолдасын деген сеніммен, оларға дәм бергені болып есептеледі. Жайлауға көшердің алдында қазақтар аруақтарға арнап ас берген. Бұл күні әр үйде қой сойып, бауырсақ пісіріп, көрші-лерді

қонаққа шақырған (АЖМ:15, 42, 66). Ерте заманда жерлеу рәсімдерінде, марқұмға арнап сойылған малдың етін, басқа да азықты қабір басына қалдырып кететін болған. Қыстауға көшіп келген соң да ас берілген.

Қазақтарда аруақтарды жиі еске алып тұру керек деген сенім қалыптасқан. Өлілердің жиі түске кіруі немесе күтпеген жерде болған сәтсіздіктер аруақтардың қаһары деп түсініп, оларға арнап Құран оқып, ас берген. Егер қазаннан сүт немесе сорпа тасып төгілсе, аруақ дәметіп жатыр деп сенген (АЖМ:6, 21, 22).

Аруақтар белгілі бір адамдарға – әулет, ру көлемінде өмірдегі болған мәртебесіне байланысты көмек беріп, қолдайды деген сенім қалыптасқан. Аса сыйлы адамдар қайтыс болғаннан кейін тек аруақ қана емес, әулиелерге жатқызылған. «Әулиелерге табыну, бабалар ғибадатынан бастау алды» деген өзінің көзқарасын В.Н. Басилов түркімен мәліметтерімен толықтырды [16; 17, 69–91-бб.]. Әулиелер наным мен бабалар ғибадатындағы байланысты Г.П. Снесарев Хорезм өзбектерінен аңғарды [18, 279–282-бб.]. Ол «Анығында әулиелер – өлген бабалардың рухы, олар белгілі бір күшке ие. Әулиелік рух белгілі бір туыстық ортадан шығады», – деп жазды. Өлгендер мен әулиелердің рухы *антропоморфтық* заттар ретінде қабылданып, тек екі-үш ұрпақ жалғасында ғана ол адамның нақты бейнесі есте сақталған.

«Пәк рухтар» қатарына адамның иесін де жатқызуға болады. Ие белгілі адамдарға ғана қонатын рух. Сондай-ақ, ол ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Иенің таңдап алған адамы таза, оның талаптарына жауап беретіндей өмір сүруі керек. Ал егер иенің қалағанын жасамай, өз бетінше бұрыс жолға түсіп, таза жүрмейтін болса, ие өз таңдаулысының басын ауыртып, қалтыратып, тіпті есінен адастырған. Ие қонған адам болашақты болжай алатын, адам емдейтін болған. Исламға дейінгі шамандық рух та ие деп аталған. Қазақтарда әлі күнге дейін бақсыларды: «Иесі бар адам», «Иесі қысып тұр» дейді. Тек бақсылардың ғана емес, батырлар мен палуандардың да иесі болған. Аңыздар бойынша, қазақ батырлары Бөгенбай мен Есеттің Барыс және Қасқыр түрінде иелері болса (АЖМ:17, 63, 134), атақты ақын Кемпірбайдың иесі көкүйрек бейнесінде екен [9, 166-б.].

Қазақта батырларға болысатын, оларды қиын жағдайлардан шығаратын пірлер болады. Мысалы Қобыланды жырында:

**Қысылған жерде дем берер
Жеті кәміл пірім-ай.**

Осындай пірлердің шығуы зерттеушілер пікірі бойынша мұсылмандықтың сопылық ағымымен бірге келген [19, 115-121-бб.]. Шындығында да «кәміл», «пір» сөздері исламмен бірге енген парсы сөздері. Зерттеуші С.Қондыбай бұндай пікірмен аса келісе қоймайды, бұл ұғымның өзбетінше дейтүркілік бастауының да болғандығын нақты мысалдармен дәйектейді [20, 265-298-бб.]. Бұл тұрғыда біз С.Қондыбайдың пікірін қолдай отырып, жалпы пірлер жөніндегі түсінік сонау көне түріктерден бері келе жатыр, оның әу бастағы атауы «ие» болуы керек деп есептейміз.

Ие, пір сияқты қолдаушылар асқан жырау, ақын, дәулескер күйшілерде де болады. Ол түрлі жан-жануарлар түрінде келіп қонады, қонарда түсінде аян береді.

С.Қондыбай Бөрібай Ысмағұлұлы (1896-1986) деген қарт ақынның мынадай бір өлеңін келтіреді:

**Шөл иесі Қызырға жүреледім,
Су иесі Ілияс береді тілегенін
Ықлас атты Шашты Әзизден медет сұрап,
Тау иесі Қауысқа сүйенемін [20, 265-298-бб.].**

Адамдарға байлық, бақыт әкелетін пір-әулие қатарында қазақтар Қыдыр (Қызыр) әулиеге сенеді. Жалпы Қыдыр-ата бейнесі қазақ арасына мұсылман дінімен келген. Ол негізінен сопылардың қамқоршысы, олардың құпия жетекшісі болып есептеледі. Кейбір сопы ғұламаларының пайымдауынша мұсылмандық Қыдыр мен христиандық әулие Георгийдің арасында образдық сәйкестік бар. Сонымен қатар Қыдыр бейнесі Ілияс пайғамбармен де шендестіріледі. Сондықтан да олардың аты фольклор шығармаларында қосарланып аталады [20, 353-б.].

Қызыр Ілиастың көнегінен сүт ішкен Ескелді Саназар [21], даладан Қызырдың қалдырып кеткен бір қарын қатығын тауып алған Назар Жарылғас (Маңғыстау өңірі) [22] түбінде үлкен бай болып кеткен екен.

Белгілі дәрежеде таза рухтар қатарына жердің шұрайын келтіретін, балалы болу бақытын беретін құдай-ана Ұмайды да жатқызуға болады [23, 71-б.]. Түркі халықтарының мәліметтері бойынша Ұмай ана пәк рух пен құдай арасын байланыстырушы тұлға [24, 134–139-бб.; 25, 81–86-бб.; 13; 26, 281–285-бб., т.б.]. Бірақ ол туралы жаңа мәліметтер мен көзқарастар әлі табылған жоқ.

Қазақ тілінде Ұмай ана есімі «Май ана» [27, 13-б.] түрінде сақталған. Оған байланысты түрлі дәстүрлер қалыптасқан. Соның бірі жас келін түскенде киіз үйге кіріп отқа май тамызған. «От ана, Май ана жарылқа» деп сыйынған. Толғақ ауыр болып, босана алмай қиналғанда әйел отқа май құйып, «От ана, Май ана жарылқа. Күнәм болса кеше гөр, түйіншегімді шеше гөр» деп жалбарынған (АЖМ:12, 14, 20, 23, 25, 88, 130).

Үйдегі ошақ пен әйел болмысы арасындағы байланыс Сібір және түркі тілдес халықтарда да кездеседі. Мысалы, эвенкілерде долған (үй ошағы) әйел бейнесінде болып, «апатай» деп аталған. Алтайлықтар оны «от ана» деп атады [28, 248–249-бб.]. Біздің ойымызша әйелдердің табынушы құдайы – Ұмай мен үй ошағының байланысы бастамасын осыдан алады. Кейбір дерек берушілердің мәліметінше Қазақстанның батыс өңірлерінде Ұмай анаға қаратып, былай деген:

Май әулие,

Май әулиеболмаса,

Жарылқайтын қай әулие? (АЖМ: 89, 105).

Бала туу кезінде босандырушы аналардың қолдары жеңіл болуы үшін «Менің қолым емес, Бибі Бәтима, Бибі Зухра, Ұмай-ана, Қамбар-ана қолы» деген [29, 90-б.]. Түркі халықтары сенімдерінде Ұмай тек жаңа туылған нәрестенің ғана емес, барлық балалардың қорғаушысы ретінде белгілі. Алайда уақыт өте келе Ұмай ананың балалардың қорғаушысы қызметі ұмыт қалған [29, 90-б.]. Ол якуттердегі Айсыт, өзбектердегі Амбар-ана және тәжіктердегі Мамоко іспеттес [30; 18, 244–232-бб.; 2, 18–29-бб.].

Зерттеуші С.Қондыбай «Ұмай есіміндегі праформа – “ум” < “нум”/”нгум”. Яғни оның шумерлік “Намму” мен самодийлік “Нум” сияқты “ұлы аналық” есімдермен бір тектес екендігі дау туғызбауы тиіс» деген пікір айтады [31, 17-б.].

Пәк рухтар санатына адамдар мен хайуандарды қорғаушы рух-пірді жатқызамыз. Сенім бойынша пірлер адамдарға қиын сәтте қол ұшын береді. Мысалы, әйелдер толғағы ауыр болған кезінде «О Бәтима, пірім-ау!» деп сыйынған. Алайда жасы үлкендердің, әсіресе, ер адамдардың бұл рухтар туралы мәліметі жоқ, бірақ қазақ тілінде: «Сиынған пірім», «пір тұтты» сөз тіркестері кездеседі. Пірлер халық түсінігінде үй жануарларының қорғаушысы ретінде жақсы сақталды. Қамбар ата немесе жылқышы ата (жылқы пірі), Шопан ата (қой пірі), Зеңгі баба (сиыр пірі), Ойсылқара (түйе пірі), Шекшек ата (ешкі пірі) аталғаны белгілі.

Жабайы жануарлар – арқар, киік, сайғақ, таутекелердің пірі көзге көрінбейтін ғайыперен деп есептелді (Ғайыперен сөзінің мағынасы қырғыз тіліндегі рух дегенді білдіреді. К.К. Юдахин сөздігі бойынша, қайы – жасырын, көзге көрінбес, ерен – күшті, мықты, батыр, жігіт деген мағынаны білдіреді [32, 324-б.]. Жалпы ғайыперен бейнесі де мұсылмандық, оның ішінде сопылық ортада қалыптасқан. «Ерен» (ирен) сөзін зерттеушілер парсы тіліндегі «йаран» - «дос, дос пейілді» деген сөзден шығарады [33, 172-174-бб.; 31, 743-374-бб.].

Дерек берушілердің айтуынша ғайыперен – адамға зиянсыз жануарлардың қорғаушысы, олардың сақталуы мен өсіп-өнуіне көмек береді. Ғайыперендер аңшылардың жабайы жануарларды ретсіз атқанын және ерекше белгісі бар жануарларды атқандарды жақтырмайды. Қазақ ауыз әдебиетінде жабайы жануарлардың қорғаушы, сақтаушы рухтары туралы аңыз әңгімелер көп. Солардың бірінде былай айтылады: «Бұрынғы заманда Сұрмерген деген оғы мұлт кетпейтін керемет аңшы болған екен. Сұрмерген аңшы бірнеше жігітті қасына ертіп кезекті аңшылыққа шығады. Қосты суаттың жанына тіккен олар байғұс аңдарды (өзеннің бойындағы суатқа келетін арқар, марал, киіктер) қыра бастайды. Сұрмергеннің көзіне іліккен барлық жануар мерт болды. Күн санап ол өңірдің киіктері мен арқарлары азая береді. Аңшылықтың соңғы күні Сұрмерген аңдар суатына тағы келеді. Біраз уақыт бойы ешбір аңды байқамаған Сұрмергеннің көзіне бір арқар көрінеді. Мылтығын оқтап енді ата бергенде: «Әй, Сұрмерген, төлімді атпа! Жаңа ғана қоя бердім, әлі сулығы да кепкен жоқ. Олжаң жетеді ғой, атпа!» деген дауысты естиді. Бірақ бұл сөзді тек мерген естігендіктен, достары оған: «Мерген, неге атпайсың? Атсаңшы» деп қолқа салады. Мерген екінші рет оқталғанда қайтадан сол дауысты естиді. Мерген жан-жағына көз салып, ешқандай жан иесін көрмейді. Тағаты таусылып, үшінші рет көздеп, атып жібереді. Сол сәтте жаңағы дауыс: «Атпа дедім ғой. Енді өз обалың өзіңе...» деп үн қатады. Расында да, мерген тұрған жерінен қозғала алмай қалады. Жігіттер арқардың қасына жүгіріп барғанда, қатты таңғалысады. Аңшының басында үзенгінің, арқасында ер тоқымның, екі бүйірінде айылдың батқан ізі тұрады. Аңшы ауыр халде үйіне жеткізіліп, бірнеше күннен кейін көз жұмады.

Ғайыперендерге байланысты қызықты деректерді Қазақстанның Батыс және Солтүстік өңірлерінен жазып алдық. Күйекке түсу кезеңінде еркек киіктер зәрін көздеріне шаптырады. Бұл кезде, көздерін зәрден тазалауға (әйтпегенде, көзі көрмей қалуы мүмкін) табиғаттың өзі көмек беріп, міндетті түрде қар жауады. Мамырдың бастапқы он күнінде киіктердің төлдеуіне қарай 7–8 күн бойы ауа райы да жылиды. Халық түсінігінде мұның бәрі Шопан атаның бұйрығы деп түсіндіріледі.

Қазақтарда ғайыперендер күйіс қайыратын жабайы жануарлардың қорғаушы пірі де саналады [34, 115-б.]. Өзбек, тәжік және түрікмендерде ол су киесі есептелінеді. Олардың өмірінде егін егіп, оны суаруда судың маңызы зор [18, 200-б.; 35, 122–123-бб.].

«Пәк» зиянсыз рухтар қатарына балалардың қамқоршысы шілтендер де жатады. Қырық періште, қырық шілтендер бала дүниеге келгеннен кейінгі қауіпті қырық күнде оның қасында болып, қорғап қоршайды деген сенім қалыптасқан [36].

1 Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. М.: Наука, 1960. 336 с.

2 Сухарева О.А. Пережитки демонологии и шаманства у равнинных таджиков // Домусульманские верования и обряды в Средней Азии. М.: Наука, 1975. 340 с.

3 Штернберг Л.Я. Первобытная религия в свете этнографии. Л., 1936

4 Тэйлор Э.Б. Первобытная культура. М.: Союзгиз, 1939. 566 с.

5 Фрезер Д. Золотая ветвь. М., 1928. Вып. 1-4. М.-Л., 1931

6 Токарев С.А. Ранние формы религии и их развитие. М.: Наука, 1964. 399 с.

7 Валиханов Ч.Ч. Тенгри (Бог) // Собрание сочинений в пяти томах. Т.1. А., 1984.

8 Баласагунский Ю. Благодатное знание. А., 1986.

9 XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. А., 1985,

10 Бес ғасыр жырлайды, А., «Жазушы», 1984, 1- т.

11 Шаревская Б.И. Старые и новые религии тропической Африки. М., 1964.

12 Алексеев Н.А. Ранние формы религии тюркоязычных народов Сибири. Новосибирск, 1960,

13 Акатаев С.Н. Культ предков у казахов и его этногенетические и историко-культурные истоки. Тарих ғыл. кандидат. диссертациясы. А., 1973.

14 Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов // Собрание сочинений в пяти томах. Т.4. А., 1985.

15 Поярков Ф.В. Из области киргизских верований // ЭО. 1891. №4.

16 Басилов В.Н. Некоторые пережитки культа предков у туркмен // СЭ. 1968. № 5. С.53-65.

17 Басилов В.Н. Культ святых в исламе. М.: Мысль, 1971. 144с.

18 Снесарев Г.П. Материалы о первобытнообщинных пережитках в обычаях и обрядах узбеков Хорезма // МХАЭ. 1960. Вып.4.

19 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. А., 1987.

20 С.Қондыбай. Арыққазақ мифологиясы. Бірінші кітап. А., Дайк-Пресс. 2004.

21 Саймаганбетов Д., Отаралиев Т. Елдіктің сара жолына соқпақ тартқан // Жаңа өмір, 5 қыркүйек, 1991.

22 Тұраров А. Жарылғас атаға белгі орнатылды // Жаңа өмір. 11 тамыз. 1993

23 Мелиоранский П.М. Памятник Кюль-Тегина // ЗВОРАО. 1899. Т.12, вып.1-3. С.17-22.

24 Дыренкова Н. Умай в культе турецких племен // Культура и письменность. Востока. Баку, 1928. Кн.3.

25 Абрамзон С.М. Рождение и детство киргизского ребенка // СМАЭ. Л., 1949. Т.12.

26 Потапов Л.П. Умай - божество древних тюрков в свете этнографических данных // Тюркологический словарь. М.: Наука. 1973. 290 б.

27 Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1936. Вып.1.

28 Токарев С.А. Ранние формы религии. М., Изд. Политич. Литер. 1990. 621б.

29 Акатаев С.Н. Свет и мрак; Научно-познавательные очерки. Алма-Ата: Жалын, 1990. На каз.яз. 240 с.

30 Попов А. Материалы по шаманству. Культ богини Аисыт у якутов // Культура и письменность Востока. Баку, 1928. Кн.3. 205 с.

31 С.Қондыбай. Арыққазақ мифологиясы. Үшінші кітап. А., Дайк-Пресс. 2004.

32 Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. М., 1965,

33 Амиров Р. Этимологизация как средство комментирования фольклорных текстов // Проблемы этимологии тюркских языков. А., Ғылым. 1990.

34 Баялиева Т.Д. Доисламские верования и их пережитки у киргизов. Фрунзе: Илим, 1972. 170 с.

35 Демидов С.М. О пережитках верований, связанных с водной стихией и рыболовством у туркмен // ТИИАЭ АН ТССР. Ашхабад, 1963. 7-т.

36. Остроумов Н.П. Сарты. Народные сказания. Ташкент, 1906.

Резюме

Понятия о духах и джиннах в мировоззрении казахского народа

Толеубаев А.Т. – д.и.н., профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби

В статье автор рассматривает понятия о духах и джиннах в казахском мировоззрении. А также уделяет внимание на анимистические понятия и верования, которые занимают важную роль в традиционном мировоззрении казахского народа. Всем известно, что у каждого народа есть вера в духов, вера в сверхъестественные явления, но у казахского народа это верование более сложное, синкретичное и состоит из нескольких этапов. Автор обсуждает это в своей статье. Там тесно связаны шаманистические, зороастрийские исламские признаки различных верований и легенд.

Ключевые слова: дух, легенда, шаман, святость, джины, духи, душа, религия, предки, казах, ислам.

Summary

Concepts about spirits and genies in the outlook of the Kazakh people

Toleubaev A.T. - Professor, Doctor of Historical Sciences Kazakh National University named after Al – Farabi

In this article, the author examines the concept of spirits and genies in Kazakh outlook. As well as paying attention to the animistic notions and beliefs which occupy an important role in the traditional outlook of the Kazakh people. Everyone knows that every nation has the belief in spirits, belief in the supernatural, but the Kazakh people is the belief of a more complex, syncretic, and consists of several stages. Author discusses this in his article. They are closely related shamanic, Zoroastrian, the Islamic features of the various beliefs and legends.

Keywords: spirit, legend, shaman, holiness, gin, spirits, soul, religion, ancestry, Kazakh Islam.

ӘӨЖ: 37.039:34

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ

Г.Х. Халидуллин – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қаз ҰПУ

Б.М. Аташ – философия ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Осы мақалада авторлар ұлы дала елінің салт-дәстүр, әдет-ғұрып жағдайларын баяндайды. Сонымен қатар, бүгінгі жаһандану замандағы ежелгі дәстүрлермен салт-ғұрыптарымыздың сақталу негіздерінің жағдайларын баяндайды. Авторлар: әдет, салт, ғұрып, ырым, тыйым, элементтерінің құрамын, тиымдардан, ырымдардан, жоралғылардан тұратының дәлелдей келіп ұлттық ойындармен шаруашылық дәстүрлерінің көптеген халықтарға ортақ кәсіп болғанмен, халқымыз үйленбеген ұлының қуанышына қосымша сойылуға дайындалатын «серке сақтау» дәстүрі халқымыздың өзіндік ерекше феномены екенін айқындайды.

Тірек сөздер: әдет, салт, ғұрып, ырым, тиым, дәстүр, жоралғы, тәніршілдік, исламдық, шамандық, зорастеризм

Соңғы уақыттағы еліміздің тәуелсіздігін нығайту, оның тұғырлылығы мен орнықты өркендеуін қамтамасыз ету бағдарын қолға алған мемлекетіміздің саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани даму бағыттары ұлттық болмысымызды қайта жаңғырту мен түлетуді нақты нысанаға алған. Осы орайда, ғылыми-танымдық кеңістік аймағы іргелі ұстанымдар мен өзіндік ұстындарын ұсынып келеді. Халқымыздың рухани-тарихи тамырларының кең аясынан әдет-ғұрып пен салт-дәстүр институты айрықша қастерлі орын алатындығы сөзсіз. Қазақ қоғамы ұлт болып қалыптасқаннан бері екі нәрсеге баса қатал қарағандығын, оның бірі тіл, екіншісі әдет-ғұрып екендігін дәйектеушілердің пікірлері де [1,3], шындығында, бұл құрылымның аса маңызды өмірмәнділік-дүниетанымдық құндылық екендігін айғақтап тұр. Бұл арнайы институт ретінде сан-салалы және көпқызметті болып келетін тарихи-мәдени, рухани-әлеуметтік құрылым.

Тарихи-мәдени қыры оның сан мыңдаған жылдар бойы арғы қазақтар дәуірінен бері жалғасын тауып, ұлттық болмысымызбен, тұрмыс тіршілігімізбен біте қайнасқан атрибут болып табылуымен айқындалады. Ал рухани-әлеуметтік қыры идеялық және практикалық маңызымен салғаласып келіп, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып отырғандығымен байланысты.

Алдымен салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың күрделі түбірлестік құрылымдылығына, көп ұғымды жалпылығына байланысты жеке-жеке ажыратып алу керек. Бұл негізгі элементтер: салттардан, дәстүрден, әдет пен ғұрыптардан және бұлардың құрамына жатқызуға болатын: тиымдардан, ырымдардан, жоралғылардан тұрады. Сонымен қатар, ұлттық ойындар мен шаруашылық дәстүрлеріміздің іске асу, орындалу үдерістерінің келбеті мен тәсілі де салт-дәстүр мен әдет-ғұрып заңдылықтары

аясында жүзеге асады. Мәселен, мал шаруашылығы көптеген халықтарға ортақ кәсіп болғанмен, үйленбеген ұлының қуанышына қосымша сойылуға дайындалатын «серке сақтау» дәстүрі халқымыздың өзіндік ерекше феномені.

Әдет – қоғамдық қатынастарда күнделікті өмір-тіршілік пен салттарды атқару кезіндегі жосын-жоралғыларды біріздендіретін және ұлттық таным аймағы бойынша ғана атқарылатын нормалардың, талаптардың, шарттардың практикалық бітімі мен мазмұнының бірлігіндегі үдерістер. Әдет ұғымы орындалу бағдарымен үндесетін ғұрып ұғымымен тіркестіріліп, **әдет-ғұрып** деп күрделенетін формада қолданылады. Сан ғасырлар бойы формасы өзгерсе де мазмұны өзгермеген белгілі бір этностың имманентті әдет-ғұрпынан тыс, сырттан, өзге халықтан енген мәдени шартты құбылыстар да бірте-бірте әдетке айналып кетіп отырылады.

Салт – сырттан да, ұлттың өз ішінен де туындап шығатын, белгілі бір нормалардың жеке-жеке көрінісі болып табылады. Салт тұрмыста үш-төрт ұрпақ бойы қолданыста болатын болса, ұлттық таныммен, талғаммен үндесе келе, белгілі бір деңгейде мәдени-әлеуметті тұғырды иеленіп, жалпылама ұғым – **дәстүр** ауқымына еніп, орнығып отыратын ұлттың шынайы рухани-мәдени, әлеуметтік-практикалық имманентті болмысына сәйкестеніп жатады.

Осы пікірімізді педагог ғалымдарымыз былайша құптай түседі: «Сонымен өзіміздің зерттеу проблемамызға байланысты дәстүр ұғымына мынадай анықтама ұсынамыз: Жеті ата шежіресі мен дастарқан рәсімдерін дәстүр деп толық айта аламыз. Өйткені қазақ халқының әрбір отбасында атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып, берік орнығып, заңдылыққа айналған бұл рәсімдер мен ғұрыптар – әлеуметтік маңызға ие халықтық педагогиканың тәрбие құралы»[2,10].

Дәстүр – әдетті, салтты, ғұрыпты т.б. қамтитын ауқымды концепт түрінде болса, **ғұрып** – салтқа сай атқарылатын әдеттің нақты харекеті. Ол негізінен дүниетанымдық көзқарастар мен наным-сенімге байланысты қалыптасқан салт-дәстүрге сай атқарылатын іс-әрекет ретіндегі көрініс деп анықтаған дифференциациялық түсіндірмелеріміз уақыт пен кеңістік аясындағы салыстырмалылығымен және тұрақтылығымен байланысты өлшемденген. Шындығында, әдеттің тұрақтылығы «ауру қалса да, әдет қалмайды» деген афоризммен нақтыланса, дәстүрдің барынша орнықтылығы ғылыми таным әдіснамасындағы дәстүршілдік қағида, оның жаңашылдыққа қарсы қойылуы бойынша да дәйектеле түседі.

Салт туралы «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» деген тұжырым оның белгілі бір кеңістік аясында өзгешеленген, формасы өзгертілген түрде әр түрлі ғұрыптар бойынша сақталып, бәрінің түп тамырының бір арнаға тоғысатындығымен байыпталады. Бұл шартты түрде әдет-ғұрыпты субстраттар, салт-дәстүрді суперстраттар деп ажыратып алуымызға мүмкіндіктер ашады. Бірақ бұл тұста керісінше, инверсия пайда болады, әдет-дәстүр барынша абсолютті, ғұрып-салт салыстырмалы болып айқындалып тұрады. Олардың қай-қайсысының да генетикалық-эволюциялық-тарихи-құрылымдық негіздері таразылбағандықтан, яғни, қай салттың, не дәстүрдің қай кезеңде пайда болғандығы, қабылданғандығы, өзгертілгендігі ашылмағандықтан уақыт пен кеңістік аясы бойынша горизонтальді-вертикальді түрде иерерхияға орналастырудың өзі қиын.

Ырым – белгілі бір халықтың ішкі рухтық ниеттері аясына басымдылық беретін, өмірлік әрекеттермен, мақсаттармен сыртқы келбеті жағынан (мүмкін ішкі шынайы себептері бойынша) психологиялық ассоциация туғызатын немесе оның осы байланыстары көмескіленгендіктен логикалық қатынас өресі түсініксіз болып сақталып қалған өмірмәнділік ишаралар деп түсіндіруімізге болады. Оның жағымды және жағымсыз түрлері бар. Мәселен, топырақты үю, үйге қарай атпен шабу т.б. – жаман ырым, себебі, топырақты үю, мәйітті көмумен, өліммен ассоциация береді, яғни, «қайғылы оқиғаны меңзеу, соны күту» деген сияқты ниеттерді шақыру деп түсінілген. Немесе, әлеуметтік мәртебесі жоғары адамнан сыйлық алу, оның тұтынған заттарын пайдалану, тіпті сарқытын ішу т.б. – жақсы ырым. Бұл – «менің ұрпағым да, соның болмысын өзіне қабылдасын, дәл сондай болып өссін» деген ниетті сездіріп тұратын болса, керісінше, «малдың қары жілігінің ұры-қарыдан сақтайтындығы» жөніндегі ырымдардың қисындылық мағынасы біз үшін көмескілеу, нақтырақ айтқанда, сойылған малдың сүйегі (қары жілік) мен әлеуметтік «әділетсіз» өмірдегі ұры-қарыдан сақтанудың арасында қандай байланыс бар екендігі беймәлім. Яғни, соңғы ырымның шығу тегі мен қисындылық деңгейі күнгірттеніп жоғалып кеткен. Этнограф Ш. Уәлихановтың: «Ырым – халықпен бірге көптен бірге жасасып келе жатырған әдет-ғұрыптың бірі болып саналады, ал аян, лепес жақсылық нышаны ретінде жасалады. Мысалы, әйелі үнемі қыз туып, ұл көрмей жүргендер, игі ниетпен, ең соңғы қызына Ұлтуған деген ат қояды», - деген тұжырымдары[3,185] біздің түсініктерімізді айғақтай түседі.

Ырымның кейбір элементтері жапондық-қытайлық мәдениеттегі күні бүгінге дейін сақталып, әлемге әлдеқандай идеологиялық беделдер арқылы тарап келе жатырған «фэн-шуй» шарттарын ұқсас болып келеді. Мәселен, «жанұя құрмаған адам дастарханның бұрышына отыруға болмайды» деген қағида, «табалдырықты баспа» деген ұстаным, «қалың киімнің жағасын баспа» деген тәрізді тиымдардың да тылсым бақыттылық пен бақытсыздықты тудыратын себептері бар тәрізді болып көрінеді. Бұндай ырымдарды «қазақтың фэн-шуйі» ретінде әлемге танытуымызға мүмкіндігіміз мол екендігі күмәнсіз.

Тиым (табу) – кейбірінің түпкі мотивтері ұмыт болған, қайсібірінің логикалық түсіндірмелері белгілі болып келетін күнделікті тұрмыстық істерді, қимыл-қозғалыстарды жасауға болмайтындықты ғана басшылыққа алатын мәдени-әлеуметтік талаптардың психологиялық жиынтығы деп айта аламыз. Мәселен, «айға қарап қолыңды шошайтпа» деген тиымның логикалық түсіндірмесі күңгірттеу, қазір ұмыт болған. Тиымдарда жаман ырымдармен қатар, этикалық, этикеттік нормалардың жиынтығы жасақталған. Мәселен, «кісіге қарап керілме» жаман ырым емес, таза этикеттік нышан. Осы тиымдардың терең мағыналы тәсілімі арқылы кейіннен моральдің, қазіргі заманғы құқықтық заңдардың іргетасы қаланған деп пайымдауызға болады. Мәселен, бүгінгі күнгі біреуге ғайбат сөз айтудың заңдық-құқықтық түрде жазалануы осының айғағы.

Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып сан ғасырлар бойы қалыптасқан әрбір тарихи дәуір бойына толықтырылған, заманауи талаптар мен шарттардың қажеттіліктері мен сұраныстарына орай, үстемеленген күрделі түбірлестік құрылым. «Бұл жерде дөп басып айту өте қиын, аңыздардың бізге келіп жеткендерінің қайсысы ертеден, қандай діннің ұғымынан пайда болды, қандай сенімнің әсеріне ұшырады деген мәселенің төңірегінде қарама-қайшы, әр түрлі пікірлер бар», - деген Ш. Уәлихановтың тұжырымы [3,149] осы салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың эволюциялық қалыптасу құрылымын анықтауға да қатысты соншалықты күрделі мәселе болып табылады.

Ендеше, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты жалпы халықтық дүниетаным тұрғысынан байыптап, концептуалды түсініктеме бере келіп, қалыптасуы мен дамуын эволюциялық хронологиялық бірізділік бойынша болмағанмен, құрылымдық-функционалдық тұрғыдан таразылап алуымыз қажет. Себебі, оның құрылымдары мен қызметтерін бөліп көрсетудің өзі, ұлттың руханиятын қалыптастырудың жалпы бағдарларына кері байланыс бойынша ашып беретін сыңайлы. Нақтырақ айтқанда; салт-дәстүрдің ұлттық руханиятты қалыптастыруы немесе руханияттың салт-дәстүрді нығайту түйткілі туралы.

Әдет-ғұрып пен салт-дәстүр институты – халқымыздың тұрмыс тіршілігіндегі бихевиоризм қағидасы бойынша сүйеніліп жүрген; байқап көру – қателесуді, рухани-әлеуметтік тұрғыдан кері кетудің немесе адасудың алдын алып отыратын жалпылама канондық, барынша абсолютті өмірлік ұстаным ережелері мен ғұмыр кешудің нақты және тұтас бейнесі болып табылады және ұлттық трансцендентальді руханияттық императивтер жүйесіне айналады. Бұнда әуел бастан-ақ бәрінің жауабы нақты берілген, тығырыққа тірелгенде немесе «өмір сүрудің қай жолы дұрыс» деген сауал тасталғанда, ата-баба дәстүріне сүйеніп ғұмыр кешу ұстанымы мыңдаған жылдар бойғы тарихты құрайды. Себебі, ол бір күнде-ақ пайда болған, не мистикалық тұрғыдан тылсым күштер арқылы жіберілген бір сәттің туындысы емес, халықтың мыңдаған жылдар бойғы өмір сынағынан өткізілген, шындалған, жүйеленген, сұрыпталған, тиімсіздері мен қажетсіздері алынып тасталынған өмір сүрудің формуласы іспеттес айқын тұғырнамасы деп те айтуымызға болады. Демек, қайта-қайта өмір сынағынан өткізіліп, өміршең кейіпке енген, өзінің тиімділігі мен ондылығын дәлелдеген, халықтың ділі мен дүниетанымына үндескен дала заңдарының стихиялық көрінісі.

Стихиялылық болатын себебі, оның «Жеті жарғы», фольклор сияқты кейбір арнайы жазба үлгілері болғанмен, тұтас жүйе ретінде жинақталып, бір ізге түсіріліп арнайы орнықтырылмағандығында. Бірақ бұндай логикалық пен бірізділікті салт-дәстүр құрылымынан іздеудің өзі, ғылымиландырып көрсетудің өзі еуропоорталықтық түсінік болуы ықтимал екендігін ескергендігіміз жөн. Бұл түркі халықтарының сан мыңдаған жылдар бойы жазуды игергендігімен және арнайы жазбай отырғандығымен дәйектеледі.

Әдет-ғұрып пен салт-дәстүр институтының құрылымдық-функционалдық негіздерін сараптау бойынша, оның қызметін, шығуының түп-төркінін, құраушы элементтерін және құрылымын зерделеп алуымыз қажет. Бұл құрылымды кең концептуалды түрде қарастырсақ, шығу тегін, әу баста құралу, қалыптасу жолдарын былайша топтап көрсетуімізге болады.

- зорастризм сенімінің элементтері: отты үрлемеу, отқа май құю, наурыз мерекесінің салттары т.б.
- шамандық сенім көріністері: жын-періні аластау, қарғыс, киені сыйлау т.б. түсініктер.

- Тәңіршілдік сенімнен туған ғұрыптар: аруақтарға арналған салттар, тотемдік сенім элементтері т.б.

- Исламдық дәстүрлер: жерлеу рәсімдерінің ғұрыптары, құрбандықтар шалу т.б.

- Халық даналығы: фольклордағы ұлттық дүниетаным көріністері, данагөйлердің орнатқан дәстүрлері т.б.

- Халықтық медицина: үшкіру, тазалық сақтау, қымыз, шұбат ішу салттары т.б.

- Сакральді көне сенімдер: күн мен айды құрметтеу, түбірі айқынсыздау табулар т.б.

- Мифологиялық сана қалдықтары: жақсылық пен жамандық туралы ырымдар, оккультизмдік ғұрыптар, тасаттық беру т.б.

- Өнердің ұлттық түрлері: бұйымдарды безендіру мен көркемдеу салттары, ұлттық ойындар т.б.

- Шаруашылық-әлеуметтік дәстүрлер: тұрмысқа, мал шаруашылығына байланысты орындалатын ғұрыптар, төрт түліктің пірін құрмет тұту, жеті ата феномені т.б.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ата-баба дәстүрі күрделі мәдени-әлеуметтік құрылым болғандықтан, көпқызметті және көпмәнді қажеттілік болып табылатындығын ескерсек, оларды былайша топтап жүйелеуімізге болады:

1. Компенсаторлық қызмет, демек, адам өмірінің мағынасын аша түсу үшін әр түрлі психологиялық қажеттіліктер мен руханияттық талаптардың орнын толтырушылық қызметін атқарады. Мәселен, тасаттық беріп, көктен жаңбыр тілеу, табиғат алдындағы адамның дәрменсіздігін өздігінше «жеңумен» толықтырылатын психологиялық және тәжірибелік-нәтижелік ғұрып.

2. Гедонистік. Халықтың эстетикалық талғамы мен руханияттық тұрғыдан ләззат алып отыруы үшін маңызды өмір салты мен зеріккенін жабдықтау үшін ішкі психологиялық қажеттілік. Мәселен, ұлттық ойындар, түрлі безендіру салттары т.б. адамның жан дүниесінің жайлылығы үшін және өмірге мағына енгізу үшін атқарылады.

3. Регуляторлық. Тек эстетикалық қана емес, этикалық-әлеуметтік қатынастарды реттеп отырудың құралы, нақтырақ айтқанда, «моральдік кодекс», «конституция» сынды институтқа парапар қызмет атқарады. Барымта, құн төлену, шашу шашу, қалың мал беру т.б. өзара есеп айрысу ғана емес, адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеп отырудың өзіндік құралына айналды.

4. Этноидентификациялық. Ұлтты бірегейлендіру, ұлттық Менді нығайту мен тұлғаның өзін-өзі үнемі қайтадан тану қызметтерін атқарады. Бұл - салт-дәстүрдің бәріне ортақ жалпы қызмет. Ал іске асырудың нақты тетіктері де өзіндік субстраттарды құрайды. Мәселен, «ата-баба салтын бұзды», «ата-баба аруағын қорлады» деп тағылатын айыптар ұлтты үнемі бірегейлендіріп отыру дәстүрлерінің айқын көрінісі болып табылады.

5. Аксиологиялық қызметі де неғұрлым жалпы конституция. Себебі, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың өзі рухани құндылық ретінде белгілі. Сонымен қатар, нақты қоршаған ортаны құрметтеу, діни табыну объектілері, ата-баба аруағын қастерлі санау, ұрпақ тазалығын сақтау т.б. құндылықтық қызметтің шынайы көрінісі.

6. Патриоттық. Бұған жауынгерлік салттар, қару-жаракты жасау мен меңгеру өнері, далаға деген сезімдік сүйіспеншілік пен сағыныш, «ас беру» сияқты бірлікке үндеу т.б. жатқызылады.

7. Футурологиялық қызметке болашақты болжауға арналған ырым-тиымдар, нақыл сөздер мен оларды орындау салттары, дала тәжірибесі т.б. енгізіледі: «Ай шалқасынан туса, бұл малға, адамға жайлылықты білдіреді», «қыз иненің жібін ұзынырақ қылып сабақтаса, ол алысқа ұзатылады», «қарға қарқылдаса суық болады» т.б.

8. Теологиялық. Қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпында, шындығында, алғашқы діни сенім элементтері мен кейінгі ислам дінінің ғұрыптары бейімделіп барып, синтезделген және тұтастандырылған. Мәселен, «қасқырдың табанын баланың бесігіне байлап қою» дәстүрі байырғы көк бөрі тотемінің сарқыншағы екендігі күмәнсіз. Табулар мен тиым салулар да көбінесе күнгірттенген діни сенім қызметтеріне сәйкес келеді.

9. Гносеологиялық. Бұл әлеуметтік іргелі институттың – дүниетанымдық, дүниені байыптаушылық, дүниемен бірлікте болуға машықтандырушылық сияқты қызметтері кеңінен танымал. Мәселен, киіз үйдің түндігі дүниенің төрт бұрышын меңзейді, ала арқан әлемдегі жақсылық пен жамандықтан басталған барлық қарама-қарсылықтарды жинақтайды т.б.

10. Витальдік. Өмір шабыты мен құндылығын қамтамасыз етіп, денсаулықты сақтауды нығайтатын дәстүрлер халқымызда ежелден-ақ қалыптасқан мызғымас салт екендігі бұрыннан белгілі және қазіргі таңда бүкіл әлемге танымал болып отыр. Мәселен, денсаулықты сақтауда; атқа отыру салты (баланы бес жасынан бастап атқа мінгізу қуанышы), «ас жеу – сорпа ішу – қымыз ішу» тізбегінің

өзіндік жүйесінің орнығуы т.б. толықтай қамтамасыз ете алатындығы бүгінгі таңда әлемнің көптеген өркениетті елдерінің назарында болып келеді.

11. Тәрбиелік-өнегелілік. Бүгінгі күнгі «Тал бесіктен жер бесікке дейінгі» деп аталып жүрген адамның жетілуіне ғана қатысты салттар мен ғұрыптардың барлығы, атап айтқанда; «жүкті келін, нәресте, бала, жасөспірім, бозбала, жас, ересек, ел ағасы т.б.» әлеуметтік хронологиялық жастағы адамды әр кездегі физиологиялық қабілеті мен табиғи физикалық қажеттілігіне байланысты жан-жақты тәрбиелеудің формуласы іспетті. Мәселен, жүктілік кезінде әйелге түнде далаға шықпау, шашын жаймау т.б. сан алауан тиымдар беріледі, бұның бәрі болашақ дүниеге келе жатырған ұрпақ үшін жасалынатын тәрбие мен денсаулықтың шарттары, тіпті себептері болуы да мүмкін.

Сонымен қатар салт-дәстүр мен әдет-ғұрып мазмұны бойынша да өзіндік салаларға жинақтап көрсетуге болатындай құрылымдық жүйе екендігі белгілі. Қазақтардың мұраттарын зерттеуші [4,17-42] салаларын атап көрсетеді. Ендеше, бұл жалпы ұғымның мазмұндық құрылымын жеке-жеке былайша жетілдіре түсуімізге болады:

- *Философиялық*: ас үстінде мүше бөлу, адамы жоқ болса да үйге сәлем беріп кіру, болашақты болжау салттары т.б.

- *Мәдени*: өнер түрлері (қол өнер, фольклор т.б.), бесік жыры, ұлттық ойындар т.б.

- *Әлеуметтанулық*: Қонақжайлылық, ас беру, сүйінші сұрау, байғазы беру, некелесу рәсімдері, рулық қауымдасу салттары

- *Психологиялық (ниеттік)*: тасаттық жасау, бата беру, жоқтау әрекеттері, «топырақты үйме» сияқты тиымдар т.б.

- *Саяси-құқықтық*: дат айту, «ата-баба аруағын қорлады» деп жазалау, әлеуметтік құрылым (хан, би, батыр т.б.)

- *Этикалық-өнегелілік*: үлкенді сыйлау, «қызға қырық үйден, ұлға отыз үйден тыю» дәстүрі т.б.

- *Эстетикалық*: ұзатылатын қыздың жасауын жасау, ұлттық киімдер, ұлттық мерекелер кезіндегі салттар, қара жамылу т.б.

- *Этикеттік*: «сөзді бөлмеу» дәстүрі, «қолыңды төбеңе қойма» тиымы, үйге оң аяғымен кіру үрдісі, аузыңды ашып есінеме табуы т.б.

- *Физиологиялық-медициналық*: асау үйрету, әскери өнер жаттығулары, нәрестені күту салттары, емдеу дәстүрлері т.б.

- *Гигиеналық*: көне жұртты баспау, лас жерлермен жүрмеу, отпен аластау, күлді баспа тиымы т.б.

- *Аксиологиялық*: жеті ата феномені, фетиштерді құрмет тұту салттары, қызыр Атаны құрметтеу, ата-баба аруағын сыйлау

- *Экологиялық*: «суға түкірме», «көкті жұлма» сияқты тиымдар, «бұлақ көрсең көзін аш» тұжырымы, аққуды қастерлеу т.б.

Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың қазақ руханиятын қалыптастырудағы ролі мен маңызын көрсету оның құрылымдық мазмұнынан туындайды және ол құрылымдар руханияттың негізгі діңгектері болғандықтан, бұны қалыптастырудағы ықпалын негіздеудің теориялық алғышарттары ашылады. Қазақ руханиятының тарихи тамырының тереңде жатырғандығын байыптаған Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты туындысында оның эволюциясының хронологиясын жасап, түпбастауын бұдан 6000 жылдық уақыт аренасынан туындатып, бүгінгі күнге дейінгі 12 кезенді ажыратып көрсетеді [5,267-284].

Ендеше, ұлттық руханият 15 ғасырлардағы Қазақ хандығының құрылу дәуірінде немесе бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның кезеңінде бірден туа салған құрылым, саяси-идеологиялық қондырма емес, биогенетикалық ұрпақтар сабақтастығы арқылы ұлт рухының тарихи-мәдени түп тамырларынан жалғасын тауып келе жатырған байырғы ата тектерімізден тасымалданып, бүгінгі күнгі Қазақ Елінің руханиялық дәрежесі мен өмір сүруінің витальдік күшінің кіріктірілген құндылығын айғақтап отыр. Ұлттық Руханият белгілі бір этностың тұтас рухани мәдениет болмысымен, тіршілік ету салттарымен, өмірлік құндылықтар жүйесімен, оның ішкі дүниесімен тұтасып жатырған мызғымас, барынша тұрақты ұстанымдардың, ұстындардың, қағидалардың, даналық бастаулардың жүйеленген, объективтендірілген жиынтығынан құралатын болғандықтан, оның тасымалдану жолдары да көптүрлі. Біріншіден, биогенетикалық ұрпақтар сабақтастығы арқылы.

Бұнда, тұтас этностың өміршендігін сақтайтын ұлттың қандық-туыстық белгілер бойынша жалғасуы негізгі детерминант болып табылады. Демек, ұлттың руханиятын сақтайтын, алып жүретін тек саналылық қана емес, биологиялық болмыс та, генетикалық ақпараттар да маңызды роль атқарады. Екіншіден, мәдени-әлеуметтік тәсіл айшықты орын алады. Бұнда саналы, әдейі ұйымдасқан

ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын өнеге, тәлім-тәрбие, білім, дүниетаным өзіндік тасымалдану бағдарын қамтамасыз етеді. Үшіншіден, ұлттың рухы тұтаса келе, саяси, тарихи, рухани тұрғыдан руханияттың тасымалдануының жалпы тұғырларына айналады.

Осындай тарихи-мәдени тұрғыдан сан ғасырлар бойғы жалғасын тапқан руханият бастауларының үрдісіне тоқталып өтпекпіз. Әдет-ғұрып пен салт-дәстүр руханияттың ішкі құрамдас бөлігі болғандықтан, оның тұтастандырылған бейнесінде өзіндік айшықты орын алады және оның белгілі бір деңгейде жүйелі қалыптасуына, толығуына, өміршеңдігі мен объективтендірілуіне ықпалын тигізетін маңызды фактор екендігі даусыз. «Бұл қасиеттер негізінде қалыптасқан көшпенділік мәдениет, дүниетаным, моральдық-этикалық нормалар мен тарихи салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар жүйесі жатыр. Басқаша айтқанда, бұл қасиеттер – қазақ менталитетінің негізгі көрсеткіштері, оның рухани болмысының өзегі. Сондықтан бұл қасиеттердің кешегі қазақ бойынан, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқынан, тұрмыс-салтынан, дүниеге қатынасынан, дүниені ұлттық тұрғыдан бейнелеуінен, ойлау жүйесінен, сөйлеу мәнерінен, тілдік болмысынан көрініс табуы таңғаларлық дүние болмаған»[6,3],-деп тұжырымдаған ой-пікір де жалпы тұтастандырылған руханиятты қалыптастырудағы ата-баба дәстүрінің маңызды ролін атап көрсеткендей.

Сонымен қатар қазақтардың салт-дәстүр институтында, ділінде кейбір жағымсыз мәнді; күншілдік, барымта сияқты элементтер де кездесетіндігін атап өткендігіміз жөн. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген халық мәтелінің мазмұнында көрсетілгендей, мәселен, барымталау салты қазіргі заманда тарих сахнасында қалдырылған құбылыс. Ал күншілдік бүгінгі күнге дейін сақталған ұлттық психологиядағы кері әдет. Демек, салт-дәстүріміз әлі де толықтырылу, сұрыпталу, тағайындалу, көнеру мен жаңару, модификациялану үстіндегі динамикалы үрдіс. Олай болса, қазақ руханияты да жаңару мен жандану үстінде, себебі, қазіргі заманғы жаһандану үдерісі оның субстраттарының сақталуын және суперстраттарының өзгеруін талап етеді.

1 Жүнісов А. *Бабалар дәстүрі.*-Алматы,1992.-77 б.(36.)

2 Сейдахметов Б.С. *Бастауыш білім беру сатысында қазақ халық дәстүрлерін тәрбие құралы ретінде пайдаланудың педагогикалық шарттары.* Пед. ғыл. канд. дисс. автореф. ҚР. Алматы, 2008.-24 бет (б.10).

3 *Қазақтардағы шамандықтың қалдығы//Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас.-Алматы: Жазушы, 1985.-560 б. (б. 185)*

4 Айтқазин Т.Қ. *Қазақтардың мұраты.* – Алматы: Ғылым, 1994-96 б

5 Назарбаев Н.Ә. *Тарих толқынында.*-Алматы: Атамұра, 2003.-288 бет. (267-284 бб.)

6 Бурбаев Т. *Жаһандану және қазақ менталитеті.*//Астана хабары. 22.11.2005ж. №170, (б.3)

Резюме

Халидуллин Г.Х., Аташ Б.М.

В данной статье авторы раскрывают тематику основных элементов структуры казахского национального обряда и традиций, где в основном широко расписывается раннее существовавшие традиции и культура народного верования. Тем самым, кардинально раскрываются существовавшие формы национального обряда и традиций.

По совокупности историко-культурные традиции продлившиеся несколько веков, в настоящее время, всемирная глобализация имеет направление к обновлению своих нравов и обычаев.

Ключевые слов: традиции, обычаи, нравы, глобализация, обряды, верование, культура, феномен, законность, цивилизация, великая степь, субстраты, дифференциация.

Summary

Kazakh pillar structure and functions of the customs and traditions of the people

Gizatulla Khalidullin, the doctor of the history sciences, professor departments of political science and socially-philosophical disciplines Kaz. National pedagogical university named after Abai. e-mail:kizatulla@mail.ru

Atash B.M. Al-Farabi Kazakh National University Department of Philosophy, Doctor of Philosophy

Unity to strengthen the independence of the country in recent taken at ensuring sustainable growth and the development of the country's socio-political, cultural and spiritual revival of the revival of the national identity and the real target. In this regard, scientific and educational space offers the fundamental principles and standards of the area. A wide range of our nation's spiritual and historical roots of the customs and traditions of the Institute will be able to cherish a special place. The habit of public relations at the time of execution of the day-to-day life and customs of life in ceremonies carried out only on the territory of national identity standards, requirements, conditions and practical fit, and the contents of the unit processes. Will confirm the opinion of this teaching scientists as follows: "The concept of our tradition of research related to the problem, we offer the following definition: Seven parents and a tradition we can say that the procedures Chronicle.

Keywords: traditions, prejudices, Kazakh Society, prohibit, the elements of zoroastrianism, the folk wisdom.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ TEACHING HISTORY

ӘӨЖ 94 (574) (075)

«АЙТЫЛҒАН ТАРИХ» – ЖАҢА ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ БАҒЫТ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛІ

М.А. Алпысбес – тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Еуразиялық зерттеулер кафедрасының профессоры (e-mail: alpysbes_ma@enu.kz)

Бұл мақалада «Айтылған тарих: оқу құралы» атты кітаптың мазмұны, оның ғылыми зерттеулер үшін, тарихшы мамандарды оқытудағы маңызы туралы ғылыми талдау жасалынған. Талдау барысында «ауызша тарих», «ауызша тарихи дәстүр», «айтылған тарих» мәселесі туралы теориялық шолу арқылы, бұл мәселенің қазіргі замандағы Қазақстан тарихының советтік кезеңін жаңаша зерттеу ұста-нымдарын анықтау, «айтылған тарих» ғылыми әдіс ретінде эвристикалық қызмет атқаратыны туралы айтылған. Тарихшылардың алдында жаңа үлгіде тарихи ойдың ғылыми қалыптасуымен ескірген ғылыми концепциялардан ұзау, «советтік тарихнама» мектебінің, партиялық идеология әсерімен қалыптастырған таптық күрес теориясы құрсауынан шығу, сондай-ақ партия-совет номенклатурасының ықпалымен советтік шындық аясында ресми тарихи деректердің біржақты сипаты айғақталған.

Кілт сөздер: ауызша тарих, тарихи жады, дерек көзі, әдіс, тарихнама

Қазақ қоғамының бүгінгі дамуы және болашағы қазақ мемлекетінің өткен кезендерден жиналған үлгі боларлық мәдени-әлеуметтік тәжірибесі мен жақсы тағылымын өнеге етіп алу, жаманын тастау, оның тарихи мәні мен мағыналарын ғылыми тұрғыда пайымдап зерделеу, салмақтап талдау, ақыл-ойға салу арқылы пайдаға жарата білуге байланысты. Өйткені, «ұлт тарихы, соның ішінде кеңестік кезеңде жазылған тарих, түбегейлі өзгерістерге бет бұрды» (1, 3 бет). Осындай қызметті атқаратын тарих ғылымы, идеологияның қаруы болуымен емес, ақыл-ой, интеллектуалдық құрал, танымдық тарих, ұғындыратын жетілген қоғамдық ғылым болуымен ғана жүзеге асырады. Бұның өзі жаңаша жазылған салмақты ғылыми еңбекті қажет етеді. Жарыққа шығып отырған «Айтылған тарих» кітабы сондай еңбектердің бірі.

«Айтылған тарихтың» ақпараттық ауқымы кең, оның аясында әрқилы дерек түрі, әртүрлі мазмұндағы ақпараттар болуы мүмкін. «Айтылған тарих» ғылыми әдіснама ретінде, жаңа бағыт, микротарих әдісі, яғни тарих үдерісіне қарапайым көпшіліктің көзқарасы тұрғысынан көз тастау, сондықтан бұл кітап өткен тарих туралы не айтып отыр десек, еңбекші адамның өмірін, советтік қоғамды айтып отыр дейміз. Тарихи күрделі өзгерістер әрқашан тарихи сананың өзгеруіне ұласады, құндылық жүйесі де өзгереді, совет дәуірі өмірін еске алушылар, сол кездегі қоғамның ерекшеліктерін жақсы, жаман қырларын, адамға пайдалы, зиянын тигізген тұсын да айтады. Ізгі амалдар қатарында адамның жақсы әрекеті – жасампаздық, еңбексүйгіштік болса, советтік кезеңдегі адамдардың пейілі, ниеттері жақсы болған, бірақ адам тұрмысы жұпыны болған.

Аталмыш «айтылған тарих» кітабы 2015 жылы Алматыда, «Дәстүр» баспасында, көлемі 240 бет, 15 б.т. мөлшерінде, ҚР БҒМ Абай атындағы ҚазҰПУ-дің «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығы ұжымының дайындауымен, ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті, Қазақстан тарихшылары қауымдас-тығының төрағасы, т.ғ.д., профессор М.Қ. Қойгелдиевтің бастамасымен, ғылыми редакциясымен жарыққа шыққан. «Айтылған тарих» атты жарыққа шыққан **жаңа кітап** – тарих оқытушыларға, тарихшы, зерттеушілерге арналған, магистрант, докторанттарға арналып жазылған арнайы оқу құра-лы, «Халық – тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығып отыр. Қазіргі қазақ тарихнамасын теориялық жағынан да байытатын еңбек. Өйткені, «Айтылған тарихтың» ақпараттары жан-жақты, тақырыптары кең, ғылым үшін, халықтың рухани өмір, мәдени-әлеуметтік, саяси-құқық-тық, психология тарихын да жазуға қажет.

Отандық ғылыми тарихнаманың, қазақтың заманауи тарихи танымының даму талабы, қазіргі тәуелсіз Қазақстанның ұлт, мемлекет ретінде, құқықтық, демократиялық, озық елдер қатарлы дәреже-де дамуы керек десек, сол қоғам мен мемлекеттің тарихи даму жолын ғылыми жаңаша көзқарас-

тармен, ескірген ғылыми көзқарастан өзектілігі артып тұрған ғылыми таным құралын таңдауға жетелейтін әдіснамалық кешен жасаумен жүзеге асады. Бұрын дамыған ғылыми парадигмалардың орнына енді жаңа теориялық-әдіснамалық құрал керек, жаңа көзқарас, жаңаша деректемелер қажет. Соның әртүрлі бағыттағы ізденістермен жетілуі тиіс. Егер бұрын біздер советтік тарихи мектеп, оның бекітілген шеңбері мен арнасынан шыға алмайтын болсақ, бүгінгі күні тарихшы ретінде батыстық біз ғылыми жетістіктерді де, шығыстың дәстүрлі тарихи өнегені де, қазақ халқына сай келетін ой-сананың даму тәжірибесін де қолдана аламыз. Соның бірі «айтылған тарих», «ауызша тарих дәстүрі» аясында дамыған тарихи ақпараттарды теру, бір жүйеге келтіру ісі болып табылады.

Ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ халқы, тарихи білім саласында да жаңашылдыққа бет бұрып, өзгеріп, жанару үстінде. Бүгінгі таңдағы қазақ қоғамын «постсоветтік қоғам» деп атау енді бірте-бірте өткенге кететін болады. Өйткені, сол «советтік кезеңнен» кейін, енді міне жиырма бес жыл да өте шықты. Бұның өзі бір ұрпақ алмасу кезеңі десек те болады. Бір ғасырдың өзінде, қалайда болғанда, генеалогиялық жағынан да, атадан немере-шөбереге дейін үш-төрт буын ауысып шыға келді. Өткен ХХ ғасыр сұрапылы қатты болды. Төңкеріс, қуғын-сүргін, қиянат, қырғын, ашаршылық және соғыс, бейбіт қазақтың шаңырағына көп қайғы әкелді, талай отбасылар ойран көрді, жойылып та кетті. Сондықтан, айтылмаған шындықты «айтатын тарих» керек. Бұл бағытта біздерге енді шетелдік, әсіресе батыстық елдердегі ғылымындағы тиімді ғылыми әдіс-тәсілдерді тәжірибе ретінде қолданысқа алу керек. Өйткені, советтік тарих методологиясы, деректері де, советтік тоталитарлық жүйенің сырын ашуға қауқарсыздығын көрсетіп отыр.

Ақиқатын айтқанда, өткен советтік саяси мезгілде тарихты еркін сөйлету, жеке пікір айту, катекемшіліктерді сынға алу мүмкіндігі болмады. Тоталитарлық жүйеге тән тым қатал бақылау, қоғамдық сананы шеңберленген аяда ғана ұстау тәртібі орнады, "адам құқығы", "ұлттың құқығы", "қауымдасу құқығы" деген табиғи құбылыстардың өзі рұқсатпенен ғана шартталатын болды. Соның барлығы өтіп, кетіп, өтіп кеткенмен оны сабырменен талқыға алу, ақылменен парығына жету, қисынға келетін тұжырым жасау, соған енді ғана қайта оралып келеміз. Бірақ бұл ізденіс үшін әдіснамалық тұрғыда жаңа бір көзқарас, жаңаша талдау амалдары, ұтымды ғылыми әрекеттер, тиімді тәсілдер қажет, соны қолдануға лайық жаңаша жиналған тарихи ақпараттар керек.

Қазақстанның ұлттық саяси Тәуелсіздігіне биыл 25 жыл толып отырғаны, советтік дәуірмен қоштасқанымызға да соншауақыт өткенін көрсетеді, бірақ совет одағы жетпіс жыл ішінде адамдардың ой-санасында советтік ойлау, менталитет, психология үлгілерін де қалыптастырды. Қоғамдық сана өзгеруі мемлекет тарапынан жоспарланатын экономика, мемлекеттік ортақ меншік қатынастарынан нарықтық экономика қарым-қатынастарына, меншікті жекешелендірумен жеке меншікке өтуіне, капиталдың қалыптасуына, тоталитарлы қоғам құрылысынан либералды, демократиялы, еркін әрі ашық, жариялыққа негізделген қоғамдық құрылысқа өтуіне байланысты.

«Айтылған тарих» әдісін қолдану арқылы тарихи мағлұмат жинау барысында респондент, дерек берушілердің тұлғасынан байқайтын ерекшелік, ғасырдың әрбір буын өкілдері біркелкі әңгімелей алмайтынын байқаймыз. Тоталитарлық жүйенің ауыр зардабы, адамның еркіндігін таптап, жаншып, жеке ой, жеке пікір айту қабілетін жойғанында да ұмытпауымыз керек. Оқиғаны әңгімелей білудің өзі бір өнер. Советтік кезеңнің өзі сталиндік «қуғын-сүргін» жылдар, хрущевтік «жылымық», брежневтік «тоқырау», горбачевтік «қайтау құру» кезеңдерімен әйгілі, соған сәйкес келетін екі-үш буын ауысқанын да байқаймыз. Бірі қоғамды колхоздық құрылыспен, бірі соғыстан кейінгі «тың игеру» жылдарына, сондай-ақ, «қырғи қабақ соғыс» жылдарына сәйкес келетін советтік әскер қатарына алынып, жаппай әскер дайындықтан өткізу арқылы әлеуметтендіру үдерісін жалғастырып, советтік үлгіде мәденилендіру барысында адам тәрбиелеудің тәжірибесін де жасап кетті, «советтік адам» келбетін қалыптастырды.

Қазақстандағы тарих ғылымы советтік кезеңде ғылыми мектеп, мекеме құру тәртібімен, оның қызметін ұйымдастыру талаптарымен дамып, партиялық-советтік идеологиялық талап, сұраныстарымен қалыптасты. Мәдени революция, атеистік қоғам, социалистік құрылыс, советтік өмір, жоспарлы экономика, сол сияқты ол кезге ерекше тән қалыптағы саяси-әлеуметтік жүйенің ішінен қайнап шықты. Ғылым болған соң, мәдени құбылыс ретінде, оның әлемдік, адамзаттық ортақ даму заңдылықтары болады. Сондықтан, советтік ғылыми-тарихи мектеп батыс және шығыс Еуропа елдерінің, АҚШ-тың тәжірибесіне де сүйенді. Бірақ, нарық пен жеке меншікті қатынастардың қоғамда дәріптелуінен, адам бостандығы, еркіндік пен либерализм құндылықтарын насихатталуынан сақтанғандай болып, әсіресе совет қоғамын құраған көптеген халықтардың өзіндік ұлттық санасының оянуынан қауіптенгендіктен, қоғамдық ғылымның дамуын біршама тежеді. Деректану, тарихи қосалқы пәндер,

батыс және шығыс елдерінің тарихнамасы, отандық және шет елдер тарихы оқытылғанымен, жаңа тарихи пәндер болмады, ерекше жасалған жаңа бағыттардың дамуы кенжелеп қалды.

«Айтылған тарих» кітабы батыс елдерінде жарты ғасыр бұрын дамып кеткен «айтылған тарих» әдісімен айтылған сұхбат-әңгімені мәтінге, ресми дерек құжатына айналдыру жолымен ғылым мақсатына қызмет еткізу бағытында әдіснамалық нақты жасалған бір үлгі болып табылады. Бұл оқу құралы қазіргі қоғамдық, ұлттық, тарихи сана өзгерістеріне өте қажет, сондықтан дер кезінде жарыққа шығып отыр. Кітапты дайындаған ұжым, оқу құралы ретінде даярлап құрастырғандар: М.К. Қойгелдиев, Н.Д. Нұртазина, Б.О. Жангуттин, Ш.Б. Тілеубаев, Ш.Т. Нұрман, З.Б. Мырзатаева, М.Ш. Қалыбекова Ә.Болатхан қатарлы тарихшылар. Айтылған тарих әдіс ретінде күннен-күнге тарихты зерттеу және оқыту үдерісінде кең қолданыс тауып келеді. Бұл оқу құралы тарихшы боламын деген студенттерді оқытуда, маман ретінде дайындау ісінде, және те оларға қазақ халқының далалық өмір аясында сан ғасырлар бойы қалыптасқан «тарих айту дәстүрі», оның бүгінгі жалғасы – «айтылған тарих» әдіснамасын тарихи зерттеу жұмыстарында жан-жақты пайдалану үшін жаңадан жасалған, яғни инновациялық теориялық, методологиялық, практикалық және методикалық тұрғыда оқытудың құралы болып табылады. «Айтылған тарих» әдісімен сұхбат қалай жүргізіледі, соның мысалдарын осы оқу құралы көрсетіп отыр. Оның өзі тарихи өлкетану пәні міндетіне де, тарихи деректану саласының қажетіне де жататын мәселе.

Тарих ғылымы, тарихшы маман, өткен заманның тарихи шындығын бұзбай сөйлеуге, тарихтың ақиқатын айтуға талпынады. Жүргізілген зерттеулер тиянақты зерделеніп, талдап жазылған зерттеу еңбектері айғақтарға сүйенген, деректемелері дәйекті, тарихи фактілері нақты, құжаты дәлелді болуы үшін тарихшы ғалымдар көп ізденістер жасауы керек. Тарихшы маман өзінің кәсіби білімін, іздеп-паздық, ойшыл өнерін, қолданатын ғылыми-зерттеу әдіс-тәсілдерін қандай дамытатын болса, тарих ғылымы да өзінің ғылыми салаларын, сыртқы және ішкі салалық қатынастарын, пәнаралық байланыстарын жетілдіріп отырады. Тарихшы әрқашан ұлт мүддесі, мемлекет қажеті, қоғам алдындағы жауапкершілігіне қызметте болса, тарих ғылымы жалпығылыми іргелі даму үдерістеріне, жаңашылдық талаптарына бағынады, әлеуметтік, рухани тәрбие беріп, мәдени құндылықтарды дарытады. «Айтылған тарих» кітабының мазмұны, қозғап отырған мәселеленің төңірегі ұзын саны барлығы жиырма тақырыпты қамтыған. Мұнда тарих айту дәстүрінің жайы, ерекшеліктері, ортағасыр кезеңде дамыған «ауызша тарихи дәстүрімен» жалғастығы, қазақтың жыр мұраларындағы «тарихтың айтылуы» мәселесі, ұлт-азаттық қозғалыс пен халық күресіне байланысты «айтылған тарих» деректері қазақ халқының «тарих айту дәстүрі» аясында жақсы сабақталған. Сонымен қатар оқу құралында жақсы қамтылған мәселенің бірі, «айтылған тарих» әдісінің батыс елдерінде дамуы, дамыту ерекшеліктері, АҚШ, Ұлыбритания, Аустралия, Чехия, Польша, Беларусь ғалымдарының тәжірибесі, сондай-ақ қазақ жерінде, Қазақстан еліндегі «айтылған тарихтың» зерттелу ахуалы, мүмкіндіктері мәселесін оқыту үлгісі келтірілген. «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу бағыты, оның материалдарын дерек көзіне айналдыру және жалпы тұрғыда, тарихты зерттеу әдісі ретінде мәселесі де оқу құралында жақсы қамтылған. Әсіресе, «Айтылған тарих» оқу құралы жаңа деректемелік материалдарды жинаудағы сұхбат жүргізудің нақты технологиясын ұсынып, сұхбатты жүргізу, оған даярлық, сұхбатты аяқтау, есебін даярлау, нәтижесін қорытындылауды оқытады, құжатқа айналдыру мәселесін түсіндіреді. «Айтылған тарих» әлеуметтік-мәдени құбылыстармен байланысты. Соған орай дәстүр қозғайтын тақырыптары да әрқилы болып келеді, ауызша тарихи дәстүр деректерінің бірден-бір ерекше сипаты сол. Тарих айтып, әңгімелеудің тарихи-деректік сипаты туралы айтар болсақ, бұл арада тарих айтушы тарапынан оқиғаның жаңаша тіркелуі хаттаушы тарапынан рәсімдеу тәсілі алдымен көзге түседі. «Айтылған тарих» аясында қалыптасқан мағлұматтарды хронологиялық өзара үйлесімділік, сәйкестік мәселесін талдау арқылы ғана әңгімеленіп отырған көріністердің өзара байланысын анықтауға болады. Зерттеуші «айтылған тарих» деректерін талдау, түсіндіру, жеткізу тәжірибесін жетілдіруі тиіс, сол мақсатта «айтылған тарих» деректерін жинауға қызмет ететін әдістерін кеңінен қолданады. Осы амалдар арқылы ғана «айтылған тарих» қоры сақтаған естеліктер толымды түрде қордаланып, ғылыми жүйеге түседі, арнайы әдістер арқылы талдануы да мүмкін.

Тарихи зерттеу жүргізетін тарихшы маман «айтылған тарих» материалын өңдеу, құжатқа айналдыру, «Айтылған тарих» тәлқұжаты сыртын толтырып, және ішін рәсімдеу, ақпараттарды қажетінше ресмилендіру, мұрағаттау сияқты көптеген атқаратын арнайы амалдарын жүзеге асыруы тиіс екені белгілі, сұхбат мәтінін транскрипциялау және материалдарды мұрағаттау аса маңызды іс. Осы оқу құралы соған мамандандырып үйретеді. Зерттеу технологиясының келесі сатысы – «айтылған тарих» әдісі мен тәсілдері арқылы жиналған деректерді ғылыми-зерттеу жұмыстарында

түсіндіру ерекшелігі, пайдалану және жариялау жолдары, сондай-ақ мектепте тарих пәнін оқытуды жаңа технология ретінде қолданысқа енгізу, тарихи өлкетану ісі мақсаттарына жарату жағы да қамтылған. Тарихи публицистиканы дамытуға да үлкен әсері болады. Тарихи білімнің өзі қозғала келе ғылыми білім санатына айналуы, ғылым құралдарының көмегімен жүзеге асады. Тарихи мағынадағы ақпараттар өзара қалыптасқан түрлерімен ерекшеленеді. Халық білімі жүйесінде пайда болып өмір сүретін тарихи ақпараттар тарихи ертегі, аңыз, жыр-аңыз, тарихи әпсаналар, тарихи тәмсіл сөз үлгілері ретінде болса, ғылым тарапы оның табиғаты, болмысы, түрі, үлгісі және беретін ақпараттарына қарай ауызша, жазбаша, зат жүзіндегі тарихи айғақ-деректер ретінде жүйеге түсіреді. Жазу мәдениетінің даму ырғағына қарай тарихи ақпарат сақтаған деректер қоры адамзат тарихында өз заңдылықтарымен қалыптасты. Хронологиялық қасиетін айтатын болсақ, көне заманды айтатын ақпарат үзік-кесік, фрагментарлық түрде жететін болса, кейінгі екі жүз елу – үш жүз жыл, әсіресе кейінгі жүз жыл тарих оқиғалары әлдеқайда нақты, толымды, тиянақты болады. Айтылған тарих ежелден бері дәстүрге айналып, оның жалғастығы нәтижесінде өткен дәуірлердің тарихи ақпараты заманнан заманға өтіп, бүгін де жалғасын табуда. Айтылған тарих аясында дамыған мәліметтерді зерттеу, қоғам, психология, өнер, мәдениет, идеология және тарихты талдаушы маман үшін аса маңызды. Ал, «Айтылған тарих» кітабы нені қамтыды, мазмұнында не бар дейтін болсақ, ең алдымен, бұл кітап «қазақтың ауызекі тарихы», «ауызша тарих» немесе «айтылған тарих» мәселесін жан-жақты айқындаған. Ғылыми зерттеулер үшін және пән ретінде оқытудағы өзектілігін түсіндіріп, әдіс ретінде «айтылған тарих» қалай дамығанын көрсеткен, және біздің елде неге өз дәрежесінде толық дамымай қалғандығын тиянақты айтады. Бұл оқу құралында, әдіс болған соң, «айтылған тарих» бағытының дамуындағы методологиялық тарихына шолу келтіріледі, осы сала бойынша жасалған қазақ тарихшыларының тәжірибесі сұрыпталады, оның ерекшеліктері айтылады, «айтылған тарих» әдісін қолданудағы жасалатын зерттеу амалдарының реті ұсынылады.

«Айтылған тарих» деректерін зерттеу амалдары ауызекі мәтіндерді қағазға түсіру, сұхбат алу тәжірибесімен тікелей байланысты. Мұндай «сұхбат жүргізу» және «сұхбат алу» арқылы жиылған деректер қолда бар басқа да қағаздарда хатталған, жазба күйінде баспадан шыққан дерек көздерімен салыстырылады. «Айтылған тарих» кітабының қосымша бөлімінде үлгі ретінде келтірілген тарихи естелік әңгімелер, салыстырмалы түрде жақын, осыдан небәрі елу-алпыс жыл ішіндегі қоғамның бір аудан төңірегіндегі болған оқиғаларын баяндап отырғандықтан, бұндағы ақпараттар анық, толымды, адам аттары, жылдар мен айлар, күні, елді-мекен, жер аттары айқын сипатталатыны жақсы. «Айтылған тарихты» ғылым құжатына айналдыру барысында екі жолмен іске асыру, оның бірі дерек берушіні еркін түрде естелік, шежірелер айту жолымен болса, екінші жолы – сұхбат, яғни нақты құралған сауалнама түрінде жасалатыны.

Бұл кітаптың көрсететін бір жетістігі – мұнда мамандар «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығы ұжымының ізденіс жасаудағы зерттеу нәтижелерімен бөліседі, соның барысында жасалған «сұхбат алу» үлгілері, арнайы дайындалған сауалнаманың ресми құжаттарын: «Past-интервью парағы», «сұхбат төлқұжаты», «келісім-қолхат формасы», «транскрипция формасы» және тәлімгер оқытуға арналған бұл оқу құралында «айтылған тарих» жайы туралы жасалған толыққанды ғылыми тұжырымдар қамтылған. Кітаптың жаңаша шығатын редакциясы болса, біздің де айтар ұсыныстарымыз бар: «айтылған тарих» әдісінің тайм-менеджмент жоспарын жасау қажет, өйткені сұхбат алу үдерісі, сапарға шығып, респонденттің алдына жетіп қайта жол жүріп оралуды қоспағанның өзінде, біршама уақыт алады; «айтылған тарих» тақырыбында бір мәселені зерттеуге еңбек жұмсалуды, еңбек шығынын есепке алу; жиналған «айтылған тарих» ақпаратының тиімділігін бағалау, бағамдау, бағдарлау мәселесін талдау; жыл мезгілі мерзімінде «ауызша тарих» немесе «айтылған тарих» аясында ақпарат, мағлұмат, деректер анықтауға және жинауға қолайлы мезгілді жоспарлау мәселелері де қамтылуы мүмкін.

«Айтылған тарих» әдісінің негізгі мақсаты – ауызша айтылып жүрген тарихи деректердің ұмытыла бастағанына байланысты, соларды жойылып кетпеуінен сақтау. Тарихи санаға қонған, жадыға тоқылған тарихи естелік деректерін теріп, оларды жазу арқылы бұл ақпаратты бұдан әрі өшпестей ету мүмкін болады. Кітапта, «айтылған тарих» деректері ғана емес, мемлекеттік архиві қорында сақталған ресми құжаттар, хаттамалар, статистика мәліметтері, жазылған мемуар, сол кезеңнің тарих оқиғаларын зерттеуге арналған ғылыми монография деректерін салыстырмалы түрде қарастырады. Өйткені, «айтылған тарих» жеке тұлғаның ой елегінен өткен мәлімет болған соң, оның субъективті сипаты да болатыны анық.

Мемуарлар, немесе естеліктер ретінде жазылған тұлғалардың жеке шыққан кітап, қолжазбалар, тарихи деректану тұрғысында зерттеуге алынатын бірден-бір құжат, айғақ, дерек көзі екені белгілі. Мемуарларды жазатын адамдар сан түрлі мамандық иелері: ғалымдар, жазушылар, әдебиеттанушылар, қоғам және мемлекет қайраткерлері, партия қызметкерлері, медицина саласының өкілдері, шаруашылық мамандары, теңізшілер, әскерилер, сақшылар, майдангерлер, және т.б. Олардың жазған естеліктері тарихты зерттеп жазуда қолдану үшін маңызы зор. Мемуарлар жазылады ғой, мүмкін жазылмас та, білгені көп болғанымен, оның жазылғанын күтіп отырмай, тарихшылар өзіне қажет ақпараттарын егер іздеп табуға талпынса, деректануда «эвристика» амалын жүзеге асырады.

Бұл кітап, әрине, қазіргі заман тарих оқиғаларын баяндаудағы «айтылған тарих» үлгісі болып табылады. «Айтылған тарих» дамуы үшін адамның жады мен сана қызметінің аса жақсы жұмыс істеуі шарт, үнемі адам сананың сергектігін талап етеді. «Ауызша тарих» тым ежелгі уақытта да, ортағасырлар заманында да, жаңа мезгілде де болған. «Айтылған тарихтың» өзі **мәдениеттің** түрі. Сондықтан, әрбір адамға бір тал ағаш егу парыз деп білсек, тарихи санаға және ұлтқа қызмет ретінде, адам өмірінің төрт-бес кезеңіне (балалық, жастық шақ, ержеткен, қызмет, еңбек еткен, зейнет жасында) байланысты, ең болмаса, бір-екі әңгімені тарих үшін әңгімелеп айтып, таспаға жазғызып, қағазға хаттатып, қолжазба етіп жазуды да парыз деп санаса, **заманауи мәдениет** деп білсек жақсы болады. Оларды жинап, тіркеу, сақтау, тарихи өлкетану ісімен шұғылданатын мектеп мұғалімдері ынталы түрде атсалыса алады. Жер-жерлерде тарихшылар, ғалымдар мен ұстаздар, мектеп мұғалімі, жергілікті өлкетанушылары болып, айтылған тарих құжаттар қорын қалыптастыратын болса, соның нәтижесінде, естелік айтар буын өкілдері кетпей тұрған уақытта үлгеріп, ауызша тарих ғылым еншісіне қызмет етеді.

Жадыда сақталған ақпарат санадан бірте-бірте өшіп, кәдімгіше ұмытылып кететін болғандықтан, оны жазып қою, дәптерге түсіру, қағазға хаттау маңызды болды. Ауызша дәстүрге негізделген байырғы қоғамдарда ақпарат айналымы адам санасы мен жады қызметі арқылы жүрді. Жады кез келген адам үшін білім сақтаудағы аса қолайлы құрал және өзінше сенімді архив, «жеке архиві». Сана және ес – жады мағынасына қатар ұғымдар. Жадының негізгі өнімі – естеліктер. Жадыға тоқылған ақпарат егер тарихи мазмұнда болса тарихи естелік болады, ал егер ата тарату, туыстық реті жайында болса генеалогиялық дерекке айналады. Естеліктерді кез келген адамның өткенді әңгімелеп айтқандарынан табуға болады, біразын тарихи дерек ретінде зерттеп іске жаратуға болады. Соның жиынтығын талдау жолымен тарихи шындық туралы түсінік қалыптастыруға қызмет етеді.

Аталмыш «Айтылған тарих» атты еңбек, тарих ғылымы саласына жаңаша ұғымды енгізіп отыр. Мысалы, «айтылған тарих» термині және оның ғылыми анықтамасы. Авторлар: «"ауызша тарих" атауы сәтті шыққан атау емес, бұл терминде тарихи фактіні сақтау және жеткізудегі тілдің ғана атқаратын қызметі айтылып, тіл менен жадының бірлесе атқаратын рөлі сыртта қалып қояды», - деп, дұрыс ескертіп өтеді (2, 6 бет). Сонымен, «тарих айту дәстүрі» мен «айтылған тарих» ұғымдары тарихи тұрғыда өзара сабақтас дейді (1, 21 бет). Бұл көзқарасты біз қолдаймыз. Қалайда болғанда, тарихи деректердің өмір сүруі қай заманда болмасын, ежелде де, қазірде де, олардың негізі ауызша үлгіде болғаны белгілі. Қазіргі заманда да ауызша айталатын тарих жазылған тарихтардан көлемі, саны, сапасы жағынан артып тұрған болуы керек. Сол айтылған тарихи деректерден сайып келгенде, жазылған тарих қалыптасады. Бұл ақпараттардың сипаттары жағынан тарихи уақыт пен тарихи кеңістікті қамтитын қасиеттері бар. Яғни айтылған тарихи дерек нақты бір ортада, тарихи кеңістікте, белгілі бір мерзімде, тарихи уақыт сипатында болатыны белгілі.

Тарих тәлімі өмір тәжірибесі ретінде адам үшін өте қажет. Адамның жады қабілетімен тарихи ақпарат қозғалыссыз күйде сақтаушының санасында қалады, айтылған сөз – адамнан адамға жылжып қозғалады, жады – орнықты болады. «Айтылған тарих» ақпараттық ортасында өскен адамға жады қызметі сенімді есте сақтау құралына айналады. Тарих айту дәстүріне негізделген қоғамдарда, адам санасының ойын реттеу мен жады қызметі жақсы болуына қарай, ақпаратты қолдану сана мен жадының осылайша сенімді мұрағатқа айналуына байланысты. Адамның ой-сана қызметі дамуы арқасында мұндай қабілет санадағы «ерекше тарихи мұрағат» ретінде тарихи дәуір оқиғаларын, тұлғалар мен олардың өмір тәжірибесі туралы тарихи деректерді қоғамның ұжымдық тарихи жады, санасына айналдырып сақтайды. Өткен замандағы тарихи тұлғалардың өмір тәжірибесін, тарихи оқиғалар тағылымын сұрыптау арқылы сақтайды.

Жазылған тарихтың құралдары – қағаз, қалам, бұрынғы замандарда қыштан жасалған тақтайша, тас, тасқа із түсіретін зат, темір, күміс, жез, алтын, киіз, кілем, тасбақаның қабыршағы, сондай-ақ басқа да жазу-сызуды сақтайтын зат, жазуға келетін кез-келген материал болса, ауызша тарихи

ақпараттың басты құралы – жады болды. Осыларды біріктіретін нәрсе – адамның санасы, ой-сана қызметі, уақытты өзара оқиға желісімен, тарихи құбылыстарды сезім арқылы қабылдауға деген адамның талпынысы болды. Жадының өзі жеке жады, жеке жадылардың жинақтала түскенінде қауымдық, ұжымдық, қоғамдық, ұлттық жады қалыптасты. Тарихи мағынасы жағынан маңыздылығы артқан осындай мәдени мұралар тарихи құнды жәдігерлерге айналды.

«Айтылған тарих» аясында өмір тәжірибесіне қажет әңгімелер, насихат сөз, тәмсілдер, халық идеялары да орын алады. Осының барлығы ұжым санасында ұмытылмай жақсы сақталады. Тарих халық білімі үлгісінде, ғылым ретінде де рухани-тәрбиелік, әлеуметтік-идеологиялық қызмет атқарып, ұлттық және мемлекеттік сана қалыптастырып, өркениеттің өркендеуіне негіз болды. Халықтың дәстүрінде айтылған тарихтың мағлұматтары жадыға сақтау жағынан нақтырақ, ерекше өзгеріссіз, көркемдік жағынан тартымды болуы мақсатында, әдетінде тарихи өлең, ертегі, жыр, аңыз, дастан, хикая, қария сөз сияқты әдеби нақышқа түсетін болған. Бұндай сөз үлгілерін «мнемо», яғни жады құралдары деп білеміз. Осы орайда «айтылған тарих» деректемелері жайында «тарихи факт» пен «тарихи тәжірибе» туралы ой дамытып айтуға болады, «айтылған тарих» өткен тарихи оқиғалардың себептері мен салдарын баяндап, бір қалыпқа түсіретіні байқалады.

Жадыда сақталған ақпарат санадан бірте-бірте өшіп, кәдімгіше ұмытылып кететін қасиеті болғандықтан, оны жазып қою, дәптерге түсіру, қағазға хаттау маңызды болды. «Ауызша дәстүрге» негізделген байырғы қоғамдарда ақпарат айналымы адам санасы мен жады қызметі арқылы жүрді. Жады кез келген адам үшін білім сақтаудағы аса қолайлы құрал және өзінше сенімді архив, «жеке мұрағаты». Жады мағынасына қатар ұғым – ес, сана. Жадының негізгі өнімі – естеліктер. Жадыға тоқылған ақпарат тарихи мазмұнда болса тарихи естелік болады, ата тарату, туыстық реті жайында болса генеалогиялық дерекке айналады. Осындай естеліктер кешенін кез келген адамның өткенді айтқандарынан табуға болады. Сол естеліктің барлығын тарихи мақсатқа жарату мүмкін. Олардың жиынтығын талдау жолымен тарихи шындық туралы түсінік қалыптастыруға қызмет етеді.

«Айтылған тарих» кітабы көбінесе ХХ ғасырда болған тарихи оқиғалар, совет өкіметінің әлеуметтік жаңаша ұжымдастыру әрекеттері, колхоздастыру саясаты, саяси репрессиялар мезгілі, соғыс жылдары, соғыстан кейінгі уақытта совет адамдарының социализм кезеңіндегі күнделіктілік тұрмыс, өмір сүру ерекшеліктері, әлеуметтік-шаруашылық, білім беру, мәдениет салаларындағы жағдай мен өзгерістер, сол кездегі бір аудан төңірегінде болған тұлғалар мен олар туралы «айтылған тарих» естеліктерін жинаудағы теориялық-методологиялық оқыту негізінде құрылған. Кешегі кәмілдердің қылышынан қан тамған әміршіл-әкімшіл зорлықшы совет өкіметінің колхоз құрасты-рудағы асыра сілтеушілікке ұрынып, халыққа қиянат жасағаны архив құжаттарында айтыла бермейді, сол деректерді біздер «айтылған тарих» әдісімен жинап үлгеріп, айтушылардың еске алып отырған сәтінде жазып алып хаттап қойғанымыз жөн. «Айтылған тарих» кітабының 236-шы бетінде келтірілген «айтылған тарих» мәтіндерінен, 1920-шы жылдардың соңы, 1930-шы жылдарда қоғамда орын алған бассыздық, келеңсіздіктердің, қиянат, зорлық, өкімет қазметкерлері жасаған асыра сілтеу, қудалау, тіпті, қылмысы туралы да айтылған жеке мысалдарын байқай аламыз. Сөз орайы келіп тұрғанда ескертіп айтып кететін маңызды мәселе бар, тарихшылар кейде «архивтердегі өткен заман-ның кейбір құжаттарын жариялауға болмайды, жарияласа халық ішіне іріткі түседі» дегендей бір ұстаным айтқысы келеді. Мұндай көзқарас негізінен дұрыс емес. Кез келген адам өзінің іс әрекетіне жауап береді, қылмыс жасаса жауапқа тартылады. Құқық мәселесін зерттеушілер мұндайды «жаза-ның қолданылмай қалмайтындығы», «жаза иесін табады», «жазадан бұлтарпайды, қаша алмайды» деп атайды. Егер қоғамда орын алған жаман іс «жабулы қазан» күйінде қалатын болса, қоғам оның қайталануынан сақтана алмайды. Сондықтан, өткен уақыттарда орын алған кейбір күрделі мәселелер шындық болса, оны айту парыз болады.

Болған оқиғаның куәгері Нұрғали ақсақалдың баяндап кеткен әңгімесінде, халықты діннен, дін фанатизмінен алшақтатуды өзінше бір тәсілі деп білсе керек, атеистік тәрбиенің кіргізіп жатқан, «құдайсыздар ұйымы» жұмыс істеп тұрған советтік кез, нквд органының қызметкері болса керек, Асылбеков деген белсенді келіп: «Ескелді әулие деп сиынып жүрген құдайы кім, мені соған апар деп?!» - бұйрық беріп, жол көрсетушілер Үштөбенің маңында орналасқан Ескелді бидің зиратына апарған соң, аттан түсіп, мүрденің басына келіп, сол жерге дәрет сындырады. Әрі қарай атына мініп жүріп кетеді де, Талдықорған өтіп Шымырға жеткенде, бір мүрделердің тұсында аттан жығылып, сол жерде өзі өледі. Нұрғали деген ақсақал сол сапарда бірге болған, куәгер болған соң көргенін әңгімелеген. Талай адамның көз жасына қалған, сөзіне бағынбай, қарсы келгенді үкіметке қарсы деп жала жауып, соттатып отырған белсенділер туралы осындай әңгімелер жер-жерлерде айтылады (1, 236 бет).

Махметов Қ. ақсақалдың естелігінде халықты қинаған өкімет белсендісі Балабеков дегеннің зорлығы, үлкенді сақалынан сүйреп, халықты зар қақсатқан қатыгез болғаны айтылған. Бұл 1930-шы

жылдың 20 наурызда болған Қаратал ауданының Шұбар селосындағы 900 адамның басын біріктірген колхоз құрылысына қарсы көтеріліске қатысты дерек. Хамза есімді ауыл тұрғыны: «Елдің бәрін қырып бітті ғой, бізде бас көретін адам бар ма?» - деп қасына жігіттерді жинап, Балабеков келіп, «астықты таптындар ма?» дегенде, «иә, таптық, құмда сексеуілдің ішінде көміп тастағанбыз» деп, сезік тудырмауға тырысып құрал-саймандар алып, Ақтөбе-Шұрыққа ертіп апарып, бас салып ұрады екен, бесатар қаруын қағып жіберіп, сексеуілге байлап қойып: «әй, иттің баласы, мына құмда қандай астық болады, сен – өкіметсің, біз – халықпыз, саған – жаза» деп үкім шығарып, тірідей өртеп жіберген. Сонда Головков басқарған қарулы отряд келіп, Хамза бастаған 35 адамды бір күнде ұстап, атып тастаған. Бұл совет өкіметінің бастапқы кезінде халыққа ұстанған саясатын суреттейтін бір көрініс (3, 14 бет).

«Айтылған тарих» деректерінің тарихи деректердің басқа түрлерімен салыстырғанда айтарлықтай айырмашылықтары бар. Тарих айту барысында қалыптасқан мәліметтер жиынтығы да дерекнамалық тұрғыда ішкі дерек қорын құрайды. Тарихи факт болмаса, тарихи дерек те болмайды. Тарихи дерек болмаса, тарихнамалық факті де жоқ. Тарихи факт болмаса, тарихтың өзі де болмайды. Яғни, тарихтың өзі қоғамдық мәні бар әртүрлі орын алған оқиғалардың тіркеліп, себеп-салдары анықталып, түсіндіріліп, тәпсерленіп, баға берілген соң тарихи оқиға ретінде баяндалып, қағазға хатталады. «Айтылған тарих» деректерін зерттеуге байланысты күрделі мәселенің бірі – ауызекі тарихи деректің жалғастығы мен тіркеу үрдісі арқылы сақталуын анықтау. Бұл мәселеге қатысты зерттеуші айтылып отырған тарихи естелік әңгімелеріне әркелкі таңдамалылық, талдау құралдары мен зерттеу әдісін іске қосу керек болады. Дәстүрге сүйенген қоғамның өзі ерекше тарихи өзекті мәліметті ауызша үлгіде, сол бұрын өткен ескі замандарда әлеуметтің өзі ерекше дамытқан. «Айтылған тарих» деректерінің қалыптасуын зерделеу қажет әрі аса маңызды.

Сондықтан, «Айтылған тарих» ауызша естеліктерді қарастырудан, оның деректі мәліметтерін зерттеуден бастау алады, қазақ мәдениетінің дәстүрлі негізін тану құралы, қазақ қоғамының әлеуметтік тұрмыс-тіршілік тарихын зерттеудегі маңызды деректік негізі болып табылады. Адам санасы жеке білім, тәжірибелік ақпарат сақтайды. Ес-сана қызметі адам жадысы арқылы мәдениет, тұрмыс, өнер, шаруашылық тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырады және құбылыстардың өзара себеп-салдарын түсіндіреді. Адамның жеке естелігінде бір оқиға жайында қалыптасқан ой түйе деректері бар. Бұлар ойлау өнімі болып табылады. Олардың барлығы тарихи сананы құрайтын ой сатылары. Мұндай дерек қалыптасқан тарихи жағдайды талдауға, түсіндіруге, тарихи оқиға барысы туралы баяндауға бағытталған. «Айтылған тарих» естелігінен құралған деректер көбінесе тарихи тұлғалар жайында, олардың болмысы мен тұрмыс-тіршілігі туралы айтылады.

Қазақстандағы айтылған тарихтың қазіргі замандағы тақырыптары да сол советтік уақыттағы үлкен және кіші науқандар, соғыс, соғысаралық кезең, сол уақытта болған «колхозшы-құрылысшы», «тұрмармеец», «тың игеруші» тәрізді бүгін, заман өзгергенде, құлаққа ерсі естілетін сөздермен, ерекше көрінетін ұғымдармен байланысты. Өткен ғасыр басында туған адамдар басынан соғыстың ауыртпалығын өткерді. Енді бірі ашаршылық, саяси қуғын-сүргін жылдары дүниеге келген буын содан кейін, яғни соғыс жылдарынан кейінгі, демографиялық дүмпу байқалған кезде туғандар. Жас кезі соғыс жылдарына келетін адамдардан гөрі, соғыс жылдары мектеп жасында болған, тылда бала жасынан қара жұмыс істеп, соғыс жылдары ауылда қалған кемпір-шалдардың майшамның қасында айтылған әңгімелерін естіген, құлағында бұрынғы қазақ аталарының өмірінен айтылған сөзді естіп үлгерген буын өкілдері, өздерінің алдындағы буынға қарағанда әңгімешіл, айтары бар болып келеді. Ал соғыс уақытында майданға түскен ардагерлер, аман оралған болса, келген соң партия-совет қызметтерінде болғандары бар, коммунистік идеология қанына сіңген, ұлттық сипатта айтылатын әңгімеден алшақ па, ортасынан айтушылар, жадыға тарих тоқығандары көп шыға бермейді. Тәжірибе жүзінде байқағанымыз осы.

Тоталитарлық кезеңнің өзі де естелікте, халық жадында әртүрлі сақталған, оның жақсы-жаман болған тұстарымен айтылады. Жақсы болғаны сталиндік огпу-нквд жүйесі ұрлықшы, кісі өлтіруші, қылмыс жасаушыны, әлеуметтік қылмысты элемент ретінде бір кездерде түбегейлі жойды десе де болады, ал қоғамның тіршілігі сол жағынан бірқалыпты, тыныш өмірге бейімделді. Бірақ бір жаман жері, жаппай саяси қуғын-сүргін, қудалау, репрессиялардың орын алуында, саяси көзқарастары үшін адамды жәбірлегені. Кейін, хрущевтік, брежневтік мезгілде, бәлшебектік топтың орнына идеялық жағынан, идеологиялық тұрғыда әлсіздеу меншебектік пиғылдағы кәмүністер билікке келгенде, партиялық-советтік номенклатура өзгеріп, валюнтаризм, ұрлық, паракорлық дертінен бұзылды.

Совет өкіметі құрған шаруашылық-әкімшілік елді мекен құрылымдарын колхоз (коллективное хозяйство, кейін ұжымшар деп аталып жүр), ТОЗ («товарищество по обработке земли», қазақтар мойынсерік деп атаған), сельхозартель, совхоз (советское хозяйство, кейін кеңшар деп аталып жүр), госхоз (государственное хозяйство) тәрізді құрылымдар азды-көпті мерзімде өзгерді, сол құрылымдарды қазақша ауыл деп қана атадық. Бұл құрылымдар қазақтың туыстық негізде ғана құрылатын дәстүрлі ауылдарынан өзгеше еді. Солай болғанымен, қазақтың ұлттық қалпын, салт-дәстүр, ой-мінез, дәстүрлі өнер, шаруашылық, тұрмыс ізін сақтаған, қазақы тәрбие, үлкендердің ортасы жалғасқан әлеуметтік сипаты болды. Советтік мезгілде ауыл мен қала, бірі дәстүршілдікті жалғастырса, бірі қазақылықты жоғалту, ұлтсыздану, қалалық болу арқылы орыстандыру және орыстану, ұлтсыз нигилизм, мәңгүртке айналу әлеуметтік үдерістерін айқын байқатады.

Шежіре әңгімелері көбінесе ақсақалдардың өз ортасында өзара еске алып отыру, бұрынғы оқиғаларды ауызша әңгімелеп отыру дәстүрінен жалғасып келген. Оқиғалық жайды еске алу үрдісі баяндаушының тарихи жадын іске қосып отыруды талап етеді (4). Естеліктер мен ескі шежірелер атқарған маңызды қызметі қоғамды реттеу, әлеуметті ұйымдастыру – ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға өткен ұрпақтардың шаруашылық пен тұрмыс үшін маңызды тәжірибесін жеткізу болды. Соғысаралық жылдардағы буынның психологиялық келбетінде, сол уақыттағы тарихи тұлғалардың бойында, жеке басында, бір жағынан қазаққа тән дәстүрлі далалық тәрбие көрініс берсе, екінші жағынан алғашқы буын бәлшектердің әділдік, теңдік, еңбекшіні қолдау сияқты пролетарлық идеология қалыптастырған қоғамдық сана мен ойлау жүйесі, психология түрі байқалды.

«Айтылған тарих» әді арқылы жиналған деректерде, қарапайым халық өкілдерінің естеліктерінде айтылғанындай, советтік кезеңдегі еңбек қайраткерлері, ұйымдастырушылар, олар басшы болса да, оларды еңбегі үшін, әділдігі үшін сыйлайтын болған, талапшыл, тәртіпке шақырушы, сонымен қатар әділ, еңбекті бағалайтын, ауыл адамдарын: «жақсы болындар, арақ ішпендер, оқу оқындар, ұрлық қылмандар, өнер іздендер» деген ауылдың ақсақалына тән үлгіде тәрбие берген совет кезеңінде де елді ойлаған жақсы басшылар болған. Бұл жерде олардың партиялық тәрбиесі емес, қазақ ақсақалына тән мінездері суреттеледі.

Өскелең ұрпақ тәрбиесінің негізі, өткен заманда болған ізгі амалды үлгі ету, тарих тәлімімен тәрбиелеу. Тарих жады қызметі арқылы жиында, аста іске асып отырды, кейбір оқиғалар мен жағдайлар естен шығып, ұмытылғандықтан айтылмай қалатыны да аз емес. Тарихи оқиғалар туралы кейбір деректер ауызша дәстүрде болғанымен, ол туралы сауал болмағандықтан білуші тарапынан айтылмай қалуы мүмкін еді. Кейбір оқиғалар айтылуы ыңғайсыз болғандықтан та айтылмайды. Қалың бұқара ортасында дамып, оның тұтынушы тыңдарманы жалпы халықтың өзі тарих айтушы нақты субъект болған. Сол деректердің негізін салған ауызша тарих айтушы субъектінің жасаған еңбегі де қайталанбас нәрсе.

1 Айтылған тарих. Оқу құралы / Қойгелдиев М.Қ., және т.б. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы, 2015. – 240б.

2 Қойгелдиев М.Қ. Мемлекеттілігін құрып жатқан ұлттың тарихшысы күрескер болуы керек // алаш айнасы. № 95 (1006). 7.06.2013 жыл.

3 Қоғамның тарихи жады: XX ғасыр алматы облысы Ескелді ауданы тұрғындарының өмірбаяндық әңгімелерінде. Ғылыми басылым / М.Қ.Қойгелдиев, және т.б. – Алматы: «Дәстүр» баспасы, 2015. – 244 бет

4 Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу (монография). – Астана: BG-Print, 2013. – 384б.

5 Жүгенбаева Г.С. Қазақ халқының дәстүрлі ауызша тарихы: теориялық-методологиялық негіздері және деректемелік орны: автореферат. - Алматы, 2009. - 49 с.

Резюме

Устная история» – новое теоритико-методологическое направление, инновационный метод исследования

Алпысбес Мақсат Алпысбесұлы – доктор исторических наук, профессор кафедры Евразийских исследований Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева

В статье дан научный анализ содержания книги «Айтылған тарих» («Устная история»), представлен новый теоретический обзор проблемы изучения «устной истории» как метода исследования проблем новейшей истории Казахстана советского времени, обозначено значение метода «устной истории» в процессе развития современной историографии и источниковедения Казахстана. Перед историками сейчас стоит задача формирования новой модели исторического научного мышления, обусловленное отходом от устаревших научных концепции, сложившихся в рамках школы «советской историографии», под руководством партийной

идеологии, теории классовой борьбы, а также односторонний характер официальных исторических источников, сформировавшейся в лоне советской реальности, в кругах и под влиянием партийно-советской номенклатуры.

Ключевые слова: устная история, историческая память, источник, метод, историография

Summary

"Oral history" - new theoretical-methodological orientation, innovative research methods

Alpysbes Makhsat Alpysbesuly – Doctor of History, Professor of Eurasian studies L.N.Gumiliov Eurasian National University, *Astana*

This article provides the scientific analysis of the book "Aitylgan Tarikh" ("Oral History"), presents a theoretical review of the problems of studying the "oral history" as a method of research problems modern history of the soviet period of Kazakhstan, indicated value method of "oral history" in the course of the development of modern historiography and source of Kazakhstan. Prior to historians the task of forming a new model of historical scientific thinking caused by waste from outdated scientific concepts developed in the framework of the "soviet historiography" school, under the leadership of party ideology, the theory of the class struggle, as well as the one-sided character of official historical sources, formed in the bosom of the soviet reality, in circles and under the influence of party-soviet nomenclature.

Keywords: oral history, historical memory, source, method, historiography

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР
ПЕРСОНАЛИИ
PERSONALITY**

УДК 320.6: 378.2

С.ҚОЖАНОВ – ОАМИПИ (САХИПИ) ДИРЕКТОРЫ

А.М. Әбікей – ҚазМҚПУ Тарих кафедрасының оқытушысы, PhD докторы
E-mail: abikey.arm@mail.ru

Мақалада көрнекті қоғамдық-саяси және мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожановтың Жоғары техникалық оқу орнын ұйымдастыру ретіндегі қоғамдық-ағартушылық қызметі қарастырылады. Орта Азия мемлекеттеріне техникалық оқу орнының төтенше қажеттігін білетін ол, орталықтың алдында өлкедегі жер шаруашылығына арнайы техникалық кадрларға деген зәрулік жылдан-жылға артып отырғандығын дәлелдер келтіріп негіздейді. Сол сияқты орталықтың Ресейдің ірі қалаларында орналасқан Жоғары техникалық оқу орындарына Шығыс халықтарының жастарына бөліп келген квоталары мен брондарының бұл мәселені шешпей отырғандығын жеткізеді. Сұлтанбек Қожанов елдегі ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайға қарамастан, айрықша ұйымдастырушылық қабілеттері мен ағартушылық саласындағы мол тәжірибесінің арқасында, Ташкент қаласында Орта Азия Республикаларына ортақ Жоғары техникалық оқу орнын іске қосуға қол жеткізеді.

Түйін сөздер: Орта Азия, жергіліктендіру, Ортаазбүро, Орта Азиялық Макта-Ирригациялық политехникалық институт, техникалық кадрлар.

1920 жылдардың соңына дейін С.Қожановтың Қазақстандағы ұлттық саяси қызметін айыптау науқаны тоқтамағандықтан, ол Мәскеудегі алған білімін одан әрі тереңдету мақсатында Қазақстанда болмаса, Орта Азияның бір республикасындағы партия мектептеріне қызметке жіберуін сұрайды.

1927 жылдың 28 желтоқсанында БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің Бүро мәжілісінде С.Қожановтың оны Қазақстанда қызметке пайдалану жөніндегі өтініші қаралады. С.Қожановтың бұл өтінішін мәжілістегілерге Қазақ Өлкелік Комитетінің I хатшысы Голощекин таныстырады. Қазақ республикасын жеке дара билеу мақсатында «қожановшылдықты» және басқа «шылықтарды» республика көлемінде науқанға айналдырған адамның С.Қожановтың Қазақстанға қайта оралуына мүмкіндік бермейтіні түсінікті еді. Сондықтан, сол мәжілістің шешімі бойынша, – қазіргі кезде С.Қожановты Қазақстанда қызметке пайдалану мүмкіндігі жоқ деген қаулы қабылданады [1].

Ал осының алдында ғана яғни, 1927 жылдың 19 желтоқсанында Орталық Комитет хатшысы В.М.Молотов төрағалық еткен БК(б)П ОК-ің Ұйымдастыру Бюросының мәжілісінде С.Қожановтың жұмысы жайлы өтініші қаралып, оны БК(б)П ОК-ің Орта Азиялық Бюросының қарауына жіберу туралы қаулы қабылданған [1].

С.Қожановтың Орта Азия Бюросының үгіт, насихат және баспасөз бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметінде 1928 ж. қаңтарынан 1929 ж. қыркүйек айына дейін істеген уақыты кеңес өкіметінің ұлттық республикаларда іске асыра бастаған жергіліктендіру (коренизация) науқанымен тұспа-тұс келді. Ал жергіліктендіру науқаны білім беру ісін жергілікті халықтар арасында жаңа екпінмен жандандыра түскені белгілі.

Жергілікті ұлт өкілдерінен кадрларды жоғарылату мәселесі өз кезегінде оларды оқытып шығару мәселесімен тығыз байланыста болды. Сондықтан республикадағы жергіліктендіру науқаны жергілікті ұлттардан жоғары оқу орнын бітіріп шыққан дайын кадрларды талап етті. Ондай кадрларға Қазақстан және Орта Азия елдері өте тапшы еді. Себебі, жоғары оқу орындарында білімін жалғастыра алатын орта мектептерді бітіруші түлектердің жоқтығы кедергі болды. Бұл сол кезеңнің ең түйткілді мәселесі яғни, халыққа білім беру жүйесін жетілдіру мен сол білім беру жүйесі буындарының арасындағы сабақтастықты жетілдіру қажеттігі болатын. Мысалы, 1932 ж. өзінде жалпы білім беретін мектептерде барлығы 47 қазақ оқыған. Ал тіпті 1939/40 оқу жылы 10 класстық барлық мектеп бітіруші қазақтардың саны – 701 ғана адам болған [2, с. 88].

Жергілікті ұлт өкілдеріне жоғары оқу орындарында квота бөлу мәселесі 1924 жылдың өзінде-ақ қарастырылып, осыған байланысты қаулы қабылдаған болатын. Орталық Комитет комиссиясының сол қаулысына сәйкес: «ұлттық республикалар мен облыстардағы барлық жұмысшы факультеттер

мен барлық жоғары оқу орындарында жергілікті ұлттар үшін жеткілікті орын сақталуы тиіс» [3, с. 18] делінсе де, ол көп жағдайда орындалмай жатты. С.Қожанов Орта Азия Бюросындағы қызметінде осы мәселені жіті қадағалап, барынша жергілікті халықтардың пайдасына шешуге тырысты.

Осы бағытта С.Қожанов жергілікті халық өкілдерін Мәскеу мен Ленинградтың орталық жоғары оқу орындарына оқуға жіберу мәселесін де назардан шығармады [4, 60-60 с.п.]. Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы жоғары оқу орындары мен техникумдар жүйесі әлі де қалыптасу кезеңінде болғандықтан, арнайы кадр мамандарды дайындау мәселесін РКФСР орталық жоғары оқу орындарында оқыту арқылы іске асыру қарастырылды. Ресейге негізінен студенттерді техникалық жоғары оқу орындарына жіберіп отырды. Себебі, Қазақстан мен Орта Азия елдеріндегі жоғары оқу орындарының басым бөлігі педагогикалық және ауыл шаруашылық бағытта болды.

20-шы жылдардың ортасында РКФСР ағарту комиссариаты азшылық ұлттар үшін арнайы бронь тағайындайды [5, с. 199-204]. 1928/29 оқу жылы бөлінген бронь мың орынды құрады [6]. Алайда, көп жағдайда бұл бөлінген орындарға сауатты жергілікті тұрғындардың тым аздығынан олардың орнына негізінен орыстар мен еврейлерді жіберіп жатты [7, с. 247]. Әрине, бұл ресми биліктің берген тұжырымы, ал шын мәнінде жергілікті халықтардың сауаттылығының төмендігінен басқа, олардың құқықтарын елемеушілік те сол кезеңге тән құбылыс болды.

1927 ж. қаңтарында осы жайында Зеленский Орта Азия республикаларына бөлінген орынның 90%-ын «еуропалықтар» иемденіп кетті деп өкінішін білдірген болатын [8, с. 31]. Нәтижесінде орталықтың бөлген алғашқы брони мәдени артта қалған шығыс ұлттар мүддесін қанағаттандырмады. Осындай жағдайларға байланысты БК(б)П ОК Орта Азия бюросы Қазақстан мен Орта Азия халықтарының кадр мамандарына әсіресе техникалық мамандарға деген қандай да болмасын сұранысын қанағаттандыру мақсатында жоғары техникалық оқу орнын (ЖТОО) құруды қолға алады.

Орта Азия халықтарының әлеуметтік хал-ахуалы мақта шаруашылығына тығыз байланысты болғандықтан ЖТОО құру зәру мәселені шешуде оңды қадам болды. Әсіресе, мақта шаруашылығымен айналысып отырған Өзбекстан аумағындағы қазақтардың және сол кездегі мақтамен айналысатын Қазақстанның оңтүстігіндегі Сырдария облысының арнайы кадр мамандармен қамтамасыз етілуіне мүмкіндік туды.

Қазақстан мен Орта Азия халықтарына ортақ Ортаазиялық мақта-иригациялық политехникалық институтын (ОАМИПИ ұйымдастыру ісі С.Қожановтың атымен тікелей байланысты. Бұл оқу орнын ұйымдастыру шешімі келешекте өлке халықтарының тұрмыс-тіршілігінің оңалуына бағытталған қадам болғанымен, экономикалық қиын кезеңде қолға алынды. Сондықтан өлке халықтарына аса қажетті сонымен қатар аса күрделі шараның бастауында мамандығы мұғалім, Орта Азия мемлекеттерінің білім беру жүйесінің қалыптасуына еңбегі сіңген С.Қожанов секілді қажырлы қайраткердің тұрғаны түсінікті.

С.Қожанов шығыс өлкесі халықтарының әлеуметтік хал-ахуалын көтеруде олардың шаруашылығына негізделген жоғары техникалық оқу орнының аса қажеттілігін баспа беттерінде көтеріп, билік пен қоғамды мәселені бірігіп шешуде белсенділік танытуға шақырады. Мысалы, «Мақталы алқаптарға» атты мақаласында ол жақын арадағы бес жылда мақта дақылы бойынша 10 мыңға жуық маман қажет етіп отырса да, бүкіл КСРО-да ондай мамандарды дайындап шығаратын бірде-бір оқу орны жоқтығын, сондықтан да, мақта шаруашылығының қарқынды дамуы мақта дақылына негізделген жоғары оқу орнын құруды қатаң талап етіп отырғандығын атап өтеді [9].

Ол 1930 жылдың 1 қаңтарынан Орта Азияның астанасы Ташкентте жылма-жыл мақта дақылы бойынша ауылшаруашылық қызметкерлерін, мақта тазарту өнеркәсібінің инженерлерін, су шаруашылығының жер суландыру мамандары сияқты жүздеген мақта шаруашылығы мамандарын шығаратын жоғары техникалық оқу орны ашылатындығын мәлімдейді. Сонымен қатар, С.Қожанов жаңа оқу орнының өзгешеліктерімен де таныстырады. Ашылғалы отырған жоғары техникалық оқу орнының ішкі құрылымы мен өмірі түгелдей жаңаша құрылатындығы және оның бағдарламасы мамандарды жылдам даярлап шығаратын болғандықтан, үздіксіз жұмыс аптасы енгізіліп, үздіксіз өндірістік тәжірибеге қатысты барлық қиындықтар ескеріледі дейді. Ол институтқа қабылданушылардың 70% жұмысшылар мен шаруалар болатындығы және жоғарғы курстарға басқа жоғары оқу орындарынан осы ашылғалы отырған жаңа оқу орнында оқуға тілек білдіргендер қабылданатындығын ескертеді. Оқуын бітіргеннен кейін жергілікті инженерлер мен агрономдар ауылдарына барып жұмыс істейтін болады. С.Қожанов жаңадан ашылып отырған жоғары техникалық оқу орнының студенттері үшін барлық жағдайлар жасалатындығын, қазірдің өзінде осы бағытта 300 000 сом ақша бөлініп, осы қаражатқа Ташкентте студенттер үшін қалашық салу жоспарланып отырғандығын хабардар етеді.

С.Қожанов осындай игілікті істі ұйымдастырудағы қиындықтарды да атап өтеді. Ондай қиындықтардың қатарында жаңа оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамының жетіспеушілігі еді. Әзірше келісімін берген Мәскеулік үш-ақ профессор, олардың жетіспеушілігі жаңа оқу орнының табысты жұмыс істеуіне кедергі келтіретіндіктен оқытушыларды тарту жұмыстарын жалғастырып жатқандығымен бөліседі.

Сол сияқты шаруашылық үшін үлкен маңызы бар оқу орнына жан-жақты көмек керектігін білдіріп, ескі жоғары техникалық оқу орындары жаңа ашылып отырған оқу орнын қамқорлыққа алу мәселесін қояды. С.Қожанов ондай қамқорлықтың келесідей бағыттарын атап өтеді: қоғамдық қызметте, оқу жағынан, ЖОО жасақтау жағынан, оқулықтармен қамтамасыз етуде, ғылыми әлеуетпен қамтамасыз етуде және т.б. [9]. С.Қожанов баспа бетіндегі осындай үндеуімен жаңа оқу орнының ашылу қуанышымен бөлісе отырып, жас талапкерлерді құлағдар етіп, қоғамдық күштерді игілікті іске атсалысуға шақырады.

Жаңа білім ордасының ашылуындағы басты шарттарының қатарында – оқуға қабылдауда негізгі жергілікті ұлт өкілдеріне басымдық беру және Орта Азия халықтары шаруашылықтары аса қажет етіп отырған мамандықтарды дайындайтын факультеттерді ашу болды. Сонымен қатар, тұрақты түрде студенттер құрамын негізгі жергілікті ұлт өкілдерімен қамтамасыз етіп отыру үшін міндетті түрде Жұмысшы факультеттерін де ұйымдастыру қолға алынатын болды.

Жаңа жоғары оқу орны қабырғасында Инженерлік мелиорациялық факультеттің бөлімдерінен өз бағыттары бойынша терең білім беру үшін, ол бөлімдерді яғни, - ирригациялық, құрылыстық, механикалық бөлімдерді өз алдына жеке-жеке факультеттерге айналдыру және жаңадан мақта-агрономиялық факультетін ашу жоспарланды.

ЖТОО ашудағы басты мақсаттарының бірі – жергіліктендіруді іске асыруға байланысты, жаңа жоғары оқу орнындағы негізгі факультеттердің тыңдаушылар құрамын жергілікті ұлт өкілдерінен жасақтау мәселесін де қарастырады. Сонымен қатар жаңа жоғары оқу орнын студенттермен жасақтауда Орта Азия халықтары қоғамындағы әйелдер мәселесін ескеріп, оның әлеуметтік орнын көтеру мақсатында студенттер қауымының құрамын 20%-ға әйелдермен қамтамасыз ету міндеттеледі.

Орта Азия Мақта-Ирригация Политехникалық Институтына түсу үшін тыңдаушыларды дайындайтын қысқа мерзімді курстарға қабылдау ережесі бекітіледі. Бұл қысқа мерзімді курстардың мақсаты, аяқтамаған орта білімі бар, бірақ 7 жылдық дайындықтан төмен емес, көбінесе жергілікті ұлт өкілдерінің жұмысшы, диқандарының Орта Азия Мақта-Ирригация Политехникалық Институтының факультеттеріне түсуіне дайындықтан өткізу болды. Дайындық курстарды 14 апта ішінде өткізу белгіленеді [10, с. 96].

Курстарға жергілікті ұлттардан келесідей ретпен қабылдау жоспарланады: жұмысшылар, батрақтар, жұмысшылар мен батрақтардың балалары, еңбекші диқандар және олардың балалары, майдагерлік-кәсіпшілік кооперациясы ұйымдасқан майдагерлер (кустарлар), еңбекші интеллигенцияның балалары мен қызметшілер. Мұнда еуропалықтар тыңдаушылардың жалпы құрамының 25%-нан аспауы керектігі және олар тек жұмысшылар мен олардың балаларынан тұруы міндеттеледі. Сонымен қатар әйелдер дайындық курстарына қабылданушылардың жалпы санының 25%-нан кем болмауы керектігі есекртіледі.

Сонымен С.Қожанов жаңа оқу орнын құруда келесідей ұйымдастырушылық шараларды іске асырады:

- Кәсіби оқу бағдарламаларын сәтті іске асыру мақсатында, оқу орнының оқушылар мен профессорлық-оқытушылық құрам үшін қажетті жағдайларды жасап, ЖОО материалдық-техникалық базасын нығайтып, қаржылай қолдаумен қамтамасыз етеді;

- Университет құрылымын бекітеді;

- Университеттің оқу және ғылыми бөлімшелерін құрады;

- Университеттің даму тұжырымдамасын анықтайды;

- Университеттің оқу-тәрбиелік, ғылыми-зерттеушілік қызметін ұйымдастырудың негізін қалайды, барлық мәселелер бойынша батыл шешімдер қабылдайды;

- Жаңа оқу орнының студенттік құрамының басым бөлігін Орта Азия және Қазақстан республикаларының негізгі ұлт өкілдерімен қамтамасыз етеді.

Қорыта айтқанда С.Қожанов барлық қиындықтарға мойымай, күш-жігерін, еңбегін жастарға білім беру жолына арнаған ардақты азамат. Ол университеттің негізін қалаушы, ұстаздық қырынан танылған педагог. Оқу орны құрылуының бастаушысы ретінде мыңдаған мамандарды жұмысқа жұмылдыра білген басшы.

1 РГАСПИ, Ф.61. Оп.2, Д.131245

2 Тастанов Ш.Ю. *Казахская советская интеллигенция. Проблемы становления и развития.* – Алма-Ата, 1982. – 256 с.

3 РГАСПИ, Ф.17. Оп.84. Д.485.

4 РГАСПИ, Ф.62. Оп.2. Д.1601.

5 ГАРФ. Ф.1235. Оп.120. Д.13.

6 Диманштейн. *О практическом проведении национальной политики в области народного просвещения в СССР // Народное просвещение.* – 1929. – №5. – С. 46.

7 РГАСПИ, Ф.17. Оп.69. Д.58.

8 РГАСПИ, Ф.62. Оп.1. Д.220.

9 Ходжанов С. *На хлопковые поля // Красное студенчество.* – 1929, январь. – №15. – С.8.

10 РГАСПИ, Ф.62. Оп.2. Д.1990.

Резюме

С.Ходжанов – директор САХИПИ

Абиkey А.М.

PhD доктор кафедры Истории КазГЖПУ. e-mail: abikey.arm@mail.ru

В данной статье рассматривается общественно-просветительская деятельность видного общественно-политического и государственного деятеля Султанбека Ходжанова как организатора Высшего технического учебного заведения. Понимая острой необходимости в крае Высшего технического учебного заведения, он перед центром обоснует веские доводы все возрастающей нехватки в земледелии специальных технических кадров. А также доводит до сведения о том что, не разрешают проблемы так называемые квоты и брони выделяемые молодежи советского Востока на технические высшие учебные заведения расположенные в центральных городах России, так как в республиках Средней Азии в основном преобладало педагогические учебные заведения.

Благодаря незаурядной организаторской способности, а также большого опыта в просветительской сфере С.Ходжанову удается в тяжелых условиях социально-экономического положения в стране ввести общий для республик Средней Азии ВТУЗ в эксплуатацию.

Ключевые слова: Средняя Азия, коренизация, Средазбюро, САХИПИ, технические кадры.

Abikey Arman

Kazakh State Women's Teacher Training University. PhD doctor. e-mail: abikey.arm@mail.ru

Summary

S.HODZHANOV – DIRECTOR POLYTECHNIC INSTITUTE

This article examines the socio-educational activities of a prominent statesman Sultanbek Khodzhanov as the organizer of higher technical educational institutions. Realizing the urgent need for technical higher educational establishments edge before the center he justify compelling reasons of increasing shortages in agriculture specialized technical personnel. And also informs that it does not solve the problem so-called quota and reservation allocated to the Soviet East youth to technical higher education institutions located in the central cities of Russia, as in the republics of Central Asia is mainly dominated by teacher training institutions.

By virtue of exceptional organizational skills, as well as extensive experience in the field of education S.Hodzhanovu manage in extraordinary conditions of social and economic situation in the region to introduce a common Central Asian republics Polytechnical Institute into operation.

Key words: Central Asia, indigenization, the Central Asian Bureau, Polytechnical Institute, technical personnel.

СҮЛЕЙМЕН БАҚЫРҒАНИ – ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ОЙШЫЛ, ҒҰЛАМА

Н.Қ. Мәтбек – филол.ғ.к., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы, nursulu.m@mail.ru

Мақала ортағасырлық ойшыл, ғұлама Сүлеймен Бақырғанидың ғұмырнамалық деректеріне арналған. XII ғасырда өмір сүрген, Хакім Ата деген атпен танымал болған Сүлеймен Бақырғанидың өз заманы туғызған тарихи тұлға екеніне тоқталады. Тарихи және әдеби ғылыми зерттеулердегі С.Бақырғани туралы мәліметтерді саралайды. XIX ғасырда Қазан қаласынан баспа бетін көрген еңбектердегі ойшыл, ғұлама туралы деректердің құндылығына тоқталады. Хакім Атаның Орталық Азияда ислам дінінің таралуына үлес қосқан ұлы ойшыл Қожа Ахмет Ясауидің таңдаулы мүридтерінің бірі болғандығы, ұстазының үлгісімен діни хикметтер жазғандығы айтылады. Хакім Ата – Ясауи мектебінен рухани білімін кемелдендіріп, өзі де шәкірттер тәрбиелеген ұстаз, ел-жұртын ислам арқылы имандылық, адамгершілік жолға үндеген ғұлама екендігін зерделейді.

Түйін сөздер: ислам әлемі, мәдениет, ойшыл, ғұлама, хикметтер, ұстаз, хакім.

Сыр бойы, әсіресе Түркістан өңіріеліміздің сонау Қарлұқ (754-840), Қарахан (942-1211) дәуірінен бастап-ақ ислам әлемінің ең басты мәдениет және білім ұяларының бірі болған. Отырардан оңтүстікке қарай қазіргі Түркістан аймағын алып жатқан округ Шауғар аталған. XI ғасырда Шауғар құлдырап, округ астанасы Ясыға көшірілген. Шағын ғана қыстақ Ясы мәдениет орталығына айналып, Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасы күшейе түскен.

XI-XII ғасырларда Қазақстанда басқа да қалалар өсіп, сауда мен қолөнер, дін мен мәдениет айтарлықтай дамыған. Бұған феодалдық қатынастардың нығаюы, мемлекеттік құрылымның шығуы, отырықшы-егінші шаруашылықтың дамуы себеп болды.

XI ғасырдың 60-70 жылдары Қарахан мемлекеті селжуктармен қақтығысып, соның салдарынан бір орталыққа бағынудан кетіп, селжуктарғатәуелді болды. XIII ғасырдың басында Орталық Азия мен Қазақстанға қарақытайлардың тұтқиылдан басып кіруінен Қарахан мемлекеті біржолата құлады. Соның нәтижесінде бұрынғы Селжук мемлекетінің құрамындағы Хорезм өлкесі дамып, өркендей бастады.

Қазақстан жерін мекендеген түріктетес халықтар да Орталық Азия елдері сияқты ислам мәдениетін өркендетуге өз үлесін қосты. Әсіресе Қожа Ахмет Ясауи өзінің шәкірттерімен қалың бұқараға исламның мәнін ұғынықты етіп, жергілікті халықтың туған тілінде жеткізуге күш салды. Солардың бірі, Сүлеймен Бақырғани – XII ғасырда өмір сүрген атақты ақын, ойшыл, ғұлама. Ол өз заманында Хакім Ата деген есіммен белгілі болған. Сүлеймен Бақырғани туралы нақты деректер жоқтың қасы. Қазақтан тарихы және ежелгі дәуір әдебиеті оқулықтарында Хакім Атаның Орта Азияда ислам дінінің таралуына үлес қосқан ұлы ойшыл Қожа Ахмет Ясауидің таңдаулы мүридтерінің бірі болғандығы, ұстазының үлгісімен діни хикметтер жазғандығы ғана сөз болады.

Зерттеу еңбектерде С. Бақырғанидың 1186 жылы 82 жасында қайтыс болғандығы жазылған. Бұл дерекке сүйенсек, С.Бақырғани 1104 жылы дүниеге келген болып шығады. Ғалым Ш.Қ.Сәтбаева «Шоқан Уәлиханов – филолог» деген кітабында: «Ш.Ш. Уәлиханов қыпшақтардан шыққан хорезмдік Хакиматаның 523 (1129) жылы дүниеден өткендігін күнделіктерінің бірінде жазып қалдырған», – [1,90 б.] деген мағлұматты келтіреді.

С.М. Демидов өз зерттеулерінің бірінде Сүлеймен Бақырғаниды қазіргі Қоңырат қаласына таяу, Хорезмнің солтүстігіне орналасқан Бақырған деген мекеннен шыққан деп есептейді. Хакім Атаның мазарының сол жерде екендігін, қазіргі уақытта да мінажат етушілерге танымалдығын баяндайды [2,38 б.].

Ясауитанушы ғалым З.З. Жандарбек «Насаб-нама нұсқалары және түркі тарихы» деген зерттеуінде: «Насаб-нама-йи Хаким Ата» яғни Хакім Ата әулетінің шежіресінен деректер келтіреді: «Сүлеймен Құл Хакімді суфра тұту – білім тарату үшін Қожа Ахмет Ясауи Үргеніш уәлаятына жібереді, оның 93 жыл өмірі болды, бес мың мүрид болды», – [3,64 б.] дейді. С. Бақырғанидың мазарының қазіргі Өзбекстан Республикасы Хорезм облысында екендігін көрсетеді.

Қазақ совет энциклопедиясында Бақырғани Арал теңізіне таяу, Қарақалпақ жеріндегі Қоңырат қаласының Үстірт жақ Темірқазығында ескі керуен жолының үстіндегі мекенде туғандығын, ол кісінің қабірі де осы арада болғандықтан, қыстақтың аты осылай аталғандығын көрсеткен. Біз С.Бақырғани туралы зерттеулерді зерделей келе, Қазақ совет энциклопедиясында ақынның туған жері деп қайтыс болған жерін көрсеткен деген ойдамыз.

Қазан баспасынан 1878 жылы жарық көрген «Хакім Ата кітабы» Сүлеймен Бақырғани жайлы тұңғыш баспа бетін көрген еңбек болғандығымен құнды.

«Хакім Ата кітабынан» Сүлейменнің Түркістан төңірегінде дүниеге келгендігіне көз жеткіземіз. Белгілі ғалым Х.Сүйіншәлиев те Сүлейменнің қазақтың қалың қоңырат елінен шыққандығын, Қаратау мен Сыр өлкесінде туып-өскендігін жазады [4,147 б.].

С. Бақырғани жайлы зерттеулерден ақынның 1104 жылы дүниеге келіп, Түркістан маңайын мекендеген жергілікті тайпалардың арасынан шығып, Қожа Ахмет Ясауи мектебінен білім алып, ұстазының батасымен Хорезм өлкесіне ислам дінін, Ясауи тариқатын тарату үшін барып, Бақырған қыстағын мекендеп, 1186 жылы сексен екі жасында сол жерде дүниеден өткендігін білеміз.

«Хакім Ата кітабында» Сүлейменнің Боғраханнның қызы Әнуарға үйленіп, одан Асқарқожа, Мұхаммедқожа, Хұбикожа деген үш ұлы болғандығы айтылады.

Қазақ совет энциклопедиясында Айша бибіні Бақырғанидың қызы деп келтіреді. Айша бибінің басына Тараз қаласының оңтүстігінде жиырма шақырымдай жерде мазар тұрғызылған [4,115 б.].

Әнуар Ана Хакім Ата дүниеден өткен соң, Зеңгі бабаға (шын аты-Айқожа, түрі қап-қара негр тәрізді болғандықтан «Зеңгі» аталған) тұрмысқа шыққан. Кейбір зерттеулерде Айша бибіні Зеңгі бабаның қызы деп те санайды. «Хакім Ата кітабында» Айша бибі жөнінде айтылмаған.

Ш. Уәлиханов 1858 жылы 25 қазанда «Қашқар күнделігінде»: «Ташкентте Зеңгі Ата мазары бар. Әнуар Ана – Зеңгінің әйелі, ұстазы Хакім Атаның жесірі, Ер Хұббу – баласы, бірінші некеден; Әли-Асқар – екіншісінен»,– дейді. Әнуар Ананың сиыр бағып жүрген күйеуіне тамақ таситындығын жазып қалдырыпты [5,50-51 бб.].

Сүлеймен медреседе білім алып, зеректігімен ұстазының көзіне түскен. Он бес жасынан бастап, Құран үйрене бастаған. «Хакім Ата кітабында» Сүлейменнің «Хакім» деген атқа ие болуы жайлы жазылады. Қызыр Илияс бір күні Түркістанға келгенде, оның басқа шәкірттерден ақылдылығын, даналығын, тапқырлығын көріп тәнті болады. «Хакім» деген ат беріп, аузына түкіреді. Сүлеймен содан ақын болып, хикмет айта бастады дейді.

Хакім – аса дана, хикмет иелеріне берілетін атау. Абай «Отыз сегізінші сөзінде»: «Ғашық-мағшұқлыққа халик бірлән махлұқ ортасы мунәсібәтсіз алла тағаланың пендесін махаббат уа мархамат бірлән жаратқанын біліп, махабатына махаббат бірлән ғана елжіремекті – құдаға ғашық болды дейміз. Олай болғанда, хикмет құдаға, пенде өз ақылы жетерлік қадәрін ғана білсем деген әрбір істің себебін іздеушілерге хақим ат қойдылар. Бұлар хақ бірлән батылды айырмаққа, себептерін білмекке тырысқандары һәммасы адам баласының пайдасы үшін, ойын-күлкі түгіл, дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші мәртәбада қалып, бір ғана хақты таппақ, әрбір нәрсенің себебін таппақ бірлән ләззаттанады. ...Әрбір ғалым – хақим емес, әрбір хақим – ғалым»,– [6,147-148 бб.] дейді.

«Бақырғани кітабындағы» хикметтер ақынның Құл Сүлеймен, Хакім Ата, Қожа Хакім Ата деген есімдерімен берілген. Түркілерде «Ата», «баба», «баб» (Хакім ата, Арыстан баб, Зеңгі баба т.б.) деген атаулар – дін өкілдеріне, дін басшыларына, шайқыларға берілген атау. Құл атауы (Құл Сүлеймен, Құл Қожа Ахмет Ясауи, т.б.) Алланың құлы деген ұғымды білдіреді. Әрбір мұсылман өзін «Алланың құлымын, Мұхаммедтің үмбетімін» деп таныстырады.

Шәкәрім «Қысқа сөз» деген өлеңінде:

**Тәңірің таза, болып бақ сен де кірсіз,
Әлің келсе, менен қаш, Иең – мінсіз.
Алланың пендесіне рақымы мол,
Сен де өзіндей адамға мейірімді бол,
Бір құдайың сабырлы, сен де шыда,
Бәрі осындай ойлансаң артқы жағы.
Мұны білсең, боласың сүйікті құл,
Құлы болсаң, қожаның сүйгенін қыл.
Шын мұсылман болайын деп ойласаң,
Құдайға құл болудың мәнісін біл,–**

[7,213-214 бб.] деп жырлады.

Қожа атауы (Қожа Хакім Ата) оның қожалар әулетінен шыққандығын білдірмейді. Ел арасында білімді, ғалым, оқымысты, ислам дінін үгіттеуші адамдарды да қожалар атаған.

Ғарифолла Есім «Туыстық философиясы» деген мақаласында: «...Қожа деген Жаратушыға шын ғашық болып, тақуалық жолға түскен сопылардың қауымдық атауы. Тақуалар (немесе тариқат жолындағылар) өздерін қожалармыз деген», – [8] деп тұжырымдайды.

Хакім Ата – Ясауи мектебінен рухани білімін кемелдендіріп, өзі де шайқылық (мүршидтік) дәрежеге жетіп, шәкірттер тәрбиелеген ұстаз, ұстазының үлгісімен түркі тілінде сопылық хикметтер жазған дана-ақын, ойшыл-ғалым, керемет қасиеттер иесі әулие дәрежесіне жеткен, ел-жұртын ислам арқылы имандылық, адамгершілік жолға үндеген ғұлама.

«Бақырғани кітабы» – Қожа Ахмет Ясауи үлгісімен хикметтер жазған ақындардың шығармаларынан тұратын жинақ. «Бақырғани кітабы» – әр түрлі кезеңге және әр түрлі ақындарға тән діни-сопылық өлеңдер кітабы. Кітаптың 1901 жылы Қазан қаласында Ағайынды Кәрімовтер сауда үйінің баспаханасында жарық көрген нұсқасы сексен беттен тұрады. Әрбір беттегі қос бағанада 56-60 аралығында жол бар. Жинақтағы барлығы жүз отыз бес хикметтің отыз бесі ғана С. Бақырғанидікі. Жиырма сегіз хикметтің соңғы шумағында – Құл Сүлеймен, екі өлеңде – Сүлеймен, ал Хакім, Хакім Сүлеймен, Хакім Қожа, Хакім Ата, Хакім Қожа Сүлеймен есімдері бір-бір шығарма соңында кездеседі. Осы өлең-хикметтердің көлемі бір мың екі жүз жолдан асады.

Жинақ мазмұны хикмет-өлеңдер мен сюжетті қисса-дастандардан тұрады. Кітапта тоғыз дастан берілген. Оның екеуі: «Расул Миғражы» мен «Исмайыл қиссасының» Сүлеймендікі екендігі көрсетілген. Мұхаммед пайғамбардың қайтыс болуына байланысты дастандар Шәмсі асынікі, Мұхаммед пен Ибраһим жайлы дастан Ғұбайдулланікі, «Ақтым қиссасы» Хытай сақыныкі деп берілген. «Жарым алма хикаясы» дастанының авторы жазылмаған.

«Бақырғани кітабындағы» кейбір танымал ақындарға тоқталар болсақ, жинақтың басында берілген Бабарахим Мәшраб (1657-1711) – Әндіжанда туып-өскен, білім алған, дәруіш, «Мабдай-Нур» деген шығармасы белгілі, өзбек ақыны.

Құл Үбайди – XVI ғасыр соңы мен XVII ғасыр басында өмір сүрген, Бұқара әкімі Махмұд Сұлтаннның ұлы, түркі, өзбек, парсы, араб тілдерінде жырлар қалдырған ақын.

Лутфи (1366 (67)-1465 (66)) – Герат маңындағы Дехиканар деген жерде туып, өмір сүрген өзбек ақыны. Ол шығармаларын түркі, тәжік, парсы тілдерінде жазған.

Зерттеу еңбектерден Қамалладин Иқанидың (Түркістанның оңтүстігінде жиырма бес шақырым жерде орналасқан Иқан қаласында туып-өскен) XV ғасырда, Құдайдад, Қасым сияқты сопы-ақындардың XVI ғасырда Түркістанда өмір сүргендігі белгілі.

Мұсылман елдерінде Қожа Ахмет Ясауидің жолын қуған, соның үлгісімен хикмет жазған шәкірттері көп болған. Ясауи шәкірттері Түркістан, Маураннахр, Хорасан, Хорезм, Анадолыға дейін тараған. Кіші Азияда Қажы Бекташ, Жүніс Әміре, Мәулана Желаладдин т.б. Қожа Ахмет Ясауиге еліктеп жыр тудырған. Мехмет Фуат Көпрүлү «Қожа Ахмет Ясауи танымы мен тағылымы» деген еңбегінде Жүніс Әміренің де ұстазының сезіміндей ой-пікірде болып, хикметтеріне «нәзирагөйлік» жасап, бір тақырыпта жазғандығын атап көрсетеді.

Зерттеушілер «Диуани Хикметтегі» Ясауи шығармаларының қайсысы ақынның өзінікі, қайсысы шәкірттерінікі екендігін ажыратудың қиындығын айтады. Сүлеймен де Мансұр Ата, Мұхаммади данышпан, Сайд Ата сияқты Ясауи халифтерінің бірі болған.

Қазақ әдебиетінің терең тамырлары XV ғасырға дейінгі түрік тілдес тайпаларға ортақ ескерткіштерде жатыр. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін зерттеу мәселесі Бейсенбай Кенжебаев бастаған ғалымдардың еңбектеріне арқау болды. Бірақ кеңестік саясаттың ықпалымен X-XII ғасырлардағы ислам дәуіріндегі әдебиет әсіресе түріктік сопылық поэзияның негізін салушы Қожа Ахмет Ясауи мен оның шәкірттерінің шығармашылығы бүтін бір ұрпақ талғамынан тыс қалды. Ислам мәдениетінің сан ғасырлар бойы халқымыздың рухани дамуына тигізген әсер-ықпалы сөз етілмеді.

Еліміз тәуелсіздік алған 90-жылдардың басынан ясауитанушы ғалымдар шоғыры көбейіп, ақын мұраларын жаңаша көзқараспен қайта қараушылар саны арта түсті. Сонымен қатар Ясауи шәкірттерінің мұраларын зерттеу, оларды танып-білу ісі де күн тәртібіне қойылды.

Кеңестік ғылыми атеистік идеология сопылық ағымды теріс ұғындырып келді. Сопылық поэзияның көрнекті өкілдерінің бірі – Сүлеймен Бақырғани (Хакім Ата) мұралары хақында қазақ әдебиеттану ғылымында бірді-екілі ғылыми мақала жазған Ә. Қоңыратбаев, Х. Сүйіншәлиев сынды ғалымдардың зерттеулерінен өзге жұмыстарда ақын шығармалары дінді уағыздаған зиянды еңбек деп танылды. Сопылық өзінің табиғатында әділдікті, тазалықты, төзімділікті, тақуалықты уағыздайды.

Сопылық әдебиеттің ар, жан, тән тазалығын биік ұстанатын, дүниеқоңыздықты, жалған дүниені мансұқтайтын, адам баласына мейірімді, қайырымды болып, жетімнің ақысын жемей, кемтарларға, жоқ-жітікке жәрдем беруге үндейтін, нәпсіқұмарлықтан бездіріп, күнәға батудан сақтандыратын ой-түйіндері ескерусіз қалды. Көптеген діни мазмұнды көне мұралар кеңінен зерттеу нысанасына айналмады.

Қазіргі кезеңде түрік, өзбек, орыс зерттеушілері сияқты қазақ ғалымдары да ясауитануда біршама жетістіктерге жеткендігін айта аламыз. Бірақ әдебиеттану ғылымында Ясауидің ісін алға қарай жалғастырушы, таңдаулы шәкірті, ғұлама ақын Сүлеймен Бақырғани мұралары жете зерттеліп, өзіне лайықты орнын ала алмай келді.

С. Бақырғани қисса-дастандарының желісі – XIX-XX ғасырлардағы қазақ ақын-шайырларының шығармашылығына да ұласып жатқандығын таразылай келе, ғалым Р.Бердібайдың: «Діни тақырыпқа жазылған қиссалардың бұрын қазақ арасында зор даңққа ие болғанын да ұмытуға болмайды. Олардың тектері талғампаз оқушы жұртшылықтың игілігіне айналуы тиіс. Барлық рухани мұраны меңгергенде ғана халықтың өркениет жолындағы орны мен мәнін санаға сіңіріп, табиғи дамудың болашағына соқпақ салуға болады», – [9,340 б.] деп жазды.

Мемлекетімізде «Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы ұлттық әдебиетіміз бен өнеріміздің бай мұрасын зерттеу, жүйелеу мәселесіне баса көңіл бөлініп отыр. Бағдарламада руханият ескерткіштерін (ежелгі түрік, шартты түрде шағатай тіліндегі ескерткіштер атанатын мұралар, халық фольклоры, эпостар мен аңыздар, дәстүр мен ғұрыптар) зерттеу бағытында бірқатар жұмыстар көзделінген. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ұрпақтарына қауышар шығармалардың қатарында С.Бақырғани еңбектері де өзіне лайықты орнын алуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев: «Біздің ұлттық мәдениетімізде де жалпы азиялықтарға тән биязылық, өткенге салауаттылық жасау, үлкенді сыйлау, жасқа қамқорлық, қысылғанға қол ұшын беру, ағайынның ауызбіршілігін сақтау – бәрі-бәрі де бар. Ендеше, сол ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманаттау – «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты болуға тиіс», – [10] екендігіне ерекше назар аударды.

1 Сәтбаева Ш.Қ. Шоқан Уәлиханов – филолог. – Алматы: Ғылым, 1987. – 224 б.

2 Демидов С.М. Суфизм в Туркмениш (эволюция и пережитки) / Под ред. Н. Байрамсахатова. – Ашхабад: Ылым, 1978. – 176 с.

3 Жандарбек З.З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 168 б.

4 Сүйінішәлиев Х. Ғасырлар поэзиясы. – Алматы: Жазушы, 1987. – 216 б.

5 Валиханов Ч.Ч. Кашгарские дневники // Собрание сочинений: В 5-ти томах. – Алматы: Изд. АН КССР, 1985. – Т.3. – С. 50-51.

6 Абай (Ибраһим Құнанбаев): 2 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986. – Т.2. – 200 б.

7 Шәкәрім. Иманым / Құр. Б. Байғалиев, Е. Қасейінұлы. – Алматы: Арыс, 2000. – 321 б.

8 Есім Ф. Туыстық философиясы // Егемен Қазақстан. – 2005. – 23 ақпан.

9 Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Рауан, 1995. – 352 б.

10 Назарбаев Н.Ә. «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс // Егемен Қазақстан. – 2003. – 29 қараша.

Резюме

СулейменБақырғани – мыслитель и ученый средневекового периода

Н.К. Матбек – ст. преподаватель кафедры довузовской подготовки

КазНУ им. аль-Фараби, к.ф.н., nursulu.m@mail.ru

В статье приведены биографические данные о жизнедеятельности мыслителя и ученого средневекового периода СулейменаБақырғани. Данные свидетельствуют, что историческая личность XII века Сулеймен Бақырғани был известен под именем ХакимАта. Анализируются исторические и научно-литературные материалы о СулейменеБақырғани. Основной акцент был сделан на ценности трудов Сулеймана Бақырғани, опубликованных XIX веке в городе Казань. В статье говорится о том, что СулейменБақырғани был одним из одаренных последователей великого мыслителя Кожы Ахмета Ясауи, который на примере своего наставника писал религиозно-хикметы. Статья посредством анализа приводит до понимания, что ХакимАта совершенствуя свои духовные знания в школе Ясауи, стал не только наставником, который воспитал последователей, но и мудрецом, призвавшим свой народ к нравственности и гуманности через исповедь исламской веры.

Ключевые слова: мир ислама, культура, мыслитель, ученый, хикметы, наставник, хаким.

Summary

SuleymenBakyrani is a thinker and the scientist of Middle Ages

Matbek N. K. - Candidate of Philological Science, Senior Teacher of the Department of pre-university education in Al-Farabi Kazakh National University, nursulu.m@mail.ru

Article provides biographical data about thinker and scientist of the Middle Ages SuleymenBakyrani. This facts suggests that historical figure of the XII century SuleymenBakyrani was known as Hakim Ata.

This article examines historical and literary and scientific data about SuleymenBakyrani and focuses on the value of his works which was published in XIX century in Kazan. Also it says that SuleymenBakyrani was one of the highly gifted followers of the great thinker KozhaAkhmetYassau who made a huge contribution to the spread of Islam and Bakyrani like his teacher wrote religious khikmets. Article by means of the analysis brings us one step closer to understanding that Hakim Ata after growing spiritually in Yassau School became not only religious advisor for his followers also he became sage who called people to morality and humanity and believe in Islam.

Key words: islamic world, culture, thinker, scientist, khikmets, advisor, hakim.

УДК 94 Қ-42

ЯСАУИ ІЛІМІНІҢ ТАРИХЫ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Е.Т. Қартабаева – т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының профессоры KazNU, E-mail: erke_66@mail.ru

Мақалада түркілік сопылықтың негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи ілімінің ерекшеліктері қарастырылады. Автор Ясауи ілімінің қалыптасуына ықпал еткен тарихи-объективті факторларға жан-жақты тоқталады. Атап айтқанда, Ясауи өмір сүрген тарихи кезең, яғни қарастырылып отырған дәуірдегі мұсылман елдерінің дамуындағы кереғар құбылыстар сопылықтың қалыптасуына ықпал еткен болатын. Мақала авторының пікірінше Ясауидің сопылық дүниетанымы қоғам өміріндегі дәл осы кері құбылыстармен күресте пісіп-жетілді. Ясауи ілімінің қалыптасуына сондай-ақ түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымы үлкен дәрежеде ықпал етті. Мақалада сопылықтың түркілік мектебі түркі-ислам синтезі негізінде қалыптасқандығы деректер негізінде талданады. Автор аталған мәселелерді талдауда өркениеттік зерттеу методологиясы қолданды.

Түйін сөздер: ислам, түркілер, Ясауи, сопылық, тариқат.

Руханияттың шынайы бастауы дін екендігінде күмән жоқ. Алайда қазіргі діндер адамның рухын тәрбиелеумен айналысудың орнына, көп жағдайда руханияттан мүлде алыс мәселелермен айналысып кеткендей ой туғызады. Соңғы кезде қаптап кеткен әр түрлі секталарды былай қойғанда, дәстүрлі діндердің өзі, бір қоғамда өмір сүріп жатқан жекелеген адамдар мен бүтіндей ұлттарды бір-бірінен алшақтататын, тіпті қарсы қоятын, әсіре ұлтшылдық немесе әсіре конфессияшылдық сияқты және басқа да, көбіне, саяси бағыттағы мәселелермен айналысуды өздерінің басты міндетіне айналдырып алған сынайлы. Қазақстанның негізгі халқы ұстанатын ислам дінінің өз ішінде де шынайы руханияттан гөрі, жалған діншілдік, ұраншылдық, өзі ұстанатын дін ғана ең дұрыс деп санайтын төзімсіздік және басқа да жағымсыз сипаттағы құбылыстар байқалады. Мұндай «діншілдер» халқымыз ғасырлар бойы ұстанып келген, бірыңғай исламдық бағдар болып табылатын Әбу Ханифа тармағына жат қағидаларды жастардың санасына сіңіруге тырысуда. Кейде, сол, исламды уағыздап жүрген мұсылмансымақтардың әрекеті исламға, шынайы ислами қағидаларға, исламның қайнар бұлағы болып табылатын Құран мен Пайғамбар сүннетіне мүлде үйлеспейді десек артық айтпаймыз.

Ал ислам дінінің біздің жеріміздегі мыңжылдық тарихы жергілікті халық арасында орныққан ханафиттік мазхабтың өміршеңдігін көрсетіп отыр. Аталмыш мазхабтың рухани тәжірибесі ұлттық мәдениетке құрметпен қарайды. Бұл тәжірибенің негізінде төзімділік, ашықтық пен икемделгіштік жатыр. Қазіргі таңда Қазақстан қоғамында орын алып отырған діни төзімділік, дінаралық келісім жағдайы, дәл осы ханафи мазхабымен байланысты қалыптасқан халқымыздың діни тәжірибесі деуге толық негіз бар. Сонымен бірге, діни толеранттылық және дінді саясиландырудан аулақ болу, дінді тек руханияттың қайнар көзі ретінде қарастыру дәстүрін, ханафи мазхабының одан әрі, рухани тұрғыдан жетіле түсуі негізінде қалыптасқан сопылықпен байланыстыру керек.

Жалпы, Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған түркілік сопылық дәстүр ұлттық руханиятымыздың қайнар бұлағы десек қателеспейміз. Қазақ ұлтының рухани болмысы мен Ясауи руханияты ажырағысыз бірлікте деп қарастыру керек. Сондықтан ясауи дәстүрлерінен бөліп алу ұлтты рухани кемтарлыққа апармай қоймайды. Осы орайда соңғы жылдары Орталық Азияның діни дамуына

қатысты жазылып жатқан ғылыми ізденістердегі сопылықты радикалды діни топтар қатарында қарастыруды ғылыми сауатсыздық деп бағалау керек. Бұл сауатсыздықтың тек ғылым үшін ғана емес, халқымыздың болашағы үшін зор қаупі бар. Бұл жерде әңгіме, соңғы кезде елімізде өрістеп отырған әр түрлі «сопылық» секталар туралы емес, тарихи түрде қалыптасып, өмір сүрген Ясауиия дәстүрі туралы болып отыр.

Сопылықтың түркілік мектебінің қалыптасуы, әрине, бүкіл түркі халқы арасында Әзірет Сұлтан атанған, атақты шайқы Қожа Ахмет Ясауидің атымен байланысты екені даусыз. Алайда, отандық тарихнамада ясауиия мұрасын жан-жақты зерттеу тек тәуелсіздік алған уақыттан бастап қана қолға алына бастады. 90-жылдардан бері қарай асыл қазынамыз – «Диуани хикметтің» бірнеше жаңа басылымдары жарық көрді [1-2]. Қ.А.Ясауи мұрасы бірқатар отандық тарихи, философиялық және филологиялық зерттеулердің нысанына айналды [3-7]. Алайда Ясауи мұрасы толығымен, жіті зерттеліп болды деп айту қиын. Атақты жерлесіміздің сопылық бағыттағы қызметін, оның түркі халықтарының дүниетанымының, рухани болмысының қалыптасуындағы орнын тереңінен танып-білу үшін әлі де көп ізденістер керек.

Ең алдымен, Ясауи ілімінің қалыптасуына ықпал еткен тарихи-объективті факторларды анықтау қажет. Мұндай факторлардың қатарындағы ең маңыздысы, әрине, ислам діні екені даусыз. Алайда, Ясауи өмір сүрген XII ғасырда ислам дінінде белгілі бір тоқыраушылық, кері кету құбылыстары орын алып жатқан болатын. Тарихи зерттеудің өркениеттік теориясы тұрғысынан алғанда, бұл тарихи дамудың заңды кезеңі; кез келген өркениет қалыптасу, даму, құлдырау кезеңдерінен өтетін болса, VII ғ. қалыптасқан ислам діні, IX-X ғғ. өзінің шарықтау шегіне жетіп, одан кейінгі уақытта бірте-бірте құлдырай бастаған болатын. Исламдағы құлдырау, тоқыраушылық біртұтас исламның көптеген бағыттарға бөлініп кетуінен, ортодоксалды исламның, көбіне, біржақты ойлайтын, фанатик, дүмше-молдалардың қолында қалып қоюынан, ерте исламға тән болған еркін ойшылдың осы кезде қудалауға ұшырап, соқыр сенімнің, діни төзімсіздіктің белең алуынан, дінбасыларының дүние-қоңыздыққа белшесінен батуынан және т.б. кері құбылыстардан көрініс тапты. Ясауидің сопылық дүниетанымы дәл осы кері құбылыстармен күресте пісіп-жетілді.

Ясауи іліміне ықпал еткен келесі маңызды фактор – дәстүрлі түркілік дүниетаным. Ерте дәуірлерден-ақ қалыптасқан түркілік дүниетанымның негізінде біркұдай идеясының бастаулары дамыған тәңірі діні, аруақтарға сиыну, көшпелі өмір салтынан туындайтын тіршіліктің жалғандығы, руханилықты материалдық құндылықтардан жоғары қоятын базалық түсініктер жатты. Әрине, түркілерге тән бұл ізгі қасиеттер де сол, алғашқы қалыптасқан уақытындағыдай таза, кіршіксіз күйінде сақталды деуге болмайды, бұлай десек, біз өркениеттілік заңдылықтарына, жалпы, дүние-дегінің бәрі үнемі өзгеріп тұратындығын негіздейтін диалектика заңына қарсы келген болар едік. Алайда көшпелі өмір салтымен байланысты динамизм, сондай-ақ дүниеден өткен ата-баба аруақтарын құрмет тұту негізінде қалыптасқан ұрпақ сабақтастығы дәстүрлері түркілердің рухани ізгі қасиеттерін жекелеген тұлғалар арқылы болса да, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырды. Атап айтқанда, ежелгі дәуірдегі грек философтарының көзқарастарының қалыптасуына ықпал еткен данагөй бабамыз Анахарсисті, одан бері қарай, орта ғасырларда екінші ұстаз атанған әл-Фарабиден бастап, Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Ахмет Игүнеки, сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауиді де осы түркілердің рухани ортасы қалыптастырған болатын.

Ең ақырында, Ясауи ілімінің қалыптасуына ықпал еткен негізгі факторлардың бірі, әрине ол өмір сүрген тарихи кезең, яғни XI ғ. аяғы – XII ғасырдағы Түркістан өлкесіндегі саяси-әлеуметтік ахуал. Тарихи тұрғыдан алғанда бұл өзіндік бір аласапыран, қым-қуыт кезең болған еді. Бүкіл мұсылман әлемін біріктірген Халифат ыдырап, Орталық Азия, Мәуереннаһр аймағының өз ішінде билік жолындағы талас-тартыс, бір әулетті келесі әулет ауыстырып жатқан саяси тұрақсыздық жағдайы орын алды. Атап айтқанда, алғаш Халифаттың ыдырауы тұсында Хорасан мен Мәуереннаһрдағы билікті қолына алған Саманилерді (олардың билігіне Қазақстанның оңтүстік аймақтары да қараған болатын), кейінірек Қарахандар алмастырды. XI ғ. басында Сыр бойынан үдере көшкен селжүктер, Мәуереннаһр жерінде тұрақтай алмай, ары қарай Хорасан жеріне өтіп, осындағы билеуші әулет - Ғазнауилермен болған күресте бірте-бірте Хорасаннан бастап, Кіші Азияға дейінгі аймақта созылып жатқан ұлан-ғайыр империяның негізін қалаған болатын. Алайда империя ішкі талас-тартыстардың кесірінен көп ұзамай ыдырап, империяның орнында құрылған Хорезмшахтар мемлекеті өз билігін Мәуереннаһр, және онымен жапсарлас жатқан Түркістан аумағына да таратты. Хорезмшахтар билігі де ұзаққа созылмай, аймақты бастапқыда қарақытайлар, артынша монғолдар жаулап алғаны тарихтан белгілі. Міне, осындай аумалы-төкпелі, аласапыран заман сол дәуірде өмір сүрген адамдардың

санасына ықпал етпей қоймайтын еді. Ясауи де өз заманының бел баласы болды. Оның көзқарастарындағы эсхотологиялық сарын, яғни ақыр заманның таяп қалғандығын сезіну көңіл-күйлері, сол өзі өмір сүрген дәуірдің осындай кері құбылыстарының ықпалымен қалыптасса керек. Сонымен, Ясауи ілімі жоғарыда көрсетілген тарихи-объективті алғышарттармен дайындалды.

Ендігі кезекте Ясауидің сопылық ілімінің тікелей өзіне тоқталып, оның ішкі мәнін ашуға тырысып көрейік. Ауыз әдебиетінде және хикметтердің өзінде орын алған дәстүр бойынша Ахмет Ясауидің діни қызметі ол дүниеге келмей тұрып-ақ, алдын ала анықталған Алланың жазуы еді. Мұхаммед пайғамбар өзінің атақты миграж түнінде болашақ Ясауидің рухын көріп және оны өзінің рухани ізбасары деп тағайындап, өмірге келгеннен кейін түркілер арасында исламды уағыздауға бата берген.

Ясауидің сопылық іліміндегі маңызды ерекшеліктердің бірі оның ең алдымен шарифатқа негізделетіндігін байқаймыз. Сопылықтың кейбір әсіре шеткері мектептерінде шарифатқа менсінбеушілікпен қарау, оның маңызын төмендету үрдістері орын алатындықтан бұл ерекшелікті баса көрсеткіміз келеді. Бұл турасында «Хикметтерде»:

**Шарифатсыз тариқатқа кіргендердің
Шайтан келіп иманын алады екен...**

Сондай-ақ:

**Шарифат – дүр ғашықтар әфсанасы,
Болмаса асып туған нақ данасы, -
Басқаның тариқатқа жоқ таласы,
Бұл сырға ғаршы үстінде қандым міне» [4, 66]**

деген жолдар айғақтайды. Сонымен бірге, Ясауи бабамыздың бізге дейін жеткен келесі бір еңбегі - «Файрнама» рисаласында Ясауи бабамыз шарифаттың тариқатқа апаратын негізгі жол екендігін көрсете отырып, шарифаттың он шартын көрсетіп береді, бұл 1) Алланың Бірлігі мен Мұхамедтің елшілігін тану, осыған сену; 2) намаз; 3) ораза; 4) қажылық; 5) зекет; 6) жылы сөзді, кішіпейіл, қарапайым болу; 7) дінді пайғамбар жолына сай ұстау; 8) жақсылықты жаю; 9) жамандықты тыю; 10) білім-ғылым табу [8, 69]. Көпшілік мұсылмандар шарифаттың тек бес шартын басшылыққа алатындығы белгілі. Ясауидің шарифат шарттарын оңға жеткізуі, біріншіден, оның шарифат жөніндегі танымының кеңдігін көрсетсе, екіншіден оның көпшілік байқай бермейтін дүниелерге мән беріп, олардың адамның рухани тәрбиесіндегі маңыздылығын түсінуінен туындаса керек. Сонымен бірге бұл, Ясауи ілімінде ынтызарлық, ыждаһаттылық, яғни Алланы танудағы ерекше ықыластылық қасиеттерінің дәріптелетіндігінің де айғағы бола алады. Ясауидің пікірінше, шарифаттың талаптарын толық орындамайынша тариқатқа аяқ басуға болмайды:

**Әркім түссе тариқаттың жолына,
Әуелі қадамды шарифатқа қою керек,
Шарифаттың істерін ада қылып,
Одан кейін бұл дағуаны қылу керек**

Шарифаттан сүрінбей өткен жолшыларға, яғни дәруіштерге Ясауи тариқаттың 10 мақамын көрсетеді, Файрнамада жіктелген бұл мақамдар мыналар: 1) тәубаға келу; 2) пірге қол беру; 3) Алладан қорқу; 4) Үміт (Алланың рахымынан қол үзбеу); 5) Уәзипасын орындау (пірдің тапсырмалары); 6) Пірдің айтқандарын екі етпей орындау; 7) Пірдің рұхсатымен сөз сөйлеу; 8) Насихат тыңдау; 9) Дүниені санадан, ойдан шығарып, Аллаға көңілмен жақындау; 10) Дүниеден сақтанып, тек қана Аллаға берілу [8, 70]. Ясауидің сопылық ілімінің негіздерін түсіну осы он мақамды жіктеу арқылы іске асса керек. Айта кететін жағдай, Ясауи көрсетіп отырған сопылық жолдың талаптарында шарифат шарттарына қосылып отырған талаптар көп емес, мұндай талаптарға тек пірдің орнын анықтаумен байланысты мақамдарды ғана жатқызуға болады. Ал сонда тариқат жолының шарифаттан ерекшелігі неде дегенде, ол тек сол шарифат талаптарын көңілмен, ден қою арқылы, шын ықыласпен орындауды талап ету екендігін көреміз. Дәл осы мәселе, яғни ықыластылық, риясыздық Хикметтердің он бойында көрініс тауып отырады:

**Ей талапкер, ықылас керек, ғашық болсаң,
Жаннан кешіп, мехнат тартып садық болсаң,
Одан кейін Тәңірдің құзырына лайық болсаң,
Лайық болмай, Оның дидарын көре алмайсың!**

Ықылас – дін үшін жасаған істеріңнің барлығын мақтан үшін емес, риясыз Алла үшін жасау деген сөз. Әр істі жаныңдай сүйіп, сүйсініп істеуің керек. Бірақ, істеген жақсылығың, қызметің үшін адамдардан ештеңе дәметпеуің керек. Ықыласқа қарама-қарсы құбылыс – риякерлік. «Жақсы екен

десін, діндар екен десін» деп халыққа жағыну, олардың көзіне түсуден туған мақтанның ең төменгі дәрежесі. Риякерлік адам үшін ең үлкен қауіп. Өзін діндар десін деп, монтаны сопы болып жүрген, намазынан, оразасынан, тәспісінен, зікірінен, қылығынан, киімінен, әрекетінен діндар болып көрінген риякерлердің халі шынайы діндарлыққа жат. Мұндайларды Ясауи «жалған сопы» деп атап, оларды өз хикметтерінде ерекше сынға алады:

**Жаннан кешпей «Ху, Ху» деудің бәрі жалған,
Бұл арсыздан жөн сұрама жолда қалған.
Пір қызметін өтейміз, дәруішпіз дер,
Арам, мәкрүһ білмейді, дорбасын толтырып жейді
Көзінде жас жоқ, зікір алқасына кірер,
Сырты дәруіш, ақыреттен қорықпайды,
Істегені жаман іс, арамнан еш үрікпейді.
Рия тәспісі қолында, көзінде жас жоқ.**

Жалған шайх жарамсыз бірденелерді оқып алып, өзін халыққа шайхпын деп танытады. Шайхтықты күнкөріс көзіне айналдырады. Ясауи Фаһрнама еңбегінде жалған шайхтар жайлы: «Олар (жалған шайхтар) мүриттерінен дәме қылады... Егер мүриттері оған сый-сияпат бермесе «Мен де бизар, Алла да бизар», - деп айқайлап ұрысады», - деп сынға алса, ал«Хикметтерде» жалған шайхтардың нәпсіқұмарлығы одан да бетер масқараланады:

**Суфи болғансып, нәпсіңмен әр дем есікке қарайсың,
Сияпат алып келді ме деп келген кісіге қарайсың
Алланың лағнетін мойныға әр дем тағасың,
Суфи-сипат болдың, бірақ еш мұсылман болмадың.**

Сопылық жолда Ясауи әркез өзіне сақ болуды, нәпсінің құрған тұзағына түсіп қалмау үшін, әрдайым өзінің шынайы талап-тілектерінді екшеп отыруының қажеттігін түсіндіреді. Сопының басты мақсаты - Алламен қауышу болса, сопылық жолға түскендердің ең үлкен қауіпі осы негізгі мақсатынан адасу. Өйткені адамның нәпсісі әрдайым оны мақсатынан тайдыруға дайын тұрады. Жолға түскендердің халықтың мақтауына еріп, Хақтан ажырап қалу қауіпі бар. Осы құбылыс өзіндік сын – маламат түсінігінің негізі болып табылады. Маламат – адамның өзін төмен санауы, халықтың оны даттауы мен масқаралап әжуалауын қалауды білдіреді. Яғни, маламат адамның өзін басқалардан артық санап, менмендікке салынып кетпеуін қадағалауының негізгі тәсілі. Діндарлығымен өз-өзіне мақтанып, менмендікке салыну өте қауіпті нәрсе, сондықтан да Ясауи ең алдымен өзін осындай қауіптен сақтандырады:

**Құл Қожа Ахмет жамандардың жаманы Сен,
Барша бидай, ел тұтпайтын сабаны Сен.
Жолдан азған құнаһарлардың наданы Сен,
Келіңіздер закир құлдар зікір айтайық.**

Маламат өте қиын іс, бірақ сопылардың жолындағы бұл кедергіні Аллаға деген шексіз махаббат арқылы жеңуге болады:

**Шын көңілмен тағат қыл, Алла білсін,
Халық ішінде бейшара бол, әлем күлсін.
Топырақ сипат, қор көрін, нәпсің өлсін,
Жәрдем етсең, нәпсімді жеңіп, жыласам мен.**

Ясауидің сопылық ілімі өз кезінде «Хал ілімі» деп те аталған екен. Мұның мағынасы адамның жан-дүниесінің, рухының кіршіксіз, таза, Аллаға деген ерекше махаббатқа толы халіне жеткізетін ілім дегенді білдірсе керек. Бабамыздың өз ілімін осылай атағаны оның ең мықты шәкірттерінің бірі Сүлеймен Бақырғанидың (Хакім ата) өз ұстазына арнаған мына арнауынан көрінеді:

**Басса таулар шегінген,
Бақса Қағба көрінген.
Хал ілімі берілген
Шайхым Ахмет Ясауи.
Асыл еді нәсілі,
Білмес адам пасығы,
Хақтың ғана ғашығы
Шайхым Ахмет Ясауи.**

Заманында кеңінен қанат жайған Ясауидің «хал ілімінің шарапатынан елімізде түрме, жетімдер үйі, қарттар үйі, маскүнемдік, нашақорлық, зинақорлық секілді және басқа азғындық атаулының ешбірі болмаған [9, 88]. Ясауи сопылығының негізінде жатқан осы хал ілімін ұстану арқылы, әрбір жеке адам бақытқа жетіп, әлемде «қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын» жұмақ заман орнайды деген үмітпен өмір сүреді әрбір түркі текті мұсылман. Ең бастысы, түркі текті халықтар үшін нәпсінің әр түрлі азғыруларымен күрестің бұдан озық тәсілі әзірге ойлап табыла қоймағандығын мойындауымыз керек.

Ясауи өз шығармасында «түрік тілінде жаратқанға деген сүйіспеншілікті, мойынсұнушылық пен сопылықты уағыздады» [1, 485]. Қожа Ахмет Ясауи қалыптастырған сопылық жол, араб-парсылардың ықпалымен ұмыт бола бастаған дәстүрлі түркі мәдениетін қайтадан қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Ең бастысы ол дін ілімін түркі тілінде сөйлетті. Оған Ясауи хикметтеріндегі мына жолдар дәлел бола алады:

**«Қоштамайды ғалымдар біздің айтқан түркіні.
Білгендерден есіткіл, ашар көңіл мүлкінің,
Аят, хадис мағнасы түркі болса муафиқ (жақсы),
Мағынасына жеткендер жерге қояр бөрігін»**

Дін тілі түркіше сөйлеген соң, жалпы ғылым, білім, әдебиет, мәдениет тілі қайтадан түркілене бастады. Кезінде шариғат жолы аясына сыймай қолданыстан шығарылған түркілердің әдет-ғұрып, салт-дәстүрі тариқат жолы үкімімен қайта қолданысқа енді. Осы кезден бастап түркі халықтарында тариқат жолы үстемдік ете бастады. Қазіргі қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің негіздері осы Ясауи жолының тарих сахнасына шығуымен қалыптасты десек артық айтпаймыз [5, 35-36].

Ясауидің сопылық ілімінің халық арасында таралуы ол қалыптастырған тариқат арқылы іске асырылды. Жалпы, мұсылман әлемінде ең алғаш қалыптасқан үш тариқаттың бірі Ясауи тариқаты болғандығы белгілі. «Нағыз мағынадағы тариқаттар, яғни теккесі, завиясы бар, шейхтер мен мүриттер арасында қалыптасқан қарым-қатынастары бар тариқаттар хижраның VI-VII ғғ. (б.ж.с. XII-XIII ғғ) пайда болды. Бағдатта Абдулкадыр Гейлани, Басрада Ахмад Рифаи, Түркістанда Ахмад Ясауи алғашқы тариқаттардың негізін қалаушылар болды» [10, 206].

Кез келген сопылық тариқаттың, соның ішінде Орталық Азия тариқаттарының басты ерекшелігі зікір болып табылады. Зікір – Алланың көркем есімдерін еске алу, алайда жай ғана еске алу емес, Алланың көркем сипаттарын жүреппен қабылдап, түсініп, Аллаға деген сүйіспеншілік арқылы жүректі ояту, тазалауды іске асырудың тәсілі. Ясауида зікірдің «жахрийа», яғни жария түрі қолданылды. Жахрийа атауы «зікір-и-арра» атауымен қатар тариқаттың негізгі атауына айналды, яғни ясауи атауымен бірге қолданылып, керек болса, оны бірте-бірте ығыстырып та шығарды. XVIII-XIX ғғ. межесінде Орта Азиядағы сопылық тариқаттар қолданылатын зікір түріне қарай хафийа (хафи, яғни «үнсіз», «жасырын») және жахрийа («жария», «жауысты») деп атала бастайды. Жария зікір тек ясауи тариқатына ғана тән құбылыс деп көрсетуге болмайды, ол Орталық Азиядағы басқа да бірқатар тариқаттарда кездеседі, алайда жария зікірге жататын ара зікірі ясауи тариқатында қалыптасқан зікір түрі екендігі даусыз. Бұны Қ.А.Ясауидің хикметтерінен де байқаймыз. Ясауидің ізбасарлары ғасырлар бойы бұл зікір түрін дамытып, одан өзіндік бір түркі халықтарына ортақ өнер түрі өсіп шықты деуге болады. Зерттеуші Б.Бабаджанов кеңес дәуіріндегі Өзбекстандағы сопылық іздерін зерттей отырып, Наурыз мерекесі кезінде жергілікті халық арасында 12-15 адамнан тұратын топтың әулиелердің мазары басында жиналып, зікір салумен айналысып отырғандығы жайында айтады. Ол, сондай-ақ зікіршілердің сопы-әулиелер туралы төрт жолдан тұратын өлең шумақтарын дауыстап, әнге қосып айтатындығын (мысалы, «Мансур нололоры», яғни «Мансұр зары» өлеңін), және рәсімге қатысушылардың бірқатары экстаз жағдайына дейін жетіп отырғанын көрсетеді. Алайда рәсімге қатысқан бір кісіден сұрағанда, ол сопылық жөнінде ештеңе білмейтін болып шыққан [11]. Бұдан түсінетініміз сопылық дәстүрлер, соның ішінде жария зікір халықтың діліне терең сіңіп, оның рухани болмысына, дәстүріне айналып кеткендігі.

Ара зікірінің ерекшелігі барынша көнелігі және ерекше дыбыстық әсерлілігі, яғни тамақты ғырылдатып, қырнап айту, экстаздық би және бірқатар басқа да ерекшеліктері болды. Түрік ғалымы Ф.Көпрулу ара зікірінің шығуын көшпелі түркі-монғол тайпаларындағы шамандық дәстүрлермен байланыстыратын тезис ұсынды [12, 24]. Бұл идеяны кеңес этнографтары мен шығыстанушылары (В.А.Гордлевский, О.А.Сухарева, А.К.Боровков және т.б.), сондай-ақ батысеуропалық зерттеушілер (Ирен Меликов және т.б.) де қолдайды.

Ясауи тарикатының басқа сопылық тарикаттардан екінші бір ерекшелігі – Ясауидің мәжілістерінде, алқа зікірлерінде әйелдер мен ер адамдардың бірге отырғандығы. Кезінде бұған қарсы болған басқа аймақтардың тарикаттары әулие әрі ғұлама Баба Машынды осы өрескел әдетке діни тұрғыдан тиым салу үшін Түркістанға аттандырған екен. Бұл жөнінде ақын Жүсіп Бейзауидің екі шумақ өлеңі сақталған:

**«Есігіпті Баба Мачин сол заманда
Ахмет деген шайх шықты деп Түркістанда.
Бірге сұхбат қылады екен қыз бен еркек,
Деп тиым салуға Түркістанға келді достар.**

**Келді де көреді сол машайықты,
Сенбісің ей шайх аздырушы адамдарды.
Ия азғын да, адасқан да менмін, білгін,
Деп, Әзірет оған жауап берді достар» [8, 34]**

Баба Машын өз күші мен біліміне, кереметіне сеніп Ахмет Ясауидің алдына шығып, оған үгіт-насихат бере бастайды. Хикаяның аяғында Баба Машын жағдайды егжей-тегжей түсініп, кейіннен өз қылығының ағаттығын мойындайды. Баба Машын Ахмет Ясауиге қол беріп, оның шәкірті болады, яғни тарикатына кіреді және осыдан кейін оның сопылық жолдағы кемелдігі арта түседі [9, 34]. Ясауи тарикатындағы әйелдерге қатысты осындай кең көзқарастың шығу төркініне келсек, мұны тек түркілік дәстүрлермен ғана түсіндіре салуға болмайды. Әйелдің қоғамдағы орнын өз дәрежесінде түсіну ислам дінінің негізінде жатқанын көрсетуіміз керек. Бұған Құран аяттары мен Мұхаммед пайғамбардың көптеген хадистері айғақ бола алады. Алайда әйелді қолдан келгенше төмендетуді дәстүрге айналдырған араб, иран қоғамдарында исламның бұл ұстанымы өзіне жол сала алмай, бірте-бірте ұмыт қалдырылған болатын. Дәл осы, мұсылмандықтың өзегінде жатқан ақиқатты, Қ.А. Ясауи және оның жолын ұстанушылар қалпына келтірді. Бұған әрине, көшпелі түркі қоғамындағы әйел еркіндігі үрдістері де өз ықпалын тигізді. Жалпы, ислам көшпелі түркілерге тән барлық оң қасиеттердің одан әрі дамуына және оны бекітуге ықпал еткен зор фактор болды. Ясауи сопыларының күш-жігерімен түркілер арасында орныққан осы дәстүр қазақ халқы арасында әлі күнге жалғасын тауып отыруы Ясауи жолының халықтың рухани болмысындағы орны жөнінен хабар берсе керек.

Ясауи жолының өзіндік елеулі ерекшеліктерінің қатарына тарикат шайқыларының, ең алдымен Қожа Ахмет Ясауидің өзінің негізгі міндеті ретінде «жеке басының құтылуын» ғана емес (ортодоксалды дінде «жеке басының құтылуы» түсінігі жеке адамның тозақтан құтылуы, жұмаққа түсуі мағынасында қолданылса, сопылықта рухани жетілу практикасы арқылы Алланы тану, Алламен қауышуды білдіреді – Е.Қ.), қоғамның жетілуін, халықтың тәрбиесін қоюы деп көрсетуге болады. Бұған тарикат дәруіштерінің қызметіне талдау жасау арқылы көз жеткіземіз. Әзірет Сұлтанның көзі тірісінде оның шәкірттері қатарында 12 мың сұлтан мен 99 мың жай халықтың болғаны белгілі. Ясауи өз шәкірттерін түркі дүниесінің бар тарапына аттандырады. Өзінің немересі Ахмет сопыны Шығысқа, Қаялық қаласына, хакім Ата Сүлеймен Бақырғаниды Үргенішке, Сопы Мұхаммед Данышманд Зарнаукиды Отырар қаласына аттандырған [6, 46]. Ясауи сопылары түркі дүниесінің барлық тараптарында халықты сопылыққа баулыды, исламның шынайы мәйегінен сусындатты. Олардың миссионерлік қызметіне табыс әкелген басты жағдай жергілікті халықтың мәдени мұрасын, дүниетанымын, қабылдау ерекшеліктерін ескеріп отырғандығы болатын. Жергілікті халықты исламдандырудың Ясауи ұсынған формасы түркі халықтарының ұлттық мәдениетінің жойылуына емес, керісінше, оның одан әрі гүлденіп, дамуына ықпал етті. Мамандардың көрсетуі бойынша сопылық дәстүр қазақ халқының фольклорына, музыка, би, сәулет өнерінің дамуына, сондай-ақ бай да түпнұсқа мәдениетіміздің басқа да салаларына зор ықпал етті [13, 17]. Яғни, ясауи сопылығы түркі халықтарының ежелден қалыптасқан ізгі қасиеттерінің одан әрі ашылуына, жетілуіне ықпал етті.

Түркілердің исламды формалды емес, оның өзегін қабылдауының, яғни исламды иман деп түсінуінің негізінде осы ясауи дәстүрі жатса керек. Ал ясауи дәстүрінің негізінде түркілік рухани дәстүрлер жатыр. Қожа Ахмет Ясауидің сопылық көзқарастарының қалыптасуына араб және парсы елдерінде тараған классикалық сопылық дәстүрлер жүйесінің әсерін жоққа шығаруға болмайды. Сонымен бірге, сопылықпен қатар оның дүниетанымда ежелгі түркі тайпаларының әлемді түсіну, болмысты тану талпыныстары да синтезделген. Олай болмаған жағдайда Ясауи хикметтерінің

халықтың ділінен тиісті орын алуы да мүмкін емес еді. Ясауи және оның шәкірттері түркілердің озық дәстүрлерін исламның мәйегімен сусындатып, оны одан әрі жетілдіре отырып, халыққа қайтарып берді. Сондықтан да ислам (сопылық) халықтың рухани болмысынан ажырағысыз, бір бүтінге айналды. Ясауи тариқаты қызметінің қысқа болуының бір себебі де осында жатса керек, өйткені тек жалған сопылар ғана өз қызметінің өміршең болуына мүдделі, өйткені олардың мақсаты халықты тәрбиелеу емес, неғұрлым көбірек пайда табу ғана.

Сонымен, Қожа Ахмет Ясауидің түркілер арасында исламды таратушы, адамгершілікті уағыздаушы ретіндегі қызметін асыра бағалау мүмкін емес. Ислам енді ғана тамыр жібере бастаған түркі тайпалары Ясауиді өздерінің рухани басшысы ретінде мойындап, оны ерекше құрметпен «ата» деп атап кетті. Қожа Ахмет бабамыз өз тариқатын қалыптастырып, шәкірт тәрбиелеумен айналысқан Ясы қаласы далаға мұсылмандық пен жаңа өркениетті таратушы басты рухани-мәдени орталыққа айналды. Кейінірек Түркістан атауын алған Ясы қаласы түркілердің тек саяси орталығы ғана емес, басты рухани орталығы ретінде «екінші Мекке» деп аталып кетті. Ясауидің сопылық жолының тарихи маңызы түркі халықтарының, соның ішінде ең алдымен ясауи дәстүрлерін берік ұстанған қазақ халқының рухани болмысының қалыптасып, дамуында аса зор рөл атқаруы болып табылады.

1 Қожа Ахмет Ясауи. *Диуани хикмет (Ақыл кітабы) / Ред. М.Жармұхамедұлы және басқалар. – Алматы, 1993.*

2 Қожа Ахмет Ясауи. *Хикмет жинақ. – Алматы, 1998.*

3 Абуов А.П. *Мировоззрение Ходжа Ахмета Ясауи. – Алматы: Институт философии МН-АН РК, 1997. – 196 с.*

4 Ахметбек А. *Қожа Ахмет Ясауи. – Алматы: «Санат», 1998. – 112 б.*

5 Жандарбек З. *Ясауи жолы және қазақ қоғамы. Ғылыми зерттеу. – Алматы: «Ел-шежіре», 2006. – 256 б.*

6 Муминов Ә. *Ясауи бастаулары // Ясауи тағлымы. – Түркістан: Мұра, 1996. – 22-30 бб.*

7 Дастанов О. *Әзірет Сұлтан. -Алматы: Б.ж., 1993.-157 б.*

8 Намық Кемал Зейбек. *Қожа Ахмет Ясауи жолы және таңдамалы хикметтер. – Анкара: «Бойут-Таң», 2003. – 255 б.*

9 Жүнісбаев Ұ. *Ладуни ғылым // Қожа Ахмет Ясауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері. Халықаралық конференция. 29 қыркүйек – 1 қазан 2008 ж. Түркістан қаласы. – Алматы, 2008.*

10 Бабаджанов Б. *Возрождение деятельности суфийских групп в Узбекистане. - Ташкент, 1998.*

11 Джумаев А. *Зикр в теории и практике Яссауи и яссауийя // Тамыр. -2001. № 2.*

12 Жандарбек З. *Ясауи жолы және қазақ тарихы. Ғылыми зерттеу. – Алматы: «Ел-шежіре», 2006. – 256 б.*

13 *Собрание фетв по обоснованию зикра джахр и сама'. Введение, подготовка оригинального текста, приложения и указатели Б.М. Бабаджанова, С.А. Мухаммадаминова. // Отв.ред. А.К. Муминов. – Алматы, Ташкент: «Дайк-Пресс», 2008. – 284 с.*

Резюме

Историческая особенности учения Ходжа Ахмета Ясауи

В данной статье рассматриваются особенности суфийского учения Ходжа Ахмета Ясауи - основоположника тюркской школы суфизма. Автор рассматривает учение Ясауи как один из основных источников формирования духовности тюркских народов. В статье всесторонне рассматриваются объективные исторические условия становления суфийского учения Ясауи, то есть объективные предпосылки формирования этого явления. По мнению автора именно противоречивые обстоятельства, имевшие место в рассматриваемый период в мусульманских странах повлияли на формирование суфизма, и суфийское мировоззрение Ясауи вызревало в борьбе с этими отрицательными явлениями в общественной жизни. На формирование учения Ясауи также большое влияние оказало традиционное мировоззрение тюркских народов. Такие выводы автор делает на основе анализа источников и историографического материала.

Ключевые слова: ислам, тюрки, Ясауи, суфизм, тариқат.

Summary

Kartabaeva E.T.

Yasawi about knowledge of the preconditions history

This article discusses the features of the Sufi teachings of Khoja Ahmed Yasawi - the founder of the Turkish school of Sufism. The author examines the doctrine of Yasawi as one of the main sources of the spirituality of the Turkic peoples. The author comprehensively considers the objective historical conditions for the emergence of the Sufi teachings Yasawi, there are objective prerequisites for the formation of this phenomenon. According to the author it is contradictory circumstances that have taken place in the period are risen in Muslim countries influenced the formation of Sufism and Sufi outlook Yasawi matured in the fight against these negative phenomena in society. The formation of the teaching Yasawi also very influenced by the traditional world of the Turkic peoples. The author made conclusions based on the the analysis of the sources and historiographical material.

Key words: Islam, Turks, Jsau, Sufism, Tariqa.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS

ӘОЖ47.58

Г.Ахылбекова – М. Өуезов атындағы ОҚМУ 2 курс магистранты.,
Шымкент қ.Е-mail:aisha_sh@mail.ru

«МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МӘНІ

Мақалада «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша елімізде қол жеткізген мәдени мұралардың патриоттық тәрбие берудегі мәні сипатталған.

Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президентінің нұсқауымен жасалып отырған аталмыш «Мәдени мұра» ескінің жаңаруына байланысты көптеген көкейтесті мәселелерді толық қамтыды.

Отаншылдық сезімге рух беру мәдениет ескерткіштері, рухани құндылықтарды білу арқылы жүзеге асатыны белгілі. Қазақ халқының әлемдік өркениетте орны бар, ал біздің ұлттық тұтастануымыз үшін табан тірейтін тұғырларымыз ұлттық тарихымызды жаңа өркениеттік көзқараспен, терең біліктілікпен жан-жақты көрсету арқылы патриоттық тәрбие беруге ықпал етеді.

Түйін сөздер:мәдени мұра, бағдарлама, ескерткіштер, патриотизм, тәрбие.

2004-2006 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» Бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің «2004 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары» Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленген болатын.

Осы бағдарлама еліміздің мәдени мұрасын зерделеу, қорғау, пайдалану және насихаттаумен, тарихи-мәдени дәстүрлерді сабақтастықпен дамыту және қайта түлетуге байланыста негізгі аспектілерді қамтиды, тарих және мәдениет ескерткіштерін жаңғырту, консервациялау және музейге айналдыру шараларын, жобалау, ғылыми-зерттеу, жаңғыртушы ұйымдардың, мұражай, мұрағат, кітапханалар мен өзге де мәдениет мекемелерінің ғылыми-зерттеушілік, материалды-техникалық, нормативтік құқықтық негізінкүшейту және дамытуды қарастырды.

Бағдарламаның мақсаты:ұлттық мәдениет үшін зор маңызы бар маңызды тарихи-мәдени, сәулет, ескерткіштерін, яғни Абат-Байтақ, Айша Бибі кесенелері, Қараман ата, Шопан ата мазарлары, Ақыртас, Баба ата сарайлы кешендерін ғылыми-зерттеу және қайта қалпына келтіру, Қойлық, Есік, Сарайшық, Берел және т.б. ортағасырлық қалашықтары, қорғандары мен тұрақтарының археологиялық қазбасын жүзеге асыру;

зор мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениет, ауыз әдебиеті, дәстүрлер және әдеттерді зерттеудің біртұтас жүйесін жасау: оған Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Дулати, Қ.Жалайыридың еңбектері кіреді, «Кодекс Куманикус», «Қорқыт ата кітабы», «Оғыз-наме», «Бабыр нама» секілді сирек кездесетін көне басылымдар мен кітап қолжазбаларының көшірмесін табу және сатып алу, «Қазақстанның ортағасырлық қалалары», «Қазақстанның археологиясы» кітаптар сериясын шығару, Геродоттың, Птоломейдің еңбектерін, Қазақстанның ежелгі дәуірінен қазіргі күнге дейінгі тарихы жөнінде аса маңызды араб, парсы, моңғол және орыс деректерін басып шығару;

қазақ әдебиеті мен жазуының көп ғасырлық тарихын жинақтау және «Бабалар сөзі», «Қазақстан тарихы жөніндегі жаба деректер», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ зиялыларының хаттары» атты кітаптар сериясынан тұратын іргелі басылымдарды шығару;

мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің озық жетістіктері негізінде толық құнды гуманитарлық білім қорын, сол сияқты Еуропа, Америка, Африка және Азия елдерінің озық әдеби шығармашылығы мен философиясын қосатын «Әлемдік әдебиет кітапханасы» мен «Әлемдік философия мұрасы» сериясын жасау.

Бұл мақсатқа негізінен академиялық ұтқырлықпен ғалымдардың, мемлекет қайраткерлерінің арқасында қол жеткізілгені белгілі.

Ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан іргелі халықтардың бірі қазақтар, ғасырлар бойында жазба мәдениеті болмаса да, ауызша әдіспен өзіне тән бай

рухани мұра жасай білді. Ал жазба әдебиет пайда болғаннан кейін бұл мұра өте үлкен қарқынмен дами отырып, әр қилы ерекшеліктерге толы күрделі тарихи жолдардан өтті.

Біртұтас көзқарас, дүниені жан-жақты танып білу, оның заңдылықтарын, таным үрдісін, әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсіну, ойлау түрлерінің жүйесін анықтау – ол соңғы ғасырлардың үлесіне тиеді. Дегенмен, халықтың жыраулық, ақындық шығармашылығына қоршап тұрған табиғат пен әлеуметтік орта туралы ойлаудың біршама жиынтығы болды. Негізінен кездейсоқтық, жүйесіздік сипатына қарамастан онда адамдардың бай практикалық өмірін, халық даналығын көрсететін философиялық мән бар еді. Ойлау тәсілі ерекше, шығармашылық жолы мен шығармалардың сақталуы ауыз мәдениетіне сай, оны есінде сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа өзгертпей, жоғалтпай, «ұрламай» жеткізу – бұл философия тарихындағы ғажап құбылыс.

Әр жаңа ұрпақ өмірге аяқ баса отырып, тарихты қайта бастамайды, керісінше, аға ұрпақтың ісін одан әрі жалғастырады. Демек, адамдардың әрекеті олардың санасы мен еркіне тәуелсіз нақты бір жағдайда объективті шарттылықта болады. Мұндай шартқа, біріншіден, материалдық-техникалық жиынтық жатады: еңбек құралдары, түрлі заттар, қоғамдық өндірістегі біліктілік, нақты дәстүрлер, салт-сана, наным-сенімдер, қоғамдық қатынастардың қалыптасқан жүйесі, қандай да бір әлеуметтік институттар, билік формалары, т.б., яғни өндіріс пен қоғамдық қатынастың нақты даму деңгейі [1, 59 б.].

Алайда әр жаңа ұрпақ аға ұрпақтың жасағанын қайталай бермейді, ол өзінің жеке сұраныстары мен мүддесін, жеке мақсаттарын жүзеге асырады.

Ұлттық сананың өсуі, мәдениеттің қайта өрлеуі 25 ғасырлық тарихы бар халықтың рухани бастауларға көңіл аударуын туындатуы заңды еді. Қазақтың ата-тегінің арғы философиясынан бастап дінге сенімінде, тәңірге табынушылығында және сақтар, ғұндар, үйсіндер мифологиясында алдыңғы орынға философиялық дүниетанымдық мәселе отырықшы тайпалардың тіршілік бағыттарының, жолдарының ара қатысы шығады. Бұл көне түрік жазу мәдениетінің дүниеге келуімен белгілі.

Ашина (көк бөрі) ұрпақтары VI ғасыр хандықтың басқару жүйесін құқықтық негізде құрды. Өкілетті билік пен заң шығару ісі ақсақалдар алқасының (кейінгі қазақ хандығында – билер алқасы мен хан кеңесі) құзырында болды. Ал хан жарлығы атқарушылық міндеті үлкенді-кішілі лауазымдар иесіне жүктелді. Бұл мансаптар мұрагерлік жолмен хандық билік, әскери демократия арқылы жүзеге асырылған. Халықтық құқықтық санасының әрі мемлекеттік басқару жүйесінің арқауы кең ауқымды жеті баптан тұратын, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деген атқа ие болған ел заңы.

VIII ғасыр басында жазылған атылмыш жәдігерліктер типі XIX-XV ғасырларға дейін жеткен. Мұндай жәдігерліктер қатарына «Қорқыт Ата» кітабы мен «Оғызнаманы» да жатқызуға болады. Олардың өзара желілері, баяндау үлгілері, дүниетанымдық арқаулары өте ұқсас.

Бұл аталмыш жәдігерліктердің барлығының да мазмұнын тәңіршілдік көктей өтеді, ол олардың дүниетанымдық өзегі ретінде көрінеді. Мысалы: көне түрлердің космогониялық түсінігін мына сөздерден бағамдауға болады: «Жоғарыда Көк тәңірі, төменде Қара жер жаралған екі арасында кісі оғлы жаралған екен». Олардың үстінен қарайтын «Тәңіріден болған», яғни қоғамдық үстемдікке ие болғандар Бумын, Істемі, Білге қағандар еді. Аспанның, жердің, тау-ойпатының кереғар ұғымдар, диалектикалық қарама-қарсылықтардың бірлігі екендігін көне түріктер үстірт болса да пайымдай алды ма? Әрине, оның үстіне тәңіршілдік, анимизм мен тотемдік көзқарастар үстем болды. Сонысына қарамай Аспан (Көк тәңірі) мен Қара жер (Жер-ана) аралығындағы ғұмыр кешкен адамзаттың екі топқа бөлінуі де адамдардың қарама-қарсы екі жаратушының қайсысына «жақын» екендігі туралы эпсаналармен тығыз байланысты болғандығын көруге болады. Тәңіршілдік көзқарастың танымдық тірегі - тәңірінің жасампаздық құдіретіне деген халықтық сенім [5, 12 б.]. Түркілердің танымдық қабілеті, жеңіске жетуі табғачқа (қарақытай) бағынғаны үшін жазалануы да тәңірінің мейіріміне немесе қаһарына ұшырағандықтың жемісі. Көрнекілік үшін мысал келтіретін болса, дана қарт Тоныкөк өзінің біліктілігін тәңірдің сыйы ретінде қабылдайды, ол білімді табғач елінде алған. Әрине, өзінің табиғи қабілетінің арқасында. Өзінің даналығын дәріптеу мақсатында қайталанып отыратын «қағаны алып екен, ақылшысы дана екен» деген сөз тіркесін жауларының аузына салып отыратындығы Тоныкөктің мақтаныш сезімінің айғағы болса керек.

«Мәдени мұра» – сан ғасырлардың сүзгісінен өтіп, осы күнге жеткен ұлттық мәдениет руханиятын жаңғыртуға арналған бағдарлама. «Мәдени мұра» не үшін қажет? Ол жаһандануға жұтылып кетпей, дәстүрлі мәдениетіміздің қуаттылығын сақтау үшін қажет, олай ете алмасақ ол аутсайдер мәдениетке айналады, оның өзінде сенімсіздік, шарасыздық, үрей туады.

Қазіргі кезде көптеген ғылыми және адами мәселелерге түбегейлі жаңаша қарауға мүмкіндіктер туды. Қоғамның рухани өміріндегі құндылықтардың өзіндік келбеті мен сипаты өзгеріп, бұл құбылысты қоғамдық тарихи үрдістегі әр түрлі көріністер, көрнекті тұлғалардың іс-әрекеттерімен байланыстыра отырып және «Мәдени мұра» ескерткіштерін, жазбаларын терең түсіндіру мүмкін емес.

«Мәдени мұраның» құндылығы – қазақтың ел-жұрт және индивид, халық және ұлт, мемлекет және қоғам ретінде, яғни тұтас тарихи тұлға ретінде тану және таныту. Ғалым Ж. Молдабеков осы проблемаларды кешенді, тұтас, жан-жақты шұғылданатын білімдер жиынтығын қазақтану деп атап, осы ойды насихаттап жүр [2]. Қазақтану әлеуметтік-гуманитарлық білімдердің тұтас методологиясы және идеологиясы ретінде «Мәдени мұраны» насихаттауға, оның идеялық желісі мен танымдық құндылығын ашуға ерекше рөл атқаратынын, қосымша бағдарлама ашатынын айтқан.

Қазақтану – атамекенінде туып-өскен азаматтың, өз елін сүйетін патриоттың кәметті жады және ар-намысы.

Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президентінің нұсқауымен жасалып отырған аталмыш «Мәдени мұра» ескінің жаңаруына байланысты көптеген көкейтесті мәселелерді толық қамтыды десек қателеспейміз. Бұндай ерекше бағдарламалардың дәл осы тұста, яғни дербестігімізге он бес жыл толған соң жариялану себебі неде? Осы сауал төңірегінен көп жайтты аңғаруға болады. Бұл еліміздің өз аузына өз қолы жетіп, әлемдік өркениетке деген ұмтылыстарының алғышарттары.

Тәуелсіз Қазақстанға келер болсақ, ғасырлар бойы мемлекеттілігіміздің, мәдениеттілігіміздің, тіл мен дәстүріміздің тарихқа кеткен есесін қайтару барысында архаистік көріністер де бой көрсетіп жатады. Қазіргі техногендік өркениетте көшпелі қоғамға тән қасиеттер тәрбиелік-жадылық мәнге ие болып, өзге құндылықтарға жол беруі тиіс.

XX ғасырдың ішінде Батыс-Шығыс қарым-қатынасында үлкен өзгерістер болды, Батыстың өзі күрделі эволюция үстінде еді. Батыс Шығыс руханиятының даналығын тани бастады, ғалымдары буддизм, үнді философиясын зерттеп, Батыс суфизмді өзіне ашты. Өз философиясын байытты. К. Юнг, т.б. дүниеге көзқарас батыс рационализмінен терең болу керек екенін мойындады және материализм, дінсіздік, техноцизмді, беймәдени «демократиялық» болмыстың («көпшілік мәдениеті») зиянын өздері өздеріне әшкереледі[2]. Әрине, ойшылдардың бұл тұжырымдары нақты саясатқа әзірге шейін үлкен әсер ете алмай отыр. Дінді, этиканы мойындау, әлемдік интеграцияны рухани жағынан толықтырып, шынайы «жүректер интеграциясына» айналдыру, әр бір ұлттық қайталанбас келбетін сыйлау, «жанын» түсінуге тырысу, сол арқылы шынайы бауырмалдыққа жету – міне Батыс пен Шығыс ойшылдарының, жалпы прогрессивтік ниеттегі адамдардың келген қорытындысы. Қандай халық болмасын, жалпы бүкіл адамзат ендігі жерде этикаға, руханиятқа бет бұрмаса, адамды түземесе – жер бетіне үлкен қасірет жақын екені енді анық сезіледі[4].

Жаһандандудың бірегейлендіру тенденциясы ұлттық ерекшеліктерге тиімді емес. Мәдени жаһандану қауіпті. Сондықтан «Мәдени мұра» бағдарламасы осыған жол бермеуде үлкен роль атқарды деп санаймыз.

Қазіргі таңда мәдениеттің ұлттық даму шеңберінен шығып әлемдік өркениеттік үрдістерді қозғап отырғанына өзіміз куәгерміз. Алайда аталмыш жаһандық мәселелер ұлттық мәдениеттің өзіндік болмыстық ерекшелігіне нұсқан келтірмеуі керек. Жаһандану қалыптасқан айырмашылықтарды ысырғанымен адамзатты біріктіреді ендеше осы тұста адамзат үшін ең қажеттісі біртұтастылық.

Қазіргі өркениет өзінің даму жолында сыни кезенді өткеріп отыр. Осы күрделі кезең Қазақстанда айналып өтпейтіні сөзсіз. Ендеше, өзінің дара жолымен дамып келген ұлттық мәдениетіміз осы жолдан адаспай, өзіндік қасиетін сақтай отырып әлемдік өркениет кешенінен құр қалмауы тиіс. Бұл орайда ендігі алдымызда тұрған міндеттердің бірі халқымыздың ежелгі тарихи, мәдени және рухани әлемінің терең тамырларын анықтап, оларды қопара зерттеп, философиялық тұрғыдан біртұтас жүйеленген ұлттық тарихымызды жасап жатқанымыз белгілі. Қазақ халқының әлемдік өркениетке «мен дегізгерлік өзіндік болмысымен» енуіне мүмкіндік беретін, ілгері дамуымызға тұғыр болатын ұлттық санамыздың ұстанымды ерекшеліктерін саралап, бұл «ғасырлар тұңғығымен тамырласып жатқан» ұстанымды ерекшеліктер, яғни біздің ұлттық тұтастануымыз үшін табан тірейтін тұғырларымыз ұлттық тарихымызды жаңа өркениеттік көзқараспен, терең біліктілікпен жан-жақты көрсетуіміз патриоттық сезімді рухтандыратыны сөзсіз.

Қорыта атқанда, «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің озық жетістіктері негізінде толық құнды гуманитарлық білім қорын жасау республика қауымдастығын әлемдік ғылыми және гуманитарлық ойдың озық үлгілерімен

қауыштырды, Қазақстанда осы саладағы ғылыми еңбектерін жазуда басты бағдар болды, сондай-ақ, халықтың жазба ескерткіштерге қол жеткізілуін қамтамасыз етіп, халықтың рухани өмірін байытты, жастарға патриоттық тәрбие беруде үлкен септігін тигізді.

1 Бейсенов Қ.Ж. *Қазақ топырағында қалыптасқан зақимиятты ой кешу үрдістері.* – Алматы, 1994.

2 Алтаев Ж. *Философия және мәдениеттану: оқу құралы – 2-ші басылымы.* – Алматы, 2001.

3 Нұрпейіс К. «Ұлттық рух» // *Ақиқат.* 2000.-№ 10. - 3-9 б.

4 XXI ғ. *Ұлттық философияның көкжиегі көріне ме?* // *Ақиқат.*-1998.-№11.- 12-20 бб.

5 Өмірәлиев Қ. *VIII – XII ғ. Көне түрік әдеби ескерткіштері – А.: 1985*

Резюме

Сущность программы «культурное наследие» в патриотическом воспитании
Ахылбекова Гаухар - Магистрант 2 курса ЮКГУ им. М. Ауезова. Республика Казахстан,
г. Шымкент. E-mail: aisha_sh@mail.ru

В статье на основе программы «Культурное наследие» характеризуется значение культурных наследии в патриотическом воспитании.

Программа «Культурное наследие» была сделана по указанию первого Президента независимого Казахстана и полностью охватила актуальные проблемы историю культуры и оказало влияние возрождению национальной духовной культуры.

В патриотическом воспитании особую роль играют памятники культуры, духовные ценности. Казахский народ имеет особое место в мировой цивилизации, поэтому на основе цивилизационного подхода нам необходимо всесторонне показать историю культуры нашего народа, которое имеет большое значение в патриотическом воспитании.

Ключевые слова: культурное наследие, программа, памятники, патриотизм, воспитание.

Summary

Essense of the programme «cultural heritage» in patriotic education
Akhylbekova Gaukhar - Master degree of the SKSU named by M. Auezov. Republic of Kazakhstan, Shymkent town.
E-mail: aisha_sh@mail.ru

In this article on the basis of the programmer of «Cultural Heritage» is characterized essence of cultural heritage in patriotic education.

Programmer «Cultural Heritage» instruction by the first President of independent Kazakhstan and completely enclose actual questions of history of culture and exert to reconstruction of national spiritual culture.

In patriotic upbringing special role have the monuments of culture, spiritual value. Kazakh people have especial place in the world civilization, therefore on the basis of civilization approve we necessity to show history of culture of our people which have significance in patriotic upbringing.

Ключевые слова: cultural heritage, programmer, monuments, patriotism, education.

УДК 94 (574.2)

ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ: ИСТОРИКО-ПРАВОВОЙ ОБЗОР

Асылбеков Е.А. – магистрант 2-го курса ЖГУ имени И. Жансугурова

Состояние окружающей природной среды в Республике Казахстан в настоящее время характеризуется как кризисное и не только в силу чрезвычайных ситуаций, обусловленных стихийными бедствиями. Вследствие интенсивного загрязнения большинства природных объектов площадь территорий с острой экологической ситуацией в несколько раз превосходит площадь всех государственных природных заповедников и заказников. Размер экономического ущерба от такого загрязнения составляет примерно половину национального дохода страны. Растущее количество промышленных предприятий продолжают загрязнять окружающую среду, многие из них не укладываются в установленные для них нормативы предельно-допустимых выбросов и сбросов вредных веществ.

Ключевые слова: контроль, страхование, окружающая среда, экология, экономика, история, право.

Одним из важнейших показателей уровня жизни человека является благоприятная окружающая среда, в которой человеческое общество нуждается на протяжении своей жизнедеятельности. Окружающая природная среда также воздействует на человеческое общество по законам своего

развития. Вследствие этого, такие природные явления, как наводнения, бури, ураганы, землетрясения, пожары, заморозки, град и другие бедствия в короткие промежутки времени могут уничтожить или повредить природные объекты и иные ценности, при этом причинить немалый ущерб.

Контроль, то есть страхование как собственность, обмен, рынок, является одной из древнейших категорий общественного производства. Смысл этого термина основан на его корневом значении - «страх». Страх перед стихийными силами природы (наводнения, землетрясения, градобития, пожары), вызывающими уничтожение имущества, скота, посевов, страх перед грабителями и разбойниками [1].

Контроль как форма общественных отношений имеет глубокие исторические корни. Первые формы страхования можно обнаружить в законах Хаммурапи, в которых предусматривалось заключение соглашения между участниками торгового каравана о том, чтобы вместе нести убытки от нападения разбойников.

В Древнем Риме существовали специальные коллегии, члены которых периодически уплачивали взносы. В случае смерти члена коллегии его наследнику выплачивалась денежная сумма, предназначенная для финансирования расходов на погребение и материальной поддержки семьи. Для вступления в коллегию необходимо было внести вступительный взнос, а затем делать периодические взносы. В средние века у германских народов существовали купеческие гильдии, которые образовывались в целях оказания помощи жертвам грабежей, разбоев, погромов и т.п. [2].

В XII веке крестьяне Исландии объединялись в союзы для совместного несения убытков от пожара и падежа скота. Наряду с имущественным страхованием развивалось и морское страхование, так в Португалии мореплаватели объединялись в товарищества, возмещавшие убытки от морских опасностей. В 1906 г. в Англии был принят MarineInsuranceAct - закон о морском страховании [3].

В вышеприведенных примерах можно обнаружить прообразы страховых отношений, которые отчетливо сформировались лишь в средневековье. Экологическое страхование возникло в мировой практике в 60-70-х годах двадцатого столетия, впервые оно было зафиксировано в международных правовых нормах, а не в нормативных актах национальных правовых систем. Это объясняется прогрессивностью на тот период международного законодательства, которое ранее законодательств многих государств обратило внимание на экологические проблемы и, в частности, на проблему возмещения вреда, причиненного экологическим правонарушением. Исключением в данном случае является законодательство США, закрепившее в середине 50-х годов прошлого столетия страхование ядерных рисков.

В международном законодательстве отношения по экологическому страхованию предусмотрены в Конвенции об ущербе, причиненном воздушными иностранными судами третьим лицам на поверхности (Рим, 7 октября 1952 года) [4].

Несмотря на то, что в данном акте не указывается - и не персонифицируется окружающая природная среда как возможный объект причинения вреда, по смыслу данного источника она поглощается обобщенной категорией имущества, принадлежащего гражданам, юридическим лицам, государству либо органам муниципальной власти.

После распада Союза ССР бывшие союзные республики приступили к созданию собственного законодательства. Казахский страховой рынок зародился на базе существовавшей монопольной системы государственного страхования, которая в начале 90-х годов претерпевала коренные преобразования. Отечественный рынок, в ходе своего развития, шаг за шагом избавлялся от противостественной монополии, расчищая дорогу альтернативным компаниям. Для Казахстана характерна повышенная степень уязвимости производственной и непромышленной сфер воздействию стихии и техногенных катастроф, отсюда следует, что роль экологического страхования особенно велика [5].

Новое время выдвигает, как известно, новые идеи, причем нередко прямо противоположные, только что доминировавшим. Если менее 10-ти лет назад отказ от государственного страхования считался недопустимым, то в настоящее время, напротив, нередко ставится под сомнение необходимость сохранения в какой-либо форме государственного воздействия на развитие страхования.

Начало возникновения в Казахстане института экологического страхования совпадает со временем приобретения независимости нашим государством. Становление страхового рынка происходит в условиях экономически переходного периода. Такие макроэкономические явления, как спад производства, неплатежеспособность предприятий, инфляция, безработица, банкротство нерентабельных предприятий, прямо повлияли на его состояние.

В начале 90-х годов зарождавшиеся страховые компании не имели опыта, солидных финансовых средств, что в принципе оправдывает те действия (порой скоропалительные), которые привели к закономерному краху большинства страховщиков, и в то же время уход этих страховых компаний породил волну недоверия, неприятия страхования как такового у большинства населения Республики Казахстан.

Первые страховые компании в Казахстане появились в 1990 году. Их организационные структуры развивались от кооперативов и товариществ до акционерных обществ. К 1993 году, когда с принятием Закона Республики Казахстан «Остраховании» были заложены основы страхового законодательства государства, количество страховых организаций достигало 900; к сожалению, большинство из них связывало со страхованием только название.

Требования, предъявленные законом, смогли выполнить только 13 страховщиков. В том же году по инициативе 38 компаний был создан Союз Страховщиков Казахстана. Указ президента РК от 19 апреля 1994 года «Об организационно-правовых мерах по формированию и развитию страхового рынка» дал право ввести систему государственного регулирования страховой деятельности [6]. В составе Министерства финансов РК был создан Департамент страхового надзора.

В Казахстане начало современному этапу развития страхования положило принятие 1 июля 1999 года Гражданского кодекса (Особенная часть), который содержит специальную главу 40 «Страхование».

В настоящее время в системе гарантирования страховых выплат участвует 31 страховая (перестраховочная) организация. На 1 апреля 2006 года на финансовом рынке республики в соответствии с выданными агентством лицензиями действует 38 страховых (перестраховочных) организаций, при этом лицензии на осуществление деятельности по страхованию жизни имеют три организации, по обязательному страхованию ГПО владельцев транспортных средств - 29 организаций.

Из них 5 страховых компаний (на 2007 год) имели лицензию на право осуществления страховой деятельности по обязательному экологическому страхованию: АО «Нефтяная страховая компания», АО «СК «Евразия»», АО «КИС «Казахинстрах»», СП АО «СК «Лондон-Алматы»», АО «СК «Альянс-полис»».

Также на рынке страховых услуг действуют 12 страховых брокеров, 30 актуариев, 36 аудиторских организаций и 70 аудиторов, имеющих лицензии на право осуществления аудита страховой деятельности. В марте 2006 года в целях устранения нарушений законодательства, регулирующего деятельность страхового рынка, агентством в адрес страховых организаций было направлено четыре письма-предписания. По состоянию на 1 апреля 2006 года в процессе принудительной ликвидации по решению суда находится 8 страховых компаний.

Экологический кодекс РК определяет правовые основы государственной политики в области охраны окружающей среды, обеспечивающие сбалансированное решение социально-экономических задач, сохранение и восстановление окружающей среды, биологического разнообразия и естественных экологических систем в целях удовлетворения потребностей нынешнего и будущих поколений, обеспечения экологической безопасности.

К сожалению, в Экологическом кодексе РК не предусмотрены квалификационные требования к лицензированию экологической аудиторской деятельности, это необходимо для разграничения его с финансовым аудитом. Поскольку экологический аудитор должен обладать дополнительными знаниями в области охраны окружающей природной среды.

1 января 2005 года, был введен в действие Закон « Об обязательном экологическом страховании» [7], где более детально регламентированы понятия обязательного экологического страхования, а также освещены некоторые положения экологического аудита. Закон регулирует отношения, возникающие в области обязательного страхования гражданско-правовой ответственности по обязательствам вследствие причинения вреда жизни, здоровью и (или) имуществу третьих лиц в результате аварийного загрязнения окружающей среды, и устанавливает правовые, финансовые и организационные основы его проведения.

В целях реализации обязательного экологического страхования было принято Распоряжение Премьер-министра Республики Казахстан от 27 февраля 2006 года "О мерах по реализации Закона Республики Казахстан "Об обязательном экологическом страховании" [8].

На практике случаи заключения договоров добровольного экологического страхования в Республике Казахстан единичны, причиной тому является высокие тарифные ставки страховых компаний, низкая платежеспособность или неплатежеспособность предприятий, низкая правовая культура

общества и недоверие к страховым компаниям. Механизм обязательного страхования, как показывает опыт стран с развитой рыночной экономикой, широко используется государством в целях обеспечения социальной стабильности и ускорения развития экономики.

Данный опыт получил свое применение и в Казахстане, где за последние годы существенно расширилась сфера использования обязательного страхования для решения задач по защите имущественных интересов граждан, юридических лиц и государства от природных, техногенных, финансовых, экономических и иных рисков.

Развитие системы обязательного страхования, которая пока отягощена множеством проблем, многие из которых связаны с отсутствием единой государственной политики в этой сфере.

В частности, различные государственные органы при решении вопроса о введении какого-либо вида обязательного страхования руководствуются, как правило, узковедомственными интересами, не учитывая приоритеты социально-экономического развития страны, реальное состояние национального страхового рынка и финансовые возможности потенциальных страхователей.

У страхового рынка Республики Казахстан есть достаточный потенциал для выхода из замедленного развития, при достаточно хорошем управлении он должен реализовать накопленный потенциал.

Анализ норм об экологическом страховании позволяет заключить, что на сегодняшний день оно в целом пока внутренне неупорядоченно, существуют внутренние противоречия, также до сих пор есть некоторые пробелы в правовом регулировании в области данных отношений.

Модель экологического страхования, впервые получившая закрепление в международных нормативных актах и законодательстве наиболее экономически развитых государств, на данный момент находится в стадии окончательного оформления. Формирование экологического страхования в Казахстане и странах СНГ проходит процесс становления и развития.

1 Григорьев В.Н. Страховое дело: Учебник для вузов. - М., 2003. - С. 7.

2 Серебровский В.И. Избранные труды по наследственному праву и страховому праву. - М.: Статут, 1997. - С. 281.

3 Бажайкин А.Л. Экологическое страхование: теория, практика правового регулирования: дис... канд. юрид. наук: 12.00.06. - М., 2002. - С. 7.

4 Жуїриков К., Назарчук И., Жуїриков Р. Страхование: теория, практика и зарубежный опыт: Учеб. пособие. - Алматы, 2000. - С. 5.

5 Об ущербе, причиненном иностранными воздушными судами третьим лицам на поверхности: Конвенция от 7 октября 1952 г. // Сборник международных договоров СССР. - М., 1984. - Вып. XXXVIII. - С. 164.

6 Президент Республики Казахстан. Об организационно-правовых мерах по формированию и развитию страхового рынка: Указ от 19 апреля 1994 г. // Сборник нормативно-правовых актов. - Алматы: Юрист, 2007. - С. 76.

7 Республика Казахстан. Закон. Об обязательном экологическом страховании от 13 декабря 2005 г. // Казахстанская правда. - 2005. - 13 декабря.

8 Премьер Министр Республики Казахстан. О мерах по реализации Закона Республики Казахстан «Об обязательном экологическом страховании»: Распоряжение от 27 февраля 2006 г. // Сборник нормативно-правовых актов. - Алматы: Юрист, 2007. - С. 165.8

Түйіндеме

АсылбековЕрасыл Айдарұлы – И.Жансугуров атындағы ЖМУ-нің 2 курс магистранты

Қазақстан Республикасындағы бүгінгі таңдағы табиғаттық ортаны қорғау жағдайына қатысты мәселені сипаттау күрделі жағдайда. Көптеген табиғи объектілердің интенсивті бағытта ластануы экологиялық жағдайды да күрделендіре түседі. Осындай деңгейдегі табиғаттың ластануы экономикалық зор залалдарға да алып келеді. Көптеген к.н сайын өсіп келе жатқан кәсіпорындар да қоршаған ортаны жоғары көлемде ластауда, сондықтан да қоршаған ортаны экологиялық тұрғыдан құқықтық тұрғыдан қорғау мәселесі өте өзекті болып табылады

Түйінді сөздер: бақылау, сақтандыру, қоршаған орта, экология, экономика, тарих, құқық.

Summary

Formation of ecological monitoring: historical and legal review

AsylbekovYerasylAydaruly – Master of the 2nd year ZhSU name I.Zhansugurov

State of the environment in the Republic of Kazakhstan is currently characterized as a crisis, and not only because of emergencies caused by natural disasters. As a result of intensive pollution of natural objects most surface areas with severe environmental situation several times larger than the area of state natural reserves and sanctuaries. The size of the economic impact of such pollution is about half the country's national income. A growing number of industries continue

to pollute the environment, many of them do not fit the established for them norms of maximum permissible emissions and discharges of harmful substances.

Keywords: control, insurance, environment, ecology, economics, history, law.

УДК: 94(574):39(=512.122)

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ ОТАНЫНА ОРЛАҒАН ОТБАСЫ БАЛАЛАРЫНЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ: ТАРИХИ АСПЕКТ

Анапияев Қ.Е. – Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық факультеті, 2курс магистранты.
Cool_91_1@mail.ru

Мақалада Қазақстан тарихындағы өзекті мәселелердің бірі болып келетін тарихи отанына оралған отбасы балаларының күнделікті өмірі, әлеуметтік бейімделу мәселесі көтерілді. Қазақстан Республикасының тарихи отанына оралған отбасы балаларының күнделікті өмірін салауатты ету және жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуіне жағдай жасаудағы басты қадамы елдегі жетекші жоғары оқу орындарында оларға білім беру үрдісінің тиянақты қолға алуы мәселесі қарастырылды. Тұтас отбасы өкілдерінің жаңа қоғамға, мемлекеттің жүргізген реформаларына және оларға қатысты қабылдаған үкіметтік қаулы-қарар, жарлықтарға, мемлекеттің ішкі саясаты, және оның көші-қон мәселелері, білім, ғылым жүйесіндегі талаптарына бейімделу процесі зерттеледі.

Түйінді сөздер: Миграция, әлеуметтік бейімделу, репатриант, күнделікті өмір.

Тарих дүрбелеңі тудырған қазақ нәубеті беттерінің бұралаң саясат жағдайындағы сипаты әртүрлі. Соның бірі, шетел қазақтарының атамекенге оралуы және оның әлі де болса көлеңкелі мәселелермен түрленуі. Бұл тарих таразысының әділдігінің және қазақ халқының өміршеңдігінің дәлелі. Әділдігі – шетелге қашуға мәжбүр болып, төрткүл дүниеге тарыдай шашыраған қазақтың өз отанына қайта оралуында. Өміршеңдігі – «мың өліп, мың тірілген» қазақтың жаңа сапалық, сандық өлшемге жетіп, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып дамуында.

Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасындағы өзекті мәселелердің бірі, тарихи отанына оралған отбасы балаларының әлеуметтік бейімделуі. Бұл мәселе төңірегінде, Моңғолияда мемлекет қайраткері болған, қазір Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының белді ғалымы З.Қинаятұлының көш ол – ұлт өміріндегі құбылыс, қазақ көшінің бүгінгі мен ертеңі, Моңғолиядан келген қазақ отбасыларының бейімделудегі ерекшеліктері сарапталған еңбектері, сонымен қатар, Қытай Халық Республикасындағы Жастар мемлекеттік сыйлығының иегері болған, қазір әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қытайтану кафедрасының меңгерушісі, белгілі қытайтанушы Н.Мұқаметханұлының Қытай қазақтарының қоғамдық тарихына, қазақ диаспорасының ұлттық танымы мен Тәуелсіздік санасы ұлттық біртұтастанудың ұйытқысы болуына, шетелден келген тыңдаушыларды Қазақстанның білім беру ортасына бейімдеу мәселелеріне арналған еңбектері жазылған. Иран Ислам Республикасынан келген белгілі ғалым И.Жеменейдің де зерттеу мәселесіне көші қон және бейімделу, Иран қазақтарының тыныс-тіршілігі, салт-дәстүрі төңірегіндегі ғылыми бағамдары осы қатарды толықтырды [1 - 5]. Тарихи отанына оралған отбасы балаларының мәселесі біршама тұрмыстық ақуалды айқындау арқылы негізгі бағытқа келер мәселе. Сондықтан да мәселе этнолог ғалымдар зерттеулерінің де негізгі объектісі болары сөзсіз. Бұл тұста отандық этнолог-ғалымдар және олардың жетекшілігіндегі жас этнолог-зерттеушілердің жүргізген зерттеулері аса маңызды. Г.М. Меңдіқұлова және оның тәлімгерлерінің қазақ диаспорасының тарихи тағдырынан бастап, бүгінгі бетбұрысына дейінгі беттерін зерттеуі, Б.К. Қалшабаева және оның тәлімгерлерінің Орталық Азиядағы қазақтар, Түркия қазақтары және олардың этникалық тарихы, этнографиялық ерекшеліктері, Алматы облысындағы оралмандар: саны және тарихи отанға бейімделу үдерісі осы бағытта жазылған еңбектер.

Сонымен қатар, белгілі этнолог-ғалым А.Б.Қалыштың Қарақалпақстан оралмандарының мәселесі, алыс шетелден келген қазақтардың бейімделуі, Өзбекстаннан келген қазақтардың келу себептері мен бейімделу мәселелері, қазақ қоғамына оралмандардың интеграциялануы, этникалық репатрианттардың әлеуметтік мәдени үйлесуінің кеңістігі және мәніне арналған ауқымды зерттеу жұмыстарының орны елеулі. [5 - 12]. А.Б.Қалыш тарихи отанға оралған отбасылар өмірін терең зерттеудің этнологиялық келбетін тұрмыстық деректер және ғұрыптық дәстүрлерді салыстыра қарау арқылы

сараптау дәстүрін қалыптастырды. Әсіресе, қарақалпақ және өзбек жерлерінен келген отбасы балаларының мәліметтері зерттеуші еңбегінде кеңінен көрініс табады.

Этникалық қазақтарды қазақстандық қоғамның ажырамас бөлігіне айналдыруды мақсат еткен еліміз үшін отандастарымызды тарихи отанына қайтаруды демократиялық, құқықтық және әділдік негізінде жүргізу мемлекеттік, ұлттық-стратегиялық маңызы басым бағыткөші-қон саясаты болып табылады. Бұл үдерісті үш кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең – 1991–1997 жылдарда заң қабылданғанға дейінгі кезең. Бұл кезеңде яғни Қазақстан жаңадан тәуелсіздігін алған алғашқы жылдарында бұл кезеңде көші-қон туралы заң жоқтың қасы болатын. Шетелдегі қазақтарға қатысты шұғыл мәселелерді шешуде, тек Президент пен үкіметтің уақытша үкімдерін қолданатын. Бұл кезеңде көші-қон саясатындағы басты нысандардың бірі репатрианттардың құқықтық мәртебесін реттеп, қалыпқа келтіру болды.

Екінші кезең 1997–2008 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде қабылданған заң жүйесінің алдына қойған басты мақсаты: халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттей отырып, көші-қон үдерістерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін, сондай-ақ оралмандар үшін қажетті жағдайларды жасауды белгілейді.

Үшінші кезең 2009–2011 жылдарға арналған көші-қон үрдісіндегі біршама табысты істерге негіздеген «Нұрлы көш» бағдарламасын қамтиды.

Дегенмен, өздерінің тұрғылықты мекен жайларын өзгерткен барлық адамдар, өзге мәдениет өкілдерімен қарым-қатынасқа түскенде белгілі бір деңгейде қиындықтармен кездеседі, олардың іс-әрекетін алдын-ала айту өте қиын. Бұндай оқиғаға кезігетіндер этникалық қазақтар, біздің отандастарымыз. Алайда, алғашында бірінші көшкіндерді қабылдағанда, олар негізінен ауқатты отбасылары өкілдері мәдени шок белгілерін көтере алмай өздерінің тарихи отандарын қалдыруға мәжбүр болды. Қазіргі таңда негізінен тарихи отандарында өздерінің әлеуметтік – экономикалық жағдайларын жақсарту мақсатында материалдық жетістіктері төмен отбасылар оралуда. Қазақ қоғамында олар үшін жетістікті интеграциялану үшін, қазір мемлекет бейімделу орталықтарын жасап жатыр, онда тілдерді оқыту курстары (қазақ, орыс), заңдылықтарға сонымен қатар, кириллицаны үйрету ұйымдастырылады. Олардың барлығына қарамастан тұрғылықты халық пен оралмандар арасында «мәдени алшақтық» факторлары көрініс табуда. Заманауи ғылым әлемінде мәдениаралық бейімделуді оқыту қиын процесс ретінде қабылданады, оны жетістікпен аяқтаған жағдайда адам жаңа қоршаған мәдени ортаға сай бола алады. Мономәдени ортадан келген оралмандар басқа әлеумимәдени ортамен байланысқа түскенде «аккультурация» процесімен ұшырасады.

«Аккультурация» процесімен бірге әртүрлі мәдени топтар арасында жаңа мәдениет үлгілерін бір-бірінен алу немесе әрқайсысы толық немесе жартылай басқа мәдениеттен алып ұстану қатар жүреді [13,23 б.]. Қазіргі уақытта көбінесе жеке деңгейде бұл феноменді психологтар оқиды, «психологиялық аккультурация» деп аталатын бұл процесс индивидтің психологиясындағы өзгерістер болып табылады. Сонымен, оралмандардың жаңа мәдениетке бейімделуін үш түрге бөлуге болады: психологиялық, экономикалық және әлеумимәдениеттік бейімделулер. Психологиялық бейімделулерге негізінен аффектілік реакциялар жатады, ол жақсы жағдайды сезінумен байланысты. Психологиялық бейімделу өзіне өзін-өзі жақсы сезінуді, жеке және мәдени нақтылықты сезінуді сонымен қатар, жаңа мәдени ортада психологиялық қанағаттану жетістіктерін қосады. Әлеумимәдениеттік бейімделу жаңа мәдени қоршаған ортамен нәтижелі қарым-қатынасқа түсуді анықтайды. Ол жаңа әлеуметтік ортаға сәйкес әлеуметтік жаңалықтарды сіңірумен байланысты, нәтижесінде күнделікті өмірдегі әлеуметтік-мәдениеттік мәселелерді шешуге көмектеседі. Басқаша айтқанда, бұл тұрғылықты тұрғындарға байланысты сан мен сапа, тіл білгендігі, заңдылықтар мен жаңа мәдениеттің ерекшеліктері. Әлеумимәдениеттік бейімделу процесіне әсер ететін маңызды фактор болып оралмандардың «туған мәдениеті» мен «жаңасының» арасындағы ұқсастықтар мен өзгешеліктер.

Жаңа қоғамдық ортаға бейімделуді сараптауда жастардың 17-30 жас аралығы негізге алынды. Себебі, тарихи отанға келіп білім алуға, жаңа өмірге бейімделуге талпынған жастардың қоғамдық өмірдегі белсенділік көрсеткіштерін нақтылауда байланысқа түсіп, сауалнама жасаған жастардың жас болмысы осы аралық. Қазақстан Республикасының тарихи отанына оралған отбасы балаларының күнделікті өмірін салауатты ету және жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуіне жағдай жасаудағы басты қадамы елдегі жетекші жоғары оқу орындарында оларға білім беру үрдісінің тиянақты қолға алуы. Шетелден келген жастардың барлығында, келген мемлекеттерінен алған орта білім бар. Қазақстанның жоғары оқу орындары, жалпы білім беру жүйесі Болон хаттамасына қол қойған 2003 жылдан бері бірыңғай халықаралық білім берудің еуропалық стандартымен жұмыс істеуде. Сондық-

тан да шетелден келетін қазақ жастарына, жалпы шетелден Қазақстанға білім алуға келетін орта білімі барлардың барлығына, келген елінде оқытылмаған Қазақстан тарихы, Қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқыту белгіленген. Орта білім берудің бағдарламалары қамтылған бірыңғай халықаралық стандарттармен оқып келген шетелдіктерге, шетелден келген қазақ жастарына Қазақстан тарихын ғылыми деректер, шынайы мәліметтермен оқыту басты міндет. Қазақстан тарихының тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі кезеңде жаңару және жаңаша жазылуы әлі де болса жалғасын табуда. Тіпті, қазіргі ЖОО оқу орындарындағы тарих мамандығында білім алып жатқан жастардың назарында да, тарих ғылымының тың мәліметтері ақиқатын үнемі жаңартып, тарихнамасын таразылай, әдіснамасын кеңейтіп ұсынылуда. Сондықтан да тарихи отанға оралғандарға Қазақстан тарихын ерекше ынтамен және ерекше әдістер ізденісі жағдайында оқыту уақыт талабы. Сонымен қатар, тарихи отанын аңсап келген жастар ата жұрты туралы, оның кешегісі, бүгіні және келешегі туралы өте мол мағлұмат білугеде құштар болып келеді.

Бұрынғы кеңестік жүйеде болған мемлекеттерден келген жастардың барлығы латын тіліндегі әліпбимен сауаттанған. Қытайдан, Ираннан, Ауғаннан келгендер арабтың төте жазуы және қытайдың таңбалы әріптерімен сауаттанған. Өзбектен келгендер келу мемлекетінің біршама латынға көшуімен, кириллицаны ұмытқан. Еуропадан, Түркиядан келгендер латын емілесінде ғана жазады. Оларға кириллицаны оқытуда филологтардың қатаң мәселесі.

Дайындық факультеттері Қазақтың Қыздар педагогикалық университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан университеті, Шәкәрім атындағы Семей педагогикалық университеті, Тараз педагогикалық университеті секілді және басқа да ЖОО оқу орындары базасында да жұмыс істеуде. Университеттер мүмкіндігінше сырттан келген қазақ жастарына білім берудің жағдайын дұрыс бағытқа қойған. Дүние жүзі қазақтары құрылтайы қызметін үйлестірілу орталығы мен дайындық факультеттері өкілдерінің қатысуымен ұйымдастырылған бас қосуларда сырттан келген жастардың жағдайы жиі екшеленіп, мәліметтеліп отырады. Кемі 70 жылға жуық алшақтықтағы қоғамдық бөлініс, өзгеше өркениеттен келген өзге мемлекеттің мәдениеті мен дәстүрінде қалыптасқан жастарды бір бағытқа тоғыстыру, олардың сонау ғасырлар қойнауында қалған ата-баба рухына, тарихи отанға деген махаббаты және құрметін жаңарту арқылы жаңа тарихи отанға бейімдеу білім беру орталықтары мен мәдени ошақтардың міндеті.

Дайындық факультеттерінде білім алудың кезеңі қысқа. Сондықтан да оларға Қазақстан тарихын бар болғаны екі семестр ауқымында терең меңгертіп шығудың диаграммалық кестелер арқылы оқыту әдіснамасына сүйенетін модульді енгізу қажет сияқты. Ол модуль білім жиынтығын тиянақты беруге және есте сақтауға негіз жасауы шарт. Айта кету қажет, Ғылым және білім министрлігі білімдерін жалғастыратын оралмандардың санын көбейтуде белгілі жұмыстар атқарып жатыр, мемлекеттік кредит пен грант алуда жеңілдіктер бар, атап айтқанда 2% оралмандарға арналған мемлекеттік кредит пен грант. 2003-2004 жылдары жалпы Қазақстанда 183 000 ЖОО - талапкерлер түсті. Сонымен, мемлекеттік көмек арқылы оқып жатқандар саны -26 000 адам, соның ішінде 520 – оралмандар[14].

Оқу жылының басында оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарлары, тәрбие жұмыс жоспарлары оқу-әдістемелік бөлімде қаралып, бекітіледі. Тыңдаушылармен жүргізілетін жұмыс осы жоспар негізінде ұйымдастырылады.

Шетелден келген қазақ диаспорасына ұлттық тіліміз бен тарихымызды тереңдете ұғындыру мақсатында қазақ тілі мен Қазақстан тарихы пәндерін оқыту үрдісі басты назарға алынған. Аталған пәндермен бірге математика пәні де негізгі пән ретінде оқытылады.

Қазақстан тарихы пәні бойынша тыңдаушыларды халқымыздың салт-дәстүріне, мәдениетіне, ұлтжандылыққа, өз ұлты алдындағы жауапкершілігін сезінетін азаматтық ұстанымын қалыптастыруға баули отырып, еліміздің көне тарихынан бастап қазіргі кезең аралығына дейін жан-жақты, терең мағлұмат береді.

Тарихи Отанынан жүздеген, ондаған жылдар бойы сырт жүрсе де, өзінің ұлттық мәдениетін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып атадан балаға мирас етіп, этномәдени мұраларының қалпын бұзбай келе жатқан ұлттық нақыштағы дәстүріміз, өнеріміз қазақ мәдениетінің кейбір ұмыт бола бастаған тұстарын толықтырып, жандандыруда. Сондықтан дәстүрлі мәдениетіміздің жұрнағын таратушы қандастарымыздың ұлттық мұраларының сақталуы мен өзгерісін, тарихи Отанға қоныстану үдерісіндегі жергілікті ортаға бейімделу мәселелерін, олардың еліміздің саяси, әлеуметтік, мәдени дамуындағы ролін зерттеудің маңызы зор.

- 1 Қинаятұлы З. Көш ол – ұлт өміріндегі құбылыс // Егемен Қазақстан. – 2001, – 22 наурыз.
- 2 Мұқаметханұлы Н. Қытай қазақтарының қоғамдық тарихы (1860-1920). Алматы, 2000. 54 б.
- 3 Мұқаметханұлы Н. Қазақ диаспорасының ұлттық танымы мен Тәуелсіздік санасы ұлттық біртұтас-тандудың ұйытқысы // Ұлттық идея отандастардың Тәуелсіз Қазақстанның игілігі жолында бірігу факторы: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарынан. Алматы, 2011. 158 б.
- 4 Жеменей И. Көші қон және бейімделу мәселелері // Қазақстан және шетелдегі қазақтар: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген: халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарынан. Алматы, 2012. – 137-139 бб.
- 5 Жеменей И. Иран қазақтары (тыныс тіршілігі, салт-дәстүрі). – Алматы, 2007. – 149 б.
- 6 Мендикулова Г. Казахская диаспора: история и современность. Алматы: 2006.
- 7 Меңдікұлова Г.М. Қобландин Қ.И., Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. – Алматы: Атажұрт, 2009. – 74 б.
- 8 Қалишабаева Б.К. Орталық Азиядағы қазақтар. – Алматы: қазақ университеті, 2011. – 406 б
- 9 Қалишабаева Б.К., Бейсегұлова А.Қ. Түркия қазақтары (этникалық тарихы, этнографиялық ерекшеліктері). – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 137 б.
- 10 Қалишабаева Б.К., Сейсенбаева А.С.. Алматы облысындағы оралмандар: саны және тарихи отанға бейімделу үдерісі. // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. №1, 2013. 107-110 бб.
- 11 Калыш А.Б. Мотивы переезда и проблемы адаптации казахов-репатриантов из Узбекистана // «Материалы и исследования по традиционному этнографическому наследию казахов»: Алматы, 2013. Вып. III. - С.4-8
- 12 Калыш А.Б. Қарақалпақстан оралмандарының мәселесі // «Бекмаханов оқулары» аясындағы «Әлеуметтік-экономикалық және саяси келеңсіздіктер тарихы: теориялық-методологиялық қайта ойлау» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 6-7 сәуір 2012 ж. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2012. – 205 б.
- 13 Душков Б.А. Психосоциология человека познания. – М.: Наука. - 2003. - 480 с.
- 14 Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана, 2006 ж., наурыз

Резюме

Адаптация детей репатрированных семей в независимом Казахстане: исторический аспект

Анапияев К.Е. – КазНПУ имени Абая, факультет Истории и право, магистрант 2 курса

Cool_91_1@mail.ru

В данной статье поднимается вопрос о адаптации и повседневной жизни детей репатрированных семей в Казахстан, которая является одним из актуальных тем в истории Казахстана. Одним из главных шагов Республики Казахстана для адаптации репатриантов к новой социальной среде было созданием надлежащего учебного процесса в ведущих учебных заведениях.

Исследованы жизни семей, их адаптация к новому обществу, государственные реформы и правительственные постановления применяемые к ним, а так же вопросы миграции, образования, наука.

Ключевые слова: Миграция, социальная адаптация, репатриант, повседневная жизнь.

Summary

Adaptation of children of repatriated in independent Kazakhstan

Anapiyev K.E. - KazNPU named after Abay, students 2 undergraduate course

Cool_91_1@mail.ru

The article raises the issue of everyday life adaptation of deported families including children in Kazakhstan which is one of the important themes in the history of Kazakhstan. One of the main steps of the Republic of Kazakhstan for the adaptation of immigrants in the new social environment was the creation of a proper educational process in the leading educational institutions.

Studied the life of families and their adaptation to the new society state, reforms and government regulations applied to them, as well as migration, education and science.

Keywords: Migration, social integration, immigrant, everyday life.

ФРАНСУА МИТТЕРАННЫҢ ЕУРОПАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫ ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Б.Атамбай – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих, археология және этнология факультетінің
2-курс магистранты, Atambay.bakytjan@mail.ru

Мақалада, Франция президенті, социалистік партияның лидері Франсуа Миттеранның еуропалық интеграцияны дамытудағы рөлі қарастырылады. XX ғасырдың екінші жартысынан Еуропада басталған саяси, әлеуметтік және экономикалық интеграциялық процестер мен оның нәтижесінде 1991 жылы қабылданған Маастрихт келісімінің жасалуындағы Миттеранның саяси қызметін айқындау мақаланың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Зерттеу жұмысында осы келісімнің негізінде құрылған Еуропалық Одақты құрудағы Миттеранның саяси белсенділігі мен қызметі талданады. Сонымен қатар, Миттеранның Еуропа мемлекеттерімен, саяси және экономикалық байланыстары талқыға түседі.

Түйін сөздер: Франция, Франсуа Миттеран, Социалистік партия, Еуропалық интеграция, Маастрихт келісімі, Еуропалық Одақ.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде Франция әрқашан өзінің Еуропалық саясатқа көңіл аударып келді. Франсуа Миттеранға дейінгі президенттер Еуропа мемлекеттерімен жақсы қарым-қатынаста болды. Франсуа Миттеран билікке келгеннен бастап Еуропа мемлекеттерімен тығыз саяси және экономикалық байланыстар орнатуға кірісті. Ол Англия, Германия сынды сол кездегі Еуропаның алдыңғы қатарлы мемлекеттерімен түрлі салаларда байланыстар орнатып, сонымен бірге бүкіл Еуропа елдерін бір тудың астына біріктіруге ұмтылды. Бұл жоспар болашақ Еуропалық Одақтың құрылуының алғашқы қадамдары еді. Миттеран еуропалық интеграцияны қашан да болмасын құптап оны дамыту қажет екендігін және бүкіл Еуропа мемлекеттерінің біріккен одағын құру қажеттігін алға тартты. Оның мұндай сыртқы саяси қадамдарына соғыстан кейінгі жылдарда, дәлірек айтқанда 50-жылдары Еуропа мемлекеттерінің өзара біріккен қауымдастығын құрған Р. Шуманның еуропалық интеграцияны дамытудағы саяси ұстанымдары себеп болды. Соның негізінде Франсуа Миттеран өзінің екі рет қатарынан сайланған президенттік жылдарында Францияның Еуропадағы саясатын негізінен Еуропалық Одақты құруға бағытады. Соның нәтижесінде Миттеран Еуропалық Одақты құрушылардың біріне айналды. Сонымен бірге тек құрушысы ғана емес, одақтың ары қарай жұмыс істеуіне зор үлес қосты.

Францияның екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жеңілісін 1960 жылы қайтадан аяғына нық тұрғызған генерал де Голль болды. Франция президенті де Голль Францияны Еуропа мемлекеттерімен тек ортақ нарықпен ғана емес, сонымен қатар экономикалық жоспармен де байланыстырды [1]. Де Голль Францияның экономикалық әлеуетін Германияның саясатымен байланыстырып, Париж бен Берлинді ортақ Еуропалық одақтастықта болғанын қалады. Алғашқы интеграциялық құрылыс мемлекеттің ішкі маңызды дамуын көрсетті. Алайда, Де Голль ұстанған сыртқы саясат курсы Миттеран тікелей қабылдамаған болатын. Өзінің француз делегациясы құрамында барған, Гаагада өткен 1948 жылғы Еуропа конгресін Миттеран өз жадында сақтап және бұл туралы әркез айтып отыратын болған. Бұл кездесу ол үшін еуропалық ұлттардың татуласуының прототипі болды. У.Черчилль, К.Аденауэр, П. Рамадье, П.А. Спаак, А.Де Гаспери және басқа да еуропалық мемлекеттік және саяси қайраткерлердің соғыстан кейінгі кедейленген және бөлшектенген Еуропаны қайта өркендеуге күш жұмсап жатқандарын көрген Миттеран: континентті біріктіру саясаткерлердің жаңа буынының ғана қолынан келеді деген шешімге келді. Бұл жолда Миттеран таңғажайып бірізділік таныта білді, оның сыртқы саяси көзқарастары, сирек жағдайларды қоспағанда, эволюция жасай қоймады. Батыс Еуропаны біріктіру миссиясын мақсат етіп ол ойдан арылмаған Миттеран Францияның президенті болып сайланған соң, өз ойын жүзеге асыру үшін кең ауқымын жобаларды жүзеге асыруға кірісті, бірақ пікірлес адамдардан жиі түсініспеушіліктерге, консервативтік күштердің кедергісіне және қарсыластарының араздықтарына тап болды.

Миттеран бастаған жаңа еуропалық бірлестік құру туралы француз басшысының ойын Батыс Еуропаның бұрынғы Еуропалық Экономикалық Қауымдастыққа (ЕЭҚ) мүше болған өзге мемлекеттерінің басшылары қолдады. Олардың кейбіреулері қосылуға дайын екендіктерін бірден жеткізді. ЕЭҚ-на мүше мемлекеттер Еуропалық ұйымның саясаттық және экономикалық мықтылығын күшейтетінін білдірді. Француздар әрқашан Еуропалық интеграцияға жақтас болды. Француз басшылары «біздің заманымызда Париж өзінің ортақ Еуропалық жобаларын және алдыға жылжуын

сақтап келеді, Еуропада белсенді қатысу Еуропалық қауымның гүлденуі мен мықтылығының өзектілігін көрсетеді» - деген ойда болды.

Осылайша, Францияда Миттеран билігі кезінде еуропалық бағыт өзінің басым маңыздылығын сақтап қала алды. Елді басқаруға кірісіп кеткен Франциябасшысы оған жаңа өзгерістер енгізу туралы өз алдына міндет қойды. Социалист Президент еуропалық мемлекеттермен байланыстарды дамытумен және жалпы Еуропа істерімен айналысатын мемлекеттік аппарат органдарын ұйымдастырды. Осылайша, Миттеран билігінде алғаш рет Бесінші Республика тарихында Еуропа істері жөніндегі министрлігі құрылды, ал 1983 жылдың аяғынан бастап ол дербес министрлікке айналды. Миттеран өзінің барлық көмекшілеріне бастамашыл ұсыныстар даярлауды тапсырды. Бұл ұсыныстар қоғамдастық интеграциялық процесстерін ынталандыруға және едәуір шығындар талап етпеуге бағытталған бірнеше шаралар ретін белгіледі [2].

Еуроэкономикалық одақтың одан әрі тереңдеп кенеюі үшін 1984 жылдың 25-26 маусымында Фонтенблода өткен француз-неміс кездесулерін табысты аяқтағаннан кейін жаңа перспективалар ашылды. Ағылшын премьер-министрі Маргарет Тетчер осы екі жақты кездесулер кезіндегі еуроэкономикалық бюджетіндегі Британия жарнасы туралы мәселені шешу бойынша ұсынысты қабылдауға мәжбүр болды. Британияның жалпы еуропалық процесстен кету қаупі жойылды. Париж және Бонн 1985 жылғы 1 қаңтарда Ж.Делордың еуропалық комиссиядағы төрағалық орнына тағайындалу туралы келісіміне қол жеткізді. Еуропа «европессимизмнен» жылдам құтылды. 1985 жылғы сәуірдегі жарияланған маңызды француз бастамасы сол жылдың шілдесінде «Эврика» бағдарламасымен аяқталды, бұл америкалық «жұлдызды соғыстар» жобасына технологиялық тұрғыда қарсы шығу бойынша жоспарланған болатын.

Еуроэкономикалық одақта ФРГ мен Англияның ықпалын теңестіруге талпынысында Француз үкіметі Франсуа Миттеранға дейін де еуропалық ұйымды оңтүстіктегі көршілерін қабылдау есебінен кеңейту туралы сөз қозғады. Франция бұл жағдайда Португалия тарапынан, әсіресе ауыл шаруашылық өнімдерін, текстиль және қара металл өндіруші испандықтар тарапынан бәсекелестіктің күшею қаупін ескерді. Өз мүддесі үшін ешбір зиян шекпеу мақсатында жаңа мүшелерді тартуға мүмкіндік беретін жағдайларды жасауға бет алған Француз үкіметі Италиямен келіссөздерді жандандырды. Италияны Жерорта теңізіндегі Қоғамдастық флангын кеңейту мәселесі ойландыратын [2, 69 б.].

1986 жылдың 17 ақпанында Люксембургте Қоғамдастықтың 12 елінің тоғызы Бірыңғай еуропалық актіге қол қойды (ол күшіне 1987 жылдың 1 шілдесінен бастап енді). Бұл құжат 1992 жыл, 31 желтоқсанда бірыңғай нарыққа көші туралы мерзімді белгіледі, сондай-ақ шешім қабылдаудың жаңа тәсілдерін енгізді (жаңа нарықты жүзеге асыру бойынша көптеген шешімдер көп дауыс беру арқылы қабылданады).

Француз мемлекетінің басшысы батыс еуропалық интеграцияны тек қана экономикаға емес, сондай-ақ саяси салаға енгізуді жеделдету бойынша көптеген күш жұмсады. Еуроодақтың жобаларының және бірыңғай еуропалық актіге қол қоюдың басты бастамашыларының бірі ретінде ол 1988 жылы бірыңғай нарықты құруға ғана тоқтап қалмай, «басқа реттегі мәселелерді» шешуге кірісуге шақырды. Халықаралық өмірдің барлық саласында Еуропаға тек айту керек екендігін көрсете отырып, Франсуа Миттеран Еуроодақ елдерімен сыртқы саясат ынтымақтастықты кеңейтуді талап етіп, «Еуропалық қорғанысқа» жылжу туралы міндет қойды. Еуропалық интеграцияда Француз-Германия «осі» (белбеуі) жүйе жасаушы роль атқарып, оның маңызы ұлғая берді [2, 70 б.].

Франсуа Миттеранның Еуропа мемлекеттерімен саяси байланыстары мен оның ішінде еуропалық интеграцияны дамытып, Еуропалық Одақты құрудағы басты ерекшелігі – ол бұл одаққа Орталық, Оңтүстік-Шығыс Еуропа (ОШЕ) мемлекеттерін тарту болды. Оның ішінде Грекиядан бөлек бұрынғы социалистік лагердің құрамында болған мемлекеттерді болашақ одаққа тартуды Миттеран Францияның Еуропадағы сыртқы саясатындағы өзінің басты міндеттерінің бірі деп есептеді. Миттеран өзі социалистік партияның өкілі болғандықтан, социалистік мемлекеттерді одаққа тартып, олармен де тығыз байланыстар орнатуды жөн санады.

Өткен ғасырдың 80-жылдары Франсуа Миттеран құрылатын еуропалық бірлестікке Орталық, Оңтүстік және Шығыс Еуропаның мемлекеттерін де қосуға талпыныс жасады. Бірақ бұл кезде шығысеуропалық социалистік мемлекеттер КСРО-мен одақтас болғандықтан, олардың құрылғалы отырған еуропалық одаққа тартылуы нақты емес еді. Францияның сыртқы істер министрі Р. Дюма хабарлағандай, Францияның сыртқы істер министрлігі конфедерацияға мүше болғанына қарамастан, бұрынғы социалистік елдердің әлі де ЕЭҚ-на қосылатындығын анық түсінді. Оның пайымдауынша,

сол кездің өзінде-ақ билік басындағылар мен президент жақын арада сөз сөйлей алмайтындығын анық түсінді [3].

Миттеранның есептеуі бойынша 1989 жыл Еуропа континенті үшін үлкен жаңалықтармен басталды. Оның ойынша, Орталық және Шығыс Еуропа елдері сонау Ұлы француздық революциясынан кейін үлкен революция жасады. Мұнда ол бұл аймақтардағы мемлекеттерде «Қайта ояну» дәуірі басталды деп есептеді. Ф.Миттеран бұл ойын 1990 жылы қыркүйек айында Чехословакиялық парламенттің мүшелері алдында сөйлеген сөзінде жариялады. Ол «Біз Еуропадағы реформаны және кез-келген өзгерісті қолдаймыз» деді. Француз дипломаттарына тағы да бір өсіп келе жатқан түйінді мәселелер қосылды, себебі, көптеген жаңа демократиялық мемлекеттермен бірігу оңай шаруа емес еді. Мәселе екі жақты байланыс қана емес бесінші республика мен ОШЕ мемлекеттері және ЕЭҚ мемлекеттерінің мүшесінің қарым-қатынастары туралы болды. ОШЕ мемлекеттері, КСРО-ның қол астынан шығып, өздеріне жаңа әлемдік жинақылықты таңдады. Сондай бағдармен АҚШ және НАТО әскери блогы оларға қатысты жаңа саясат ұстана бастады. 1989 жылы 12 желтоқсанда АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкер өзінің көрегендігімен АҚШ, Еуропа, КСРО ара-қатынастарын елестетті [4]. Сөзсіз «біріккен Еуропаның» көптеген мүшелері АҚШ-тың социалистік мемлекеттердің сөзін сөйлеуін Еуропаның үстінен жүргізген өзбасымшылық әрекеті деп түсінді.

Францияның сыртқы істер министрі, «Коммунистік блок ыдырағанына қарамастан әлі күнге дейін кеңестік еуропалықтар ұстанымдарын ескермеуге болмайды. Олардың қатысуынсыз жасалған кез келген әрекет, оларға қарсы жасалған әрекет деп есептелінеді» - деді. Франция мен КСРО арасындағы жалпыеуропалық мәселенің ушығуына Миттеран өз алаңдаушылығын білдірді.

XX ғасырдың 80-90жылдары Франция «Жаңа Шығыс» саясатына талдау жасады. Ол Югославияның ыдырауымен тәуелсіз мемлекеттердің одан әрі даму мәселелері бойынша, сондай-ақ, ұлттық азшылық және аймақтық адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау мәселелері бойынша ресми Париж ұстанымдарымен ерекшеленген. Басында-ақ, Франция президенті Миттеран Югославияның тарауына қарсы болған. П.Милза мен С.Берштейн сынды тарихшылар «Югославияның тарауы Шығыс Еуропа жағдайына рефлекс түрінде әсер етеді» - деп санайды [5]. Ресейлік французтанушы О.Е. Обичкинаның пікірі бойынша, «Бұл саясат бір жағынан Еуропаның қауіпсіздігі, ал енді бір жағынан Францияның ішкі дәстүрімен ерекшеленеді».

Парижге қарағанда, Югославия Республикасының таралу жағдайы Берлин үшін бей-жай болды. 1991 жылы Германия бірінші болып хорваттықтар мен славяндықтардың тәуелсіздігін мойындады. Маастрихт шартына қол қою кезінде Франция ешқандай амалсыз Ұлыбританиямен бірге Словения мен Хорватияны мойындады. Бесінші Республиканың бұл қадамы, Франция-сербиялық достықтың бастамасы болды. Нәтижесінде, Франция консенсустың сақталуы үшін, ЕО-дағы өз орнын Германияға беруге мәжбүр болды.

Алайда, Франция президенті «біріккен Еуропаны» құрылысын жандандыру оңай болмайтындығын, бұл көп күш пен қаражатты қажет ететіндігін жақсы түсінді. Ол: «Мен Еуропалық құрылыс жолын әрқашан қиындықтармен салыстырғанмын, себебі оны үлкен күшсіз жасау мүмкін емес еді» деп ол өз естеліктерінде жазады [6]. Басты мақсаттардың бірі ретінде Еуропалық қауіпсіздікті және оны қамтамасыз етуде Франция рөлі ерекше болып табылады.

Еуропалық бірлестік мынадай шарттарды қанағаттандыруы тиіс болды: Франция, яғни өз кезегінде халықаралық қатынастардың субъектісі қуатты атрибуты ретінде, ал екіншіден Еуропа «ЕО-ның энергетикалық орталығына айналады» [7, 129 б.] Осылайша, XX-XXI ғғ. тоғысында «Біріккен Еуропа» интеграциясын одан әрі тереңдету, құрылымдық байланыстарын кеңейту жолында бірқатар мәселелерге тап болды. Негізгі мәселелердің бірі, әрине ЕО-ның СЕЕ қосылу мәселесі болды. Француздықтар Шығыс Еуропаға келмеді, осылайша дұшпандық Франция имиджі қалыптасты. Дәл осы себептен соң, Франция басқармасы тура шешім қабылдамады. Бір жағынан Францияны Еуропа одағының мүшелер санының өсуі қорқытты, ал енді екінші бір жағынан – Париж «біріккен Еуропаға» бәс тігіп, Шығыс Еуропадағы АҚШ пен НАТО күштерін азайту болды.

Саяси емес әскери ұйымның мүшесі бола отырып, Франция әрқашан НАТО саяси жүйесін қолдап отырды, бірақ олар АҚШ-тың келісімсіз өзіндік саясат жүргізіп те отырды. Нәтижесінде, Францияның Еуропадағы және әлемдегі өзіндік орны өзгерді. Жаңа тарихи жағдайларда, Францияның сыртқы саясаты жаңа дәуірге байланысты өзгеруі керек, деп Ведрин айтып өткен-ді. Енді Франция мен Германия АҚШ-тың бақылауынан сескеніп, ЕО жағдайын ұлғайту және жақсарту мақсатында «Еуропалық держава» құруға асықты және тағы да Еуропа саясатына бәс тікті. Екі державаның арасындағы биполярлық әлемнің жаңа дәуірінде ЕЭҚ атынан Франция ғана емес Батыс Еуропада

атсалысып, «қырғи-қабақ» соғыстан кейін бұл жағдай бәсеңдеді. Бұл қиындықтарға қарамастан еуропалықтар Еуропаны әлемнің басты аренасына шығара алды. Кез келген күшпен Бесінші Республика «біріккен Еуропаны» басты орынға қойғысы келді. Бірақ АҚШ та көшбасшы болуға тырысты [8].

Франция КСРО-ның құрамынан шыққан кеңестік социалистік елдер мен социалистік лагердің ықпалынан босатылған ОШЕ елдері «біріккен Еуропаға келіп қосылады деп үміттенді. Чехия, Польша және жақын Балтық елдерімен тарихи байланысты қалыптастыру мақсатында француз көшбасшылары Еуропа жеріне өзінің билігін жүргізуге ұмтылды [9].

Биполярлық жүйенің тарауы еуропалық саяси интеграцияны жеделдетті. Осы жолдағы маңызды кезең 1992 жылы Маастрихт қаласында (Нидерланды) еуроэкономикалық мүшелері мемлекеттерінің Сыртқы істер Министрлері Еуропалық Одақ құру туралы келісімшартқа қол қойды. Оны еуроодақ мүшелері 1993 жылдың қарашасында ратификациялағаннан кейін келісімшарт күшіне кірді. Францияда келісімшартты ратификациялауға сайлаушылардың тек қана 51,4 пайызы ғана дауыс бергенін атап өту керек. Келісімшартты Миттеран мен оның жақтастары және Франция демократиялық одағының басшысы В. Жискара де Эстен, Жак Ширак қолдады. Француз коммунистік партиясы және ұлттық майданы қарсы болды. Француздардың көп бөлігін ұлттық егемендіктің қатаң шектелуі наразы қалды. Келісімшарттың ең маңызды бағыттарының бірі жалпы сыртқы саясатты қалыптастыру туралы шешім болды. Осы сәттен бастап еуропалық сыртқы саясат туралы айтуға барлық негіз бар, оған қатысты Францияның сыртқы саясаты бағынысты мағынада болды. Бұдан Маастрихт келісімінен кейінгі жылдарда бірыңғай еуроодақ елдерінің сыртқы саясатын қалыптастыру механизмін жасау жолға қойылды. 1995 жылдың 26 наурызында Франция, Германия, Бельгия, Нидерланд, Люксембург, Испания, Португалия қол қойған Шенген келісімі күшіне енді. Олар қозғалыс еркіндігін, яғни, елдің ішінде әуеге ұшуды бақылауды бас тартуды және шекарадағы бақылауды біртіндеп бас тартуды қарастырды.

Қорыта айтқанда, Франсуа Миттеран тұсында Францияның Еуропадағы саяси және экономикалық беделі өте зор болды. Әрине, мұның барлығы оның жүргізген ішкі саясатымен тығыз байланысты. Миттеран ең алдымен көрші мемлекеттермен жақсы қатынаста болды. Оның Еуропадағы басты саяси мақсаты бұрыннан келе жатқан Еуропалық қауымдастықтың әлемдік саяси сахнадағы рөлін арттыру болды. Оның басқарған кезеңінде Франция Батыс Еуропа мемлекеттерінің арасынан бірінші болып Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропаның социалистік мемлекеттерімен саяси байланысқа түсті. Ол өзінің даму бағыты бір болған социалистік мемлекеттермен өте тығыз байланыс орната білді және ең бастысы оларды социалистік лагерден шығарып жалпы еуропалық интеграцияға қоса білді. Мұның нәтижесінде ол тарихтағы ең ірі саяси және экономикалық одақтардың бірі болған Еуропалық Одақты құрушылардың біріне айналды. Соның негізінде Франция тарихында социалистер алғаш рет мұндай халықаралық беделге ие бола білді.

1 Матвеевский Ю.А. *Европейская интеграция в исторической ретроспективе*. – М.: МГИМО, 2011. – 288 с.

2 Шадурский В.Г. *Внешняя политика Франции (1945-2002)*. – Минск: Изд. БГУ, 2004. – 175 с.

3 Тутберидзе И.Д. *Франция и проблема расширения Европейского Союза на Восток на рубеже XX-XXI вв.* // *Дисс. канд.исторических наук*. – Москва. 2015. – 279 с.

4 Dumas R. *Un projet mort-né: la Confédération européenne // Politique étrangère*. – 2001. № 3. – P. 688-700.

5 Обичкина Е.О. *Франция в поисках внешнеполитических ориентиров в постбиполярном мире*. – М.: МГИМО, 2004. – 356 с.

6 Chirac J. *Mémoires. T. 2. Le temps présidentiel*. – Paris. 2011. – 524 p.

7 80. Deloche F. *La France et l'élargissement à l'Est de l'Union européenne. Les Etudes de CERI. № 46. Octobre 1998*.

8 Hubert V. *Les mondes de François Mitterrand. A l'Elysée. 1985-1995. 1996*. – Paris. – 571 p.

9 Delors J. *La France par l'Europe*. – Paris., 1988. – 261 p.

Резюме

Роль Франсуа Миттерана в развитии европейской интеграций

Атамбай Б.

Магистрант 2 курса факультета историй, археологий и этнологий, КазНУ имени аль-Фараби

В данной статье рассматривается роль французского президента, лидера Социалистической партии Франции Франсуа Миттерана в развитии европейской интеграций. Один из основных целей статьи является определить политические активности Миттерана в образовании Маастрихтского соглашения, которое была организована в результате политико-экономического интеграционного процесса во второй половине XX века в Европе. В

научной работе анализируются политические деятельности Миттеррана в образовании Европейского Союза, которая образовалась на основе этого договора. А также, обсуждается политические и экономические взаимосвязи Миттеррана Европейскими государствами.

Ключевые слова: Франция, Франсуа Миттерран, Социалистическая партия, Европейская интеграция, Маастрихтский договор, Европейский союз.

Summary

The role of Francois Mitterrand in the development of European integration

Atambay B.- 2 course Master degree student Department of History, archeology, and ethnology
Al-Farabi Kazakh National University Atambay.bakytjan@mail.ru

The article investigates the role of François Mitterrand - the French President and leader of the French Socialist Party in the development of European integration. One of the main purposes of the article are to determine Mitterrand's political activity in the formation of the Maastricht Treaty, which was organized as a result of political and economic integration process in the second half of the 20th century Europe. In a scientific paper analyzes the political activity of Mitterrand in the European Union Education, which was formed on the basis of this agreement. In addition in this article also discussed the political and economic relationship of the Mitterrand with European countries.

Keywords: France, François Mitterrand, the Socialist Party, European integration, the Maastricht Treaty, the European Union.

ӘОЖ 546.09-324

НАРЫНҚОЛ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНЕН

Н.Е. Балабекова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2 курс магистранты, Қазақстан, Алматы қаласы,
E-mail: n.balabekova.vip70@mail.ru

Мақалада автор Нарынқол ауданы құрылған уақыттан бастап білім беру саласының қалай дамығанына жүйелі түрде тоқталған. Аудандағы білім беру саласының күнделікті өмірін ашып көрсету үшін Алматы облыстық Мемлекеттік мұрағат қорларын, аудандық басылымдардан материалдар және жергілікті тұрғындардан алынған сұхбат пайдаланылды.

Алғашқы мектептер ашу үшін киіз үйлер тігілгенін, парталар жоқ, оқушылар жерде малдас құрып отырып сабақ оқығанын, оқу құралдарының тапшылығын көрсеткен. Соған қарамастан балалардың сабаққа деген ынтасы ерекше болды. 1950-1960 жылдардағы білім беру саласындағы кемшіліктер: оқушыларды сыныптан қалдыру, интернаттардағы санитарлық-гигиеналық жағдайдың нашарлығы, мұғалімдердің тұрғын үйлермен толық қамтамасыз етілмеуі және жоғары білімді мамандардың жетіспеушілігі жайында жазылған.

Түйін сөздер: халық ағарту ісі, киіз үй, мектептер, жалақы, тұрғын үй, оқу құралдары, оқу-тәрбие жұмыстары

Нарынқол ауданы тұрғындарының қоғамдық өмірі астарында жатқан мәселелерді зерттеп күнделікті өмір тарихын қарастыру арқылы халықтың тіршілігіне терең үңілуіне мүмкіндік береді. 1936 жылы құрылған Нарынқол ауданы тұрғындарының білім беру саласының күнделікті өміріне тоқталу арқылы бүкіл қазақ елінің жағдайын көруге болады.

Колхоз құрылысын нығайту жылдарында ауыл-ауылдардың жағдайын жақсартуға, мектеп басқа да қажетті құрылыстар салуға, ауыл мәдениетін көтеруге ұдайы назар аударылды.

1. Архив материалдарының деректері бойынша ХІХ ғасырдың 70-90 жылдарында Жетісу өлке-сінде халық ағартуын дамыту, орысша мектептер ашу ісі қолға алына бастаған

Нарынқол ауданы 1928 жылға дейін Жетісу округі Жаркент уезінің құрамында Қарқара болысымен бірге болып келген. Ал, 1928-36 жылдары Кеген / бұрынғы Қарқара ауданының құрамында, 1936-63 жылға дейін өз алдына аудан болып тұрған. 1963 жылдан 1966 жылдың март айына дейін қайтадан Кеген ауданымен қосылып бір аудан болып тұрған.

2. 1909 жылы Охотничье станциясында / қазіргі Нарынқол селосының сол кездегі аты / екі класты орысша түземдік / қазақ балаларынан тілмаштар дайындайтын мектеп / мектеп ашылып, оған 24 қазақ баласы қабылданған. Қазіргі пенсионерлер Алпысбаев Ахмет, Сауранбаев Сураншы осы мектепте оқығандардың бірі.

3. Нарынқол түземдік орысша мектеп 1915 жылға дейін жұмыс істеген. 1916 жылғы патша үкіметінің қазақтардан солдат алу туралы указына байланысты халық қозғалып, ел тыныш бұзылуына байланысты 1920 жылға дейін, жалпы алғанда, мектеп жұмысы қолға алынбай кідіріп қалған.

4. 1920 жылы Нарынқол ауданының Қара тұмсық деген жерінде /Коммунизм колхозы тұрған жердің батыс жағы/ Жаркент уездік халық ағартуы жөніндегі инспектордың жолдамасымен Сауранбаев Сураншы № 1 бастауыш мектеп ашқан. Оған әр старшинадан бірден киіз үй тігіліп, оқушылар сонда жатып оқыған. Бұл мектепте 30 дай бала оқып, 1 мұғалім жұмыс істеген...

5. 1920 жылдан бастап ауданда халық ағарту жұмысын дамытуға баса назар аударылды. 1921 жылы жазда Қарқарада Жетісу округтік халық ағарту бөлімінің қатысуымен мұғалімдер курсы ұйымдастырылды. Оған ауылдағы көзі ашық, сауаты бар адамдар қабылданады. Солардың ішінде Хасенов Әбдісүлеймен, Тілемісов Әбдікерім, Жәменкеев Смагул т.б.лар қатысып, мұғалімдікке жолдама алады. Сонымен 1928 жылға барғанда мектеп саны 8 ге жетеді.

6. Аудандағы халық ағартуының даму тарихына көз жіберсек, әсіресе, 1940 жылдары, сондай-ақ 1950-60 жыл аралығында өте жылдам дамығандығын байқаймыз. Ал, 1961 жылдан бермен қарай мектептер іріленіп, оқушы саны да, мұғалім саны да тез өсіп отырған [1].

Мектептердің материалдық базасының және мұғалімдердің білім дәрежесі мен жалақысының өсуі туралы мұрағат құжаттарында былай делінген:

14 1909 жылы Нарынқол селосында салынған 2 класты орысша түземдік мектеп 1916 жылы өртеп жіберілген. Сонымен 1920 жылға дейін бірде-бір мектеп үйі болмаған. Алғаш 1920 жылы сегіз киіз уймен мектеп ашылған. Парта, тақта, оқу құралдары болмаған. Мектеп құрылысы 30 және 50 жылдарда өте-мөте кең өрістетілген. Соның нәтижесінде 1960-61 оқу жылында 129 класс бөлмесі болған.

Ал, 1966-67 оқу жылында 640 орындық жаңа мектеп, 40-тан астам жаңа класс бөлмесі салынды, 218 класс бөлмесі болды.

2. 1921 жылы мұғалімнің жылдық еңбек ақысы 11 қой, 11,5 пұт астық болған. Қазір бір мұғалімнің айлық жалақысы орта есеппен 100 сом.

3. 1940 жылы жоғары білімді 9 мұғалім болса, қазір 207 / 23 есе артық

Орта білім алушылардың санының өсуі туралы мынадай мәлімет келтірілген:

14 1939-40 оқу жылдарында бірде-бір бала мектеп бітірмеген / ауданнан тыс жерде оқып бітіргендерін қоспағанда/.

1946 жылы 16 оқушы, 1951 жылы 66 оқушы, 1961 жылы 91 оқушы 10 кластарды бітірген. Ал, 1966 оқу жылында орта мектепті бітірушілер саны 543-ке жетті [2].

Ауданда сауатсыз және шала сауатты ересектердің сауатсыздығын жою туралы ҚК(б)П Нарынқол аудандық комитеті бюросымен Еңбекшілер депутатының аудандық атқару комитетінің біріккен мәжіліс қаулысында былай деп көрсетілген:

1. 1942 жыл аудан көлеміндегі колхоздар, өндіріс орындары және мекемелерде 209 сауатсыздар, 405 шаласауатты, 1440 қазақ тілінің орыс графикасына негізделген жаңа алфавитін білмейтіндерді қысқа мерзімде сауаттандырудың планы бекітілсін...

2. Сауатсыз және шала сауатты және жаңа алфавитті танымайтындарды февральдың 20 нан қалдырмай түгел оқуға тарту, оларды үймен, отынмен қамтамасыз ету мекеме бастықтарына, ауыл совет председателдеріне, колхоз председателдеріне міндеттелсін. ҚК(б)П аудандық комитетінің секретары Айдапкелов. 13 февраль 1942 жыл [3].

Қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат» атты еңбегінде Қостөбе ауылындағы мектептің жайына былай тоқталған: «Мынау, міне мектеп – ауылдан шеткерек шаңы аз көгал жерге тігілген кәдімгі киіз үй. Осы киіз үйде біздің тұңғыш сабағымыз басталы...

Парта жоқ. Бірімізге біріміз сығылысып, малдас құрып жерде отырмыз. Киміміз былғанады, астымыздан сыз өтеді деп қорқыншақтайтын біз емес. Күл мен топыраққа еркін аунап өскендігімізді көрсетіп, мұғалім отырындар дегенде шөге-шөге кеткенбіз.

Сауатымыз бірдей болғанмен жастарымыз бірдей емес. Ең кіші дегендер мен шамалас (8жаста). Ең үлкен дегендер он бес, он алтыға келіп қалғандар»[4].

Жазушы кейіннен Сүмбедегі нағашысының ауылына барып оқиды. Ондағы мектеп жайында былай деп жазған: «Мұндағы мектеп жеті жылдық. Мектеп үйі кесектен қаланып салынған үлкен, шатырлы. Терезелері көшедей. Мұндай үлкен терезелерді бірінші рет көруім. Ауылда там соққанда қыста суық болады деп, терезелерін сығырайтып кішкентай жасайтын. Мұншама үлкен терезелі үйде қыста адам қалай шыдайтынына таңмын.

Кейін, қыс түскен соң білдім, үлкен терезеден жарық көп түседі екен де, қыста жылы болады екен.

Терезесі үлкен үй әрі жарық, әрі көңілді » [4, 228-б].

1950-1951 оқу жылының I- жарты жылдық қорытындысы, оқушылар білімінің сапасын арттырып және олардың үлгермеушілігімен күрес жүргізу туралы мұғалімдердің январь мәслихаты аудандық оқу бөлімінің инспекторы Қалымбетовтың баяндамасында мынадай мәселелер қаралған:

Аудан мектептеріндегі алдыңғы қатарлы класс жетекшілері өз кластарында нәтижелі жұмыстар істеп, оқушылардың үлгермеушіліктерін жою және отличниктерді көбейту, класс және кластан тыс жұмыстарды жүргізудегі озық үлгілері мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарына келелі үлестер қосты. Мәселен, Нарынқол орта мектебіндегі X –орыс класының жетекшісі Фоменко жолдас оқушыларының 100 % үлгеруін қамтамасыз етті. Сол сияқты, Асанов (Киров жеті жылдық мектебі) т.б. жолдастарда оқушылар арасында елеулі жұмыстар жүргізді. Мұның өзі үлгермеушілікті жоюдың басты шарасы және түйіні болды.

Сол сияқты, оқу-тәрбие жұмысындағы елеулі кемшіліктер бірсыпыра мектептерде де бар екендігін мойындамауға болмайды. Аудан бойынша I-IV кластардағы 1736 оқушының 220, V- VII кластардағы 1117 оқушының 264, VIII – X кластардағы 308 оқушының 86-сы 1950-1951 оқу жылының I- жартысында үлгермей отыр.

Үлгермеушілікті болдырмаудың басты шарты – мұғалімдердің педагогикалық, методикалық, идеялық білім дәрежелерінің жоғары дәрежеде болып, олардың өз тәжірибелерін күнделікті ғылыми жаңалықтардың ілімінен байытып, сабаққа ұқыпты даярланып, сабақ берудің сапасын арттырумен, әрбір жеке сабақтарына көрнекі құралдарды кеңінен пайдалану ұсынылды [5].

1953/ 1954 оқу жылында Нарынқол ауданында 20 мектеп болды, олардың 2-уі орта, 5- жеті-жылдық, 13- бастауыш, оқушылардың жалпы саны – 4230 [6].

1956/ 1957 оқу жылында Нарынқол ауданында 19 мектеп болды, олардың 5-еуі орта, (оның ішінде 2 қазақ); 5- жетіжылдық, (барлығы қазақ) 9- бастауыш, (оның ішінде 8 қазақ) [7].

Нарынқол аудандық оқу бөлімінің 1967-68 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі справкада мынадай кемшіліктер көрсетілген:

1960-61 оқу жылында I- кластарға қабылданған оқушылардың 83 % -ті ғана 1967-68 оқу жылында мектептерде оқып жүр. Мектепті себепсіз тастап кеткендердің арасында үлгермейтіндер мен бір класта екі жыл отырған көбірек кездеседі. Үлгерімі төмен оқушылармен жекелей жұмыс жүргізудің орнына бірсыпыра мектептердің басшылары түрлі амалдар тауып олардан құтылуға тырысады. Ленин атындағы орта мектепте /мектеп директоры Мустафаев Т./ 7 оқушы 1967-68 оқу жылы ішінде сырттан оқитын мектептерге ауыстырылған. Бұлардың басым көпшілігі 7-ші класта оқитындар. Текес орта мектебінде оқу жылының басынан бері қарай 15-тен астам бала кәсіптік-техникалық училищеге ауыстырылған.

Жалпыға бірдей міндетті оқудың тек жалғыз ұйымдастыру проблемасы ғана емес, едәуір дәрежеде педагогикалық проблема екендігі белгілі. Аудан мектептерінде оқушылардың сабақ үлгерімі, оның сапасы әлі де болса талапқа сай болмай отыр. Үстіміздегі оқу жылының қорытындысы бойынша 11184 оқушының 684-і екінші жылға қалдырылып, 830-ы күзгі сынға қалдырылды. Кей мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылмауы, кейбір мұғалімдердің жауапкершілігінің төмен кетуі, саяси-идеялық және педагогикалық білімін көтеріп отырмауы үлгерімнің біршама төмен болуына себепші болды. [8]

1971 жылы Нарынқол ауданында 8 орта, 5 – сегізжылдық, 3- бастауыш, оқушылардың жалпы саны- 12898 [9].

Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Ш. Әбдісүлейменов 1967 жылдың 30 маусымында Алматы облыстық оқу бөліміне мынадай көмек беру жөнінде ұсыныстар жолдаған: мемлекет есебінен салынатын Нарынқол орта мектебін тез аяқтауын, керекті техникалық және көрнекі құралдармен қамтамасыз етуін, ауданда маман кадрлардың жетіспеуінен мұғалім кадрлармен қамтамасыз етуін, аудан мұғалімдерін тегін жарықпен және квартирамен қамтамасыз етуге көмек жасауын, аудан мұғалімдерін білім жетілдіру мақсатында арнайы курстардан өткізіп отыруын сұраған [10].

Алматы облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Айдаровқа Нарынқол аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Әбдісүлейменовтан жазылған анықтамада мынадай жағдайды хабарлаған:

1. Барлық мұғалімдер саны 574, оның ішінде өз үйлерінде тұрушылар 485 мұғалім. Колхоз үйінде тұрушы - 14 мұғалім, мекемелердің үйінде тұрушы - 32 мұғалім, жеке адамдардың үйінде тұрушы - 43 мұғалім.

2. Жеке адамның үйінде тұратын мұғалімдер:

1. Жданов В. Н. Бір үйде 2 жан, с. Нарынқол айына 10 сомнан төлейді.

2. Несіпбаева бір үйде 5 жан, айына 10 сомнан төлейді.

3. Молдахымметова бір үйде 5 жан, айына 10 сомнан төлейді.

Мұғалімдерді жарықпен қамтамасыз ету де өз мәнінде емес. Кейбір колхоздарда 2-3 точканы ақша төлетпей тегін ретінде мұғалімдерге беріп отырса, аудан орталығындағы Октябрьдің 40 жылдығы атындағы колхоз мұғалімдерге тегін жарық беруден бас тартып, тіпті светін қырқып тастап отыр.

1966-67 оқу жылында 574 мұғалім, жоғары білімдісі 203, ортадан жоғарысы «84», толық орта білімдісі «86» мұғалім, жалпы орта білімдісі 201 мұғалім.

Мұғалімдердің арнаулы үйлері барларының үй іргесінде 5 соти участкаде жері бар. Басқадай арнаулы участка жер бөлініп берілген жоқ. Көпшілік мұғалімдердің бұрыннан тұрғандарында сиырлары ғана бар. Кейбір мұғалімде 2-3 деген қойлары бар. Өткен жылы сиыр сатып алуға 3000 сом қаражат келіп, он мұғалімге бөлініп берілді.

1967-70 жылдар мұғалімдер үшін 14 үй жасауға жергілікті советтер міндеттеме алды. 1967 жылы 4 үй жасалмақ [11].

1970 жылдың 24 сәуіріндегі Нарынқол аудандық санэпидстанцияның мектеп-интернаттарды тексеру қорытындысы бойынша мынадай анықтама берілген:

Ауданда барлығы 17 мектеп, оның ішінде 10 орта, 5 жылдық және 2 бастауыш мектеп, олардың ішінде типті мектептер – 10. Оқу екі маусымды.

Күнұзақ сабақтары барлық мектептерде бар, бірақ олар Нарынқол, Энгельс, Сарыжаз мектептерінде ғана жүргізіліп отыр.

Мектептерде буфеттер бар, бірақ толыққанды ыстық тамақпен қамтамасыз етпейді, тек қана тәттілер сатады. Кейбір мектептерде жарық коэффициенті төмен, нормаға сәйкес емес. Парталардың қойылуы нормаға сай емес.

Мектептерді сумен қамтамасыз ету Сарыбастау, Кирова, Энгельс колхоздарын қоспағанда ашық су қойнауларынан тасымалданады, қайнаған сулармен қамтамасыз етілмейді. Интернат туралы мәліметтер:

1. Нарынқол ауылынан басқа барлық интернаттарда санитарлық-гигиеналық жағдай қанағаттанарлықсыз.

2. Интернаттар төсек-орын жабдықтарымен толық қамтылмаған, олардың көпшілігі ескі және жыртылған.

3. Нарынқол ауылынан басқа барлық интернаттарда тоңазытқыш қойылмаған

4. Тәрбиеленушілердің тағамы біртекті және құнарсыз.

5. Үстел, орындық, шкаф, қол жуғыштармен толық қамтылмаған. Кір жуатын бөлме жабдықталмаған. Аудандық СЭС-тің бас дәрігері: Сауданбеков [12].

Нарынқол ауылының тұрғыны, зейнетке шыққан мұғалім Жылқыбаева Жұпарханның сұхбаты: 1951 жылы 12 қазанда ҚХР-да дүниеге келген. Жоғары білімді, Қазақ Педагогикалық институтының Биология факультетін бітірген. Бастауыш сыныптарына 1969-2009 жылдарда сабақ берген. Абай совхозында – 4 жыл, Қақпақ ауылында – 3,5 жыл, 1979-1982 жж. О.Жандосов атындағы орта мектепте, 1982-2009 жж. Қазақстанның 40 жылдығы (қазір Б.Соқпақбаев) атындағы мектепте қызмет еткен.

Әкем – Жылқыбай жұмыс істемеді, көзі 40 жасында көрмей үйде отырған, пенсия деген болмады. Шешем колхозда аспазшы болды, 2 қызды асыраушы шешеміз еді. Ұл болған жоқ, әкем 88, шешем 83 жасында өмірден өтті.

Балалық шақта Сүмбе ауылында отынға жағу үшін бозқараған деген бұтақты арқамызға салып, ер бала сияқты таситынбыз. Көктемде қой саууға, қой қырқымға, қырманға астық сапыруға баратынмын. Үйге әкпішпен өзеннен екі шелекпен су таситынмын.

1969 жылы мектепке алғаш барғанда форма жоқ, шыттан гүлді көйлек киіп барғаным есімде, кейіннен форма кидік. Оқушы кезімде нан бар, бірақ қант, конфет тапшы болды. Қаңылтырдағы мәмпәси есімде қалды. Ауыл адамдары астық, картоп, мал шаруашылығымен айналысты.

Мектеп ұжымындағы үлкендер көп көмек беретін, үлкендерді тыңдап, сын айтса содан қорытынды шығарып, оларға еліктейтінмін, жақсы жағын алуға тырысатынмын. Марапаттау, мектептегі, аудан, облыс грамоталары, ҚазССР Оқу министрлігінің «Құрмет грамотасы» болды. Ол кезде мұғалімдерді жазалау шарасы мектептен басқа мектепке жер аудару болды, аналар, аталар алқасында қарайтын.

Қонақтарға жас кезімізде манти жасайтынбыз, кейіннен етсіз қонақ шақырмайтын болдық. Бала кезімізде үш бөлмелі там үйде тұрдық, кейін 5-6 класта қара кірпіштен 4 бөлмелі үй салып, сонда тұрдық, ол үйлер әлі бар. Қазір 7 бөлмелі ағаштан салған үйдеміз.

Айлық жеткілікті болды, қысылған емеспіз, балаларға да ақша алдық. Дастаханда мейрамдарда ішімдік алатынбыз, бірақ артық ішіп, жұмыстан қалмайтын, тәртіп қатал болды. Коммунистерге жақсы көзқараспен қарадық, пионер, комсомолға өту қиын болатын, коммунист болу үшін көп еңбек, құрмет, білім керек болды [13].

1995 жылы ауданда 21 орта, 3 бастауыш, 3 өнер мектебі, балалар спорт мектебі, оқу-өндірістік комбинаты жұмыс істеді. Білім шаңырақтарында 14010 оқушы дәріс алса, оларға 1542 мұғалім сабақ берді [14].

Мен өзім Нарынқол ауылының тумасы болғандықтан оқушылардың күнделікті өмірін көрсету үшін өз естеліктерімді де пайдаландым. 1977/ 1978 оқу жылында Нарынқол селосында О. Жандосов атындағы жаңа мектеп пайдалануға берілді, мен сол мектептің түлегімін. Бастауыш сыныпта жақсы оқитындардан бастап пионерге қабылдап, мойнымызға қызыл галстук тақтық. Аудандағы малшылар слетінде және ауыл еңбеккерлеріне арналған жиналыстарда тақпақтар айттық. Мектепте қара форма кидік, жаға мен жеңіне ақ шілтерді апта сайын ауыстырып тақтық. Жай күндері қара фартук, мейрам күндері ақ фартук тақтық. Отбасымыздағы 6 бала да анамыз тоқып берген свитер, жемпірлерді киіп өстік. Қазіргі балалардай күнделікті ақша ұстаған емеспіз. Мейрам күндері лимонад пен бәліш алып жегеннің өзіне қатты қуанатынбыз. Мұның өзі үнемшілдікке тәрбиелейді. Көктем айларында мектеп маңындағы сенбіліктерге қатысып, металл сынықтары мен қағаз қалдықтарын өткізетінбіз. Орта сыныпта комсомолға қабылданып, кеудемізге значок тағатынбыз. Комсомолға өту үшін Устав бойынша сынақ тапсырдық. Нарынқол аудандық ХХІХ және ХХХ комсомол конференцияларына делегат болып сайландым. 1985 және 1987 жылдары ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Үздік оқығаны үшін» белгісімен марапатталдым.

Ауылдан он-он бес шақырымдай жерде «Ақбұлақ» пионер лагері болды. Жазда ауданның барлық ауылдарынан оқушылар демалуға келетін. Жазғы каникулда кейбір оқушылар совхоздың жұмыстарына көмектесіп аз да болса қаржы табатын, біз бос уақытымызда әдеби кітаптар оқып, тоқыма тоқып, көрпе құрайтынбыз. Маусым айында малшылар жайлауға көше бастайтын. «Шұбартал» жайлауына нағашыларымызға қонаққа баратынбыз. Ол жақта күнде қымыз ішіп, сеператордан сүт тартып, май, маңызды (қаймақ) жаңа піскен таба нанға (көмбе нан) жағып жеп, таза ауада тауға шығып демалатынбыз. Таудан бүлдірген, рауғаш, қымыздық тердік. Жайлауға жан-жақтан қонақтар көп келетін, келген қонаққа міндетті түрде қой сойылып, ет асатын немесе сірне жасайтын.

Аудан құрылған алғашқы жылдары, сондай-ақ Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары білім беру саласында қиыншылықтар көп болды. Білім беру саласындағы қызметкерлердің күнделікті өмірін қарастырғанда кейінгі жылдарда олардың әлеуметтік жағдайы жақсарғанын байқаймыз. Оқушылардың да білім алуға құштарлығы артып, қоғамдағы барлық өзгерістерге белсене қатысатын болды. Сонымен күнделікті өмір тарихының бой көтеруі жаңаша ойлап, жаңаша тұжырым жасауға адам санасының көрінісін айқындап көрсетуге жол ашты. Кейбір жекелеген адамдардың қоғамдағы орны мен ролін анықтау мүмкіндігі ашылды.

1 Алматы облыстық Мемлекеттік мұрағат (АОММ). 964-қ., 1-т., 292-іс, 25-п.

2 АОММ. 964-қ., 1-т., 292-іс, 27-п.

3 // Советтік Шекара, 1942 жыл, 19 февраль № 12 (431).

14 Соқпақбаев Б. Балалық шаққа саяхат, II т. – Алматы, 2014, 122-б.

14 АОММ. 964-қ., 1-т., 14-іс.

14 АОММ. 964-қ., 1-т., 12-іс, 19-п.

7 АОММ. 964-қ., 1-т., 166-іс, 1-п.

14 АОММ. 964-қ., 1-т., 314-іс, 2-п.

14 АОММ. 964-қ., 1-т., 362-іс, 48-п.

14 АОММ. 964-қ., 1-т., 282-іс, 58-п.

14 АОММ. 964-қ., 1-т., 291-іс, 68-69-п.

12 АОММ. 964-қ., 1-т., 347-іс, 5-п.

13 Нарынқол ауылының тұрғыны, зейнетке шыққан мұғалім Жылқыбаева Жұпарханның сұхбаты.- Итамыз 2015 жыл.

14 Құсайынов К., Тастанов И., Біржансалұлы Қ. «Хантәңірінің етегі – Райымбек баба мекені». Алматы, 2000, 96 бб.

Резюме

Повседневная жизнь Нарынкольского района в сфере образования

Балабекова Н.Е. – магистрант 2-го курса КазНПУ им.Абая, Казахстан, г. Алматы,

E-mail: n.balabekova.vip70@mail.ru

В статье автор рассматривает развитие сферы образования с момента создания Нарынкольского района. Для раскрытия повседневной жизни в районе в области образования были использованы фонды Государственного архива Алматинской области, материалы районных изданий и интервью, полученные от местных жителей.

Для открытия первых школ использовались юрты, не было парт, ученики занимались сидя на полу, учебников не хватало. Но несмотря на это дети занимались упорно. В статье написано о недостатках в области образования в 1950-1960-е годы: неуспевающих учеников было много, состояния санитарно-гигиенических условий в интернатах было неудовлетворительным, не в полной мере обеспеченность жильем учителей и нехватка специалистов с высшим образованием.

Ключевые слова: дело народного просвещения, юрты, школы, зарплата, жилье, учебные пособия, учебно - воспитательная работа.

Summary

Daily life of Narynkol region in the field of education

Balabekova N.E. – Abay Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty, 2nd year

master degree student, E-mail: n.balabekova.vip70@mail.ru

In this article, the author demonstrates systematically the development of the field of education in the Narynkol area since its creation. In order to disclose the daily life in the area of education, it was used Almaty regional state archival resources, materials of regional publications and an interview with the local population.

To open the first schools, yurts were prepared, also there were no desks to study, they studied on the floor with the shortage of textbooks. Deficiencies in the years of 1950-1960 in the field of education: students leaving classes, poor sanitary conditions in the boarding schools, failure to provide housing for teachers and it was also written about the lack of highly qualified specialists.

Key words: work in the field of public education, yurt, schools, wages, housing, textbooks, educational work.

ӘӨЖ 364.11-765

**СЕМЕЙ АЙМАҒЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН
ДАМУЫ (XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫ)**

Ә.Бабаханова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы

Мақалада Шығыс Қазақстандағы оқу орындарының қалыптасу алғышарттары мен білім беру ісінің дамуы 1930-40 жылдар мысалында қарастырылады. Қалалардағы сауатсыздықты жоюдың санды өсіміне қарағанда сапалық жағы көп жағдайда талапқа сай болды деп айту қиын. Саужой пунктері бар ұйымдар мен кәсіпорын басшылары материалдық көмек көрсетпеуі, уақытылы келісімшарттарды жасамау; саужой пунктінде көп жағдайда кездейсоқ немесе уақытша істейтін, тіпті шаласуаттылардың жұмыс жүргізуі сапаны төмендетті; сауатсыздықты жоюшылар арасында дұрыс байланыс пен ортақ жұмыс әдістерінің болмауы сияқты келеңсіз жағдайларда орын алды.

Сауатсыздықты жою мәдени революцияның алғашқы қадамы болып саналады. Большевиктік үкімет оқу-ағарту жүйесінің барлық саласын түп-тамырымен өзгертті. Мұғалімдер жалпы интелгенция өкілдері сияқты пролетарлық революцияның жеңісін әртүрлі қабылдады: біреулері қуанышпен, екіншілері наразылықпен, үшіншілері самырқаулық танытып, әліптің артын күтті. Көптеген мұғалімдер саяси ойлар мен идеялар бостандығын талап етті. Большевиктік үкімет самарқау позиция ұстанған мұғалімдерге қателігін түсіндіретін, қайталаушы педагогикалық курстар ашты. "Қызыл мұғалімдер" курсы 1920 жылы көктемінде Семейде де ашылды.

Түйінді сөздер: сауатсыздықты жою, сауатсыздық, мұғалім, ШҚО, Қазақстан, білім беру.

XX ғасырдың 20 жылдарының екінші жартысында Қазақстанда арнаулы орта және жоғарғы білімді ұлттық мамандарға сұраныс күшейді. Бұл тұста қазақ халқының сауатсыздығын жою міндеті республикадағы ең өзекті мәселелердің бірі болатын. Земстволық басқармасының төрағасы - Р.Мәрсеков, мүшелері Х.Ғаббасов пен Ә.Сәтбаев сынды азаматтардың араласуының арқасында қазақтан жиналған -земство салығын орыс балалары ғана пайдаланып келгені айқындап, қазақ балаларының бұдан былай Томск техникалық институтына, Семейдегі қыздар және ерлер гимназиясы, кәсіптік (реальдық) училище, Семейде 2 жылдық мұғалімдер курсы сияқты оқу орындарын оқушы қазақ жастарына алып берді[1].

Ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру бағытында сауатсыздыққа қарсы күресті ұйымдастыра отырып, ересектер мен қыз балалардың да оқып білім алуын назардан тыс 30-жылдары да сауатсыздық жою басты назарда болды. 1933 жылы -2100 адам сауажой пунктеріне тартылса 1934 жылы қала бойынша сауатсыздар есебінде тұрғын 3769 адамның 3053-і осы дунктерде қамтылды. Мұнда сауатсыз 1770 адамның 1194 - қазақ, 576- орыстар болса, шала сауаттылардың 803-қазақтар, 483-орыстар, яғни жалпы 1285 адам болды. 1933 жылға қарағанда 1934 жылы сауат ашушылар саны 953 адамға көбейген [1].

Сауатсыздықты жою мәдени революцияның алғашқы қадамы болып саналады. Большевиктік үкімет оқу-ағарту жүйесінің барлық саласын түп-тамырымен өзгертті. Мұғалімдер жалпы интеллегенция өкілдері сияқты пролетарлық революцияның жеңісін әртүрлі қабылдады: біреулері қуанышпен, екіншілері наразылықпен, үшіншілері самырқаулық танытып, әліптің артын күтті. Көптеген мұғалімдер саяси ойлар мен идеялар бостандығын талап етті. Большевиктік үкімет самарқау позиция ұстанған мұғалімдерге қателігін түсіндіретін, қайталаушы педагогикалық курстар ашты. "Қызыл мұғалімдер" курсы 1920 жылы көктемінде Семейде де ашылды. Төңкеріске дейін Бүкіл Ресейлік мұғалімдер кеңесі болғандықтан, 1920 жылдың қаңтар және ақпан айларында осы ұйымды жабу ісімен айналысты. Оның орнына "Социалистік мәдениет пен ағарту қызметкерлерінің одағы" құрылды. Халыққа білім беру бөлімі қала тұрғындарының арасында мәдени ағарту және тәрбиелік жұмыстарын басқарумен айналыса отырып, маркстік идеология негізінде мәдени деңгейді жоғарылату үшін қажетті жағдай жасау міндеттелінді.

30-жылдар өндіріс орындарында жұмысшылар санының артуы мен әйелдердің жұмысқа белсене араласуынан мектеп жасына дейінгі балалар ісімен айналысатын мекемелердің тәрбиеленушілерінің де саны едәуір өсті курстарында 26, I-курсында 29, II-курсында 22, III және IV -курстарында 44 тыңдаушысы, қазақ бөлімінде дайындық бөлімінде 30, I-курста 20 тыңдаушы оқыды [2]. Халыққа білім беру институты 1922 жылдың қыркүйегінен бастап Практикалық халыққа білім беру институты болып қайта құрылды. Институт қызметкерлері 32 адам, оның 6-уы қазақ бөлімінің оқытушылары болды. Оқытушылардың білімділігі біліктілігімен толықтырылған тәжірибелі мамандардың көптігімен ерекшеленеді. 1922 жылдың 4-желтоқсанында IV-губерниялық съездің шешімі бойынша Халыққа білім берудің практикалық институты мен 9 айлық қазақ педагогикалық курсының базасында Семей мұғалімдер даярлайтын қазақ техникумына айнылдарылды [2]. Оның директоры Қазақстандағы халыққа білім берудің көрнекті ұйымдастырушысы, тамаша педагог А.З.Сәтпаев еді. Алғашқы жылы техникумның 12 оқытушысы, 100 оқушысы болды. Болашақ мұғалімдерді іс жүзінде дайындау мақсатымен техникумда I-дәрежелі мектеп ашылды. Маманданған ұлттық кадрдың жетіспеуінен сабақ көпшілігінде орыс тілінде жүргізілді. Жоғары педагогикалық білімдері бар Ленинград университетінің студенттері М.О.Әуезов, Т.А.Кошкина, М.Ф.Виноходов, Ш.Көкімбаев осы кезеңде өздерінің педагогикалық және ғылыми қызметтерін бастаған болатын. Сонымен қатар Н.Н.Белослюдов, Мінән Тұрғамбаев, Әміржан Ситдықов, кейіннен республика мектебінің еңбек сіңірген ұстазы, педагогика ғылымның кандидаты атағын иеленген И.Я.Малахов, Қалиақпар Төребаев, О.Н.Рутковский, Т.И. Лялюков, Ф.Д. Шныров, В.Н. Рябов, Ғафур Ғадуллин сынды белгілі педагогтар дәріс берді.

1920-1925 жылдары Солтүстік-Шығыс Қазақстан облысында тұңғыш сахналық группаны құрды. Техникумның қолөнер ұжымының басында Жұмат Шанин тұрды. Семей педтехникумының шәкірттері кейіннен көрнекті ғалым, партия және Кеңес қызметкерлері болып, республиканың мәдениет пен халық шаруашылығын дамытуда орасан зор үлес қосты. Олардың қатарында филология ғылымының докторы, профессор, Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі Ә.Х.Марғұлан, көрнекті ғалым, тіл маманы, қазақ диалектологиясы бойынша ғылым кандидаты, Совет Одағының батырлары - Айтықов, В.А. Шулятников, педагог-социалистік еңбек ерлері- Ж.Шайжүнісов, М.Носова, Д.М.Парий, КСРО-ның корреспондент-мүшесі, республика білім беру министрі, Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институтының директоры, педагогика ғылымының докторы - Әбдіхамит Сембаев және т.б.. Техникум оқушыларының ғылыми творчестволық ізденістерін дамытуда Мұхтар Әуезовтың сіңірген еңбегі зор. Кеңестік кезеңнің алғашқы жылдары Семей өңірінің тұңғыш фольклорын жинаушы және зерттеушісі болды. Ол осы мақсатында 1925 жылы Семей халыққа білім беру бөлімінің методикалық кеңесінде педтехникум оқушыларын жазғы каникулдарында қазақ халқының тарихын құрастыру, халықтың ауыз . әдебиеті бойынша деректер жиыстыру үшін пайдалану жөнінде ұсыныс жасайды [2]. Ол студент жастардың ғаламат күшіне, танымдық мүмкіндіктері мен жеке творчестволарына сенім артты. Ойлаған нәтижеге жету үшін әдеби үйірме ұйымдастырып, мақал-мәтелдер, халық тұрмысы,

едет ғұрыптары, халықтық педагогика мен туған өлке тарихына қатысты материалдарды үлкен ыждаһаттылықпен жинастырады. Ол осы ізденістерін ойлы өзі ұйымдастырған жергілікті "Таң" журналының беттерінде ғылыми мақалалар ретінде жариялады.

1922-1923 жылдары Семейдің қазақ педагогикалық техникумында даярлық курстармен қоса есептегенде 400-ге жуық оқушы оқыды. 1925 жылы техникумның 11 тұңғыш түлегі бітіріп шықты [3].

Губернияда орыс мектептеріне мұғалімдер даярлау үшін 1923 жылы Семей қаласында орыс, педагогикалық техникумы жұмыс істей бастады. Халыққа білім берудің практикалық институты мен 10 айлық педкурсының негізінде құрылды. Халыққа білім беру институтының барлық мүлкі педтехникумға берілді [4] 1930/1931 оқы жылында педтехникумды 9 адам бітіріп шықты. Семей орыс педагогикалық техникумы 1937 жылдан бастап педучилище деп аталатын болды. Училище оқытушылары мен оқушылары қала мен Семей өңіріндегі саяси мәдени шараларды атқару барысында үлкен үлес қосты. Сауатсыздықты жою, тұқым себу және т.б. ауыл шаруашылық жұмыстарына қолқабыс беріп, ауыл еңбеккерлеріне мәдени-ағарту көмегімен қоса, материалдық жағынан көмек көрсете білді.

1930 жылы 9-қараша Семейде орталау және орта мектептерге арналған мұғалімдерге арналған кешкі педагогикалық институт ашылды [5]. Институтта " қоғамтану, тіл-әдебиет бөлімдері болды. Сол кезеңдегі білікті, жоғары білімді педагогикалық кадрмен" қамтамасыз ету қиындығынан институт оқытушыларының 30% ғана жоғары білімді болды. Институттың тұрақты ғимараты болмауынан, дәріс бөлмелері мен оқулық жетіспеуі сияқты қиыншылықтар көп болды. 1932 жылға дейін оқу мерзімі 4 жыл, сол жылдың 15-мамырынан бастап 3 жылдыққа көшірілді. 1932 жылы Семей облысындағы жоғары оқу орны болып есептелінген Семей қаласындағы Бүкілодақтық геология комитетінің шешімі негізінде геологиялық барлау комитеті құрылды. Алайда институт көп өмір сүре алмады, материалдық базаның, ғылыми педагогикалық кадрлардың жетіспеуіне байланысты Семей геологиялық барлау институты Алматыға көшірілді. Осы көшірілген институт. базасында Қазақстан тау-кен металлургиялық институты құрылды[5] . Сауатсыздықты жоюдың қарқынды шаралары облыста орталау және орта мектептердің көбеюі жоғары дәрежелі педагогикалық кадрларға деген мұқтаждықты көбейтті. Қала жастары мен жоғары білім алу үшін елдің басқа қалалары мен көршілес Батыс Сібір қалаларына барып оқу қаражат жағынан көптеген қиыншылықтар туғызды. Губерниялық халыққа білім беру бөлімі жоғары оқу орнындағы жастарды өз тарапынан қамқорлыққа алып, 1925/26 оқу жылында Семей губерниясынан оқып жатқан студенттерге атаулы стипендиялар 500 сомдық 6 адамға, 300 сомдық 6 адамға тағайындалды. Осы стипендианттар тізімінде Ленинград университетінің әдебиет бөлімінің студенті Мұхтар Әуезов, Томск техникалық институтының ІУ курс студенті Қаныш Сәтпаев та болды. 1926/27 оқу жылында стипендия қорына 20000 сом бөлініп, оның 12600 сомы губерния ішіндегі -1940 оқу жылында институт қабырғасында 1200 студент дәріс алса, педагогикалық ұжымда 70 оқытушысы болды [6].

Мұғалімдер институты кейіннен Педагогикалық институт жаратылыстану, химия, география, тіл мен әдебиет, тарих, физика мен математика пәндері бойынша жоғары білімді мұғалім мамандарын дайындауда үлкен қызмет атқара отырып, институт түлектері Семей өңірі, Қарағанды, Шығыс Қазақстанның облыстарының аудандарындағы мектептерінде, ересектер арасында білім мен ағартудың шамшырағы болды. Губерниядағы сауатсыздықты жоюдағы мектеп құрылысындағы табыстар біртіндеп халық шаруашылығының әр саласына мамандар даярлайтын қысқа мерзімді курстар мен орта арнаулы мамандық беретін оқу орындарын ашуға мүмкіндіктер жасады. 1924 жыдың 1-қазанынан бастап ауылшаруашылық политехникумы ауылшаруашылық техникумы болып атауы өзгертілді. Техникумда 7 топ және қазақтарға арнайы ашылған сынып болды. Техникум мал шаруашылығы мен егін шаруашылығына агрономдар дайындады. 1926 жылы көктемде мемлекеттік ауылшаруашылық қойма бөлімінің қатыстырылуымен техникумда ересек топтар үшін трактор курсы ұйымдастырылды. 1929 жылы Семейде жол құрылысы техникумы ұйымдастырылды. Губернияның ұлан-ғайыр территориясында көлік қатынасын жақсарту үшін жол құрылыс мамандарына деген сұранысты ескере отырып, техникумда жол құрылыс пен жол жөндеу бөлімдерінен құралды. Мұнда 1930 жылы - 253, 1936 жылы - 280 оқушы дәріс алды. Техникум түлектеріне деген сұранысты ескере отырып 1935 жылы бітірген 34 оқушыны 5-Шығыс Қазақстан облысына, 4-Ақтөбе облысына, 3-Оңтүстік Қазақстан облысына, 3-Қарақаралы округіне, 2-Батыс Қазақстан облысына, 3- Алматы облысына, 4- Қарағанды облысына және 10 адам Қаззжолтранса бөлінді[7]. Техникум басшылығы жыл сайын төменгі және орта мамандықтардың кәсібін көтерудің әр түрлі курстарын ұйымдастырды. Техникум оқушылар ұзындығы 806 шақырымдық "Шығыс шеңберін" салу ісінде көп үлес қосты.

1920-30 жылдары қала мен өлкеге қажетті мамандар дайындайтын арнайы орта оқу орындары биология-годезиялық, мал дәрігерлік, фармацевт техникумдары ашылды. Халық шаруашылығын қалпына келтіру аяғына таман губерниядағы педагогикалық, өнеркәсіптік-техникалық, ауыл шаруашылық, акушерлік, мал дәрігерлік техникумдары 20-шы жылдардың өзінде халық шаруашылығына 400 маман шығарды. Осы жылдары қалада курстар көптеп ашылды [8]. Мәселен 10 айлық орысша, 8 айлық қазақ педкурстары, көркем өнер мектебі, машина құрылысы мен ауыл шаруашылық курстары, тоқыма, иіру шеберлігінің оқу көрнекі курсы, етікшілер курсы, халық кеңестеріне кәсіби қызметкерлерін дайындайтын курстар, темір жол, телеграф, байланыс желілері бойынша курстар, былғары химиялық әдіспен өңдеу курсы, емдік шөптерді жинайтын нұсқаушылар дайындайтын курстар, құс және қоян шаруашылығы жөніндегі курстар және т.б. курстар ұйымдастырылып, жұмыс істеді. Курстардың оқу-материалдық базасы нашар болды. Ашаршылық, экономикалық қиыншылықтар мен маман педагогтар, оқу ғимараттары жетіспегендіктен аталған курстар қысқа мерзімді болды және тез жабылып қалып отырды.

Қазақ өлкесінде тұңғыш жұмысшы факультеті (Рабфак) орыс және қазақ бөлімдері мен 1920 жылы Семейде, одан кейін 1921 жылы Орынборда ашылды. Жұмысшы факультетінің қоғамдық-экономикалық, физика-математикалық, тарих-жаратылыстану бөлімдерінде 372 тыңдаушысының 52-сі қазақ бөлімінен болды. Семей жұмысшы факультетінің тыңдаушыларының қатарында кейіннен ірі ғалым, тіл маманы, қазіргі таңдағы қазақ тілінің негізін салушылардың бірі А.Аманжолов та болған еді. 1921 жылдың сәуір айында Семей қаласында алғашқылардың бірі болып, губерниялық-кеңестік партия мектептері ашылды. Арнаулы- орта білім беру жүйесі көп жағдайда жаңадан құрылуы ғимарат, оқулықтар мен оқу құралдары, көрнекі оқу-тәжірибелік шеберханалар, тереңдетіліп оқылатын мамандықтар бойынша пән мұғалімдері жетіспеуі сияқты мәселелер 20-30 жылдары құрылған Семейдегі техникумдарда жаппай сипат алды. Осы мәселелер қатарына ерекше тоқталатын жай - ол оқушы жастар еді. Техникум оқушылары ғимарат тапшылығынан бірнеше аусыммен кейде басқа техникумдар бір үйде ашылғандықтан араласып та оқыды. Степендия көлемі өте аз болды. Кеңестік партия мектебінде жатақхана жетіспегендіктен аядай бөлмелерге мөлшерден тыс бірнеше адамды тұрғызу, тіпті үй астындағы терезелері жоқ төлелерде тұруы оқушы жастар арасындағы өкпе аурулары мен қан аздығына байланысты аурулар көп болды. Оқушы жастардың көпшілігі ауылды, селолық. жерлерден келгендіктен, техникумға қабылданатындай дәрежедегі білімдері болмағандықтан, сабақ процесі аяқталған. Қазақ жастарын оқуға тарту мақсатында ашылған оқу орындары (Казпедтех) немесе техникумдағы арнайы қазақ сыныптары мен дайындық бөлімінде ана тілді мамандар жетіспеуінен сабақ процестері орыс тілінде жүргізілді. 1924 жылы қазақ тілін латын графикасына көшірілуі, ал 1940 жылы кирилицаға өтуде көптеген қолайсыздықтарды туғызды. Осы кездің замандас жастары 20 жыл ішінде жаңа алфавитті үш рет меңгеруіне тура келді. Осындай қиыншылықтарға қарамастан, жылдан-жылға оқушы жастардың білім алуға, біліктіліктерін көтеруге деген құлшыныс, талап өрлей түсті.

1925 жылы Орыс жағрапиялық бөлімнің Семей бөлімшесінің құрамында 143 адам болды. Олардың 4 құрметті, 89 нақты мүшелері болды. Көрнекті мәдениет, әдебиет және өнер қайраткерлері - Ш.Айманов, Ж.Шанин, М.Тұрғымбаев. Ә.Ермеков. Ә.Сәтбаев. республикаға танымал ағайынды Николай және Виктор Белослюдовтар, Б.Герасимов, суретші Н.К.Кругильников, Қазақстанның тұңғыш әйел-журналистерінің бірі Н. Құлжанова және т.б. Семей жағрапия қоғамының мүшелері болды. Көрнекті математик, КСРО АПН профессоры А.И.Маркушевич бөлімнің ғылыми қызметкері және мүшесі болды.

1916-1925 жылдар аралығында бөлімнің төрағасы қызметін атқарған өлкетанушы Б.Герасимовтың Орыс жағрапия қоғамының Семей бөліміне сіңірген еңбегі зор. Өлкетану саласында көп жылдық жемісті қызметі үшін 1923 жылы Ғылым Академиясы жанындағы Орталық өлкетану бюросының корреспондент мүшесі болып сайланады және Орталық жағрапия қоғамының күміс және алтын медальдарымен марапатталады. 1937 жылы 28-тамызда контрреволюциялық қызметке қатысы бар деп тұтқындалып, 1938 жылдың 1 -қаңтарында жазықсыз атылып кетті.

Семей жағрапия қоғамы өзінің ғылыми еңбектерін "Жазбалар" атты жинақпен баспадан шығарып отырды.

Елді индустрияландыру материалдық шикізат базасын кеңінен зерттеуді талап етті. Осы мақсатта тұрақты ғылыми-зерттеу орындары құрылды. 1930 жылы ғылыми-зерттеу мекемелері республика бойынша 199 болса(оның 5 ғылыми- зерттеу институты 24 тәжірибе станциясы, 170 лабороториялар) 1932 жылы олардың саны 213-ке жетті [9]. Семей округі бойынша ғылыми-зерттеу орындарынан жер, мал шаруашылығы бөлімдерінен құралған ауылшаруашылық станциясы, сонымен қатар сүт тәжірибе лабороториясы мен бақша зиянкестерін зерттеу мекемелері жұмыс істеді. Өкімет тарапынан да зерттеу бойынша арнайы комитет табиғи, климаттық, губернияның геологиялық байлығын зерттеуде

өсімдік және жануар әлемін танып, білуде көптеген жұмыстар атқарылды. 1926 жылы профессор Ф.Г.Доброженский басқарған экспедиция жергілікті малдарды зерттеп, Павлодар уезінен басқа Семей губерниясының барлық уездерінде больш, 2900 шақырым жер жүріп 1778 малды тексеріп, 138 түрлі жүн мен сүттің анализдерін алды [10]. 1933 жылы Семейде өсімдіктерді зерттеу станциясы құрылды. Бұл станция өсімдіктердің өсуі және олардың көптеген жаңа түрлерін зерттеп, жабайы өсімдіктерді қолдан өсіру, пайдалы өсімдіктер енгізу сияқты жұмыстар жүргізді. Ал егін шаруашылығын тиімді және өнімді дамытуда 1937 жыл құрылған Селекция станциясының маңызы зор болды.

1 Шимашева Р.С. *Қазақстан Республикасындағы педагогикалық училищелердің даму тарихы. (1920-1970 жж.). -Тар.ғыл. кан. ғыл. дисс. авторефераты. –Алматы, 2003. -28 б.*

2 Дүкенбаева З.О. *Шығармашылық одақтардың қалыптасуы және оның Қазақстан мәдениетіне тигізген ықпалы (1920-1930 жж.). -Тар.ғыл. кан. ғыл. дисс. авторефераты. –Алматы, 1994. -23 б.*

3 Каирханова А.Д. *Создание и развитие сети культурно-просветительных учреждений в Казахстане (1920-1932 гг.). Исторический опыт и проблемы. -Автореф. дисс. на соиск. учен. степ. канд. ист. наук. Алматы. 1993. -24 с.*

4 Утеғалиева А.Д. *Культурно-организаторская деятельность Темирбека Жургенова. -Автореф. дисс. на соиск. учен. степ. канд. ист. наук. -Алматы. 1996. -22 с*

5 *Усть-Каменогорск современный Страницы славной истории посвящается 285 летию города Усть 2004 издание*

6 Алексеенко Л.Ф. *Знаменитой до-и (40 летие провозглашения Советской власти в Усть-Кам.) – Знамя коммунизма. 1958, 1 апреля.*

7 Алексеенко.Н. *изд. Каз-н. Усть-Каменогорск. 1970 г. 11,71.*

8 *Штрихи к портрету города. Усть- Каменогорску 250 лет (1920-1990) Усть-Каменогорск, 1990. – 45,49, 71.*

9 С. Сейфоллаұлы. *Қазақ арасындағы сауатсыздықты жою.*

10 Қ. Кеменгерұлы. *Мектеп қай тілде болу керек. Еңбекші қазақ. 1927, 1 ақпан.*

Резюме

Предпосылки для создания учебных заведений в Семипалатинской области и развитие образования (1930 - 1940 годы)

Бабаханов Е. - Старший преподаватель

В статье рассматриваются развитие образования в Восточном Казахстане и предпосылки создания учебных заведений в 1930-40 годы . Ликвидация неграмотности тоже является первым этапом культурной революции в восточном Казахстане.. Учителя, а также представители интеллигенции по разному принимали победу: одни радости, второй протест, другие, оглядываясь назад, не более упражнений беспристрастности. Многие из учителей требовали свободы политических мыслей и идей. Большевистское правительство объясняет ошибку умеренно учителя придерживаться позиции, открыл педагогические курсы повышения квалификации. Курс "Красный учитель" открыт весной 1920 года в Семипалатинске. Далее автор всестороннее характеризует предпосылки для создания учебных заведений в Восточном Казахстане и развитие образования.

Ключевые слова: Ликвидация, неграмотность, учитель, ВКО, Казахстан, образования.

1930 - 1940 years prerequisites for the establishment of educational institutions in and the Semipalatinskoi development of education

Babakhanova E. - Senior Lecturer

The article discusses the development of education in East Kazakhstan and prerequisites for the establishment of educational institutions in the years 1930-40 . More qualitative than quantitative growth to eradicate illiteracy in the city, it is difficult to say that was the case, according to the requirements. Illiteracy and financial assistance to organizations that have offices and business leaders presence, not contracts in a timely manner; illiteracy point often casual or temporary employment, and even premature quality of literacy work; Lack of proper methods of communication and co-operation between the detrimental illiteracy in such adverse conditions. Illiteracy is the first stage of the Cultural Revolution. Bolshevik government education system. changed eradicate industry. Teachers as well as representatives of the intellectuals of the victory of the proletarian revolution was different: some joy, the second protest, others looking back not over exercise impartiality. Many of the teachers demanded the freedom of political thoughts and ideas. Bolshevik government explaining the error moderately teachers adhere to the position, opened the pedagogical refresher courses. "Red teacher" course was opened in the spring of 1920 in Semipalatinsk.

УДК 574.91.02.

СУДЬБА ВОЕННОПЛЕННЫХ ПОСЛЕ ОКОНЧАНИЯ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ

Бердиева А.Н. - Магистрант 2-курса Факультета истории, археологии и этнологии
Казахского Национального университета имени аль-Фараби г. Алматы, Aynura.001@mail.ru

Я не изменял Родине, не принимал присяги на верность врагу,
не держал в руках оружия, не совершал ни одного действия,
которое нанесло бы вред моему народу.
Айткеш Толганбаев.

Автор в своей статье исследуя судьбы военнопленных после окончания войны, раскрывает победу СССР над фашистской Германией в странах Европы советское правительство направляет в страны Европы военных из высших чинов, которые заверяют бывших военнопленных, что никаких наказаний к ним не будет применено. ЦК КПСС посылает письма в центральные комитеты братских коммунистических партий в европейских странах с просьбой предоставить самые полные списки бывших советских красноармейцев, участвовавших в партизанских движениях их стран.

Также в статье раскрывается тот факт, что за год до окончания войны, летом 1944 года, была разработана, и введена в действие новая система фильтрации и проверки органами государственной безопасности всех возвращающихся военнопленных и репатриированных лиц и после войны режим проверки и фильтрации был ужесточён. В то же время, стали повсеместно создаваться контрольно-пропускные пункты, а в приграничной полосе на советской территории – сеть проверочно-фильтрационных пунктов. После распада СССР и обретения Казахстаном независимости, в мае 1992 года Прокуратура Республики Казахстан вынесла справедливое решение о реабилитации военнопленных.

Ключевые слова: судьба, военнопленные, правительство, Европа, страны, советские граждане, государственная безопасность, реабилитация.

После победы СССР над фашистской Германией в странах Европы советское правительство направляет в страны Европы военных из высших чинов, которые заверяют бывших военнопленных, что никаких наказаний к ним не будет применено. Люди хотели верить и поверили, что их ждут на Родине. ЦК КПСС посылает письма в центральные комитеты братских коммунистических партий в европейских странах с просьбой предоставить самые полные списки бывших советских красноармейцев, участвовавших в партизанских движениях их стран.

Советские эмиссары организуют специальные службы, где используют бывших военнопленных, перешедших на сторону партизанских движений в Европе. Эти службы занимаются репатриацией бывших советских граждан [1]. После возвращения на Родину бывшие военнопленные или вообще люди, критически оценивающие деятельность Советской власти, были под постоянным надзором НКВД.

Назвать хотя бы приблизительную цифру, погибших военнопленных сложно. На этот счет есть данные советского Генштаба и есть сведения вермахта. Они разнятся. Вплоть до того, что немецкие архивы указывают численность советских военнопленных около 5 миллионов человек, без деления на этнические группы. А советские архивы приводят совершенно другое количество – 4 миллиона. Как видите, разница весьма существенная – 1 миллион человек. Что касается погибших. Более или менее приблизительные данные приводит известный казахстанский ученый-демограф Макаш Татимов. Он говорит, что 350 тысяч казахов погибло на фронтах войны и в плену. Советская историография считает, что порядка 9% – это невозвращенцы [2].

Вернувшиеся на Родину «туркестанцы» никакой политической деятельностью не занимались, нарушения законов не допускали. Они знали, что за ними ведется слежка, и поэтому были «тише воды и ниже травы».

И естественно, советская бюрократия не собиралась придерживаться каких-либо цивилизованных норм человеческого общежития, как пишет Б.Аяган[3].

Собранный в 1945-1946 годах материал по Казахской, Узбекской, Киргизской и Туркменской ССР к 1947 году был объединен воедино. Сталинские органы очень любили так называемые «объединенные». Они квалифицировались как пленные солдаты вражеской армии и попадали под действие «Временной инструкции о порядке содержания в специальных лагерях НКВД бывших военнослужащих Красной армии, находившихся в плену и окружении противника», утверждённой 13 января

1942 года Наркомом внутренних дел Л.П.Берия. Создаётся сеть специальных лагерей. Поток возвращающихся в Советский Союз военнопленных и репатриированных резко увеличивается, начиная с 1944 года, в связи, с чем перед органами НКВД, НКГБ и военной контрразведывательной службой «СМЕРШ» (сокращённо от «Смерть шпионам!») была поставлена задача проверки каждого прибывающего. Речь шла уже не о десятках, а сотнях тысяч, миллионах граждан, жестокое, бесчеловечное отношение к военнопленным сохранялось и многие годы после победы [4].

Ещё за год до окончания войны, летом 1944 года, была разработана, затем введена в действие новая система фильтрации и проверки органами государственной безопасности всех возвращающихся военнопленных и репатриированных лиц. После войны режим проверки и фильтрации был резко ужесточён. На пограничной линии создавалась сеть контрольно-пропускных пунктов, а в приграничной полосе на советской территории – сеть проверочно-фильтрационных пунктов (ПФП). Специальным постановлением устанавливалось, что питание лиц, содержащихся на ПФП, осуществлялось по нормам ГУЛАГа. Доставка граждан в ПФП осуществлялась под конвоем войск НКВД, НКГБ и «СМЕРШ» под руководством представителя НКВД [5, С. 104].

Организаторы процесса в русле продолжения судов конца 1930-х годов постарались придать мероприятию большой вес, объявив процесс «историческим возмездием народа за измену Родине и великому делу Ленина». К суду были привлечены участники «Туркестанского Национального комитета» и «Туркестанского национального совета» и члены «Туркестанского легиона». Состав привлекаемых был совершенно различным: кого-то арестовали после возвращения из плена, кого-то вывели из сталинских лагерей. Н. Сейтов, который до войны был министром в правительстве Казахстана, поэты и писатели, такие как Х. Абдуллин, А. Абдуллаев. Среди осуждённых были ученые, учителя, и музыкант Айткеш Толганбаев.

Процесс проводился на закрытом заседании Туркестанского военного трибунала без участия сторон и защиты. В составе трибунала, как вспоминает А. Толганбаев, были председательствующий генерал-майор юстиции Хасбулатов, члены суда полковник Катков, майор юстиции Деброденев, секретарь Шахонин. Обвинительное заключение подписал полковник Сакенов. Позже он стал генерал-майором КГБ [5, С. 104]. Суд начался 8 апреля 1947 года и был завершён 18 апреля того же года. То есть процесс длился всего 10 дней и завершился осуждением 49 человек. Все они были осуждены по тяжелейшей статье 51 и 58–1 Уголовного Кодекса РСФСР. Проще говоря, их причислили к «врагам народа» и присудили к расстрелу. Это были ученый Тыныбеков Хаким 1914 г.р., уроженец Кургалжинского района Акмолинской области, Колдыбаев Артур, Бекбосынов Сатыбалды, Сейтов Нуркан, Жаманкулов Зунум – всего 11 человек [6].

Позже расстрел был заменен на 25 лет лагерей.

Как отмечали оставшиеся в живых туркестанцы, следствие проводилось с применением пыток и грубых издевательств. Обвинены они были во всех смертных грехах: в шпионаже в пользу иностранного государства (А.Толганбаев), в попытке совершения диверсии, агитации и тому подобных действиях. Попытки заключенных защитить себя пресекались на корню [7, С. 104].

Остальных, 38 человек, приговорили к различным срокам заключения от 7 до 25 лет [6].

Через несколько дней приговоренных отправляли по этапу, как правило, в Сибирь, Забайкалье... А в казахстанские лагеря под строгим конвоем двигались такие же жертвы из Прибалтики, Украины, Кавказа, России.

Расправа с «туркестанцами», бывшими легионерами да и со всеми бывшими военнопленными, отразилась на судьбе Айткеша Толганбаев. Следствие, несмотря на свидетельские показания Артура Колдыбаева, совершенно не приняло во внимание участие А. Толганбаева во французском сопротивлении. Не стало следствие опрашивать и работников Особого отдела военной миссии в Италии, которые могли бы подтвердить невиновность солдата.

В 1970 году А. Толганбаев разыскал бывшего советского посла в Италии М.А. Костылева. Этот человек много хорошего сделал для Айткеша. В частном разговоре с Толганбаевым бывший посол произнес:

– Хотите правду? Я тогда знал, что по возвращении в Союз вас арестуют.

– Знали? И даже не намекнули мне?

– Не имел права. Если бы сказал, мне пришлось бы очень плохо. Единственное, что пытался для вас сделать – оттянуть отъезд... Это счастье, что вы уцелели» [8].

Суд должен был состояться обязательно. И главной целью суда было не столько достижение объективности, сколько нагнетание страха и демонстрация мощи власти. И Айткеш Толганбаев был

осужден по статьям 58-16 и 58-10, ч.2, 58-11 Уголовного Кодекса РСФСР» в измене Родине в форме перехода на сторону врага, антисоветской пропаганде, агитации и шпионаже» [7, С. 103].

Несуразность и ошибочность обвинения, кстати, была признана позже самими властями.

В 1955 году после смерти «великого вождя» Иосифа Сталина Председатель Президиума Верховного Совета СССР Климент Ворошилов подписал Указ «Об амнистии советских граждан, сотрудничавших с оккупантами в период Великой Отечественной войны 1941-1945 гг.», где в приложенном постановлении разъяснялось применение указа к военнослужащим Советской Армии и Флота, сдавшимся в плен врагу. Военнослужащие, осужденные за сдачу в плен по статьям 1922 и 58-16 Уголовного кодекса РСФСР и соответствующим статьям уголовных кодексов других союзных республик, подлежали освобождению со снятием судимости и поражения в правах. Странно, но на этот раз все следственные дела, даже не рассмотренные, подлежали прекращению.

Этот Указ позволил многим бывшим военнопленным, оставшимся в живых, выйти из лагерей. Конечно же, за долгие 9-10 лет с момента окончания войны и до Указа 1955 года многих уже не было в живых. Распались их семьи, разрушились человеческие связи.

Но и этот Указ оказался половинчатым. Освобожденные из лагерей, бывшие пленные не были полностью восстановлены в гражданских правах. Они были «под надзором» партийных и компетентных органов и серьезно ограничены при занятии должностей. Тем не менее, они служили своей стране, кто как мог в силу своих возможностей.

На основании Указа Президиума Верховного Совета СССР от 17 сентября 1955 года за №17/09 Айткеш Толганбаев из мест лишения на Сусумане бы освобожден досрочно по амнистии. Но он очень долго добивался своей реабилитации.

Согласно заявлениям потерпевшего, в 1957-1972 годы КГБ Казахской ССР и ЦК КПСС проводилась проверка архивного уголовного дела в порядке надзора, в том числе и дополнительное расследование. И как официально было признано: «Ваша причастность к спецслужбе иностранного государства и шпионажа подтверждения не получила».

Тем не менее, продолжало оставаться обвинение в «форме перехода на сторону врага и антисоветской агитации и пропаганды», в связи с чем в пересмотре уголовного дела было отказано.

И только после распада СССР и обретения Казахстаном независимости, после обращения к Президенту страны Н.А. Назарбаеву в мае 1992 года Прокуратура Республики Казахстан вынесла решение:

«Приговор Военного трибунала Туркестанского военного округа и последующие судебные постановления в отношении Толганбаева Айткеша признать необоснованными. В связи с чем, на основании статьи первой Указа Президента СССР от 13 августа 1990 года «О восстановлении прав всех жертв политических репрессии 20-50-х годов он реабилитирован».

Ему было 72 года. И как пишет сам А. Толганбаев в своей «Исповеди» за восстановление чести и справедливости он боролся сорок лет и тридцать три дня – более половины прожитой жизни» [9].

Алим (Ғалымжан) Алмат, музыкант, после войны переехал в Турцию. Он женился на ногайке, родились дети. Алим (Ғалымжан) Алмат был в постоянной переписке с Марией Чокай и помогал ставить памятник Мустафе Чокаю. Телеграмму о смерти Марии Чокай приют международного Красного Креста направил именно ему. У Марии Чокай никого не было, кроме этих соотечественников-казахов. Сейчас Алим (Ғалымжан) Алматы больше 90 лет. Он живет в Турции.

Манас Нугманов, оставив жену-француженку, вернулся на Родину, был осужден, провел 10 лет в лагерях. Его дочь Моник Легра-Нугманов долго искала отца. Судьба этих людей нашла отражение в фильме «Ради горсточки земли» [9].

На сегодняшний день систематизированных данных нет. Сколько среди них было казахов, киргизов, узбеков, туркменов и представителей других тюркских национальностей до сих пор обобщенных сведений такого рода нет. За исключением данных уполномоченного по делам репатриантов и хранятся они в Государственном архиве Российской Федерации. Так вот, по ситуации на 1 февраля 1946 года там даются данные, сколько было репатрировано бывших военнопленных с территорий европейских стран в СССР. Вот эти данные точные. Там говорится о 26 тысячах казахов. Это официально зафиксированные данные. Там же приводятся данные, сколько человек было репатрировано уже не по национальному признаку, а по выходцам из советских республик. На эту же дату указывается цифра 43 тысячи человек были репатрированы в КазССР. Считайте разницу, которая показывает численность представителей других этнических групп из Казахстана [2].

Эти люди пережили войну и что же ожидало их по возвращении домой после войны, которая их не ждала, не доверяла, проверяла, содержала в лагерях, а затем, проверив и поверив отпускала на свободу. Кто-то, предчувствуя свою горькую судьбину на Родине, не возвращался туда, выживал, жил на чужбине с незаживающей раной в сердце, которую нанесла ему судьба.

1 Садыкова Б. *Забывшие жертвы Второй мировой: Согласно различным источникам, в период с 22 июня 1941 г. до нач. февраля 1945 г. в нацистский плен попало свыше 5 734 528 красноармейцев, из которых одну треть сост-ли туркестанцы // Деловая неделя. – 2005. – 15 апр. (N 15). – С. 2.*

2 «Малоизвестные страницы истории войны» – «Культпросвет». Интервью с д.и.н. профессором, Мендикуловой Гульнаррой. <http://radiotochka.kz/>

3 Аяган Б.Г. *Люди вне закона: Об архивных рукописей в фашистском плену солдат ВОВ // Экспресс К.– 2006. – 5 мая. – С. 8*

4 Аяган Б.Г. *Красные и черные: Материалы Гуверовского архива / Аяган, Буркитбай – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2005 . – 240 с.*

5 Садыкова Б. *Мир мертвых и живых //Участие казахов во второй мировой войне в странах Западной Европы: сб. материалов круглого стола/ [под ред. Г. М. Мендикуловой; авт. ст. Г. М. Мендикулова [и др.]; КазНУ им. Аль-Фараби;– Алматы: Қазақ университеті, 2014. – С. 96-108.*

6 *Туркестанский легион: горькие страницы войны* <http://e-history.kz/>

7 Толганбаев А. *«Исповедь судьбы жестокой». А., Казахстан, 1993. – 112 с.*

8 Садыкова Б. *Пропащие без вести // Деловая неделя. – 2011. – 6 мая. – С. 12*

9 Садыкова Б. *Расстрельные списки Сталина. С какой целью фальсифицировались судебные процессы // Деловая неделя. – 2012. – 20 января (№ 3). – С. 10,11*

Түйіндеме

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әскери тұтқындар тағдыры

Бердиева А.Н.

Автор өз мақаласын соғыс аяқталғаннан кейінгі кезеңде әскери тұтқындар тағдыры мәселесіне арнаған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары адамзаттың экономикалық жағдайы нашарлап, өнеркәсіп, тұтас қалалар қирап,, ауыл шаруашылығы дағдарысқа ұшырайды. Соған қарамастан, елдегі әскери тұтқындар мәселесі де өзекті болып қала береді. КСРО-ның фашистік Германияны ойсырата жеңген сәтінен бастап-ақ, кеңес үкіметі Еуропа елдеріне жоғары шенді әскери тұтқындарды жіберіп, олардың өмірі қауіпсіз екендігін сендірумен келді. КОКП ОК бауырлас коммунистік партия орталықтарына да партизан қозғалыстарына қатысқан кеңестік қызыл әскерлер жөнінде мәліметтер жіберуін талап еткен хаттар жолдайды.

Сондай-ақ, бұл мақалада соғыс аяқталғаннан кейін, 1944 жылдың жазында мемлекеттік қауіпсіздік комитеті елдеріне оралған әскери тұтқындар мәселесіне қатысты қызметтің қатаң белең алғандығын, оларды қадағалаудың жаңа тәртібі жүйесі, жер-жерлерде бақылау-өткізу пункттері және Кеңес Одағының шекаралық бөліктерінде тексеру-қадағалау пункттері құрылғандығы айтылады.

Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, 1992 жылдың мамыр айында ҚР әскери тұтқындарды ақтауға қатысты шешімдер шығарылып, ендігі кезекте оларға жаңаша көзқарас қалыптастыру қажеттілігі туындады.

Кілт сөздер: әскери тұтқын, тағдыр, үкімет, Еуропа, елдер, кеңес азаматтары, мемлекеттік қауіпсіздік, ақтау.

Summary

Fate of prisoners of war after completion of the second world war

Berdieva A.N.

Author in the article people outlived war and what expected them after return home after war, that they did not wait, did not trust, checked, contained in camps, and then, checking and believing released on freedom. Someone, having a presentiment the rough luck on Motherland, not state there, survived, lived on strange land with an unhealing wound in a heart, that was.

Also an author examines in the article of Yet for a year to completion of war, in summer of 1944, was worked out, the new system of filtration and verification is after put in an operation by the organs of state security of all returning prisoners of war and repatriated persons. After war the mode of verification and filtration was sharply toughened.

Then after disintegration Soviet Union and finding of independence Republic of Kazakhstan examined frontier line the network of check-points was created, and in a border-line stripe on soviet territory is a network of verification-lauter points.

Keywords: people, soviet territory, state security, the new system of filtration.

УДК 94(574) (09)

КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ ОТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

А.Боранбекқызы – Абай атындағы ҚазҰПУ бМ011400-тарих мамандығының 1-курс магистранты
93.ainur@mail.ru

Мақалада отандық ғалымдардың Еуразияның далалы аймағында мекен еткен көшпелілер жайында кеңестік кезеңде және тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында жазылған еңбектері сараланып, көшпелілердің мемлекеттілік мәселесі қозғалады. Отандық тарих саласындағы көшпелілер мемлекеттігіне байланысты негізгі ұстанымдар көрсетілген. Ғылымда қалыптасқан көшпелілер жайындағы еуроцентристік түсініктерге тоқтала келе, қазіргі заманда көшпелілерге байланысты жүргізілген кейбір зерттеулердің нәтижесі баяндалады. Орталық Азияда әртүрлі уақыт аралығында мекендеген көшпелілер қоғамының құрылымдық жүйесі қарастырылған. Мемлекеттілік ұғымына кеңестік кезеңде және тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында жазылған пікірлер сараланған.

Түйін сөздер: көшпелілер феномені, мемлекеттілік, империя, қағандық, шаньюй, күнби, қаған, заңдар жинағы.

Мемлекеттілік мәселесі күні бүгінге дейін тарих ғылымының маңызды зерттеу нысандарының бірі. Отандық ғалымдар тарапынан мемлекеттілік, соның ішінде көшпелілер мемлекеті жөнінде көптеген еңбектер жазылды. Алайда, кей жағдайларда олардың ғылыми көзқарастары мен жасаған тұжырымдары сәйкес келе бермейтіні анық. Дегенмен, мемлекеттілік мәселесін шынайы әрі ғылыми тұрғыдан талдап, тың тұжырым жасау үшін отандық зерттеушілердің еңбектеріне назар аударған жөн. Отандық тарих саласында мемлекеттілік мәселесі тарихымыздың зерттелуі қолға алына бастаған өткен ғасырдың 40-шы жылдарынан бастап күні бүгінге дейін жазылып келе жатқан еңбектерде зерттелініп келеді. Зерттеу еңбектерінің бірқатары кеңестік кезеңге тиесілі болса, бірқатар бөлігі тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде жазылды. Осы тұрғыдан алғанда еңбектерді саралап, оларда жазылған пікірлерге назар аударғанымыз жөн.

Ежелгі Еуразияның ұлан-байтақ аймағын мекен еткен көшпенділер қай заманда болса да зерттеушілердің қызығушылығын тудырып келді және бұл қызығушылық әлі де кеміген жоқ. Мемлекеттілік мәселесіндегі тұжырымдамалардың басым көпшілігі батыстық ғалымдардың ой-көзқарастары арқылы өлшеніп келді. Яғни, еуропалық ғалымдар біраз уақыт бойы «Мемлекеттілік ұғымы тек отырықшы елдерге ғана тән, ал көшпелі өмір салтындағы елдер мемлекеттілік деңгейіне жете алмады» деген пікірде болды, тіпті кейбірі бүгінгі күні де сол пікірде. Осындай еуроцентристік көзқарастың салдарынан көшпелі өмір салтында өмір сүрген халықтар жөнінде «өркениеттілік» деңгейіне жете алмады деген пікір қалыптасты. Мұндай ауқымы кең мәселеге тек біржақты көзқарас негізінде баға беру қате пікір болып табылары сөзсіз. Мемлекеттілік ұғымын еуропалықтар өздерінің мемлекет ретіндегі қалыптаса бастаған кезеңімен ғана сыйпаттайды. Олардың бұл ойлары мемлекет тек отырықшы елдерге ғана тән дегенді меңзейді. Ал, тарихқа көз жүгіртіп қарайтын болсақ тіпті жеке-жеке кішігірім қалардың өзі мемлекет ретінде өмір сүргендігі, сонымен қатар көшпенділер мемлекеттілігі болғандығы, олардың да өзіне сай басқару амалдары болғандығы мәлім. Осы жерде «қазақтарда мемлекет болмады» дейтін ғалымдар арнайы батыстық үлгі негізінде жасалынған «классикалық анықтама» негізіндегі тар түсініктен шыға алмағандығын аңғарамыз. Ұлы даланы мекен еткен көшпелілердің мемлекеттілік дәстүрінің зерттелуі ортақ жүйеге түскен жоқ. Шын мәнісінде, көшпенділердің мемлекет құру дәстүрі тым тереңде болса керек. Кеңестік кезеңде, яғни өткен ғасырдың 40-шы жылдарынан бастап көшпелілердің қоғамдық-саяси тарихы зерттеле бастады.

Осы орайда отандық тарихнаманың кеңестік кезеңінде алғашқылардың бірі болып жазылған «История Казахской ССР» еңбегіне назар аударсақ. Бұл еңбекте қазақ жерінде алғашқылардың бірі болып мекендеген сақтар алғашқы қауымдық қоғам қалпында өмір сүрген тайпалар одағы деп баяндалады [1,45]. Сонымен қатар қаңлылар мен үйсіндер «көсемдік» басқарудағы алғашқы қауымдық-қоғам құрлысында өмір сүрген тайпалық одақтар» ретінде сыйпатталады. «Усуны имели верховного вождя, которому подчинились все племена, входившие в усуньский союз» дегені соның айғағы [1,49]. Ал, хұннұларға феодалдыққа дейінгі «варварлық мемлекет» ретінде қарайды. Сонымен қатар бұл мемлекеттік құрылымға да «көсемдік», яғни билік басында «шаньюй» мәртебесін алған «көсем» тұрды деп баға берілген [1,51-49]. Бұл кітап авторларының пікірінше, көшпелілердің билік

жүйесі тайпалық жүйенің негізінде құрылған дегенге саяды. Бұл нұсқаға назар аударсақ, жоғарыда аты аталған бірлестіктердің біреуіде мемлекеттік құрылымға жете алмаған деп сыйпатталса, алып хунну державасының өзін мемлекет ретінде танытқысы келмеген. Орталық Азияда құрылған Түрік қағандығы жайында «В середине VI века н.э на обширных пространствах Азии образовалось могущественное варварское дофеодалное государство» [1,56] дей келе бүгінгі Қазақстан аумағы тұтастай түрік қағандығына кіргендігін жазады. Сонымен қатар бұл еңбекте Көшпелі түрік державасының басшысы «қаған» деп аталады, соған байланысы мемлекетте «Түрік қағандығы» деп аталынғандығын сыйпаттай отырып, кейінірек шығыста кеңінен таралған «хан» сөзі «қаған» сөзінен шыққандығы айтылады [1,57-58]. Түркештер «көсемдік» басқарудағы тайпа ретінде, ал қыпшақтар тайпалық одақ ретінде сыйпатталынған [1,60-64]. Шыңғыс қаған құрған Моңғол империясы жайында «К этому времени в степях Монголии создавалось могущественная держава Чингиз хана» дейді, бірақ бұл мемлекетке тек жаулап алушылық жорықтар жасады деген баға береді [1,70]. Алтын орданы мемлекет ретінде байланыстырып тұрған ешқандай ортақ дүниесі жоқ, саяси билігі әлсіз дейді [1,79]. Дегенмен Ертістен Дунайға дейінгі алқапта 2 ғасырдан аса өз билігін жүргізген бұл мемлекет тек Ақсақ Темір шабуылынан кейін ғана әлсіреген болатын, оған дейін өз үстемдігін жүргізіп келді. Моғолстан Шағатай ұлысында Шыңғыс әулетінің билігінің толықтай аяқталып, билікке жергілікті түрік тайпаларының келуінен қазіргі Қазақстан аумағының оңтүстік-шығыс аймағында қалыптасқан мемлекет ретінде сыйпатталған [1,83]. Дегенмен бұлжытпай орындалатын дала заңы аясында таққа тек Шыңғыс ұрпақтарының отыруға құқы болды. Ал, Қазақ хандығын қазақ қоғамын саяси біріктірген, өзіндік заңдар жүйесі бар ел деп қарайды [1,139].

Ғылымда қалыптасқан түсінікте көшпелілер яғни тарихтағы түрік-моңғол тайпалары жайында отырықшы өркениеттерді қиратушы, жоюшы деген біржақты түсінік қалыптасты. Ал, бұл халықтардың да көшпелі өмір салтындағы мемлекет болғандығын, адамзат қоғамының дамуы барысында өзіндік үлес қосқандығын көрсетеді. Еуразия даласын ежелден мекен еткен көшпенділердің құрған мемлекеттері өз деңгейінде мемлекеттік құрылымдарының шарттарына толық сай болған.

Көшпенділер өмір сүрген Еуразияның далалы аумағы орта ғасырларда «Дешті қыпшақ» яғни «қыпшақтар даласы» деп аталған болатын. Қыпшақтар қазақ даласында өте маңызды рөлге ие бола білді. Тіпті қазақ ұлтының шығу төркінін де осы қыпшақтармен байланыстырамыз. Белгілі тарихшы С.М.Ақынжанов өзінің еңбегінде Еуразияның шығыс жағында мекен еткен бұл тайпаның Орталық Азияда, Оңтүстік Сібірде, бүкіл Қазақстан даласында, Шығыс Еуропада болған тарихи үрдістермен тығыз байланысты екендігін атап көрсетеді [2,93-94].

Көшпелілер турасында еңбек жазған отандық тарихшылардың бірі Н.Масанов болатын. Ол өзінің еңбегінде Еуразия аумағында өмір сүрген көшпелілердің материалдық және моральдық құндылықтарына тоқтала кеткен. Н.Е.Масанов еңбегінің негізгі зерттеу объектісі ХҮІІІ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ даласындағы көшпелі өмір салты. «Коренное население Казахстана составляют казахи, один из крупнейших кочевых тюркоязычных народов Евразии» [3,52] деп келе қазақтардың көшпелі тұрмыс салтындағы өміріне кеңінен тоқталған. Н.Масановтың пікірінше ерте дәуірлердегі мемлекеттік құрылымдар өзі орналасқан аумақтың географиялық жағдайына тәуелді болды, сонымен қатар түркі тілдес ашина, теле, тоғыз-оғыз тайпалары негізінде «қағанат», «хандық» секілді мемлекеттік құрылымдар пайда болды [3,133-134]. Әдетте кез-келген мемлекеттің шекарасы болады, дегенмен ұлы даланы мекен еткен көшпелілер арасында нақты бір жердің иесі болу көзделген жоқ, өйткені көшпенді жұрт Ұлы даланы тұтастай өздерінің иелігінде ұстады. Еуразия даласында кеңінен таралған ескерткіштер, тас мүсіндер осының айғағы болса керек. Тұрмыс салтының көшпелі тіршілікпен біте қайнасып жатқаны көшпелі қоғамда отырықшылықтың дамуына мүмкіндік берген жоқ. Бірақ бұл көшпелі тұрмыс салтында мемлекеттік деңгейіне жете алмады деген мағына емес. Көшпелілер де өз алдына мемлекет бола білді, өздеріне тән басқару үлгісі болды. Әрбір тайпаның өз басшысы болды. Кең даланы мекен еткен көшпенді мал бағушы азықты жыл бойы іздеуі тиіс. Азық іздей отырып, ол ұзақ ізденеді, аумағын ауыстырады. Көшпенді өмір салты отырықшылыққа қарағанда аса шыдамдылықты талап етті. Сол себептен де, сайын далада құрылған мемлекеттік бірлестіктер қалыптасқан өзіндік дала заңдарымен астасып жатты.

ХІІІ ғасырда яғни 1206 жылы негізін Шыңғыс қаған қалаған алып Моңғол империясы пайда болды. Моңғол империясын Еуразиядағы көшпелілердің ең күшті мемлекеті деп атауға негіз бар. Шыңғысхан өзінің көзі тірісінде Еуразияның көптеген бөлігін атап айтар болсақ солтүстіктегі тайпаларды, Қытайды, Хорезм мемлекетін жаулап алған болса, ол қайтыс болғаннан кейін оның ұрпақтары жаулап алынған жердің аумағын батысқа қарай созды, ендігі жерде алып империя аумағы

Еуразияның шығысынан бастап батыстағы Дунайға дейін жалғасты. Шыңғысхан көзі тірі кезінде жаулап алынған жерлерді бәйбішесі Бөртеден туған төрт ұлына ұлыстар ретінде үлестіріп кеткен болатын, бір ғана Жошы ұлысының аумағы Ертістен Еділге дейін созылып жатты. Шыңғысханның ұрпақтары өздері жаулап алған жерлерінде мемлекеттер құрды. Шыңғысхан және оның ұрпақтары жайында кеңінен жазылған еңбек ретінде Т.Сұлтановтың еңбегін атауға болады. Шыңғысханның немересі Батудың 1236-1242 жылдары Батысқа жасаған жорығы сәтті болып, орыс кінәздіктерін өзіне салық төлеуге міндеттеп, Жошы ұлысының аумағында Алтын Орда мемлекетін құрды. Ал кіші ұлы Төленің балалары Құбылай Қытай жерінде Юань империясын құрса, Хулагу Таяу Шығыста өз мемлекетін құрды. [4.54-60]. Шыңғысхан салған империя аумағы Шыңғысханның ұрпақтарының есебінен Еуразияның ұлан-байтақ атыраптарына созылды. Тынық мұхит жағалауларынан батысы Дунайға дейінгі аумақта әскери техникасы мықты дамыған, қоғамдық қатынастары қалыптасқан мемлекеттер құрылды. Бір ғана Алтын Орданың аумағында кейінірек Ақ орда, Астрахан хандығы, Қырым хандығы, Әбілхайыр хандықтары өмір сүрді. Аты аталған хандықтар тарихта жеке-жеке мемлекет ретінде өмір сүруімен ерекшеленді.

Көптеген ғалымдардың пікірінше біз көп уақытқа дейін Қазақ мемлекеттілігінің бастау көзін Көне түрік және Батыс Түрік қағандығымен байланыстырсақ, ендігі жерде Есік қорғанында ашылған жаңалықтарға байланысты көшпелілер мемлекеттілігінің бастау көзін сақ тайпаларымен байланыстыруға да негіз бар. Төрт бірдей алтын адамның кездесуі Еуразия даласында мемлекеттік дәстүрдің ертеде басталғандығын көрсетеді. Ежелгі көшпенділер мемлекеті мемлекет жүйесінің түрлі сатыларынан өтіп, шыңдалған болатын. Сайын далада салтанат құрған көшпелілер мемлекеті Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы, Батыс Түрік, Түркеш, Қарлұқ, Қарахан, Оғыз, Қимақ, Қыпшақ және ерте феодалдық Керейт ұлысы, Найман хандығы, Моңғол империясы одан бергі Алтын Орда, Әбілхайыр хандығы, Қазақ хандығы атауларымен қалыптасып, мемлекет деңгейінде өмір сүрді. Шаруашылықтың біртіндеп дами отырып бір қалыпқа түсуі негізінде Орталық Азияда ертедегі таптық ірі бірлестіктердің құрылуына әкелді..

«Қазақ мемлекеттілігінің тарихы» еңбегінде қазақ даласында ежелден өмір сүрген тайпалар мен мемлекеттік бірлестіктер жөнінде кеңінен жазылған. Еңбекте «Тарихтың әрбір кезеңдерінде мемлекеттіліктің басты сыйпаттары немесе формалары өзгеріп отырады» [5.6-7] деп айтылғандай тарихта мемлекеттік ұйымдар бірінен соң бірі тарих сахнасына шығып отырды. Еңбекте хұндар жайында «Хұндар өз көршісі әрі ортағасырлық мемлекет деңгейіне әлдеқашан көтерілген отырықшы ел - қытайлармен 500 жыл бойы тепе-тең қарым-қатынаста болды. Хұндар отырықшы көршісіне жұтылып кетпегені былай тұрсын, айналасындағы көшпенділердің басын бір шаңырақ астында біріктіріп, ұлы Қытайдың өзін билеген кездері бар» дей келе хұндар үшін жер мемлекеттің негізгі байлығы болып саналғандығы баяндалған. Хұндар Еуразия аумағында қуатты держава құра алды, мұндай дәрежеге кейін Түрік қағанаты, Моңғол ұлыстық державасы да қол жеткізді. Көшпелілер мемлекеттігін дүние жүзі мойындай бастаған тұста мемлекет туралы маркстік ілім пайда болды. Маркстік ілімнің қағидалары бойынша, мемлекеттіліктің екі түрлі өлшемі ұсынылған. Яғни мемлекет біріншіден «тап тартысының», екіншіден меншік қатынастарының реттегіші ретінде танылады. Еуропалық ғалымдар көшпенділер мемлекеті жайында ғалымдар арасында көшпелілерде «еуропалық сыйпатта мемлекет болмаса да, Азия көшпелілерінде жайылым жерлерде феодалдық жер иелену сипатындағы жеке меншік түрі» болды деп бір тобы айтады, ал екінші пікірдегі ғалымдар көшпелілер мемлекеттілікке тек отырықшылыққа ауысқанда ғана қол жеткізе алды деп есептейді. [5.8-10].

Қазақ даласында бірнеше мың жыл аралығында қанашама тайпалар, мемлекеттік бірлестіктер өмір сүргендігін ескере отырып, олар қаншалықты дәрежеде мемлекет ретінде өмір сүре алды деген сұраққа жауап іздейміз. Енді отандық ғалымдардың бірлесе отырып жазған «Қазақстан тарихы» еңбегіне назар аударсақ. Бұл еңбекте қазақ даласында алғашқылардың бірі болып мекен еткен сақтар жайында «Тайпалық одақтар алғашқы қоғамның ыдырау заманының әлеуметтік ортақтығының жаңа және жоғарғы үлгісі болды» дей келе сақтар жайында олардың жаңа әлеуметтік үрдістерді қалыптастыра алғандығын жазды [6.225-226]. Еуразияның даласында сақтардан кейінгі уақыт аралығында хұн, үйсін тайпалары мекен етті. Хұннулар мен үйсіндер әр түрлі тайпалар мен этникалық-саяси құрылымдар кірген бірлестіктер болып өмір сүрген. «Үйсіндер, ғұндар қоғамдарының үлгісіндегі ежелгі көшпелі, ертедегі таптық бірлестіктердің басқа бір сыйпатты белгісі өзінше бір әкімшілігі мен күштеу аппараты бар мемлекеттіліктің қалыптасуы болып табылады» [6.247-260] делінген, яғни үйсіндерде, хұндарда мемлекеттіліктің бастауы болды. Келесі тайпа қаңлылар жайында қытай деректемелерінде «көшпелі иелік» деген атау қалыптасқа, бұл қаңлылар мәдениетінің көшпелі

сыйпатына байланысты айтылса керек[6.272-277]. Б.з ҮІ ғасырында Қазақстан жерінде алып держава, билеушілері ашин деп аталатын түрік тайпаларынан шыққан Түрік қағандығы құрылды. Мемлекеттіліктің негізгі белгілерінің бірі басқару аппараттарының болуы екендігін ескерсек, осы тұста еуразия сахарасында билігін жүргізген Түрік қағандығының басқарушысы жайында: «Батыс түріктері мемлекетінің бірінші басшысы – қаған, жоғарғы билеуші, билеп-төстеуші, әскербасы болды» делінсе, енді қағаннан кейінгілер жайында «Қағанаттағы жоғары лауазымдар-ябғу, шад, және елтебер»[6.301] делінеді. Бұдан аңғаратынымыз Түрік қағандығының арнайы басқару жүйесінің болғандығы. Басқару жүйесі тек Түрік қағандығында ғана емес, ғұн, үйсін мемлекеттерінде де болды, мысалы ғұндарда елді «шаньюй» басқарса, үйсіндерде ел басқарған басшыны «күнби» деп атады[6.245-260].

Б.з. дың ҮІ ғасырынан бастап Моңғол шапқыншылығына дейінгі кезең «түркі дәуірі» деп аталды. Бұл кезең қазақ даласында күрделі жүйелердің жүруімен ерекшеленді. Көшпелі өркениетпен қоса қала мәдениеті де дами түсті. Әлемдік өркениеттің бір бөлігі көшпелілер өркениеті одан әрі жетілдіріле түсті. Шаруашылықтың ортақтығы және этникалық жақындыққа байланысты тайпалардың бірігуі Түркі мемлекетінің құрылуына әкелді. Өз кезегінде Түркі империясы Орталық Азияда құрылған алғашқы ірі империя болды. Дегенмен ішкі талас-тартыстар, таққа талас Түркі қағандығының Батыс және Шығыс болып бөлініп кетуіне әкелді. Біз Қазақ елінің қалыптасу тарихын тікелей Батыс Түрік мемлекетімен байланыстырамыз. Батыс Түрік қағандығы әскери феодалдық мемлекет болды. Батыс Түркі қағанатының мемлекеттілік деңгейде өмір сүргендігінің тағы да бір дәлелі түріктердің өзіне тән ежелгі көне жазуы да болған. Бұны Білге қаған, Күлтегін тағы басқал Түрік қағандарының қалдырған көне түрік жазбалары дәлелдейді. «Түркі кезені» деп тарихта қалған бұл аралықта ұлы далада Қыпшақ, Оғыз, Қарақытай, Қарахан мемлекеттік бірлестіктері өмір сүрді. Түркі дәуірінде яғни, ҮІ-ХІІ ғасырларда Қазақстан аумағын мекендеген тайпалар мен халықтардың материалдық мәдениеті тек қана көшпелі тұрмысты ғана бейнелеп қоймайды, оның отырықшы халықтар мәдениетімен қарым-қатынасын және дүниежүзілік мәдениеттегі өзіндік ерекшелігі мен оған қосқан үлесін де анықтайды. Моңғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңде қазақ даласында ұлыстық негіздегі мемлекеттер қалыптасыты. Моңғол шапқыншылығы жайында «Қазақстан тарихы» еңбегінің 2-томында: «Моңғолдар далаға орталықтандырылған өкімет идеясын әкелді, бұрын ұйымдаспаған тайпаларды біріктірді, жаңа жағдайларға бейімделген дала заңдарын іске қосты»[7,95] делінген, яғни Моңғолдардан кейінгі уақытта Қазақстан аумағындағы мемлекеттерде мемлекеттік нормалары пайдаланылды. Қазақ даласында құрылған Алтын Орда мемлекеті ертедегі түрік мемлекеттігінің дәстүрлі жалғасы болды. Алтын Орда әлсірегеннен кейін оның орнында жаңа мемлекеттер пайда болды. Олардың алғашқысы Ақ орда. «Ақ Орда- моңғолдардан кейінгі кезеңде Қазақстан аумағында жергілікті этникалық негізде құрылған тұңғыш ірі мемлекеттік құрылым» [7,109]. Сонымен қатар бұл кезеңде Моғолстан, Әбілхайыр хандықтары өмір сүрді. Қазақстан аумағында мемлекеттілік дамуының тарихы тереңде жатыр. Қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен даму тарихын тарихты біз тек Қазақ хандығының құрылуымен байланыстырамыз. Қазақ хандығының құрылуы жөнінде аты аталған еңбекте: «Қазақ халқының қалыптасу процесі аяқталып, жергілікті этникалық негізде мемлекеттілік қалпына келтірілді»[7,100].

Көшпелі өмір салтындағы ұлы далада мемлекеттілік дәстүр ешқашан тоқтаған емес. Көне сақтардан бастап Қазақ хандығына дейінгі аралықта өмір сүрген мемлекеттік бірлестіктер өзіндік дала заңы аясында өмір сүрді. Қазақ даласында пайда болған Алтын Орда империясы да мықты орталығы бар мемлекет дәрежесіне көтеріле алды. Алғашқы астанасы Сарай-Бату қаласы болды. Тоғыз жолдың торабында орналасқандықтан мұнда шығыспен батыстан келетін керуен жолдары тоғысып жататын. Исламның мемлекеттік дін ретінде жариялануы білім-ғылымның одан арғы деңгейде дами түсуіне жол ашты. Орыс кінәздіктері Алтын Ордаға алым-салық төлеп тұруға мәжбүр болды. Алтын Орда империясы көп ұлттың басын қосқан, шығысы Ертістен басталып Дунай жағалауларына дейін жететін аумақты алып жатқан алып мемлекет болды. Орта Азияда билігі күшейген, моңғолдың түркіленген барлас руынан шыққан Әмір Темірдің жойқын соққылары мен өзара ішкі талас-тартыстар әсерінен Алтын Орда әлсіреп, оның орнында Ақ Орда, Сібір хандығы, Астрахан хандығы, Қырым хандығы, Әбілхайыр хандығы құрылды. Алтын Ордаға салық төлеп тұрған Орыс княздіктері де бағыныштылықтан босады. Қырым хандығы Осман империясына қосылған болса, Сібір және Астрахан хандықтары Ресей мемлекетінің құрамына енгізілді.

Алтын Орданың тікелей жалғасы Ақ Орданың құрамында бүгінгі таңдағы қазақ ұлтының қалыптасуында басты рөл атқарған тайпалар болды. Дал осындай тарихи жағдайлар кезеңінде ұлы дала мемлекетінің жалғасы ретінде Еуразияның жүрегінде Ақ Орданың заңды мирасқоры, бытырап жүрген қазақ руларының басын қосып ел болған Қазақ хандығы құрылды. Шу аңғарындағы

Қозыбасы жерінде туы тігілген Қазақ хандығының негізін Жошы ұрпақтары Керей мен Жәнібек қалады. Осылайша сан ғасырлар бойы Ұлы даланың егесі болған халық бір тудың астында жиналды. Қазақ хандығы өзіндік дала заңдарын «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы» қылып бекітіп, мемлекеттің керегесін нығайта түсті. Қазақ хандығы көптеген жылдар бойында Еуразия аумағында тұрмыс кешкен көшпелілер мемлекетінің заңды жалғасы болды.

Көшпелілер жайлы еңбектермен таныса келе тарихта көшпелілер құрған мемлекеттер өркениеттілік деңгейіне жеткендігін аңғарамыз. Тарих сахнасына бірінен кейін бірі келіп отырған елдердің өз заңдарының, басқару жүйесінің болуы осының айғағы болса керек. Кез-келген көшпелілер құрған мемлекетті алар болсақ, ол мемлекеттің өзіне тән билік жүйесі, әкімшілік құрылымы болды. Мысалы ежелгі хунну империясында патшаны «шаньюй» деп хан лауазымына пара-пар атады. Ежелгі үйсіндерде ең жоғарғы билеуші «күнбиден» бастап, барлық лауазым иелерінің мемлекетте өзіндік орны болды. Көшпелілердің Орталық Азияда құрған Түрік империясында әскери-әкімшілік жүйе болды. Империяны «қаған» биледі. Бұл дәстүр Моңғол дәуірінде өз сабақтастығын тапты. Моңғол империясының негізін қалаған Шыңғыс қаған мемлекетті басқару ісін бір орталыққа бағындыруға күш салды, түрік-моңғол тайпаларын «мыңдық» деп аталатын әскери-әкімшілік бөліктерге бөлді. Сонымен қоса Ұлы хан 1206 жылы жазбаша іс жүргізуді ұйымдастыра отырып, әдеттегі құқық ережелерін бекітті. Демек көшпелілердің жерінің аумағы жағынан да, саяси және әлеуметтік құрылымы жағынан да мемлекеттік талаптарға сай өмір сүргендігі. Еуразия көшпелілері өзара оқшау жатқан Батыс пен Шығыс өркениеттерінің арасындағы байланыстырушы қызметін атқара білді. Әлемдік өркениетте өзіндік дала дәстүрлеріне бағынған мемлекет құрғандығының анық көрінісі. Сөйтіп, көшпелілер мемлекеті жайында кеңестік кезеңде «тайпалар одағы, көсемдік басқарудағы ел, варварлық мемлекет» деп Маркстік көзқарас негізінде жазылды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде ғана көшпелілер құрған мемлекеттер жан-жақты зерттеліп, өз бағасын ала бастады. Дегенмен, бұл зерттеулер әлі де толық аяқталған жоқ.

1 История Казахской ССР.-Алма-ата: Казогиз,1943.-660

2 Акинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. -Москва: «Наука»,1989. -293

3 Масанов Н. Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества.- Алматы: «Социвест-Горизонт»,1995.-320

4 Султанов. Т. Чингиз хан и Чингизиды. Судьба и власть.- Москва: «АСТ» 2006. -445

5 Қойгелдиев.М, Қинаятұлы.З, Өскенбай Қ. Қазақ мемлекеттігінің тарихы -Алматы: «Адамдар» баспасы, 2007.-432

6 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. –Алматы: «Атамұра» баспасы, 2010.-544 бет.

7 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том. –Алматы: «Атамұра» баспасы, 1998.-640 бет.

Резюме

Исследования отечественных ученых о государственности кочевников

Боранбекқызы А. - магистрантка 1 курса по специальности 6М011400

история, 93.ainur@mail.ru

Научный руководитель: Базылхан Н. – к.ф.н. Ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МОН РК napilbaz@gmail.com

В данной статье рассматриваются труды отечественных ученых о проблеме государственности кочевников Евразийских степей. Представляются наиболее главные позиции о государственности кочевников в отечественной истории. Поясняя о евроцентристских взглядах укоренившийся в науке о кочевниках, также излагаются результаты некоторых исследований о кочевниках в настоящее время. Рассматривается структура общества кочевников Центральной Азии в разные времена.

Ключевые слова: феномен кочевники, государственность, империя, каганат, шаньюй, кунби, собрание законодательство

Summary

Researches of domestic scientists about Nomadic's statehood

Boranbekkyzy A. - 1th course master specialty of 6m011400 history, 93.ainur@mail.ru

Scientific supervisor: Bazylhan N. – candidate of Philology, Leading Researcher of institute Oriental Studies named after R.B.Suleimenov MES RK napilbaz@gmail.com

This article describes the works of scientists-historians of the Eurasian nomads and the problem of statehood in the history of the nomads. Presented the main items of the nomadic state in the country's history. Explaining about Eurasians views rooted in the science of nomads also presents the results of new research on nomads in our time. Discusses the structure of society of nomads of Central Asia at different cutting times.

Keywords: nomads phenomenon, statehood, empire, khanate, shanyu, kunbi, assembly legislation

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ОТБАСЫ МЕН НЕКЕ МӘСЕЛЕСІ

Қ.Ж. Далабаев – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2-курс магистранты

Бүгінгі күнге дейін фольклортанушы ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қазақ халқының тұрмыс-салттарының бірі-неке, үйлену және жас келінді жаңа ортаға таныстырудағы тәрбиелік мәніне жүйелі пікірлер білдірілді. Неке – отбасын құрудың негізі болып табылады. Неке ер мен әйелдің өз еріктерімен өмір бойы бірге өмір сүруін қамтамасыз ететін, бірін екіншісіне адал ететін материалдық-рухани байланыс. отбасы құрудың алғашқы шарты неке қидыру болып табылады. Неке қиюдың өз шарттары бар. Біріншіден, екі жастың ризашы-лығының болуы. Яғни, екі адамның бір шаңырақ астында тұра алатындығын түсініп, өз жүрек қалауларымен келісуі. Неке материалдық жағдайға байланысты немесе қиындықтардан арылу үшін ықылассыз, мәжбүрлі болмауы керек. Екіншіден, екі куәгердің болуы. Куә болатын адам – осы екі адамның отбасын құрып, бірге тұра алатынына кепілдік беретін адам. Үшіншіден, қызға сұраған сыйын беру.

Түйін сөздер: неке, беташар, салт, отбасылық ғұрып, дәстүр, тұрмыс, ырым-тыйым.

Адам өмірінде маңызды оқиғаларға байланысты қазақ отбасына тән әдет-ғұрыптарды қарастыра отырып (неке, туу және бала тәрбиесі, жерлеу, еске алу) оның тұрақты дәстүрлі сәттерінің айырмашылығын көруге болады. Ең алдымен олардың дамуында болған өзгерістер, дәстүрлі және қазіргі заманға сай жаңа қатынастар, этномәдени құбылыстар және т.б. қызығушылықты тудырады. Некеге байланысты әдет-ғұрыптарды құда түсу, тойға бару және онда белсенді түрде ат салысу, тойдың әлеуметтік және материалдық мәселерін шеше білу, үйлену тойына дайындық және одан кейінгі жосын-жоралғыларға дайындық құратындығы баршамызға белгілі [1. 105 б].

Белгілі ғалым Арнольд ван Геннеп табиғаттың да бір маусымнан екінші маусымға ауысып отыратындығы адам ғұмырымен де тікелей байланысты екендігін еске салады. Мәселен, көктемнің келуі – табиғат ананың тууы, өмірдің жасаруы. Сондықтан, адамның тууы мен көктемге байланысты ғұрыптардың барлығында өсіп-өну (обряд плодородия) ғұрпына қатысты ортақ сипаттар бар. Олардың барлығын бір жүйеге біріктіріп, «өтпелі ғұрыптар» («обряды перехода») деп атайды [2. с. 198]. Яғни, адамның дүниеге келгенінен бастап әр жас кезеңіне ауысуы, бір кәсіптен (қызметтен) екінші кәсіпке алмасуы, табиғат құбылыстарының бір күйден екінші күйге ауысуы, т.с.с. толып жатқан өтпелі жағдайларға байланысты атқарылатын ғұрыптық рәсімдердің барлығын осы өтпелі ғұрыптар тобына жатқызамыз.

Қазақ фольклорындағы «жол» мотиві қыз ұзату салтында айқын сақталған. Тіпті, "ұзату" сөзінің өзі «сапар» сөзімен төркіндес. Ең алдымен, ұзатылатын қыздың киімі мен жасау-жабдығы, ат әбзелдері күмістеген ер-тоқымнан бастап, қыз ұстайтын қамшасына дейін дайындайды. Қыздың жанына шешесі бастаған құрбы-құрдастарынан нөкер ереді. Тіпті, "қызды ұзату" деген сөздің өзі сапарды меңзеп тұр. Қазақ фольклорының этнографиялық негіздерінде әлі де жіті зерттеуді қажет ететін тұстар аз емес. Соның бірі – неке және үйлену ғұрыптары. «Үйлену ғұрып жырларының жанрлық сипатын анықтауда ғұрыптық сипат негізгі тиянақ ретінде алынады. Бұл – әрине, ешқашан теріске шығаруға болмайтын ғұрыптық фольклордың синкретті болмыс-бітімінен туындайтын қажеттілік» [3. 122 б].

Ерте неке қию дәстүрі моральды этиканы, қоғам заңдарын сақтау, өнегелі тазалық пен үлкендерге құрметті сақтаудан көрініс табатын тәрбиелік сипаты да болды. Қазақ қыз балаларының өтпелі кезеңі 12-13 жас болады. Бұл жаста алғашқы он екі жылдық жас кезеңі «мүшел» аяқталады да, қыз бала өзінің жас ерекшелігіне сай болатын бүлдіршін «қыз бала» тобынан «қыз» деп аталатын қыздар тобына өтеді. Оның тұрмыс құруына дайындау мақсатымен барлық этикалық нормаларын сақтау мақсатында қыздар тәрбиесі ерте жастан басталатын. Үлкен әйелдер қыз бала әдебін сақтауды назарынан тыс қалдырмай, қатаң қадағалап отырған. Бұдан өзге үй шаруашылығына, өзінен кіші балаларға көмек беруі жағынан анасына көмек берген қызды ерте жасынан бастап еңбекке белсенді түрде тартуды, қолөнерді игертуді қолға алды. Ол 13-14 жасқа келген уақытта шаруашылық жүргізу, балаларға қараудың барлық машықтарын меңгеріп алатын болған. Өзгерістер де оның сыртқы тұлғасынан айқын көрінетін: оның қию, шаш қою әдебі өзгереді. Барлық өзгерістер қыздың тұрмыс құруға дайындығының белгісін көрсетеді. 13-15 жасқа келген қыздар дүниеге сәби әкелуге қабілетті, яғни, дәстүр ұғымының аясында тұрмыс құра алады. «Күйеудің ұрын келуі» деп аталатын салты есте қалатын. Күйеу жігіт пен қалыңдық кәмілетке толғанда, күйеу жігіт өзінің достарын ертіп, қалыңдық

ауылына келеді. Бірақ күйеудің келуі «күпия» деп аталғанымен, бұл туралы барлығы біледі, қыздар мен әйелдер жағы «ентікпе» (сыйақы) талап етеді. Күйеу ауылға құр қол келмеуі керек, бір түйені өзінің қайын атасына алып келеді. Көп жағдайларда жас жұбайлар бала күндерінен атастырылып қойылғандықтан, бір-бірін тани бармейді. Күйеудің осы «ұрын келуі» жастардың ар тазалығын сақтай отырып, жақын танысуларына мүмкіндік береді. Нағыз жақындық тек үйлену тойынан кейін болуы керек. Мұнда қалыңдық қыз болмай және де күйеуінен болмай шығуы да мүмкін, онда күйеу наразылық білдіріп, қалыңдықтың әкесі қырық биімен айыппұл төлейді. Алынған қалың малының жартысын беруіне тура келеді. Егер күйеу қалыңдықтан тіпті бас тартатын болса, онда оған басқа қызына үйлену мен оған төленген қалың малын ұсынады, бұл туралы А.А. Диваевтің қазақ халқының салттары мен дәстүрлерінің тәрбиелік маңызы туралы еңбектерінде ескертіледі.

Қазақ халқының дүниетанымында беташар қыз баланың келін атанып, жаңа шаңырақтың табалдырығын аттағаннан кейін бір рет қана және міндетті түрде жасалатын ерекше салт. Бұл салтта келінге тазарту миссиясы да жүзеге асырылады. Яғни, келін түсіруші жақ беташар жасау арқылы жас келінге келген ортасын таныстыра отырып, онымен бірге көзге көрінбес тылсым зұлым күш иелерінің ілесіп келмеуін де мақсат етеді. Келіннің қадамының құтты не құтсыз болуы оның түскен шаңыраққа тез сіңіп кетуіне тікелей әсер етеді. «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» деген мақалдың осындай жағдайларға байланысты айтылғаны хақ. Егер келін түсірген шаңырақ немесе әулет тойдан соң тағы бір қуанышқа кенеліп жатса, үлкендер жағы «аяғы құт болды» деп жақсылыққа жорып жатады. Мұндай жағдайда жас келіннің іс-әрекетіндегі кейбір олқылықтар көпке дейін еленбей қалатыны да анық. Қамшы - көне түсініктер бойынша сыртқы тылсым күштерден қорғаушы. Ертедегі бақсы-балгерлердің толғағы ауырлап, босана алмай жатқан әйелдің жан-жағынан ауаны қамшымен оскылап, оны жеңілдетуге тырысқандығы туралы деректер баршылық.

Халқымыздың түсінігі бойынша жастарды неғұрлым ерте үйлендірсе, олар әрбір жағымсыз қылықтардың аулақ болып, ұрпақтары мықты болады деген сенімде болған. Неке құрудың негізгі жолы құда түсіп, қалыңмал алып үйлену жасаумен тұрмысқа шығу. Ал кедейлерге үйлену оңайға түспеген. 20-30 жасқа дейін үйлене алмай жүрген.

Халқымыздағы ортақ тәртіптің бірі туыстағы жақындар жеті атаға толмай қыз алыспау. Мұндай тәртіпті этнография ғылымында экзогамия дейді. Қазақ халқымыздағы экзогамиялық тәртіптің мән-жайы туралы көптеген деректерде белгілі. Мәселен А. Левшин Кіші жүз руларының жеті атаға дейін үйленбей жүрген басқа рулардан қалыңдық іздегенін өз еңбегінде жазып кеткен. Неке түрлерінің бір түрі «бел құда». Бұл Қозы мен Баян әкелерінің Қарабай мен Сарыбайдың құда болуы.

Алланың әміріне көніселік,
Көздің қыры түскенін көріселік,
Ұл туарда, қыз туар заман болса.
Уағдамен қалыңсыз беріселік [4, 476 б.].

Қазақ арасында ежелден келе жатқан құдалықтың бір түрі, бесікте жатқанда екі нәрестені аттастырып қою. Мұндай құдалықты «Бесік құда» дейді. Мұндағы басты мақсат қалыңмалды біртіндеп төлеу. Мұндай құдалық Орта Азия халықтарында да болады. Ғалым этнограф Н.А. Кисляковтың айтуы бойынша мұндай құдалықтың мәні – құдалар бір-біріне сый құрмет көрсетіп, кейде балаларының көйлектерінің етегіне ішек салып олардың бірінің күйеу, екіншісінің қалыңдық болғанын әнгімелеген. Мұндай құдалар арасында қалың мал мөлшері де шағындау болған [5, 220 б].

Қазақта қызды алып қашу салты да болған. Бұл салттың жақсы жағы да, жаман жағы да болған. Жақсы жағы жігітпен қыздың бірін-бірі ұнатуы, екі жақтың ата-аналарының тең болуы жақсылықпен құдалықтың аяқталуы болған. Ал екі жақ тең болмаса кедейдің баласы байдың қызы өзі ұнатқан кедей жігітке қашып кетсе, қыздың әкесі намыстанып шатақ шығаратын жағдайлар көп болған. Мәселен «Еңілік-Кебек» трагедиясын айтуға болады. Еңілік Найман ішіндегі іргелі ел Матай руының айттырған жесірі, Еңілік болашақ күйеуін менсінбей Тобықты елінің батыры Кебекпен кездесіп, сонымен қашып кетеді. Матай руының ру басылары қол жиып, Тобықтыны шауып алу қаупі туған соң Тобықты жағы Кебекке ара түсе алмай, екі ғашық қазаға ұшыраған. Міне сүйгеніне қосыла алмай арманда кеткен кездер де болған.

Қазақ арасында неке құрудың ең көне түрінің бірі әменгерлік (левират) бұл алғашқы қауымдық қоғамда болған топты некенің бір жұрнағы, және қазақта балдыз алу (сорорат) әдет-ғұрыптары бойынша үйлену. Бұл әдет елімізде кешегі өткен күнге дейін сақталған. Әменгерлік бойынша қазақта «аға өлсе іні мұра, іні өлсе аға мұра» деген салт бар. Мұның басты мақсаты қаза болған аға мен інінің жесірі мен балаларын ренжітпеу, басқа жаққа жібермеу. Бұл тек жесірдің еркімен болған. Ал балдыз алуда әпкесі өлсе қалған баланы жетімсіретпеу, бұл да балдыздың өз еркімен болатын жағдай. Неке

мәселесі жөнінде шарифат қағидасы бойынша қандастық жақындығы болмаса да баласының енесіне әкесі үйленуге болмайды. Өгей шешеге, сондай-ақ өгей шешесінің артынан еріп келген қызға, яғни тумаған қарындасына үйленуге қақысы жоқ. Бірге туған апалы-сіңлілі қыздар, бірге туған ағалы-інілі адамдарға тұрмысқа шығуға болмайтындығын бірнеше авторлар келтірген. Ал, ел арасынан жинаған деректерге қарағанда соңғы айтылған тиымға халық арасында тым қатаң қарамаған сияқты. Өйткені, апалы-сіңлілі, абысынды-ажынды болып тұрмысқа шықса, күйеулерінің арасындағы туыстық байланысты үйзбей, қайта біріктіре түсуге көмкетеседі. Апалы-сіңлілерді ағалы-інілілердің алғандығына мысалды қазақ ауыз әдебиетінен келтіруге болады. Айталық «Ер Төстік» ертегісіндегі Ерназар байдың 9 ұлына екінші бір байдың 9 қызын айттырып алып берген [б. 7-8 бб.].

Сонымен, қорытындылай келгенде жаңа дәуірге дейінгі неке құру түрлері, үйлену тойы және оған байланысты әдет-ғұрыптар той думанмен аяқталады. Әр үйдегі тойға жиналушылар, әр үйдегі қызықты-әңгіме дүкен құрып, бір үйде той бастар айтылса, бір үйде жар-жар айтылады. Жар-жарды бір жігіт бір қыз айтады. Жігіт бастағанда басқа жігіттер қостайды, ал оған жауап ретінде қалыңдық айтқанды оның құрбылары қостайды. Жар-жардың мазмұны өте тәрбиелі болған.

Кей уақыттары ертерек неке қию қиын экономикалық күйдегі отбасының жағдайында болатын. XIX ғғ. зерттеушілері атап өткеніндей, дәулетті қазақтар өздерінің қыздарын 20 жаста күйеуге берген. Көп балаларын асырауға мүмкіншілігі болмаған ата-аналар неке туралы ертерек келісімге келіп, қызын күйеуінің отбасына беруге ұмтылған. Болашақ күйеуінің отбасына жетім қалған, әрі келісілген жас қыз баланы алу жиі орын алған. Қыз бала болашақ күйеуінің ата-аналарынан тәрбие алып, жыныстық толысу жасына жеткен кезінде әйелі болды. Кей уақыттары ертерек неке құрудың аяқталуы жағдайында күйеудің қазасы болатын. Дәстүр бойынша қалың малы төленген оның қалыңдығы тез арада неке құруды және кәмелетке толмаған қалыңдығын оның отбасына беруді талап ететін ағайынына өтеді, бұл халықта «әмеңгерлік» деп аталады.

1 А.Б. Қалыш. *Ақтөбе облысындағы үйленуге байланысты әдет-ғұрыптар. ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, №4 (63). 2011. 105-109 бб.*

2 Арнольд ванн Геннеп. *Обряды перехода. Систематическое изучение обрядов. Москва, 2002, с 198.*

3 Исламжанұлы К. *Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы: Арыс, 2007. 332 б.*

4 Батырлар жыры. 1 т. *Құраст.: М.Г. Ғұмарова, О.А. Нұрмағамбетова, Б.Уахатов. – Алматы: Қазмем-көркемәдеббас, 1961.*

5 Арғынбаев Х. *Қазақ отбасы. Алматы: Қайнар, 1996. 288 б.*

6 Қазақ ертегілері. Т. I. Алматы. 1998. 288 б.

Резюме

Традиционная казахский фольклор семьи и брака

Далабаев К.Ж.

Брачное соглашение может достигаться двумя способами: во-первых, путем договора между родителями той и другой стороны, когда глава семьи жениха едет с данным предложением к родителям невесты, что обычно и происходит; во-вторых, сторона жениха уполномачивает на это близкого друга. Завершением брачного соглашения завершается первый акт обряда и определяется день, когда родители жениха и его ближайшие родственники должны будут подарить отцу невесты киит - лошадь, халат и другие подарки в зависимости от имущественного положения семьи. В этот день семья невесты организует пиршество с приглашением близких родственников, на котором уточняются все вопросы, связанные с предстоящей свадьбой. Обязательным ритуалом этого этапа обряда является забой коричнево-белоголового барана (ни в коем случае не черного), что является хорошим предзнаменованием. Во время тоя родственники жениха чинно восседают за дастарханом, а родственники невесты обслуживают их, подавая чай, кумыс, мясо.

Ключевые слова: брак, беташар, обряд, родовые обряды, традиция, быт, запрет.

Summary

Traditional kazakh folklore of family and marriage

Dalabaev K.J.

Marriage agreement can be achieved in two ways: firstly, by agreement between the parents on both sides, when the head of the groom's family is going with this proposal to the bride's parents, and it usually happens; secondly, the groom's party authorizes it to a close friend. The culmination of the marriage agreement ends the first act of the ceremony and is determined by the day, when the parents of the groom and his next of kin will have to give the father of the bride kiit - a horse, a bathrobe and other gifts, depending on the property status of the family. On this day, the bride's family arranges a feast, inviting relatives, which clarifies all the issues related to the upcoming wedding. The obligatory ritual ceremony of this stage is a culling of brown bald sheep (in any case, not black), which is a good sign. While toy groom's relatives ceremoniously sit for dastarkhan and relatives of the bride serve them, serving tea, mare's milk, meat.

Key words: marriage, betashar, ritual, ancestral rites, traditions, way of life, the prohibition.

ҚАЗАН РЕВОЛЮЦИЯСЫНА ДЕЙІНГІ ЖЕТІСУ ӨңІРІНДЕГІ Өнеркәсіптің дамуы мен оның түрлері

А.К. Жанзакова – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының магистранты

Бұл мақалада 1861-1917 жылдар аралығындағы Жетісу жеріндегі өнеркәсіптің құрылымы қарастырылады. Деректер негізінде өнеркәсіптің өндірістік инфрақұрылымы, кәсіптің түрлері, шығарған өнімдері мен жұмысшылардың саны талдауға алынады. Кәсіптің ең кең тараған түрлеріне етікші, металл өңдеу, ағаш ұстасы, тері өңдеу, зергер өнері жатқан. XIX ғасырдың аяғында кәсіптің темір ұсталық қолөнері және шыны өңдейтін жаңа түрі пайда болды. Жетісу мен Ақмола облыстарында қолөнер өндірісі жақсы дамыған. Жетісу облысында етік тігу, металл мен ағаш өңдеу сияқты кәсіптің үш түрі кеңінен пайдаланылды. Ағаш өңдеуші ұсталар киіз үйдің ағаштан жасалатын бөліктерін, бесік, кебеже, үстел тағы басқа да күнделікті тұтынатын құралдарды өндірген. Металл өңдеуші ұсталар баспалдақ, ауыздық, кетпен сияқты шаруашылықта пайдаланатын құралдар жасаған. Ал зергерлер қаруларды безендірумен, ертоқым, сақина, сырға, шолпы, алқа сияқты түрлі әшекейлер әзірлеген.

Реформа кезіндегі Қазақстанда өнеркәсіптің жаңдануы ең алдымен ұсақ тауар өндіретін шағын шеберханалардың көбейгенінен айқын байқалады. Шағын шеберханалардың көбеюі фабрика-зауыт типтес кәсіп орындардың өңдеуші өнеркәсіптің дамуына септігін тигізді. Қазақстандағы өңдеуші кәсіпорындар мемлекеттік емес, жеке мүлік болып саналды. Реформа кезіннен бастап ауыл шаруашылығындағы шикізат өнімдері – тері өңдеу, сала әзірлеу, сабын қайнату, шарап жасау, май шайқайтын кәсіпорындардың дамуы қолға алынды. Осындай кәсіпорындардың пайда болып, көбеюінен капитализмнің дамуының алғы шарттары байқалады. Жетісу облысында 1861–1917 жылдың аралығында өңдеуші кәсіпорындарда әлеуметтік және экономикалық өзгерістері айтылады.

Түйін сөздер: революция, мал шаруашылығы, кәсіпорын, қолөнер, айырбас, темір жол, ауыл шаруашылығы.

Қазақстандағы революцияға дейінгі кезеңдегі жұмысшылардың қалыптасуын зерттеу үшін өнеркәсіп орындарының экономикалық, техникалық құрылымын, орыналасуы мен ондағы жұмысшылардың құрамы сияқты маңызды мәселелері анықтамас бұрын зерттеу мүмкін емес. Қазақ жерінде өнеркәсіптің ең қарапайым әрі күрделі емес түріне ұсталардың үйінде отырып өз кәсібімен айналысатын түрі жатады, үй кәсібі ерте заманнан қалыптасып, мал шаруашылығымен және егіншілікпен өте тығыз байланыста болды. Үй жағдайында өндірілген өнім көбінесе өз қажеттіліктеріне пайдаланылды, ал артылғаны жақын маңайдағы базарларға басқа өнімге айырбастауға шығарылды. Мысалға XVIII ғасырда П.С. Палластың мәліметтерінде Орынборда орыс көпестері қазақтардан өздері қолдан жасалған киіз бен жүннен басылған кілемдерді, түрлі-түсті ою-өрнекпен кестеленген текемет өнімдерін айырбастап алатынын жазған [1; 352 б]. Үй жағдайында өндірілетін өнім басында тек айырбаста пайдаланылды. Уақыт өте келе XIX ғасырдың аяғында ресейдегі капитализмнің дамуының нәтижесінде фабрикаларда өндірілетін өнім үй жағдайында жасалған өнімді ығыстырып сауда-саттықта кеңінен пайдаланылды.

Өнеркәсіптің бірінші формасы болып патриархалды егіншіліктің бір бөлігі есептеледі яғни, тұтынушының берген тапсырысы бойынша жұмысшылардың өнімді өндіру кәсібі. Кәсіптің ең кең тараған түрлеріне етікші, металл өңдеу, ағаш ұстасы, тері өңдеу, зергер өнері жатқан. XIX ғасырдың аяғында кәсіптің слесарлық және шыны өңдейтін жаңа түрі пайда болды. Жетісу мен Ақмола облыстарында қолөнер өндірісі жақсы дамыған. Жетісу облысында етік тігу, металл мен ағаш өңдеу сияқты кәсіптің үш түрі кеңінен пайдаланылды. Ағаш өңдеуші ұсталар киіз үйдің ағаштан жасалатын бөліктерін, бесік, кебеже, үстел тағы басқа да күнделікті тұтынатын құралдарды өндірген. Металл өңдеуші ұсталар баспалдақ, ауыздық, кетпен сияқты шаруашылықта пайдаланатын құралдар жасаған. Ал зергерлер қаруларды безендірумен, ертоқым, сақина, сырға, шолпы, алқа сияқты түрлі әшекейлер әзірлеген.

Қолөнер қалалық тұрмыстың қажетті құрамдас бөлігі бола тұрып, ауылдық аймақтарда да едәуір дәрежеде таралып, шаруа қожалықтарының қызметін толықтыра түскен [2; 330 б]. Қолөнершілердің көп бөлігі ауылдық мекендерде өмір сүрген, бұл дегеніміз – Қазақстанның қалаларының әлеуметтік-экономикалық жағынан әлсіз дамығанының көрінісі. Ауылда тұратын ұсталар қолөнермен қоса мал шаруашылығымен де айналысқан. Ауылдық аймақтағы ұстаның жалақысы төмен болған, орта есеппен жылдық табысы 20-30 сомды құрады [3; 339 б]. Ұсталардың шеберханалары әдеттегідей қарапайым құрылғылармен жабдықталған.

Реформа кезіндегі Қазақстанда өнеркәсіптің жандануы ең алдымен ұсақ тауар өндіретін шағын шеберханалардың көбейгенінен айқын байқалады. Шағын шеберханалардың көбеюі фабрика-зауыт типтес кәсіп орындардың өңдеуші өнеркәсіптің дамуына септігін тигізді. Қазақстандағы өңдеуші кәсіпорындар мемлекеттік емес, жеке мүлік болып саналды. Реформа кезіннен бастап ауыл шаруашылығындағы шикізат өнімдері – тері өңдеу, сала әзірлеу, сабын қайнату, шарап жасау, май шайқайтын кәсіпорындардың дамуы қолға алынды. Осындай кәсіпорындардың пайда болып, көбеюінен капитализмнің дамуының алғы шарттары байқалады. Алайда бұл саладағы кәсіпорындардың басым көпшілігінде арнайы техниканың болмағандығынан, қарапайым құрылғыларды пайдаланды. Олардың өнімдері көбіне нарықтағы еркін саудаға арналды. Қазақстан бойынша 1883 жылы – 707, 1886 жылы – 861, 1891 жылы – 1 021 өңдеуші кәсіпорын болды. XX ғасырдың басында ауыл шаруашылығындағы шикізатты бірінші этаптық өңдеуден өткізетін кәсіпорындар тау-кен өндірісін басып озып бірінші орынға шықты. Академик И.И. Минцтың мәліметтерінде 1913 жылы Қазақстандағы ірі кәсіпорындар 6, 7 млн сом көлемінде өнім берген, оның 72%-ы ауыл шаруашылығының өніміне тиесілі екені айтылған [4; 651 б].

1867 – 1917 жылдың аралығында өңдеуші кәсіпорындарда әлеуметтік және экономикалық сапалы өзгерістер орын алды. Бұл саладағы көптеген кәсіпорындар мануфактура пішінін иеленіп, баяу бірақ ұдайы таза капиталистік типтегі фабрика-зауыттарға айналды. Мысалға көпес Гавриловтың табак фабрикасын, Шымкент қаласындағы сантоница шығаратын зауытын т.б. айтуға болады.

Инженер А.А. Сборовскийдің айтуы бойынша Қазақстанда металлды өндіру мен өңдеуге шектеу шаралары мен ереженің болмағандығынан, алтын кедергісіз өлкеде өндірілген. Алтынды қарапайым тазарту әдісіне киіз, кілем, ағаштың қабығын пайдаланды. Алтын өңдеумен көбінесе өздерінің жүріп-тұруына арналған жылқы мен өгіздері бар қарапайым шаруалар мен жеке шағын жер телімдері бар шаруалар айналысқан. Алынған металдан зергерлер түрлі әшекей бұйымдарды әзірлеп нарықта өзіне қажетті тауарларға айырбас саудада пайдаланды. Сонымен қатар алтынды өндірумен байгуш, кедей, жатақ сияқты қазақ халқының кедей бөлігі де айналысты. И.В. Мушкетов қазақтардың алтын өдіргенін көріп, «Түземдіктерде алтын өндіру қомақты өнеркәсіп емес, керісінше байгуштардың (кедей) ісі» – деп жазған. Алтын өндіруде әр жұмысшы мен қожайыннан еш шығын кетпейді, бар болғаны тек бір кетпен, ыдыс және илеуіш ғана қажет [5; 11 б]. Кедейлердің өндірген алтыны феодал немесе көпестердің, алыпсатарлардың қалтасына кетіп отырған. Қазақстанда шағын алтын өңдейтін шеберханаларға ресейдің капиталын салғанға дейін бұл сала патриархалды-феодалдық қатынас шеңберінде болды.

Революцияға дейінгі Қазақстан аумағының Өскемен, Зайсан, Семей, Қарқара уездінде, Қостанай, Ырғыз, Торғай обылысының Ақтөбе уездінде, Ақмола обылысының Көкшетау уездінде, Жетісу облысынан Жаркент уездінде алтын өндіретін кен орындары табылды [6; 11 б].

Ең алдымен өнеркәсіптік өндірістің даму параметрлерінің маңызды белгілері алынып, көбінесе үй жағдайында жасалған заттар өндірістік өнім ретінде есептелген. В.В. Заорской мен К.А. Александрдың мәліметтерінде Жетісудың үш уездінде 93 өнеркәсіп типіндегі мекеменің жұмыс істегенін айтады. Ғалымдардың жазбасында 31 тері өңдейтін, 12 жүн жуатын, 6 диірмен, 5 спирт жасайтын, 4 ішек-қарын тазалайтын, 3 күріш тазартатын, 1 кеспе әзірлейтін, 2 май шайқайтын, 2 шарап дайындайтын, 1 орман отайтын, 1 шұға, 2 электр станциясы, 5 типография, 3 темекі мен папирос жасайтын тағы басқа да өндіріс орындары көрсетілген [7; 560 б]. Жетісу өңіріндегі басты өндіруші орын болып мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығындағы шикізатты өңдейтін кәсіпорындар саналды.

Өндірістік инфрақұрылымның басым бөлігі жүн жуатын кәсіпорындардың үлесіне тиесілі болды. Түркістандағы жалпы зауыттардың 60%-ын жүн жуатын зауыттар құрады. Түркістан өңіріндегі 17 жүн жуатын кәсіпорынның 12-сі Жетісуда орналасқан. Кәсіпорындардың көптеп осы аймақта орыналасуы сол уақытта Орынбор – Ташкент темір жолының салынуымен байланысты. Темір жолдың салынуы Жетісу өңірін Ресейдің шикізат нарығына жақындатты, Тамбов, Симбирск, Самара және тағы басқа губерниялардағы шұға фабрикаларына тазартылған жүнді тасымалдауға қолайлы жағдай туғызды. 1913 жылы Жетісудағы жүн жуатын кәсіпорындар 1 000 000 сомға бағаланған, 1 000 000 пұт дайын жүн өңдеген [8; 102 б].

Жетісу өңірінде 32 тері өңдейтін кәсіпорын жұмыс істеді. Олардың 20-сы 1900–1913 жылдар аралығында ашылды. Кәсіпорындар айтарлықтай көп өнім шығара алмады, оның себебі бір өндірістік орынның айналымы 80 000 сом (7,7 мың тері), кейбіреуінде 10–14 мың сомнан аспады. Тері өңдейтін өндіріс орындарының шығыны, жүн жуатын кәсіпорыннан артық болды. Бір кәсіпорын пайдаланатын құрал-жабдықтарға орта есеппен 1 000 сом, ал өндірістік орын – 1 600 сом қаражатты қажет етті.

Революцияға дейінгі кезеңде Жетісу өңіріндегі өндіріс орындарына арнайы машина технологиялары таныс емес еді. Орталық Ресей мен Европада жүн жууда барабанды пайдаланса, біздің өлкенің жұмысшылары жүнді қолмен жуған. Түгел Түркістан өңірі бойынша тек бір ғана тері өңдейтін өндіріс орынында теріні жұқарту үшін арнайы механикалық құрылғыны пайдаланды. Тері өңдейтін кәсіпорындарда арнайы машиналардың жоқтығынан қол еңбегінде – теріні астыңғы қабатынан бөліп алу, майлау, илеу, теріні тегістеу сияқты жұмыстарды атқару жұмысшыларға өте ауыр түсті. Ресей зауыттарында көбінесе теріне бояу үшін арнайы бояғыш қоспаларын пайдаланса, Жетісуда емен ағашының қабығын қолданған. Жетісу өңіріндегі теріні өңдеумен қоса оны бояу үшін емен қабығын үгітіп бояу жасайтын 25 кәсіпорындар зерттеуге алынған. Олардың ішінен 16 кәсіпорында жұмысшылар қолдан жасалған қалың тістері бар су дөңгелектерін қозғалту арқылы еменнің қабығын майдалап бояуын шығару үшін құрылғыларды пайдаланды. Құрылғының көмегімен бір тәулікте 6 пұтқа дейін еменнің қабығын үгітіп бояу алған. Ал 6 кәсіпорында су диірмендері пайдаланылды, тәулігіне 3 пұт еменнің қабығын үгіткен және қалған 3-і ірі-қара малдың күшін пайдаланып, тәулігіне 60 пұт еменнің қабығын үгіткен [9; 36 б].

Ауыл шаруашылығының шикізатты өңдейтін басқа өндірістік салалар сияқты, тері өңдейтін кәсіпорындардың арасында да мерзімдік өндіріс орындары болды. Жетісу өңіріндегі өндіріс орындары жылына орта есеппен 226 күн жұмыс істеді. Зерттелген 25 өндіріс орындарында 154 жұмысшы істеген, оның – 104-і қазақтар, 26-ы орыс, 24-і өзбек болған екен. Аталған кәсіпорындарда тері өңдеу барысында тынымсыз қара күшті талап еткендіктен негізінен еркектер еңбек еткен. Тәулігіне орыстарға – 37 тиын, өзбектерге – 30 тиын, қазақтарға – 10 тиын ғана еңбек ақы төленген [10; 142 б]. Ұлттық белгісі бойынша кемсітушілік саясатын ұстанғанын осыдан байқауға болады.

Жетісу өңірінің үш уездіндегі кәсіпорындарға жасалған зерттеулерде 1913 жылы 49 мың терінің иленгені анықталды. Бұл көрсеткішті өңірдің шаруашылығындағы мал басымен салыстыратын болсақ, тері өңдеуші кәсіпорындардың күші шикізат әлеуетіне сай келмеген. Оның ең басты себептері – темір жолдан 50-60 верст (53,34–64,1 км) алшақтықта орыналасуы, қарапайым технологияны пайдалануы, сапасының төмендігі, жалпы ресей нарығында бәсекенің жоқтығы мен сыртқы нарыққа шығаруға шектеу болды.

Шикізатты дайын өнімге айналдыратын Түркістанда жалғыз шұға өндіретін фабрика жұмыс істеді. Шұға фабрикасы кәсіпкер Н.И Ивановқа тиесілі болды. Фабрика 1910 жылы Верный қаласынан 25 верст (26,67км) жерде орналасқан Қарғалы ауылында ашылды. Фабриkanың техникамен жабдықталуы Ресейдің европалық бөлігінде жіпті иіріп-тоқу өндірісіне жақындатты. 100 мың сом тұратын ғимараты жарықпен қамтамасыз ету үшін электр генераторын пайдаланды. Фабриkanың негізгі капиталы 100 000 сомға бағаланды, аймақтағы сол кездегі өлшем бойынша аса ірі инвестиция болып саналды. Фабрика жыл бойы тоқтаусыз екі ауысыммен жұмыс істеді. Өндірісте 135 адам жұмыс істеді, олардың – 66%-ы қазақтар, 14,8%-ы орыстар, қалған 19,2%-ы басқа ұлт өкілдері болды. Жасөспірімдердің де еңбегі кеңінен пайдаланылды, жалпы жұмысшылардың 7%-ын құрады. Жұмысшылардың айлық еңбек ақысы 10–20 сом деңгейінде болды [9; 38 б].

Қарғалы фабрикасында шикізат ретінде қой мен түйенің жүні пайдаланылды, жүнді фабриkanың өзіндегі арнайы өндіріс орынында тазалаған. Өндірілген ақырғы дайын өнім солдаттарға арналған сұрғылт шенел түрі мен трико пішініндегі матадан жасалған шалбар. Жүнді бояйтын бояуды Мәскеуден әкелген. Өнімнің дайындалу процесінің барлығы Жетісу өңірінде жүзеге асырылып, дайын өнімнің бір бөлігі ат арбаға тиеліп Сібірге жіберілді. 1913 – 1917 жылдар аралығында Қарғалыдағы фабрикада 1 000 000 метрден аса шұға шығарды. Жылдық шығарылған өнім – 200 000 аршин (142,240м) шұға, және ол шамамен 260 000 сомға бағаланды. Инфрақұрылымның баяу дамуына байланысты, сыртқы нарыққа шығу әрекетінен түк шықпады. Қарғалы фабрикасы транзиттік пункттен 500 верст (533,4 км) қашықтықта орналасқандықтан шикізат көзін тасмалдауға қиындық туды. Жетісу өңірі ресей тауарларын өткізу нарығына жатпады. Кәсіпкерлер Жетісуда темір жол құрылысын жүргізу мәселесін көтерді. Кәсіпкерлерге бұл мәселеде Орыс-Азиаттық, Азовско-Донской, Санк-Петербург халықаралық коммерциялық банк саласының өкілдері белсенді қолдау көрсетті. Тіпті арнайы «Жетісу темір жолы қоғамын» құрды. Қоғамның негізгі мақсаты «Ташкент темір жолында–Арыс бекетінен Малдыбай ауылына, Сырдария обылысынан Жетісу обылысындағы Пішпек қаласына, оған сәйкес тармақта Тоқмаққа, Арыс бекетінің бір пунктінен Пішпекке, одан ары Верный қаласына дейін темір жолдың желісін салу мен оны пайдалану» жарғысы жариялаған.

Жетісу темір жолының құрылысы 1914 жылы шілде айында басталды. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталу себебінен жолдың салынуы баяулап қалды, айына небәрі 5 шақырым жол торабы

төселді. Сондықтан да революция басталғанға дейін жол торабы аяқталып, қолданысқа берілмеді. Түркісіб темір жолының жұмысы тек кеңестік кезеңде іске асырылып, қолданысқа берілді [9; 39 б].

Ресей мемлекетінің билеушілері ХІХ ғасырдың 60-жылдарында Қазақстанның өнеркәсіп және сауда өкілдерін өздерінің сұраныстары мен қалауларын қанағаттандыратын, бір ыңғайға келтірілген (унитарлық) отарлық әкімшілік-басқару жүйесін құру мәселесі олардың ішкі және сыртқы саясатының міндеттерінің біріне айналды.

Өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылардың, қалалардағы еңбекшілердің жағдайы күрт нашарлады. Кәсіпорындарда жас балалардың, жасөспірімдердің, әйелдер мен соғыс тұтқындарының еңбегі кеңінен қолданылды. Жұмысшылар тәулігіне 10-12 сағат, ал кейде 16 сағаттан жұмыс істеді. Жұмысшылардың нақты жалақысы үнемі төмендей берді. Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған соң, Қазақстан өнеркәсібі де соғыс қажеттері үшін жұмыс істеді. 1914 жылдың ішінде Жетісу облысының өзінен ғана 34 миллион сомға бағаланған мал мен ет өнімдері алынды. Қазақ шаруашылықтарында малды реквизициялау және жылқы малын есепсіз пайдалануға байланысты мал санының азаюы, ауылды аймақтарда шаруашылықты қалыпты жүргізуге кері әсерін тигізді. Жылқы малы әсіресе солтүстік облыстарда азайып кетті. Соғыс жылдарында армияны жабдықтау үшін мол мөлшерде азық-түлік даярлау, мал және ет өнімдері бағасының күрт өсуіне әкеліп соқты. Осыдан бұл кезеңде өлкеде анағұрлым шошқа еті, майы (саласы) арзан болуына байланысты осы шаруашылық жедел дами бастады.

ХХ ғасырдың алғашқы он жылдығында Жетісу облысында ғылыми мекемелер мен қоғамдардың қызметі елеулі рөл атқара бастады, бұл бірінші кезекте, облысқа қоныс аударушылардың көптеп ағылып келуіне, сондай-ақ оның әлеуметтік мүмкіндіктеріне байланысты болды. Осындай жағдайларда қазақ жерінің кең-байтақ экономикасын, тұрмысын, геологиясын, географиясын және т.б. жүйелі түрде ғылыми-қолданбалы тұрғыдан зеттеу Орыс географиялық қоғамы қызметінің саласында алғашқы орындардың біріне шығып, соған байланысты Жетісу бөлімін ашу әрекеттеріне ықпалын тидірді.

1 Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи. СПб., 1773. 1-бөлім. 352–б.

2 Ленин В.И. Полн. Собр. Соч. 3-т. 330–б.

3 Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. СПб, 1905. 1т. 339–б.

4 Минц И.И. История Великого Октября. М., 1973. 3-т. 651–б.

5 Туркестанские ведомости. 1891. № 33. 11–б.

6 Обзор Тургайской области за 1902. Оренбург, 1904. 11–б.

7 Заорская В.В, Александер К.А. Промышленные заведения Туркестанского края. Петроград, 1915. 560–б.

8 Игибаев С.К. Промышленные рабочие дореволюционного Казахстана. Алма-ата. 1991. 102–б.

9 Капеева Г.А. Промышленная инфраструктура Семиречья в конце ХІХ–начале ХХ вв. 36 б, 38б, 39б.

10 Лаврентьев В. Капитализм в Туркестане. Л. 1930. VI. 142–б.

Резюме

Развитие и виды промышленности в Семиреченской области до Октябрьской революции

Жанзакова А.К. – магистрант КазНПУ имени Абая

В статье рассматривается структура промышленности в Семиреченской области за период 1861 – 1917 годы. В основании данных берется анализ производственных инфраструктур промышленности, выпущенные виды продукции, количество работников и их выполненные работы. Самые распространенные виды промышленности сапожничество, металлообработка, плотник, обработка кожи, ювелирное искусство. В конце ХІХ века появился новый вид промышленности кузнечное ремесло и переработка стекла. В Семиреченской и Акмолинской областях хорошо было развита виды ремесел. В Семиреченской области широко использовались три вида обработки - пошив сапог, обработка деревянных и металлических изделий. Деревянные отделочники делали из дерева сборочные части юрты, люльки, подставки, стол и другие виды хозяйственных средств повседневного потребления. Сборщики металлических обрабатывающей промышленности изготавливали стремянки, удила, тяпки и другие основные средства используемых в хозяйстве. А ювелиры изготавливали, кулоны, кольца, серьги, подвески, седло и различные украшения, помимо этого украшали оружие. Во время реформы, прежде всего, в промышленности наблюдается возрождение мелких мастерских по производству товара. Увеличение мелких мастерских способствовало развитию фабрик и заводов обрабатывающей промышленности. Обрабатывающие предприятия не были казенными, а считалось личным имуществом. С введением реформы было положено начало развитию таких предприятий, как обработка сельскохозяйственного сырья- это обработка кожи, заготовка салы, заготовка масла, винокурни и мыловаренных предприятий. С появлением и развитием таких предприятий, наблюдается предпосылки развития капитализма.

А так же в статье говорится о социально-экономическом изменении на предприятиях обрабатывающей промышленности в Семиреченской области с 1861 – 1917 годы.

Ключевые слова: революция, животноводство, ремесло, обмен, железнодорожный путь, сельское хозяйство.

Summary

Development and types of industry in Semirechensk region before the October revolution

Kazakh National pedagogical university named after Abai

The Department History of Kazakhstan named after T. S. Sadykov undergraduate Zhanzakova Aigerim Kudaibergenovna

The article discusses the structure of the industry in Semirechensk region for the period 1861 – 1917. In the data Foundation undertakes analysis of production infrastructure industry, released products, number of employees and their completed work. The most common types saponication industry, Metalworking, carpentry, leather working, jewelry In the late nineteenth century, a new type of industry, blacksmithing, and glass recycling. In Semirechensk and Akmola regions was well developed kinds of crafts. In Semirechensk region was widely used three types of processing - sewing of boots, processing wood and metal products. Wooden dressers were made of wood, assembling the parts of the yurt, lalki, stands, table and other kinds of economic resources of everyday consumption. Collectors metal manufacturing industry produced ladders, bits, hoes and other fixed assets used in the household. And jewelers produced, pendants, rings, earrings, pendants, saddle and jewelry, in addition were decorated with weapons. During the reform, above all, in industry there is a revival of small workshops for the production of goods. The increase in small workshops contributed to the development of factories and manufacturing industry. Processing enterprises were state-owned, and was considered personal property. With the introduction of the reform was the beginning of the development of such businesses as processing of agricultural raw materials is the treatment of the skin, Sala billet, billet oil distillery and soap industry. With the advent and development of such enterprises, there is a background of the development of capitalism.

And as the article says about socio-economic change on the manufacturing industries in Semirechensk area from 1861-1917.

Keywords: revolution, livestock, craft, currency, railroad, and agriculture.

УДК:327.2:94(5-191.2)

ОСОБЕННОСТИ ГЕОПОЛИТИЧЕСКОГО ПОЛОЖЕНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКИХ ГОСУДАРСТВ

Жалгасбаев Н. - КазНУ имени аль-Фараби, Магистрант 2 курса факультета истории, археологии и этнологии. Почта nurzhigit.zhalgasbaev@mail.ru

В статье рассматриваются особенности геополитического положения государств Центральной Азии в контексте новых вызовов. Государства Центральной Азии вызывают пристальное внимание мирового сообщества в силу своего геополитического и экономического значения, природных и человеческих ресурсов, возможностей транзита для трансконтинентальной торговли и транспорта. Все страны Центральной Азии находятся в равном геополитически невыгодном положении, поскольку не располагают выходами к морским коммуникациям. Однако самостоятельное геополитическое значение региона будет возрастать по мере реализации разных проектов. Странами региона ведется системная работа, реализуются проекты национального и международного масштаба, в существующую транспортную инфраструктуру делаются большие капиталовложения.

Ключевые слова: геостратегические интересы, мировое сообщество, внешняя политика, геополитика, регион, интеграция.

Одним из наиболее важных центров сосредоточения геостратегических интересов ведущих мировых держав в настоящее время является Центральная Азия, рамки геополитической регионализации которой определяются территориями пяти независимых государств - Казахстана, Кыргызстана, Узбекистана, Таджикистана и Туркменистана. Официально это название было принято в январе 1993 г. на общей встрече глав государств и правительств в городе Ташкенте, когда было предложено именовать далее Среднюю Азию и Казахстан Центральной Азией.

Государства Центральной Азии вызывают пристальное внимание мирового сообщества в силу своего геополитического (соседство с Китаем, Пакистаном, Индией, Ираном, Афганистаном) и

экономического значения, природных и человеческих ресурсов, возможностей транзита для трансконтинентальной торговли и транспорта. Современная Центральная Азия выступает полем столкновения бесчисленного множества культурных, цивилизационных, политических и экономических проектов.

К особенностям центральноазиатского региона эксперты относят следующие [1, с. 20-21]:

1. Регион Центральной Азии в географическом отношении крайне невыгоден: он «заперт» внутри евразийского континента и не имеет выхода к океанам.

2. Природные ресурсы, капиталы и пр. центральноазиатских государств являются лишь частично суверенными, и между всеми государствами региона существует ряд не преодоленных разногласий – из-за спорных территорий, распределения водных и минеральных ресурсов, путей прокладки транспортных маршрутов, электроэнергетических и нефтегазовых магистралей.

3. К числу других факторов, осложняющих двусторонние и многосторонние отношения в Центральной Азии, относятся: слабость и несамостоятельность политических и экономических структур государств, криминализация их экономик, наркотрафик, этническая и религиозная рознь.

4. Главные вызовы, с которыми сталкиваются государства региона, требуют не военно-политического, а экономического ответа; без привлечения внешних ресурсов страны Центральной Азии обречены на дальнейшую деградацию и перманентную нестабильность. Однако даже будучи объединены в региональные структуры, центральноазиатские государства решают свои социально-экономические и политические проблемы, как правило, вне региона, что создает благоприятную среду для установления здесь внешнего управления, а также для быстрого превращения «проблемных стран» Центральной Азии из относительно модернизовавшихся обществ, какими они обещали стать во времена пребывания в составе СССР, в периферию развитого мира.

Ирандағы диаспора негізінен өткен ғасырдың 20-30-жылдары, КСРО-да ұжымдастыру, мал мен астық қорын тәркілеу процесі басталған кезде қалыптасқан. Иранда 10- мыңға жуық қазақ өмір кешуде. Олар: Бендер Түрікменде 500 отбасы, Горганда 400 отбасы, Күмбетте 250 отбасы, Тегеранда 20 отбасы, Аракта 3 отбасы, Ассалуиде 12 отбасы, Мешхедте 18 отбасы, Сариде 2 отбасы, Шабахарда 4 отбасы т.б. [5,120-6]. Олардың негізгі тобын 1931-1933 жылдары Қазақстанда Сталин мен Голощекиннің қолымен жасалған «Кіші Қазан төңкерісі» салдарынан орын алған ашаршылық кезінде қазіргі Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе облыстары өңірінен Түркіменстанға, кейін Иранға өткен, негізінен қазақтың кіші жүзіне кіретін Адай руы өкілдері құрайды. Пәкістан Ислам Республика-

сындағы қазақ диаспорасы Сайлау Батыршаұлының мәліметтері бойынша 1600 адамды құрайды. М.Тәтімұмов олардың саны 3 000 адам деп есептейді, Г.Меңдіқұлованың мәліметтері бойынша олардың саны 5 000 адам. Пәкістандағы қазақ ұлты негізінен басқыншы Кеңес армиясынан қашқан ауғандық қазақтардан тұрады. 1998 жылы Қазақстанға Ауғанстаннан келген босқындардың көп бөлігі (230 адам) жіберілді. 1999-2000 жылдары тағы 573 қазақ оралды. Ауғанстанда жалпы саны 21 000 қазақ бар [2,101-б].

Шет елдердегі қазақ диаспораларасының зерттеу қорытындыларына тоқталатын болсам. Бұл проблема кейінгі 20 жыл ішінде кеңінен зерттелуде. Оның бастауы Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауы, егеменді ел болып, шетелде шашырап жүрген қандастарымызға өз тарихи Отанына қайта оралуға жағдай жасаушылардың алды болды.

Шетелдердегі қазақтар проблемасы Кеңес Одағында, оның ішінде Қазақстанда көпке дейін тыйым салынған жағдайда зерттелмей келді. Бұл мәселелерді 1970-1980 жж. Халифа Алтай, Хасен Оралтай, Қызырбек Ғаритұлы және т.б. сол шетелдердегі қазақтар өкілдері өз естелік шығармаларында баяндаса, батыс ғалымдары одан ертерек, 1950 жылдардан бастап, тереңірек зерттеуге кіріскен-ді. Олардың ішінде қазақтардың 1930-1950 жж., Шыңжаннан Индия мен Пәкістанға көші-қоны, сонан кейін дүние жүзінің басқа мемлекеттеріне ыдырап, тарап кетуі туралы жазылған Годфри Лиастың, Милтон Дж. Кларктың, Линда Бенсон мен Ингвар Сванбергтің және басқа оқымыстылардың еңбектерін атап айту керек. Кеңес тарихнамасында бұл проблемаға Г.В. Астафьевтің, Н.Н.Мыңғұловтың, С.П. Брук, Г.П. Сердючинко және т.б. еңбектерінде едәуір көңіл бөлініп, алғашқы нәтижелерге қол жете бастады. Алғашқылардың бірі болып, (1993 ж.) шетелдердегі қазақтар әсіресе олардың саны мен орналасуы туралы мәселе қозғаған белгілі профессор-демограф М. Тәтімұмов еді. 1997 ж. Сорос қоры «Қазақ диаспорасы» атты еңбек жариялап, онда Линда Бенсон мен Ингвар Сванбергтің «Қытай қазақтары» және Ингвар Сванбергтің «Қазақ босқындары Түркияда» атты еңбектерін ағылшыннан орысшаға аударып шығарды. Бұл еңбекке К.Л. Есмағамбетов көлемді «Қазақтар туралы шетел диаспоралогиясы» деген тарихнамалық шолу жасады [9,112-б].

1997 ж. Алматыдағы «Ғылым» баспасында Г.М. Меңдіқұлованың «Қазақ диаспорасының тарихи тағдыры. Пайда болуы мен дамуы» атты көлемді монографиясы жарық көрді. Ғалым арнайы әдебиетпен қатар шетелдердегі қазақ диаспора өкілдерімен және осы проблемамен айналысқан оқымыстылармен араласып, өте құнды еңбек дайындаған. Шетелдердегі қазақтар жөнінде басқа да ғалымдар өз зерттеулерін жүргізуде. Соның ішінде белгілі дипломат, оқымысты Сайлау Батыршаұлының еңбектерін ерекше атап өткен жөн. Әсіресе ғалымның «Қазақ диаспорасы: қазіргі жағдайы мен болашағы» деген 2004 ж., жарияланған көлемді мақаласы (20 бет) бұл проблема жөнінде көп мағлұмат берумен қатар, жаңа көзқарастарды қалыптастыруға жол ашады. Бірақ бұл проблеманың әлі де зерттелмеген жақтары көп екенін, әсіресе деректік негіздің аздығын, көп мәліметтер мен арнайы еңбектерге қол жеткізудің қиындығын да айтуымыз өте қажет.

Ж.А.Ермекбаев, Г.Н. Балтабаева және З. Қабулдиновтың Ресей қазақтары, Б.Қ. Қалшабаева және Қ.И. Қобландин мен Г.М. Меңдіқұлованың Өзбекстан қазақтары, К.Л. Сыроешкин мен Н. Мұқаметханұлының Қытай қазақтары Зардыхан Қинаятұлының Моңғолия қазақтары туралы және т.б. көлемді де, жаңалықтары мол еңбектерін ерекше атап өткім келеді. Әсіресе Г. Омарованың «Қазақ диаспорасы (философиялық талдау)» тақырыбындағы 2011 ж. Түркияда (Кания) шыққан монографиясы шетелдегі қазақтар проблемасын зерттеуге қосқан қомақты үлес болды, - десек қателеспейміз.

Сонымен бірге айта кеткен жөн – шетелдердегі қазақтарды зерттеуде кемшіліктер де кездеседі: Мәселен алатын болсақ:

1) Көптеген зерттеулерде демографиялық талдау жетіспей жатады, яғни жастық жағынан, жынысы тұрғысынан, білім деңгейі бойынша, әлеуметтік жағдайы мен еңбекпен қамтылуы, мамандығы және т.с.с., талдау жүргізіле бермейді;

2) Шетелдердегі қазақтардың саны, орналасуы мен құрамын зерттеп, нақтылай түсу қажеттігін ескере отырып, Дүниежүзі Қазақтары Қауымдастығы Республикамыздың Сыртқы істер министрлігіне өтініш жасауы керек: министрліктің шетелдердегі консулдық қызметі сол жерлердегі қазақтың саны, орналасуы мен құрамы жөнінде ресми мәліметтер жинап, өздері де тікелей осы мәселелерді шешкені жөн.

3) Қазіргі кезде шетелдердегі қазақтарды көбінесе «диаспора» деп атап келеміз. Біздің осы конференциямыз да «Қазақ диаспорасының жасампаз әлеуеті: тарихи және заманауи келбеті» деп аталады. Негізінде шетел қазақтары екіге бөлінеді: 1) диаспора жаңадан шетелге барып, сонда қоныстанып, өз қауымын құрған қазақтар; 2) Ата қоныста, бірақ шетелде мекендеген қазақтар мен

оның қазіргі ұрпақтары. Қазақ диаспорасы- қазақ ұлтының құрамдас бөлігі. Егеменді еліміздің жаңа ұлт саясаты шеттегі қандас бауырларымыздың мұқтажын қоса қамтып, оларға мемлекеттік қамқорлық жасаған жөн. Қазіргі кезеңде қазақ диаспорасы туралы туралы Мемлекеттік бағдарлама белгілі бір деңгейде іске асуда.

Алдымызда қазақ диаспорасының өкілдерінің білім алуын құқықтық жағынан қамтамасыз ету міндеті тұр. Осыған орай алыс жақын шет елдерде тұратын қазақ жастарын тиісті оқулықтар мен қамтасыз ету, ана тілін сақтау келелі мәселелер тезірек шешуді қажет етеді. Шет елдегі қазақтар қытай, ағылшын, парсы, француз, неміс, араб тілдерін игерген. Сол тілдермен қатар өз ана тілінде жетілдіріп бойларына сіңіру үшін жағдай жасауымыз керек.

Қорыта келе, қазақ халқы әр түрлі тарихи кезеңдерде, әр түрлі себептерге байланысты өз атамекенінен басқа елдерге қоныс аударды, осы орайда еліміздің басты міндеті - сол бауырларымызды елімізге қайтару, оларға қаражат бөлу, мемлекеттік бағдарламалар қабылдау және соны жүзеге асыру қажет.

1 Тәтімов М. Қазақ әлемі.-Алматы: Атамұра, 1993. 3-б.

2 Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі. Казахская диаспора : настоящее и будущее / бас ред. А. Қошанов, Ә. Нысанбаев. - Астана : Елорда, 2005.– 352- 12б.

3 Сәмитұлы Ж. Қытайдағы қазақтар. -Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдасы, 2000ж. – 312-150б.

4 Назарбаев Н.Ә. «Құшағымыз бауырларымызға айқара ашық» // Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы (құжаттар жинағы) - Алматы: Атамұра, 1993. – 280

5 Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры.-Алматы. 1997,102-106 бб.

6 Қобыландин Қ.И., Меңдіқұлова Г.М. Өзбекстандағы қазақтардың тарихи мен бүгінгі дамуы. –Алматы. – 2009. –294 б.

7 Қинаятұлы Зардыхан. Моңғолиядағы қазақтар. –Алматы. –2001. –320 б.

8 Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность / Мендикулова Г.М. - Алматы : Атажурт, 2006. - 342 с.

9 Қазақстан және шетелдегі қазақтар. Дүниежүз қазақтары қауымдасының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген х/а ғылыми –практикалық конференция материалдары. -Алматы, 2012.

Резюме

Политико-экономические факторы и демографические проблемы казахской диаспоры в Средней Азии и за рубежом (1991-2015гг)

Кадырбаева М.Е. - магистрантка 1 курса по специальности 6М020300 Факультет истории, археологии и этнологии, madosh_93_kz@mail.ru.

Научный руководитель: Хасанаева Л.М. -к.и.н.доцент, КазНУ им. Ал-Фараби leila_hassanaeva@mail.ru

В статье рассмотрены политико-экономические связи, демографическая ситуация казахской диаспоры в Средней Азии и за рубежом. Выявлены причины по которым казахи оказались в Китае в странах Средней Азии, в Афганистане и Иране. Исследуя статистические данные и научно - исторические работы других исследователей, автор приводит свои доводы. При исследовании выявлена местность, где находится казахская диаспора в большей степени и сделан анализ демографической проблемы. Рассмотрены деятельность и уровень просвещение. В 2000-2001 годы эти показания выглядели так: в Узбекистане и Китае- 1500000, в России-800000, в Монголии-8300, в Афганистане- 30000, в Турции и Иране-10000, в Канаде-7000, в Пакистане-5000 людей живут. А в Австралии, в Австрии-900, в Аргентине-700, в Великобритании-500, в Швеции-300, в Иордании-200, в Сирии, Дании, Швейцарии, Голландии, Марокко, Египете, Бельгии и Тайване- около 100 казахов есть.

Ключевые слова: диаспора, репатриант, демография, статистика, автономия, этнический, доминанта.

Summary

Political and economic factors and demographic problems of the Kazakh diaspora in Central Asia and abroad (1991-2015 yy).

Kadyrbayeva M. -1 course master specialty of history, archeology and ethnology madosh_93_kz@mail.ru.

Scientific supervisor: Hasanaeva. L.M. - k.h..dotsent, KazNU named after Al-Farabi, leila_hassanaeva@mail.ru

The article deals with the political and economic ties, the demographic situation of the Kazakh diaspora in Central Asia and abroad. The reasons for which the Kazakhs appeared in China in Central Asia, Afghanistan and Iran. Examining statistical data and research - the historical work of other researchers, the author presents his arguments. When research identified area where Kazakh Diaspora Is located in a greater degree, and made an analysis of the demographic problem considered activities and level of education. In 2000-2001, these readings were as follows: in China-an Uzbekstane and 1500000, in the Russian-800000, Mongolia, 8300, in Afganistane- 30000, Turkey and Iran,

10,000 in Canada, 7000, in Pakistan, 5,000 people live . And in Australia, Austria, 900 in Argentina, 700 in Britain, 500 in Shweds-300, 200-Jordan, Syria, Denmark, Switzerland, Holland, Morocco, Egypt, Belgium and Tayvane -about 100 kazakhs have.

Keywords: Diaspora, immigrant, demography, statistics, autonomy, ethnic, dominant.

ӘӨЖ 11.498

1917-1919 ЖЖ. ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ СЪЕЗДЕРІНІҢ МӘНІ

Н.С. Кырымжанова – Абай атындағы ҚазҰПУ «Әлем тарихы» кафедрасының оқытушысы, тарих магистрі

Мақалада Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялыларының ой-пікірлері айтылады. Қазақ съездеріндегі мәселері мен шешімдері. Алаш қозғалысының басы-қасында С.Сейфуллин және Алаш қайраткерлері туралы айтылады. Мақалада еліміздегі атақты ғалымдарының ой-пікірлері және олардың көзқарастары көрсетіледі. Қазақ съездері идеясы ХХ ғасырдың басында жатады. Ә.Бөкейхановпен бірге бұл идеяны М.Кәшімов, Р.Мәрсеков, Б.Қаратаев және басқалар қолдады. Қазақ съездерін өткізу идеясы қазақ халқының ұлттық санасын ояту көрсетті. 1917-1919 жж. ғалымдардың айтуынша дерлік 68 съезд өткізілді. Аталмыш конгрестер қазақ халқының тағдырына қатысты мәселелерді талқылайды.

Тірек сөздер: Қазақстан, съезд, ақпарат, кеңестік тарихнама, революция, интеллигенция, ұлт, халық, сана-сезім

Алаш қозғалысының 90 жылдығына орай Алаш автономиясы және Алашорда үкіметі туралы тарих ғылымында салмақты зерттеулер жарық көргені белгілі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жарияланған еңбектерде Алаш қозғалысына жаңа тұрғыдан баға беріліп, оның қазақ мемлекеті тарихында алатын орны нақтыланды. Алашорда тарихының зерттелу деңгейі жоғарылады. Алаш тақырыптарының ауқымы кеңейтілді. Сондай ауқымды тақырыптың бірі – қазақ съездері. Осы тақырыпты зерттеу барысында 1917-1919 жылдарда өткізілген қазақ съездерінің ұзын саны 68-ге жеткен [1]. Солардың ішінде Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуын жариялаған жалпы қазақ съездеріне жол ашқан Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Орал, Бөкей Ордасында өткен облыстық қазақ съездерін арнайы зерттеу өзекті болып отыр. Өйткені, жер мәселесі, билік түрлері, мемлекетаралық байланыстар, білім беру т.б. сияқты маңызды мәселелер ең алдымен жергілікті жерлерде көтеріліп, 1917 жылдың көктем айларында шақырыла бастаған облыстық қазақ съездерінің негізгі тақырыптары болған еді.

Ресейдегі үздіксіз революциялар, әсіресе 1917 жылғы ақпан революциясы қазақ қоғамында саяси белсенділікті арттырды. Монархиялық биліктің жойылуы елдің саяси жағдайын түбегейлі өзгертті. Елде қалыптасқан саяси өзгерістерге баға беру, Мемлекеттік Думаның орнына шақырылуға тиісті Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына дайындалу, қазақ қоғамының шешімін таппаған өзекті мәселелерін күн тәртібіне қойып, халық талқысына салу, сөйтіп ортақ тұжырымдар жасау үшін қазақ съездерін шақыру қажет болды.

Қазақ съездерін шақыру идеясы ХХғ. басынан басталған. Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялыларына дейін бұл идеяны көтерген Б.Сыртанов, М.Сералин, Р.Мәрсеков, Б.Қаратаев, М.Кәшімов т.б. зиялылар еді[2]. Олар қазақ қоғамында өзекті саналатын мәселелерді жалпыұлттық деңгейге көтеріп, нақты талап-тілектерін ұсынды. Әрине, қазақ съездерін шақыру идеясының патша өкіметі тұсында қозғалуы – қазақтың ұлттық мүдделері үшін күресуге дайын саяси топтардың қалыптасқанын, сондай-ақ, бұл мәселе патшалық жазалау органдарының назарын өзіне аударды.

Алаш қозғалысы тарапынан байқалғандай, қазақ съездерін шақыруға қажетті алғышарттар Ресейде монархиялық тәртіп жойылғаннан кейін қалыптасқан-ды. Жалпы қазақ съездерін шақыру үшін алдымен ұйымдастыру іс-шаралары жоспарланды. Қай жерде, қашан өткізу керек, нендей мәселелер қаралмақ, мақсат, міндеттері қандай болмақ т.б.осындай сауалдарға нақты іспен жауап беру керек болды.

Қазақтың басын қосу ең алдымен шақырылмақ Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына даярлану болатын. Себебі, түсінікті. Кез-келген өзекті мәселені, айтарлық жер, мемлекетті билеу түрі т.б. заңдық негізде бекітетін құқықтық орган аталған Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы еді. Қазақ зиялылары Уақытша үкімет көтерген «Барлық билік Құрылтай жиналысына берілсін!» ұранын жақтады. Алайда большевиктер тарапынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы таратылды.

Қосөкімет кезінде қазақ зиялыларының мемлекеттік басшылық қызметіне етене араласуы, қазақ және мұсылман комитеттерінің қызметі, «Алаш», «Үш жүз» партияларының құрылуы, олардың Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына өз тізімдерін ұсынуы, қазақ әйелдерінің қызметі, земстволық басқару жүйесінің қызметі және т.б. 1917-1919 ж.ж. аралығында әртүрлі деңгейде болып өткен болыстық, уездік, облыстық және жалпы қазақ съездерінің күн тәртібіне қойылды. Осындай мәселелерді күн тәртібіне енгізіп, оларды жүзеге асыру мақсатында күрес жүргізген қазақ съездері туралы арнайы зерттеулер тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жарық көре бастады. Соның бірі «Қазақ съездері: қаралған мәселелері, шешімдері және олардың орындалуы (1917-1919жж.) Тарихи талдау» тақырыбында қорғалған кандидаттық диссертация [3]. Бұл мақалада 1917-1919 жылдардағы облыстық қазақ съездері арнайы тақырып ретінде талданған. Қазақ съездерінде қаралған мәселелердің және олар бойынша қабылданған қаулы-қарарлардың қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ қоғамына тигізген ықпалы жан-жақты ашып көрсетілген. Қазақ съездерінде қабылданған шешімдерге кенестік тарихнамада теріс баға берілгені, "буржуазиялық", "ұлтшылдық" бағыттағы құжаттар деген желеумен архивтің терең қойнауларына жасырылып келгені айтылады.

Облыстық қазақ съездерін ұйымдастырып, азаттық жолындағы күресті зерттеудің ғылыми және практикалық маңызы үлкен. XXғ. басында Ресейде қалыптасқан жағдайлар мен қазіргі өзгерістер арасындағы сабақтастық бар. Жер мәселесі, мемлекеттік басқару, білім сапасы т.б. маңызды мәселелер облыстық қазақ съездеріне арқау болған тақырыптар. Сондықтан Алаш қозғалысындағы облыстық қазақ съездерінің тарихын терең зерттеу - арнайы талдау маңызды.

Облыстық қазақ съездерінің күн тәртібі, қаулы-қарарлары мен шешімдері жөнінде төте жазумен жазылған түпнұсқалық деректерді Алаш қозғалысының өзі береді. Облыстық қазақ съездеріне қатысты алғашқы пікірлерді Алаш жетекшілері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Шоқай, А.Кенжин, Ж.Досмұхамедов т.б. авторлардың деректік негіздегі мәліметтері [4] береді.

Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуы және олардың Кеңес өкіметімен арақатынасы туралы пікірлер 1919-1920 жылдардағы большевиктік бағыттағы баспасөздерде жарық көрді.

Алаш қозғалысының басы-қасында жүрген С.Сейфуллин "Тар жол, тайғақ кешу" [5] атты мемуарлық еңбегінде қазақ большевиктерінің қызметін дәріптеу мақсатын алға қоя отырып, Алашорда жетекшілерінің қызметі арқылы қазақ съездері туралы деректік мәліметтерді айтарлықтай мол қамтыған. Онда жалпы қазақ съездерімен қатар Алашорда үкіметінің батыс бөлімінде болған облыстық және уездік деңгейдегі съездердің өтілу барысы, күн тәртібі, шешімдері және съезд өкілдерінің өзара келіспесушіліктері т.б. сияқты мәселелер бойынша баяндайды. Автор қазақ қоғамындағы өзгерістерге орай шақырылған басқосулар туралы: «...Жиылыс сайын, митингі сайын сөйлейтін «ораторлар», «шешендер», «көсемдер» шыққан. Бұрын көп көрінбей, білінбей жүретін талай адамдар жиылыс майданына шыққан. Жиылыс сайын шығып сөйлейтін болған", - деп жазады. Соңында қазақ съездерінің қызметіне "контрреволюциялық" сипатта деп бағалайды.

1920-1930жж. Алаш қозғалысы жетекшілеріне қарсы ұйымдастырылған сот процестерінен кейін бұл тақырыпты тарихи тұрғыдан зерттеуге ресми түрде тыйым салынғаны белгілі. Соңында, Алаш қайраткерлері "халық жауы" атанып, 1937-1938 жж. жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырады.

1920 жылдардың соңында қазақ съездерінің шешімдерін орындауға ат салысқан ұлт зиялыларының қызметін таптық принциптер тұрғысынан көрсетуді мақсат еткен А.Бочаговтың еңбегінде қазақ съездері "...Халықтың ескі патшалық тәртіпке қарсы жылдар бойы жиылған кегінің және халықтың өзін-өзі басқару, ұлттық мектеп, сот, милиция ұйымдастыру т.б. үкіметтерінің көрінісі болды", - деп орынды бағаланған. Алайда, кеңестік тарихнаманың "буржуазиялық", "контрреволюциялық" сипатынан арылмады. Сондай-ақ, Н.Мартыненконың "Алашорда" атты жинағында әртүрлі деңгейдегі қазақ съездерінің қаулы-қарарларынан ұлттық мүддеге сай жазылған тұстары алынып тасталған. Мұндағы деректердің көбі "Қазақ" газетінен орысшаға тәржімаланып, мазмұны түпнұсқасынан алшақтайды. Аталған еңбектер құжаттар жинағы ретінде өз құндылығын жоймай, пайдаланылып келеді.

1930 жылдары жарық көрген еңбектердің қатарына С.Брайнин мен Ш.Шафионың "Очерки по истории Алашорды" атты зерттеу еңбектері [6] жазылды. Бұл еңбектің соңында берілген қосымша құжаттар тізбегі (Алашорда жетекшілерінің үндеулері мен мәлімдемелері, "Алаш" партиясы съездерінің шешімдері, партия бағдарламасының жобасы және т.б.) Орталықтан Алашорда идеологиясын ашық түрде насихаттау деп бағаланып, партия тарапынан мұндай бағыттағы еңбектерді пайдаланудан алып тастау жөнінде шешім қабылданады.

Кеңестік тарихнамада жарық көрген зерттеулердің басым бөлігі "контрреволюцияшыл" казак зиялыларының қуғын-сүргінге ұшырауын ғылыми негіздеуге бағытталды.

1940 жылдары жарық көрген еңбектердің ішінде 1943 жылы М.Әбдіхалықов пен А.Панкратованың басшылығымен шыққан "Қазақ ССР тарихы" оқулығының орны ерекше. 1950-1960 жылдарда жарық көрген Т.Елеуовтің, Б.Кенжебаевтың, К.Бейсембаевтің, А.Нүсіпбеков пен Х.Бейсеновтың [19] зерттеу еңбектерінде аталған мәселеге таптық тұрғыдан баға берілген.

1970 жылдары жарыққа шыққан К.Нұрпейісовтің, С.З.Зимановтың, Ә.Жанкелдиннің, К.Есмағамбетовтің, Б.Елкеевтің зерттеу еңбектерінде казак съездерінде көтерілген жекелеген мәселелерге орай біршама мәліметтерді кездестіруге болады. Қазақстандағы Кеңестердің жеңісіне арналған бұл еңбектерде таптық мүдде дәріптелген.

1980 жылдары жарық көрген Н.П.Кузенконың, Д.И.Дулатованың, С.З.Зиманов пен К.З.Ыдырысовтың, В.К. Григорьевтің зерттеулерінде Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысына оң көзқарас қалыптасты.

Соңғы жылдары осы тақырыпты бүгінгі күн тұрғысынан зерттеуде жаңа көзқарас қалыптасты. Айталық, М.Қойгелдиевтің, М.Қозыбаевтың, К.Нұрпейісовтің, Г.Омарбековтің, М.Құлмұхамедтің т.б. авторлардың еңбектерінде тарихи шындық басым [7].

Алаш қайраткерлерінің мұраларын жинақтауда М.Қойгелдиевтің, Б.Серікбайұлы Қошым-Ноғайдың және Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың таңдамалы шығармаларының жинақтары шықты.

Сондай-ақ, Алаш қозғалысының тарихы көптеген басқосулар мен конференциялардың өткізілуіне негіз болды. Солардың ішінде 1989 жылдың шілде айында Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жанындағы партия тарихы институтының ұйымдастыруымен "Алашорда: пайда болуының, қызметі мен күйреуінің тарихы" тақырыбындағы бас қосу, 2008 жылдың қарашасында ҚР Білім және ғылым министрлігі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен «Алаш және тәуелсіз Қазақстан: идеялар мен ұстанымдар сабақтастығы» тақырыбында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның рөлі зор болды [8].

Жалпы Алаш қозғалысына объективті талдау жасап, казак съездеріне байланысты мәселелерді ғылыми негіздеуде М.Қойгелдиевтің "Алаш қозғалысы", К.Нұрпейісовтің "Алаш һәм Алашорда", Д.Аманжолованың "Казахский автономизм и Россия" атты ғылыми-зерттеу еңбектерінің маңызы зор. М.Қойгелдиевтің еңбегі казак съездеріне байланысты мәселелерді ұлттық басылымдарда жарияланған түпнұсқалық деректермен дәлелдей келіп, казак съездері қабылдаған қаулы-қарарларды, шешімдерді толығымен алғаш рет ғылыми айналымға енгізумен құнды. Мұнымен қатар автор күні бүгінге дейін жабық болып келген архивтік құжаттарды сараптау арқылы казак съездерінің өтілу барысын, күн тәртібін және оның нәтижелерін ұлт зиялыларының қызметі арқылы көрсетеді.

К.Нұрпейісов жоғарыда аталған зерттеу еңбегінде 1917 жылғы қосөкіметтілік жүйесіндегі казак қоғамының шынайы тарихын дәлелді құжаттармен сипаттайды. Алашорда үкіметінің Уақытша үкімет пен оған балама өкімет болған Кеңестерге қатынасын салыстырмалы түрде жан-жақты ашып көрсетуді мақсат еткен.

Ал, Д.Аманжолованың "Казахский автономизм и Россия" атты зерттеу еңбегінде Алашорда үкіметінің большевиктерге қарсы топтасқан түрлі саяси күштермен байланысы, сол жолдағы кедергілері сипатталып, оның азамат соғысы жылдарындағы (1918-1920 ж.ж.) қызметіне ғылыми талдау жасалып, кеңес өкіметінің қызметімен байланыста қарастырылған [9].

А.Махаеваның зерттеуінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына әзірлік жасау мақсатында шақырылған казак съездерін ұйымдастырудағы Қазақ комитеттерінің ролін ашып көрсетеді. Сол сияқты С.Рүстемовтің «XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыс» т.б. атты кандидаттық диссертацияларын ерекше атауға тұраралық. Солардың ішінде «Қазақ съездері» тақырыбын арнайы ғылыми талдауға алған К.М.Ильсованың зерттеуінде 1917-1919 жылдарда әртүрлі 800-ге дейін жеткені нақтыланып, жалпы казак съездерінің санын 68-ге жеткен.

Тарихилық принцип тұрғысынан келгенде, казак съездері ең алдымен казак ұлт-азаттық қозғалысының жаңа дәуірде қайтадан жаңғыру кезеңіне сәйкес келеді.

1 «Энциклопедия. «Айқап»/Бас редактор Р.Нұрғалиев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995ж. - 366 б.

2 Илиясова К.М. Қазақ съездері: қаралған мәселелері, шешімдері және олардың орындалуы (1917-1919жж.). Тарихи талдау.т.ғ.к., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық авторефераты.-Алматы, 1999 ж. - 30б.

3 Ә.Бөкейхан. Таңдамалы (избранное)/ Бас редактор Р.Нұрғалиев Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995ж. – 478 б.

4 Мұстафа Шоқай. Мария Шоқай. Естеліктер./ Құрастырғандар Ә.Тәженов, М.Қойгелдиев.- Стамбул, 1997ж.-272б.

5 С.Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу» Үшінші рет басылуы. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960 ж.-483б.

6 Брайнин С., Шафиро С. Очерки по истории Алашорды/ под.ред.Н.Ванаг. Алма-Ата-Москва: Казахское краевое изд-тво, 1935г.-149 с.

7 Нұрпейісов К. Қазақстан советтерінің 1-ші Құрылтай съезі. Алматы баспасы, 1970 ж.-108 б.

8 Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995 ж. - 368 б.

9 Алаш және тәуелсіз Қазақстан: идеялар мен ұстанымдар сабақтастығы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008 ж. - 476 б.

Резюме

Значение областных казахских съездов 1917-1919 гг.

Кырымжанова Н.С. – преподаватель кафедры Всемирной истории КазНПУ им. Абая, магистр истории

В статье рассматриваются взгляды казахской интеллигенции под руководством А. Букейханова, проблемы и решения казахских съездов. Исследуются об участии С. Сейфуллиным в движении Алаш и деятелях Алашорды. В статье показываются взгляды и мнения выдающихся ученых. Идея проведения казахских съездов относится к началу XX в. Наряду с А. Букейхановым эту идею поднимали и поддержали М.Кәшімов, Р.Мәрсеков, Б.Қаратаев и др. Идея о проведении казахских съездов показала пробуждение национального самосознания казахского народа. В 1917-1919 гг. было проведено почти 68 съездов по подсчетам ученых. На этих съездах обсуждались острые вопросы судьбы казахского народа.

Ключевые слова: Казахстан, съезд, информация, советская историография, революция, интеллигенция, нация, народ, самосознание.

Summary

A Significance of regional Kazakh congresses in 1917-1919

Kyrymzhanova N.S. – magister of history, a teacher of World department of Abay Kazakh National pedagogical university

The views of the Kazakh intelligentsia under the leadership of A. Bukeikhanov, problems and solutions of Kazakh congresses are considered in this article. Participation of S.Seifullin in Alash movement and Alashorda's representatives are researched. This article presents the views and opinions of distinguished scientists. The idea of the Kazakh congresses refers to the beginning of the twentieth century. Along with A. Bukeikhanov this idea was raised and supported by M.Kәshimov, R.Mәrsekov, B.Қаратаев and ets. The idea to hold the Kazakh congresses showed the awakening of national consciousness of the Kazakh people. 68 congresses were conducted in 1917-1919 according account of scientists. The sharp questions of the Kazakh people's fate were discussed on these congresses.

Keywords: Kazakhstan, congress, information, Soviet historiography, the revolution, the intelligentsia, the nation, the people, self-conscience

ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ТАРАЗ ҚАЛАСЫ

Б.Қажыбеков – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты

Көне деректерге сүйенетін болсақ, Тараз қаласы Талас өңіріндегі саяси мәдениеттің ірі орталығы болған республикадағы ежелгі қалалардың бірі. Онда көптеген елдің көпестері, мемлекетаралық іспен шұғылданған елшілер, әртүрлі діни ағымды таратушы миссионерлер мен жол кезбелер, тарихшылар болып кеткен. Соңғы кезде көне қала жұртындағы археологиялық қазба жұмысы барысында ірі қоғамдық ғимараттардың тұғырлары мен қабырғаларын безендіруге пайдаланған көптеген ою-өрнегі бар бедерлі тақтайшалардың табылуы Таразда сәулетті сарайлар мен қоғамдық ғимараттардың болғандығын растайды. Оған қазба барысында қала датқасының сәнді-сарайлары мен халық бас қосатын қоғамдық көпшілік үйлерге қойылатын тамаша өрнектері бар бірнеше қоладан жасалған шырағданның табылғандығы да дәлел бола алады. Міне осындай сәулетті сарайда 568 жылы Византияның елшісі Земарахты Түркі қағаны Дизабул (Естеми) салтанатты түрде қабылдап, өзара келісім шартқа қол қойғандығы тарихтан белгілі. Бүгінде тарихымыздың діңгегі болған Тараз қаласының жұртынан бізге жеткен қоғамдық үйлердің бірі — Ортағасырлық моншалар қалдығы. Егер тарихи деректерге сүйенетін болсақ, көне қалалардың әрқайсысында ең кемінде 5-6 монша болған. Ал біздің Тараз қаласының жұртынан екі монша табылды. Зерттеу барысында моншаларды салуда қаланың санитарлық тазалық жағы ескерілгендігі және соған орай олардың қаланың сыртқы қорғаныс дуалдарының ішкі жағына орналастырылғандығы анықталды.

Түйін сөздер: мәдениет, ортағасыр, қала, түріктер, соғдылар, өркениет, Жібек жолы.

Түбі бір түркі халықтарының тарихына тікелей қатысы бар Талас өңірі тіршілікке өте қолайлы, жері шұрайлы, суармалы алқабы солтүстіктен оңтүстікке меридиональды бағытта созылып жатқан аймақ. Талас ойпатының ұзындығы 70 шақырым, ені 30-35 шақырым, аязсыз уақыттың ұзақтығы 140-160 күнді құрайды, жері ашық және қаралау сарғыш сұр топырақты, бұл егіншілікпен, көкөніс пен жүзім егумен айналысуға, мал шаруашылығындағы техникалық дақылдарды дамытуға мүмкіндік туғызады [1].

Тараз қаласының төменгі мәдени қабаттарынан табылған шақпақтас қырғыштар, жаңқалар мен кішкентай нуклеустер осы аумақта палеолит (тас дәуірі) кезеңінде тіршіліктің болғандығы жөнінде айтуға негіз болды.

Б.з.д. VIII–III ғғ. Жетісуда сақ және үйсін тайпалық одақтары қалыптасты. Осы кезеңге үйректі жеп жатқан арыстан бейнеленген тоға табылған Берікқара обалары жатады. Жамбыл кірпіш зауыты аумағынан кездейсоқ табылған үлкен тас дәнүккіш, тас келі, ұңғылы қола шот, түп жағы үшкірлеу шар бүйірлі қазандар да бұл жерде отырықшылықтың болғандығын дәлелдейді. Мұны Тараздың солтүстігінен табылған ұңғылы жебе ұшы мен жауынгердің қола мүсіні айғақтай түседі [2].

Талас өңіріндегі тайпалар туралы келесі мәліметтерді қытай саяхатшысы Чжан-Цяньның жазбаларынан аламыз. Чжан-Цяньның хабарламалары Ши-Цзи ежелгі қытай тарихын сипаттаудағы Орта Азия елдерін суреттеуге негіз болды. Осы жазбаның негізінде біздің заманымыздың 27 жылы қытай тарихшысы Баньгу «Цянь-Хань Шу» атауымен «Үлкен Хань әулетінің тарихын» құрастырды. Осы тарихта Талас өзені алғаш рет айтылады, онда да отанымыздың тарихына тікелей байланысты ірі оқиғаны жазуда көрсетіледі [3]. Чжи-Чжи ғұмырнамасында жорық пен шанью лагері жазылады. Мұнда жалмен қоршалған қалашықта, дұрысында қоныста орналасқан киіз үйлерден тұратын лагері көрсетіледі, қытайша қарлы таудан бірнеше лиде (ли – $\frac{1}{2}$ шақырымнан астам) Да-луй өзені бойындағы «чэн» деген. Да-луй өзені бұл ежелгі қытай транскрипциясы бойынша Талас өзенінің аты. Олай болса, біздің заманымыздың бірінші ғасырында Чжи-Чжи негізін қалаған орда (қала) ортағасырлық Тараздың астында болуы мүмкін [4].

VI ғ. 60-шы жылдардың аяғында Түрік қағанаты Қытайдан Батыс елдеріне баратын сауда жолын бақылауда ұстауға қызығуы нәтижесінде саяси және экономикалық қатынасында сол уақыттағы алып мемлекеттер: Византия, Персия, Үндістан, Қытаймен күрес жүргізгенде оған Тараз қаласы мен Талас өңірінің халқы тартылған еді. Осы оқиғаға байланысты 568 жылдың өзінде-ақ грек жазба деректерінде Тараз қаласы Далос ретінде айтылады.

572 жылы Жетісу жері Қара Шұрын Датқа өтеді [5]. Тараз бұрынғысынша астаналық қала мәртебесін сақтап, Түрік мемлекетінде айтарлықтай орын алғандығын осы уақытта болған оқиғалар дәлелдейді. Соның арқасында Талас өңірі халқының тарихи тағдырын Орта Азия халқының тағдырымен одан әрі тығыз байланыса түседі. 580 жылы Соғдыда туындағын Абруй басқарған

түріктер мен бұхаралық ақсүйектер арасындағы қақтығыс нәтижесінде халықтың бір бөлігі Таразға қоныс аударылады. Бұл оқиғаны тарихшы Нершахи былай суреттейді: «Уақиға бойынша біршама уақыт өте Абруй билігі күшейіп, ол осы аймақты (Бұхара) қатаң басқара бастады, тұрғындардың төзімі таусылды. Дикандар мен көпестер бұл аймақтан Түркістан мен Тараз жақа кетті және ол жақтан жаңа қала салып, оны Хамукет, яғни Хамука мырзалар қаласы деп атады» [6]. Таразға келген ақсүйектер мен дикхандар Қара Шұрыннан көмек сұрайды, осы ұлылығы үшін халқы Бияғу Жабғу қаған деп лақап ат қояды. Абруйды (Або-хан) Қара Шұрынның ұлы Шаболио (түрікше Чуло-хэу) өлтіреді [7].

603 жылы Түрік қағанаты екі мемлекетке бөлінеді. Шығыс қағанат Моңғолияда орналасты. Батыс Түрік қағанаты Жетісумен бірге Қазақстанның оңтүстігін, Орта Азияның бір бөлігін қамтыды.

Абоханның (Абруй) ұлдары Батыс Түрік қағанатын басқарды. Оның ұрпақтарының бірі, батыс түрік ханы Шаболо Хилиши кезінде билік 10 бөлікке бөлінді, оның әрбірі «оқ», қытайша «Ше» деп аталды. Бөлінудің бұл жүйесі түркі деректерінде «он оқ будун» деген терминмен кездеседі. Осындай бөлімнің (тайпа) бесеуі Шу өзенінің шығысында тұрып, Нушуби деп аталды. Нушубилердің астаналық қаласы Тараз болды. Иби Шаболо Шеху билігі уақытында олар алыстағы батыс елдерін, сол кезде бірнеше жеке иеліктерге бөлінген Соғдыны қоса жаулап алады [8].

630 жылы қалаға келген қытайлық монах Сюань Цзян Таразда әртүрлі елдердің көпестері тұрады деп суреттейді. VII–VIII ғғ. Тараз қаласы бекіністі цитадель мен шахристаннан тұрды, жоспары шағын шаршыға келетін үлгіде, жалпы алаңы шамамен 14-15 гектарды қамтыды. Бұл айнала 8-9 лиді, яғни шамамен 3,2-3,6 шақырымды қамтыған, айтарлықтай сауда жүргізетін қала [9]. Алғаш рет IX ғ. бірінші жартысында математик және географ Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми «Китаб сурат ал-ард» атты шығармасында «Тараз, бұл көпестер қаласы» 40°24' ендікте, 100°30' бойлықта деп жазылады. Араб саяхатшысы Абу-Қасым ибн Хаукаль «Тараз – мұсылман түріктердің сауда жасайтын орны, одан ары ешбір мұсылман бармайды, себебі оның шекарасынан кім өтсе, қарлұқтардың шатырына (қонысына) тап болады» деп жазады [10]. Арабтың көрнекті географы Мұхаммед ибн Ахмед әл-Макдиси «Тараз – үлкен бекіністі қала, көптеген бақтары бар, тығыз қоныстанған, оның оры, төрт қақпасы бар және рабад орналасқан. Медина (шахристан) қақпасы алдында үлкен өзен (Талас), оның арғы жағында қаланың бір бөлігі, оған қарай өткел бар. Жұма мешіт базар ортасында» деп жазады. Тараз тұрғындары мұсылмандардың діни ағымының бірі – шафиитке жататын қалалар есебінде айтылады, ол кезде Мәуреннахрдың (Әмудария мен Сырдарияның аралығы) біраз бөлігі ханифит ағымына жатты [11].

Махмұд Қашқари түркі халықтары қоныстанған елдерге, Иран мен Араб елдеріне жасаған саяхатынан кейін, 1074 ж. өзінің көптеген тарихи және географиялық мәліметтерден тұратын «Диуани лұғат ат түрік» (Түркі тілінің сөздігі) құрастырады. Ол «Талас – Тараз атауымен белгілі қала. Олар екеу: оның бірі Ұлығ Талас, яғни үлкен, екіншісі ислам шекарасында – Куми Талас» деп жазады. Махмұд Қашқаридың картасында Куми Талас Іле өзенінің шығысынан көрсетілген. Якут әл-Хамави өзінің географиялық сөздігінде «Тараз – бесінші климаттың соңында, ол 100°30' бойлықта және 40°25' ендікте. Тараз – түрік шекарасындағы, Испиджаб (Сайрам) маңындағы қала: Тараз сонымен бірге Исфханның кварталы, ол оған барып тіреледі» – көрсетеді. Шамасы Тараз тұрғындарынан шыққан көпестер оған қоныстануы мүмкін. Араб әдебиетшісі әрі географы Абу Феда әл-Айюби былай деп жазады. Тараз – ұлы қала. Одан ғалымдар шықты. Олардың бірі Әбу Мұхаммед Абдрахман ибн Яхья, ол Қадыр хан уақытында Самарқандта хаттиб (уағызшы) болды [12].

Қытай әдебиеттері сары түргештердің шығуын Согэ ханның (708–717 жж.), ал қара түргештерді Сұлу ханның (717–738 жж.) пайда болуымен байланыстырады. Тараз қаласы осы кезде Жетісу жеріндегі үстемдікті қолына алған қара түргеш тайпасының орталығы болды.

Осы кезде Тараз Түргеш қағанатының экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл ойнағандығын ежелгі жазбаша деректер, оның ішінде манихейлік шығармалардың үзінділері куәландырады. VIII ғ. бірінші жартысына мерзімделетін «Екі негіздің қасиетті кітабында» қала туралы былай айтылады «Арғу Талас ұлы түріктердің атақтысы және құдай бергені» [13]. Мұнан келіп шығатыны, Талас Батыс Жетісудың ірі сауда-көлөнер орталығы – Арғу елі, ол Баласағұн мен Исфиджаб аралығын алып жатқан аумақ.

Бұл деректі Тараз қаласындағы қазбадан табылған алуан түрлі пішін мен шекімедегі көп мөлшерлі қола теңгелермен салыстыруға болады. Бұл ортасында төртбұрышты тесігі бар түргештік мыс теңге, бір жағында доға тәрізді таңбасы бар, ал екінші бетіне жазу жазылған: «Түрік қағаны». Теңге анық түріктікі, мұны жазу айғақтайды. Бұл теңгелер 704-тен 766 жылға дейін Түргеш қағанаты дәуірінде

соғылуы мүмкін. 750-751 жылдары Қытайдың мықты армиясы түргештердің айтарлықтай аумағын басып алып, Суяб қаласын өздеріне қаратады. Мұнда Аспан асты елінің әскері өз жаулап алушылығын кеңейтуге тырысады, мұндай экспансияны Араб халифаты басынан өткізіп, әскері пайғамбардың туын көтеріп Орта Азияны жаулап алғаннан кейін қазақ жеріне де келіп жетеді. Қызығы екі ұлы жауынгер империя қазақ жерінде айқасты. Шайқас 751 жылы Атлах қаласы маңында өтті. Сол кезде түргеш қаласы болған Атлах Талас өзенінің бойында, Тараздан 18 шақырым оңтүстікте орналасқан. Араб әскерін Зияд ибн Салих басқарады. Қытай армиясының қолбасшысы, шығу тегі корейлік генерал Гао Сянь Чжи болды. Шайқасқа екі жақтан 100 мың жауынгер жиналады.

Ұлы Талас ұрысы бес күнге созылады, соғысушылар оның тарихи маңыздылығын түсінгендей жанын аямады. Ұрыстың қызған кезінде қарлұқтар түргештермен және басқа да рулармен ішкі карама-қайшылықтарды ұмытып, ежелгі жауы қытайлықтарға қарсы айқасқа шығып, қытай армиясы генералы Гао Сянь Чжиге қапталдан соққы беріп, жеңіске жетті [14].

X ғ. аяғы – XI ғ. Жетісу, Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны қарахан әулетінің алуында Тараз жаңа мемлекет әулеті бірінің астанасына айналады. Тараз қаласында Ибн әл-Асирдің хабарлауы бойынша алғашқы ханы, аймақтағы қарахан әулетін басқара бастаған өкіл Сатұқ Қарахан (Сатұқ Боғра хан Ибн әл-Керім) болады. Оның ұлы Боғра хан Харун Мұса 960 жылы Тараз қаласында исламды мемлекеттік дін деп жариялайды [15].

Тараздың саяси дербестігі мен аймақтағы автономдығы экономика мен мәдениеттің дамуына әсер етпей қоймады. 1002 жылдан 1173 жылға дейін Тараздың теңге сарайы жоғарғы және тәуелді билеушілердің атынан теңгелер шығарып отырды. XI ғ. Туган хан тұсында Тараздың маңыздылығы мен шамасына соншалықты болғандығы сондай ол сол кезде Самарқанды басқарған Махмұд ханға қарсы шықты. Осындай тағдырға Қашғар да ұшырып, Тараз билеушісі Қадыр ханның астында 15 ай болды [16].

XIII ғ. басы Жетісу мен Орта Азия үшін аласапыран мезгіл болды, монғол шапқыншылығы қарсаңында Орталық Азиядағы үстемдік үшін қарақытай, найман, хорезмшах Мұхаммад арасындағы күресте Тараз қолдан қолға өтті. 1212 жылы Тараз Жетісудың оңтүстік-батысы мен Оңтүстік Қазақстандағы бірқатар орталықтармен бірге монғолдардың қолына түспесін деген себеппен Хорезмшах Мұхаммадтың бұйрығы бойынша қиратылады [17].

Тараз туралы мәліметтерде монғолдар Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алғаннан кейін Талас өңірі Шағатай ұлысына өткендігі кездеседі. Монғол әмірі, Хорасан билеушісі Аргұн 1248 жылы Монғолияға бара жатып, Таразда Күйіктің (1246-1248) қайтыс болғандығы жөнінде, 1251-1252 ж. Таразда Меңгу ханның (1251-1259) таққа отырғаны туралы хабарды алады. Француз королі IX Людовиктің елшісі Гильом Рубрук Қарақорымға бара жатып Тараз қаласында болады. 1255 жылы Таразда Кіші Армения билеушісі Гайтон құлағу әулетінің тайпа басшысы Құлағумен кездеседі [18].

Осы жылдардың өзінде Тараз өмір сүруін жалғастыра берді, бірақ басқа аттармен: Талас, Янги, Янги-Талас. Бұған Таразда Шағатайлықтар кезінде, мысалы Бұға Темір (1272-1291 жж.), Дува хан (1291-1306 жж.), Тармашарин (1325-1334 жж.) атынан басылған шекімелер айқақ бола алады [19].

Шамамен осы уақыттардағы Тараздағы билікті жергілікті ақсүйектермен байланыстыруға болады, бұған рабадтың батысынан табылған төрт аркалы төртбұрышты жоспардағы кесене дәлел. Қабір үстіндегі тақтадағы оның есімі бізге дейін жетті. Ол 1262 жылы 31 наурызда қайтыс болған Ұлығ-Білге Икбал-хан Дәуітбек болды [20].

1340 жылы әл-Омари Самарқандтан Алмалыққа дейінгі маршруттың Янги Таласты жазады [21].

XVI ғ. жазбаша деректерде Талас өңірі бірнеше қалалардың үйіндісі ретінде суреттеледі. Бұл жөнінде Мырза Мұхаммед Хайдар Дулат былай деп жазады: «Монғолдар даланы Янги Тараз деп атайды, олар мұны шамасы бірнеше қалалардың ізімен айтады, онда күмбездер, минареттер мен медреселердің ізі мен белгілері бар, осы ежелгі қалалардың бірі Янги, ал қалғандары қалай аталды» [22].

Бүгінгі таңда көне қаланың зерттелуінің екі ғасырға жуық тарихы бар екендігі анықталып отыр. XIX ғасырдың 30-шы жылдарында бірінші болып зерттеген француз ғалымы М. Картмер.

Одан кейін Тараз қаласын 1867 жылы П.И. Лерх, 1880-1898 жылдары В.А. Каллаур, 1890 жылы Е.Ф. Каль, 1893-1894 жылдары В.В. Бартольд, 1894 жылы В.П. Лаврентьев зерттеді.

Алғашқы қазба жұмыстарын Средазкомстарис экспедициясы 1927 жылы М.Е. Массонның жетекшілігімен жүргізеді. Экспедиция қала ауданына топографиялық зерттеулер жүргізді. Бірнеше мәдени қабатты ескерткішке жүргізілген археологиялық қазбалар нәтижесі Талас өзені бойында бай тарихи құндылықтардың жатқанын дәлелдеді. Археологиялық материалдар ортағасырлық Тараз –

Талас өңірінің басты қаласы екенін анықтап береді. 1938 жылы А.Н. Бернштам, 1940 жылы Г.И.Пацевич, 1958, 1960-1965 жылдары Т.Н. Сенигова, 1960-1965 жылдары Е.И. Агеева, М.С.Мершиев, К.М. Байпақов археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді.

Ежелгі Тараз қазіргі қаланың орталық базары астында жатып, біраз уақыт зерттеу жұмыстары жүргізілмей келді. Бірақ бүгінде тарихымызға бетбұрыс жасалып, зерттеу жұмыстары соңғы жылдары қарқынды жүргізіліп келеді.

Болашақта ортағасырлық Тараз қаласында зерттеу жұмыстарын жалғастыру ғылым үшін өте маңызды. Қаланың шекарасын, мәдени қабаттарын, құрылыс орындарын анықтау арқылы Түрік қағанаттарының тарихына қомақты үлес қоса аламыз. Үлкен аумақты алып жатқан қаланың заттай мәдениетінен қалған жәдігерлерді алдағы уақытта зерттеу, қаланың саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша құнды мәліметтер береді.

1 Нуржанов А.А. *Взаимодействия степных и оседлых цивилизаций в эпоху Тюркских каганатов в семиречье*. Казань. 2007. С.115.

2 Бернштам А.Н. *Памятники долины старины Таласской долины*. Алма – Ата. 1941. С. 10-11.

3 Бернштам А.Н. *Труды Семиреченской археологической экспедиции (1936-1938 гг.) «Таласская долина»*. Алма-Ата, 1949. С. 45.

4 Л.Н. Гумилев. *Таласская битва 36 г. до н. э. Исследования по истории культуры народов Востока*. «Сборник в честь акад. И.А. Орбели. Исследования по истории культуры Востока». М. –Л., 1960, стр. 163

5 В.В. Бартольд. *История культурной жизни Туркестана*. Л., 1927, стр. 5

6 Деступис С. *Византийские историки – Санкт – Петербург, 1861*.

7 В.В. Бартольд. *Соч., Т. IV, М., 1966, стр. 33*

8 Нершахи Мухаммед. *История Бухары*. Ташкент, 1897, стр. 12 – 13.

9 Н. Лыкошин. *Исторические записки Ташкент*. 1938. С. 18.

10 В.В. Бартольд. *Соч., Т. IV, М., 1966, стр. 34*

11 С. Волин. *Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине р. Балас и смежных районах*. Труды ИИАЭ АН КазССР, т.8, 1960, стр. 77

12 С. Волин. *Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине р. Балас и смежных районах*. Труды ИИАЭ АН КазССР, т.8, 1960, стр. 77.

13 Махмуд Кашгари «Словарь тюркских наречий». Алматы: Дайк-Пресс, 2005. С. 220

14 С.Г. Кляшторный. *Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии*. М., 1964, стр. 130-131

15 С.Д. Асфендиаров. *История Казахстана (с древнейших времен)*, Т. I, Алма-Ата, 1935, стр. 23-24.

16 О.Г. Большаков. *К истории Таласской битвы (751 г.)*. // СНВ. Вып. XXII. М.: 1980. С. 132-135.

17 Бернштам А.Н. *Памятники долины старины Таласской долины*. Алма – Ата. 1941. С. 10-11.

18 Т.Н. Сенигова. *Средневековый Тараз*. Алма-Ата.1972. С. 18.

19 Вильгельм де Рубрук. *Путешествие в восточные страны*. СПб., 1911, стр. 104

20 М.Е. Массон. *Исторический этюд по нумизматике джагатаидов. (По поводу Таласского коада монет XIV в.)* Труды САГУ, вып. IV, Ташкент, 1957, стр. 83

21 В.В. Бартольд. *Очерк истории Семиречья*. Москва, 1943, стр. 57

22 Мирза Мухаммад Хайдар. *Тарих-и Рашиди*. Ташкент. Фан. 1996. С. 184.

Резюме **Средневековый город Тараз** **Қажыбеков. Б**

Одним из ярких событий в казахстанской археологии на сегодняшний день является открытие средневековой городской культуры и городов, упоминаемых в письменных источниках. В противовес бугующим совсем недавно мнениям о Казахстане, как о стране исключительно кочевников, было доказано, что наша страна была колыбелью своеобразной степной цивилизации, считавшей в себе тесный симбиоз культуры земледельцев и скотоводов, города и степи. Изучение функционирования средневекового города Тараза включает в себя не только определение строительных горизонтов и хронологических отрезков жизни-прежде всего, многокомпонентный процесс, протекавший на фоне различных социально-экономических коллизий на протяжении тысячелетий.

Ключевые слова: культура, средневековье, город, тюрки, согды, цивилизация, Шелковый путь.

Summary
The medieval city of taraz
Kazhybekov. B

One of the brightest events in the Kazakhstan archeology today is the opening of the medieval city of culture and cities mentioned in the written sources. In contrast, recently butuyuschim opinions about Kazakhstan, as a country solely nomads, it has been proved that our country was the cradle of civilization, a kind of steppe, combines the intimate symbiosis of culture of farmers and herdsmen, the city and the steppes. The study of the functioning of the medieval city of Taraz includes not only the definition of building horizons and chronological segments, especially the life of all, multi-processes that take place against the backdrop of various socio-economic conflicts for thousands of years.

Keywords: culture, the Middle Ages, the city, the Turks, Sogd, the civilization, the Silk Road.

ӘӨЖ 96.118-002

XV-XVI ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӨМІРІ ЖЫРАУЛАР МҰРАСЫНДА

Н.А. Исамет – Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің 2 курс магистранты,
nurbolat.31.93@mail.ru

Бұл мақалада жырау атауына түсінік беріліп, олардың қоғам өміріндегі ерекшеліктері қамтылып айтылады. Сонымен бірге Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы, яғни XV-XVI ғасырлардағы маңызды саяси оқиғалар қамтылады. Тебіреніске толы өлең жолдарынан, хандықтың өз алдына жеке тәуелсіз мемлекет болып, дербес саясатын жүргізу қарсаңындағы маңызды оқиғалар туралы көптеген мәліметтерді кездестіруге болады. Жыраулардың еңбектері негізгі дерек көзі ретінде қарастырылып, олардың өлең жолдарында кездесетін бірнеше мәселелерге тоқталып, түсіндірме беріледі.

Түйін сөздер: жыршы, данагөй, жырау, хандық, батыр, ру-тайпа

Ұлттық тарихымызда өзіндік орны мен өшпес ізін қалдырған және қоғамның дамуы үшін бар күш жігерлерін салып, хандықтың өсіп-өркендеуі жолында тынбай жұмыс атқарған, данагөй жырауларымыз санамыздан біраз уақыт шығып, көбісінің жазып кеткен мұралары және шығармаларының аттары аталмай бізге беймәлім болып келген еді. Еліміздің тәуелсіздігі арқасында ұлттық тарихымызға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, әдебиетіміз бен тарихымызда айшықты орын алатын жырау-ақындарымыздың мұралары табылып, тындырымды жұмыстардың нәтижесінде бір жүйеге келтірілді. Әлі де жыраулардың бізге беймәлім тұстары өте көп. Шығармалары түгiлi аттарының өзі ұмыт болып кеткен жырауларымыз қаншама. Осы аталған жайттар болашақта шешімін тауып, бір жүйеге келетініне сенеміз.

Хан сарайында маңызды саяси істермен айналысқан жыраулардың бойында бірнеше дарындылық қасиеттер болды. «Жырау» сөзі «дана» сөзімен синонимдес болып келеді. Данагөйдің мақсаты - тарихты терең бағамдап келісімді ойын айту, елге сара жол көрсету. Онда жеңіл сөз бен желең ой болмайды. Салмақты тұжырым, салихалы пайымдау - данагөйдің негізгі қаруы. Жыраулардың заман, қоғам және әлеуметтік мәселе туралы айтқан ой-тұжырымдары мен пікірлері қай уақыт шеңберінде болмасын өзіндік құнын жоғалтқан емес. Сондықтан халық оны құрметтеп, өмірде пір тұтқан.

Жырау атанған тұлғалардың ақыннан, жыршыдан өзгешілігі бар. «Жырау демек, ақын деу емес. Жыраудың ақын атаулыдан, жыршыдан бөлек өз жанры бар. Жыраудың мақсаты, міндеті - не болса сол, көңіл ашар, әлде не дерлік сөзді айту емес. Ол заман сынын, мезгіл, дәуір болжамын, тарихи оқиғаның мазмұнын, бағасын сөз қылады. Көбінесе, әрі жырау, әрі би болады» [1, 17 б.]. Жырау деген атау "жыр" сөзінен шыққан. Жыршы деп көптеген эпостық жырларды жатқа білетін, дайын репертуары бар айтқыштарды таныған. Жыраулар өз шығармаларын ақыл-нақыл, өсиет түрінде айтқан. Олардың толғауларының негізгі тақырыптары - туған жерді, елді сүю, Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру, адамгершілік қасиетті насихаттау болып табылады. Демек, жыраулар бір ғана мәселемен шектеліп қалмаған, қоғам өмірінде болып жатқан оқиғаларды сырттай бақылап, алаңсыз сарайда өмір сүрген жоқ. Олар елінің тұтастығына сырт елдерден төнген қауіпті сәттерде, ұрысқа қатысып, батырлықтың ерен үлгісін көрсеткен.

Жырау атауы кез-келгеннің еншісіне бұйырмаған дәреже. Сондықтан әдебиетіміз бен тарихымыздағы кез-келген жырауды әлемдік философтармен тең қоя атасақ, артық айтпағандығымыз.

Қазақ жырауларының сан ғасырлық шығармашылығын М.Жармұхамедов үш кезеңге бөледі: «Бірінші топқа жыраулық дәстүрдің негізін қалаған алғашқы өкілдері – Қорқыт, Аталық (Кет-Бұға)

және Сыпыра жыраулар жатады. Бұл дәуір XI-XIV ғасырларды қамтиды. Жыраулықтың қалыптасу кезеңін белгілейтін екінші топқа Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет шығармалары кіреді. Мұның кезеңі XV-XVI-ғасырлар. Үшінші топты жыраулықтың әбден толысып, кемелденген кезеңіндегі өкілдері: Үмбетей, Жиёмбет, Тәтіқара, Ақтамберді, Бұхар жыраулар құрайды. Бұған XVII-XVIII ғасырлар жатады [2,786].

Жыраулар - қоғамда болып жатқан барлық маңызды саяси істерге араласып, ел билеген ханның да, қарапайым бұқара халықтың да қасынан табылып отырды. Қоғам өміріндегі негізгі мәселелерді хандармен бірлесіп шешіп отырды. «Патриарх, ақын, әрі халық мүддесін білдіруші жырау топ алдына өте сирек, аса қажет жағдайларда ғана шығады. Халық қадір тұтқан ақсақал жыраудан жұрт толқыған, халық дағдарған, бүліншілік шыққан немесе ел шетіне жау келген кездерде ғана кеңес сұрайтын болған. Мұндай реттерде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып, оларға дем беріп, істің немен тынатыны жайлы болжалдар айтып отырған» [3, 736],- дегендей ел басына ауыр күн туған кезде және сырттан жаулаушы мемлекеттердің басқыншылық қаупі төнгенде, халықты сабырға шақырып, бұл қиын-қыстау кезеңнен де аман – есен өтіп кететініне жалынды сөздері арқылы сендіріп отырды.

Жыраулардың тілі көне тарихқа өте бай болды, ойларын баяндау жолымен емес, олардың әрбір айтқан ойлары мен сөздері терең мағыналы болды. Көп жағдайда айтқан сөздері мен жасаған істері сәйкес келіп, үйлесімділік тауып отырды. Олар тек қана жыр жаттаумен шектелмеді, ежелгі жыр-дастандарды, сонымен бірге қанатты, шешендік сөздерді өзіндік санасында ой елегінен өткізіп көптің көкейіне тағылымды тәрбие және ғибратты ой ретінде жеткізіп отырды. «Жырау – өз тайпасының рухани тірегі, ақылгөй ақсақалы. Сондықтан да ол албаты сөйлемейді. Ол тынышсыз көшпенділер арасында күнделікті болып тұратын кикілжің оқиғаларға араласпайды, күйкі өмірдің қамы туғызған от басы, ошақ қасының, қара қазанның жайы да жырау назарынан тысқары жатады» [4,1276].

«Жеке отау тігіп, өз мемлекетін құрған қазақ елі үшін XV-XVI ғасырларда ең басты мәселе - жаңа құрылған мемлекетті күшейту мен қорғау болды» [5,2086]. XV- XVI ғасырда Қазақ хандығы дербес және тәуелсіз түрде саясатын жүргізіп, жанындағы көрші мемлекеттермен терезесі тең дәрежеде өмір сүріп, хандықтың күш-қуатын арттыру мақсатында шешімді әрекеттер жүргізді. Осы екі ғасыр аралығындағы қазақ өмірі жыраулардың шығармашылығында көрініс тауып отырды. Бұл кезеңде көшпелілер философы атанған Асан Қайғы, Доспамбет жырау, Қазтуған жырау, Шалкиіз жырау, батыр атанған Ақжол бидің әкесі Қодан тайшы және тағы басқа біздің осы күнімізге аттары беймәлім қаншама ақын-жыраулар өмір сүрді.

XV ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамы күрделі саяси кезеңді басынан өткерді. Тәуелсіз хандықты құру үшін Керей мен Жәнібек хандар бастарын бәйгеге тігіп, хандықты өркендету жолында тәуекелді әрекеттер мен шешімді істерге барып, елдің азаттығы жолында жан алысып, жан беріскен шақта талай қиын-қыстау кезеңді бастарынан кешірді. Жаңадан құрылған хандықтың алдындағы ең басты мәселе - хандықтың аумағын кеңейту және сыртқы дұшпандардан елді, жерді қорғау болды. Қазақ хандығын құру оңайға соқпады. Қазақ хандығының ең алғашқы билеушісі - Керей мен Жәнібек хандар жұртты өз соңдарынан ертіп, елдің тәуелсіздігі жолында ел билеуге лайықты ақсүйек, би-шонжарлардың арасындағы алауыздықтарды жойып, бар күш жігерлерін елінің дербестігі мен тәуелсіздігі жолына жұмсады. Тарихи жазба деректерде хандықтың құрылуы қарсаңындағы маңызды орынға ие саяси оқиғалар көп жағдайда айтыла бермейді. Ел өміріндегі саяси оқиғалар көбінесе көркем әдебиетте көрініс тауып отырды. Қазақ халқы өзінің тарихын әдебиеті арқылы баяндап отырды. Тарих пен әдебиет көп жағдайда бірін – бірі толықтырып отырды. Хандықтың құрылу қарсаңындағы, сонымен қатар құрылған уақыттан кейінгі елдің ішкі саяси өміріндегі маңызды оқиғалар, жыраулардың еңбектері мен шығармаларында көптеп кездеседі.

Осы кезеңге тән ірі оқиғалардың бірі - қыпшақ руынан шыққан Қобыланды батырдың арғын руының атақты биі Ақжол батырды өлтіріп қоюы еді. Екеуі де Көшпелі Өзбектер елінің билеушісі Әбілқайыр ханның сенімді батырларының бірі болды. Алайда белгісіз себептерге байланысты Әбілқайыр ханның екі батыры бір-бірімен іштей жауласып, араздасып жүреді. Сондай шекісу үстінде Қобыланды батыр Ақжол батырды өлтіріп қояды. Ел арасына сызат түседі. Осы кезде Жәнібек хан Қобыланды батырға қатты өкпелеп, оны шарифат жолымен қысас қылып өлтіруді сұрапты. Әбілқайыр хан бұл талапты орындайын десе, қалың қыпшақ тегіс жауласып, бұлардан безіп кететін болады. Осыны ойлаған хан үш кісінің құнын алып бітісіңдер,- деген екен[6,1396]. Бұл жағдай аңыз бойынша Керей мен Жәнібек бастаған тайпалардың дауды әділ шеше алмаған Әбілқайырға

наразылық ретінде Моғолстанға көшіп кетуіне себепкер болады. Осы кезде баласы Ақжол батырдың өліміне байланысты Қодан тайшы жоқтау өлеңін шығарады:

**Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным,
Сексен асып, таянғанда тоқсанға
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным,
Адасқанын жолға салдық бұл ноғайлы ұлының,
Аққан бұлақ, жанған шырақ, жалғыз күнде құрыдың,
Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді құлыным! [7,76]**

Бұл өлең жолдарынан Қодан тайшының өзінің жасын айтып тұрғандығын байқауға болады. «Сексен асып, таянғанда тоқсанға» деген Қодан тайшының сөзінен сол кездегі жасын тоқсан деп алсақ, Ақжолды Қобыланды батырдың өлтірген жылы 1456 жылы болса, онда Қодан ақынды 1370 жылы туылды деп жорамалдауға болады. Сонымен бірге, өлең жолдарында тағы бір ескерілетін жайт, «Адасқанын жолға салдық бұл ноғайлы ұлының» деген сөздердерінде, ақын қазақ атаулы рулардың ол кезде ноғайлы болып жүргенін айқын айтады. Ол заманда, қазақ атаулы көшпелілер, әлі қазақ елі атанбағандығын, қазақ хандығын құрмағандығын назарға алсақ, қазақ атаулы рулар ол кезеңде ноғайлы атымен жүрген болып табылады. Сол кезеңге жататын батырлар жырын алып қарасақ, мысалы Ер Тарғын, Ер Көкше оның ұлы Ер Қосай және тағы басқа батырлар жырында ноғайлы сөзі жиі ұшырасады, қалай болғанда да ноғайлы елінің батырлары болып шығады. Олай болса, бұл қазақ атанған ноғайлының өзге ноғайлыдан бөлінбеген кездегі батырлары болып табылады [8,406]. Демек, қазақ пен ноғайдың түбі бір халық екендігі, бір-бірімен аралас-құралас өмір сүргендігі қыр жолдары куәлік етеді. Тоқтаусыз жүргізілген соғыстарға, Ресей империясының басқыншылық саясатына байланысты ноғай елінің бір бөлігі Ресей құрамына, енді бір бөлігі қазақ халқының құрамындағы Кіші жүз тайпаларымен араласып, сіңісіп кетті.

Ақжол батырдың өлімінен кейін ұланғайыр аумақты билеп отырған Әбілқайыр ханның әділ үкім шығармауы салдарынан, Керей мен Жәнібек ханның маңайына топтасқан көптеген қазақтың рулары мен тайпалары Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Жетісу жерін иемденіп отырған Моғолстан хандығына қарай бет алады. Осы кезде үдере көшкен халқының мұң-мұқтажын жоқтаған, халық тілегін жеткізуші ақын-жыраулардың бірі - Асан Қайғы еді. Ол сұңғыла шешендігі мен қайтпас қайсарлығының арқасында қасқайып тұрып Жәнібек ханға мына өлең жолдарын арнайды:

**Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойыл деген ойынды,
Отын тапсаң тойынды,
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің.
Еділ деген қиянға,
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда да кеңес қылмадың [9,40 б].**

Осылайша Асан Қайғы Жемнен, Ойылдан, Еділден көшкеніне наразылық білдіре отырып, сол кезеңнің бет-бейнесін және қазақ елінің тарихын түбегейлі өзгерткен оқиға Қазақ хандығының құрылған кезін көз алдымызға елестетеді.

Қазақ хандығының өз алдына жеке отау тігіп, тәуелсіз дәрежеде өмір сүруі оңайға соқпады. Хандықтың құрылуы қарсаңында қазақ халқының негізін құрайтын көптеген ру-тайпалар монғол шапқыншылығынан кейін Қазақстан территориясында пайда болған мемлекеттердің құрамында болды. Қазақ ру-тайпаларының басын қосып, Керей мен Жәнібек хандар Жетісу жерінде хандықтың алғашқы туын тікті. Бүгінгі таңда, отан тарихын зерттеуші ғалымдардың арасында - Қазақ хандығының құрылу мерзімі жөнінде нақты бір шешімге келе алған жоқ. Қалай болғанда да XV ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығы дербес түрде тәуелсіз саясат жүргізгендігі, тәуелсіз хандық болғандығы сонымен бірге жанындағы көрші мемлекеттермен терезесі тең дәрежеде өмір сүріп, саяси жағынан ықпалын жүргізген күшті мемлекеттің біріне айналғандығы ақиқат.

Қорыта келгенде, қазақ халқының бай әдеби-тарихи мұралары бар. Тарих пен әдебиет көп жағдайда бір-бірін толықтырып отырады, екеуі егіз ғылым іспеттес. Халық ауыз әдебиетінің негізін құрайтын мақал-мәтелдер, эпостық, лиро-эпостық жырлар, би-шешендердің нақыл сөздері атадан балаға ауызша жетіп, мұра ретінде қалдырылып отырған. Ғасырлар мерзімінен сыр шертетін жыраулардың мұралары жетіп артылады. Олардың айтып кеткен толымды ойлары қанша уақыт өтсе де, бүгінгі таңда құнын жоғалтқан емес және әдебиетіміздің алтын қорында сақталып тұрған рухани құндылықтарымыздың бірі болып табылады. Ежелгі ата-баба дәстүрлерін, халықтың басынан өткен сан мыңдаған тарихын, әдет-ғұрыптарын жалғастырушы және қарапайым бұқара халықтың ортасында өмір сүріп, хан сарайында қызмет атқарумен бірге, жалынды жырлары арқылы хандардың жіберіп отырған қателіктерін түзеп, мәнді де мағыналы өлеңдері арқылы өсіп келе жатқан ұрпақтың санасын түзеп, қарапайым халық пен хан арасын байланыстырушы қызметті атқарған – жырау бабаларымыз еді. Олардың бойынан бір емес бірнеше дарындылық қасиеттерді байқауға болады. Мемлекеттілігіміз сақталып тұрған заманда, яғни хандар билігі кезінде, қоғам өмірінде ханнан кейінгі басты лауазымды тұлға-жырау болды. Маңызды орынға ие тарихи оқиғалар, жырауларымыздың өлең, жыр жолдарында бейнеленді. Ұлттық тарихымыздың алтын төрінен орын алатын жыраулардың шығармалары мен еңбектерін насихаттау жұмыстарын тыңғылықты түрде қолға алып, жүйелі жұмыстар жүргізу, бүгінгі қоғам алдындағы негізгі міндет болып табылады.

1 Әуезов М. XIX мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы. Алматы: 1933 ж. 17б.

2 Жармұхамедов М. Көненің көзі. – Алматы: Санат. 1996, -78 б.

3 Марғұлан Ә.О. Қазақ халқының көне поэтикалық мұрасын жасаушылар туралы. // М.О.Әуезовтің 60 жылдығына орай мақалалар жинағы. – Алматы, 1959. 73 б.

4 Мағауин М. Ғасырлар бедері. Әдеби зерттеулер. – Алматы: Жазушы. 127 б.

5 Қасқабасов С. Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет //Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы.10 томдық. 3-том. Алтын Орда дәуірі мен Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. Алматы: Қазақпарат, 2008ж,- 208б.

6 Бабалар сөздігі 100 томдық, 85-том,- 139 б.

7 Алдаспан. Көне қазақ поэзиясының антологиясы. Алматы,1971ж 7 б.

8 Сейфуллин С. Ертедегі жырлы әңгімелер, яки ноғайлы дәуірінен қалған әдебиет нұсқалары 40 б.

9 Жеті ғасыр жырлайды. Алматы: Жазушы, 2008 жылы 1-том, -40 б.

Резюме

Жизнь казахского народа в XV-XVI веках в произведениях жырау

Исамет Нурболат Асхатулы

В этой статье дается определение термину жырау, где охватываются их особенности в жизни общества. Наряду с тем, охватываются важные политические события в XV-XVI веках на фоне образования Казахского ханства. Из этих трепетных строк можно почерпнуть множество сведений о важных событиях в период ведения суверенной политики и превращения ханства, которое становится более независимым. В этой статье произведения жырау рассматриваются как источник сведений и дается толкование некоторых проблем отмеченных в тех строках.

Ключевые слова: жырышы, философ, жырау, ханство, богатырь, род-племя.

Summary

Issamet Nurbolat Askhatuly

The life of the Kazakh people in the XV-XVI centuries in the works of zhyrau

This article gives a definition of Zhyrau, where is covered by their characteristics in society. Along with covers important political developments in the XV-XVI centuries on the background of formation of the Kazakh khanate. From these tremulous lines can be learned a lot of information about important events in the period of conducting of sovereign policy and the transformation of the khanate, which became more independent. In this article the works of zhyrau are considered as a source of information and interprets some of the problems listed in the rows.

Keywords: zhyrshy, philosopher, zhyrau, khanate, hero, clan-tribe.

УДК 930:39(=512.122)

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР КҮРЕСІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н.Н. Құрманалина – *ал-Фараби атындағы ҚазҰУ «Тарих» мамандығының 3-курс PhD докторанты, nurgulca@mail.ru*

Ғылыми жетекшіі: Т.Ә. Төлебаев – т.ғ.д., ал-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, tur-07@mail.ru

Мақала қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресін қарастыруға арналған. Қазақ елінің тарихында елеулі оқиға болған қазақ-жоңғар соғысы бойынша бүгінгі күнге дейін жеткен деректердің алғашқысы әрі ерекшесі болып табылатыны – халық ауыз әдебиетінің үлгілері. Ғылыми жұмыстың мақсаты қазақтардың өз елін басқыншылардан азат етуіне байланысты орын алған мәселелерді зерттеудегі ауызша деректердің маңыздылығын ашып көрсету және жалпы тарихнамалық тұрғыда ауызша тарих мағлұматтарының проблеманы зерделеудегі қосқан үлесін анықтау, талдап қорытындылау болып табылады.

Түйін сөздер: халық ауыз әдебиеті, қазақ елі, жоңғарлар, қалмақтар, Абылай хан, тұжырым, қорытынды.

Қазақ пен жоңғар елі арасындағы күрес мәселесі көптеген еңбектерде көрініс тауып, зерттеліп келеді. Аталған проблеманың еліміздегі тарихнамасын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Олар: төңкеріске дейінгі, кеңестік кезең және қазіргі кездегі тәуелсіз Қазақстан тұсындағы жарыққа шыққан еңбектер. Ал қазақтың халық ауыз әдебиеті үлгілерін тіпті ертерек кезеңге жатқызуға болады, себебі олардың дүниеге келуі қазақ пен жоңғар арасындағы қатынастардың барысы кезімен-ақ тұспа-тұс келеді. Олар, бір жағынан, тарихи дерек болып табылса, екінші жағынан, ондағы айтылған ойларды тарихнамалық тұрғыдан да қарастырып, ғылыми әдебиеттерде қалыптасқан тұжырымдармен салыстыра сараптауға болатын объект ретінде санауға лайық. Әрі бүгінгі таңда ұлттық идея көзқарасымен, тарих ғылымындағы заманауи методологияны қолдану арқылы қазақ, жоңғар қатынасының төл туындыларымызда сипатталуына тың көзқараспен бет бұру сөзсіз маңызды болмақ.

Ұрпақтан ұрпаққа ауызша айту дәстүрі арқылы жеткен дүниелердің өзін бірнешеге бөлуге болады. Ауызша тарих деректерінің ішінде түрлеріне қарай қазақтың тарихи жырлары мен тарихи аңыздарды белгілі бір салаларға жатқызуға болады. Тарихи жырлар мен тарихи аңыздар атына сай қазақ халық фальклорындағы түрлі ертегілер, жыр-дастандан, мысалдар, хикаялар, эпостар, айтыстар, өлеңдер, мақал-мәстелдер, нақыл сөздер және басқаларымен салыстырғанда мәліметтері жағынан алғанда тарихилығының жоғарылығымен ерекшеленетінін байқай аламыз. Мысалы, жырларда зерттеу тақырыбымызға қатысты мәселелер «Абылай хан», «Ер қормалы – Абылай хан», «Бөгенбай батыр», «Өтеген батыр», «Шақшақұлы ер Жәнібек», «Олжабай батыр», «Арқалық батыр» және тағы басқаларында кездеседі. Тарихи аңыздарда да тарихи жырлардағыдай белгілі бір тұлға туралы жазылғандары көптеп кездеседі, әсіресе зерттеуіміздің хронологиялық шеңберіне сай келетін билер, батырлар, хандар жайлы тарихи аңыз-әңгімелерді сараптап қарастыру орынды. Мысалы: «Қазыбек би елшілігі», «Абылайдың алғаш көзге түсуі», «Абылайдың тұтқын болуы», «Абылай мен Әмірсананың достығы жайындағы аңыз», «Қаракерей Қабанбай», «Бөгенбай батыр», «Олжабай батыр», «Малайсары батыр» және т.б. Осы жырлар мен аңыздардағы кейбір мәселелердің өзінің бірнеше нұсқалары бар. Олардағы кейбір детальдар бойынша айырмашылықтар болып тұрғанымен негізгі оқиға желісі сақталып отырған.

Ауыз әдебиеті шығармаларының үлгісінде жоңғарларды қалмақ, құба қалмақ, жоңғар деп атап жазғандығын ескерте кету орынды. «Абылай» тарихи жырын алып қарайтын болсақ, онда екі ел қарым-қатынасына, нақтылап айтсақ, қазақ халқының жоңғарларға қарсы күресіне қатысты біршама мағлұматтар алуға болады. Оның ішінде қазақ пен жоңғар арасындағы негізінен жер үшін болған шапқыншылық соғыстар жүргендігі, бұрыннан екі елдің өзара жауласқан халықтар екендігі туралы мәліметтер кездеседі:

Ежелден қазақ, қалмақ жерге талас,

Ел шауып, кісі өлтіріп жасаған қас.

Жеңіліп кейде олар, кейде бұлар,

Егестен ел ортасы таппай толас [1, 9 б.].

«Өтеген батыр» жырында да қазақ-жоңғар елдерінің бір-біріне деген жауластығы ежелден болғандығы жырланғанына куә бола аламыз:

**Қалмақтар қазақпенен жау болыпты,
Арада үзілместей дау болыпты.**

**Созылған жылдан-жылға соғыс ауып,
Адамдар отырмаған пана тауып [2, 38 б.].**

Қазақ пен жоңғардың ежелден жау етіп көрсетілуінің мәні бар. Ғылыми еңбекте де В.А. Моисеев көрсеткендей қазақ елі өз хандығын құра бастаған кезеңнен бастап-ақ сыртқы саясатындағы бір бағытта жоңғарлардың арғы тегі болып табылатын ойрат тайпаларынан қорғанып бағуға мәжбүр болған. Автор ойынша, моғолстандық ханның Жетісу өлкесінде Қазақ хандығының құрыла бастағанына қарсылық көрсетпегенінің себептерінің бірі қазақтарды ойраттарға қарсы күште қолдануға деген ниетінде жатқан. Ол: «Одной из причин, побудившей могулистанского хана Есен-Буку не препятствовать казахам обосновываться в Семиречие, была надежда использовать их силы в борьбе против ойратов, поэтому вполне естественно предположить, что с первых дней своего возникновения Казахскому ханству пришлось отстаивать право на существование в борьбе с ойратами», - деп жазады [3, с. 13].

Бұл уақыттағы заманның өзі жырларда жақсы айтылып сипатталғаны да мән беруге тұрарлық, сол жаугершілік кезеңді «құба қалмақ заманы» атаған.

**Бірде қазақ шабады, бірде қалмақ,
Заманы тиыштық жоқ бүліншілік.**

**Бел шешіп төсегіне ер жатпайды,
Жылқыға ат жіберіп оттатпайды.
Үйде найза сүйеулі, белдеуде аты,
Дайындықсыз жүрегіне ас батпайды.**

**Күнде шу, шығып жатқан аттан айқай,
Қараңғы тиыш өткізбес кешті батқан.
«Құба қалмақ заманы» делінетін,
Найзасын жауға кезеп шартылдатқан [4, 258 б.].**

Деректер бойынша Цеван Рабтанның 1697-1727 жж. билік құрған жылдары қазақ пен жоңғар халықтары арасында шиеленісті соғыстың жоғары шегі болып саналады.

Ғалданның мұрагері Суан Рабдан,
Бейбіт елге бүлік сап қылған мақтан.
Қасқыр боп қандыбалақ қойдай қырды
Қазақты Сыр бойында жайын жатқан [1, 11 б.].

Осыған қатысты Ресейдің Жоңғар елінде болған елшісі И. Унковскийдің Цеван-Рабтанның таққа отырысымен Қазақ ордасына қарсы отыз мыңдық әскер ұстағандығын және бірнеше рет қазақтармен соғысқанын көрсеткен пікірін көптеген зерттеушілер қолдайды. Елші: «С самого начала своего владения, он контайша (т.е. джунгарский хан Цеван-Рабтан (1697-1727) – Э.М.), войска соержит против Казачьей орды около тридцати тысяч и много оных казаков повоевал», - деп көрсеткен [5, с.40].

Дәл осы қоңтайшы кезінде қазақ қауымына жоңғар шапқыншылығының ішіндегі 1723-1727 жж. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары естен кетпестей із қалдырған. Осы оқиға атауының шығуы жайлы аңызда айтылады: «...ауған халық бір көлге келіп сұлап жатады (дiңкелеп). Ортадан бiреу тұрып: «Уа, балалар, бұл сапарға ат қойып, артқыға тарих қалдырайық», - дептi.

«Өзiң айт», - дептi жұрт.

Сонда ол: «Осы сапарды «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», - деп атайық дейдi. Отағасы: - «Ақтабан» боп жаяу шандатып шұбырып келемiз, ал «Алқакөл» дегенiң – мына көл. «Сұлама» дегенiм – мына өзгерiп, болдырып жатқанымыз», - дептi. Жұрт қолдап, шу етедi» [6, 121 б.].

Осы оқиға қазақ қауымына аса ауыр зардаптар әкелгенi жырларда төмендегiдей суреттелген:

**Айырылып ұл атадан, қыз анадан,
Бастағы үй, асқан қазан жұртта қалған.
Тау асып, қайың сауып, тыр жалаңаш,
Арқаға қазақ ауды Сыр бойынан.**

**Кебінсіз, көмүсіз боп өлгендері,
Тірі қалды аш, арып сенделгені.
Тән тозып, ілініп Құдай болды,
Қарысып жаяу-жалпы жүргендері.**

**Суға кеп жаяу-жалпы жиылыпты,
Ел ағасы қариялар былай депті:
«Дүниеде құлақ естіп, көз көрмеген,
Ақтабан шұбырынды күні кепті» [1, 11 б.].**

Ауызша тарихтың қазақ, жоңғар күрестің зерттелуіне қатысты қосқан үлесінің салмақтысы болып осы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасының баяндалуы жатады. М. Тынышбаевтың өзі ғылыми жұмысында ауызша тарих ақпараттарын тиісті ғылыми зерттеу әдістері арқылы қолданып, проблема бойынша маңызды деректер қосқан [7]. Оның жұмыстарындағы тұжырымдары кейінгі тарихшылар тарапынан да қолдауға ие болғанын байқау қиын емес.

Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қайратты күш көрсетіп, жеңіске қол жеткізе алмау себептерінің бірі ел арасындағы ауызбірліктің болмағандығы еді.

**Ерегіс заман өзі тұр ғой шалқып.
Қазақ өзі біреуін бірі өлтіріп,
Бастарын кесіп ап жүр домалатып.
Ерегісіп қатын үшін ерлер өліп,
Бұл қазақ жұрт болады енді қайтіп?
Талқан қып бір шетінен шауып кетер,
Бір жақтан қалмақ келсе шеру тартып [8, 247 б.]**

Бұндағы айтылған пікірді Орынбор экспедициясының басшысы да растаған. Ол: «қазақтар басқыншыларды жеңе алатын еді, егер өзара бірлікте болғанында», - деп көрсеткен. Сонымен қатар ол қазақтарда бірлік болмағандықтан бір хан соғысса, екіншісі тастап кетіп, соның салдарынан олардың өз иеліктерінен айрылып жататындығын сөз еткен: «ежели б еще согласились. А у них один хан войной пойдет. А другой оставляет, и так свое владение у калмыков теряют» [9, с. 232]. Сол сияқты М.С. Мұқановтың пікірінше, қазақ халқының бірлесіп, үлкен әскери күш құрған кезінде жоңғарлар агрессиясына қарсы тұруға мүмкіндіктері болатын еді. Ол: «И в этих условиях только объединение казахов в единое ополчение могло противостоять агрессии джунгар», - деп көрсеткен [10, с.10].

Ауыз әдебиетінің қарастырылып отырған тақырып бойынша тағы бір енгізген жаңалығы Абылай ханның жастық шағы мен оның жоңғар батырын жекпе жек күресте жеңгені туралы оқиғасы болды.

Бірнеше нұсқасы бүгінгі күнде қолжетімді болып отырған Абылай хан туралы жырларда сол кезде Сабалақ атанып жүрген жас баланың жоңғар батыры Шарышпен өткізген жекпе-жегі баяндалған тұста кейбір ерекшеліктер байқалады.

«Абылай хан» жырында Әбілмансұр Шарышпен жекпе-жекке шығу үшін қолбасы Бөгенбай батырдың рұқсатын сұраған.

**Сұрады сонда рұқсат: «Мен барам!» - деп,
Сабалақ Бөгенбайға кеп жүгіне [1, 32 б.].**

Ал «Ел қормалы – ер Абылай» жыры бойынша Шарышпен белдесу үшін рұқсатты Әбілмәмбет хан берген:

**Илді рұқсат сұрап: «Хан ие» - деп, -
Батанды бер, майданға тартам», - деді.
Жалт қарап Әбілмәмбет жас жігітке,
От шашқан көз нұрынан үміттенді.
Бір қарап көпшілікке, қолын жайып:
«Әруағы батырлардың қолда!» - деді [11, 79 б.].**

Осы сұраққа байланысты ғылыми әдебиетке жүгінсек, қоңтайшының Шарыш деген баласы болмаған, алайда Абылай расымен жекпе-жек кезінде белгілі бір жоңғар шонжарын өлтірген екен. Ол туралы Р.Б. Сүлейменов пен В.А. Моисеевтің өз сөздерінен үзінді берсек: « ... Аblaй в одном из сражений с ойратами убил любимого сына Галдан-Цэрена Чарчу. На самом деле такого сына у хунтайджи не было. Но Аblaй действительно победил в единоборстве одного из знатных джунгарских князей» [12, с. 37]. Ш. Құдайбердіұлының өз еңбегінде: «... Галдан Церен деген ханының күйеуі,

Хоңтажы деген ғаскер басының баласы – Шарыш деген батыр», - деп көрсететуі шындыққа жақын сияқты [13, 54 б.]. Себебі автор ойынша, Шарыш хан баласы емес, әскербасының ұлы болып тұр.

Абылайдың тұтқынға түсуі екі жырдың желісі бойынша да аңшылық сәтінде орын алғаны ұқсас баяндалған. Оның аңшылықта Өтеген батырмен жүрген кезінде жоңғарлар ұстап алып кеткені жазылған.

Жантайып, атты тұсап, жатып қапты.

Ұйқыға әбден келген қатып қапты.

Қалмақтың жиырмадай жасауылы

Бас салып, осы жерде байлап апты [1, 40 б.].

...елінің (жоңғардың – автор) батыры Жалпы белсеніп шығып, үш жүз мықты палуанды таңдап алып, жолсыз жерден жан жол жасап, Абылайдың аң аулап жататын бейғам жайын бағып, ұстап әкелуге уағда жасайды [11, 96 б.]. Ал тарихи еңбекте Абылай ханның жоңғарлармен болған кезекті шайқастарға тұтқынға түскедігі айтылған. Онда: «В ходе этих сражений с джунгарами Аблай и ряд его сподвижников были захвачены в плен», - деп жазылған [12, с. 34].

«Абылай» жырындағы баян бойынша Абылайдың тұтқындықтан босатылуына оның Қалдан Сереннің алдындай айтқан соңғы сөзі, яғни Абылайдың жоңғар қоңтайшысының жалғыз ұлындай өз аталарынан жалғыз келе жатқандығы және ол өлсе, ұрпақсыз қалатындығы себеп болған екен. Қалдан Сереннің сөзінен үзінді келтірсек:

- Екенсің сен де жалғыз төрт атаңнан,

Келемін мен де жалғыз төрт атамнан.

Жалғыз ұл жар дегенде – Әмірсана,

Ол өлсе белгі қалмас ұрпағымнан.

Өлімге енді сені қия алмаймын,

Қастандық жалғыздыққа қия алмаймын.

Дос боп өт, өлгеніңше жалғыз ұлмен,

Бұл серттен қайта мойын бұра алмаймын [1, 46 б.].

Сол сияқты екінші жырда Абылайдың бостандыққа шығуына осы мәселе, яғни сұлтанның қоңтайшы баласы сияқты атадан жалғыз ғана тұяқ болып жалғасып келе жатқандығы себеп болғанын Қалдан мен Абылайдың диалогынан көреміз:

«- Менің Әмірсанам секілді бұл да жалғыздың бірі екен ғой! – деп қалады.

Жауабын бағып тұрған Абылай мұны естігенде, дереу қол қусырып:

- Алдияр хан, үкіміңізге құлдық! – деп кішілік білдіреді» [11, 102 б.].

Осылайша жырлар мен аңыздарда бір проблемаға арналған туындылар бірнешеу болса дағы олардағы ақпараттарда кішігірім өзгешеліктер кездесіп тұрғанменен, өткен оқиғаның негізгі желісі, түп мазмұны ұқсас болып келетінін аңғаруымызға болады.

Абылайдың тұтқыннан босатылуына байланысты тарихшылардың өздерінің арасында әлі бір жақты нақты қорытындылар жоқ екенін айту жөн. Себебі бір топ зерттеушілер К. Миллер елшілігі жұмысының нәтижесінде сұлтанның тұтқыннан босағандығы туралы пікірді қолдаса, кейбірі оған қарсы шығып, өздерінің түрлі нұсқаларын ұсынған. Сондықтан бұл түйінді мәселе әлі де нақты зерттеуді, оны ғылыми тұрғыда негіздей түсуді қажет етеді.

А.И. Чернышевтің пікірінше, Севан Рабтанмен қоса Қалдан Сереннің билігі кезі де Жоңғар мемлекетінің гүлденген шағымен сай келеді. Ол: «Время их (Севан-Рабтан, Галдан-Церен – Н.К.) правления можно с полным основанием назвать периодом расцвета Джунгарского ханства», - деп көрсеткен [14, с. 51]. Қазақтар үшін Абылай ханның орны ерекше болып саналатындығы сияқты жоңғар елі үшін де өздерінің мықты қоңтайшыларының рөлі ерекше болған.

Жоңғардың елінің, оның қолбасшыларының мықтылығы туралы, әсіресе Қалдан Сереннің заманында олардың дәурені жүріп тұрған кезі болғандығын мына жолдардан аңғаруға болады:

Жоңғарда құба қалмақ қоңтайжысы,

Тұқымы осылардың – бір арысы.

Индыдан келген жаудан сақтайтұғын,

Тұратын барқыт белде қолбасшысы.

**Тағы да бір бұтағы Галдан деген,
Хан болып, ол да бір кез дәурендеген.
Қан алып қадалғаннан қалғанынша,
Табаны өрт қоздырды тиген жерден [1, 10-11 б.].**

XVIII ғ. алғашқы жартысында Жоңғар хандығы Орталық Азиядағы аса күшті мемлекет болса, ал Қалдан Сереннің билігі тұсында Ойраттардың державасы өзінің гүлденуінің шегі кезеңін бастан кешіргендігі жазылған: «Правление хунтайджи Галдан-Церина (1727-1745) – период наивысшего расцвета Ойратской державы» [15, с. 17].

Келесі бір жырда Қалдан Сереннің өлімінен кейін Жоңғария мемлекетінің құлдырау кезеңіне аяқ басып, мемлекет ретінде жойылатындығы туралы айтылған:

**Қалмақтың Қалдан деген болған ханы,
Еш ханнан кейін емес бар-ды сәні.
Ажал жетіп Қалдан хан өлгеннен соң
Қалмақтың сонан кейін бітті мәні [16, 156 б.].**

М.А. Терентьев пен Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектерінде орынды айтылғандай Қалдан Сереннің өлімінен кейін Жоңғар хандығы өз күш-қуатынан айрылады да елде өзара талас-тартыстар басталып кетеді: «Только со смертью энергического Галдана в 1746 г., когда начались у дзюнгарь междоусобия» [17, с. 80]; «...старики определяют временем разрушения царства хонтайдзиев, временем смут зюнгаров, после смерти Галдан-Черена» [18, с. 77]. Алғашқы зерттеуші 1746 ж. Қалданның өлімінен соң жоңғарларда өзара алауыздықтың басталғанын ерекшелесе, соңғысы қарттарымыздың қоңтайшы патшалығының күйреу мерзімін, Қалдан Сереннің өлімінен кейінгі жоңғарлардағы алмауыт кезеңімен анықтайтынын сөз еткенін байқауымызға болады.

Жалпы, қазақ-жоңғар күресінің тарихын зерттеу барысында халық ауыз әдебиетінің бай мұраларын дерек ретінде сұрыптай отырып пайдалану аса маңызды. Халық ауыз әдебиетінің үлгілері қазақ тарихының келелі мәселелерін зерттеудегі орны бөлек дереккөз ретінде саналады. Ауызша халық шығармашылығы арқылы да қазақ пен жоңғар қарым-қатынастарының көп қырларына қанық болуға мүмкіндік бар. Тек сол дүниелерді қолданудағы түрлі тарихи методологиялық бағыттарымызды жетілдіре түсіп, басқа да деректерді кешенді түрде қатар саралап, әдіс-тәсілдерді орынды қолдана білу арқылы орта ғасыр, соңғы орта ғасыр, жаңа замандағы негізгі оқиғаларды толықтырып, бүге-шігесіне дейін зерделеуге мүмкіндік тұмақ.

Қорытындылап айтқанда, халық ауыз әдебиетінің қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі проблемасын зерттеудегі қосар үлесі мол, ерекше төл дүниеміз болып табылады. Алда да ауызша тарихты зерттей түсу арқылы сөз болған мәселенің олқы тұсын түзету, жоғын түгендеу болашақтың жүгі деп түйіндейміз.

1 Абылай // *Бабалар сөзі: Жүз томдық*. – Астана. «Фолиант», 2006. Т. 29: *Тарихи жырлар*. – 2006. – 400 б.

2 *Өтеген батыр // ҚР ҒК Қолжазба қоры*. 833. 38-б.

3 *Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVII- XVIII вв.)*. – Алматы-Ата: Ғылым, 1991. – 238 с.

4 *Есім хан // Бабалар сөзі: Жүз томдық*. – Астана. «Фолиант», 2009. 56-том. *Тарихи жырлар*. – 350 б.

5 *Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР*. – Алматы: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1966. – 322 с.

6 *Ел ауған туралы аңыз // Бабалар сөзі: Жүз томдық*. – Астана. «Фолиант», 2011. Т. 79: *Моңғолиядағы қазақ фольклоры*. – 416 бет.

7 *Тынышпаев М. Великие бедствия... (Ақтабан-Шубрынды)*. – Алматы-Ата: Жалын, 1991. – 152 с.

8 *Мырқы батыр // Бабалар сөзі: Жүз томдық*. – Астана. «Фолиант», 2009. 59-том. *Тарихи жырлар*. – 365 б.

9 *История Казахской ССР / Том 1*. – Алматы-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1957.

10 *Муканов М.С. Этническая территория казахов в XVIII – начале XX веков*. – Алматы-Ата: Казахстан, 1991. – 64 с.

11 *Ел қормалы – ер Абылай // Бабалар сөзі: Жүз томдық*. – Астана. «Фолиант», 2006. Т. 29: *Тарихи жырлар*. – 2006. – 400 б.

12 *Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века: о внешней и внутренней политике Аблая*. Алматы-Ата: Наука, 1988. – 142 с.

13 *Құдайбердіұлы Ш.К. Түрік, қырғыз-қазақ һәм ханлар шежіресі. 2-ші бас. толық*. – Астана: «Алтын кітап», 2007. – 207 б.

14 *Чернышев А.И. Общественное и государственное развитие ойратов в XVIII в.* – М.: «Наука» Главная редакция восточной литературы, 1990. – 138 с.

15 Кузнецов В.С. Цинская империя на рубежах Центральной Азии (вторая половина XVIII – первая половина XIX в.). – Новосибирск: Издательство «Наука», 1983. – 124 с.

16 Абылай хан // Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана. «Фолиант», 2009. 57-том. Тарихи жырлар. – 362 б.

17 Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии (с картами и планами). Том I. – СПб.: 1906. – 510 с.

18 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской Советской энциклопедии, 1985. – 461 с.

Резюме

Некоторые вопросы казахско-джунгарской борьбы в устной истории

Курманалина Н.Н. – PhD докторант 3-курса специальности «История» КазНУ имени аль-Фараби, nurgulca@mail.ru

Научный руководитель: Тулебаев Т.А. – д.и.н., профессор КазНУ им. аль-Фараби, tur-07@mail.ru

Статья посвящена рассмотрению вопросов борьбы казахского народа против джунгарского нашествия. Дошедшие до наших дней материалы устной народной литературы являются первичным и особенным источником по казахско-джунгарским войнам, которые были значимым событием в истории казахской народности. Цель данной научной работы раскрыть важность устных источников в изучении вопросов касающихся действий казахов предпринятых против агрессоров для освобождения своей страны и определить, анализируя обобщить в обще историографическом плане вклад источников устной истории по изучаемой проблеме.

Ключевые слова: устная история, казахский народ, джунгары, калмаки, Аблай хан, концепция, вывод.

Summary

Some issues of Kazakh-Djungarian wars in oral history

Kurmanalina N. – 3-year PhD student majoring in “History” al-Farabi KazNU, nurgulca@mail.ru

Scientific supervisor: Tulebaev, T.A. – Doctor of Historical Sciences, Professor of the al-Farabi KazNU, tur-07@mail.ru

The article is dedicated to the issues about Kazakh people’s struggle against Djungar invasion. Extant materials of oral folk literature are primary and exceptional source of Kazakh-Djungarian wars, which were a significant event in the history of Kazakh nation. The purpose of this research is revealing the importance of oral sources in the study of issues related to the actions taken by Kazakhs against the aggressors for the liberation of their country and to determine, summarize by analyzing in general historiographical terms the contribution of sources of oral history for the study of the issue under investigation.

Key words: oral history, Kazakh people, Djungars, Kalmaks, Ablai khan, the conception, the conclusion.

УДК: 94(574) и 1941/45 – 054.65:930

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ТАҒДЫРЫ

А.И. Текеев – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан тарихы кафедрасының магистранты, Қазақстан Республикасы, Алматы қ. Akarys_tekeev@mail.ru

Мақала жұмысында Екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі болып табылатын Ұлы Отан соғысындағы қазақстандық тұтқындардың соғыстан кейінгі мәселесі қаралады. Кеңестік Одақтың мүшесі ретінде өмір сүріп, коммунистік идеологияның бұғауында келген Қазақстан Ұлы Отан соғысындағы өзінің шынайы рөлін толық айқындай алмай келді. Қазақстанның майдандағы ерліктері, тылдағы эвакуация жұмыстарын белсенді орындауы, 500-ге жуық қазақстандық батырдың аты-жөні насихатталғанымен, қазақстандық тұтқындардың проблемасы әлі күнге дейін зерттелмеген күйде тұр. Неміс концлагерлерінде қанша қазақстандық тұтқында болғандығын дәлелдейтін нақты деректерге сүйенген ғылыми жұмыс жазылмайынша, бұл тақырып өзектілігін жоғалтпайды. Аталған мақала жұмысы екіншідүниежүзілік соғыстағы қазақстандық тұтқындардың соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі тағдырларына арналады.

Түйін сөздер: Кеңес Одағы, Қазақстандық тұтқындар, концлагерлер, Сталин, әскери тұтқындар.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталып, жеңіске жеткен мемлекеттер өз шығынын есептегенде қазақстанның майданда 320 мыңға жуық азаматынан айырылғаны белгілі болды. Қазақстанның 1939-жылғы халық саны 6,2 миллион болды дейтін болсақ, демек әрбір бесінші азаматы майданға аттанған. Жоғарыдағы қаза болған 320 мың азаматтың қазақстан үшін өте көп екенін түсіндіру үшін, мына мәліметті мысалы ретінде келтірген жеткілікті. Антигитлерлік коалиция жетекшілерінің бірі саналған державалар АҚШ пен Ұлыбританияның соғыс кезіндегі шығындары қазақ халқының шығынымен тең болған (АҚШ - 405 мың, Ұлыбритания – 287-мың). 320-мың адам шығынының ішіне қаза тапқандар мен соғыс тұтқынына түсіп қайтыс болғандар және елге оралмағандардың да саны кіреді.

Кеңестік әскери тұтқындардың жаппай қаза болуы соғыстың алғашқы жылдарында-ақ орын алды. Әскери тұтқындардағы өлімінің шектен тыс көп болуының себептеріне мыналарды жатқызамыз: Соғыстың тұтқиылдан басталуы, Кеңес армиясының соғысқа дайын болмауы, 1941–1942 жылдардың аязды қысына төтеп бере алмауы, немістердің “комиссарлар туралы” бұйрығы, кеңес басшылығының Гаага конвенциясын мойындамауы, неміс лагерлерінің нашар жабдықталуы, азық-түліктің жеткіліксіздігі және сүзек індетінің жайылуы, тұтқындарды ғылыми тәжірибеге пайдалануы және т.б. Жоғарыда аталған себептердің маңыздыларының бірнешеуінің тарихи алғышарттарына қысқаша тоқталып өтсек: 1914–1918 ж.ж. біріншідүниежүзілік соғыста әскери тұтқындар төңірегінде көптеген әскери қылмыстар орын алғаннан кейін, 1929-жылы бүкіл әлем мемлекеттері Женева конвенциясына соғыс тұтқындарының құқығын қорғайтын Гаага ережелерін қайтадан толықтыру үшін Швецарияға жиналады. И.В. Сталин 47-мемлекет қол қойған аталған конвенцияға саяси себептерге байланысты қол қоймайды [1, С. 1]. Бұл әрекетті комунистердің болашақ дүниежүзілік соғыста кеңес азаматтарының неміс концлагерлерінде жаппай қазаға ұшырауына кеңес басшылығы тарапынан жасалған негізгі қадам деп есептейміз. Бұл бірінші себеп. Вермахтың Жоғарғы Қолбасшылығының 1941-жылы 19-мамырдағы директивасында соғыс барысында Кеңес Одағының бейбіт халқына ешқандай аяушылық жасамауын талап ететін сөздерді кездестіруге болады. Осыдан кейін вермахт әскерлері қарапайым халыққа жасалатын қылмыстың кез-келген түрінен басшылық алдында ақталып шыға алатын болды. 1941-жылы 6-маусымда, яғни соғыс басталардан екі апта бұрын неміс қолбасшылығының «Комиссарлар туралы» бұйрығы шықты. Онда былай деп жазылған: «Комиссарлар солдат ретінде саналмайды, ешқандай халықаралық-құқықтық қорғау оларға қолданылмайды. «Сұрыптаудан» кейін оларды жою керек». Соғыс басталғаннан кейін осындай қатігездік көзқарас Кеңестік Одақтың барлық тұтқындарына қалыптасты [2, С. 156]. Кеңес тұтқындарының жаппай қазаға ұшырауына немістер тарапынан жасалған басты екінші себептің қысқаша мәні осы. Көріп отырғанымыздай қанды шайқаста «жанын сақтап қаламын» деген оймен «өз еркімен» берілген кеңестік әскерді неміс концлагерлері қатал тәртібімен ғана күтіп отырды. Сол себепті кеңестік одақ басшыларының тұтқынға түскен кеңестік азаматтарға қатысты ұстанған саясаты қателік болды деп айтуға толық негіз бар.

Ресей Федерациясының саяси-қуғын сүргін құрбандарын ақтау комиссиясының ақпараты бойынша 5,7 млн кеңестік әскер соғыс тұтқыны атанды. Отандық және түрік елдері тарихшыларының Мұстафа Шоқайдың еуропадағы саяси қызметін зерттеулері нәтижесінде 1 млн 700 мың тұтқынды азиаттар немесе түркістандықтар құрағаны белгілі болды [3, 96-б.]. Қазақстан Кеңес Одағының құрамындағы одақтас мемлекет ретінде 1991-жылға дейін өмір сүргендіктен тарихи, әскери әдебиеттерде қазақстаннан неміс концлагерлерінде нақты қанша адам болғанын деп басып айтатын нақты мәліметтер өкінішке орай жоқ. Оның себептері бар. Комунистердің кезінде қазақстанды одақтан бөліп алып зерттеу кеңес ғылымына тән құбылыс болмады. 1991-жылдан кейін ғана еуропа, Ресей Федерациясының әскери архивтеріне қол жеткізген қазақстан ғалымдары тұтқындар мәселесінде біраз жетістіктерге жетті. 2015-жылы 11 ақпанда ҚР Президенті Мұрағатының бастама-сымен «Екінші дүниежүзілік соғысының қазақстандық әскери тұтқындары: әдебиеттер, деректер және ақпараттық базасы» іздену-зерттеу жобасы бойынша Ғылыми кеңесі құрылды. Ғылыми ізденіс нәтижесінде оқырмандар интернет жүйесі арқылы таныса алатын 30 мың қазақстандық әскери тұтқынның тізімі жарияланған болатын. Журналистер мен халықтың қызығушылығы жоғары болғандықтан бұл тізім одан әрі толықтырылатын болады деп мәлімдеді ҚР Президенті архивінің директоры Б. Жаппаров [4, 1-б.].

Кеңес Одағының идеологиясының тым күшті болғандығы соншалық, Сталиннің «Қызыл армия қатарында әскери тұтқындар деген жоқ, тек отанын сатқандар мен дезертирлер бар» деген сөзі «ұранға» айналып, соғыста тұтқынға түскен әскерлердің соғыстан кейінгі тағдырына кері жағынан қатты әсер етті. 1941 ж. 16 тамызда КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті тұтқынға түскен Кеңес әскерінің әскери қызметкерлерінің отбасылары мен туыстарын қуғындау туралы И.В.Сталин, В. Молотов қол қойған бұйрық шықты. Бұйрық мақсаты соғыс кезінде қандай жағдай болмасын неміс пленіне түскен жауынгердің өзін және отбасын заңмен қуғандау болатын. НКВД күшімен қадағаланған бұл тәртіп тез-арада жүзеге асып, «отанын сатқандарды» сол мезетте атып тастауға дейінгі құқық басшылық тараптан қамтамасыз етілді. № 227 бұйрық деп аталып кеткен құжаттың мәтіндерінен мынадай мәліметтерді кездестіруге болады: «...военным советам армий и прежде всего командующим армиями... б) сформировать в пределах армии 3—5 хорошо вооруженных заградительных отрядов (до 200 человек в каждом), поставить их в непосредственном тылу неустойчивых дивизий и обязать их «в случае паники и беспорядочного отхода частей дивизии расстреливать на

месте паникёров и трусов и тем помочь честным бойцам выполнить свой долг перед Родиной...» [5, С. 28-29.]. Міне осы бұйрық соғыс тұтқындарына соғыс жылдарында ғана емес, соғыстан кейін де оларды шетқақпайлайтын көзқарастың тууы мен орнығуына жол ашты. Соғыс тұтқындарының біразының жазалау шараларынан қауіптеніп елге оралмай шет елдерде біржола қалып қойғаны да шындық. Елге оралғандары түгелге жуық арнайы тексерілді, тергелді, біразының Еуропа елдерінде антифашистік күреске қатысып, сол елдердің көптеген орден, медальдарын алғандығына қарамастан, отанын сатқан опасыздар ретінде сотталып, Сібірге жіберілді. Олардың тұтқынға түскенге дейінгі еңбектері, жасаған ерліктері, алған орден, медальдары да есепке алынбады. Себебі, олар немістерге тұтқынға түсті. Әрине, тұтқынға қалай түсті, өз еркімен берілді ме, әлде ауыр жараланып, контузия алып түсті ме, қоршауда қалып оқ дәрісі бітіп еріксіз берілуге мәжбүр болды ма. Оның ешкімге де керегі болған жоқ. Олардың бар кінәсі "немістерге тұтқынға түсті". Бұл таңба олардың өздеріне ғана емес, олардың балаларына да кейін қызметке тұруға тұру, қызметтен өсу барысында кедергі болғаны да шындық. Бірақ Сталин басқарған қызыл империялық саясат кез-келген соғыстың тұтқынсыз болмайтынын есепке алмады. Сталин қайтыс болғаннан кейін, елге оралғанымен де олардың көпшілігі соғысқа қатысушылар қатарына есептелген жоқ және көптеген жылдар бойы соғысқа қатысқандарға берілетін жеңілдіктердіде пайдалана алмады [6. 431 – б.]. 1944-жылдан бастап Кеңес Одағына оралған әскери тұтқындардың саны өсе бастады. Осы жылдың жаз айында фильтрациядан өткізудің жаңа жүйелері енгізіледі. Ал 1945-жылдың көктемінен бастап Германиядан және Еуропа-ның басқа да елдерінен миллиондаған тұтқындар ағыла бастады. Ал кеңес өкіметінің алдында тұтқынға түскен солдаттарды «сүзгіден өткізу» міндеті тұрды.

Кеңестік және ресейлік әскери тарихшы Г.Ф.Кривошеев НКВД-ның мәліметтеріне сүйеніп мынадай тұжырым жасайды: концлагерден оралған 1 836 562 қызыл армиялық әскердің 233 400-ы жаумен астыртын іс-әрекет жасады деген айыппен ГУЛАГ жүйесімен жазаға ұшырады. Гулагтан бостандыққа шыққан қатардағы жауынгерлер және сержанттар құрамы қайтадан әскери қызметіне кірісті, ал офицерлер болса шендерінен айырылып олардан офицерлік штрафбаттар құрылып НКВД-ның лагерлеріне айдалды [7. С. 453 – 464 – 608.]. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап соғыс ардагерлеріне әлеуметтік көмекті барынша көрсетіп келеді. Дегенмен соғыста тұтқынға түсіп, кейін кеңес одағы саясатының құрбанына айналған әскери тұтқындарға ерекше қолдау көрсетілмеді. 2015 жылы Германия Федеративтік Республикасының үкіметі Ұлы Отан соғысы кезінде тұтқынға болған кеңес әскерлеріне компенсация төлеу жайлы шешім шығарды. Әскери тұтқынның әр біріне 2,5 мың еуродан берілмек. Германияның есебінше 4 мыңға жуығы Кеңестік тұтқынның көзі тірі. Ал олардың барлығы 90-нан асқан қарт адамдар. Сол үшін бұл «ақталушылық» әрекеті жеткіліксіз.

Қайткен күнде де кеңес халқының тұтқындарын ұстау үшін фашистердің де үлкен шығынға ұшырағаны рас. Неміс әскері өзі жеп отырған «нанын» бөлісуге мәжбүр болды. Майданнан тұтқындарды күзету мақсатында мындаған неміс әскері еліне қайтарылды. Қолына қару алып соғысқа аттанып, майданда тұтқынға түскен жауынгерін ешқандайда өркениетті мемлекет сатқынға теңеген емес. Сол себепті кеңес басшылығының тұтқындарға қатысты ұстанған саясатын ғылыми дәлелдер арқылы әшкерелеу Тәуелсіз Қазақстан тарихшыларының негізгі міндетіне жатады.

1) Шнеер А. И. *Дороги в ад. (Глава из книги "Плен"1-стр.)*

2) Ветте Вольфрам. *Война на уничтожение: вермахт и Холокост. Новая и новейшая история. № 3, 1999. – 156 с.*

3) Какен А. *Түркістан легионы. – Астана: Республикалық баспа полиграфиялық орталығы, 2000. – 96 б.*

4) ҚР ПА, *Tutkun.kz*

5) Ковыришин Е. В. *К вопросу о заградительных отрядах в Красной Армии // // Военно-исторический журнал. - 2008. - № 4. - С. 28-29.*

6) Сайлан Б. *Кеңестік биліктегі Қазақстанның жастар саясаты: тарихы мен тағылымы (1917-1991 жж.). – Алматы, 2011. – 431 б.*

7) Кривошеев Г. Ф. *Россия и СССР в войнах XX века: Статистическое исследование // Под общей ред. Г.Ф.Кривошеева. – Москва: ОЛМА-ПРЕСС, 2001. – С. 453 – 464. – 608 с.*

Резюме

Судьба военнопленных после окончания Великой Отечественной войны

Текеев А.И. –

Магистрант кафедры Истории Казахстана Казахского Национального университета им. Аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы Akarys_tekeev@mail.ru

В данной статье рассматривается проблема казахстанских военнопленных Великой Отечественной войны. Казахстан находясь в составе СССР и под давлением коммунистической идеологии, до независимости не определил свою истинную роль в Великой Отечественной войне. Героическое сражение казахстанских солдат на фронте, активное выполнение эвакуационных работ в тылу, имена около 500 казахстанских героев было отмечено, все-таки проблема казахстанских пленных не исследована надлежащим образом. Эта тема не будет терять своей актуальности до тех пор, пока не будет точная информация о численности казахстанских пленных находившихся в немецких концлагерях. Данная статья посвящается судьбам казахстанских военнопленных во время Второй Мировой войны и в послевоенное время.

Ключевые слова: Советский Союз, Казахстанские военнопленные, концлагери, Сталин, военнопленный

Summary

History of prisoners after the end of Great Patriotic War

Tekeyev A. –

Magister of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan,
Almaty Akarys_tekeev@mail.ru

This article deals with the problem of Kazakh prisoners of II World War. Kazakhstan being a member of the USSR and the pressure of the communist ideology, to independence did not define really role in the Great Patriotic War. The heroic battle of Kazakh soldiers at the front, active implementation of evacuation operations in the rear, the names of about 500 Kazakh heroes, it was noted, yet the problem of Kazakh prisoners have not been investigated adequately. This topic will not lose its relevance as long as there is no precise information on the number of Kazakh prisoners were in German concentration camps. This article is dedicated to the fate of Kazakh prisoners during the Second World War and in the postwar period.

Key words: the Soviet Union, Kazakhstan prisoners, concentration camps, Stalin, prisoner of war.

УДК 930:398

ПРОБЛЕМЫ ДРЕВНЕЙ ТЮРКСКОЙ МИФОЛОГИИ В ТРУДАХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ

Тілеужанова А.А. – магистрантка 2 курса КазНУ имени аль-Фараби факультета истории, археологии и этнологии по специальности 6М011400asima_moinkum@mail.ru

Научный руководитель: **Хабижанова Г.Б.** – д.и.н., профессор кафедры истории Казахстана КазНУ имени аль-Фараби, gulnara01021966@mail.ru

Изучение древнетюркских мифологии ведется уже много лет, однако в мифе переплетены зародышевые элементы религии, философии, науки, искусства. Органическая связь мифа с ритуалом, осуществлявшаяся музыкально-хореографическими, «предтеатральными» и словесными средствами, имела свою скрытую, не осознанную эстетику. На мой взгляд в моей статье можно узнать представление о древнетюркской мифологии, генеалогическом мифе и древние верования тюрков позволяет нам заглянуть в прошлое. Исследования ученых позволяют нам привести выборочно мифы, наиболее важные, наиболее репрезентативные, необходимые для правильного уяснения и освоения в последующем литературных текстов, зафиксированных древним тюркским письмом.

Ключевые слова: мифология, генеалогический миф, древние верования тюрков.

Слово «миф» греческое и буквально означает предание, сказание. Обычно подразумеваются сказания о богах, духах, обожествленных или связанных с богами своим происхождением героях, о первопредках, действовавших в начале времени и участвовавших прямо или косвенно в создании самого мира его элементов как природных, так и культурных. Мифология есть совокупность подобных сказаний о богах и героях и, в то же время, система фантастических представлений о мире. Мифологией называют и науку о мифах. Мифотворчество рассматривается как важнейшее явление в культурной истории человечества. В первобытном обществе мифология представляла основной способ понимания мира, а миф выражал мироощущение и миропонимание эпохи его создания. «Миф как первоначальная форма духовной культуры человечества представляет природу и сами общественные формы, уже переработанные бессознательно-художественным образом народной

фантазией». Главными предпосылками своеобразной мифологической «логики» являлось, во-первых, то, что первобытный человек не выделял себя из окружающей природной и социальной среды, и, во-вторых, то, что мышление сохраняло черты диффузности и нерасчленённости, было почти неотделимо от эмоциональной эффектной, моторной сферы. Следствием этого явилось наивное очеловечивание всей природы, всеобщая «метафорическое» сопоставление природных, социальных, культурных объектов. На природные объекты переносились человеческие свойства, им приписывалась одушевлённость, разумность, человеческие чувства, часто и внешняя антропоморфность и, наоборот, мифологическим предкам могли быть присвоены черты природных объектов, особенно животных.

Категория мифического времени особенно характерна для архаических мифологий, но трансформированные представления об особой начальной эпохе встречаются и в высших мифологиях, иногда как идеальный «золотой век» или, наоборот, как время хаоса, подлежащее последующей космоизации. В принципе, миф нацелен на изображение превращения хаоса в космос.

Впоследствии, в эпических памятниках мифическое время преобразуется в славную героическую эпоху единства народа, могучей государственности, великих войн и т. п. В мифологиях, связанных с высшими религиями, мифическое время преобразуется в эпоху жизни и деятельности обожествлённых пророков, основателей религиозной системы и общины. Наряду с временем начальным в мифы проникает и представление о конечном времени, о конце мира (эсхатологические мифы). Возникают «биографии» богов и героев, описывается их жизненный цикл и главные подвиги и т. п. Однако мифическое время остаётся основной категорией мифа, также как мифы творения и мифы объяснительные (этиологические) являются важнейшим; наиболее фундаментальным и типичным видом мифотворчества.

Мифология является самым древним, архаическим, идеологическим образованием, имеющим синкретический характер. В мифе переплетены зародышевые элементы религии, философии, науки, искусства. Органическая связь мифа с ритуалом, осуществлявшаяся музыкально-хореографическими, «предтеатральными» и словесными средствами, имела свою скрытую, не осознанную эстетику. Искусство, даже полностью эмансипировавшись от мифа и ритуала, сохранило специфическое соединение обобщений с конкретными образами (не говоря уже о широком оперировании мифологическими темами и мотивами). С другой стороны, миф и особенно ритуал имели прямое отношение к магии и религии. Религия самого своего возникновения включила в себя мифы и обряды. Философия развивалась, постепенно преодолевая мифологическое наследие. Но и после обособления различных идеологий даже после значительного прогресса науки и техники, мифология не остаётся исключительно памятником первобытного мировоззрения и архаических форм повествования. Не говоря уже о тесной связи религии с мифологией, некоторые особенности мифологического сознания могут сохраняться на протяжении истории в массовом сознании рядом с элементами философского и научного знания, рядом с использованием строгой научной логики.

